

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

22-том

РОМАН-ЭПОПЕЯ

1942

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-44
Ә 82

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакциялық кеңес:
Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:
Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанатиянов Б., Қасқабасов С., Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали Қ., Мағауин М., Мұртаза Ш., Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.

Әуезов М.
Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.
22-том: 1-кітап: Абай жолы: Роман-эпопея. – 424 б.

ISBN 978-601-294-164-7

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 22-томына “Абай жолы” роман-эпопеясының бірінші кітабы енді.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға ұсынылады.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-44

ISBN 978-601-294-164-7 (22-том) © М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014
ISBN 978-601-294-142-5

АБАҰ ЖОЛЫ

роман-эпопея

БІРІНШІ КІТАП



ҚАЙТҚАНДА

1

Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды.

Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асыққан-ды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпаста өзі оятып тұрғызып еді.

Күнүзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған. Кей-кейде өзіне таныс Көкүйірім мен Буратиген, Тақырбұлақ сияқты қоныс-құдықтардың түс-тұсына келгенде бала оқшау шығып, астындағы жарау құла бестісін ағызып-ағызып та алады.

Артағылар — Байтас пен жорға Жұмабай:

— Мына баланың ауылға асығуын-ай!

— Сорлы бала қыстай іш құста болып қалған-ау, — деседі.

Бала шәкірт ұзап кеткенде, бұлар да еріксіз желе шоқырақтап шауып отырып қуып жетеді. Жорға Жұмабайдың тақымында қара шоқпары бар. Байтастың да аяғының басына ілген ұзын қайың сойылы бар-ды. Тақырбұлақ тұсына келгенде Байтастар баланы жеке шабудан тежеп:

— Енді бізден ұзап кетпе! Анау Есембайдың жырасын білесің ғой!.. Ұры жатады... — деді.

— Сені мен бізді манадан көріп отыр! “Қоқырақтап жалғыз шабатын неме екен, түсіріп, атын әпкел өзінің!” — дейді де, сені төбеден бір-ақ нұқып, мына бәйге бестінді алады да кете барады, — деді Жұмабай да.

— Е, сендер ше? Сендер беріп жібересіндер ме?

— Ойбай, бізде не қауқар бар? Біз екеу-ақ...

— Олар самсаған сары қол. Бұл Есембайда ұдайы жау жатады. Тек бізді өзіміздің елдің адамы деп аман қалдырмаса, жер жаман, — деп, Жұмабай шошыта сөйлегісі келеді.

Баланың қытығына тиетіні осы жері.

– Әйтеуір, сендерден дәрмен жоқ екен. Ендеше, бірге жүрдім не, жеке жүрдім не? Ал, кеттім! – деп соқтырта жөнелді. Бұл – Тақырбұлақтан өте бергенде бастағаны еді.

Содан жаңағы қауіпті деген Есембайға жеткенше, артына бірде-бір қараған жоқ. Көз ұшына кетіп, ұзап алып, ылғи жапа-жалғыз шауып отырған.

Жолдың бұл тұстары ылғи белес-белес болатын. Осы қазіргідей боп жұрт Шыңғысқа, жайлауға қарай көшкенде елсіз боп қалатын жер. Алыстан жолды бағып отыратын тұрғылары бар. Тақ иек артпадан, өкпе тұстан жүргіншіге жауды қоян-қолтық, құшақтастыра түсіретін ұры сай, жасырын жыралары да бар.

Бұдан бұрынғы екі күндік жолда үлкендер жылдам жүрмей, баланың шыдамын әбден тауысқан-ды. Ол сондықтан бүгін, ауылға жететін күні үлкендерді еріксіз қатты жүргізудің айласын тапқанына дән ырза. Күні бойы осылай етуге байлаған.

– Бала деген қорқар болар еді. Ес бар ма өзінде, пәру-өрдiгер, – деп, Байтас бабын таба алмай басын шайқайды.

Жұмабай әбден болмаған соң:

– Қап, мынаның баласы!.. “Мен бөрінің бөлтірігімін” деп келеді-ау! Қой, не де болса қалмайық енді. Байтас, жүр! – деп шаба жөнелді. Екеуі де жарыса бастады.

Байтастың мінгені Құнанбайдың қара жал бурыл аты, дәмелі бәйге аттың бірі еді. Жұмабайдың астындағы да сол Құнанбайдікі – Найманкөк деген, үлкен ақ көк ат болатын. Екеуі жарыса жөнелгенде, амалсыз егеске түсіп, “мен озам, мен озаммен” тепкілесіп, созыла берді. Бір белден асып, екінші белдің өріне қарай тоқтамай жарысып келе жатты. Осы өрде бурыл ат есік пен төрдей алға түсе беріп еді. Белге шығып алып, шауып келе жатып қарағанда бала көрінбеді. Бұлар тағы да сілтесе бермек болды. Сөйтіп, осы белдің ойына қарай құлай бергенде, жорға Жұмабай арт жағынан, сол иығы тұсынан тасырлатып кеп қосылған бір дүсірді есітті. Дәл Есембай биігінің тұсы. Және дәл Есембай жырасының өзі екен.

– Әй, көпір, содан қосылған жау болды-ау. Баланы алып, бізді баққан екен-ау! – деп, ақ көк атты тепкілей берді. Артына қорқақтай қарап, шала бұрылып, көз қиығын тастап көрді.

– Мас көзінді, мас! – деп, әзірейілдей төніп келе жатқан бірдеме. Атын да, кісісін де болжай алмады. Әдейі танытпайын деп, бет-аузын таңып алыпты. Бұл өңірдегі күндіз шабатын

ұрының әдеті. Байтаста үн жоқ, өз бетімен замғап барады. Қолды болса, болатын жорға Жұмабай.

Енді не де болса жаңды қармайын деп, тақымындағы шоқпарына жабысты. Соны суыра беріп: “Әй, анау да көк желкеден ұрады-ау!” – деп, жасқаншақтап келе жатыр еді.

Қуғыншы, ойлағандай-ақ, шоқпарды жөндеп суыртпады. Тақымынан толық шығарып алғанша бастырмалатып кеп, Жұмабайдың қалың қара тымағын көзіне қарай баса кигізіп жіберіп, сол сәтте шоқпарға жармасты. Жұмабайдың басын көтеріп, тымағын түзеуге де мұршасы келмеді. Тартысуға да қорғаншақ, шабуға да мүгедек болып қалды. Сөйткенше, жырынды жау мұның жаңағыдай сасқалаңымен пайдаланып, шоқпарды да тартып алды.

Енді ақ боз ат та бірдемеге тіреліп тоқтағандай, Жұмабай зорға дегенде бойын түзеп ап, жаңағының тымағын кейін қайырып қап еді. Қараса, бұның шоқпарын тартып ап, ақ боз аттың алдынан көлденең шығып, қазір ішек-сілесі қатып, үнсіз күліп тұрған бағанағы бала шәкірт. Өзі айтқан “Құнанбайдың бөлтірігі” – Абай екен.

Баладан қорыққанына Жұмабай ұялды да, ыза болды.

– Әй, балам-ау, мына жер – жау жатағы. Бұл ұрының ойнағына кеп алып, жаман ырым бастағаның не қылғаның? – деді.

Байтас та күлген бойында қайта оралып келеді екен.

Абай өзінен үлкен кісінің қорыққанына қатты ырза еді. Жұмабайдың неге ашуланғанын ұғып тұр. Қоңыр жүзі қызарып, төмен қарап қысыла күле беріп, бөркін айналдыра бастады. Кәдімгі “жолбасар” ұрыларша шапан-бөркін айналдырып киіп, мұрны мен аузын қызыл орамалмен таңып алып, Жұмабайды қуғанда тағы сол ұрыларша “дауысымды танытпаймын” деп, мыңқылдап сөйлеп бұйрық берген. Байтас қорықса, қорықпаса да сыр алдырған жоқ. Сондықтан Жұмабайдың ашуын алыстан танып, мәз болып күліп келе жатып:

– Құла бестінің төбелін де жоқ қыпты, қарай гөр өзін! – деді.

Жұмабай да жаңа байқады. Бала бестінің төбелін саз балшықпен баттастырып тұрып сылап қойыпты. Жұмабай кісілікті кісі. О да күлкі бола бергісі келмейді. Енді бұ да уақиғаны ойынға айналдырғысы кеп, мысқылдап:

– Өй, ұқсамасаң тумағыр! “Ұры Тобықты, ұры Тобықты!” деп Керей, Уақ зар қағады. Қаршадай баласына шейін ұры болудың жөнін жете біліп тұр. Зар қақпай қайтсін Керей, Уақ!.. – деп өзі де күлді.

Жұмабайдың қалаға бұ жолы не жұмыспен барғанын Абай дәлді білмейді. Бірақ оның Байтасқа айтқан бір сөзінде Құнанбай тапсырған бір жұмыспен барып келе жатқаны мәлім боп еді. Абайдың бұрыннан байқауынша, бұл – Құнанбайға қадірі бар кісі. Абайға ашуланып, ренжіп барса, алдымен әкесіне шағады.

Осыны еске алып кеп, Абай енді күлкіден тыйылып, жаңа қатарласқанда:

– Жол ұзақ. Ұйқы ашар болсын деп ойнап ем, ғайыпқа бұйырмаңыз, Жүмеке! – деді. Енді тіпті сыпайы. Сызылып тұр.

Жұмабай жас баланың пішініне ырза болып қарады да, үндемеді. Байтас Абайды құрбысындай қағытып:

– Жарайсың, “ғайыпқа бұйырмаңыз”. Сенің мынауың менің: “Көшкенде жүк артамын сары атанға, айтамын не бетімді Ойке апама?!” деген өлеңім сияқты болды-ау! – деді.

Абай жете түсіне алмады.

– Қалай дейсің, Байтас аға? Ойке апа деп кімді айтасың?

– Е, Ойке апаны білмеуші ме ең? О несі екен?!

– Бәсе...

– Бәсе, Ойке апа деген біздің қатын. Былтыр ала жаздай серілік құрып, ел қыдырып, қыз-келіншекпен сауық-сайран салмадым ба? Содан аяғы қызық бітіп, үйге қайтатын да мезгіл жетті. Енді қатынға қалай қарарға да, не деп барарға да бет жоқ. Сонда әдейі бетінің зәрі қайта берсін деп, “Не бетімді айтамын Ойке апама...” деген өлеңімді өзім ауылға бармастан бір-екі күн бұрын айтқызып, жолдастарымды жіберіп жатып ем. Сол осы күні мәтел боп кетіпті, – деді.

Абай да, Жұмабай да қызығып тыңдасты. Өзі сері, әнші, сұлу Байтасқа екеуі де – бірі кәрі, бірі жас бала – қызғана да, тамашалай да қараған еді. Абайдың көз алдына Ойке деген жеңгесі де, Байтастың былтыр жаздағы әншіл, сауықшыл жолдастары да толық елестеді. Естіген әңгімесінің бәрін еңсесімен ынтыға тыңдайтын бала, бұрын Байтаспен сырлас, әңгімелес болмаса да, жаңағының аяғы немен тынғанын білгісі

кеп, қызығып келе жатты. Байтастың құрбыдай қалжыңдағанын пайдаланып:

– Ал, Ойке апана не бетінді айттың сонымен, Байтас аға?.. – деп жабыса түсті.

Байтас бұған күліп, енді іріленіп қарап:

– Не бетімді айтушы ем? Сорлы қатын алыстан әнмен арыз айтып жатқанға шыдасын ба? Келсем, алдымнан өзі шығып, атымды байлап жатыр, – деп, Жұмабай жаққа қарап, иек қағып қойды.

Абай үндеген жоқ. Ішінен “алдаған екен ғой” деп байлады.

Сол әңгіме жүргіншілердің таңертеңнен бергі қатты жүрісін Найманкөктің ақырын бұлкегіне әкеп салған еді.

Бала шәкірт ауылға асыққан, лепірген күйіне қайта келіп, тағы да тебіне жөнелді.

– Уа, қой деймін, бала! Ат зорықтырасың!

– Жапа-жалғыз ұзап кетіп, жауға жем боласың! – деп, екі жолдасы тағы тежей бергісі келді.

Бірақ қаладан, жабырқау медреседен жаңа құтылып, енді үйіне, ауылға жетуге асыққан бала шәкірт ол сөздерді тыңдайын деп ойысқан жоқ.

Үлкендер қорыққан Есембай да, тіпті, ұрылар да Абайға сондайлық жат, суық боп көріне алмады. Ұры десе, осы елдің өздеріндей қазақтары. Көп болса, киімдері, ер-тұрманы ғана жаман; қолдарында сойылдары ғана бар. Ондай ұрылар жайында Абайдың естіген әңгімелері соншалық көп. Кейде, тіпті, сарытоқым ұры болған – ел ішіндегі үлкендердің өз аузынан естіген әңгімелері де ұмытылмайтын. Қайта бір кездесіп, дәл жауға шапқан пішіндерін көрсем деген іште жүрген ынтықтығы да болатын.

Ал “Қарауыл биігі анау, жасырын жырасы мынау” деген Есембай – Найзатастар болса, ол Абайдың өз аулының аса мәлім қоныстары. Көктем мен күз уақыттарында, жылына екі рет осы жерлерге Құнанбай ауылдары келіп қонып, ұзақ уақыт отырып, жайлап та кететін. Анау көрініп тұрған төскейдің сай-саласы, бие бауы, ауыл қонысы, қой өрісі – барлығы да соншалық таныс, жақын. Тіпті, былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын. Сонда тайға шапқан, асық ойнаған, құрбы балаларымен жаяу жарыс жасап, асыр салған ең соңғы бір ыстық қоныс осы болатын. Қыс бойы ауылды,

елді сағынғанда есінен кетпейтін соңғы күндері дәл осы Есембайда өткен.

Енді кеп: “Бұл жерде ұры бар, сұмдық жер, бөле жатқан жер” деген сөздің қандайы болса да көңілге дарымайды. Жазықсыз сары биік, көкшіл қоныс, ақ көделі әдемі өлке мұнарланады. Барлық айналадағы кең дүниеге, әсіресе, мынау өзі туған сахара, өлке-белдеріне соншалық бір туысқандық ыстық сезіммен, кешіріммен де қарайды. Жабыса, сағына сүйеді. Үзілмей, қатаймай, бір қалыппен желпіп соққан әдемі салқын қоңыр жел қандай рақат. Осы желмен құлпыра толқып, су бетіндей жыбыр қағып шалқып жатқан алкүрең көде мен селеу далалары... дала емес – теңіздей қандай! Сол даладан көз алмай, тоя алмай үнсіз телміріп, ұзақ-ұзақ қарайды. Шамасы келсе, бұл жерлерді құбыжық көру емес, үрке қарау емес, құшағын керіп аймалар еді. Сылап-сипап: “Мен сені сағындым, өзгелер жаман жер десе, мен олай демеймін. Тіпті, қойныңа тыққан ұры-мұрыңмен де жатсың, бөтенсің демеймін”, – деп қараған сияқты.

Тағы да шапқылап, қара үзіп, алыстай берді. Болмайтын болды.

– Артында қалып, майырға ерген лаушыдай қашанғы текіректтейміз. Бұл қорлықты көргенше кел, Жүмеке, біз де аттың басын қоя берейік, – деп, Байтас бұрыл атты ағыза жөнелді. Жұмабай да еріксіз шапты.

Аздан соң Абай бұларды тосып алып, енді үшеуі бірдей ұзақ-ұзақ жарысуға айналды.

Қорықтан шыққалы таңертеңнен бері бөгелместен тартқан үш салт атты аттарын қан сорпа қылған қалпында, кешкі екінді кезінде Көлқайнардағы Құнанбай аулына, Абайдың өз шешесі Ұлжанның отырған аулына кеп жетіп еді.

Көлқайнар суы мөлдір, мол бұлақ болғанмен, кең қоныс емес. Жайлауға қарай, Шыңғыс асқалы беттеп келе жатқан елдің үш-төрт аулы қоныпты.

Бұның бәрі “Құнанбай аулы” деп аталады. Өзінің аулы мен жақын туысқандарының ауылдары.

Көлемі аз бұлақтың айналасына жиі қонған ауылдардың үйлері де, шұбыртқан малы да, адамдары да кешкі мезгілде ыю-қию араласып жатқан сияқты. Жер ошақтардан шыққан түтіндері де біріне-бірі қосылып ұласып, тұтасқан көкшіл мұнардай тарайды. Үрген иттер, мал қайырған айқайлар,

маңыраған қой, қозы шулары араласып жатыр. Кешкі суға келе жатқан қалың жылқының кісіней шапқан дүбірі, шаңтозаңы болсын немесе оқта-текте азынай кісінеп, үйірін іздеп шапқан, мінуден босаған жас айғырлар дауыстары болсын – барлығы да осы отырған ауылдардың осы кештегі тіршілік тынысын білдірген сияқты. Баланың барынша сағынған көрінісі. Қазір жүрегін аттай тулатып, соншалық қуантып, еркін алған көрінісі. Жүргіншілер бұлақтың дәл қасына ең жақын қонған ауылға келе жатыр. Ортасында бес үлкен ақ үйлер бар, көп үйлі ауыл – Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың аулы.

Осы ауылдың шеткі үйлерін сырттап, кешкі жайылымға, батыс жаққа қарай жаңа өріп бара жатқан бойдақ қойдың ішін аралап, ортадағы үлкен үйлерге қарай беттеп келе жатқан үш аттыны бұл ауыл тез таныды. Әсіресе, қораның ортасында қосақталған қойды сауып отырған қатындар бұрын көрген екен. Етектерін белдеріне қайырып түріп алған, алжапқыш тартқан қалыптарымен қолдарына шелектерін ұстасып, жүргіншілерге қарап:

– Қалашылар, қалашылар келеді!

– Анау Абай, Абай ғой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, – деді бір қартаң қатын.

– Бәсе, Телғара ғой... жаным-ау, мынау... Телғара! Әпкеме айтайыншы, – деп, тағы бір жас қатын, жеңге де үлкен үйге қарай ұмтылысқан.

Сағынған баласының келер мөлшерін Байтас кеткеннен бері шешесі Ұлжан да есептеп, осы бүгінге ұйғарып жүр еді. Қырықтың ішіне жаңа кіріп, семіз тартып қалған сары-қызыл бәйбіше жаңағы дауыстарды түгел естіді. Өз үйінен шығарда, төрде отырған енесі Зерені де хабарландырып, сүйемелдеп ерте шықты.

Құлағы көптен мүкіс тартқан кәрі әжесінің ең бір жақсы көретін немересі Абай-ды. Оны есінен шығармай, дұғасына кіргізіп, тілеуін тілеп отыратын.

Аттылар үйдің сыртына келе бергенде, алдарында сол үлкен үй мен күншығыс жағына тігілген қонақ үйдің екі арасында бұларды күткен бір топ жан тұр екен. Жаңағы шешелерден басқа: жеңгелер, көрші үйлердің қатындары, бірен-саран тыста жүрген шал-кемпір, онан соң осы ауылдың барлық үйлерінен шығып, жүгірісіп келіп жатқан балалар

бар. Бұл топқа қарай ауылдың үлкендері де жан-жақтан дабырлап сөйлеп, ағылып келіп жатыр.

Осы жиынға қараған бетімен, екі жолдасынан озып кеп, бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда өкен тұр... Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды. Байтас пен жорға Жұмабай да анадайдан аттарынан түсіп, жаяулап жетектеп, Құнанбайға қарай келеді екен. Бірақ өңі сүп-сүр, зор денелі, бурыл сақалды Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес. Батыс жақтан 4-5 атты жолаушы келеді екен. Арты Қыдырдан шыққан жолаушылар тәрізді. Өздері өңшең толық денелі, үлкендер сияқты. Құнанбайдың бүгін әдейі тосып отырған адамдары болу керек. Ол соларға қарап тұр.

Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алып:

– Балам, бойың өсіп, ер жетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме? Жоқ күдік пе? Немесе шынымен жай білгісі келгені ме?

Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан көрі бақташыдай бағып, танып өскен. Әкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

– Шүкірлік, әке, – деп біраз тұрды да, – ат барған соң, дәріс тәмам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатикасын алып қайттым, – деді.

Тіпті, ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл ерте өзірлеген жауабы еді.

Әкесінің қасында тұрған Майбасар мен соның атшабары екен. Майбасар – Құнанбайдың тоқал шешесінен туған інісі.

“Төрт тоқал” туысқандарының бір тоқалынан осы Майбасар. Бұны биыл Құнанбай өзі аға сұлтан болғаннан кейін, осы Тобықтыға болыстық старшын еткен-ді.

Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып:

– Өзі, тіпті, көшелі кісі боп қапты! – дей беріп еді, Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан Абайға:

– Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам! – деді.

Абайдың күткені де сол еді. Әлі тосып, бар қозғалысын алыстан қарап, әңгіме етіп тұрған шешелерге қарай бұрылғанда, Абай қайтадан өзінің жасына лайық қуанышты бала қалпына келе қалды. Арт жағында жорға Жұмабай Абайдың бүгін оны қорқытқанын әңгіме қып жатты. Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Жұманның қатыны, Қалиқа деген бір жеңгесі:

– Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! – деп, мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді. Тағы бір жеңгесі – Ызғұттының қатыны Тобжан да сүйді. Содан кейін үлкен қатындар және осы топтағы үлкен еркектің, ағалардың да бір-екеуі сүйіп жатыр. Абайды шын балаға айналдырып жіберген осы сүйістер еді. Ол қысылып қызарғанмен, қашып құтыла алатын емес. Наразы боларын да, құптарын да білмеді. Бірнеше үлкен қатындардың көзінен жас та көрінді.

Барлық үлкеннің құшағына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді. Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жүзді – Айғыз қатар тұр екен.

Бала топтан шыға бергенде, Айғыз күліп:

– Пай, жаман қатындар сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, – деп пандана күлді де, Абайды көзінен сүйді.

Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы!.. Ұлжан көп ұстаған жоқ.

– Әжеңе бар, әнеки! – деп, үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Кәрі әжесі Зере бәйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

– Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда, “жаман неменің” артынан лезде: – Қарашығым, қоңыр қозым... Абай жаным... – деп кемсеңдеп, жылауға айналып кетті.

Әжесі құшақтаған бойында үлкен үйге кірген Абай ымырт жабылғанша осында болды. Шешелері бұған біресе қымыз, біресе тоңазыған ет, біресе шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына ас батпады. Жөндеп ішкен де жоқ. Күні бойғы аштығы да ұмытылған сияқты.

Ас бере отырып, бойлары үйреніскен сайын шеше, жеңгелері баладан:

– Елді сағындың ба, кімді сағындың?

– Молда болдың ба?

– Оқып болдың ба? – деген сияқтыларды қайта-қайта сұрасады.

Абай өзге сұрақтарға жөнді жауап берген жоқ. Жалғыз-ақ кімді сағындың дегенде:

– Оспан қайда? Ол қайда жүр? – деп, өзінің кіші інісін, тентек Оспанды бірнеше рет сұрап еді.

Ұлжан басында ол сұрауын елеусіз қалдырып, артынан тағы бір айналғанда:

– Е, жүр-дағы, жынды неме. Бүгін осында маза бермеген соң, әжең екеуміз қуып шыққамыз, – деп әжесіне нұсқады.

Әжесі өзіне байланысты бір нәрсеге ишара қып отырғанды көріп:

– Не дейді? Не деп жатырсыңдар, естімедім, – деп еді, Абай Оспан жайын айтып кеп, қатты сөйлеп:

– Әже-ау, былтыр мұндай емес ең... Құлағыңа не болған, неге естімейсің? – деді. Көптің ортасында отырса да, еріксіз жапа-жалғыз боп оқшауланып қалған әжесіне жаны ашып, құшақтап алдына жантайды.

Әжесі түсінді де, аз ғана босаңсып:

– Балам-ай, әжеңде қуыс кеуде болмаса, не сымбат қалды? – деп, өзінің дағдылы мұң-шыңына қарай беттеп еді. Баласы қимады.

– Жазыла ма өзі? Емдесе қайтеді? – деді.

Үй іші де, әжесі де құр күліп қана қойды.

Көрі шеше күле отырып, баласының талайы қайтпасын дегендей қып:

– Үшкірсе, кейде ашылып қалады. Үшкірген жағады, – деді.

– Үшкірсе, мына балаң молда боп келді ғой. Үшкірт балаңа, – деп Айғыз күлді.

– Үшкірсін, баласы үшкіріп берсін.

– Сорлы кәрінің көңіліне о да болса демеу ғой!.. – деп, үйдегі үлкендер, әсіресе, жеңгелер Абайдан шын бірдемені дәметкендей.

Абай бұған ішінен ыза болды. “Үшкіру, ішірткі жазу, қасида оқу” молдалықтың ел үйренген дағдысы екені рас. Бала көңіліне қатты жиренішті көрінетін балгер, құшынаш сияқты бақсымен тең молда, қожа аз емес. Абай соны еске алып, өз жайын мысқылдағандай болып, аз күлімсіреп отырды да, бір кезде оқыстан, әжесінің басын құшақтай ап, сыбырлай күбірлеп, бір нәрсені шұбырта жөнелді. Жұрт аңыра қарап отырып, басында дұғалық оқып жатыр екен деп еді. Кәдімгі молдадай шарт жүгініп алып, түсін томсартып жіберіп, шешесіне төніп отырып:

Юзі раушан, көзі гауһар,
Лағылдек бет ұшы ахмар,
Тамағы қардан әм биһтар,
Қашың, күдрәт, қолы шига, –

деп, көпшілік ұға қоймайтын өлеңді шұбырта беріп, даусын “тәбарак” оқыған молдаларша ұзайта созды.

Мұбада болса ол бір кәз,
Тамаша қылса юзма-юз...
Кетіп қуат, юмылып көз!
Бойың сал-сал бола нига?! –

деп кеп, көзін жұмып, ернін жыбырлатып, әжесінің құлағын ашып “су-ф!” деп қойды. Бұл өзінің биыл осы көктемде Науаи, Физулиді оқып жүріп жазған өлеңі болатын. Отырғандар әлі де дел-салда. Күдік етушіден де шын дұғалық екен деушілер көп. Бала солардың шама-шарқын танып, мысқыл еткендей боп, алдаңқырап келді де, енді шынын танытпақ боп, даусын ашық етіп қатайтып алды. Тағы да көзін жұмып, түсін томсартып, құран аударған молдадай ілгері-кейін теңселе беріп:

Ұшады бозша торғай көдені ықтап,
Басасың аяғыңды нықтап-нықтап.
Кәрі әжем естімейді, нана берсін,
Берейін өлеңіммен шын ұшықтап... –

деп кеп, тағы да “су-ф-ф!” деп қойды. Үйдің іші енді сезіп, ду күлісті. Соңғы өлеңнің тұсында әжесі де түсінген. Ол үні өшіп, сүйсініп күліп, баласын арқаға қағып, маңдайынан иіскеді.

Абай күлместен, мысқылдай қарайды. Әжесіне жабысып отырып:

– Қалай, құлағың ашылды ма? – деді.

– Е, жақсы боп қалды. Өркенің өссін, балам! – деп, әжесі алғыс айтты.

Үлкендер бала мінезіне бір күліп, бір таңданып сүйсініп қалды. Қара сұр бала көптің көзі бір өзіне қадалғанға енді қысылыңқырап, қызарып еді. Бірақ көзінде жайнай жанған от білінеді. Өзге балаларының ажарынан бөлек, қызулы, саналы оты бар сияқты.

Ұлжан тартымды болумен қатар, сыншы да ана. Баласының жаңағы мінезіне біраз ойлана қарап отырды. Биыл денесі өскелеңдеп қалған баласы мінез жағынан да ересек тартқан сияқты. Ұлжан көппен бірге күлген жоқ еді. Енді байқай отырып, ақырын мырс етті де:

– Балам-ау, қаладан молдалық әкеледі десем, нағашыңа тартып қайтқанбысың, немене? – деді.

Үлкендердің бәріне бұл өте түсінікті еді. Жаңағы бала мінезінің дәл шешуі сияқты болып, қайта күлдірді.

– Бәсе, Шаншар?

– Битан? Шитан!

– Тонтөкеңнің жиенімін деп тұр ғой! – десіп, Абайдың нағашыларын есіне алысты. Өлерінде: “Жазыла-жазыла қожа-молладан да ұят болды, енді өлмесек болмас!” – деп кеткен Тонтай сөздері де көптің есіне түсті.

– Апа-ай, енді бақсы-құшынаш боп, елтірі-сеңсең жинағанша, Тонтөкеңе тартқаным көш ілгері емес пе? – деп Абай іле жауап берді.

– Жарайды, ендеше, ер жетіп қапсың, балам, – деді шешесі.

Дәл осы кезде Майбасардың атшабары кеп кірді. Бұл бағана, кеште Құнанбайдың қасында тұрған қаба сақал, қара Қамысбай еді. Келді де:

– Абай, шырағым, сені әкең шақырып жатыр, – деді.

Үй іші де, Абай да үн қатқан жоқ. Бағанадан бергі еркін, ойнақы, бала мінездің бәрінен тартынып, бойын жиып, бала шәкірт үндемей үйден шықты да, әкесі отырған үйге келді.

Қонақ үйі шешелер үйіндей емес, сыртынан да салқын, үнсіз. Абай есіктен кіре, үйде отырған үлкендерге ашық дауыспен, айқын етіп сәлем берді. Үлкендер де мұның сәлемін дауыстап алды. Кісі көп емес, Құнанбай мен Майбасар, Жұмабайдан басқа осы өңірдегі Тобықтының белгілі үлкендері: Байсал, Бөжей, Қаратай, Сүйіндік екен. Және осылардың жанына ерткен жас жолдасы тәрізді Байсалдың немере інісі – бала жігіт Жиренше бар. Абайдан жасы үлкендеу болса да, ол құрбыша ашына еді.

Әкесінің бағанағы кешке күткен кісілері осы үлкендер болды. Абайдың бала күнінен сезетін бір жайы: мұндай кісілермен, әсіресе, дәл осы төрт-бес кісімен бас қосу ел ішінде басталатын бір үлкен істің, оқшау істің белгісі болатын. Оларды әкесі ежелгі дағдысы бойынша әдейі шақыртып алған сияқты.

Бұрын ондай сөздеріне Абай араласып та, тындап та көрмеген. Бүгін бірінші рет әдейі алғызып отыр. Бір ойдан Абай өзіме бірдеме айтпақ па екен деп те ойлады. Бірақ еш нәрсенің қисынын таба алмады.

Абай келіп отырысымен анау үлкендер бұдан қала жайын, оқу жайын, саушылығын сұрастырды. Өзге үлкендер ішінде Абайға, әсіресе, көңіл бөлген сөзуар, жарқын жүзді Қаратай. Ол Абайды көре отырып, Құнанбайдың өзге жас балаларын да еске алды.

– Осы, ана Ысқақ бір жошын! Бір түрлі пысық та сергек неме! – деді.

– Ол әлгі Күнкенің қолындағы ма? – деп сұрап алып, Бөжей: – Рас, құлдырап тұр! – деді.

– Иә, рас-ау, соның оты бар! – деп Байсал да қостады. Мұның бәрі қиялап айтқан Құнанбайдың қошаметі.

Үндемей түйіліп, сүп-сүр боп отырған Құнанбай ол сөздерге көп шіміркенген жоқ. Қайта, теріс көргендей мойын бұрып, Абайға қарап:

— Одан да, не күтсеңдер де осы жаман қарадан күтсеңдерші! — деді.

Құнанбайдың мына баласын осында шақыртып алып отырғанын және жаңағыдай етіп бұларға танытқалы отырғанын өзгеден Қаратай бұрын аңғарған. Ол дағдылы, майысқақ ептілікке салып, енді Құнанбайдың жаңағы бетімен Абайды сөз қыла бастады. Бөжей мен Байсалға қарап:

— Сендер мұның сүндетке отыртқанда не дегенін естіп пе едіңдер? — деп, аз күліп алды. Абай өзінің балалық, шалалық мінезінің бірін мынадай суық пішінді үлкендердің ортасына салғалы келе жатқан Қаратайға, тіпті, ырза емес еді. Қысылып, ұяла бастады. Бірақ тоқтатар шарасы жоқ. Сондықтан бар тапқаны — ол бала өзі еместей, үндемей сазарып қалды.

Қаратай күле отырып:

— Сүндетке отырғызғанда, ауырсынып жылап жатып: “Құдай-ай, бұл қорлықты көргенше, қыз ғып неге жаратпандың!..” — депті. Сонда шешесі: “Ақылсыз балам-ау, қыз болсаң бала таппас па едің, содан қиын боп па” десе, мынау: “Ойбай, онысы тағы бар ма еді?” — деп, жылауын тыя қойып, шыдай беріпті, — деді. Үлкендер ақырын мырс-мырс күліп қойды.

Құнанбай естімеген сияқты, ешбір белгі бермейді. Бұл сияқты сөз оны мен Байсалдардың қабағына қарағанда ұзаққа бармайтын тәрізденді. Абайға жайлысы сол болып еді. Әйтпесе, үлкен адамша орталарына шақырып ап, ақымақ бала қып қойып күлгендеріне ырза болайын деген ойы жоқ.

Сөйткенше, сырттан Оспан кіріп келді. Кішкене інісі. Ауылға келгелі көп сұраса да, көре алмаған тентек, содыр інісі.

Ол сәлем беруді ұмытқан жоқ. Бірақ әкесі мен өзге ешкімге қарамастан, келе Абайды құшақтай алды. Өзінің де ең жақсы көретін туысқаны Абай еді. Екеуінің арасы 5-6 жас. Сондықтан Абай қазір де оған аға есепті. Оспан келе бергенде бұ да құшағын жайып, бетінен сүйді. Үлкендер бұлардың жаңа көріскенін сезіп, мына мінездерін кешіргендей. Бірақ келесі минутта-ақ Оспан өзінің тентектігін танытып, абыройдан айрыла бастады. Ол “қайда жүрдің” деп ақырын сұраған Абайға жүресінен отырып, ағасының мойнынан құшақтап, өзіне қарай тартты да, құлағына бір нәрсе сыбыр етті. Бұнысы бір қатты нашар боктық сөз еді. Шеткі үйде

өзінің ағасы Тәкежаннан үйреніп кепті. Сағынған ағасымен ең алғаш тіл қатқанының өзі осы. Абай сескеніп, құлағын тартып қап:

— Өй, не дейсің? — дей беріп еді, Оспан атып тұрып, мұны бас салып құшақтап:

— Айтпа, айтпа деймін анаған! Айтушы болма, анаған!.. — деп, әкесі жақты нұсқап, Абайдың аузын аштырмай, шалқалатып жыға берді.

Абай бір жағынан еріксіз күліп, екіншіден қысылып, бойын жиып алайын деп еді. Денесі кесек, қолы қайратты Оспан түрегеліп алып, шалқалата жығып салды. Және соның үстіне, ұртына тығып жүрген бір сілекейлі қатты нәрсені әпсәтте Абайдың көйлегінің омырауын ашып, жалаңаш етіне тигізе тастап жіберді. Абай сескеніп, тітіркеніп ырши берген. Үлкен кісі сияқты боп отырған шәкіртті мына бала бір сәтте кішкене балаша алыстырып, арпалыстырып жіберді.

Оспан оның тітіркенгеніне мәз болып, әкесін ұмытып, сақылдап күліп:

— Бақа! Бақа салып жібердім көйлегіңе, — деп, Абайды бұрынғыдан да жаман тітіркендірді.

Құнанбай өзінің арт жағында отырған балалардың не қып жатқанын байқамаған. Енді тентек Оспанның дағдылы мінезі құтырып, үдей бастаған соң ашуланып, шұғыл бұрылып, жалт қарады. Жаңа байқады. Алпамсадай болған асау қара баласы Абайдың кеудесіне мініп ап, тұрғызбай жатыр екен.

Құнанбай өз алдындағы мына бейбастақтыққа қатты ашуланып, Оспанды сол қолымен өзіне қарай жұлқып сүйреп алды да, жақтан тартып-тартып қалды. Оспан екі беті нарттай жанып, үлкен көздерімен әкесіне шоқтай қадалып, сазарып тұрып алды. Ұрғанына титтей міз баққан да, қалт еткен де жоқ. Бұның бәрін көріп отырған Сүйіндік Байсалға күбір етіп:

— Жаным-ау, қасқыр бала мынау ғой! — деді.

— Құж десеңші. Мынадан ба, мынадан шығар-ау! — деп Байсал да күңк етті.

Құнанбай атшабарға қатты әмір етіп:

— Бар, алып кет, қарғыс тигенді! — деп, Оспанның бетін бұрды да, итеріп қалды. Бала сүрініп құлай бергенде, атшабар да қармап көтере берді. Оспан дәл сол әкеден құтыла беруді

күткендей апшабар енді көтеріп алғанда, үйдегінің бөріне естірте, арт жағынан жел шығарып, “тырқ” еткізді де, кете барды. Майбасар Қаратайға көз тастап, бір езуін тартып, басын шайқады.

– Қап, мына абыройсыз, бар абыройдан бір-ақ айрылды-ау! – деді. Қонақтардың кейбірі ақырын күліп қалды.

Қаратай, Байсалдар Оспанның кетісін өз іштерінде “қорқып кеткен жоқ, егесіп кетті” деп бағалаған.

Құнанбайдың бұрыннан да түйіліп, айтар сөзін бастамай ызаланып отырған қалпы бар еді. Мынау тұста тағы да суынып, түнере түскендей болды. Үй іші бірталай жым-жырт отырып қалды.

Сонымен, біраз томсарып отырып барып қайта қыбыр-ласқанда, Құнанбай ойдағы сөзін бастады.

2

Қонақ үйде, дөңгелек үстел үстінде қызғылт, күңгірт сәулесі бар тас шам жанып тұр. Оқтын-оқтын іргеден соққан жел лебімен әлсіз шам кейде ұйтқып, шалқи түсіп, кейде лапылдап, жалпылдай жанады. Қырын отырған әкесінің үлкен, кесек пішіні Абайға жартылай ғана көрінеді.

Түсі суық. Қара сұр жүзіне бозғылданып түгі де шығып алыпты. Жалғыз өзі ұзақ сөйлеп отыр. Зор даусында ыза мен зіл бар. Кейде Абайға қызық көрінетін бір мақалдар, мәтелдер айтылып кетеді.

Абай әкесінің сөз желісін, түп мәнісін түсінген жоқ. Кейбір мақалдарын ғана тандана шешіп отыр. Осы бар үлкеннің мұндай жердегі салты бойынша, әкесі де тұспалдап, орағытып, ұқтырмай сөйлейді. Бір сөзімен бір сөзін жалғастыруға Абай үлгірмей, адасып қап отыр. Өзіне салса, жаңағы көңілді үйге, шешесінің жанына қазір кетер еді. Бірақ әкесі шақырған соң енді шығып болмайды.

Сондықтан бір уақыт ол әке сөзінің сыртын, ағымын тыңдайды. Кейбір өзі білмейтін қиын, жаңа сөздерін ұстап қалады. Әлдекімге қаптап, зіркілдеп сөйлеп отырған әке сөзі кейде бұған бір жортуыл, шабуыл үстіндегі шұбырынды, ұзақ сарын сияқтанады. Кейде ұғымсыз сөзден іші пысып, әкесінің пішін, тұлғасына қарап, қадалып қалады.

Тегінде, ертекіші, өлеңші не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай

күнінен бергі әдеті еді. Адам пішіні әрдайым бұған бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Әсіресе, әжімі мол үлкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді. Ол кей адамның айғыз-айғыз әжімінен, салбыраған ұртынан, қыртыстанған маңдайынан немесе бояуы оңған көздерінен, әр алуан сақал-мұртынан – өзінше неше түрлі жанды, жансыз дүние сипаттарын көргендей болатын. Қына басқан сызаты көп тас па? Я, селдір тоғай ма? Не көде-көкпек пе? Кейде мал мен аң бейнесі ме? Бәріне де ұқсап кетіп отыратын адам мүсіндері болады.

Әкесінің ат жақты келген ұзын, сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне, үп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі, оның көтеріңкі жал-тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя берсін, салғырттығы жоқ сергек, қатал күзетші.

Жалғыз көз шүнет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып, шалқия отырып сөйлеген Құнанбай осы үйде әркімге қарамайды. Қарсысына таман отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді.

Сақал-шашы бір рендес, қара бурыл Сүйіндік оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға тесіле қарамайды. Көзін төмендете береді. Абайға оның пішіні – көп кездесетін, әңгімесі аз пішін сияқты. Бөжей де оншалық өзгеше емес. Түсі ақ сұр келген, өзі қоңыр сақалды, кесек мұрынды Бөжей – осы отырғанның бәрінен де сұлу. Бетінде әжімі де аз. Бірақ Абайдың көзін оған көп тартатын бір нәрсе – бұның бітікшелеу, кішкене келген көздері.

Құнанбай ұзақ сөйлеп отырған кезде Бөжей қыбыр етіп қозғалған жоқ. Көзін де төмен салған қалпынан бір көтермеді. Сондықтан оның ұйықтап отырғаны, я ойланып отырғаны мәлім емес. Қалың етті, салбыраңқы қабағы кішкене көзін көрсетпей, тасалап алған сияқты.

Құнанбайға бұлардың ішінен көз алмай, қырындай қарап отырған – дәл төрдегі Байсал. Қызыл жүзді, жирен сақалды Байсалдың денесі ірі, қапсағай. Көкшіл түсті үлкен көздері – әрі салқын, әрі сыр берместей сабырлы.

Бұлардан басқа барлық салқын, томсарған жандар ішіндегі ең жандысы, ең шапшаң, қағылезі – Қаратай мен Абай қасындағы Майбасар.

Үлкендер тобына бір жақтан, әкеден төмен отырып, телміре қараған Абай болса, дәл осы тәрізденіп, барынша бой салып қарап отырған – ана шеттегі жас жігіт Жиренше.

Бұл – Көтібақ ішінде Байсалдың жақын туысқаны Шоқаның баласы. Байсал әрдайым қасына ертіп жүреді. Әрі жігіті, әрі сөз ұғып, адам болар деген жасы. Ол әңгіме атаулыны көп біледі, қызық қып айтады. Өзі күлдіргі. Абайды еркелетіп те қоятын кезі бар-ды. Қазіргі осы жиында Абайдың оңаша кездесуді іздейтін жалғыз ыңғайлы көрер адамы осы.

Бірақ оның шыны ма, я әдейі үлкендерге көз қыла ма, әйтеуір, қазір Құнанбай сөзінен басқа бар дүниені ұмытқан. Сонымен бірге Абайды да былай қоя тұрған сияқты.

Жиренше қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды. Абай енді байқады, әкесі сөзін аяқтап келеді екен.

– Қодар сұмның қылығы сырт елдің алдында менің бетіме салық болса, осы елге, өз келеңе келгенде, осы отырған бәрімізге салық. Мынау отырған сендерге салық! – деп аз тоқтап, Сүйіндікке қадалып отырған жалғыз көзін енді төрдегі Байсалға аударды. Одан өзінің оң жағында отырған Бөжейге қадалды.

Бірақ Бөжей мен Байсал мызғыған жоқ. Өзге отырғанның барлығы сөздің салмағы мен түйінін өз арқаларынан сезгендей боп қозғалақтап, ырғалып қалысты.

– Ендеше, өлімнен ұят күшті. Ел көрмеген сұмдыққа ел көрмеген жаза керек! – деп, Құнанбай байлауын айтты. Қайта босар түрі жоқ. Тас түйін боп бекініп, түйіліп алғаны көрінді.

Отырғандар осы күйді танып қалды. Құнанбайдың бұлай беттеп алғанда қайта оралар қайырымы жоқ, оны бәрі біледі.

Не айтысып, шарпысып кету бар. Немесе іштен қолтамаған уақытта Байсал, Бөжейдің бір тәсілі: міндет, мысалды Құнанбайдың өзіне бастатып, артын өзіне тастап кететін әдеті бар-ды.

Жан күйер жер болмағанда, олар осы соңғы мінезді көп қолданатын. Екеуі де жарытып, тіс жарып сөйлемейтін.

Бірақ Құнанбайдың мына сөзі үндемеске де қоймайды, үндеуге де жібермейді. Дел-сал етті. Үй іші бірталай уақыт жым-жырт отырды.

Қодарды Абай білмеуші еді. Оған бұл ат әуелі “Қозы Көрпеш – Баянның” Қодарын елестетті. “Сұм” дегеніне қарағанда да, былтыр Байкөкше ақын бұның шешелеріне жырлап берген Қодардың бейнесі сияқты. “Қодар деп соған ұқсаған біреуді әдейі сол атпен айтып отыр ма” деп ойлады.

Жым-жырт жиынның ішінен алдымен сөйлеген – майысқақ Қаратай. Ол:

– Сұмдық екені рас. Ұлы-қызыңның басына бермесін. Шын болғанда, кәпір қауымында кететін іс қой бұл, – деп, “Қодардың айыбы шын ба, бекер ме?” деген өз ойларындағы күдікке ептеп қана бір соғып, қиялап салды. Қодардың бұл жиындағы аталасы – Сүйіндік. Құнанбай бағанадан зіл салғанда, әдейі соған шүкшиған. Оны да жұрттың бәрі біліп отыр. Қодар қылығының орайын алдымен өз туысына “айыпты”, “сорақы” дегізіп, өз аузынан айтқызып алу Құнанбайға да керек.

Ал, Сүйіндік сол сөзді оп-оңай, бір айналмай айтып салса, ертеңгі тауқымет бұнда. Және алдымен Қодардың сол Құнанбай айтқандай айыптылығына да көзі жеткен емес. Ол Қаратайдың шапшаңдығынан бір пайда да тапқандай болды. Әсіресе, оның “шын болғанда” деген босаң тастаған жерін ұстады да:

– Осы айыбына көз жетсе, тұрғызып қойып бауыздайық. Бірақ сол шынына жеткен жан бар ма?.. – дей беріп еді, Құнанбай серпіліп, ілгері ұмтыла түсті.

– Ей, Сүйіндік, – деп киіп кетіп ұрыса сөйледі, – албасты да қабаққа қарай басатын. Қыры жоқ, қасиеті жоқ басшы болса, ыбылыс, жың иектемей нетеді. Адал десек, аман десек, жан берейік, ақтайық, ақыретте айыбын өз мойнымызға алайық. Бірақ менің екі бірдей жаным жоқ. Майысар болсаң, жаныңды да берерсің. Беремісің, жаныңды?! – деп, сарт етіп өзіне жабыса түсті.

Сүйіндік Құнанбайдың бағанадан бергі зіліне енді ызалана бастап еді.

– Е, тастай алмай жүрген жаным жоқ! Терге демесем, жанымды ала қой деп кепілге келіп пе екемін, – деп томсарып қалды. Мұның қолынан келген бар қарсылығы осы еді. Баж еткенмен ықтап кеткен сықылды. Құнанбай сезді де, енді жүйемен ұтпақ боп, қуғынға салды.

– Тергесең, Қодар сұмдығын аңыз қып, көпке жайып әкеткен елді терге. Ел тұрсын, кешегі жиында бетімізге былш еткізіп, жарып айтқан жатты терге. Соған да жеткен. Бар да, “өтірік” деп соны иландырып келші. Ел аузына қақпақ болып көрші. Бірақ ол қолыңнан келмейді. Ендеше, не ер бол да, ақта! Немесе илан да, жазала! Тек, жарықтығым, дүмбілезінді көрсетпе, былқыл-сылқылыңды аулақ әкет! – деді.

Енді Сүйіндік те үндей алмай қалды. Аз бөгелген соң бағанадан Құнанбайға сыр алдырмай, салқын ғана қарап отырған Байсал:

– Қара деп жазалаған күнде, мұның жазасы не болмақ? – деп еді, Құнанбай:

– Жазасы – шарифат жолы. Шарифат не бұйырса, сол болады. Мұндай сұмдыққа қазақ айтқан жол жоқ. Тегі, алдыңғы ата бізден бақытты да. Бұндай лағынетті өз тұсында көрмепті. Кесігін де айтпапты, – деді.

Құнанбай бұған шейін ашумен, зілмен кеп, енді осы тұста күйзелгендік күй көрсетіп, осымен жиынның қабырғасын қайыстырғысы келген.

Бәрі де тіреліп қалды. Ат тұмсығы бір бітеу, меңіреу қабырғаға тірелген сияқты. Жалтара алмады да, үндеспеді.

Аз ойлағанда Бөжей өз ішінен “шарифат та жөнге, шынға қарайтын шығар, ақай жоқ, ноқай жоқ, көрінгенге бұйда бере бермес” дегендей.

Бірақ бұл ойын айтса, Құнанбай тағы бойлап тартып кетеді. Сондықтан үндеген жоқ. Тағы да шапшаң Қаратай:

– Ал шарифат бұл Қодар қылығына не бұйырады екен? – деді. Құнанбай бағанадан төмен отырған жорға Жұмабайды енді ғана еске алғандай бұрыла қарады.

– Мына Жұмабай қалаға барып, Ахмет Риза хазіреттен фатуа сұрап келді. Жазасы дарға асу депті.

– Дарға? – деп Қаратай үркіп қалды.

Бөжей Құнанбайға ажырайып, тіксіне қарап еді, аямас түсі айқын екен.

– Барлық байлау осы болғаны ма? Ит те болса, бауыр емес пе еді? – дегенде, Құнанбай қынжыла түсіп:

– Оны бауыр дегеннің бауыры езілсін! Шарифатпен шарпыспақпыз ба? Қодар емес, құтпаным болсын, қайтпаспын да, тынбаспын, – деді. Енді бұғалық әкететін, бойлауық жеріне жеткен екен. Бөжей іші мұздай отырып:

– Көзің жетсе, мейлің білсін, – дей салды да, ойдағысын ішке бүгіп қалды. Байсал үн қатпаған күйде жым-жырт. Құнанбайды ақтамаса, Бөжейді де құптаған жоқ.

Сүйіндік те осы топтың дағдылы мінезіне басты.

– Ел де сенікі, ел ішіндегі тентек те сенікі. Қашқанның да, қуғанның да келетіні өзіңсің. Тек, не бұйырсаң да тергеп алып, бұйырғайсың. Қалғанын өзің біл, – деді. Бұл Бөжейдің қабағын баққан болатын. Өзі қалай көшерін айқын біле алмай, “соның бір білгені бар шығар” деген есеппен жалт берді.

“Тергеп алып, білгеніңді қыл” дегенді аяқтап келгенде ерқайсысы да бір-бір қайырған-ды.

Бірақ бұл сөздері – сүйей салды. Бағанадан бергі сөзде Құнанбаймен аралары арбасып боп, айтыспай-ақ іштей жер танысып қалған.

Бөжей білсе, Қодар жайы – Құнанбайдың тағы бір қыры. Осал емес, үлкен қыры болғалы тұр. Қайда беттер екен? Неге соғар екен? Не де болса, енді салмағын Құнанбай өзі көтеріп алатын болады. Бұлар жалпылдап қостаған жоқ. Оны Құнанбай білетіндей болды. Түбінде, дәл осы отырған кісілер осы жөнде ұстасса да қисыны бар.

Сүйіндік, Бөжей жағының ойы осы болса, Құнанбай да өз есебін алдын ала өзі өлшеген бетпенен ішіне ірікті. Жаңағыдан әрі жазылған жоқ. “Пәлен етем” деп кесікті байлауын да айтпады.

Осы отырған бес-алты адам дәл қазіргі күйінде пәлен мың үй Тобықтының талай түйін, шытырман жайларын осы араға жиып әкеп отырған адамдар. Іштерінде көп қалтаға көп есептер салып кеп отырған атқамінерлер.

Құнанбай аға сұлтан болды да, өзгелерінің қатарынан озғындап кетті. Онда әкімдік бар. Сыртқа да, ұлыққа да жақындық бедел бар. Әрі қолы ұзын, малды. Сөзге жүйрік, мінез бенен іске де алғыр. Осының бәрі өз ортасын бойымен басып жыға беруге себеп болатын.

Бірақ Құнанбайдың мықты жері Тобықты іші болса, әлсіз жері де осы Тобықтының ішінде. “Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады”. Сол қанаты мен құйрығы ел ішінде өзі тұстас ру басылар. Осы Байсал, Бөжейлер.

Осылар соңғы бір жыл бойында бұрынғыдай ашық-жарқын емес. Іштей Құнанбаймен аңдысып қалған сияқты. Оны Құнанбай біледі. Бірақ осындай қып қосарына ілестірсе

болғаны. Түбі, бәрінің де бағатын таразысы – ел. Сол елдің алдында байлауды Құнанбаймен бірге байласқан осылар болған соң жетті. Күйсе, Құнанбаймен бірге күйеді. Ал ішінде не жатыр, оны білмейді. Олай болса, Құнанбайдың да сырты бұлардың ішін білмеген, елемеген кісі тәрізді болатын.

Тобықты көп рулы көп ел болғанымен, барлық үлкен шеңберінің таразысы осы отырған бес-алты адамның руларымен өлшенеді. Әсіресе, ру басы осы адамдардың өздерімен салмақталады. Сонда Құнанбайдың оң жағында отырған Бөжей – қалың Жігітектің адамы. Бұрын орталарынан Кеңгірбайдай теріс азу, мықты биі шыққан ел. Бертінде ұрыншақ, қолшыл болып және барымташы жортуылшы жігіт көп шықты. Шетінен сөзуар, сотқар Жігітек. Байсал да сондай мол ру – Көтібақтың тұрғысы. “Тоқпақ жалды торы” деп атағанда, үйірі қалың айғырдай көптігінен атанған. Бұл, әсіресе, мал көбейтіп, жерді мол қамтуға тырысатын, көптігіне сеніп, анау-мынаудан онша қысылып-қымтырыла қоймайтын ауылдар. Сүйіндік – осы ағайынды елдер ішінде ең азы Бөкеншінің кісісі. Мал, дүниеге шағыны да осылар. Бөкеншінің кірмелеу туысы – Борсақ. Жаңағы бұлар сөз қылған Қодар – сол Борсақ болатын.

Құнанбай болса – Бірғызбай руынан. Бұл – бас жағына келгенде Жігітектен де, Көтібақтан да аз. Бірақ әрі малды, әрі көптен бері Тобықтыны билеп-төстеп келе жатқан ауылдар.

Туыс жағын алғанда, Бөжей мен Сүйіндіктен гөрі Құнанбайға Байсал жақын. Сойыл соғарға келгенде, қолға, санға келгенде Құнанбайдың мықтап сүйенетіні сол Байсал елі – Көтібақ. Оны әлі күнге өз ырқынан шығарған емес.

Қаратай болса, бұлардың барлығына алыстау. Ара ағайын тәрізді Көкше деген рудың атқамінері. Аз да болса пысық және шөре-шөреде жүргендіктен бір мүшеден қалмай ілесіп отыратын.

Осы отырған ру басылардың мінезі артта жүрген үлкенді-кішілі атқамінер, ақсақал, қарасақалының бәріне де мінез, тәсіл бола жүреді.

Құнанбай қасындағы қой көздеу, сұлуша Майбасар старшын болды да, өз достарынан да, Құнанбайдың жақындарынан да ажырай бастады. Қазір Құнанбай алдында, жастан бергі дағдысы бойынша, үндемей отырғанымен, бұл ерен бүлік,

сотқар адам. Құнанбайдың ұлықтығына бақ масы болған Ырғызбайдың басы осы.

Бүгін Бөжейлердің Құнанбаймен іштей суысуына себепші болған да осы Майбасар.

Бұдан екі ай бұрын зықысы әбден шыққан ел Бөжейді салып, Құнанбайдан: “Майбасарды орнынан түсір” деп тілеп еді.

Құнанбай Майбасар мінезін білсе де түсірмеді. Ол өзінің қара күші, зілі сияқты болатын осындай бір Майбасардың жүруін мақұл көрді. Үлкен бір есебі: “Анау жұртты шақар айғырдай мойын салып қуып ықтырған уақытта, ел арыз айта өзіме келеді, өз бауырыма қайырып беріп отырады” деп топшылаған.

Қодар жайындағы сөздердің артын Құнанбай ашып шешкен жоқ. Аналардың емеурінін есітті де, қалғанын үндемей бітірді.

Аздан соң сөзді басқа жаққа көшіріп, осы көктемде мал тойыны қандай, шөп шығымы қандай, көші-қонның мезгілі қандай болатынын айта бастады. Биыл да бұл отырған барлығының кеңесі Шыңғыс сыртындағы Бақанас, Байқошқарға шейін көшіп барыспақ. Ол – Керей қонысы болса, сол Керейге мінбелей барып қонып, екі өзенді тағы да жылдағыдай баурай бермек болысты. Тобықтының осы жуандары малы аз ғана Керейден сол екі өзенді жылма-жыл қона жүріп, тартып алмақ ниетте болатын.

Бұл әңгімелерге келгенде барлық бағанағы томсарған жиын шешіліп, жазыла сөйледі.

Осы кезде Жиренше Абайға ым қақты да, тысқа шығып кетті. Абай Қодардың қылмысы не, өзі кім екенін білмеген қалпында болатын. Ол жалғыз-ақ, “дарға асу” деген жерде ішінен бір түрлі тіксініп қалды. Әкесіне сене алмай, сескене қарап, “соны істейді-ау” деп бір ойлады. Бірақ байқап, болжап көрсе, дар деген қырда, бұл елде әсте болмаған нәрсе. Естіп көрген де емес. Ол мұның түсінігінде харон-Рашид халифа заманында, әлдеқайдағы Бағдат, Мысыр, Ғазнада ғана болатын жаза сияқтанады. Сондықтан “дарға асу” деп жай айтылған болар. “Ол болмас, болмайды!” – деп байлаған еді.

Сонымен бірге, әкесі Жұмабай жайын айтқанда да Абай қайран болды. Қала мен жолда талай күн бірге болған уақытта бірде-бір сездірсеші!

“Фатуа”, “Дарға асу” деген үкімдерді жасырып алып келе жатып Абаймен жарысады. Қалжыңдайды, ойнайды. Енді түк көрмегендей, үндемей отырған түрі де мынау. Бүгін күнұзын Абаймен құрбысындай жарысып келгеннің де бірде-бір белгісі жоқ.

Соған қарап Абай үлкендердің осындай іші қатпарлы, қиын жататынын ойлады. “Үлкен болсам, осылардың мінезін әрдайым біліп, танып тұратын болсам” деп, ол үлкендікке тағы да бір қызыққан, асыққан еді. Абай үлкен болуға, тегі, көп асығатын, қызығатын.

Енді есіне түсті. Жұмабай қалада бұған түсініксіз біраз мінездер істеген. “Хазіретке сыйға апарам, Құнанбай жіберді” деп, қысырдың бір семіз қара көк құнаншығарын жетектеп жүрген-ді.

Абайдың молдасы және мешіттің имамы Ахмет Ризаның үйін сұрап алып, артынан Абайға “молданың үйіне ертіп жүр” деп, бұны бірге де ала барған.

Екеуі асау көк құнанды жетектеп бара жатқанда бір төбелесқой, тентек Сағит деген баланың бұларға істеген қырсығын да есіне алды. Қазір нығызсып отырған Жұмабайға қарап, жымыып күліп қойды.

Бұлар қақпасының жанынан өте бергенде, Сағит терезеден көре сала жүгіріп шығып, тас лақтырып, айғай салған. Асау құнанның үркетінін көріп алған соң, онан да жаман құтырып еді. Қақпаға қайта жүгіріп кіріп, шыбық алып шығып, бұғып келіп асау құнанды шаптан да түртіп қалған. Сонда көк құнан ышқына шапшып, беже жөнелгенде Жұмабай айрылмаймын деп тырысып көріп еді, тай сүйреп, дедектетіп әкетіп, Жұмабайдың аяғы тарп-тарп етіп қаздандап, тымағы, тақиясы да ұшып түсіп қалған-ды. Басының жалтыры да көрініп, Абай еріксіз күлген-ді. Асау тоқтамаған соң, шылбырды беліне орап алған Жұмабай шалқайып табандап тартып, көше бойының құмын боратып, тағы да рәсуа болған. Бұл тұста Сағитқа қосылып Абайдың да ішек-сілесі қатып еді.

Жұмабай көк құнанды зорға тоқтатып алған соң, Абай Сағитты маңайлатпай қуып жіберіп, сол бөледен Жұмабайды да, құнанды да өзі құтқарып шыққан.

Бұлар хазіреттің қорасына кіріп, асау құнанды ат қораға байлағанда, хазірет өзі көріп, сыйлық екенін іші біліп, үн қатпаған болатын.

Кейін үйге кіргенде, Жұмабай Құнанбайдан сәлем айтты да:

– Мына баласына – өзіңіздің шәкіртіңізге фатихасын сұра деп еді, – деген.

Хазірет:

– Бәрәкалла, бәрәкалла... бирахматика я архамәррахимин, – деп отырып, Абайға қол жайып бата берген-ді.

Содан әрі хазіретпен не деп жауаптасудың бабын таба алмаған және, тіпті, шүлдіреген, кітапшылаған тілін ұға алмаған Жұмабай тағы бір ойдағы әңгімесін тұпа-тура, қолма-қол бастап еді. Онысы Құнанбайдың айтқан сәлемі екен. Сұрап кел деген бір үлкен сөзі екен. Осы жөндерін айтты да, Жұмабай Абайға бір, хазіретке бір қарап:

– Бірақ ол жайын оңаша, құпия сөйлес деп еді. Балам, сен... – деп, Абайға оқтала бергенде, хазірет те сезіп, Абайға:

– Ибраһим, сіз хазір мәдрәсәгә қайтыңыз, балам. Бәс ауылға қайтмас бұрын миңға кіріп, фатихамны алып кетіңіз, – деді. Абай шығып кеткен.

“Соқалап отырып, ойдағысын жеткізіп, жаңағы фатуаны сонда алып шыққан екен-ау, бұл” деп ойлады.

Өзін керек еткен сөз бен шырайды көрмеген соң, енді Абай да Жиренше кеткеннен кейін, біраздан соң ақырын сусып, тысқа шықты. Бұл уақытта Жиренше соңғы атқа шідер салып, отқа жіберіп жатыр екен. Есік ашылған жерден Абайды көрді де, ақырын дауыспен:

– Абай, бері кел, мұнда кел... – деді.

Абай бұған жетер-жетпестен:

– Өй, Жиренше, жаңағы осы Қодар кім? О не қылған? Айтшы, – деді.

– Қодар – жақыны жоқ, жалғыз үйлі бір Борсақ.

– Ол қайда?

– Е, ол мына Шыңғыстың ет бөктерінде, Бөкенші асуының бауырында.

– Ал ол не қылған?

– Сол биыл қыстыгүні жалғыз баласы өлгеннен кейін, келінімен жақын бопты дейді. Ана кісілердің сұмдық деп отырғаны сол.

– Жақын? Қалайша?

– Не қалайшасы бар? Шөккен дейді...

– Не дейсің?

– Е, сығыр, шөккенді білмеуші ме ең?.. Бура мен інгенше?.. Білесің?.. – деп, Жиренше өте бір тұрпайы қозғалыстар жасады. Ол үлкендер арасынан әбден іші пысып шығып, енді салқын далада азырақ ойнақы күйге кеп тұр еді. Абайды күлдірмек болатын. Бірақ Абай күлер емес. Көңілінде қатты қобалжу бар.

– Сол рас па екен? – деп, Абай қадала сұрады.

– Бәсе, сол анық-танығы мәлім емес... Бірақ ел өсек қып әкетіпті. Сүйіндіктің, жаңағы, анығын білейік деуі сол ғой, – деп, Жиренше салмақты болып сөйлеп еді.

– Ендеше, бекер жала-дағы?

– Тіпті, солай десетіндер де көп. Бірақ әнеуегүні Қүнекең мына Сыбан ішіне топқа барса, сонда Солтабай төре осыны бетіне салық қыпты. Мына кісі төреге насыбайды тастасаңшы дегенде, анау: “Мен насыбайымды тастайын, бірақ Шыңғыстың бөктеріндегі шашты сайтаныңды сен де тыйсаңшы!” деп, бетінен алыпты дейді. Соған намысы келіп, Қүнекеңнің катуланып отырғаны әлгі ғой, – деді.

Абай әкесінің жаңағы “дарға асу” деген жердегі аяздай суық пішінін еске алды. Үндемей біраз тұрып, қабағын шытып, қатты күрсінді де, айналып жүріп кетті. Күрсінуді ауру дененің қиналған ыңқылына ұқсағандай болды. Шешесінің үйіне қарай беттеді. Жиренше басқа да бірденелер сөйлеспек боп, бөгемек еді, қайырылған да, үндеген де жоқ. Кете берді.

3

Келіні жаңа ысытып әкелген, құрт қосқан қонақ көжені анда-санда бір ұрттап отырып, Қодар:

– Қарағым, Қамқа, бүгін күн жұма ғой осы? – деді.

– Жұма, бейіт басына барып, құран оқып қайтайықшы, – деді де, Қамқа күрсініп алып: – Құданың құдіреті, бүгін түсіме балаңыз бір түрлі боп кірді, – деді.

– Пәке паруардигар! Паруардигар! – деп, мол келген батыр кеудесін қақ жарған шерді Қодар да шығарды. “Түс шіркін, жұбаныш па, тәңір-ай!”. Бүгін өз түсіне де Құтжаны – жалғызы кірген еді. Бірақ Қамқа түсті кәдімгідей медеу көреді. Айтсын. Бала көңілі, тым құрыса, сонысымен уанған болсын. Тыңдайды.

– Осы дәл өнімдей, үйдің сыртына кеп аттан түсіп, асығып, жайрандап кіріп келді. Келді де: “Әкем екеуің жылай бересің... Зарлай бересің. Мені шын өлді деймісіндер? Ал мен, міне, келдім... Тіпті, өлгем жоқ... Қойшы, Қамқа! Қабағыңды ашшы!” деп, осы бір түрлі сай-сүйегімді босатты!.. – деді.

Осы кезде Қамқаның да, Қодардың да көздерінен үнсіз жастар біртін-біртін сорағытып ағып отыр еді.

Жым-жырт үйде Қамқаның құлағына тыс жақтан бір ызың естілді. Қазіргідей таңертеңгі уақытта мұның құлағына осымен бірнеше рет осы бір ызың естіледі де тұрады.

Қаны қашып, аппақ сұр болған бетін төр жаққа, атасы жаққа бұрып, қадала тындады. Екі көзі жасқа толып, қызарып тұр. Аш бетінде көк тамырлары білінеді.

– Шыңғыстың бөктер желі ғой, қарағым.

– Ызыңы несі?

– Қораның төбесі ашылып қалыпты. Оның да тозығы жеткен емес пе? Тесіктерден сорайып шығып тұрған ескі қамыстар бар. Сол құрғыр жел соқса ызың салады ғой, – деді.

Аздан соң екеуі де тысқа шықты. Тозығы жетіп қалған жалғыз қоңыр үй жапа-жалғыз кішкене, ескі шым қораға ықтап тұрғандай. Маңайда басқа не қыстау не бірде-бір киіз үй де, тірі жан да жоқ. Көшерлік өз көлігі жоқ болған соң, Қодар ешкімнен көлік те сұрамаған, қыстаудан да ірге аударып жылжымаған.

Бұрын баласы: “Жатақ боп жатамыз ба?” деп көлік әкеп, көп ел ойға көшсе – ойға, қырға көшсе – қырға ілесе беретін. Мал тойыны, шаруа есебі дейтін емес. Әйтеуір, құр жас болған соң дүрмектен қалмау сияқты. Онда Қодар өзі де “тым құрыса, аққа тәуір болармыз, біреуден там-түм сауын сауармыз” деп, елге ергенге қарсы болмаушы еді.

Ал биыл ағайын өзі білмесе, балам өліп еді деп, енді жатқа телміргендей көлік сұрап жүруді лайық көрмеді.

Қамқа да, өзі де Құтжанның жас қабірін құлазытып, жалғыз тастап, “жайлау бар еді, сайран бар еді” деп кеткісі келмеді. Күндіз-түні егілген жаспен еңіреген зарлылар арысын тастап кетерлік дәрмен де таба алмас еді.

Бұларда мал дейтін мал да шағын. Азын-аулақ болса, осы қыстау маңын қысы-жазы жесе де Бөктер шөбінің

тұмсығын сындыра алмайды. Жалғыз үйдің қолындағы ба-ры – жиырма-отыздай ешкі-лақ, қой-тұяқ пен бір бұзаулы сиыр, екі торпақ болатын. Осы малды бағарлық бұт артары бір ғана қоңыр ат. Құтжанның қоңыр аты.

Баласы өлген соң Қодар қыстыгүні осы ел ішінде кірме боп, әркімде жалда жүретін бір шал жиені Жәмпейісті өз қолына алып еді. Жәмпейісте қатын да, бала да, баспана да жоқ. Өмірі шыр бітпеген сорлы еді.

“Екі жарты бір бүтін болайық. Кімге сенеміз? Иық сүйесіп күн көрейік” деп, Құтжанға құран оқи келгенде Қодар Жәмпейіске зарын шақты да, қолына ұстап қалды. Қазір қоңыр атпен бар қара-құраны қосып жайып жүрген сол Жәмпейіс.

Малда алаңы жоқ. Үйде де мінбелеп тұрған шаруа жоқ. Сондықтан өмір мен уақыт бүгілдірген бір кәрі, дерт пен зар бүгілдірген бір сорлы боп, екі шерлі баяу басып, бейіт басына қарай аяндады.

Жарқыраған май күні бір түрлі боп нұрланып, тамылжып тұр. Аспанда ұсақ қана ақ мамық бұлттар қалқиды. Айналадағы жазық пен төбешіктің бәрі де алқара көк. Аласа, тықыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаған. Қызғалдақ, жауқазын, сарғалдақ, бәйшешек дегендер қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып, жайнайды. Гулеп ұшқан көбелектей көп бояулы, неше алуан...

Бөктер желі таңертең әрдайым Шыңғыс аса соғатын қоңыр салқын күйінде. Қазірде де күн қызуын жеңілдетіп, майда қоңыр лептей үріп тұр. Бірақ бұл жарастық, бұл жастық кімдер үшін?

Әлдекімнің рақаты, әлдекімдердің қызығы, сайраны үшін болар. Жалғыз-ақ, мынау екі қаралы үшін ол жоққа тән.

Бұлардың алдында, кішкене көк төмпешік үстінде құбыла жақтағы серек тасы шошайған жалғыз жас бейіт қана тұр. Көздері де, көңілдері де сонда.

Дүниенің көктемі Құтжанның былтыр ғана осындай кезде күліп жайнап жүрген аман шағын, сау шағын еске түсіреді. Еске түсіреді де, тағы да толқып келген құсамен басады. Жүрек басынан запыран, зәр төгілгендей болады.

Қодар батыр денелі, алпысқа жаңа кірген, бурыл қарт еді. Жалғыздық пен осы қаралылық иықтан баспаса, өмірдің мұны мойытар өзге күші жоқтай.

Ол жасында найзагер батыр болған. Осы жасына шейін өз қасиетін жоятын жаман аттан да аулақ.

Жуан кім, көп кім? Бақ масы есер кім? Ешбірін де ол білмейтін. Өз өмірі, өз үй ішімен, өз айранын ішіп күн кешетін.

Үйден шығып, әлдебір сөзге, сыпсыңға да араласпаушы еді. Сондықтан алысты қойып, ағайын ішінде де бұны білетін жан аз. Өзі де аз ғана Борсақтан, Бөкеншіден басқа жұртты танымайтын.

Соңғы алты ай ішінде барлық жалын атқан қайғысы — жалғыз баласы Құтжан жайы.

Ендігі үміт не? Құлазыған қу өмірде тірек не? Ойлағанмен тапқан емес. Таппасын білген соң, соңғы кезде оны ойламайтын да.

Жалғыз жанкүйері мынау қайғыдан сөніп бара жатқан, санадан солған бейшара келін. Оның алды немене? Не болады? Бұны шешуге тоналып қалған көңілі баспайды. Батылы бармайды. Бөтен боп кете ме деп ойлай бастаса, Құтжаны бір өлген емес, екі өлгендей көрінеді.

Келіні Қамқа мен Құтжан арасының тәттілігі өзгеше еді. Бұл бейшара жетім қыз екен. Құтжан сонау алыстағы, Сыбан ішіндегі нағашыларын іздеп барып, содан алып қашып келген. Бұнда да артына оралар, ие шығар туыс жоқ. Сондықтан ба, әйтеуір, Қамқа Құтжан мен осы үйдің тілеуіне бар ынтасымен құлаған еді. Қодар соны танып, Қамқаны дәл өз ішінен шыққан Құтжаннан бірде-бір кем сүйген емес. Оның да, бұның да тең ортақ әкесі болды.

Біртоға, кесек мінезі бойынша осы көңілін өле-өлгенше сақтаумен көрге бірге әкетемін деп сенуші еді.

Бірталай күн болды, Жәмпейіс тауда, көрші ауылдардың қойшыларымен кездесіп, сондағы естіген сөзінен бірдемені бықсытып айта бастағанда, Қодар толық түсінбей, түсінгеніне ыза боп, түсінгісі келмей тойтарып тастаған, айтқызбаған. Естіген сөздеріне қарағанда, басы аман өсекші ағайын тек отыра ма? Соның шырғасы ғой:

— Бұл Қодар неге қыстаудан шықпай, інге кіргендей жатып алды? — деседі дейді.

Тағы бір кезде:

— Осы Қодардың келіні нені үміт қылып отыр? Не ойлаған ойы бар? — деп сұрастырады дейді.

Осындайға келгенде Қодар мұндай жыбырдың ішкі зәрін, суығын сезгендей болған. Оның өз топшылауы бойынша, бұндайдың арты жесір қатынға әменгер іздеу. Мал шығармай,

біреудің үйіне тегін қатын кіргізіп беру. Қодар малына ие болатын мұрагерді іздеу, соны табу.

Бұндай жай өтірік ағайын – болмыс, жанкүйер – болмыс атқамінер қулардың құлшына кірісетін сыпсыңы.

Қодар елге жоламай, елдің келуін де тілемей қойғанда, өсіресе, осындайдан қорқатын. “Тым құрымаса, баламның жыл уақыты жетсін” деп, оның ар жағын тіпті ойламай, жауып қоюға тырысатын.

Енді, міне, өмір аязының алдыңғы лебі болып, Жәмпейіс арқылы, қойшылар арқылы келіп жатқан сұм салқын сол ғой деп ұққан-ды.

Қодар қиналып, қатуланған соң, Жәмпейіс өз естігенін тегіс айтқан жоқ. Және айтам десе де, өзі сөз білмейтін, сөзін кісіге ұғымды қып айта алмайтын аса бір орашолоқ адам еді. Сонысынан тағы жасқанып, Қодарды қинаймын деп қойған-ды.

Бірақ бір күні далада бір көрі қойшы бұған сұмдық айтты.

– Қодар келінімен жақын дейді. Сен не білдің? – деген-ді.

Бұған Жәмпейіс жаман түршігіп:

– Оңбай кетейін, естіген сұмдығым емес. Тарт... Тарт, көпір, мына сөзіңді, тарт! – деген. Ақтағаны ма? Жоқ, жай шошығаны ма? Біліп болмайды.

Бірақ жаңағы сөзді бастаған көрі қойшы өзі де сұмдықтың адамы емес-ті. Өз ішінен: “Мына бақыр білсе, бүйтпес еді. Тегі, не аналар аман да, не мынау түк біліп, сезбеген ғой” деп ойлаған. Кейін де осы көрші қойшы Әйтімбет Қодарға анда-санда қатынасатын кедей-кепшіктен жағалатып сұрау салып, жаңағы жаладан Қодарды аман деп ұйғарды.

Бірақ жақындағы жарлы-жақыбай солай дегенмен, осы өсекті қайта-қайта шығара беріп, көпке жайып кеткен бір “көз” тағы бар. Не қылса да Әйтімбет Жәмпейістен алғаш сұраған кезден бастап, осы жала Қодарға оралып соға беретін бітпес жала болды.

Қодарда соңғы күндерде Құтжан дертінен бөлек өзгеше бір ыза бар. Оның себебі, осыдан үш күн бұрын Сүйіндік бір кісі жіберіпті. Оңаша алып сөйлескен Бектен деген бір сөзуар көсе бұған әрнені шарлап кеп:

– Ел аузына кім қақпақ болады? Қан көтеріп әкетіпті. Жаны ашыған жақсы да сол өсекті басам десе, баса алмап-

ты, деп, Сүйіндікті атап, оны бір мақтап қойған. Содан тағы біраз орағытып кеп:

– Жаман айтады... Сені мен мына келініңді жаман атқа тағады! – деп былш еткізгенде, Қодар:

– Өй, жаным, не шатып отырсың? – деп, Бектен көсені таптап тастардай болады. Анау бірақ безбүйрек қайтпас екен.

– Сол сөзге иланып алған Құнанбай саған қатты жаза бұйыратын түрі бар. Сүйіндік өз бауырын қисын ба? Саған мені әдейі жіберіп отыр. Сөз айқындап ашылғанша тая тұрсын, бір жерге жалтара тұрсын дейді, – деп келген.

Қодар ыза мен қорлықтан өлердей боп булығып, орнынан атып тұрып:

– Уа, кет, жоғал! Құдайдың көрін көріп болған Қодар Құнанбайдың көрінен қорқар деп пе ең? Жоғал әрман! – деп айдап жіберген.

Осы сөз бүгін де Қодарды ызаменен қайнатады. Бірақ Қамқамен бұл жайды сөз қылуды ойлаған емес. Өзінің әкелік жүрегі өзіне мәлім. Балалық жақындығы Қамқаның да өзіне мәлім – берік. Сол қайғы үстінде күндегі бір-біріне мұң айту, күрсіне отырып зарларын шағу, екеуін әбден келін мен ата халінен кетіріп, ортақ қайғыдағы ене менен келіндей немесе әке мен баладай жақындатқан. Адам мен адам боп танысып, табысқан-ды. Бірақ өзге көп жайды екеуі де ірікпей, бүкпей ашық сөйлесе де, жаңағы сұмдықты жарылмаған уыздай сорлы, шерлі баласына айтуға бірбеткей Қодардың батылы да бармас еді.

Екеуі ақырын аяндап бейіт басына келді. Қодар құран оқи білмейді. Қамқа да оқыған емес. Бірақ екеуі де өзді-өзі ішінен Құтжанға тілеуін, зар болғанын, арманда қалдырғанын айтады. Әрқашан жанкүйер жақын қабіріне ыстық-ыстық жастар төгеді. Қайта-қайта бас қояды. Үндемей иіндері тиісіп, көздерін алмай, ұзақ-ұзақ отырысады. Бұл қабірдің әр тасы екеуіне санаулы. Әлдеқалай жел ұшырып түсірген шөп-шалам болса, оны алып тастап немесе топырағының ойсыраған, қопсыған жері болса, соны қайтадан түзеп ондай отырысады. Тағы да бірталай уақыт отырып қалып еді. Бір кезде бұлардың сырт жағынан дүрсілдетіп келіп қалған бірнеше аттының дабыры естілді.

Қодар да, Қамқа да бұрылған жоқ. Аттылар мінбелеп кеп түсіп жатты. Бұлар бес кісі екен. Бастығы Майбасардың

қара сақал атшабары – Қамысбай. Қалғанының екеуі – Бөкенші, екеуі – Борсақ, Қамысбай аттан түсе бере:

– Көрдің бе, жәдігөйді! – деп күңк етті. Қодар мен Қамқаны бұл күйде көреміз деген жоқ еді. Мынадай сарылып отырған қайғыны көргенде, өзге болса жүрегі шайылар еді. Қасындағылар аттан түсуден де іркілгендей болатын. Бірақ Қамысбай “шаш ал десе, бас алатын” Майбасардың өзінен асқан бүлік, бұзақы, қанқұйлының өзі.

– Түсіңдер! – деп бұйырды да, бәрін аттан түсірді. Борсақтың да оны қостайтын біреуі табылды. Ол Жексен дейтін дәукес шалдың інісі – Жетпіс еді.

– Көрден бас бұрмауын, көрде басы қалғырдың! – деді Жетпіс те. Қодар мыналардың әдейі келген жайын байқап, бұрылды да, сабырлы суық жүзбен:

– Нелерің бар, жандарым? – деп еді.

Қамысбай тепсініп кеп:

– Неміз болушы еді? Сендерді ұлық шақыртып жатыр. Мына Қарашоқыда елдің игі жақсысы жиналып отыр, тосып отыр! – деді.

– Жақсың кім? Ұлығың кім өзі?

– Ұлығым – старшын Майбасар, бастығы – Құнанбай. Мына келінің мен екеуіңді жауапқа шақыртады. Тұр, жүріңдер!

– Сандалып жүрмісің? Не ақың бар?

– Не дейсің? Әкім шақырса, ақың не деймісің?

– Құдай жүзін көрмегір, мынау кім өзі әкірендеген! – деп, Қамқа қаны қайнап, қатты ашуланады.

– Құдай жүзін көрмейтін сендерсің, қос қара бет! Сенсің, шашты сайтан! – деп, Қамысбай бастырмалатып, қамшы үйіре бастады. – Жүр, ал! Алып жүр! Мінгіз ана атқа екеуін де! – деп, қастарындағы жігіттерге бұйрық етті.

Төрт жігіт әуелі Қодарға қарай ұмтылды. Қодар:

– А, құрыған құдай, нең бар еді? – дей беріп, қасына бұрын барған екі жігітті қойып-қойып жібергенде, біреуі мұрнын басып ұшып түсті. Бірақ сөйткенше болмай, қалған төртеуі жабыса кетіп, даяр шылбырмен қолын сыртына қайырып, байлап алды. Қамқаны да сүйретіп отырып, аттың жанына алып кеп, Қамысбайдың алдына мінгізді.

Қодардың артына Жетпіс мінді. Ол да еңгезердей мықты жігіт. Жалма-жан аттарына тегіс міне сап, күншығыс жақтағы

Қарашоқыны беттеп, тұмсық аса шаба жөнелісті. “Шабар қылыш, атар оқ, бұлармен сөйлесер сөз де жоқ. Не де болса ұлығымен бір тілдесермін” деп ойлап еді Қодар.

Өзімен аталас болса да, жол бойы артындағы Жетпіспен де бір ауыз тіл қатқан жоқ.

Шынында, Қодар мен Қамқаның осы сорына себепкер болған да дәл осы Жетпіс пен соның ағасы даукес, бәлекор Жексен.

Олар Қодардың ең малды ағайыны болатын. Басында Құтжан өлген соң, осы көктемде жұрт Жексенді кінәлай бастады.

Қодар аталас жақыны еді. Әрі кедей, әрі жалғыз, жетім-жесір боп қалды. Соған қолы ұзын Жексен қарайласса нетуші еді? “Көшерге көлік бермей, бір қораға жалғыз тастап кетті” деп кінәлаған-ды. Осы сөзді бір емес, екі емес, есіте берген Жексен ең әуелі өзінің болыспауына сылтау етем деп:

– Сол құрғырдан көңілім тіксініп жүр, болыспайын демеймін, бірақ шошып қалдым, – деп, Бөкенші-Борсақтың жиынында ең алғаш бәле сөздің басын бір шығарған.

Артынан Сүйіндік осы сөздің мәнісін сұрағанда:

– Келінімен жақын екен ол кәпір... Маған не қыл дейсің? Қасыма алып жүрсем, ертең бетіме түкірмеймісің? – деп ақталған-ды.

Алғашқы бір дақпыртты осымен жұртқа жайып жібергеннің бірі енді Сүйіндік те болды.

Бірақ басында өздері жайып жіберіп, кейін осы өсек еріккен қызыл ауыздың бәрін кернеп кеткен уақытта Сүйіндік тағы бір келіп, Жексеннен енді анық дерегін сұраған. Жексен қыстыгүні – Құтжанның жетісі болған күні, Қодар айтқан бір сөзді дәлел қылды.

Қодар қайғыдан сандалып, жаны күйіп отырып:

– Маңымда тұлдыр жоқ. Құдай маған қылды ғой. Кәпір өтсем де, енді кәрінен аянарым жоқ. Құдай маған қылса, менің құдайға қыларым сол... – деген.

Осыны Жексен өз бетімен топшылап, “бұл құдайға не қылады?” деп, жүріп-жүріп кеп, ақыры: “Мұнысы келіні болды!” деп байлаған-ды.

Содан бері өсекті өзі таратуына тағы бір себеп – “Қодарда біраз жер бар. Мұның қыстауына ең жақын, жерлес адам сол.

Әйтеуір, жайы біткен неме ғой. Елден құдырып жіберіп, жерін де басайын!” деген арғы түкпірде жатқан есебі еді.

Осыдан ұшқындаған сөз Құнанбайға жетіп, одан “Сыбанның жиынында Солтабай Тобықтыны мазақ етіп сөйлепті” дегеннен бері қарай Сүйіндік бәленің ұлғаятынын біліп, Жексеннен қайта кеп сұрастырған. Жалғыз Жексен емес, маңайдан да сұрау салды. Көрші ағайын, бастығы Әйтiмбет қойшы боп, өз еркімен осының анығына жетуді ойлады. Сөз бақпаған момын ағайынның бәрі де Қодарды қараламады. Қайғы шеккен, дертті күйін ғана айтушы еді.

Бірақ Жексен мен мына Жетпіс болса, сол қайғының өзін де:

– Әдейі істеп жүрген сырты. Сүйтпей қоя ма? Бәлені түн жамыла бастайды ғой, – дескен-ді.

Өзі анығын білмеген және ол анық болса, осыны сылтау қып Құнанбай Борсақ, Бөкеншіге бір нұқсан келтіреді деп есептеген Сүйіндік сырт кісімен сөйлескенде:

– Осы сөз бекер болар, – деген. Құнанбай алдында да соны нық ұстармын деп еді. Бірақ Құнанбай ырық бермеді.

Оның үстіне жақында Қодарға өзі әдейілеп жіберген Бектен көсе жолшыбай Жексен аулына соғып, тіпті бүлдіріп қайтты.

– Қодар “Құдай да, Құнанбай да керек емес. Не қылсам өз еркім, менде не ақыларың бар?” деп қуып шықты. “Құдай маған қылса, мен құдайға қылдым” дегені дәл сол бәленің өзі болды! – деп ентелетіп, төндіріп келген-ді.

Құнанбай жағынан ықтап қайтқан Сүйіндік көзі жетпесе де байлау етті. Сонымен, ақыры, Қодар күйі кеп бұған соқты.

Жолшыбай “келінімен тілдестірмеймін” деп, Қамысбай Қодарды алдына салып, өзі әдейі оқ бойы жер артта, іркіле жүріп келе жатыр.

4

Қарашоқы Қодар қыстауынан алыс емес. Шыңғыстың үлкен биігінің бірі. Соның бауыры әдемі, тоғайлы өзен болатын. Тал-терегі болсын және тау қайыңы – қисықша қызыл қайың болсын, барлығы да көктеп, жайнап тұр. Бұл ара бір құйқалы, жақсы қыстау. Бөкенші, Борсақ ерте кеп, осында орнап қап, әлі бауыр басып келеді.

Ырғызбай ішінен, әсіресе, осы Қарашоқыға қызығушылар көп болатын. Бұнда отырған ауылдар Борсақ Жексен аулы. Ол Борсаққа әлдеқандай көрінгенмен, өзге жұрттың келесінде бұта құрым болатын.

Жиын осында екен. Жексен аулы төрт үй. Өзенге мінбелеп, төніп тұрған бір тіп-тік жартастың түбіне қоныпты. Осы араға Қодар мен Қамқаны алып келе жатты. Тыста:

– Келе жатыр. Алып келе жатыр... Өне, Қодар... – деген үндер естілген соң, Жексен үйінде отырған Құнанбай бастаған топтың бәрі тысқа шықты. Тұмсық асып келе жатқан Қамысбайлар келгенше, мұндағы барлық жиын бір араға қарай екшеліп, ауылдың сыртына барып топтанды. Сол арада қазыққа бұйдалап байлап, шөгеріп қойған бір үлкен, биік қара атан жатыр. Беліне шом салып, екі өркешінің арасын жоталап биіктепті де, соның үстінен бастыра бір ашамайды орнатып, мықтап шандып, таңып тастапты.

Қамқа жиыннан шошып кетті. Жолшыбай сұрамаса да, енді ауылға тақала бергенде Қамысбайдан:

– Жаным-ау, адам баласысың ғой... Осы айыбымыз не? Не қылмақсыңдар? Айтып өлтірсеңші? – деген.

Бұған шейін “ләм” деп жауаптаспай келген Қамысбай енді ғана тіл қатты. Бірақ тілі зәрдей еді.

– Анау атаңмен – Қодармен жақын болғаның үшін қазір екеуің де жайрайсың! – деді. Ол осыны айтып, “Қамқа не дер екен?” деп еді, байқаса, Қамқада үн жоқ. Бір ғана ыңыранды да, сылқ етіп, аттан құлап барады. Қамысбай өзі де аттан жығылып қала жаздады. Қамқаны күшақтап, қысып алды да, желіп отырып, жиынның алдына келді.

Алдыңғылар Қодарды түсіріп жатыр екен. Бұ да Қамқаны сүйемелдей ұстап тұрып, өзі бұрын түсіп, артынан келіншекті түсірді. Қамқа түскен жоқ. Былқ етіп құлап жығылды да, талған бойында жерде сұлық жатып қалды.

Қодардың алдында жүз қаралы жиын тұр. Ортасында Құнанбай, Бөжей, Байсал, Қаратай, Сүйіндік, Майбасар – бәрі бар. Алдағы осылар да, артында ентелеп тұрған – ақсақал, қарасақал. Әр рудың, көп рудың адамдары. Ылғи атқамінері ғана. Ішінде жұпыны киімді біреу жоқ.

Қодар сәлем бермеді, өзі таңулы. Ішінде удай қайнаған ыза мен ашу бар.

Жиын ортасында жалғыз көзі бұған оқтай қадалып тұрған Құнанбайды танып, соған қарап түйіліп, қатты ақырып:

– Уай, Құнанбай, мені құдайдың жылатқаны аз ба еді? Бү не қырсығң?.. – дей бергенде Майбасар бастаған әулекі жуандар:

– Тарт тілінді!

– Қысқарт!

– Жап аузыңды! – деп арс-арс етті. Құнанбайға жаңағы Қодарша зекіп сөйлеген қарсылық сөздерді олар естіген емес.

Қодар аз үндемей тұрып, аналар басыла бергенде:

– Ел-жұртқа масқара етіп, қор етіп, анау соқыр көзіңнің құнын менен алайын деп пе едің! – дегенде, Құнанбай:

– Шығартпа үнін! Жоғалт көзін! – деді.

Майбасар да ілесе:

– Өй, қуарған көк төбет! – деп, қамшы үйіріп кеп қап еді.

Қодар саспастан тұрып, қарсы ақырды.

– Иә, мен көк ит болсам, сендер көп итсің! Жабыларсың, таларсың да жерсің! – дегенде, Қамысбай мен бағанағы төрт жігіт Қодарды сүйрей жөнелді. Сүйретіле бара жатып, Қодар зор дауыспен, барынша шырқап:

– Ақ, қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан, қара бет?! – деп, қанталаған көзімен Құнанбайға бұрылып, атып жіберердей қарады.

Бірақ осы кезде мойнына шылбыр түсіп қалып еді. Төрт жігіт жетектеп жылдам тартып, анадай жатқан қара атанның оң жағына апарды. Басына қап сияқты бірденені жаба салды. Бес-алты кісі тапжылтпай, түйенің қабырғасына басып, жығып ұстап тұрды. Қодар тағы лағынет айтып айқайлай беріп еді, сыртынан бір қатты күш тарпып, серпіп жібергендей болды. Тұрып бара жатқан түйенің қабырғасы қаққан екен. Осыдан әрі мойнынан “лық” етіп, темірдей қысып, жанын суырып әкетіп бара жатқан таудай ауыр күш басты. Жалған жапырылып, үстіне кеп құлады... Көзінің оты жарқ етті де, сөніп бара жатты. Жиында үн жоқ. Түйенің ар жағына Қодармен тең қып асқан Қамқа түйе тұрысымен бір сәтте үзіліп кетті. Оны бәрі көріп тұр. Қодар бір жиырылып, бір созылып, тез өле алмады... Батырға біткен зор денесі созылған уақытында бұрынғысынан да ұзарып, нар түйенің бойына теңелгендей, аяғы жерге тиер-тиместей болды. Түйені

тұрғызып, бірталай ұстап тұрғанда жиын әлі үн қатпады. Екі жанның өлім азабын өз үстіне арқалап тұрған түйе де үнсіз.

Дәті шыдамаған Байсал кейін бұрылып, шетке шығып кетті. Сөйлегендер болса, сыбырмен ғана сөйлейді. Қаратай Бөжейге күбір етіп:

– Өле алмай қиналды-ау, бақыр! Бейшара, жаңа білдім, арыс екен ғой! – деді.

Бөжей мұның бетіне қатты сұрланған жүзбен ажырайып қарады да:

– Арысыңды, ендеше, арыстан жеді, – деп сырт айналып кетті.

Жұрт сыбырлап:

– Өлген жоқ, әлі өлген жоқ... – десе берді.

Қодардың денесі, шынында, әлі тітіркенгендей дірілдеп қап, кейде тартыла түсіп қояды.

Құнанбай жұрттың күбірі көбейіп бара жатқанын енді сезді. Өлтіргеннен де қинау бататын тәрізді. Оң қолымен қатты ишарат қып, түйені шөгер деп бұйырды.

Түйе шөккенде Қамқа серейіп сұлық түсті де, Қодар өлмеген екен, бүктетіліп түсті. Сол арада жұрттың есін жиғызбастан, Құнанбай қасындағы құзды көрсетіп:

– Шық алып, мынаның басына! Құлатындар содан кәпірді! Бітсін сонымен! – деді.

Бағанағы Қамысбай мен сол жігіттер үнсіз Қодарды түйенің үстіне көлденең салып, арқанмен байлады да, тау басына тарта жөнелді.

Бұл құздың арғы сырты жазан. Көлбей біткен бетегелі жазан болатын. Тосып тұрған жұрттың ішінен бірен-саран дәті шыдамағаны сусып кетейін деп еді, Құнанбай:

– Ей, тарқама түге! Тоқта былай! – деп саңқ етіп, зілді бұйрық берді. Жұрт қайта иірілді.

Аздан соң құздың басына ереуілдеген жаяулар шықты да, ойдағы жиынға қарады. Құнанбай түрегеліп, оқшауырақ шығып, қолын төмен сілікті, “таста” дегені. Жоғарыдағы төрт жігіт Қодар денесін қаумалап, ілгерілі-кейінді толқытып тұрып, бір кезде тастап жіберді. Бұл тас – бауыр жағы ойылғандай шұқшиған тас еді.

Азап пен қорлық шеккен онсыз да өлі дене жолшыбай бір тасқа соқпастан тұпа-тура ағып кеп, ауыр салмақпен күрс етіп бір-ақ түсті. Қазір де шоқтай жиылып қалған топтың қақ қасына

кеп құлады. Шетірек тұрған кісілерге естілгендей боп, ақырын ғана күтір етіп сүйек-сүйегі сына түскендей болды.

Дәл осы кезде Жексен аулына төменгі тоғай ішінен шығып, қатты жүріп кеп, екі салт атты түсіп еді. Денелері ықшам, біреуі бала бейнелі. Олар аттарын шеткі үйге байлай сала, жылдам басып келе жатқан Абай мен Жиренше болатын.

Аттан түсе бере бұлар тас басына тегіс аңырып, қарап тұрған жиынды көріп, өздері де солай қадалды. Бір кезде шекпенінің етегі қанаттай боп шалқи шашылып, құлап келе жатқан дене көрінді. Жиренше атты байлай сала топқа қарай жүгіргенде, Абай көзін басып отыра кетті... Бітті, өлді...

Мезгілімен жетсе, әкесіне өмірінде бірінші рет жалынып, аяғын құшса да өлтіртпей алып қалмақ еді. Кешігіп қалды. Енді топтың ішін көрмек емес. Атына қайта жүре берейін деп еді. Бірақ дәл осы кезде, үнсіз тұрған жиын жақтан жапыр-жұпыр дауыстар естіліп қалды.

– Сен ал!

– Е, сен ше?

– Ал өзің? – десіп, қау-қауласып тұрған жұрт қолды-қолына бір-бір кесек тас көтеріп алыпты. “Төбелес пе” деп еді. Солай басты. Бұл төбелес емес-ті. Қодар құласымен Құнанбай:

– Әлі жаны шыққан жоқ. Енді анау кәпірден өз жанымызды ақтап, аулақ әкету үшін қырық рудың қырық кісісі кесек атсын. Ал осы жиындағы әр атаның баласынан бір-бір кісі кесек алындар қолдарыңа! – деген.

Өзі алдымен алды да, Бөжей мен Байсалға қарап жердегі тасты нұсқап: “Алындар!” деді. Бұйыра айтты. Аналар бағынды да, тас алды.

– Міне, шарифат бұйрығы. Атындар кесектеріңмен! – деп, алдымен өзі лақтырып, Қодардың жонынан ұрды. Бөжейлер алған кезде тасты біреу алып, біреу алмай тартыныңқы еді. Жаңағы дабырлаған дауыс сол тас алдырып, ұрғызудың бұйрықтары екен.

Абай жеткенше жұрт бірі артынан бірі тас жіберіп ұрып жатыр. Топтың шетіне Абай келе бергенде Жиренше қолынан ұстай алып, бетіне бетін тақап:

– Ананы қара! Мынау ұрғалы жатқан шалды қара! Осы Қодардың жақыны. Өзі шал. Өзі Борсақ. Жексен!.. Бұған не жоқ екен, көк төбетке?! – деді.

Абайға нағыз өлтіруші осы сияқтанды. Ентелей ұмтылып, Жексеннің желке жағынан тақай бергенде, Жексен Қодардың өлігіне қарап:

– Кет, бәлекет, жүзі қара! Кет! – деп, үлкен тасты жіберіп қалды. Қодардың денесін Абай жаңа көріп еді. Бас сүйегі мылжа-мылжа болыпты. Жүрегіне қан төгілгендей қайнап кеп:

– Өй, кәрі малғұн! – деп, Жексенді желкеден қойып жіберді.

Жексен Қодарды ұрған біреудің топшысы тиді ме деп сырт айналып қарағанда:

– Не деген имансыз едің, кәрі төбет?! – деп тұрған Құнанбайдың баласын көрді. Абай сырт айналып кете беріп еді, Жексен бұған зекіп:

– Өй, бала!.. Ой, сен өзің! – деп тұрып, дауыстап: – Мен бе екен?.. Ер болсаң, әне... әкең! – дей берді.

Жұрт: “О не, о не?” десіп жатты. Абай жылдам басып атына жетті.

Белдеуден атын шешіп жатып, осы үй ішінде жылап отырған көп жанның үндерін есітті. Әйелдер көрінеді. Бірі солқылдап, бірі ыңырсып, бірі сыбырлай сөйлеп жылайды. Дауыстарын шығара алмай, қыстығып жылаған қатындар.

Еркектер бұл ауылдың бар әйелдері мен баласын осы үйге ерте бастан қаматып қойған. Солар екен. Қатты қорқытып қойған болу керек, дауыстарын шығара алмай жаншылып, егіліп жылайды. Бұ да Абайға оқтай тиді. Тындауға дәті шыдамай, атына міне берді.

Осы кезде Құнанбайға Жексен шаққан болу керек, әкесі Абайға айқайлап:

– Ей, құдай ұрған, тұра тұр! Көрермін, бәлем! – деді. “Ұстандар, алып келіндер” деп айта алмай қалды. Абай атына міне сала, ауылға қарай шаба жөнелді.

Артынан мұны қуып жеткен Жиренше:

– Өй, Текебай тентек... Текебай тентек! – деп ат қойып апты. Бұлар ойға қарай жосытып кете барды.

Жиын болып, кісі өлтіріп, ел ортасында құлақ естіп, көз көрмеген сұмдықты өз қолдарымен істеп шыққан топ, атқа міне сала, жан-жаққа шашырай тарарды. Үнсіз, жым-жырт айрылысты.

Жалғыз-ақ Бөжей ғана Сүйіндік, Қаратаймен бірге үшеуден-үшеу боп оқшау кетіп бара жатып, күрсініп:

– Ер өлтіргенге құн сұраушы ең. Енді құн сұрамақ түгіл, өкпе-кінә қылар да мұршаң жоқ. Өлтірген – өзіңсін. Қырық рудың адамы кесек атып өзің өлтіріп отырсың, не бетіңмен үн шығарасың? – деді.

Қаратай танып келеді, Бөжейдің түп есебінің көбін Құнанбай бұзып кетті. Бөжейге, әсіресе, Құнанбайдың осы айласы батқан тәрізді. Қаратай соны ескеріп:

– Шарифаттың шын бөлесін түпке сақтапты ғой. Бұл шарифат та айлаға құрық бере беретін болды ғой. О да Құнанбайдың қойны-қоншында десейші, – деді.

Сүйіндік басылып, шошып қалғандай екен:

– Құрсын! Тек бәле осымен бітсін, тынсын десеңші! – деді.

Бөжей көп арбасқандықтан, Құнанбай тәсілін түкпірлей танушы еді:

– Біту, тыну ма? – деп күрсінді де: – Бөкенші, Борсақ қашан айттың деме, шылбырды Қодар мойнына салған жоқсың. Бұйырса, осыменен өз мойныңа да салған боларсың, жазған! – деді.

Әрқайсысы да осы ойдың соңында еді. Үндемей салбырап кете барысты.

5

Абай мен Жиреншенің бүгін бұл бөленің үстінен шығамыз деген ойы жоқ болатын. Үлкендер, тегі, көпшілік құлақтанбасын деп, бүркеп ұстаған болу керек. Ешбір ауылда бұндай сыбыс айтып, сыр берген жан білінген емес.

Жиренше таңертең Құнанбай аулына бір әдемі тарғыл тазы ертіп келді.

Келуі – ауылды азан-қазан қып, бала-шағаның көбін тысқа еріксіз шығарған. Бұл шудың басы тентек Оспан болған.

Жиренше тазысымен қонақ үйдің сыртына тақай бергенде, Оспан анадайдан көріп қалып:

– Айтақ, айтақ, жеңдер. Ойбай, жеңдер, әне Жиреншенің тазысын! Жолдаяқ, Бөрібасар, Бөрібасар! – деп, Құнанбай үйінің көп сары аласын ұран шақырғандай ғып өре тұрғызған.

Жиренше Оспанның бүлдіретінін алыстан біліп:

– Өй, Оспан! Айналайын! Қалқатайым... қой! Қоя ғой! – деп сонша тоқтатпақ болып еді, Оспан:

– Бөрібасар... хайт! – деп сақылдап күліп, секіріп ырғып, бар итін тарғыл тазыға қарай қаптатқан болатын.

Осы кезде қонақ үйге жетіп қалған Жиренше атын тастай беріп, тазы итін мойнынан ұстап тұра қалған. Бірақ жеті-сегіз сары ала әрбір үйдің ығынан құлшынып, құтыра шығып, “гүр-гүр” етіп кеп, қоршап алды. Үйге де кіргізбей, табан аудармай да қойған еді. Оспан Жиренше “қой” деген сайын сақ-сақ күліп, иттерін өшіктіріп:

– Ар...р!.. – деп өзі тап-тап беретін. Бірақ өңшең кексе тартқан иттер Оспанның күнде осындай сан рет жоқ шатаққа бастай бергенінен мезі болған ба, тазыны жұлмады. Құр ырылдауы мен арсылдауын ғана молайтып тұр.

Үлкен үйде отырып, осы шуды естіген Ұлжан бәйбіше таңертеңгі асын ішіп отырған Абайға:

– Шықшы, Абайжан! Қушы анау иті құрғырды! Тағы бүлдіріп жүрген әлгі жынды неме ғой! – деп, Абайды тысқа шығарып және үйге кірген бір жас әйелді де жұмсаған. Абай Жиреншені айырып алып, тазысымен екеуін қонақ үйге қарай алып жүрген. Бұлар сонда кіре бергенде, жаңа тапқан қызығы шұғыл біткенге наразы боп қалған Оспан арттарынан бұғып кеп, дәл үйге кіре берерде Жиреншені қылтадан қатты шымшып алды. Анау ит екен деп, ытқып, шошып кеткенде төбесін маңдайшаға соға-моға қонақ үйдің төрінен барып бір-ақ шыққан. Оспан оған да сақылдап күліп:

– О, қорқақ, қорқақ, – деп мазақ еткен.

Мойнында салдырмақ қарғысы бар, қара ауыз, тарғыл қаншық Абайға бір түрлі сұлу көрінді. Жұтынып тұр, жылмаң қағады.

– Аты не? – деді Жиреншеге.

– Желқұйын.

– Аты да әдемі екен.

– Аты емес-ау, өзі де қоян дегенінді тап құйындай ұйтқытып соғады! – деді.

Бұл Желқұйын туралы өз аулындағы бір үлкен аңшының айтқан сөзі еді. Жиренше осыны үнемі айта жүретін.

Абайды сол сөз бен Желқұйынның жаланып тұрған түрі қатты қызықтырды.

– Қоянға шығамысың? – деді.

– Жүр, атың бар ма? Мен сол қоянға шығып барам.

Осымен екеуі Абайдың Құлабестісі ерттелгенше қымыз

ішіп алды да, күнбатыс жақтағы Қызылшоқы деген ұсақ адырға қарай желе жортып, тартып кеткен.

Бұлар Қызылшоқыға кіре бере алғаш келген екпінімен бір қоянды бездіре қуып еді. Алыстан қашқан қоян оңай жеткізбей, екі-үш қырқадан асқанда ғана Желқұйын талдырып жетіп еріксіз алған-ды. Осыдан басқа қоян тез көрінбеген. Соны іздеп табамыз деп, екеуі Қызылшоқының Шыңғыс жаққа қараған шеткі тұмсығына шейін барып қалыпты.

Осы араға келгенде Шыңғыстың Қарашоқы тұсынан шығып келе жатқан бір салт атты кездескен. Ол Майбасардың тағы бір атшабары Жұмағұл болатын.

Сол Жиреншеге қарап:

— Сендер одан да ана Қарашоқыға барындар. Бүгін сонда Қодарға бір сын болады. Жұрт жиналып жатыр! — деген.

Жиренше қатты ентелеп:

— Е, немене, Қодар мен келіні қайда? — дегенде:

— Жаңа Қамысбай бар, бес жігіт боп ұстап әкелгелі кетті.

Жиын Жексен аулында, — деді. Жұмағұл атын қамшылап, асыға шауып кетті. Жиренше осыны естіген соң Абайға:

— Барайық, көрейік! Жүр! Ал жүр! — деп, ойландырмастан еліктіріп алып кеткен.

Көргені әлгі. Енді қайта беттеп, тоғайлы өзенді құдилап желе шауып келеді. Абайдың іші мұздап, жүрек қаны, жан тамыры дір-дір қағып, қалтырап үріккендей. Кімнен, неден үркеді? Әсіресе, әке... әке істеген мінез, әке қолындағы қаннан үркеді. Өз әкесі... қатал, көрлі әкесі!..

Абай Жиренше сөздеріне жауап та айтпайды. Өзенді бойлап бөктер таудың ішінен жуықта шыға алмады. Жол болса, жалғыз аяқ. Екеуі қатар жүре алмайды. Абай алға түсіп, желе шоқытып келеді. Әлі қалмай жүрген Желқұйын екеуінің алдында. Жолдың ыңғайсыздығы әңгімені тыятын жөні бар еді. Бірақ Жиренше Абайдың артынан өкшелеп қалмай отырып, сөйлей берді.

Ол жаңағы Жексен аулында бір-екі кісімен тіл қатып, оны-мұны естіп алған екен. Соны айтады. Ауырған адамдай қалтырап, жүрегі қатты қобалжып келе жатқан Абай Жиреншенің бар сөзін ұқпаса да, бір-екі жерін анық аңғарды.

Тегі, жиын ішінде бүгін екі сөз ауыздан-ауызға көшкен тәрізді. Екеуі де Қодар сөзі деп айтылған. Біреуі бұрып алған

сөз де, біреуі дәл өз сөзі. Соның алғашқысы Қодарды кінәлаушы сөз. Бүгінгі қатал жазаның дәлелі, тірегі.

Ол: “Құдай маған қылса, мен құдайға қылам!” депті деп, өлтірушілердің қайта-қайта айтатын сөзі.

Екіншісі аз айтылған. Бірақ о да жиынға тегіс жеткен. Тегіс іште, есте қалған сөз. “Мен көк ит болсам, сендер көп ит...Таларсың да жерсің!” деген сөз.

Абайды қатты толқытқан осы сөз болды. Ол жаңағы қатындардың жасырын зарын да еске түсірді. Жиреншенің алдында келе жатып еңіреп қоя берді.

Артта келе жатса да, Жиренше Абайдың жылағанын байқап қап:

– Өй, өй, Текебай тентек! Сен не ғып келесің! – деп қатарласқысы келді. Абай жасқа толы көзімен Жиреншенің торы қасқа атының басы мұның үзеңгілік тұсына келіп қалғанын көрді де, тебініп қап шаба жөнелді.

Бұл уақытта екеуі де бөктер таудан құтылып шығып, жазыққа түсіп еді. Абай Құлабестінің басын Көлқайнар жаққа бұра бере, қамшы басты.

Жиреншеге көз жасын көрсетпегісі келді. Анау да шапты. Бірақ Абай жеткізетін емес. Ол оқ бойы ұзап кетіп бара жатып, өз-өзіне ерік беріп, өксіп-өксіп жылап келе жатыр.

Көп жылдан бері Абай жылаған емес еді. Тоқтай алмай егіліп жылады. Ағындап ұшып келе жатқан бестінің екі жағында көделі, бетегелі көк дала тасқын судай зулап жөнеліп, артқа қарай құлдырап ағып кетіп жатыр. Екі құлағын бітіргендей боп, дыңылдап соққан екпін желі Абайдың көзінен аққан жастарды қат-қат тамшыдай, жаңағы көде мен бетегеге ұшырып түсіріп келеді.

Абай бұрынғы жас бала күнінде мұндайды аңғарып сезінген де, таныған да емес. Енді байқады. Көздің жасында адамды барлық өне бойымен өзіне қарай құлата тартқан бір өзгеше ыстық күш бар екен. Үлкен құз биіктің басына шыққанда, бір сәт ойға қарай құлап кеткің келетін сияқты, өзіне тартқыш, ұғымсыз күш. Бала жүрегінде бұл шақта көп сезімнің алай-түлей құйыны соққандай.

Бұнда қорлықпен өлгендерге барынша жан ашыған мейірбандық та бар. Өлтіргендерге ыза мен қарғыс та бар. Сонымен бірге, әсіресе, бір-бірімен шарпысқан сезім: “әке”

деп жамандыққа қимау бар да және сол “әкеден” шошып, үрку бар.

Барлық ішін теңселте сіліккен бала жанын ойран етіп, сескенте тігіреткен сезім.

Жылап егілуі, бір сәтте, медресе, дін халфелер айтуы бойынша – айыптылардың күнәсіне өтесін сияқты, соның кешірімін тілеген сияқты жалбарынудың жасы ма деп еді. Бірақ одан тез түңіліп кетті.

– Ол емес!

Өйткені олар дін атынан, әсіресе, имам берген фатуа бойынша істеп отыр ғой. Кімге шақпақ? Құлазығандай жапа-жалғыз! Өзін бір ең панасыз, ең сорлы жетімдей сезінді. Іштен тағы да бір үлкен, ауыр толқын бүктетіліп, булығып кеп, бала жүрегін жаныша ұрғанда, ол бұрынғысынан да қатты, аса қатты бір өксікпен солқылдап жылап жіберді.

Дауыстап жылады. Жиреншеге білдірмеймін деп, әлі де ағызып шауып келе жатқан.

Сол шабыс қосылды ма, болмаса өзінің бала көңілінің сенделуі сондай ма, Абай бір уақытта жылау үстінде лоқсып-лоқсып булығып кеп, құсып-құсып жіберді. Аш өзегі ақтарылғандай. Жаны да, денесі де қатарынан қатты азап шекті.

Бірақ сонда да тоқтаған жоқ. Аттың жалын құшып алып, тек қана құлап қалмасты ойлап, шаба берді.

Жиреншеге жеткізбеген күйінде Көлқайнарға жетіп, шешесінің үйіне кеп түсті.

Ұлжан тыста тұр екен. Баласы үйге тақай бергенде өңіне көзін салып, тіксініп қалды. Абайдың түсі құп-қу, қатты өзгерген. Тіпті, Абай сияқты емес. Ұлжан: “Көзім бұлдырап тұр ма?” деп кірпігін жиі қағып, қайта қарады. Абай. Бірақ, тіпті, жат реңді. Баласы атын байлап қасына келгенде, жаңа байқады. Көзі де қып-қызыл боп ісіп кетіпті.

– Өй, Абайжан, қарағым, не болды? Біреу тиген бе? – деп, ішінен: “әкесі ұрды ма?” деп те ойлап қап еді. Далада өзге кісі жоқ екен, Абай үндемей, шешесін құшақтай алды да, бауырына кіріп, өзінің ып-ыстық басын анасының төсіне басып, жабысып тұрып қалды. Жетімдіктен құтқарардай анасы бар екен! Жылау артынан ықылық атқандай денесі дірілдеп, солқ-солқ етті. Бірақ бұл кезде Абайдың көзінде жас жоқ-ты. Бәрін жылап тауысқан. Енді жыламасқа, көз жасын ешкімге көрсетпеске бекініп, іштен қатты түйініп алған.

– Жөнінді айтшы, қарағым, не болды? Әкең ұрды ма?

– Жоқ, ешкім де ұрған жоқ, кейін айтам... Апа, төсек сап берші, жатқызшы! – деп, Абай шешесін құшақтап қысқан бойда, үйге қарай аяңдады.

Сабырлы Ұлжан осыдан әрі еш нәрсе сұрап тақымдаған жоқ. Үйде әжесін де, өзгені де үркіткен жоқ. Абай жайын бір жанға білдірмеді. Үлкен ақ үйдің оң жағына әкеліп, әжесінің жер төсегін жайлап берді де, шешіндіріп жатқызып, өзінің мол пұшпақ ішігімен жауып, қымтап қойды.

Әжесі:

– Немене, қарағым? Ұшындың ба, әлде, – деп бірдеңе білгісі келіп еді, Ұлжан:

– Ұшынған ғой. Тимейік. Жатып ұйықтап тұрсын, – деп, малшы қатын Қатшаны шақырып ап:

– Түңлікті жауып, есікті түріп қойшы! Абайға күн түспесін! – деп ақырын ғана айтты.

Әжесі іргеге қарап жатқан Абайдың сыртына қадалып отырып, қабағын түйіп, тамсанып қойды. Ернін үнсіз ғана қыбырлатып сиына бастады.

Таңертең Абайды ертіп кеткен Жиреншенің қайда екенін Ұлжан білмеп еді. Тыста бағанағыдай тағы да ит шулаған соң, “тазысымен келген сол болар ма?” деп үйден шықты. Жиренше қонақ үйдің сыртына түсіп, атын байлап жатыр екен. Ұлжан үлкен үйдің жанында тұрып, Жиреншені өз қасына шақырып алды да, жөн сұрады.

Жиренше таңертеңгі қоян қуғаннан бастап Жексен аулында көргенін де, жолшыбай не болғанын да тегіс айтып болып:

– Абай қайда өзі? – деп еді, Ұлжан Абайдың жатып қалғанын айтып, Жиреншеге біраз наразы салқын жүзбен қарады.

– Шырағым, сен бала емессің, естиярсың. Өзің барсаң бір сәрі. Ондай жаман, сұмдық жерге Абайды несіне апардың? – деп, “жаман”, “сұмдық” дегенді шынымен баса айтып: – Бала емес пе? Шошынар деп ойласаң нетті? – деді.

Жиренше сөз таба алмай ұялып, қысылып қалды:

– Ұят болды. Өзім де өкіндім. Бірақ құдай ақына, өлігін көреміз деп ойлаған жоқ ем!

– Жарықтығым, ендігәрі Абайды бұндай жерге бастай көрме! Тіпті, басың жас, үлкеннің ондай бәлесінен өзің де аулақ жүр. Өзімен кетсін! Көріп-біліп нетесің? – деді.

Талай үлкеннің ішінде сөзін осындай байсалды қып айтқан, сондай өтімді, салмақты қып айтқан кісіні Жиренше бұрын көрмегендей болды.

Ұлжанның жай, салқын айтқан сөзі бұған ұрысқаннан да, ұрғаннан да жеңіл тиген жоқ.

Қысылғаннан, біраз жер шұқып тұрып, қонақ үйге қарай қайта бұрылды. Ұлжан да өз үйіне беттеді. Жиренше еш нәрсеге айналып бөгелместен атына мініп, тазысын жетектеп алып, кетіп қалды.

Бұл — түс ауып бара жатқан кез еді.

Абай кешкі қозының жамырауынан оянды. Бүгін қойды кеш сауып болған ба, немене, ымырт жабылып қалыпты. Дүние у-шу, ызың-ызың... Бірақ соны көмескі, бұлдыр бір түс араластай болжайды. Басы мең-зең. Еті лапылдап, күйіп тұрған сияқты. Аузы құрғап, ерні қатты кезеріп қапты. Құр тамсанады. Қасында шешесі мен әжесі отыр. Ұлжан мұның маңдайына алақанын қойып, төмен қарап отыр екен.

— Апа... Әже... Немене, мен аурумын ба осы? — деп, көзі жасаурап шешелеріне қарай аунап түсті.

— Иә, етің ыстық. Ауырған жерің бар ма?.. — деп, Ұлжан сұрады. Абайдың аунап түскенде екі шекесі қатты шаншып, қысып ауырғандай болатын. Соны айтты.

Ұлжан енесіне бағана Абай ұйықтап жатқанда бір жайды айтқан. Екеуі де:

— Шошынған ғой, содан ұшынған ғой! — деп байлағанды. Зере Жиреншеге де, үлкендерге де қатты ұрсып, жерге түкірген.

Абай шешелерінің күндізгі жайды білгенін байқады да:

— Әкем... Әкем!.. — деп әкесін еске алып, күрсініп, кеудесін сипап, шешелеріне құпия қып шаққандай боп: — Не деген қатал, не деген қатты еді! — деді. Әкесі турасындағы іште жүретін көмескі, жұмбақ ауыр сезімдерін өмірінде сыртқа шығарып, ең алғаш адам баласына айтқаны осы. Әжесі шала есітті. Ұлжан үн қатпай, Абайға жауап та айтпады. Бірақ енесі бұған қадалып, тізесінен түртіп, “не дегенін айт” дегендей ишарат еткен соң, ернін Зеренің құлағына тақап:

— Әкесін айтады. Қатал екен, неге аямады дейді, — деді.

Әжесі ұқты да, күрсініп, Абайдың бетіне таман төніп кеп маңдайынан ұзақ иіскеп отырды.

– Айналдым, қарашығым, қоңыр қозым! – деп алып: – Аямайды, аямайды ол! – деп келіп, көзін жұмыңқырап, басын жоғары көтере берді.

– Я, құдая, зар тілегім болсын. Бейуақтағы тілегім. Осы қарашығыма әкесінің осы ит мінезін бере көрме!.. Тас бауырлығын бере көрме!.. Я, жасаған! – деп, құрысқан әлсіз қолдарымен әжімді, мейірімді жүзін сипап бата берді. Ұлжан да ішінен “аумин” деп бата қылды.

Екі ана ортасында жаны ауырған бір бала. Бейуақтағы үшеуінің құпия тілегі – зор шындықпен еміреніп тілеген тілегі осы еді.

Абай өзі де бетін сипап, ана тілегін барынша қабыл алып, бата қылды.

Өмірін, балалығын қайта тапқандай, ішіне мол сәуле, игі сәуле кіргендей.

Бірақ ол іші. Ал денесі әлі ауру. Көңілі сергиін деп еді, етінің қызуы мен басының шаншуы қайта меңдеді. Енді үшеуі де үнсіз, жым-жырт. Даладағы қой-қозының шуы да алыстап барып сөнген болатын. Үй іші сияқты ол да бүгін дағдыдан тыс жым-жырт.

Осы кезде Абай мен анасының құлағына ерекше бір жат, суық үн естілді. Біреу:

– Ойбай, бау-рем! – деп қояды. Бір-екі рет қайырып көзінің астымен шеше жаққа қарап жатыр, қозғалған кісі көрінбейді. Сондықтан тағы бір бақырып қойып, соның артынан және бір тың бөлені шақырып, жынды ұлғайтты.

– Ойбай, бауре-ем! Ойбай, бауре-ем, – деп ат қойып келе жатыр. Бұл елде кісі өлгенде алыстан ат қойып шабатын еркектердің салты бар. Сонда осылайша “ойбай, бауырым” деп шабады. Үйдегі екеуінің де жүректері су те түсті. Кәрі шеше бұл дауысты естіген жоқ.

Ұлжанның көңіліне алғаш қорқыныш үстінде кеп қалған ой: “Осы үйдің біреуі жазым болды ма, әлде Құнанбайдың өзі жазым болды ма?” деп еді. Шошып, елең еткен бойында құлағын сыртқа бұрды.

Үркіп қалғандықтан аңғара алмапты. Тасырлатып шапқан ат даусы жоқ. Өзі жақын жерде және жаяудың үні. Абай бұрын білді. Даусын әдейі жуандатып зорайтып айқайлағанмен, баланың үні. Тіпті, дәл тентек Оспаннның үні екен.

Ол даладағы ойыннан қайтып келе жатып, “жаман ырым”, анау-мынау дегенге қарамастан, қаннен-қаперсіз өтірік жылауды үдетіп:

— Ойбай, бауырым Қодар!.. Ойбай, Қодар, — деп, санын сабап шауып келді. Қодардың өлімі барлық ауылға да, оған да естілген. Жаңа кешке жақын, бұлақ басындағы бір тақырға жиналған өзі құрбы балаларды бастап осылай ат қоюды көп ойын қылған. Тақырдың ортасынан шұқыр қазып, соған бір қу сүйекті әкеп бейітше томпайтып көміп қойып, жан-жақтан андыздап “ат қойып”, ұзақ шуласқан.

Ұлжан Абайдың сырқатының үстінде өзін жаңағыдай жаман шошытқан Оспан мінезіне қатты ашуланды.

Күні бойы батпақ кешіп, аяғы әрі былғаныш, әрі күс-күс болған Оспанды:

— Бері келші, әй, балам! Бері келші! — деп, ешбір сыр білдірмей, ұрыспай шақырды. Ұрсып, зекіп сөйлесе Оспан мұндайдағы әдетіне басып, қаша жамандасып, қолға түспей қояды. Ол қазір шешесіне қарай тарпылдап жүгіріп, дәл от басынан Абайдың төсегіне дейін бір-ақ секіріп, Ұлжанның тізесіне соға дүрс етіп кеп түсті.

Шешесі мұны сол қолынан шап беріп ұстап алып:

— Сен жаңағы ат қойған нәрсені қайдан шығардың? Оның жаман ырым екенін айтпап па едім? Үйде бала ауырып жатқанда, әй, итқуар жынды неме? — деп, жұлқып қалып етпетінен салып, құйрығына шапалақпен салып-салып жіберді.

Оспан әкесі ұрғанда жыламаса да, шешесі ұрған уақытта тіпті жылауық. Әке жылағанға қарамайды. Ал шешесіне қарсы кейде бұның емі бар. Бас қорғаудың жылауы. Қазірде де бақырып, бар даусымен шырқап, азан-қазан қылды. Шешесінен босап барып сол жақтағы биік сүйек төсектің үстіне секіріп шығып, етпетінен жатып ап жылады. Бірақ бұл жолы қанша жыласа да, оған қайысып, уатам деген шеше жоқ. Оны біледі. Сондықтан аяқ кезде көзде жас болмаса да, өтірік анда-санда бір бақырып қойып жатыр. Өзі де жылауынан жалыға бастады. Енді тағы да ойнақы тентек мінезіне бой ұрып, жылаған боп жатып, әредікте қысқа ғана:

— Ойбай, бау-рем! — деп қояды. Бір-екі рет қайырып көзінің астымен шеше жаққа қарап жатыр, қозғалған кісі көрінбейді. Сондықтан соның артынан және бір тың бәлені шақырып, жынды ұлғайтты.

– Ойбай, бау-рем Абай! – деп қойып, сұңқ етті. Абай басы ауырып жатса да, еріксіз күліп жіберді.

Оспан енді байқады. Шешесінің үлкен, толық денесі қайта қозғала бастады. Ол тұрғалы жатыр екен. Тағы бір тықырдың болатынын біліп, шешесі тұрып болғанша Оспан төсектен ырғып түсіп:

– Ойбай, бау-рем Абай! Абай! Абай! – деп есікке қарай атқып берді. Шешесі тұрып алып ұмтылайын деп еді, болмады.

– Әй, кім барсың? Ұста! Ұстап әкелші, ана жыңдыны! – деп еді. Оспан есік алдында қайқандап, секіре-секіре түсіп, шеткі үйлер жаққа қарай зыта жөнелді. Тыстан шешесінің бұйрығын естіп, мұны ұстап әкелгелі тап берген үлкен ағасы Тәкежанды көріп қапты.

Абай осыдан бірталай, ұзақ ауырды. Алғашқы күндер біреу “ұшынған” деп, біреу “соқпа” деп, тағы біреу “сүзек” деп, әртүрлі топшылағанмен, дәл басқан ешкім болған жоқ. Әсіресе, ем істелген жоқ.

Жалғыз-ақ алғаш жығылған күннің ертеңінде, әжесінің бұйрығы бойынша, бір қартаң қатын күн батарда Абайды далаға алып шығып, жаңа сойған қойдың өкпесімен қақты. Бетіне су бүркіп, үшкіріп:

– Кет, бәлекет, кет! Көш баламнан, көш! – деп, батып бара жатқан қып-қызыл күнге қаратып қойып, бірдеме ем істеген болды. Ұшықтаған еді.

Абай буындары қалтырап, басы айналып, зорға шыққан. Көзі бұлдыр тартқаннан ба, әйтеуір, қазіргі бар дүниенің қызылы бұрын бұл көрмегендей бір түрлі ерекше көрінді. Ертегі ме, түс пе? Әйтеуір, бір басқаша ғаламның өзгеше суреті тәрізді.

Екі күн өткен соң ауыл Көлқайнардан Шыңғысқа қарай көшті.

Бірталайдан бері ел-елдің үлкендері, шаруа иелері “жайлаудың тоңы жібиді ме екен? Көгі жетілді ме екен?” деп, өткен-кеткеннен ылғи сұрау салумен болған. Бауыр, бөктер көктегенмен, Шыңғыстың сырты тез жылына қоймайтын да, ерте көктемейтін. Қар қалың түсетін биік сырт. Бар Тобықтының мол сулы, кең жайлауы, ұзақ өріс, мол қоныстары сол Шыңғыстың ар жағында.

Құнанбай аулы көшкен шамада, айналадан өзге қалың ел де дүрк көшкен. Ойдағы мол шалғынды қыстаулық жер:

Жидебай, Мұсақұл, Шүйгінсу сияқты қорықтардан да ағылып көшіп жатыр. Әр ел түс-тұсындағы Ақбайтал, Көлденең, Жігітек, Шатқалаң, Бөкенші сияқты асу-асуларға қарай беттеді. Шыңғыстағы кей асулардың аттары таудың сол тұсын иемденген ру атымен аталады. “Жігітек”, “Бөкенші” деген сондай аттар еді.

Бөкенші асуына Қодар қыстауы мен Жексен қыстауының аралығындағы кең сайды өрлеп баратын.

Сау болса, Абай көшті көңілді өткізіп асыр салар еді. Көктемде Шыңғыс асып жайлауға көшу үлкен атаулыға, әсіресе, шаруа адамдары мен жоқ-жітікке соншалық ауыр, ұзақ бейнет көрінгенмен, балаларға сейіл сияқты.

Абай да бұрынғы жылдар осы Көлқайнардан, сонау алыс, сырттағы Байқошқар өзеніне жеткенше он шақты көшіп баратын сапарды қызығы бітпес қан базардың көшкеніндей көретін.

Биыл да көшу солай. Жолдағы белгілі қоныстар: Талдыбұлақ, Барлыбай, Қызылқайнар. Кей қонысқа таңертең кеп қона сала, кешке тағы көшеді. Үдере көшу. Кей қоныста бірді-екілі күн отырар-отырмастан кетеді: үлкен үйлер тігілмей, “ұраңқай”, “абылайша”, “жаппа”, “итарқа” деген неше түрлі кішкене, тар, аласа күркелер тігіледі. Әркім өзі сүйген үйшігін тұрғызады. Жалпақ ел, бар ауылдар осы жайлауға көшу сапарында балалардың “ауыл-ауыл”, “күрке-күрке” деген ойынын ойнап жүрген сияқтанады.

Қыс пен көктем, күздеуде бір-бірінен алыс жүретін ауылдар осы сапарда қоныс жағдайымен әлдеқайдан түйісіп, қым-қуыт араласып қонысады. Адамдары, малдары, күркелері де қосылып, бір ауылдан бір ауылды айырып та болмайды.

Өзгеге жеңіл болса да, осылайша болған көшу қойшы, қозышы, жылқышыларға аса бір тынымсыз бейнет, масыл күндер болды. Біреудің жылқысына көш аттар, саяқ-сандырақтар кетіп қалған. Біреудің қойына бір ауылдың қозысы жамыраған. Қой мен қой араласып, шатасып кеткен. Осындай қарбаласта “бармақ басты, көз қысты” боп, талай момынның тоқты-торымы сотқар ауылдардың жемі боп жүреді.

Өзінікін жеуге үнем қып, кісіден кірген “қоспа”, “кірме” болса, соны түн баласында ақтармалап, шикілі-пісілі домалатып, қылғып салып отыратын малқорда бықсық байлар, талай бөле басы атқамінерлер болады.

Осы сапарда көп елдің қауырт көшімен қатар жаңағыдай үйіле қонуына себеп болатын тағы бір нәрсе: сыртта, алғашқы күндерде қасқыр қатты болды. Елсіз болғандықтан осы өңірде, тау сыртында күшіктеген қасқыр ел келгенше тышқан, суыр аңдумен күн көріп жүрсе, енді мал қаптаған уақытта, түн баласында тыным бермей құйындай соғатын. Көп ауылдар түн бойы қотандарын атпен күзетіп, ауыл-ауылдың шеттеріне үзбестен лапылдатып оттар жағып отырып, айқай-шүмен таңды-таңға ұратын. Осының бәрі жайлауға көшу сапарын жайшылықтағы, өзге мезгілдегі, өзге тұрмыстың баршасынан басқаша қып жібереді. Күндіз болса барлық жұрт ат үстінде. Еркек атаулы көш бойында қолдарына найза, сойыл, айбалталарын ұстай жүреді. Бұл көріністер жалпы көшу сапарын жортуыл-жорыққа, шеру мен аттанысқа ұқсатады.

Бірақ дәл биылғы жыл жылдағыдай қайталаған осы көштер Абайға ең бірінші рет соншалық мазасыз бейнет боп өтті. Оны меңдетіп жеңген ауру да жоқ. Бірақ сау да емес. Жүрейін десе көзі қарауытып, басы айналып, құлап қалады. Бұның ауыруына қарап көшпей отыруға болмайды.

Үш күн, төрт күнде Ұлжанның үйіне бір-ақ соғатын Құнанбай, көбінесе, сұлу тоқалы Айғыздың үйіне қонады. Оқта-текте бәйбішесі Күнкенің қасында болады. Ол бөлек ауыл. Соның көшімен жүріп кетеді.

Баласының сырқатын алғашқы кезде бір рет сұрастырды да, кейін ұмытқан сияқтанды.

Абай атқа міне алмайды. Жүк артқан түйеге мінгізуге: “Жүк құлап, түйе жығылса мерт болады” деп, шешесі оған да мінгізбеді. Кәрі әже мен Ұлжанның ортасында жалғыз арба бар еді. Тегі, бұл ел көшпелі болғандықтан арба дегенді білмейтін. Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы Зеренің — Құнанбайдың кәрі шешесінің көк арбасы десе де болады. Құнанбай аға сұлтан сайланған сапарында шешесіне:

— Көшкенде осыған мін! — деп, Қарқаралыдан әдейі әкеп еді.

Таулы жерде атпен жүру бұл күнде Ұлжанға да қиын болатын. Ол ұлғайып, еті ауырлап қалған.

Енді Абай жайын ойлай келгенде, Ұлжан өз тыныштығын қойды да, арбаға, әжесінің қасына Абайды мінгізетін болды. Өзі бір жуас торы биеге мініп, ылғи осы арбаның қасында жүріп отырды.

Жайлауда Құнанбай аулының көбірек орнығып отыратын қонысының бірі – Ботақан ошағы. Көлқайнардан осыған кеп жеткенше жиырма шақты күн өтті. Сол жиырма күн ішінде жол бойы сүле науқас қалпынан айықпаған Абай, енді-енді ғана анықтап тәуір бола бастаған сияқты. Өздігімен түрегеп жүруге, кіріп-шығуға да жарады.

Енді көңілі де айығып, бұрынғы балалық шаттығын да, ойын-ермегін де тапса керек еді. Бірақ, ғажап! Биылғы жыл, әсіресе, соңғы көп күндер ішінде Абай балалықтың қызу ермегінен, қызығынан шеттеп, салқындап қапты. Тіпті, балалығынан айрылыққырап қалғандай. Әлде, аурудан тұрғандығы ма? Немесе соңғы уақыттар көңілінен кешкен ауыр сезім, терең азап салдары ма! Әлде, тіпті, балалық өтіп, үлкендікке қарай бой ұрғандығы ма? Аралықта белге соққандай бір дағдарыста қалған сияқты.

Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гөрі ірілеңкіреп, бала бозбалалық қалпына бейімденген. Бірақ әлі сол мүсінде үлкендік жоқ. Толық, балғын емес. Сидиып, арықтап, құр созылған сияқты. Күн көрмей өскен, реңі солғын, бойшаң ғана өсімдік бейнелес.

Бұрын қара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. Қазірде қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір, бозғылданған. Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас құйқасы да қылаңданып көрінеді. О да ауырғандық пен күн көзінде болмағандық белгісі.

Абайдың осы сияқты қалпына ендігі мінез машығы да бір алуан боп өзінше үйлесті.

Ол атқа мініп жүруге жарағанымен, үйден көп шықпайды. Өзге баладан гөрі басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы, әсіресе, әжесі. Одан қала берсе – шешесі.

Абай биыл ғана анық бағалады. Бұның әжесі бір түрлі шебер әңгімеші екен. Қызық сөйлейді. Әңгімесінің барлық жерін дәмді ғып, қызықтырып айтады. Әуелі Абай ауыра бастағанда бір күні кешке ұйықтай алмай жатып, әжесінен әңгіме айтуды сұрады. Сонда ол ойланып отырып:

– Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен? – деп, кішкене такпақтап бастап еді. Абай соны ұғып қапты. Келесі жолы әңгіме сұрағанда әжесін тізесінен ақырын қағып:

– Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен? – деп, тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді.

Әжесі әуелде көп-көп ертектер айтқан. “Еділ-Жайық”, “Жұпар қорығы”, “Кұла мерген” – бәрі де айтылды. Оның әңгімелерін түсте де, кешке де, тіпті, көш бойы да Абай айтқыза беретін болды.

Бертін келе тәуір болып алған соң, әжесінен тағы бір әңгімелер тапты. Ол осы ел ішінде Зеренің жасынан бергі көргені, естігені жайындағы әңгімелер. Ел мен елдің шабысы, таласы жайында бірталай күндер айтты... Осыдан жиырмаотыз жыл бұрын Найманның осы елге, осы ауылға шапқанын, сонда Бостанбек деген өзінің асыранды баласы өлгенін және Найман қолынан осы ауылға тұтқынға түсіп, жыл жарымдай кісенде жатқан Қожамберді деген ақын жайын айтады. Соның көп өлеңін шұбыртады. Басқа да “Қарашор шапқан” сияқты шабысты, жортуылды айтады.

Тағы бір күндер Мамыр, Еңліктей қыздардың қайғыларын да айтып берді. Абай қажымай, жалықпай ылғи ғана ынтыға тындайтын. Кейде әжесі шаршап, айтпай қойса, өз шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді. Және ол көбінесе өлеңді сөзді жиі айтады. Оқымаған шешесінің әлі күнге ұмытпай, білдірмей, сақтап жүрген зейініне таң қалады. Нелер ескі заман жырларын, айтыс, өсиет әзілдерін де көп айтып береді. Екі анасын көңілдендіріп тағы айтқызу үшін кейде өзі де қаладан әкелген кітаптарының ішінен “Жүсіп – Зылиха” сияқты қиссаларды оқып береді. Әндетіп, мақамдап қояды. Шешелеріне ұғымсыз болған түрік тілінің жеке сөздерін жолшыбай қазақшалап отырады. Осымен қайта көңілдендіріп алып, ескі әңгімелерді тағы айтқызады.

Зере ел шабысын әңгіме еткенде, сол істердің бәрін ел басына әлек салған, ұлардай шулатқан кесел күндей айтатын.

Кішкентай күнінен ертек-әңгімені көп сүйетін бала осы жазда, тіпті, көп есітіп, көп біліп алған сияқты.

Сондай шеше әңгімелеріне бар бейілін беріп жүрген күндердің бірінде бұл үйге екі бөгде қонақ келіп қонды. Бірі – қартаң, бірі – жас қонақ. Жасын Абай біледі. Таныған жерде қуанып кетті. Ол былтыр жайлауға келіп, осы үйде үш күндей жатып, “Қозы Көрпеш – Баянды” жырлап берген Байкөкше деген жыршы. Қасындағы қартаң кісіні Абай өзі білмегенмен, шешесі әбден таниды екен.

Қонақтармен жай сұрасып, амандасып болған соң Ұлжан Абайға қарап жымыып:

— Ал, балам, әжеңмен екеумізді қажай беруші едің, әңгіме-жырдың дүкені, міне, жаңа келді. Мына кісі Барлас деген ақын! — деді.

Шоқшалау ғана ақ сақалы бар келбетті келген, зор дауысты ақ сары кісі Барлас Абайға салғаннан ұнады. Білгенін ішіне бүгіп, үндемей отырған өзге үлкендердей емес.

Барлас іле сөйлеп кететін жарқылдақ, ашық. Осы үйде талай күннен жатып жүрген ауыл адамы сияқты.

— Е, балам, “шешенің судай төгілген, тыңдаушың бордай егілген” дегендей, сөйлеуді де, тыңдауды да сүйген ел — елдағы. Тыңдауға өзің жалықпасаң, айтуға Байкөкше жалықпас! — деп, жас жолдасына қарап күліп қойды.

Жайлауға келіп қонғалы бөгде қонақтар келгіш еді. Барлас Сыбан болатын. Жайлауға қоныстары жақындаған соң, жылдағы дағдысы бойынша осы ауылдарға амандаса келген екен. Жолшыбай Мамай ішінен Байкөкше қосылыпты. Ол — Барластың ақын шәкірті. Жылда осылайша қасына еріп, бірнеше айларды бірге өткізуші еді.

Үй іші тегіс қош алған соң, екі ақын да оңай шешілді. Осы түнде ас піскенге шейін Барлас “Қобыланды батыр” жырын жырлады. Абайдың қазақ аузынан да, кітап ішінен де өмірі естіп білмеген ең бір сұлу, ең бір әсерлі, күшті жыры осы еді. Барлас жырын бітіріп, қол жуғалы қамданған уақытта Абай:

— Мұны айтқан кім? Осы өлеңді шығарған кім екен! — деп, бағанадан бері өзін сүйіндірген ақынның атын білмек еді.

— Әріден келе жатқан деседі-ау, балам, бұның түбін. Бірақ осы дәл әлгіндей қып айтқан Кіші жүз Марабай деген ақын деуші еді Жанекен, — деді. Жанекесі — Жанақ еді.

Қобыландының қоштасқаны, Тайбурылдың шабысы, Қазан мен Қобыландының жекпе-жегі Абайды, әсіресе, елтіпкендей болатын. Жатқанда көпке дейін алағызып ұйықтай алмады.

Ертеңіне Ұлжан Барлас пен Байкөкшені жібермеді.

— Жүрмендер. Асықпай әлі біраз күн қонақ боп жатып кетіндер, — деді. Бұл — Абайдың тілегі. Абай бұрын тағылым, үлгі — кітапта; білім, өнер — медреседе ғана деп түсінетін.

Оған дастан шебері – Низами, Науаи, Физулиде; мұң нәзігі – Шайх-Сағди, Хожа-Хафизде, батыр жыры – Фирдоусиде көрінетін.

Қазақта нелер “Баян – Көрпеш”, талай “Ақбала – Боздақтар” барын анық білмеуші еді.

Тілі ұғымды, өмірі таныс болғаннан ба немесе Барлас пен Байкөкшенің кезектеп айтқан жырларының кейде шырқаған, кейде қалқып баяулаған, кейде лекітіп соқтырып, ескектете желген әнінен бе? Бебеу қаққан қоңыр, майда баяу домбырадан ба? Қалайда болса, Абай бұл күнге шейін өмірінде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларға барабар еш нәрсе есітпеген сияқты болды.

Күндіз де, түнде де Барластардың қасынан шықпайды. Екі ақын Ұлжан үйін барлық осы үлкен ауылға қан базардай қалың жиын үйі қып жіберді.

Бие байлап болғаннан кейін түске жақын, ауыл қымызға жиылады. Қыза отырып жыр тыңдайды. Күндіз ылғи ұзақ жырлар жырланады. Немесе әредікте шешендер, ділмарлар айтқан тақпақ, тартыс, билік, даулар айтылады.

Ал, ел айығып оңаша қалғанда, Барлас өз жырларына Асанқайғы, Бұхар жырау, Марабай мен Жанак, Шортанбай, Шөже, Сыбанбай, Балта, Алпыс ақын – бәрін қоса, өзі құрбы өзге ақындар айтқан жырларды термелеп кетеді.

Бұлардың ішінен заман зарын, көп мұңын шертетін сөздерді, әсіресе, бөліп айтады. Барлас біреуді мақтап, біреуден сұрап жырлайтын ақын емес.

Абай мен шешелерінің кешкі уақытта тыңдаған жырларының көбі: Барластың өзі сүйген құлақ күйі сияқты термелер болады. Мұндай кезде Барлас Абайға күндізгі Барластан, тіпті, басқа боп көрінеді. Қызықты, қызулы, қыздырманы ғана айтатын күлкіші, сауықшыл Барлас емес. Кешкі кездерде ол бір үлкен өсиетші, кейде шерлі қарт сияқтанады.

Сондай-сондай кездерде өзінің де ішін ашып:

Құлағың сал жырыма,
Ойлана қара сырыма.
Шат-шадыман емеспін,
Құр құландай жортқанмен,
Құбылтып күй тартқанмен,
Қайғыдан Барлас құры ма?! –

деп, өз жайын термелеп кетеді.

– Қайғысы не? – деп, Абай кейде шешесінен сұрайды.
– Әйтеуір, үлкен қасиеті – болымсызды дардай ғып мақтай беретін әдеті жоқ екен. Ел ақтаған ақын емес қой. Сөзін ұғып ал осының! – деп қоюшы еді Ұлжан.

Тыңдай келе Абай Барластан тағы бір соны сөздер есітті. Ол осы заманның ұлығы мен бегін айтқан, сынап-мінеп айтқан сөздер. Бір терменің ішінде Барлас:

Аға сұлтан ұлық бар,
Елге мәлім қылықтар.
“Өл” дегенде өлмесең,
“Жүр” дегенде жүрмесең,
Малы құрым құрықтар,
Кісен салып құлыптар! –

деп бір кетті.

Абай әкесінің үйде жоғын еске алып, “келмей-ақ қоя тұрса екен”, “қыдыра түссе екен” деуші еді. Шынында да Барластар келгелі Құнанбай бұл үйіне кеп қонған емес. Ол бір топ үлкендермен ел аралап, жолаушылап кеткен. Ұлжанның Барласты жібермегені де сол. Ақын мен әнші Құнанбай жоқта болмаса, мұның аулына онша үйір боп, бой жазып жата алмайтын.

Барлас “ұлық пен бек” дегенде кімді айтады? Онысын ашпайды. Бірақ Абай оның мұндай жырларын ылғи өзінше ұғады. Мысалдың көбін жақыннан іздейді. Бірақ бұл бала да сырын, ойын ешкімге ашпайды.

Старшын дейтін әкім бар,
Пайдасын көрер жақындар.
Қалың елі тек жемі,
Боранды күн тиіскен
Аш қасқырдай тақымдар...

Бұл – “старшын Майбасар” деп ойлайды Абай.

...Жарлы, зарлы демейді,
Кеңінен ашып көмейді.
Түгіменен түйесін
Жұтам десе, қай сорлы
Қалтқы болып бөгейді?

Соны көріп ақынның
Аса түсіп ағы да,
Ажымы да көбейді, —

деп “аһ ұрғандай” боп кеткенде, Абай Барластың қайғысын да танығандай болады.

“Ел ұйтқысы шайқалды” дейді. Бұрын Абайдың естімеген зар-шері сияқты.

Беті-түсі айқын болмаса да, әр заманда, әр жерде күңіреніп, қайғы шеруін тартып жатқан кәрі әжесі сияқты, көп жасаған, көп қайғыны көрген, үлкен бір шері бар. “Ол кім?..” дәлін, барын Абай біле алмайды. Бірақ сол саналы қайғының әжесі мен анасы бар болса да, дәл өзінің әкесі Құнанбайдың, аға сұлтанның жоқ екенін аңғарды. Оның аузынан мұрат-мақсатын таратып айтқанын сезді, естімеді — естісем деп ынтыққан жоқ.

Осы жолы Абай әрі өзі ысылып, әрі шешесі арқылы салмақ салып, Барлас пен Байкөкшені дәл бір айдай жібермеді. Бұл уақыттарда жас бала Барлас, Байкөкшемен біржолата дос, жақын боп алды. Бергін келе түнде ол Барластың қойнына кіріп те жатады. Күндіз барынша күтеді. Мұның ұғымтал зеректігіне қатты ырза боп, шын сүйсінген Барлас бір оңашада, жай ғана тақлақтап:

Шырағым, ержетерсің,
Ержетсең, сірә, не етерсің,
Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасаң шыңға жетерсің, —

деп кеп, Абайға домбыраны ұсынды.

— Міне, балам, осы менің батам болсын. Тіпті, шынымен мейірім түсіп айтқызып отыр, — деді. Абай ыңғайсызданып қысылды да, үндемеді. Бұл “Барластар ертең жүреді” деген түнде, ас алдында болған сөз еді.

Ертеңінде ақындар аттарын ерттеп, жүрерге тақағанда, Абай шешесін тысқа шығарып алып:

— Апа, екеуіне де жақсы қып тұрып сый беріп аттандыршы! — деді. Ұлжан үндеген жоқ.

Қонақтар қымыз ішіп болып, енді қоштасарға келгенде Ұлжан Барласқа қарап бір сөз айтатындай пішін білдірді. Қонақтар іркіліп қалған еді.

— Мынау балам оқудан қайтқалы сүле науқас боп, арыла алмай қойып еді. Сендер келгелі жақсы сөздеріңмен ем әкелгендей болдыңдар. Қадамы құтты қонақ болдыңдар! — деді.

Абай, шынында да, дәл осы кезде өзін-өзі бар сырқаттан құлантаза боп арылғандай, нық бір қайрат жиып алғандай сезді. Шешесі үндемесе де, ашып айтпаса да, “білгіш, танығыш, сыншы” сияқты көрінді. Ол бөгелсе де, сөзін бітірген жоқ-ты.

— ...Тағы да келе жүріңдер. Анау кәрі әжесі мен бізді де көп сейілттіңдер. Жолдарың болсын! Келген сапарларыңа тыста бір азырақ ырым байлаттым. Ала кетіңдер... Риза, қош боп аттаныңдар! — деді.

Абай тысқа шығып, Барластарды аттандырып жатып, енді көрді. Осы үйдің екі жылқышысы Беркімбай мен Жарқын Барласқа арнап бір семіз көк атты, Байкөкшеге арнап бір торы құнанды нөкталап ұстап тұр екен.

Екі ақын екеуін жетекке алып, тағы да “қош, қош” айтып, жүріп кетті.

Абай шешесіне дән ырза боп қуанып кеп, бұрынғы бір кішкентай күніндегі еркелігіне басты. Ұлжанның мол денесін қапсыра құшақтап, қатты қысып, бетінен, мұрнынан, көзінен қайта-қайта сүйді.

ҚАТ-ҚАБАТТА

1

Биыл Құнанбайдың өз ауылдары да, жақын ағайындары да күземді елден ерекше ерте алды. Және бұрын күзеуден бір қар жаудырмай көшпеуші еді. Қазірде қарашаның ортасына жетер-жетпесте қыстауға қарай тартты.

Маңындағы Жігітек, Көтібақ, Толай, Торғай сияқты сыбайлас отырған аталас елдерге көші-қон туралы жөн-жосығын айтпады.

Сүйіндік осыған қайран боп, Бөжейдікіне түстене келіп отырып:

— Туысканыңның бұл сырын ұқтың ба? Бұл не ғып биыл дедектеп кетті, ә? — деп еді.

Үйде Бөжей мен Сүйіндіктен басқа Түсіп бар. Кесек мұрынды, шоқша сақал, зор дауысты Түсіп Жігітектің Бөжейден соңғы басты адамының бірі болатын. Ол:

— Бүйтпеуші еді. Бұл не ғып жүр? Әлде күзеуінің оты тозды ма екен? — дегенде, Бөжей бұған барлай қарады да, мырс етті.

— Е, тәйір, күзектің шөбі бітуші ме еді? Тұнып тұр, — деп Сүйіндік “Бөжейде бір сыр бар-ау” деп соған бұрылды да: — Бәсе, тіпті, мал тойыны да төтенше. Құлқын сәриден қыстауға барып, қыстыгүні несін жейді? Мұның күземді ерте алғаны да осы көші-қон есебі болды! — деп дағдарып қап, Бөжейге қарап: — Әлде сен білдің бе? Айтсаңшы, — деп еді.

— Ақылдаспаса да соның көмген көмбесін сен табасың. Күпті қылмай, мүлдем, айтсаңшы!

— Құнанбай көктемде ерте көшсе, Уақтың жерін шаба торитын. Жайлауға ерте көшсе, Керейдің қонысын көздейтін. Бірақ қысқа қарсы оның аты жетпес алыс жоқ. Әлде Тінейдің сары құсындай өзіне түсіп жүрмесе?— деп, Бөжей бір қауіптің шетін шығарды да, тоқтап қалды. Сүйіндік Бөжей сөзінен тіксініп қап еді. Бірақ ешбір жердің қисыны жоқ.

– Жаным-ау, айрандай аптап, күбідей күптеп болды ғой. Жуантаяқты қуды. Әнеттен алатынын алды. Көкшені де сырып салды. Енді кім қалды! Күзектегі Тақыртұмадан сонау жайлаудағы Байқошқарға шейін отыз көш жерде ылғи соның көктеуі, күздеуі, қыстауы мен жайлауы! Қоныс-қонысының арасында, тіпті, түйенің қолтығы терлеп көшетін жырағы жоқ қой! – деді.

Бірғызбаймен салысса, Жігітекте де қоныс аз, өріс тар. Ел ортасының өзге сөзі бір төбе болғанда, Түсіп үшін осы жай өзі бір төбе болатын. Сүйіндік айтқан Құнанбайдың қоныстарын есіне алды.

– Тіпті, қозы көш жер сайын бір қоныс қой! – деді. Сүйіндік бұл жөнде Жігітекпен, әсіресе, мұндас.

– Және қоныс болғанда қандай! Тұнып тұрған көк бастау, торғындай тұма, қасқа бұлақ, көк иірім көл.

– Жайлауға барса ғой, өзге бір ру ел бір бұлаққа үйіліп отырса, мұның әр аулы ұзын аққан әлденеше өзеннен үлеседі.

– Осының бәрін аз жылдың ішінде басып отыр. Енді тағы қай сыбаға!

– Бәсе, қай сыбаға десеңші?!

Бөжей мына екеуін құр тыңдаумен отыр еді. Енді ыза болғандай бұрыла берді де:

– Е, е, сыбаға үлестіруші сен екеуің болсаң, айтарсың? – деп қолын сілікті. Бұл сөзді тыңдағысы келмеді.

– Айта берсең, арман көп. Осы сары аурудан не тапты? – деп, біраз қабағын шытып, Түсіпке түйіліп отырып: – Дәрменсізде арман көп. Бірақ арман азық боп па еді? Айла таппас болғанда, айттың не, айтпадың не! – деді.

Түсіп енді түйсініп отыр. “Арман” дегені Бөжейдің өз ішін жеп болған. Ши бойында осы Түсіп пен Бөжейдің атақты атасы Кеңгірбайдың бейіті бар. Соның тұсындағы мол қорық – Жидебай, Барақ болатын. Құнанбай қыстау етем деп соны да алды... Бөжей сонда қатты қорланған. Өлісіп те көрмек боп еді. Бірақ Құнанбай дәл осы Түсіпті шақырып ап, ебін тапты. Түсіп Бөжейге кеп басу айтып, қолын бөгеп қалды. Бөжейдің Құнанбайға қарсы жалғыз ашық серпіні сол еді. Соңғы жылдарда іште жүрген наразылығының көп себебі сол болатын. Со да өндімеді. Кейін Түсіпке талай рет зығыры қайнап, шынды айтысқанда:

– Құнанбаймен сөз біткен. Істен басқа айла жоқ. Ер болсаң, іске шыда! Ол болмаса, дағдыңа бас, ұсына бер! – дей беретін.

Мұны Сүйіндікке де сездіретін. Және Жігітек ішіндегі бір таянышы Байдалыға да айта жүруші еді. Әрқайсысына осындай оңашада көзбе-көзде ғана сездіретін.

2

Күздеуден жеті көшіп отырып Қызылшоқы, Қыдырға, Көлқайнараға жеткен Құнанбай ауылдары енді осы аралардағы қыстау-қыстауына тармақ болатын. Бірақ кеше таңертең Құнанбай бұйрық етіп:

“Хабар алмай көшпесін, тарамасын!” депті. Өзі қасына Майбасарды ертіп Шыңғысқа кетіпті. Жер алыс болмаса да, Құнанбай күнұзын ат үстінде жүріп, кешке ғана қайтты.

Келіп түскені үлкен бәйбішесі Күнкенің аулы еді. Мұнда бүгін сыбаға әкелген әйел қонақтар көп екен. Ішінде Құнанбайдың тоқал шешелері Таңшолпан бар. Ақбердінің шешесі бар. Және кәрі жеңгесі Бопай да келіпті. Күнгеке бірі келін, бірі абысын есепті Бірсайдың шешесі, Жұманның шешесі, Жортардың шешесі сияқтылар да бар екен.

Өзге жұрттан бөлініп көшкен бұл бір топ ауылдар – шетінен Бірғызбай руы. Ұзын саны жиырма шақты ауыл. Көпшілігі Бірғызбайдың тоқалдары мен Өскенбайдың тоқалдарынан тараған туысқандар болатын.

Осы абысын, жеңге, келін атаулының бір машығы – жылына екі мезгіл Құнанбай үйлеріне сыбаға әкелуші еді. Бір сыбаға көктемде. Қыстай қыдырып араласа алмай жүрсе, жазғытұры ең алғаш сыбайлас қонғанда Зере отырған үлкен үйден бастап, осы Күнкенің үйіне де бір-бір келеді. Қыстан сақтап шыққан сүрлерін әкеледі. Екінші рет қазіргідей қыстау-қыстауға айырыла көшерде әкелетін.

Құнанбай кеп түскенше жапырлап сөйлеп, күлісіп, әзілде-сіп жатқан әйелдер Құнанбайға Майбасар кеп есік ашқанда жым-жырт бола қалды. Еркектер төрге кеп отырған соң, тек Таңшолпан ғана:

– Мына шешелерің, жеңгелерің сыбаға әкеп, енді тарағалы отыр, қарағым. Кәрі әжеңнің орны бір басқа. Оныкі өз бетімен барып жатыр! – деп, Зерені де есіне алды. Барлық

үлкен-кіші Зерені “кәрі әжең” дегендіктен Таңшолпан да соңғы жылдар өз күндесін осылайша атайтын боп еді.

Құнанбай үндеген жоқ. Таңшолпан өр шешенің бірі еді. Келіншек кезінде жылқыға жау тигенде жайдақ атқа мініп, қолына найза ала шапқан ерлігін жұрттың бәрі білетін. Өзінде үйелмен-сүйелмен төрт ұл бар. Ондай көп ұлы бар тоқал өзінен-өзі өр боп кететін әдеті. Таңшолпан Құнанбайдың үнсіз отырғанын жақтырмай, бір ырғалып қойды да:

– Сыбағаны Қүнгеке әкеп отырғанымыз жоқ. Балам да болсаң бас болдың – саған әкелгізіп отырмын. Ертең қыстау-қыстауға кетеміз де, қыс бойы інге кіргендей жатып қаламыз. Қатынның күні со да. Жыл айналғанша амандық тілеуім, балама берген батам. Содан басқа бізде не болушы еді! – деді.

Құнанбай шешесіне қарап, үндемей бас изеді. Тағы біраз тұрып:

– Айырыла көшем деймісің? Ал, тегі, айырыла көшпесек, қайтесің? Тағы бір сыбаға жеп жүрмелік! – деп күліп қойды.

Құнанбай күлгенге үй ішіндегі қонақ әйелдердің бәрі күлді. Ұзын бойлы, қара сұр, ашаң жүзді Қүнке ерінің жылы шырайын пайдаланып:

– Мен бүгін теңдерді шешкізіп, ертең үйлерді тіккізбек едім. Осы тағы бір көші-қон бар ма? Мынау елді де, өзімізді де екіұдай еттіңіздер ғой! – деп Майбасарға қарады.

– Екі сыбаға жейді екесің, “екіұдай” деген сол бола ма екен! – деп, Майбасар қайнысы күліп қойды. Жөн айтпады.

– Теңді шештірме, үйге де әбігер болма! Ертең тағы көшесің! – деді Құнанбай.

– Е, қарағым, ол қай көш? – деп Таңшолпан танданып, үңіле қарап еді.

– Бәрің де бірге көшесің. Ертең ерте Шыңғысқа көшеміз. Қоныс қарап келдік. Ауылдарыңа соны айта барыңдар! Буынып-түйіне беріңдер, – деді.

Айтқандай, ертеңіне Қүнкенің үйі алдымен түндігін сыпырды. Ырғызбайдың жиырма аулы тағы да дүрк көшті. Беттегені – Шыңғыстың жуан ортасы.

Көштер үздік-создық болмай, топтанып иіріліп алып, қалың нөпір боп қозғалды. Әншейінде көш деген қаз, тырнадай тізбек-тізбек болушы еді. Қазірде, алғаш жөнелгенде, мынау ел тобына лашын түйілген шүрегей үйректей ұйлығып,

қарбаласып, ұйқы-тұйқы боп кетті. Құнанбай таң атар-атпастан асығыс бұйрық беріп:

– Малтықпай тез көшсін! Шұбалмасын! Қатар қозғалсын! Қауырт жөнелсін! – деп, қысқа-қысқа әмірді ауыл басы сайын кісі шаптырып айтқызып жатқан. Дағдыдан тыс көштің дағдыдан тыс көрінісі де осыдан еді.

Қызылшоқыдан Шыңғысқа қарай тартатын көш соқпақтың сол жағында, жағада бір жалғыз төбе бар еді. Құнанбай өз қасына Майбасар, Қамысбайды ертіп және өзінің Күнкеден туған баласы Құдайбердіні алып осы төбенің басына барлық көштен, барлық аттылардан бұрын кеп шықты. Астында шұбалаң құйрық торы аты бар. Дом боп жарап алған есік пен төрдей ұзын торы ат көлденең тұр. Қос құлағын қамыстай шаншылтып, арттағы нөпірге “бассандаршы!” дегендей қарайды. Құнанбай да көш-көштің алдынан кес-кестеп, бірдеме айтатындай боп тұр.

Әлі күн шыққан жоқ, елең-алаң еді. Жиырма ауыл жүктерін артып жатқанда жым-жырт, үнсіз қимылдаса, енді түйелерін тұрғызып, жөнеліп бергенде жамыраған қозыдай неше алуан үнге басты. Біресе жүк батқан түйе бақырады. Енесінен адасқан бота боздайды. Әр ауылдың өш иттері бір-біріне арсылдасады. Айқай салып шапқылаған аттылар, жүкші жігіттер көрінеді. Бала жылайды, шешелер ұрысады. Қиқулап айқай салып, мал қайырған малшылар, жас-кәрілер үндері әлсін-әлі келеді.

Көштер қауырт қозғалған уақытта Құнанбай Қамысбай мен Құдайбердіге:

– Бар, екеуің тез барып осы барлық көштердің басты-басты кісілерін – үлкендерін, осында жиып келіндер! – деді.

Құдайберді мен Қамысбай бұл бұйрықты ести сала тебіне жөнелісті. Ұзын бойлы, қыпша бел жас жігіт Құдайберді мен кең жауырын Қамысбай ойға түсе бере, көштің алдын көлденеңдеп, жарысып барады. Екеуі лезде барып, көш-көштің алдындағы еркектер тобына бір сәт бөгелді де, әрі қарай жосыта берді. Бұлар араласқан топтан бір-екі кісі дереу сытылып шығып, жалғыз төбеге қарай желе текіректтейді. Құнанбайдың күтіп тұрғанын көріп, өбектеп қамшыланып, асыға жүріседі.

Құдайберді арғы шеткі көшке жеткенше, Құнанбай қасына жиырма-отыз аттылар жиылып қалды. Қоңыр күздің бүгінгі

күні желсіз, тынық. Аспан да ашық. Соңғы аттылар Құнанбай қасына жеткенде, балқыған темірдей боп ұшқын атып жарқыраған үлкен күн алыстағы Арқат тауының иректелген жотасына міне бастады.

Көштің алдына көлденең түсіп, қатпар-қатпар болып Шыңғыс жатыр. Ұзаққа, ұшан-теңізге созылып жатқан қалың таудың биік жоталарын күн сәулесі бір сәтте алтынға малғандай қып рең берді. Таулар түндіктерін жаңа сыпырды. Аспанда қараторғайлар самғап шырылдайды. Көш жолынан қашып ұшқан болу керек, қаулап кетті. Көш үстіндегі аспанды мың бұралған үнмен кернеді.

Биікте, көз ұшында, шалқар көш боп қиқулап, “қош, қош” айтқандай боп қалықтап бір топ тырна кетті.

Құдайберді мен Қамысбай астарындағы екі бозды танаура-тып терлетіп, ең соңғы үш үлкен кісіні ертіп келгенде, жалғыз төбеде, Құнанбай қасында, елу шамалы аттылар бар еді. Соңғы келген үшеудің ортадағысы — Құнанбайдың тағы бір тоқал шешесінен туған Жақып. Құнанбай мұның сәлемін алды да, тебініп қап, “жүр!” деді.

Барлық жиын жалғыз төбені дүрс-дүрс басып Шыңғысқа қарай тартты. Көштер қиыс өтіп кетіп еді. Бірақ бұл топ әлі асыққан жоқ. Аттылардың қалың ортасын ала Құнанбай келеді.

Екі жағында он шамалы үлкен туысқандар. Әкесімен туысқан Үркер, Мырзатай, Жортар сияқты ағалары. Тоқал шешелерінен туған Жақып, Майбасар сияқты тұрғылыстары және өлденеше інілер, немерелес туысқандар бар.

Құнанбай — өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы. Қара шаңырақ иесі. Қалың дәулет пен әмір, билік иесі. Жасқа да көп туысынан өзі үлкен. Сол себепті, үлкен әкесі Ырғызбайдан тараған осы мына жиырма ауылдың мынандай топтарының ішінен бірде-бір жан әлі күнге Құнанбайдың алдынан көлденең шығып көрген емес. Тіпті, өкпеназы болса да, ашып-жарып айта алмайтын. Ал бірақ Құнанбай сойыл соғарды, қол қимылды, тізе мен ызғарды керек қылған жер болса, бұл қауымның іркілетін бірі жоқ. Шоқтай жиын — мықты топ. Жер алуда, ел алуда, оңайдан мал табуда бұлар Құнанбайдың қабағын қалт еткізбей түсінеді. Неше қабат бәйбіше-тоқал боп жатқанмен, Құнанбай бұлардың араларындағы араздық болса, лезде жойып отырады. Араздық

ұстағанын әлденеше рет пайдадан, олжадан қалдырып, жазалап отырып, өз ырқына көндіреді.

Өзара бірлігі – табыс екенін жете танытқан. Соны ұққалы осы Ырғызбай шетінен бай боп алды.

Соңғы уақытта, тіпті, ішінен атысып жүретін күндес қатындар да араздығын сыртқа шығара алмайтын боп алған. Олардың көрісін де, жасын да қайнысы не байы, не баласы от басынан әрі шығармай тұншықтырып, басып отырады. Болмағанын не байына, не бір тентек қайнысына сабатып алып, өзгелері “шоқ-шоқ” деп те тұрысады.

Осымен бар ынтымағын Құнанбайға бағындырған жиырма ауыл дәл бір ұялас бөрідей еді. Қалың Тобықты ішінде ең қолшыл, ең мықты болатын себептері де осы. Кішкене шеңбері берік болған соң, содан арғы маңайдағы аталастан – Топай, Торғай, Көтібақты да бұлар өз ынтымағымен тартып, басып алып жүреді. Әнет, Жуантаяқ, Сақ-Тоғалақ, Көкше сияқты саны көп, сыбағасы жоқ руларды да өздерінің айналасына қоршау қып, шырғалап, шырмап ұстайды. Ондайлармен Ырғызбай іші бірен-сарандап құда, жекжат боп алып та, “ұзын арқау, кең тұсау” жасайды. Кейде әдейі өздері түртіп, бір бөлеге ұрындырып, одан тағы өздері құтқарып алған боп та бауырына тартады.

Аз ауыл Ырғызбайдың, кем қойса, басқа жиырма атаның ішінде айқыш-ұйқыш, ілік-шатыс, қарға тамырлы тұзақ шырмауығы жатады. Осындай шытырманның ішінен жапа-жалғыз Құнанбайды Құнанбай ететін күй туған. Ырғызбайдың мына тобы Құнанбайды қоршап келе жатқанымен: “Қайда көшіп барамыз? Неге көштік?” деген сөзді сұраған емес-ті. Дағды бойынша, “жаманға, залалға бастап бара жатқан жоқ! Күн ілгері көреміз” дескен.

Алды аяңдап, арты желіп отыратын ұзын торы ат өзге жиынның барлығын еріксіз бүлкектетіп, желдіріп келеді. Сонда да тап ортадағы торы аттың бас мойны өзге қатардан үздік шығып отырады. Жүріп келе жатқан топ намаздағы имамдай қып, аяңшыл торыны, зор денелі Құнанбайды алға салып келеді. Бірен-саран жастардың аттарының басы оқыс ілгерілеп кетсе, қасындағы үлкендері зекіп, күбір етіп: “Тарт! Шегін!” деп тойтарып тастайды. Құнанбай жалғыз көзімен оңды-солын шолып алған. Жиында Ырғызбайдан өзге жан жоқ екен. Әрқайсысының аулында көрші-қолаң, жалшы-жақыбай, “бү-

ратана – кірме” деген көп болса да, бұл араға келтірмепті. Олар – сойыл соғар. Бірақ келеге өсте кірген емес. Құнанбай жіті жүріп отырып, тобын бастап, көштің алдына түсті.

Содан жиырма ауылдың жиырма басты адамына қазір Шыңғыс ішіндегі қай сай, қай қыстауға барып жетіп, шаңырақ көтеретінін айтып келе жатты. Сөзі ақылдасу емес – байлау. Атағаны – кесіп-пішіп қойған әмір менен бұйрық.

Алты күннен соң, осы Құнанбай ауылдары көшкен жолмен тағы бір мол көштер келе жатты. Бұл – Бөкенші мен Борсақтың көші. Бұлар да Қызылшоқыдан өтіп, Шыңғысқа кіргелі келеді. Малды көштер емес. Бірақ көшкен елінің саны көп. Жинақы боп, топталып көшпей, бытырап, ен жайылып, бет-бетімен келеді. Көш бойында ат мінген кісі аз. Әр көште бірен-саран еркектер мен көш бастаған қартаң әйелдер ғана ат үстінде. Олардан басқа бала-шаға, кемпір-шал және жас қатынның көбі жүк артқан түйелерге мініпті. Жылқысын отарға жіберіп, қысқа арналған мінгішті шақтап алған елдерге ұқсайды.

Бірен-саран тайлаққа мінген, өгіз мінген еркектер де бар. Барлық қалың елдің ішінде екі-үш ауылдың көші ала бөтендеу. Ол – Бөкенші руынан Сүйіндік, Сүгірдің көштері. Борсақ руынан Жексен көші.

Осы көштердің алдында Сүйіндік, Сүгір, Жексен және басқа да кәрі-жастан жиырма шақты кісі оқшауырақ келеді. Бұл жиында әзіл-күлкі де, әңгіме де жоқ. Өңшең тон, шекпен киген сұрғылт топтың пішіні де, қазіргі күздің сұрғылт, жабырқау аспаны сияқты, күңгірт, салбыраңқы. Әсіресе, Сүйіндік пен Сүгір, Жексен күпті сияқты. Көп жұрт соның аузына қарағанмен, Сүйіндік ақырын ғана:

– Бара көрейік. Жүзбе-жүз көрісейік. Жауабын өз аузынан естиік! – деді.

– Не де болса, бара көрейік те!

– Не жөн, не жолға сыйғызады екен?.. Өзінен естиік! – деп Сүгір мен Жексен де соны құптады. Бұл жиындағы жастар мен қартаң шаруалар түйіліп алған, қатты ашулы еді.

Құнанбай күздеуден ерте қайтып кеткен соң, өзге елдің бәрі де дағдыдан тыс, күземді ерте алып көшіп еді. Жаз бойы Бөкенші мен Борсаққа Құнанбайдың қабағы келіспеген. Қырына ала берген болатын.

Сүйіндік осыдан секем алып, әнеутүні Бөжеймен ақылдаса барса да, жауапқа жари алмай қайтты.

Содан күздеуде кейіндеп қалса да, ерте кеткен Ырғызбай ауылдары қайда түнеп, қайда қонып бара жатқанын сұрастырып отырып еді.

Қазірде Ырғызбайдың аталастары Топай, Торғай, Көтібақ та осы Бөкеншінің артынан ілесе көшіп келеді.

Көштер Шыңғысқа кіре бере, сайды өрлеп, өзді-өзінің жылдағы қыстау-қыстауына қарай тартты. Бөкенші, Борсақтың Шыңғыс ішінде қыстау еткен жерлерінің ені оншалық мол болмайтын. Сол жердің орта тұсы Жексен қыстауы – Қарашоқы. Көктемде Қодарды асып өлтірген жер осы.

Бірнеше көштерді сай-саймен өз жолдарымен жіберсе де, Сүйіндік, Жексендер бастаған еркектер тобы жұбын жазған жоқ. Бірталай қалың көштерді арттарына салып ап, тура Қарашоқының тоғайлы өзеніне кіріп, соны өрлеп келеді. Аздан соң бөктер тауды аралап өтіп, Қарашоқының бауырындағы көк алаңға шықты. Қодар құлаған құз жартас та көрінді. Соның етегіндегі кең шалғын тегіс орылып, мая-мая боп үйіліп қапты. Жексен қорасының үстіне қаптаған сиыр, түйе, жартастан жоғарылай қонған көп үйлі ақ ауыл. Түтіні будақтап, қой-қозысы шұбартып, бықып жатыр. Бұл ара Жексен қыстауы емес. Осы мына отырған ауылдың мекені болғанға ұқсайды.

Жартастан бері Сүйіндіктердің қарсы алдында қалың жылқы ендеп, жайылып келеді. Екі шеті сайдың екі жақ иығындағы сар тұмсықтарға шашырай шығыпты. Ішінде жирені мен құласы көп, Құнанбай жылқысы.

– Құдай ұрды десеңші! Қарағым, Сүйіндік-ай, енді қайттім? – деп, Жексен көзіне жас алды.

– “Жайлауынды жау алды, қыстауынды өрт алды” деген сұмдық осы да! – деп, құр күрсінгеннен басқа Сүйіндік түк айта алмады. Жат сыбысты естігенмен, дәл мұндай болар деген ой бұл топтағы кәрі-жастың ешқайсысында да жоқ еді. Бұлардың ішінде, әсіресе, күйгені Жетпіс болатын.

– Бір Жексен емес, бар Бөкенші, бар Борсақтың жерін бір-ақ басып алғаны ғой. Бұл қорлыққа шыдағанша, өлген артық! – дегенде, Бөкенші, Борсақтың тағы бірнеше жас жігіттері аттарын тебініп, ілгері шыға берісті.

– Жер ашуы – жан ашуы!..

– Бұдан арғы амандық садағам!..
– Бөкенші, Борсақ құмадан туып па?!
– Қашанғы шыдаймыз?
– Қорқа-қорқа тапқаның осы ғой!
– Бұға-бұға болдыңдар ғой осы!..
– Етекбасты қып өлтірдіңдер ғой осы, сендер-ақ!.. – деп бәрі де Сүйіндік, Сүгірге қадалды.

Сүйіндік бұл сөздерді өз басына тиген қамшыдай сезіп, қатты шириқты. Ерік берсе, осы топ мына бейбіт жылқыға тиіп кетуден те тайынатын емес. Бірақ жаңағы сөйлегеннің бәрін байқап қараса, шетінен аталы ауылдың адамдары емес. Ылғи жоқ-жітік шаруа көрінеді. Атақсыз көпшілік. Бұлар бір қимылды істеуін істеп тастайды. Бірақ салмағы кімге түспек?

Бәрін бастап кеп, жылқыға тиген, ауылға шапқан Сүйіндік болады ертең... Осыны ойлағанда Сүйіндік сескеніп, шошып кетті. Малмен де, баспен де жауап беретін осы Сүгір, Жексен үшеуі болмақ. Ол атының басын іркіп тұра қап, қатты зіл тастап:

– Әй, жігіттер, тоқта былай! – деді. Жұрттың бәрі іркіліп, соның аузына қарады.

– Сөздеріңнің түрі мынау болса, бөленді аулақ тарт! Мен бұл тобыңда жоқпын! Бар, әне, бара бер! Құнанбай сенің шошайған жиырма сойылыңнан қорқар деп пе ең? Қорықса бүйтер ме еді. Сен жиырма болсаң, ол жүз, сен жүз болсаң, ол мың болады, әне! – деп ауылға қарай иек қақты. Жұрт жаңа байқады. Ауыл мен жартас жақтан және екі жағадағы жота-жотадан мына қалың жылқыға қарай жай бастырып келе жатқан көп аттылар бар екен. Бәрінің де сойылы бар. Біреулері көлденең ұстап, кейбіреулері тақымына қыстырып немесе білектеріне іліп, сүйретіп алыпты. Кем қойса, жүз қаралы сойыл соғар. Бәрі де аз уақытта жылқының ішіне кеп кіріп, енді бастары қосылып, Сүйіндіктерге таман жылжып келеді.

Сүйіндік сөзінен соң ұйлығып қалған Бөкенші, Борсақтар үндемеді. Бәрі де аттарын баяу бастырып, ана жиынға қарсы жүрді.

Ендігі басу айтқан Сүгір еді. Бөкенші ішінде көп көк ала жылқысы бар, ең үлкен бай осы болатын. Сөзін ақырын бастап:

– Ағайын бар, ел бар. Бізге де есе тиер! Айтармыз, жұрт келесіне салармыз. Тек қызу үстінде бәле бастай көрмеңдер! – деп жалына сөйледі.

– Осыдан бәле басы болғаның сол бәленің тауқыметін тура өз мойныңмен көтересің! Қашан айтып ең деме! – деп, Сүйіндік бар сөзді бір-ақ тұжырды.

Жылқы ішінен бұларға қарсы қозғалған қалың топтың тап ортасында Құнанбай бар екен. Ұзын торы ат басын шұлғи тастап, кекілін желпіп сермеп, жай басып келеді. Сүйіндіктерге қарсы Құнанбай бар тобымен келген жоқ. Жылқыдан бері қарай біраз шыққан соң, өз қасындағы көп аттыны кейін қайтарып жіберді.

Қасында он шақты ғана үлкен кісілер қалған еді. Сүйіндіктерге осы тобымен кеп кездесті. Пішіні суық, ызғарлы екен. Жуандық ызғары “қайте қоясыңның” ажары. Жота жүнін үрпитіп, үдірейтіп тұр. Ірге бермек емес. Атқамінер атаулының, әсіресе, Құнанбайдың сырт айдыны осылай келетін. Соның домбытпа екенін білсе де, Сүйіндіктер әрқашан мұндай түстен ығыса жүретін. Бөкенші тобы бұрын сәлем берді. Құнанбай ернін қыбыр еткізіп қана, үнсіз сәлем алды. Біраз үндеспей тұрып барып, Сүйіндік:

– Мырза, мына аттылар не? – деді. Құнанбайды бар Тобықтының атқамінері “мырза” деп атайды.

– Жай, мына жылқыға отарға шығар алдында таңба бастырайын деп ем. Соған жиылған ел, – деді Құнанбай.

Бұл сөз одан әрі өрбіген жоқ. Жексен бұрылып артына қарап еді, көштің алды бөктер адырдан бері шығып қалған екен.

– Жә, мырза, мынау келе жатқан біздің көшіміз еді. Қыстауымызға келе жатыр ек. Мұнда болса, бүйтіп қапты. Бұл қалай болды? – деді.

– Е, саған көшіп кел деген кім бар? Омыраулап, баса-көктеп көшпей-ақ, хабарласып, тілдесіп алсаң нетуші еді? Көшің кейін қайтады!

– Әкім елге ие, ел жерге ие емес пе еді?

– Әкім аспанда тұрмақ па екен? Исі Шыңғыстан Ырғызбайға қыстау тимесін деген кімнің бұйрығы?!

– Бір Шыңғыс демесең, осы өңірде қыстаулық жерің аз да емес, олқы да емес еді ғой, мырза! – деп Сүйіндік енді араласып еді. Құнанбай іле сөйледі.

– Ей, Кішекең, Бөбең, – деп бастады. Жігітек пен Бөкеншіні сыпайы айтқанда осылайша: “Кішекең, Бөбең” десетін. Құнанбай қазір солардың бар руын бір араға жиып ап, соның бар қауымымен бетпе-бет кінәласып, жүгінісіп тұрған кісі тәрізді. – Аға болдың, бұрын жеттің. Көлденең созылған Шыңғысқа көлбей орнадың. Ырғызбай аз еді. Сенен кіші еді. Ен Шыңғыстан бірде-бір құйкалы қыстау бермепсің. “Өзге қыстау” дейсің... Шыңғыс тұрғанда өзге жер қыстау ма? Мен болсам, енді қашанғы көне берейін. Қашанғы құр қалайын. Ырғызбайға да Шыңғыстай арқа тірек пана керек... Ырғызбай да етек алған ел болды. Жатың емес, туысқаның. Есе бермей, құмадан туып па? – деді. Дауын да, байлауын да өзі айтты.

– Сонда Бөкеншіден қанша қыстау алмаққа ұйғардың, мырза? – деп, Сүйіндік енді бұл салықтың көлемін байқайын деді.

– Бөкенші Шыңғыстың бұл тұсындағы бар қыстауды береді.

– Е, біз қайда кетеміз? – деп Жетпіс күйіп кетті.

– Шығара қуылған Бөкенші болғаны ма?

– Ауып кетсін деген сөз ғой бұл?!

– Жанашырдың жоқ болғаны ғой! – деп, бағанағы көпшілік тағы қозданайын деп еді, Құнанбай Сүйіндікке қадалып тұрып, қамшысын жаңағы сөйлегендер жаққа нұсқап:

– Тоқтат аналарыңды! – деп ақырып қалды. Сүйіндік өз басын аршып, Құнанбай жағына тайсалақтап, жігіттеріне:

– Әй, өректіме демеп пе ем, көп шуылдақ! Қысқарт енді! – деді.

Жұрт еріксіз басылып қалды.

– Бөкенші, Борсақ! Қыстауыңды алғанмен далаға қаңғытады деп пе ең? Алсам, текке алмаймын, беріп алам. Осы Шыңғыстың өз бойынан қыстау беріп алам. Ана Жігітек пен Көкшенің арасына барып орнайсың. Төрі – Талшоқы, ылдиды – Қарауыл, Балпаң. Бар да, сонда орнай бер. Мына көштеріңді қайырып, солай беттендер, байлауым сол! – деді.

Осы кезде құнбатыс жақтан және құншығыс жақтан да бірнеше аттылар кеп, Сүйіндік тобына қосылып еді. Батыс жақтан келген екі аттының біреуі Сүйіндіктің үлкен баласы Асылбек болатын.

– Біздің қыстауға Жақып, Жортар қоныпты... Енді қайттік?! – деді.

Шығыс жақтан келген Сүгірдің көршісі Қабас еді.

– Біздің қыстауларға Ырсай, Мырзатай, Үркер орнапты... Көшті қайттік? Жүк түсіре алмай дағдарып тұрмыз, – деді. Осындай қыстаудан, ата қоныстан айрылған ауылдардың жас, кәрі азаматы енді жан-жақтан, төрттен-бестен келіп жатыр. Бөрінің түстері сұрланған. Түтігіп, ыза кернеп, булығып келген кісілер.

Артағы, көштегі еркек-әйелдердің – бөрінің де наразылығын, қарғысын, ашу-намысын ала келген сияқты.

Бөкенші, Борсақ тобы көбейе берді. Бірақ Құнанбай қайысар емес. Сүйіндік өз елінің күйзелгенін танып тұр. Өзінің де қор болып, аяқасты болғанын әбден түсінді.

– Қайтейін, мен қайтейін?.. Жатқан көрсек бір сәрі еді, – дегенде, Жетпіс:

– Әділет деген құрығаны ғой! – деп қалды.

– Жанашырдың біткені ғой!..

– Бүйткенше, қаңғытып қусашы, бұл қор болған Бөкенші, Борсақты! – деп, көпшілік тағы ашу жия бастап еді. Дәл осы уақытта Құнанбай қасына екі топ аттылар келді. Алдыңғы тобы – он шақты кісі. Мұны бастаған Байсал екен. Қасында Көтібақ ішіндегі ең ірікті атқамінерлер. Бұлар бастығы Байсал боп кеп Құнанбаймен ашық-жарқын сәлемдесіп:

– Қоныс қайырлы болсын, мырза!

– Қайыры ұзақ болсын!..

– Мекенің қайырлы болсын!.. – десіп, жабырлап құтықтап жатыр. Осы топтың артынан іле тағы бір топ келді. Бес-алты кісі еді. Мұны бастаған шал – Құлыншақ. Торғай руының ең жуаны. Құлыншақтың қасында бес азамат баласы бар екен. Белгілі “бесқасқа” деп атанған өңшең жауынгер, найзагер, батыр ұлдары.

Құлыншақ та Құнанбайға тақап кеп:

– Қарағым, Құнанжан, амансың ба? Қонысың қайырлы болсын!.. – деді.

Бөкенші, Борсақ енді таныды. Ырғызбай жалғыз Ырғызбай боп мына зорлықты істеп отырған жоқ. Көтібақ, Торғай, Топай руларының да бар жуан, содырлары Құнанбай ісін құптаған тәрізді.

Сүйіндіктің дәме қылары Көтібақ еді. Тым құрмаса, “біртоға, берік Байсал Құнанбай ісінен сыртқары болар” деп ойлаушы еді.

Астыртын не сөз болған? Не сыр бар?.. Мәлім емес. Қалай да мына ажарына қарағанда, Құнанбай ісі Олжайдың бар жуандарын түгел соңынан ертіп алған көрінеді.

Амандаса келген, қайырлы болсын айта келген Байсал, Құлыншақ дәл бүгінгі күн, құр амандасу емес, Бөкенші, Борсаққа қыр көрсете келіп тұр. Құнанбай соны әдейі істетіп отыр.

Мұны жалғыз Сүйіндік емес, Жексен де сезді.

— Апырай, ата қонысым еді. Одан қала берсе, осы жиын, осы бәрінің көз алдында, кешегі көктемде ғана, осы мынау тастың бауырында Борсақтың бір баласының қаны тамып еді ғой. Ер-азаматымның қаны тамған жер еді ғой! — деді. Бұл сөз — дәл бұл жиынның күтпеген сөзі. Сүйіндік өз ішінен: “Алдырған албырт деп, оның несін айтты екен?” — деп жақтырмады.

Құнанбайға да бұл сөз, тіпті, тосын болатын. Оны дау үстінде дәлел, далбай қылатын кісі болар демеген. Сондықтан жауабын ойламай айтты. Жексен айтқан сөзді Бөкенші, Борсаққа тағы осы жерді алуына бір ұпай қып пайдаланбақ болды:

— Не деп тұрсың? Алжығанбысың? “Ерім” дейсің! Ерің сол болса, сенің елдігіңде не қасиет қалды? Ол ер емес, Борсақ әруағынан садаға... тіпті, Тобықты әруағынан садаға!.. Ол — сұмырай еді. Мен сол сұмырайды құртып, соның ізі-тозы бітсін деп, бұл жерді, бұл өңірді әдейі басқаның мекені етіп тұрмын. Сандалған несі? — деді.

Бөкенші, Борсақтың қалың жиынына мына сөз таспен ұрғандай тиді. Бәріне де бір сәтте Қодар өлімінің сыры, Бөкенші жерінің алыну сылтауы бір-ақ шешілгендей болды.

Бұған келгенде Сүйіндіктің де шыдамы таусылып еді.

— Ойпырай, не дейсің! Әттең, аузыңнан айналайын Бөжей-ай, Қодар өлгенде: “Бұл шылбыр Қодардың мойнына ғана түскен жоқ. Бұйырса, Бөкенші, Борсақ сенің мойныңа да түскен шылбыр болар” деп едің... Арманда кетіпсің ғой, есіл ерім, Қодар-ай, — деп үні өшіп, атының жалын құшып, бүгіліп тұрып қалды.

– Уа, қара бет басым! Қара басқан қу басым! Мен қуарған не еткен ит едім? Ойбай, бауырым!.. Бауырым, Қодар! – деп Жексен өкіріп жылап, атын борбайлап, Қодар қыстауына қарай шаба жөнелді. Сол-ақ екен бар Бөкенші, Борсақ тегіс: “Ойбай, бауырымдап” Жексеннің артынан шаба-шаба жөнелісті. Сүйіндік те солармен кетті. Байсал мен Құнанбай бұл арада енді тұра алмай, үндемей томсарған күйлерінде сырт айналып кетіп еді. Құнанбай өз ішінен: “Жаңағы сөзді оғат айттым-ау, қап!” деді. Бірақ Байсалға да сыр берген жоқ. Қайта Бөкеншінің мына мінезіне сылтау іздеп, өзінше соны таптым деді.

– Құтыртқаны кім екенін көрдің ғой! Шымбайына батқан соң, шыңырауда жатқан сырын айтқанын көрмеймісің? Қолтығына дым бүріккен Бөжей. Анық Бөжей. Тобықты ішінде мені тосқан қанды қақпан сол болмақ қой. “Береке-береке” дейсің. Кінә кімде? Көрдің бе! – деп, Байсалға қадала қарап алды да:

– Бірақ құдай ақ та, көріп-ақ алармын! – деді. Аздан соң Байсалға құпиялау қып:

– Сен Сүйіндік пен Сүгір, Жексен үшеуіне айт, көпті қоздырмасын! Бассын! Шыңғыстың қай тұсына орнықтырсам да, ол үшеуінің сыбағасы олқы емес. Өкінбесін! Өкіндірмеймін! Осы сертіме сенсін! – деді.

Олжайдың алғашқы орнында қалған жиынның ортасында тұрған Майбасар болатын. Ол тұмсық асып шапқылап жылап бара жатқан Бөкеншілерге қарап:

– Уай, жарандар! Бұл түстен кейін маңырайтын ақсақ қой дейсіңдер. Тіпті, ол емес!.. Мына Бөкенші екен ғой түстен кейін маңырайтын. Көктемде өлген Қодарға күземде кеп сүйекші болған кімді көрдің? Мұны көрген кім бар десеңші, – деп қарқ-қарқ күлді.

Көктемде Қодардың сүйегіне жан жоламай кеткенде, Жәмпейіс пен Әйтімбет қойшы ғана кеп жоқшы боп еді. Жексен ол күні өз аулының қатын-баласын: “Неге жылайсың, көзің ақсын!” деп шетінен бықпырт тигендей сабап, Қодар өлігіне жолатпай қойған. Жәмпейіс пен Әйтімбетке солардың өзіндей қойшылар, жаны ашыған кедейлер ғана болысқан. Соның барлығы екі өлікті Құтжан бейітінің басына апарып, зар қағып жылап, жоқтап жүріп, таза арулап қойып еді.

Қазірде Құтжан бейітінің екі жағындағы жаңа қабірлер Қодар мен Қамқаныкі болатын.

Бөкеншінің барлық азаматы шапқылап ат қойып кеп, осы бейіттің үстіне шұрқырап, жылап түсіп жатты. Сүйіндіктер тобы келместен бұрын бейіттердің басында 3-4 қана адам отыр еді. Ол — Жәмпейіс, Әйтiмбет және бiр-екi басқа қойшы болатын.

Жаз бойы келе алмай, бүгiн көшпен жетiп, ең алғаш еске алып, құран оқып отырған солар едi.

Кейiн осылардың үстiне шулап келген нөпiрдi көргенде, мына кәрiлер таң болды. Жылағанның iшiнде Сүйiндiк бар. Ол бiр жұмбақ.

Әсiресе, бұларды қайран еткен Жексен мен Жетпiс... Екеуi де үш қабiрдi кезек-кезек құшақтап:

— Кеше гөр, арысым, кеше гөр!

— Ағакем, кеше гөр! — десiп кеп зар-зар етедi. Көздерiнен шын өкiнiш жастары ағыл-тегiл шығады.

Бiрақ Жәмпейiстiң жүрегi жылыған жоқ. Ол Қодар мен Қамқаның қайғысынан осы жазда бiржолата белi бүгiлiп, қатты солып кетiп едi.

Қамқаның бейiтiн құшақтағалы еңiреп келе жатқан Жексендi кеудеден қойып қап:

— Өй, көзiң ақсын, көзiң аққыр өңшең!.. — дедi.

Аз уақытта үш қабiрдiң басына еркектер ғана емес, барлық көштердiң әйелдерi де, жас-кәрiсi де үйiлген едi.

Қалың ел болып зар еңiреп, улап-шулады.

3

Бөкеншi, Борсақ Шыңғыстан қайта серпiлiп көшкенмен, Құнанбай атаған жаңа қыстауларға бармады. Қызылшоқы, Қыдыр, Көлқайнарға жаппа тiгiп қонды да, көшпей отырып алды.

Бұл кезде өзге елдердiң бәрi де қыстау-қыстауына жетiп, жайласқан болатын. Қора басына пiшендерiн тасу, тоңын аудару, қыс жағатын қиларын қалап алу, мал қораның жыртық-тесiгiн бүтiндеу, үй сылау, пеш түзету сияқты iстерi қыстық мекенi бар елдердiң бәрiнiң де тегiс жұмылған науқаны.

Осындай iстерден сырт қалған және барары мәлiм емес Бөкеншi, Борсақ аз күннiң iшiнде ауған, босқан ел тәрiздендi.

Құнанбай жорға Жұмабайды Сүйіндік пен Сүгірлерге жіберіп: “Ана Қарауыл, Балпаң, Талшоқы бойынан таңдаған қоныстарын алсын! Және жайлауына Көлденең, Шалқарды тұтас алсын! Бірақ көпке мұрындық болмай, тез барып орнықсын!” деген. Шыңғыстан бір-бір қыстау алса, Қарауыл, Балпаң тисе және әсіресе, жайлаудағы екі өзен жеке меншіктеріне тисе, тіпті, өкініші жоқ.

Осымен Сүйіндік, Сүгірлер өз есептері ұтылмайтынын білген соң, көш-қонын ойлап, қыбырлай бастап еді. Бүгін өзге Бөкеншіге айтпастан Сүйіндік, Сүгір, Жексендер таң атысымен түйелерін ұстатып, арқан-жібін қамдап, жаппаларын да жыға бастады. Бұлар осылайша іріткімен екшелгенде өзге Бөкенші, Борсақтан жиырма-отыз кісі атқа мінді. Ендігі жиын – қара шаруа жиыны. Араларында зор денелі, орта жасты Дәркембай бар.

Ол Қызылшоқының шеткі қонысында отырған Жексен аулына келді де, Жексен мен Жетпісті шақырып:

– Елді тастап, бас сауғалап, қайда барасың, түге? Тапжылма! Көшпе! Не көрсең, бірге көресің! Жықпа жаппанды! – деді.

Жексен қарсыласа алмады. Жалғыз-ақ қиялап:

– Жандарым-ау, не білгендерің бар? – дей беріп еді.

– Онан да қазір екеуің де атыңа мін! Ер бізге! Анау Сүйіндік, Сүгірге барып сөз байлаймыз! – деді.

Жексен мен Жетпіс еріксіз ерді.

Осы топ Сүйіндік пен Сүгірге де көп сөйлеген жоқ. Бұйрықтарын шолақ айтып, көштерін тоқтатып тастады. Сүйіндік бұлардың айтқанына амалсыздан бағынды да:

– Ал бірақ тапқан ақылдарыңды айтшы! Қылышын сүйретіп қыс келеді. Кемпір-шалды күркілдетіп, баланың жағынан боздағын шығарып, қашанғы отырамыз? Қайда барамыз? – деді.

Дәркембайдың жауабы әзір болатын:

– Сүйіндік, Жексен, Сүгір, үшеуің де алдымызға түс! Аттарыңа мін! Жүр, әне Бөжейге! Елден жырыла қашып оңбайсың, түге! Бөжейге барамыз. Ағайынға салмақ саламыз. Тіпті, жанашыр жоқ болатын болса, арғысын содан әрі көрерміз! – деді.

Сүйіндік пен Сүгірді, Жексенді қосып алған осы топ дәл осы күн түсте Шыңғыстағы Бөжей аулына келді. Оның

қыстауы Тоқпамбет дейтін қалың шалғынды, мол тоғайлы, ең бір құйқалы қыстау еді. Бөжей өз атасы Кеңгірбайдан ата қоныс есебінде мұра қып қалған жер осы.

Бөкенші тобы келген соң, Бөжей лезде кісі жіберіп, жақын жердегі Байдалы мен Түсіпті шақырып алды. Не де болса, Жігітектің ақылы бір жерден шықсын дегені.

Бұл топта Сүйіндік шешіліп сөйлеген жоқ. Кібіртіктеп, қылғынып сөйлегендей болды.

— Ағайының келіп отыр. Ақылыңа қоңсы қона келіп отыр. Не дейсің? Нұсқайтұғын бетіңді айт! — деді.

Бөжей мұның ішкі сырын білмеп еді. “Дағдылы қорқақтығы, Құнанбайға қарсы шаба алмайтын ежелгі маймақтығы” деп, мырс етіп, мұрт астынан күліп қойды. Бірақ Сүйіндік сондай солғын болғанмен, өзге көпшілік олай емес. Оның ажарын сүймей, мойнын сырт қайырып, сұрланып отырған Дәркембай, Бөжейдің күлкісін сезіп қап:

— Бөжіке, кібіртіктей-кібіртіктей болдық қой. Тура баспас тобан аяқ болған соң иыққа ит те, құс та шығад та!.. Тек қана “шөк-шөк” дей бермей, осы бізді де ел қылатын, ер қылатын ақыл айтшы! — деді.

Байдалы осындай ер мінезді жақтайтын. Тура айтқанды сүйетін, өзі де қайратқа, қимылға бой ұрғыш адам. Жігітектің қол күші көбінесе осы Байдалы басынан айқын көрінетін.

— Өй, Сүйіндік, сен ақылды мына Дәркембайдан сұрасаң етті. Еркектің сөзі мына кедейде жатыр ғой, мынау ер кедейде! — деп кеудесін көтеріп, Дәркембайға сүйсіне қарады.

Бөжей бұл тартысты әуелі қолмен емес, жолмен бастап көргенді мақұл деп білген. Қолдан келсе, бұл жолы Құнанбайды келеге салып әшкерелеп, көп алдында тентек қып алмақ. Мына келген Бөкеншіге ертең болатын бәленің артын да ашып айтып, танытып қоймақ. Әуелі осыдан бастау лайық.

— Бөбен, Борсақ — бауырымсың. Саған тигені — маған тигені. Сенен шет қалып, амандық, тыныштық іздемеспін. Бірақ Құнанбайдың дегені болса, сені мен мені де тату қып, туысқан қып қоймақ емес-ау. Талшоқы, Қарауыл, Балпаң деген жерлерді атапты деп есіттім. Осының түбін ойлаймысың? — деп, бар жиынға барлай қарап, аз үндемей отырып: — Мұнысы Кішекең, Бөбеннің жер жапсары бір болсын. Екі атаның ұрпағы жерлес болса, татулықтан кетеді. Жақын оты-

рып, бес тал көде мен бір ұрттам суға да қиталасып таласа берсін дегені. Атадан нәсілге арылмас жік қалсын дегені ғой. Бірақ оның ойлағанының бәрі бірдей өрге баса бермес. Туысқандығым туысқандық. Күндердің күні боп, Талшоқы мен Қарауылға келер болсаң, орның әзір. Барымды ортаға сап, түс шайыспай-ақ үлесемін. Ол өзі бір төбе. Ал бірақ одан бұрын айтысып көрейік. Ара ағайын Кішекең екен. Біз кіріспей кім кіріседі? – деп, Түсіпке қарап отырып: – Ағайын келесіне мынауың тентек, мынауың зорлық дегенді айтып көрейік. Қалған іс пен сөзді содан соң шешейік... Мақұл ма? – деді. Бөкенші жиыны да, Байдалы, Түсіп те бұны мақұл десті.

– Ендеше, Түсіп, сен атқа мін! Осы сөзді алып, Құнанбайға барып жауабын бүгін әкел! – деп Бөжей сөзін бітірді.

Түсіптің баратыны осымен шешілген соң Байдалы:

– Тек, жалғыз-ақ, арыла сөйлес. Айтатынның бәрін айтып кел. Бұға-бұға болғамыз. Ат кекілін кессең де, қатты айтып, ел өкпесін түгел жеткіз! – деп, Түсіпке өзі де ашумен сөйлеп, нық қайрат берді.

Осы сөзді қатты ұстап, Түсіп сол күні кешке Құнанбайға кеп сөйлесті.

Құнанбай Қарашоқыға үлкен бәйбішесі Күнкені қыстатпақ болған. Өзі сол ауылда екен. Түсіп екінді кезінде келді де, Құнанбайды оңаша шығарып, дөң басына барып отырып, ұзақ сөйледі. Алыстан бастап, “береке-бірлік” керегін айта кеп, ең аяғында:

– Мынау ісіңе Бөбең емес, ісі Кішекең де наразы... – дей беріп еді, Құнанбай бұған жалт қарап, қатты зекіп:

– Наразының жоқшысы Кішекең болмақ па? Ендеше, мынау Керей, Уақ, анау Сыбан тегіс наразы. Оңды-солды бәрі өкпелі. Кімге өкпелі? Ұрлады, барымталады, ақ малымның ессін бермейді деп, дәл Кішекеңнің өзіне наразы. Байдалы, Бөжей, мына Түсіп сен... дәл сендерге наразы. Бөкеншіні айтқанша, өз басыңды ақтап ал! Ұры менен қарыңды тыйып ал! – деді.

Түсіп бұл араға қатты ашуланып еді, даусы да қатаң шығып кетті.

– Телі мен тентек қайда болса да бар болатын, Құнанбай! Бөжей мен Түсіп өзі ұры ма еді! Ара ағайынның сөзін айттың,

қарындастың көз жасын айттың деп, тағы жазғырмақ па ең? Ақ та болсам, жоқ сылтаумен тағы арандатпақ па ең? Бөжей, Түсіп арам болса, айтарсың! Ақ болса, жазықсыз болса, ненді айтасың?

– Айтқаным айтқан, жазықтысың, арамсың...

– Ендеше, міне, зауал уақта... сал мойныма арамымды! – деп, Түсіп дір-дір етіп, жүгініп алды.

– Арамың сол – Бөжей маған қақпан құрғанын қойсын! Біреудің сыртын бетке ұстап жүріп, маған арнап оқ атқанын қойсын! Енді осыдан қоймайтын болса, ағаш оғын аямасын, тегіс атсын! Бірақ қашан айттың демесін! Ендігі керді тап өзі көреді. Өз басы көреді! Ал Керей, Уақтың малын бересің! Бергіземін! Ертең үстіңе сияз құрғызамын. Бұл – бір. Екінші, Бөкенші сөзінен аулақ кетсін. Тартсын аяғын. Тарт аяғыңды! Ара ағайын сен емессің. Саған сынатын сөзім емес. Бөле іздемесең, кіріспе! Кіріссең, алысқалы әдейі кірістің деп білемін. Бар, айт осынымды!.. Тегіс жеткіз Бөжей мен Байдалыға! – деді.

Сөз осымен бітті де, екеуі екі айрылып кетті.

4

Осының ертеңінде түске таман Майбасардың екі атшабары – Қамысбай, Жұмағұл шапқылап кеп, Жігітек ішіндегі есіктерінің ар жағына сүңгіп-сүңгіп кетті.

Қыстауының жанында отырған алты үйдің барлық иті абалап шығып еді, атшабарлар ақырып, қамшы үйіріп ұмтылып, бездіріп жіберді.

Әрбір үйдің есігін жамылып, баспа ғып тұрған балалар да мына тентек қонақтардан қорқып, інге кірген тышқандай есіктерінің ар жағына сүңгіп-сүңгіп кетті.

Үркімбайдың үлкен қоңыр үйінде бірталай еркектер отыр еді. Үй иесінің өзінен басқа Қаумен, Қараша бар-ды. Бұл екеуі – Бөжейдің жақын ағайындары. Үркімбайдың кішкене тұлымды қызы, есіктен қашып кеп әкесінің қолтығына кіріп кетті де:

– Атшабар, атшабар! – деді.

Атшабар келсе, жанжал келетінін балаға шейін сезетін.

Мойындарына былғары сөмке салған, төсіне қақпақтай үлкен-үлкен жез знактар таққан екі атшабар үйге кіріп келгенде, тұлымды қыз:

– Әне, әнеки, әке! – деп, әкесінің қойнына жабыса түсті.
– Өй, жандарым, немене шулатып жүргендерің? – деп Үркімбай жақтырмай қарсы алды.

– Іс тығыз, бұйрық тығыз... асығып жүрміз! – деп Қамысбай төрге шықты. Жұмағұл от басына бір тізелеп отырып қалды. Қараша:

– Е, не бұйрық? Немене тағы, ел көшті, жау жетті деп шетіңнен? – деді де, қабағын түйіп, Қамысбайға ашумен қарады. Бірақ қырыс атшабар қайысқан жоқ.

– Бұйрық сол, үй тігесіндер. Қараша, Қаумен сендерді іздеп келеміз. Осы Үркімбай, Қаумен, Қараша – үшеуіңнің ауылдарыңда сияз болады. Ел жиылады. Керей, Уақтың даугерлері келеді. Ел мен елді ақыластырамыз, ұрыдан мал өпереміз дейді...

– Кім айтады? – деп Қаумен тіксінді.

– Әперетін кім? – деп Қараша қайтадан қадалды.

– Ұрыдан әпере ме, жоқ, ұры емеске де салмақ түссін дей ме? – деп Үркімбай да жалт қарады.

Сияз деген мол шығын. Ол – көп елдің қалың даугерлері келіп орнайды деген сөз. Осы елдің жуан, семіз, мешкей билері, күндіз – түстік, кешке қонақасы жеп, асықпастан ай жатады деген сөз.

Ежелден мәлім: қай ауылдың үстінде сияз болса, сол ауыл мол шығасылы болмақ. Елден ерекше мазасыздыққа ұшырамақ. Ұлық қай ауылға сияз құрса, сол ауылды қырына алғаны.

Қамысбай бұл отырғандардың сиязға оңай көне қоймайтынын ертеден біледі. Старшын мен аға сұлтанға айтпаса да, атшабармен көп қиталасады. Бірақ Майбасар бұйрығы қатты болатын. Бөгелуге болмайды.

– Бұйрық ұлықтікі. Құнанбай мен Майбасардікі. Мен шығарды деп пе ең? – деп, Қарашаға сыздана бір қарады да: – Бол, болындар! Ақылдасындар да, үй қамдаңдар. Үшеуіңнің ауылдарыңдағы бар киіз үйді осында әкеп тігіндер. Сойыс жайын ақылдасындар. “Жігітек әуелі елу қой сойыс үлессін”, – деген. Соны қай-қай ауылға саламыз. Қазір осының жайын кеңесейік, – деді.

Атшабармен сөйлесіп сөзге, жолға жарымайтынын Қаумен жақсы біледі. Сондықтан ол егес сөзді молайтпай, жақындағы Байдалымен ақылдасып алмақ болды. Үркімбай мен Қарашаға:

– Екеуің бері қараңдаршы, – деп, біраз үндемей қадалып отырып, – біз ғана емес, Жігітекке тегіс келген селебе ғой. Мына жерде Байдалы бар. Бөжеймен ақылдасуға қашаң боп тұр. Қараша, сен тез атқа мін де, барып Байдалымен ақылдасып, мына атшабарлардың жауабын алып кел! – деді.

– Дұрыс, сүйт! – деп Үркімбаи да қостады, атшабарлар да қарсы болған жоқ.

Қараша лезде тұрып, үндеместен жүріп кетті.

Осымен атшабарлар орнығып отырып, шай ішіп жатты. Үркімбаи олармен жауаптаспаса да, өз ішінен Майбасар бұйрығына қатты ашулы. Бар Тобықтының ішінде бір үй қазанына арам ас салмады десе, сол ең алдымен осы Үркімбаи үйі болатын.

Атшабарлар көп тосқан жоқ.

Үй сыртына бірнеше атты кісі дүсірлетіп кеп, шапшаң түсіп, аттарын тез байлап жатыр.

Келген – Қараша. Қасында Байдалы мен Қарашаның өр атанған ұры түсіргіш жігіттері. Жұмағұл атшабар қулау болатын. Ішінен мыналардың келісін жақтырмады.

– Е, не ғып ереуілдеп жүрсің бәрің бірдей? – дей беріп еді, Қожақан деген ұзын қара жігіт:

– “Атанды жау шапса, бірге шап” деген. Сендерге Жігітектің бар малын тартып әпергелі келдік, – деді.

– Бар мал емес, елу-ақ қой керек. Қалған малың көп болса, ана иесі келгенде жетектетерсің... Асыққаның не? – деп, Қамысбай зәрленіп ашу шақырайын деді.

– Соны әперетін осы сенбісің? – деп, Қараша Қамысбайдың дәл қасына жүгіне отырды.

– Мен болғанда қайтейін деп ең?..

– Сен қанқұйлы, тәмам елді жылатып болдың ғой, осы итаршылықты қоямысың?..

– Өй, сандалма әрман! Одан да ана Байдалының жауабын айт.

– Жауабы ма?.. Ендеше, жауабы міне, – деп, Қараша қолындағы тобылғы сапты жуан қамшыны сермеп жіберіп, атқып тұрып, Қамысбайды бастан тартып-тартып жіберді...

Малдасын құрып отырған Қамысбай да жалма-жан тұра беріп еді... Үркімбаи барлық осы үйдегі өз жігіттеріне ақырып, бұйрық етіп:

– Ұста, сой екі итті! – деді.

Жұмағұл да, Қамысбай да арпалысып, айқайлап, боқтық астына ала бастады. Бірақ он жігіт ырық бермеді. Үндеместен жабылып, екеуін алып-алып соқты да, тізерлеп басып-басып алды.

— Байдалының жауабы сол. Екі иттің бауыр сыртынан дүрені соғып-соғып, Майбасарға қып-қызыл жоса қып қайтар!.. — деді. — Ал!.. Түр, бәлем! — деп кеп, Қараша Қамысбайдың басына өзі мініп алып, құйрығы мен жонынан шықпырта берді. Жұмағұлды Үркімбай мен өзге жігіттер де сондай сабады.

Екі атшабар таяқты Жігіттектен мейлінше жеп алып, беттегі қызыл жоса қандарын айғыз-айғыз қылған бойында, сүртпестен шапқылап отырып, Қарашоқыдағы Құнанбайдың алдына тура кеп кірді.

Құнанбайдың қасында Байсал, Майбасар бар екен. Және Құлыншақтың батыр ұлдарынан Наданбай, Манас отыр. Ырғызбайдан — Жұман, Төлепберді, тағы да басқа үй толы жігіттер бар екен.

Құнанбай әуелі үн қатпай сазарып отырып барып, аздан соң екі атшабардың бетіне нұсқап отырып Байсалға:

— Міне, көрдің бе? Қайтіп ағайын болайын? Мына қамшы мыналарға емес, маған жұмсаған қамшысы ғой Бөжейдің... Түр тегіс! — деп, бар жігітке қатты ақырып, бұйрық берді. — Қазір барындар да, сол өз үйінде сабатқан Үркімбайды қол-аяғын байлап тұрып, дәл менің алдыма сүйретіп әпкеліндер! — деді.

Басқа бір кісі бір ауыз сөз айтқан жоқ. Құнанбай да мұнан әрі ләм деген жоқ. Он жігіт атқа міне-міне шаба жөнелді. Ішінде Құлыншақ балалары бірге кетті.

Осы топ ымырт жабыла Үркімбайдың аулына жетіп, барлық ауылдың еркектерін бықпырт тигендей сабап жүріп, Үркімбайды өз үйінен сүйреп алып шықты. Үркімбай үйде қарсыласқанмен, таяқ тиетінін байқаған соң, енді қайтып үн қатқан жоқ.

Бетінде жалғыз тамшы қан жоқ. Ашудан көкпеңбек боп, булығып алған еді. Ернін тістеп, қабағын тастай түйіп ап, шыдай бермек болды. Тыста мұның қолын артына байлап, бір семіз шабдар атқа мінгізді де, артына Төлепберді қарғып мініп алды. Ашулы топ Қарашоқыға қарай тасырлатып шапқылап жөнелді.

Қазірде қас қарайып, іңір қараңғысы әбден болған екен. Бұлар Шыңғыстың қалың ішіндегі Үркімбай қорасынан төмен беттеп, өзенді бойлап шауып келеді.

Аз уақытта өзенді кесіп өтетін бөктер жолға жетті. Енді күнбатыс жақтағы Қарашоқыға қарай бұрыла беріп еді.

Бірақ алдарында көлденең тұста бір топ биік терек болатын. Соның арасынан бір сәтте қалың нөпір боп:

– Қапта, қапта!..

– Түс-түс!

– Өлтір иттерді, өлтір! – деген қалың шумен, өңшең бір көк аттылар тиіп кеп кетті. Ұзын саны отыз-қырықтан кем емес. Қолдарында өңшең шоқпар мен сойыл. Құнанбай жігіттері қарсы айқайлап:

– Келсең кел!..

– Омай!..

– Түссең түс! – деп, сапырылысып, араласып кетті. Бұларда да сойыл, шоқпар сай еді.

Ұзын-ұзын ақ сойылдар кезек-кезек қағысып, сарт-сарт тиіседі...

Қараңғыда тосқауылда тұрып шабуыл жасаған Қараша болатын. Оған Байдалы күндіз бұйрық беріп:

– Бір қимылды істеуін істедің. Бірақ енді сақ бол! – деген.

Қараша содан кешкі ымыртқа дейін тау басында, ат үстінде жүрген. Кешкі ала көлеңкеде Үркімбай аулына қарай суыт кетіп бара жатқан қалың шоғырды ол мезгілімен-ақ көріп еді. Тегін емес екенін де білген. Содан шапқылап отырып, таудан түсіп, өз аулының бес-алты жігітін атқа мінгізіп ап, жолдағы Қаумен жігіттерін де атқа мінгізіп алғанша со болды.

Не де болса Үркімбай аулында жауды баса алмайтынын білген соң, осы қайтар жолдан кеп тосқан.

Қараша қара сойылға мықты болатын. Өз аулының жас жігіттері де шетінен ат үсті төбелеске мойымайтын, “іздегенге сұраған” дейтін Қожақан сияқтылар еді.

Қоян-қолтық жерден жақсы килікті. Құнанбай қолын бұл ұрыста бастаған – Құлыншақтың батыр ұлы Манас. Ол алдарынан тосқауыл болатынын білген кісідей екен. Аналар қаптап қоя бергенде, түк сасқан жоқ.

Тақымындағы қара шоқпарын суырып ала, бар жігіттеріне бұйрық беріп:

– Ал саспандар, көп те болса, қорықпай ұрыс! Таймай соқ! – деп араласқан.

Осымен қалың топ жапыр-жұпыр бірнеше рет айқасты. Манас қолынан екі Жігітек құлап түсті.

Төлепберді бағанадан бір ақыл ойлап алып еді. Тіпті, үлкен қысылшаң болса, ол Үркімбайды аударып тастап кетпек болатын. Осы ойын өзі орындағанша, Қараша кеп жетіп, еріксіз істетті. Қолы байлаулы жүрген Үркімбай бір айқасып өткен уақытында, Қарашаның атын танып қалған. Сол арада айқайлап:

– Қараша, мен мұндамын, мені айырып ал! – деген. Қайта айналып оралғанда Қарашаның қуғаны осы екі кісі мінгескен жер қылаң ат болды. Жақыптың жүйрік шабдар аты жеткізбей, көп әлек қылды.

Бірақ Қараша қалатын емес. Топтан жырып алып, қуып кетті. Төлепберді артына алақтап, алдына қарай алмай келе жатты. Үркімбай осы қысталаңды пайдаланып, аттан өзі сусып, құлай түсіп кетті.

Осымен Жігітек Үркімбайды айырып алып қалды. Құнанбай жағынан бұл түнде қолға түскен кісі болмады. Жігітек тауды басына көшіріп, ұран сала берді. Сонымен тобы көбейе бастады. Жан-жақтан:

– Қайда? Қайда?.. – деп андыздап шапқан аттылардың сарыны молайып кетті. Осыны байқап алған Манас өз жігіттеріне:

– Енді жөнел!.. Қаша ұрысу керек!.. Сал қаша ұрысты!.. Ал тарт! – деп өзі бастап тартып берді...

Үркімбай босағаннан кейін, олар жосытып шапқылап, тау асып кетті. Құнанбай жігіттері қолға түспесе де, Жігітек қолынан қорқып, қашып кетті. Үркімбайды әкете алмады, тастап кетті.

Бұл түнде бар Жігітекке Үркімбайды айырып алу да, күндіз Құнанбайдың екі атшабарын сабаған сияқты, күш асырып, бел бітірген іс болды.

Осының ертеңінде күн райы өзгеше бұзылып, қыс ызғары біліне бастады. Шыңғыстан аса соғатын қатты жел бар. Көктемде бұл жел – игілік желі. Қарды қағып, бөктер мен

шиді қарайтып кететін жел. Қыстыгүні де Шыңғыс желі шаруаның досы. Тау ішімен бөктерде бір жұмадай, он күндей үзілмей соққанда, қыс қысталаңын сейілтпiп, мал жайылысын кеңейтiп, шаруаның арқасын жазып кететiн.

Бұл өзi оңынан соғатын жел. Сондықтан оншалық көп суық әкелетiн жел емес. Бірақ соғуының қаттылығы тым ерекше болады. Бөктерде қиыршық тастарды ұшырып соғатын қара жел.

Шөп атаулыдан да қой оты – мық жусан мен ұсақ, тырбықай бетеге болмаса, өңге бойшаң, тамыры босаң шөптердi жұлып, ұшырып әкететiн әдетi бар.

Тегiнде, Шыңғыстың асыл шөбi – мық жусан. Бұл – қойдың ырысы. Ал қыстау атаулы қойға жайлылық жағынан бағаланады.

Қойдың құты Шыңғыс болған соң, көп елдiң жақсы қыстау iздегенде тығылатыны да сол Шыңғыс.

Шыңғыстың қара желi өзге уақыттың бәрiнде жақсы болғанмен, дәл күздiгүні жайсыз-ақ. Күндi суытып, аспанды сұрлантип келедi. Бүгiн қара жел басталысымен, қиыршықтап қар да түсе бастады. Биылғы жылдың ең алғашқы қары осы.

Суық жел киiз үйде отырған ауылдарды тегiс бүрiстiрдi. Шыңғыстың бөктерi мен қойнауындағы ауылдар бұл уақытта қыстау-қыстауына мiнбелеп қонып, күн райын бағып отыр едi.

Бүгiн сол елдiң бәрi де киiз үйлерiн жығып, жүктерiн қораға тасып, жылы үйлерiне қауырт кiрiп жатқан. Көпшiлiк осы қарбаласта болса, Құнанбайдың Қарашоқыдағы аулы, ас берген ауылдай, өз әлегiмен өзi ұйқы-түйкi боп жатыр.

Үркiмбайды ала алмай, көрген қарсылықты тегiс айтып Манастар келгелi, Құнанбай аулынан жан-жаққа қарай үстi-үстiне шапқыншылар ұшыртып кетiп жатыр.

Кешегi Байсал бастаған барлық үлкендер жиыны осы ауылдан тараған жоқ-ты. Олардың үстiне қазiр маңайдағы бар Ырғызбайдың еркек кiндiктiсi түгел аттанып келген. Шапқыншылар кеткен беттерден ондаған, жиырмалаған аттылар лек-лек желе жортып келiп жатыр.

Осы келген топтардан он шақты жiгiттi iрiктеп шығарып, бастығын Майбасар етiп, Құнанбай әуелi Бөкеншiге жiберттi.

Қызылшоқыдағы Бөкеншi әлi де көшпей отыр едi.

Мыналар бара сала, тығыз бұйрық етіп, Талшоқы мен Қарауылға қарай сол Бөкеншіні бір-ақ көшіртті. Сүйіндік, Сүгірлер осындай сылтауды күтіп, қос қанатын қомдап отыр екен. Алдымен көшкен солар болды да, өзге Бөкеншілер де еріксіз тартып кетті.

Бүгінгі күн көшкен жалғыз Бөкенші емес, Құнанбайдың өз ауылдарынан көшкендер де бар еді. Ол Өскенбайдың үлкен үйі — Зере отырған ауыл. Және соның қасындағы Ызғұтты, тағы бірнеше Қарабатыр, Жуантаяқ ауылдары болатын. Қысы-жазы Ұлжандармен бірге көшіп жүретін, Жидебай, Барақты қыстайтын ауылдар.

Құнанбай бұл уақытқа шейін ол ауылдарды қыстауларына жібермей, өз тобын бір арада жиып ұстамақ боп келіп еді. Енді суық түскенде, кәрі шешесін және Ұлжан қолындағы жас балаларын тоңдырып отыра беруге болмады.

Зере мен Ұлжанға бала атаулының барлығы: “Қыстауға көшейік, тоңдық” деп, салмақ салған. Осымен Зере Құнанбайға ұрсып, еріксіз бүгін көшетін етті.

Осы ауылдарын көшіріп, жөнелтіп болған соң, Құнанбай дәл бүгінгідей Шыңғыс өңіріндегі әбігер мен қарбаласты тез пайдаланбақ болды.

Бағана таңертеңнен бергі үсті-үстіне келіп жатқан аттылар қазір түс кезінде қалың нөпір, үлкен қол болды. Тегіс сойыл, найза, айбалта, шоқпар ұстаған шабуыл мен соғысқа әзірленген қол.

Бұл келгендер Ырғызбайдан басқа Торғай, Топай, Жуантаяқ, Әнет, Сақ-Тоғалақ сияқты рулардың топтары. Және бір қалың нөпір Көтібақ болатын. Осы елдердің бәрі де Шұнай, Ши, Жидебай, Қыдырдан бастап Шыңғысқа шейін созыла қыстайтын елдер. Қарашоқыға жақын келетін қыстаулардың елдері.

Бәрін жиғанда да Құнанбай әуелі әр елдің рубасыларын қасына алып отырып, арттағы көпшілігіне сол рубасылары мен өз атынан сәлем айтып жиғызған. Көтібақ Байсал мен өз атынан айрықша сәлем айтып, шапқыншы қылып та Көтібақтың өз жігіттерін жұмсап еді.

Соңғы уақытта да өзі Қарашоқыны алғаннан бері Құнанбай Байсалға бір уәде берген. Шыңғыстағы қыстауы аз, саны мол Көтібақтың жерін молайтпақ еді. Көтібақ Жігітекпен жерлес. Бұрын бар Тобықтыны билеген Кеңгірбай тұсында

Шыңғыс ішінен жақсы, құйқалы қыстаудың бәрін басып қалып, әлі нық баурап келеді. Енді басы өскен, малы өскен және ол күндерде жер есесі дұрыстап тимеген Көтібақты ол Жігітектен жер әперіп ырзаламақшы.

Жаз ортасынан бері жатып алды. Бөжейден жырып алып, бауырына тартқанда, әсіресе, айқын сездіріп, қызықтырып қоятұғын. Сол Байсалдың өз сыбағасына арнаған бір қыстау болатын, ол қыстау бүгін Бөжей отырған атақты Тоқпамбет.

Құнанбай әзір өз басы алар жерін алғанмен, Байсалды жайлатқызған-ды. Оның бер жағында Байсал Жігітек жерін келемен, жолмен алатын шығармыз деуші еді. Құнанбайдан “әперемінді” естігенде Байсал да үндемейтін. Екеуі бірге жасасып, қабақпен ұғысатын болғаннан бері, тегінде, Байсал үндемесе, ол көнгені. Қарсы болған жерінде ол қолма-қол бір-ақ томырылатын. Мына жолы әлі күнге сол үндемеумен келеді. Көтібақты жаздан бері Құнанбайдың дегенінен шет жайылдырған емес. Билетіп, ырқымды, түсімді беріп көрейін, қайда, қалай апарар екен деп байлаған еді.

Ал соңғы екі-үш күннің іші шатасып, шиеленісіп барады. Енді Тоқпамбет зорлықпен тимесе, берекемен тиетін емес. Зорлықпен жылатып тартып алып береке таба ма? Және, әсіресе, Жігітек әрі көп, әрі аталы мықты ру. Өзінде Құнанбаймен тіресіп жүрген Бөжей бар. Ол Көтібаққа ата қыстауын ұзақ бауратып, құтты қоныс қып қоя ма? Зорлықтың да қайта оралар орайы болмай ма? Сонда Бөжей Байсалға Тоқпамбетті байырғы, тұрақты қыстау етіп неғып шыдап отырады? Неғылса, зорлықпен алғанның түбі қайыр болар деп айту қиын. Бір алуын алса да, артынан аударып тастап жібермесе.

Міне, бүгінгі күн үндемей, ауыз ашпай Құнанбай қасында жүрген Байсалдың іші осылай еді.

Дәл шаңқай түс кезінде Құнанбай шарт киініп, Байсал, Майбасарды ертіп тысқа шығып, барлық елге:

— Ал, ағайын, мін енді тегіс аттарыңа! — деп айғайлап тұрып, бұйрық етті.

Жұрт жапыр-жұпыр атқа мінді. Ырғызбай жігіттері қаруларын қолға алған. Өзге ел де тегіс қару алды.

Бұл уақытта жел қатайып, күн суытып, таңертеңгі қиыршық қар енді бетке сабап, қалыңдап түсіп тұр. Айнала бұлыңғыр. Шыңғыстың биіктерінен бүктетіліп, булығып түсіп, ағындап өтіп жатқан тұманды шаңыт та бар екен.

Құнанбай ұзын торы аттың үстінде тұрып, айналаға, күн реңіне қарап алып, ішінен: “Қол қарасы көрінбейді, мұнысы, тіпті жайлы” деді.

Қастарының арасынан түскен екі сай әжімі болушы еді. Сонысы қазір тереңдеп, қатты түйіліп алыпты. Бетінде ұзарып қарауытып шыққан түктер бар. Үлкен, өткір жалғыз көзі қанталап, шапшаң қарап, жалт-жұлт етеді.

Жұрт тегіс мініп болған соң, екі жағында тұрған Байсал мен Майбасарға қарап, бұйыра:

— Бас! — деді.

Қара қатқақ болған бөктерді дүбірлетіп, тасырлата басып, қалың қол Жігітекке қарай тартты.

Қолдың алдында Құнанбайлар. Қатты жүріп, сау желіп келеді.

Құнанбай қолы осы күні, түс аумастан, Тоқпамбеттің батыс жағындағы салбыраған тұмсыққа желе жортып шыға-шыға келді.

Бөжей қыстауы қозы өрісіндей жерде тұр. Қораға кірген екен. Мүржелерінен сары қидың түтіні бықси, шалқып шығып жатыр.

Қораның айналасында мұнда да нөпір көп екен. Бірақ жаяу жүргендер. Дәл қораның өз жанында сай тұрған аттар бірен-саран ғана. Құнанбай тез байқады. Ерттеулі аттың барлығы да қыстаудан жоғары, төмен созылған тоғайлы қалың шабындының бойында өрелеулі жүр екен...

Ырғызбай жағынан шыққан қалың қолды көрісімен, ауылдағы барлық жиын аттарына қарай асыға жүгірісті. Қолдарында сойыл, найзалары бар. Қарсылыққа бекінген жиын.

Енді бір азғантай аял болса, бұлар да тегіс атқа мініп алатын сияқты. Онда қарсылық шаппа-шап келген соғысқа айналмақ. Осыны есептеп алған Құнанбай, пұшпақ тымағының құлағын байлай бере, торы атты тебініп, қамшылап алып:

— Қапта, қапта! Олжай, Олжай! — деп, ұран салып, ағыза жөнелді. Барлық қалған қол да айғай салып:

— Ырғызбай! Ырғызбай!

— Топай! Топай!

— Олжай! Олжай! — деген ұрандармен дүрк жөнелді.

Қатты жел күні қаптап жанған қаудай болып жер күңі-
ренткен жайын үн шықты. У-шу, дүр-дүр етіп, дүрілдеген
дүлей күштің суық үні.

Бөжей аулындағы жиынның саны мынау қолдан сона-
ғұрлым аз ғана.

Жігітек, тегі, сайлана алмай, қамсыз қалған сияқты. Соғыс
болса, мұндайда бұрынғы көпке мәлім әдет бойынша: “Тү-
рысатын жерін айтсын” десіп ап, содан кейін қол жиюшы
еді. Құнанбай оны істемеді. Шұғыл келді.

Бөжей қасына қазір жиылған — Шыңғыс ішіндегі Жі-
гітектің ғана біраз қауымы. Ойдағы Балпаң мен Шидегі
Жігітек хабарсыз қалған.

Тіпті, таудағының көбі де бүгін қораға кірудің әбігерінде.

Ісі Бөкенші ішінен қазірде Бөжей қасынан табылған он
шақты қара шаруа ғана. Оларды бастап келген Дәркембай.
Жидебай, Мұсақұлдан, Қыдыр мен Көлқайнар, Қызылшо-
қыдан сойыл ұстап Қарашоқыға қарай шапқылап кетіп жат-
қан лек-лек аттыларды көріп, Дәркембай: “Осы тегін емес.
Жігітекке қарсы, Бөжейге қарсы жиылып жатқан қол!” деп
байлаған.

Бөжейге де, өзге Жігітекке де, бағана түстен бұрын кеп,
Құнанбай жағының жаманатын жеткізуші дәл сол Дәр-
кембайлар болған...

Жолшыбай Байдалы мен Қараша, Қаумен, Үркімбайды
да атқа мінгізіп, асықтырып ерткен солар.

Қазірде Бөжей қорасының алдында тұрған қырық шама-
лы кісі бар. Бұлардың ортасындағы Бөжейдің өзі. Қасында
Бөжейді жалғыз тастамайық деп қоршап қалған сол Дәркем-
байлар және Байдалы, Қараша, Үркімбай, Қаумен, Қожақан-
дар еді.

Бұл сияқты егде кісілермен қатар Құнанбай шабуылын
тосып тұрған бір топ жас жігіттер де бар. Ол — Қауменнің
екі мықты баласы Базаралы, Балағаз, Қарашаның баласы
Абылғазы. Және Жігітек ішіндегі өзге жанкүйер ағайынның
жас азаматтары Бейсембі, Әбділда, Оралбай дегендер болатын.
Бұлар әуелі:

— Кеңгірбай, Кеңгірбай! — деп ұран салып, жаяу болса
да, қолдарына шоқпар, сойылдар алып, қыстау жанында тұрған
бесті-онды ерттеулі атқа мініп, қарсы шықпақ еді.

Байдалы ақырып бұйрық етті де:

– Тоқта! Е, мына Бөжейді жалғыз тастаушы ма едің? Өлсең, қасында өл! – деген... Құнанбайлар тақап қалды. Іркілер емес. Айбар шегіп, сойылдарын көтеріп ұстап, жаланып келеді.

– Қап, қор болдық қой! Қапыда қалған басым! Қапыда кеттім ғой тағы да! – деп Бөжей қатты ширықты. Бұлардың аз ғана сенімі, қыстаудың жоғарғы жағы мен төменгі жағындағы жігіттер еді. Олар аттарына жетіп қалған екен. Бестеноннан топталып сойылдарын көтеріп, жауға қарай жосытып көлденендеп шауып берді. Бірақ алды солай болғанмен, арттағы көпшілігі аттарын тез ұстап міне алмай жатыр.

Енді Олжай қолы бұл жаулардың көпшілігін атқа мінгізбей басатын болды.

Құнанбай шауып келе жатып, оң мен солдың екі жағына да, жүз қаралыдан, екі қалың топты жыра жөнелтті. Солар өреде жүрген аттарды қиқу-айғаймен шошытып бездірді.

Сойылдың астына алып, үстеріндегі ер атаулының барлығының қастарын талқан етіп, қиратып жүр.

Жігітек жағынан алғаш атқа мініп қарсы шапқан селдір топтар Құнанбай бастап келе жатқан қалың нөпірдің өзін жанай шауып еді. Оларды да көптің селі басып кетті.

Екі жаққа бөлінген топтарынан басқа, Құнанбайдың артындағы нөпірдің өзі де, тіпті, мол.

Көлдененнен киліккен жігіттердің аттары әп-сәтте ойнап шыға берді. Бір жігітке тақ қырық-елу сойыл қарсы келген болу керек. Оп-оңай ұйпап кетті.

Аттарына жете алмай, жаяу қалған жігіттер, өздерінің үстіне барған қалың топтармен:

– Қайт! Қайт! – деп тұрып, жаяу күйде соғыспақ еді. Бірақ атты мен жаяу соғыса алсын ба? Аттың екпінімен кеп сойылды соққанда, ат үстіндегілер жаяуларды қағып жығып, домалатып-домалатып кетті.

Осымен қыстаудан оқшау кеткен азаматтың барлығының да еріксіз титығы құрыды. Көптігіне сеніп, өркештеніп алған және мыналардың қамсыздығын көріп, біржолата дандайсып алған жаулар енді ұран менен айқай-шуды, тіпті, қатты үдетті.

– Айдос! Айдос!

– Ырғызбай! Ырғызбай!

– Топай! Торғай! Топай! Торғай! – деп, арғы ұраны Айдосты бір атап, одан қала берсе бергі әруақтарын да жиі шақыра жүріп, Жігітек жігіттеріне тақай бергенде:

– Қыр! Жой! – деп барынша шошытып, зәрін шашып келеді.

Енді бөгет атаулы жапырылып болған соң, барлық қолдары жан-жақтан қыстауға қарай лап берді. Жер-дүние азан-қазан. У да шу айғай мен тасыр-тұсыр әлекке толды. Нағыз шабыншылықтың жат сарыны басты.

Бөжей тобы әлі күнге қыстау алдында еді. Барлық бұл арадағы жиын сойыл, шокпарын көтеріп, арқа жүнін үрпитіп, ер тағыдай тапжылмай тұрған-ды. Енді айналаның барлығын жау алған соң, Байдалы қатты дауыстап:

– Бітті ғой! Шарасы құрғыр бітті ғой! Тарт енді, қораға тарт! Есік-есікті алып тұрып, қораға кіргізбей өлісіп көреміз! – деп, бар жиынды солай бастады.

Орталықта, үлкен есік аузында – Байдалы мен Бөжей. Бұларды қоршаған өңшең ер жастар. Базаралы, Балағаз сияқты, Қожақан сияқты мықты жігіттер болатын.

Жау атаулы қалың нөпірмен қораның үстіне ақтарылды. Шапқылаған күйінде ағылып келіп, үйіліп жатыр. Барлығының үйірілгені Құнанбайдың айналасы екен. Бұйрық, әмір күткендер. Тап ортада Құнанбай. Атының үстінен әлі түспей тұр.

Дәл осы кезде, қораның ішінде Дәркембай Бөжей мен Байдалының арасынан ентелеп кеп, сирақты мылтықты көтере берді. Қораның ішкі жағынан жаңа жүгіріп кеп еді, қайдан алып шыққаны белгісіз, құлағы қайырулы, білтелі қара от қойса тарс бергелі тұр. Асығыста Бөжейді топшысымен қағып, өтініш етіп:

– Мынау соқыр аяйын деп тұрған жоқ. Тағы да түбімізге жетті ғой. Атамын! Жайратамын! – деп, шақпағын шаға беріп еді.

Бөжей оны қатты серпіп жіберіп, тоқтатып:

– Аtpа, тарт былай! Әруақ бары рас болса, бұдан келген керді көрермін! – деді... Бұл кезде Құнанбай айғай салып, бұйрық беріп:

– Алып шық шеттерінен! Сүйретіп шық індерінен! Қол-аяғын байлап ап шық, өңшең тоңмойын құлдың! – деп, Майбасар бастаған барлық Ырғызбайды қораға жаяу қаптатты.

Олар есік-есіктің алдында іркіліп қалғандықтан, Құнанбай тағы ақырып:

– Қапта, түс аттан! Қапта тегіс! – деп, Көтібақ, Топай, Торғай жігіттерін де тұтас айдап салды.

Байдалы мен Бөжейдің қасындағы Базаралы, Балағаз, Дәркембайлар қатты-ақ қимыл етіп еді. Бірақ қалың нөпір үркіп кірген қалың қойдай боп, кернеп басып кетті.

Төбесі аласа қораның ішінде Базаралы, Дәркембайлар сойылдарын да құлаштап тұрып сермей алмады. Аз-ақ уақыттың ішінде қалың-қалың топырлар Жігітектің қырық кісісін тағы да ұйпап, жеңіп алды. Жігітектерді сүйреп-сүйреп алып шығып жатыр.

Қараша мен Үркімбайдан бастап, жас жігіт атаулының барлығын тысқа шығара сала, бес-он кісіден жабыла түсіп, торсылдатып дүре соға бастады... Беті қан, омырауы мен сырты қан болған Қараша, Дәркембайлар тілін тартпай, барлық қарғыстың бәрін Құнанбайдың дәл өзіне арнап, айғайлап айтып жатыр. Бірақ көптің шуының ішінде ол сөздер Құнанбай құлағына жеткен жоқ. Алып шыққанның бәріне қарап:

– Саба! Сал дүрені! Аяма!.. Қарсыласады ғой бұл Жігітек? – деп, өз бұйрығымен сабатып тұрған Майбасар.

Талмастан, бөгелместен қамшы жұмсайтын жалаң қаққан жігіттер бар. Солардың басы екі атшабар – Қамысбай мен Жұмағұл.

Құнанбай алғашқы шыққандарға қарап тұрған жоқ. Оларға беріліп жатқан жазаны да елеген жоқ. Үлкен қораның үш есігінен шығарып жатқан Жігітектердің пішіндеріне ғана қадалды.

Күткені, тісін басқаны біреу-ақ. Міне, енді, ең соңында оны да алып шықты. Бұл – Бөжей. Өзгелердей емес, әзір қыры сынбаған күйде, өз еркімен шығып келеді. Бас киімі – пұшпақ тымағы да өзінде. Басқаларша үсті де жыртылмаған. Итеріп шығарған да кісі жоқ. Тек екі жағын, алды, артын камалаған Ырғызбай ғана көп екен.

Құнанбай атына қамшы басып жіберіп, омыраулатып келді. Мұның қасында тұрған Байсал да осы кезде қатты тебініп, қатарласып кеп еді, Құнанбай Майбасар мен Қамысбайға ақырып әмір етіп:

– Соқ дүрені! – деді.

Бөжейді сол сәтте Қамысбай мен Жұмағұл екеуі жағадан алып жұлқып, жығып салды.

— Сал дүрені! Артын түріп қойып соқ! — деп, Құнанбай қалшылдап кеп, төніп тұр.

— Көзің аққыр, көзің ақсын! Ей, Құнанбай, әруақ қаны. Қарғыс атқыр! — деп, Бөжей айғай салып еді, осы кезде оны жығып салып, тоны мен шапанын түріп тастап, Қамысбай қамшыны қайқайта көтеріп алды. Бөжейдің егі аппақ екен. Белі мен арқасы ашылып, көлденең жатыр. Барлық қалың жиын дәл осы сәтте жым-жырт боп, тына қалды.

Қамысбайдың қамшысы сермелген бойында Бөжейдің арқасына төне бергенде, біреу келіп, өз денесімен Бөжейді жаба бере, құлап кеп түсті.

Бұл Құнанбаймен ере келген Көтібақ Пұшарбай еді. Бөжейдің Көтібақ ішіндегі құрдасы, досы болатын.

— Уа, жетті, жетті ғой, Құнанбай! Араша, араша, — деп айғайлап жығылды.

Құнанбай бұған қатты зәрленіп, оттай күйіп, ашуланып кетіп, өз қамшысын иіріп кеп:

— Соқ дүрені! Өзіне де соқ бұл иттің! — деп ақырып жіберді. Сол кезде Құнанбайдың қақ қасынан қатты ашулы айғай шықты.

— Боқты соғарсың! — деп саң еткен Байсал еді... Құнанбай бұған атып жіберетіндей боп жалт қарап тұрып, бұзылған түсін анық таныды. Бірақ өз дегенінен қайтқан жоқ.

— Соқ! Екеуіне де соқ!! — дегенде, Майбасар бастаған Ырғызбай мен атшабарлар батырлатып жөнелді.

Бөжейге де, Пұшарбайға да қамшы тиіп жатыр.

Байсал енді өз атын кимелетіп кеп, Майбасарды қағамаға, Пұшарбайды айыра берді. Барынша ақырып, айғай салып:

— Көтібақ! Көтібақ! Ер соңымнан, Көтібақ! — деп ұран салып, бар Көтібақты бір-ақ сәтте екшеп алды. Қалың нөпірмен Құнанбай тобынан лезде бөлініп ап, Жігітек жаққа шыға берді.

Бірақ бұл арада оған қосылып, төбелеске шығарлық Жігітек тобы мардымсыз. Сондықтан ол Құнанбай қолымен соғысқан жоқ. Осы арада ашумен булығып кеп, Бөжей үшін, Пұшарбай үшін, барлық ағайын, ел үшін намысы қайнап, жаны ашып, Жігітек жаққа жарқ бергені анық.

Жұрттың бәріне де бұл жай оп-оңай танылды. Майбасарлар енді бұдан ары Бөжейді ұра алмады. Босатып, тұрғызып жіберді.

Бөжей тұрып алып, анадай жерде сырттап бара жатқан Құнанбайға айғайлап:

— Әй, Құнанбай! Мен сені оқтан аяп ем жаңа, сен мені отқа салдың ба? Осыныңды ұмытпа! — деп қалды.

Құнанбай Көтібақтан басқа қалған қолын іріктеп алып, әлі де қалың нөпір болып, Қарашоқыға қарай қайта тартты.

ЖОЛДА

1

Бейуақ еді. Кеш қараңғылығы қоюланып келеді. Үлкен үйдің бұрыш-бұрышынан қарауытып түн туып, тұтасып келе жатқан тәрізді.

Жидебайдағы қыстаудың ең үлкен бөлмесі осы. Кілемді, текеметті, алашалы, көрпелі, меймандос, мол үй.

Абайдың кәрі әжесімен, өз шешесімен бірге тұратын үйі осы еді.

Әлі шам жағылған жоқ, жұрттың көбі тыста мал жайып жүр. Кең үйдің іші құлазығандай. Дағдыдан тыс оңаша. Шыңғыс жаққа қараған терезенің алдында қос тізерлеп, екі шынтағын терезенің алдына салып, иегін қолдарының үстіне қойып Абай отыр. Бұдан басқа оң жақта, жер төсектің үстінде бала уатқан Зере бар. Тізесімен тербетіп отырғаны – Айғыздан туған немере қызы, үш жасар Кәмшат. Кәрі әже күндегі машығы бойынша бесік жырын айтады. Өте бір өзгеше, ескі жыр. Абайдың өз әжесінен басқа ешкімнен естімеген жыры. Бірақ кәрі әжесінің өзіндей соншалық жақын, ыстық, сүйікті жыры. Кішкентай күнінде Абай өзі де кеш сайын осы жырдың тербеуімен ұйықтайтын. Сол күндерден бір ырғағы ауыспаған, бір сөзі де өзгермеген, ана жүрегіндей айнымас жыр. Осындай қоңыр кештің қоңыр күйі. Бейуағына жеткен әженің өмірлік гөй-гөйі. Сырт қарап отырған Абай әженің кейде шерлі, кейде мейірбан рақым күйін өзін тербетіп отырғандай сезеді. Аяқталмай созыла түссе екен дейді.

Осы қыстауға қонғаннан бері, кеш сайын Абай ешкімге білдірмей, елеусіз ғана әжесімен оңаша қалады.

Неге қалатынын әжесіне де айтпайды. Жалғыз-ақ кеш батып, қораға мал келетін уақыт тақалғанда, кіші шешесі Айғыздың үйіне барып, мына кішкене қарындасы Кәмшатты көтеріп, еркелетіп ойнап жүреді де, ақырында әжесіне әкеп береді.

Кәмшат тез ұйықтамайды. Қазір де, ала көлеңкеде көрі әжесі байқап отыр — ән тоқтай қалса, кішкентай қыз қарақаттай қап-қара көздерін ашып алады. Ұзын кірпігін ұйқылы-ояу қағып, “тағы айт” дегендей, қыңқылдай бастайды.

О да құнығып алған. Осындайлық бейуақ шағын Абай әрқашан үнсіз, жым-жырт қана өткереді. Өзімен-өзі ғана болуын сүйіп, саяқ қалады. Егер ол кей күндер бұл шақта тыста болса, жапа-жалғыз төбе басына шығып кетеді. Қыр кеші бұның бір ұғымсыз әміршісі, сүйсіндіре мүлгіткен зор мұңдасы тәрізді.

Құлағы әжесінде, екі көзі сонау алыс көк тау, қатпарлы қалың Шыңғыс жотасын қыдырады.

Жидебайдан жиырма шақырымдай жердегі Шыңғыс кешкі шақта ымырт жабыла, көкшілденіп, суық тартып алыстай береді. Жайын күштің жотасы тәрізденген қалың ауыр жоталар мен қатаң суық серек тастар болсын, баршасы да жым-жырт қана сілейіп, түнге бейім ұсынып барады.

Соңғы күндер ол тауларда не хал болып жатыр. Бұл ауылға әзір мәлім емес.

Бірақ Борсақ, Бөкеншінің Қарашоқыдан қуылғаны, күңірене көшіп кеткені анық. Қалың Шыңғыс, қатпарлы бөктер бұл күндерде пәлелі бөктер екені анық. Абай соны ғана біледі.

Таудан соққан салқын ызғар, қатал мінездердің ызғары тәрізді. Ызылдаған суық лептің қарсысына ана жыры, мейіршапқат жыры үн қосады. Құшағына тартқан өзгеше күш, бар дүниені өзіне бағындырар орны бар, баяу да болса, басым саз. Абай бір түрлі сейіліп, іштей серпіліп алып, тау жотасынан биіктеп, аспанға қарады. Толық ай ашық көкті қалқып, сызып келіп, бір топ шоғыр қара бұлтқа кірді. Кірді де, қызық күйге түсті. Абай соған қарап өзге жайдың бәрін ұмытып, аңырып телміре қалды.

Қара қошқыл кілегей бұлттың жоғарғы жақ шетін ала кірген ай бір көрініп, бір сүңгіп, машығынан тыс жылдам жүріп, дәл жасырынбақ ойнағандай құбылады. Кейде бір-жолата білінбей батып кетіп, артынан тез жарқ етіп, күліп шыға келед те, лезде барып тағы шомады.

Келесі сәтте көзін қысып, сығырайтып, әдейі ойнағандай боп, бір жақ шетін ғана көрсетіп, сызып қалқып отырады да, тағы да сөне қалады, Абай дәл мұндай болып құбылған ойнақы айды ең алғаш байқағаны осы еді. Тағы бір рет ай шеті

қылдырықтай боп көріне түсіп, сөне қалғанда, еріксіз күліп жіберді... Мынау ай дәл бір құлдыраған жас бала төрізденді... “Қу шұнақ, тәтті қылығы бар бала”.

Бір сәтте есік артында тасырлатып, салдыр-гүлдір асығып келе жатқан аяқ дыбыстарын естіді... Сақылдап тұрып, күле қашып, жүгіріп келе жатқан Оспан екен. Артында біреу өкшелеп қуып келеді. Қуғыншы – бақыра жылап, өлердей күйіп келе жатқан Смағұл. О да Абайдың інісі. Айғыздан туған. Смағұл Оспанмен түйдей құрдас.

Абай терезе алдынан атып тұрып, Оспанның анаған бір зорлық қылып келе жатқанын сезіп, алдынан шығып ұстай алды. Смағұл да кеп Оспанға жабыса түсті. Өз үйіне жетіп алған Оспан енді төбелеске әзірленіп, қарсы айналып:

– Ал қайтесің? – деп, Смағұлды жағадан ала бергенде, Абай екеуін айырып жіберіп, Смағұлға қарады.

– Немене, не қылды? – деп еді, Смағұл қорсылдап, жылап қоя берді.

– Құлжамды, қызыл құлжамды ұрлап мынау...

– Қашан? Әй, жылауық! – деп Оспан әуелі күліп алып, артынан өтірік қорс-қорс етіп жылаған боп: – “Кіжіл құлжәм” – деп, Смағұлды мазақ қыла бастады...

Абай Оспанға тап беріп зекіп:

– Бер құлжасын! – деді.

Оспан:

– Алғам жоқ, өтірік... – деп тана берді.

Бірақ Абай ырық бермеді. Тінте бастады. Оспанның тінту бермек ойы жоқ. Барынша бұлқынып, Абайдан сытыла қашып, пеш қасына барды. Екі қолын артына ұстап, бұрышқа кептеле тығылып тұрып алды. Дәл жанында үлкен биік шелекке ашытып қойған түйенің қымызы бар.

Ұлжанның күз уақытында Зере мен балаларға әзірлеп отыратын ағы осы.

Оспан әдейі сол араға тығылып тұр. Абай қыспаққа ала берсе, сол шелектің бір септігін көрмек. Тіпті, болмаса шелекті құлатып, Абайдың өзін де шатаққа ұрындырмақ. Өзінен қайраты артық ағаға содан басқа мұның істер дәрмені жоқ. Оспанның шатақ іздеп тұрғанын таныған Абай, енді оны сүйреген жоқ. Бірақ қатты ыза боп, Смағұлға болысып кеп:

– Шығар шапшаң құлжаны! Көрсет қолыңды! – деп тұрып, Оспанның құлағынан алып, аямастан жұлқып бұрай

бастады. Оспан айқай салып шыңғыра беріп, күбі шелектің бетіндегі асжаулықты бір сыдырып түсірді. Шелектің өзін қағайын дегеніне Абай жібермеді. Сонымен келесі бір сәтте Оспан айқайын зорайта беріп, қолындағы қызыл құлжаны қымыз ішіне “шөп” дегізіп тастап жіберіп, екі қолын көтеріп, Абайға:

– Міне! Ойбай!.. Міне, түк жоқ! – деп зарлап қоя берді. Абай мұның не қылғанын байқаған жоқ еді. Бірақ Оспанның бар қимылын бағып тұрған Смағұл құлжаның қымыз шелекке түскенін байқап қалды. Ол тап беріп шелекке жетті де, білегін сыбана беріп, кір-кір қолын қолтығына шейін бойлата қымыздың ішін салдырлатып сүзіп жатыр. Абай енді Смағұлдың ақымақтығына ыза боп, Оспанды қоя беріп, ананы тартайын деп еді, Оспан дәл осы кезде Абайдан босай сала қымыз бетіне үңіліп тұрған Смағұлды желкесінен түйіп-түйіп қалып, қымыздың ішіне бет-аузы мен құлағына шейін батырып жіберді. Өзі жәнә сақылдап кеп күле бастады. Смағұл құлжаны таба алмай, аузы-мұрнына қымыз кетіп, шашалып, ықылық атып, тағы бақыра тұрды. Барынша күйіп қайнаған қалпында Оспанға жұдырық ала үмтыла берді.

– Әй, қуарған-ай!.. – деп, соған қосып аса қатты, сұмдық бір боқтықты айтып қалды. Оспанға ұрысам деп Ұлжанды боқтаған еді. Оспан қалт етіп аңырып тұра қалды. Сасқанынан Смағұл сөзін анықтап аңғара да алмады. Бірақ Абай өз анасы үшін қатты күйіп кетіп:

– Әй, ақымақ!.. Ол оның шешесі болса, сенің де шешең. Бұны кім үйретті, доңыз? – деп кеп, Смағұлды жақтан тартып-тартып жіберді.

Осы бәлені шығарғаны үшін Оспанды да аямай ұрды. Сонымен екі інісі екі жаққа бақыра-бақыра жөнелісті. Оспан барып әжесінің қасына құлап түскенде, Смағұл өз үйіне, өз шешесін іздей жүгірді.

Оспан мен Смағұл алысу мен төбелесуден көз ашпайтын. Татулықтары сәл болса, ұрыс-таластары күнұзын айықпайды. Бүгін Оспан кеш батарда Смағұлға барып, екеуі біртүрлі тату бола қалып еді.

Өйткені Смағұл өзінің барлық асықтарын төгіп, Оспанға жаңа боялған бір арқар асығы – қызыл құлжасын көрсеткен болатын.

Оспан осыны көргеннен-ақ Смағұл қасынан кете алмаған. Кеш бата үлкендердің бәрі мал жайлағалы тысқа кеткенде, екеуі сол үйде оңаша қалған. Оспан үй ішінің алакөлеңке болуын тосқан екен. Жаңа іңір қараңғысы бола берген кезде, көп асықтың ішінен қызыл құлжаны қымқырып алып, өз үйіне қарай жөнеле берген болатын. Смағұлдың байқап қалып, іле қуғаны әлгі екен.

Абайдың көңіліне Смағұлдың жаман сөзі зілдей тиді. Өз анасына жаны бір түрлі қатты ашып, үлкен бөлменің тап ортасында тапжылмай қатып тұрып қалыпты.

Бір сәтте Смағұлдың бақырауық даусы қайта жақындап келе жатқанын байқады. Сол дауыспен қатар, шаптығып қатты ұрсып, асығып келе жатқан кіші шешесі Айғызды таныды. Айғыз үлкен үйдің есігін сарт еткізіп шалқасынан ашып, табалдырықтан аттай бере, Смағұлды жұлқып ұшырып, үйге кіргізіп:

– Мә, жендер! Талап түтіп жендерші бұл қуарғанды! Жабылындар, мә дейім!.. – деп, Абайға қатты төніп жетіп келді.

– Кіші апа!.. – дей беріп еді, Айғыз оны сөйлетпестен қаптап кеп:

– Әлімжеттік қыласың ғой! Сендер бір шешеден төртеу-сіндер, көпсің.

– Кіші апа деймін!.. Не дегенін сұрашы, тым құрмаса!

– Керегі жоқ! Ержеткенде білгенің сол ғой! Сен де күндестің баласы деп тұрсың ғой.

– Құдай-ай, не дейсіз?

– Ұрған жақсы болса, ертең оқудан келер Қалел де. Сенің сыбағанды берер! – деп, орысша оқуда жүрген өзінің үлкен баласы Қалелді де есіне алды... Жасақтасып, төбелескелі тұрған екі күндес ауылдай.

– Ойпырым-ай, ана болғандағы ақылыңыз осы ма, кіші апа?

– Жағаласпа, шығарма тілінді! Бұлар бәйбіше, біз тоқал... тепкі көрмекпіз ғой...

Абай өз үйінде, өз анасынан көрген мынадай әділетсіз зорлыққа жаман күйді. Сұп-сұр болып, булығып, дір-дір етті. Бірақ жылаған пішінін білдірген жоқ.

– Түү! Қойыңызшы, сіз қалай едіңіз? – деп, қатты түңіліп терезе жаққа қарай бұрылып кетті. Сөз қатар мұршасы жоқ.

Зере бұл жанжалдың бәрін естімесе де, Айғыздың шаптығып келген түріне қатты ашуланған екен. Абайдың күйген ажарын да танып еді. Енді Кәмшатты жатқызып қойып, түрегеліп келініне жақындап кеп, қатты ақырып:

– Жоғал әрмен, балаларымның арасына кіріп, іріткі салып не шатып тұрсың! Шық жаның барында! – деді. Айғыз көрі әжеден жасқанып, кейін серпіле берді де:

– Тоқал демексің, мүйіздемексің ғой бірігіп ап... Кө-рермін... келсін ертең, – деді. Ескерткені Құнанбай. Сұлу тоқал байына ыстық. Бел қылғаны сонысы. Бұл сөздерін Зереге естірте айтпаса да, Абай естісін деген сияқты.

Дәл осы кезде Айғыздың сырт жағынан өте бір сабырлы және соншалық салқын үн шықты. Ол сөйлеген Ұлжан еді. Үйге кіргелі бірталай болса да, Ұлжан үндемей ғана барды тыңдап тұр екен.

– Қой, жарықтығым, жетті енді! Сақтағаным балалар еді. Олар екеш оларды да аямағаның ба? – деді.

– Өл де маған...

– Тоқтат, жаным! Бар! Айтқаныңды кумаймын. Тек ашуыңды аулақ әкет! Болды. Бар!.. – деп жай ғана бітірді. Айғыз Смағұлды қолынан ұстап Ұлжанға біраз қадалып тұрды да, үндей алмай шығып кетті.

Ұлжан ақырын күрсініп, Айғыздың артынан қарап, біраз жым-жырт тұрып барып, сырт киімдерін шешті. Қалтасынан шақпақ алып тұтатып, пеш қырында тұрған тас шамды жақты. Үй ішін әлсіз қызғылт сәуле жарық қылған уақытта шешесі Абайдың аса жүдеп, қабағын шытып, қиналып отырған қалпын байқады.

– Абайжан, немене, балам?

– Апа-ай! Осы бір кеселді мінез кіші апамнан неге көп шыға береді! – деп, шешесінің қасына келді.

Баласы үлкен кісідей сыр сұрап тұр. Ұлжан өзгеден бүксе де, Абайдан іріккісі келмеді. Бұл баласына айта алады.

– Балам-ай, күндестің аты – күндес те! Қу жараны жалап жазған боламыз да. Әйтпесе, менің де қай сырымды біліпсің! – деді.

Абай шеше сырын іштен танығанмен, айтар жауап таба алмады. Үндемей сырт айналып кетті.

Осы кезде тыстан дабырлап, күле сөйлесіп, Абайдың үлкен ағасы Тәкежан мен Ғабитхан молда кіріп келді. Бұлар үйге көңілді, көтеріңкі шырай ала кіргендей.

Тәкежан Абайдан екі жас үлкен. Қалжыңбас, әзілқой болатын. Фабитхан одан едәуір үлкен болса да, Тәкежан тату құрбысындай күліп, соқтығып ойнай береді. Молданың тілін қылжақ қылып, мазақтап келеді екен. Фабитхан – татар жасы. Осыдан бірнеше жыл бұрын солдаттан қашып, қазақ ішіне, Қарқаралы қазағының ішіне келген. Бертис ішіндегі Ырғызбайдың сүйек-шатыс бір аулына келген-ді. Олар сол жылы Өскенбайдың асы болғанда, бұл жігітке:

– Сен бір мықты адамның ығында болсаң, жақсы болар, – деп Құнанбайға әкеп, таныс етіп, табыс қылған.

Фабитхан жас та болса, молдалығы жетік кісі саналып, Құнанбай қолында тұрып қалған.

Мінезі аңқау, тілі қызық, өзі майда, сүйкімді адам. Бұл ауылдың үлкен-кішісі аса бір ғазиз адам санап жақсы көретін. Қылжақтай беретін жалғыз Тәкежан.

Фабитхан соңғы күндерде әрбір кеште үй ішіне “Мың бір түн” хикаяларын айтуды машық қып алған.

Бүгін де кешкі шайдан соң, Ұлжанның қозғауы бойынша, кеше бітпей қалған бір қызық әңгімесіне – “Үш соқыр” хикаясына кірісті.

Бірақ бұл кеште ол әңгіме аяқталмай барып, үзіліп қалды. Өйткені терезе түбінен дүбірлетіп, қатты жүріп келген салт аттының дыбысы естіліп еді. Үй іші:

– Бү кім екен?

– О кім өзі! Қатты келді ғой? – десіп аңырып отырғанда, Жұмағұл атшабар кеп кірді.

Бұл амандасып болар-болмастан, кеше Тоқпамбет үстінде болған төбелесті айтуға кірісті. Өзінің оң жақ бетінде жара бар екен. Онысын да және барлық кеше таңертеңнен бастап болған бастан-аяқ халді де түгел айтты.

Зере естісін деп даңғырлап сөйлеп, қатты айтады. Бөжейге дүре соққан жерді құшырланып, әсіресе, сүйсініп айтқан тәрізді...

Зере Бөжейге соққы тигенін естігенде Жұмағұлға қалалып, ызғарменен қайта сұрап, анықтап ап:

– Жанашырлық жақсының арты еді. Ардан кеткен екенсің, түге. Қуарған неме, оның несін қақсап отырсың балашағаның көзінше? – деп, Жұмағұлды зекіп, тыйып қойды.

Үй ішіндегі өзгенің бәрі де Бөжейді соншалық үлкен, жақын санағандықтан ба, болмаса кәрі әженің сөзінен бе, әйтеуір, бір түрлі тіксінгендей боп, үндемей қалды.

Әке мінезін сүйсініп қостаған жалғыз Тәкежан болатын.

Ол:

– Е, аяқтан алмасын, білсін, әнеки! – деді.

Ұлжан бұған суық қарап:

– Бықсымай, қой әрман! Өзгенің қылғаны да жетер! – деді. Бұл әңгімені Жұмағұлмен бірге кеп кірген мосқал қойшы Сатай да тындаған еді.

Аздан соң ол күндіз қой жайып жүріп өзі көрген жайды айтты. Бүгін түс кезінде Бөжей, Байсал, Байдалы бар – он шақты кісі Кеңгірбай бейітіне әдейі бұрылып кеп құран оқып, көп уақыт үйіліп тұрысып, содан кейін күнбатысқа – Шұнайға қарай сапар тартып кетіпті.

Атқосшыларының біреуімен Сатай тілдескен екен:

– Бөжейлер Құнанбайдың үстінен арыз айтқалы дуанға – Қарқаралыға кетіп барады. Мына атасының басына әдейі кеп, құран оқып аттанды, – депті.

Жұмағұл мұны ести сала өз шаруасын айтты. Құнанбай Абайды шақырта жіберіпті.

Ертең ол да Қарқаралыға жүрмек. Абайды қасына ере жүрсін депті. Бұл хабарды үй іші үн қатпай тындады да, тегіс томсарып қалды.

Ертеңіне түске жақын Абайды ұзақ жолға аттандырғалы жақындары тегіс тысқа шықты. Семіз құла жирен атты күміс ер-тоқыммен ерттеп, Абайды соған аттандырғалы Жұмағұл ұстап тұр екен. Абай ең алдымен кәрі әжесімен қоштасып:

– Қош, әже! – деп кеп, екі қолымен әжесінің кішкене кәрі қолын қысты. Әжесі Абайдың маңдайынан иіскеп тұрып:

– Әруақ қолдасын, жолың болсын! Абайжаным! – деді.

Өзгелермен алыстан ғана “қош-қош” десіп, Абай атына қарай жүре берді. Шешесі Жұмағұлдың қолынан құла жирен аттың тізгінін алып, Абайды:

– Кел! – деп шақырып ап: – Пісмілдә, – деп өзі аттандырды.

Баласы атқа қонып, жүруге ыңғайланып, тізесін қымтай бергенде, Ұлжан өзінің үлкен ақ саусақтарын жирен аттың жалына салды. Бір нәрсе айтатын сияқты. Абай осыны аңғарып, анасының жүзіне қарағанда, Ұлжан бұған біраз көз салып тұрып:

– Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін. “Күндестің күлі күндес” дегенді сен білмей-ақ қой. Бөжекенді

көрген жерде сәлемінді түзу бер. Бір кезде жақсы жақының еді. Кім тентек, кім мақұл? Қайдан білдің? Әкең дұшпан десе, сен әділ бол! Жамандыққа кім табылмайды дейсін, жанашырдан айрылма! – деді.

Абай жүріп кетті. Артына бірнеше бұрылып қарағанда, аналары үйге кірмей, ұзақ қарап тұр екен. Шешесінің соңғы сөзі Абайдың құлағына әлі естіліп тұрған секілді. Қазірде бұның жаны ашыған тілеулесі – Бөжей.

2

Абай әкесімен Қарқаралыда тұрғалы көп күндер болды. Қазірде қыс әбден түсіп, қар бекіп алған-ды.

Құнанбай кішкене қаланың тап ортасындағы көк шатырлы, үлкен ағаш үйді жатақ еткен. Қазғауар, қонақшыл, татар саудагерінің үйі.

Бұл қалаға аға сұлтан көп туысқанын, көп нөкерін ертіп келген. Құнанбай пәтерінің маңындағы үш-төрт кварталдың әрқайсысында өзді-өз тобымен ошарылып, орнап жатқан Майбасар мен Құнанбай пәтерлерінен күндіз-түні табылып тұратын тілмаш, стражниктер болады. Майбасарға тиісті атшабар Қамысбай, Жұмағұлдан басқа Құнанбайдың өз жігіті, өз атшабары – Қарабас та бар-ды.

Бұлардан басқа жай ерте шыққан бір топ жігіт-желеңі тағы бар. Құнанбай жігіттерінің ажарын өзгеден басқарақ көрсететін бірен-саран басқа тұқымның жігіттері де бар.

Тегінде, Құнанбай қолында Ғабитхан сияқты татардан, Бізғұтты сияқты қырғыздан, Бердіқожа сияқты қожадан келген, тіпті, шеркестен де келген жеке адамдар немесе тұтас ауыл, топтар көп болушы еді.

Жиыны отызға тартатын нөкерлер сегіз үйде жатады. Қарқаралының тап ортасы Тобықтының бір аулындай болды. Әке қасынан ерігейін десе, Абай анда-санда осы үйлерді шетінен аралап, өзінше ермек тауып кететін.

Бүгін де таңертеңгі шайдан соң, Абай әке қасынан шығып, Майбасардың пәтеріне келе жатты. Күн шағырмақ ашық. Қарқаралы атырабындағы өлке жота жалтырап, аппақ сіреу боп жатыр. Қала желкесіндегі әсем таудың да қарағай атаулысын күпсек қар басқан. Абайға ағашты таулар қазірде ақ шидемін айналдырып киген, қыс кәрінің өзіндей көрінді.

Шытқыл аяз бар. Терісінен ескен болымсыз ғана жел лебі білінеді. Абай түлкі тымағының бауын байлай бастап, әжесін есіне алды. Жүрерде: “Тымағынның бауын байлап жүр. Құлақтан тиген шаншу жаман болады. Көресіні көріп отырмыз ғой, міні” деп, өзінің мүгедектігін мысал еткен. Суықтан сақтана жүруді көп айтқан.

“Сау ма екен өзі?.. Әрбір аяз, әрбір боран күні, әсіресе, еске алатын шығар-ау!” – деп, Абай Жидебайдағы үйді тегіс есіне алды. Өзі де шешелерін сағынған-ды.

Аяғының астында шыныланған қатқыл қар сықыр-сықыр етеді. Үшкір тұмсық жаңа қара етігі бар еді. Саркідір болған қардан тайғанай береді. Абай бұл уақытта бала сияқты емес. Жас бозбалаша киінген. Қара мақпалмен тыстаған түлкі тымағы бар. Үлкендер пұшпақ тымақ кесе, соңғы жылдарда бозбаланың көбі осындай түлкі тымаққа ауысқан еді. Үстінде тиін ішіктің сыртынан киілген, жағасы қайырма қара барқыт қаптал шапаны бар. Құла түсті ықшам тігілген шапан. Аса ұзын жең емес. Кең қолтық, ұзын жең үлгіні осы Қарқаралы қазағы ғана киеді. Олардың жағасы да Тобықты үлгісінен басқаша, Тобықты тымағы Қарқаралыныкіндей төрт сай емес, алты сай болатын. Абайдың кигені сондай өз елінің тымағы. Белінде кісе белдік емес, жасыл түсті көріс белбеу. Бұ да – анық бозбаланың белгісі.

Абай көше бойында салт атпен топ-тобымен өтіп жатқан ел кісілерін көріп келеді. Көпшілігі – Құнанбайдың пәтеріне кетіп бара жатқан жандар. Күндегі машық бойынша келіп жататын атқамінер, даугер арызшылар.

Абай Майбасардың пәтеріне жетті.

Қақпадан кіре бере жабық қоралардың алдында топталып жиылып тұрған көп Тобықтыны көрді. Бөтен кісі жоқ. Тегіс өзіне мәлім ағайын, туысқандары. Ылғи үлкендер екен. Орта тұста ақ сеңсең ішігін желбегей жамылып, зор денелі, қызыл күрең түсті Майбасар тұр. Қасында Жақып, Төлепберді, тағы басқа бірнеше жас жігіттер бар. Өзге пәтерлерде жататын Тобықтының барлығы осында.

Жалы құлағынан асатын күрең құнаншығарды жігіттер жығайын деп жүр. Абай біледі: Қарқаралыға келгелі семіз қой, ту бие, қысырдың тайы сияқты сойыс малы бұл топқа жан-жақтан “Қүнекең сыбағасы” деген атпен күн санап келіп

жататын. Майбасар бір семізді сойып, барлық өз тобын бір арада сыйламақ тәрізді.

Бұл Ырғызбайлар Қарқаралыға қарай беттеген жол бойында да, мына қаланың өз ішінде де ылғи осындай күтім мен бап көріп келеді.

Іштерінен осының бөріне жеткізіп, өзге қазақтан бұларды әрі жуан, әрі сыйлы қып жүрген Құнанбайға дән ырза. Күрең құнаншығардың семіздігі сол алғыстарын естеріне қайта салды. Бұндайдағы дағдылары бойынша “мырзаны” тағы ауызға алысты.

— Осы жолғы мырзаның абыройы бөлек боп тұр-ау! — деп бастаған Жақып еді.

Аға сұлтан Құнанбайды Қарқаралы арызшыларымен бірге осы Тобықтылар тегіс соңғы мезгілде Құнанбай демей — “Мырза” деп атасатын.

— Қызғанған дұшпанның іші күйсін! Ертең мешіт те бітейін деп тұр... жұрттың тілеуі тегіс-ақ бұрылды білем, біздің мырзаға, — деп Майбасар мазатсып қойды.

— Мешіттің өзі де келіскен-ақ екен!

— Бұ Қарқаралы көрмеген сәулет қой... — десіп, Бұрахан, Төлепберділер де сүйсіне сөйледі...

Абай Қарқаралыға келгелі “мешіт” деген сөзді әкесінің аузынан да және басқа атқамінерлердің аузынан да көп-көп есітетін. Әкесінің атақ-абыройын осындай көп аузына қатты жайып бара жатқан сол мешіт жөні екенін де жақсы біледі.

Құнанбай өткен жаздан бері бұл атыраптағы ең бірінші мешітті осы Қарқаралы қаласына өз әмір-күдіретімен салғызып жатқан. Сол мешіт бүгін әбден бітпек еді. Қала ішіндегі молда, қалпе атаулы, ел ішіндегі атқамінер қарт-қария атаулы мешіт салғызғаны үшін Құнанбайды шынымен көп дәріптейтін.

Құнанбайға екі күн бұрын келіп кеткен қазағуар имам, молда Хасен Саратауы да:

— Қарадан хан туған өзіңсің... Мәсжідтің кәлам шарифтегі бір исмі Бәйтолла... хұдай тәбарака уа тағаланың үйі... Оны надан қауым қараңғы сахара ортасына салған сен, иеннің сүйген құлының бірі боларсың. Ыншалла... — деп, көп атқамінер, старшын, ұлықтар алдында алғыс айтып, фатиха беріп еді... Жаңағыдай бұл дүние мен ол дүниенің берекесін бірақ берген хазіретке Құнанбай сол жиыннан қайтар шағында бір ат, бір түйе беріп, үйіне апартып салған.

Абай өз әкесінің өзге атқамінер атаулыдан мықты, қайратты екенін сезеді. Қазір көп-көп ойлап, көп бағып, танып көргісі келетіні дәл осы өз қасындағы өз әкесі. Жақын жерден, қасынан қарағалы әкесі бұған үлкен жұмбақ боп тұр.

Күрең құнаншығардың тандамалы жылы-жұмсағы ас үйге қарай әкетілді. Өзге үйдегі Тобықтылар да қазір Майбасардың түстігіне жиыла бастап, қора ішінде жүріс молайып еді. Келген жұртты Майбасар үйге қарай бастап, енді жайланып отырыспаққа бет алған кезде, қақпа ашылып Қарабас кірді.

Жүрісі шапшаң екен. Майбасар соған қарап, тосып тұрып қалды. Қарабас тақай бере:

– Алшекең келеді... Мырзаға қазір Алшекең келеді дейді. Соған сендерді шақырта жіберді... тез жүріңдер! – деп, Майбасар мен Жақыпқа қарады.

Майбасар сеңсең ішігінің жеңін киіп, қақпаға қарай беттей берді. Жақып та солай басты. Абай өзгелермен қалайын деп еді, Майбасар артына бұрылып:

– Абай, сен де жүр!.. Атаң ғой, атаң сәлем бер, – деп, мысқыл еткендей сылқ-сылқ күлді.

Осыдан екі жыл бұрын Құнанбай мен Алшынбай достығы құдалыққа соғып, осы Алшынбайдың Түсіп деген баласының Ділдә деген қызын Абайға айттырысқан болатын. Алшынбай, сонымен, Абайға үлкен қайын ата болушы еді.

Қарқаралыға келгелі Алшынбай Құнанбайға бірнеше рет келіп қонақ боп кеткен. Бүткіл бұл атыраптағы атқамінердің Алшынбай атын атауы басқаша көрінген. Оны Алшынбай деуші кісіні Абай әлі есіткен жоқ. Ылғи “Алшекең” дейді. Осы өңірде аға сұлтан Құнанбай атымен тең аталатын, кейде, тіпті, жапа-жалғыз аталатын ат соның аты...

Оның ата-тегін де бар Тобықты, бар Қарқаралы “Қаракөк” деп атайды, Алшынбай белгілі би Тіленшінің баласы, одан арғы атасы – Қазыбек би. Осының бәріне қарағанда, Абайдың қалыңдығы Ділдә, тіпті, бір үлкен, асқақ жердің қызы тәрізденеді. Сол қалыңдықтың қалыңмалы да осал болмаған болу керек. Өйткені Құнанбай аулынан Қарқаралыға қарай шығатын топ-топ жылқы, түйе, көбінше, осы Алшынбай аулына барушы еді. Жалғыз ғана құдалық па, жоқ басқа да ілік пе, әйтеуір, Алшынбай, Құнанбай әбден айқасқан, ішек-қарын араласқан дейтін жақындардың өздері.

Майбасар, Жақыптардың Алшынбай аты аталғанда аял қылмай жөнелетін себебі осы.

Алшынбай аты Абай бар жерде аталса, Майбасар ылғи ғана ұялтып:

– Қайын атаң осы!.. Бұл атыраптың үлкені осы. Үстіне баса кірме!.. Кірсең, тәжім ет, – деп тәлкек қыла беретін. Жаңағы мысқыл күлкісінің мәні де сол.

Абай Майбасардың күлкісінен жасқанып, Алшынбайдан қашқалақтап жүр еді. Бірақ Құнанбай, Алшынбай екеуі өткен бір жолы бұны әдейілеп шақыртып алып, “ұялма” дескен... Жігіт боп қалдым деп жүрген шағында, ауылдағы келін-кепшіктей ұялтып, бұқтырып жүрген Алшынбай атын Абай оншалық ыстық көрмеуші еді.

Ал Майбасар мен Төлепберді сияқты немесе Жұмағұл атшабар сияқты тіліне тыйымы жоқ мысқылшылардың “қайын”, “қалыңдық”, “жесір” деп Ділдәні ескерте берген сөздері Абайды, тіпті, Ділдәнің өзін ойлаудан да жасқандыра беретін. Қалыңдық жайын Абай әзірше ылғи жатырқай ойлайтын.

Қазір көше бойымен үшеу-төртеуі келе жатқанда Майбасар Абайға бұрынғыдан гөрі салмақты түспен қарап, шынын айтқан кісі тәрізденіп:

– Мына мешіттің тойы өтіп, іс жеңілейсін. Кішкене қол босасын. Содан соң саған айтатын бір үлкен сөзім бар... Ашуланба, баламысың? Өзің зіңгіттей азамат болдың... Алшынбай аулына малды текке беріп жатыр ғой деймісің жұрт... Осы жолы Қарқаралыдан қайтарда өзіңе бір мәслихат айтам, – деді. Абай күндегі дағдысы бойынша, томсарды да, үн қатпады. Іштей Майбасардың нені айтпағын сезеді. Көнейін деген ойы жоқ.

Қарабас:

– Айтам деп еру қылғанша, “айттым, бастадым” десеңші, Абай оны сезбей келеді деймісің? Іші бәрін сезеді бұның! – деп мінбелете бастады.

– Жә, жә! Осы ат мінгізгендей көрейін, тек осындаймен мақтағаныңды қойшы, тіпті, Қареке! – деп Абай Қарабастың иығына асыла түсті. Майбасардай емес, Қарабаспен еркін сөйлесетін. Және Қарабастың тілін, мінезін жақсы көруші еді. Сондықтан ойнап, еркелей беретін.

– Тек іс бітсін... айтқаным айтқан... Сенімен әлі сөйлесем. Сөйлескенде бек сөйлесем!.. – деп, Майбасар жаңағы сөзінің құпиясын молайта берді. Абай ішінен: “Осыны әкеммен ақылдасып айтып жүр-ау” деп ойлады. “Онда қалжың емес, шынының өзі болғаны. Неткен бәле?..” деп, Абайдың кейпі бұзылды... Әлденеден... Әйтеуір, осы жайды айтса, кәдімгідей қатты мазасызданады... Сөйткен сайын Ділдәдан көңілімен алыстай түседі. Оның аты бұған бір алуан зорлық ноктасы сияқтанады.

Қабағын түйіп, екі көзі жалт етіп, жақтырмай қарағаны болмаса, Абай Майбасардай ағаға қатаң жауап айта алмады.

Осы кезде бұлар Құнанбай пәтеріне де жетіп, қораның ішіне кіріп еді. Бю-кию толып жүрген аттылар, жаяулар екен. Мол қораның әр жерінде үштен-төрттен, тоғыз-оннан топталып, қоралай отырып, келелі сөздерін сөйлесіп жатқан даулылар... Старшын, билер... Осы кеңестерде тергеу, билік, бата, серт, айып, кінә, татулық, араздық та сөз боп жатыр. Жиындағы жандардың көпшілігі Бошан тәрізді... Тымақ, шапандары соны баян етіп тұр. Оқта-текте ғана Балқаш бойынан келген Дадан Тобықтының үлгісі немесе Дағанды Керейінің қой жүні шекпені мен шошақ тымағы көрінеді.

Бұл кең ауладағы топтардың ру-руларын киімдерінен басқа тағы бір белгілері айқын білдіреді. Қарабас Абайға әр рудың атына басқан таңбасын да кеше күндіз айырып-айырып айтып беріп еді. Абай қора ішінде келе жатып, әр топтың тұс-тұсында байлаулы тұрған аттарына қарап, сандарынан таңбаларын көріп, іштен танып келеді. “Анау “көз таңба” дейтін қос дөңгелек – Арғын, Бошан аттары. Мына біреу “ашамай” таңба – Керей. Ал ана біреу көк ат ше? Е, е, ол “шөміш” таңбалы – Найман екен ғой. Бұл жақта Найман да бар екен-ау!..” деді. Екі жерде араптың “шын” әрпіне ұқсаған Төре таңбасын да таныды. Абай тыста осы жайларға қарай түспек еді, бірақ үлкендер тоқтамады, бәрі де үйге кірді. Жақып алдымен жүріп кеп, Құнанбай отыратын бөлменің есігін ашты. Үшеу-төртеуі тұтас кіріп, сәлем берісті. Үлкен жарық бөлменің есігінен төріне шейін қымбат қызыл кілемдер жайылған. Қабырға атаулыда қала сәнімен жиналған ішіктер, кестелі жайнамаз, оюлап жазылған дұғалықтар. Төсек-орын, құс жастық, жібек шаршау, шілтерлер де көп. Үйде топсалы үлкен

үстелдің жанында жуан-жуан ақ жастықтарға шынтақтап Алшынбай мен Құнанбай отыр екен. Мыналар даурыға сәлем бергенде, үйде отырған екеуінің еріндері болымсыз ғана жыбыр-жыбыр етісіп, сараң сәлем алысты.

Келгендер Құнанбай мен Алшынбайдың екі жағынан жарыла отырды. Сөйлеп отырған Алшынбай екен. Сөзін үзіп мыналарға қарап, аз бөгеліп еді, Құнанбай: “айта беріңіз!” деп ишарат етті.

Толық, дөңгелек денелі, қызыл жүз, ақ сақалды Алшынбай тірсек жең қара камзолдың сыртынан пұшпақ ішігін желбегей жамылып отыр екен. Басында сұрғылт сырма тақиясы бар. Қазақы тақия. Сол тақиясының екі самайдағы жиегінен ойдым-ойдым боп түскен ақ құйқа көрінеді. Жаңада қырылған ақ шашы қайта тебіндеп шығып келе жатқанмен, Алшынбайдың тазын жасыра алмай тұр.

Биік қырлы мұрнын көтере сөйлеп, Алшынбай есікке қарап отырып:

— Баймұрын өзі де тыржындап, өкпе сызын білдіргендей, — дегенде, Құнанбай басын тез көтеріп ап, Алшынбайға бұрылды. Алшынбай Құнанбайдың сұрланған жүзіне байыппен қарап: — “Бөжейді қонақасыға шақырсам, Құнанбай жақтырмайды дейді. Енді менің қазанымды да Тобықтыға билеткені ме Алшынбайдың” деп, маған кінә тағады білем... — деді.

— Анамен сөйлесіп пе өзі? Оның сойылын не деп соғады екен Баймұрын, сонысын айтты ма?.. — деп, Құнанбай жаңағы өзін теріс қып көрсететін сөзден аттап түсті.

“Анау” дегені кім екенін Абай біледі.

Алдыңғы күні осы Алшынбаймен бірталай сөйлесіп кеп, аяқ кезде Құнанбай Бөжейге арнап бір қатты суық сөз айтқан: “Бөжей арыз беріп аяғымнан алғанын қойсын! Болмаса, сұр шекпенді кигізіп, бойын кездеп, айдатқанша тоқтамаспын!” деп еді. Алшынбай мен осы Қарқаралы қазағының тағы бір жуаны Баймұрын арқалы Құнанбай мен Бөжей арасының шарпысқан сөздері жүріп жатқан-ды.

Бүгін Алшынбай сондағы сөздің ендігі өрісі қалай ауғанын айтпаққа келген болу керек.

Баймұрынның Бөжей жақты ұстағысы келетіні жалғыз жаңағы сөз емес, одан басқа жерлерде, Құнанбайдың әр алуан ашу сөздерінен білінетін. Әлгі бір леп соның сарыны... Оны

Құнанбайдың тыңдағысы келмейтін, ұстасқан кісісі дәл Баймұрын емес.

Өкпелесе өкпелей берсін. Оның өкпесі батса, Алшынбайға батады. Құнанбайды оншалық қайыстырмайды. Екінші, Алшынбай Құнанбайға жаңағыдай білдіргені болмаса, “Сен үшін маған Баймұрын туысқаным өкпеледі” деп, міндет қылатын кісі емес.

Соңғы жылдар бойында Алшынбай, Құнанбай достығы талай сыналған. Туыстан да “қудалық”, “достық” тәтті болып, екеуі бірі арқылы біріне келген жеңіл-желпі ауыртпалықты есептеспейтін. Сондықтан алғашқы сөзін әлгімен тастап, Алшынбай Құнанбай күткен жауапқа көшті.

– Әуелі жауап сөзінің өзін айтайын, кейінгі шарасын ақылдасамыз ғой. Бөжей анау сәлеміне шапшып жауап беріпті. “Көк шекпенді біздің мырза пішкен жоқ, құдай пішкен. Кім киерін көрерміз...” депті. Баймұрын ба, басқа ма, дем беруші тапқаны болар!.. – деді.

Бұл жауапты естігенде, бағанадан үндемей мелшиіп отырған Майбасар, Жақыптар селт етіп, қабақ түкситіп, ажырая қарасты.

Іштерінен:

“Мынау қалай құтырады?”

“Мынаны бір түлен түрткен екен!”

“Мәрғау кетейін деген екенсің!.. Өз обалың өзіңе!” – деген сияқты ажарлары бар еді.

Абай Бөжейдің не дегенін естуге ынтық болатын. Жаңағы Алшынбай жеткізген сөзге ол да қайран қалды. Ішінен: “Қандай ыза, қандай күйіктен туған сөз?.. Және неткен ер?” деп ойлады.

Құнанбай қайсар жауапты есітті де, басын жоғары алып, қарсы терезеге жалғыз көзімен қадалып қарап, үндемей отырып қалды. Сұрғылт жүзі түнеріп, қатты ашумен қарайып бара жатқан тәрізді. Бетінде түк атаулысы бозғылданып, біліне бастады.

Осыдан басқа не бір дыбыс, не қозғалыс, не бір сөзбен сыр берген жоқ. Барды ішіне жиып, буылып, құрсауланып қалды. Мұның бетіне екі рет көлденеңнен қарап өткен Алшынбай таңдана түсіп, сүйсініп қалды.

“Берік, берік! Бүйрегі без емес, тас болар!..” деп ойлады. Құнанбайды өзі көріп жүрген атқамінер ішінде бөлекше

бағалайтын бір себебі: осындай жердегі ерекше ұстамдылығынан, бойын бермес тұйықтығынан болатын.

Үй іші үнсіз еді. Бағана есік алдында, ауыз үйде қалған Қарабас есікті ақырын ашып, ептеп басып кеп:

– Майыр кепті, мырза. Сізге келді, – деді.

Құнанбай оған да қыбыр еткен жоқ. Аздан соң есік ашылып, енгезердей қызыл сары Майыр кірді. Қасында қазақ тілмаш Қасқа бар. Сақалы шошайған, өзі қағылез келген арық сұр. Бұл тілмаш күндіз-түні осында келіп-кете беретін.

Майыр Құнанбай, Алшынбаймен қол алысып амандасып болды да, жерге отырмай, Құнанбай қарсысындағы жалғыз орындыққа отырды. Үлкен көк көздері қылилау келген. Бет-аузын қалың бұйра сары сақал басқан. Шүйдесі қып-қызыл екі қатпар боп тұратын. Мұны қазақ атаулы өз атымен атамай, өзге майырлар сияқты, сырт белгілерімен атайтын. Жалғыз-ақ, бұрынғы майырларды бір-ақ белгімен “сұлу майыр”, “семіз майыр” деп немесе бетінің секпіліне қарап “тарғақ майыр” десе, мынаның сыртқы түсі, түгі талай ат атауға өз-өзінен сұранып тұрушы еді.

Сондықтан мұның атын неше саққа мінгізіп кеп, бірде “шапыраш майыр”, бірде “жүндес майыр”, бірде “піскен бас майыр” деп те атасатын. Құнанбай, Алшынбай айналасы оны ақылсыз деген болжалмен, көбінесе, сол “піскен бас майыр” деуші еді.

Бұл майыр Құнанбайдың дегеніне жүре бермейтін. Өз беті, өз жолы бар. Сондықтан Құнанбайға жаманатты көрінетін.

Қарқаралы деген округтің әміршісі – Құнанбай мен осы Майыр. Қазақ округті “дуан” деп, мыналарды бірде “дуанбасы” деп, кейде Құнанбайды “аға сұлтан” дейді. Құнанбай округті басқаратын приказдың бастығы, Майыр орынбасары болатын. Үшінші адамы – кіші сұлтан аталушы еді. Ол қазір қалада жоқ.

Майыр Құнанбайға Бөжей жұмысымен кеп еді. Құнанбайдың жаңағы ашу үстінде Майырды керек қып отырғаны да сол жұмыс болатын.

Құнанбай мұндайда, ойдағы жұмысына күмілжімей, тұпа-тура кірісетін. Сол әдетімен тез сөз бастап:

– Майыр, сенің атаң аты Тобықты емес еді. Осы Қарқаралыға кеп бауыр тапқаннан аманбысың? Бөжейді айдату

керек, қағазын дұрыста деп ем. Сары аурудай создың да кеттін ғой. Соның жанкүйері сен болып, бауыр тартып, бауырың езіліп жүр ме осы, немене?.. – деді.

Тесіле қарап, Майырдан жалғыз көзін алмай, сызданып отыр. Майыр “аудар!” деп, тілмашқа қарады.

Қасқа тілмаш Құнанбай мен Майырға кезек жалтақтады. Жүгінген бойында құнысып, қозғалақтай берді. Бір жағынан, орысша тілі жеткілікті болмаса, екінші жағынан, екі ұлықтың біріне-бірі айтатын ашу сөзді тұпа-тура жеткізуден, әсіресе, тайғақтайтын. Әлі бөгеліп отыр... Кейде жер шұқып қап, кейде қымындап, қозғақ қағады.

Құнанбай мұның бөгелгеніне ыза боп:

– Ей, тілмаш, осы саған “әке” дейін, жарықтығым, тек дегенімді түгел жеткізші!.. Ін аузында отырған ақкөт торғай сияқты қылп-қылп еткенінді қойшы осы!.. – деді.

Торғайды айтқанда Майбасар шыдай алмай күліп жіберді де, Құнанбайдың ашулы түсіне имене қарап, тәуба қыла қалды. Ішінен күлкіден өлердей қысылып отыр еді. Абайға да бұл теңеу аса қызық көрінді... Оның көз алдында тұрымтай салып жүргенде, ін аузында қылпылдап отыратын шақшақ елестеп еді... Шынында, мына сорлы тілмаш дәл соның өзі сияқты. Бірақ сөздің беті қатты. Күлер жер емес. Абай Майбасардың жаңағы жеңілтек күлкіден қысылғанын таныды да, өз бойын тежеп қалды.

Тілмаш бөгеле отырса да Құнанбай сөзін жеткізген еді. Майыр сасқан жоқ. Саңқылдаған зор дауыспен қатты сөйлеп, шұбыртып кетті...

– Әкімшілік өш кісіден кек алу үшін берілмейді бізге... Бөжей Ералиновтан түскен қағаз көп, тексеру керек! Және ол үшін ренжитін кісілер де көп. Айдатпай тоқтай тұр! – деді.

Осыдан соң екі жағы да шапшаң сөйлесе жөнеліп еді...

– Сүйтіп, арпалыстырып ұстамақсың ғой? Көздегенің сол ғой?

– Жалғыз мен емес... Бұрын аға сұлтан болған Құсбек, Жамантайлар да солай қарайды. Тіпті, мына Алшынбай білетін Баймұрын да солай ойлайды.

– Олар кім? Бірен-саран!.. Олар аздар! Және күндестікпен сүйтеді. Көп елдің көп атқамінері менің сөзімді құптайды. Көрмей отырмысың соны?

– Аз болса болсын. Бірақ закон – патша законы, олардың куәлігін де тыңдайды. Олардың сөзі де жетеді жоғарғы ұлыққа.

– Жеткізетін сенсің ғой! Айыпкерді сен ұстаған соң, бел аспай қайтеді?!

– Құнанбай мырза, сен мені айыптама үйтіп! Бұл екі жүзді семсер сияқты жұмыс.

– Білемін. Қоймаңның сырын білемін сенің!

– Аға сұлтан! Орныңызды ұмытпаңыз!.. Біз екеумізді де корпус сайлаған, – деп Майыр трубкасын тұтатып алып, түрегеліп, үй ішінде әрлі-берлі жүріп кетті. Ашумен қатты қызарып алған еді.

Құнанбайдың ендігі жауабын Алшынбай айтқызғысы келмеді. Дуанның екі бастығы бұдан әрі сөйлесе, ұрысқа кететін түрі бар. Ол орынсыз. Алшынбай өз көз алдында бұған ырық беруіне болмайды. Құнанбай үшін де және, тіпті, өзі үшін де залалды. Ол бағанадан үстелге шынтақтап, қыбыр етпей отырған қалпынан тез шалқайып:

– Ей, мырза! Ей, Майыр! Сабыр етіндерші! – деп қатты айтты.

Алшынбайды жалғыз Құнанбай емес, Майыр да сыйлайтын. Талай қиын істе әлденеше рет істес болған. Әлі күнге түс шайысқан жерлері жоқ. Және Алшынбай өзі ұлық болып көрмесе де, түттеп келгенде, талай старшынды, тіпті, кейде аға сұлтанды да сайлаушының ең мықтысы болатын. Оны да Майыр жақсы біледі. Есептеспеу қиын. Алшынбай үн қатқанда түрегеп тұрған Майыр Құнанбайға көз қиығын бір тастап байқап өтті. Құнанбай да Алшынбайды тыңдайтын тәрізді.

Майыр танаурап, қатты демігіп, орындығына қайта кеп отырды. Алқымында әлі айықпаған ашу бар еді. Демі дірілдей шығады.

– Сендер бұлай шалқиыспандар, ұлықтар!.. Мақұл емес! – деп Алшынбай сөйлей бастағаннан-ақ қасқа тілмаш Майырға қарай қисая түсіп айтып жатыр.

– Біріңе-бірің серіксің, ынтымақты болсаң, ел билейсің. Ынтымақсыз болсаң, ненді билейсің? Өз бәлең өзіңе жетіп, жұрт та қалар, жұмыс та қалар. Ұғысып істендер. Ал өздігіңмен ұғыспасаңдар, мына біздей, арадағы кісінің сөзін тыңдаңдар. Ол жайы сол!.. – деп, екі ұлыққа кезек қарап, екеуінің де қайтқан түрін аңғарып ап, Алшынбай: – Ал жаңағы ақырғы

жұмыстарыңа келсек, мына мен осы үйге, Құнанбай мырза, саған, — деп, Құнанбай жаққа ырғала түсіп, — сол жұмыспен келіп отырмын. Бүгін кешке шейін осы жұмыс туралы пұрсат беріндерші! Майыр, қазір сен қайта тұр. Тұрақты бір жауабын бүгін кешке мен жеткізейін. Сендер екеуің боп, осы жайды сөйлегенді әзірше қоя тұруға бармысың? Соны айтыңдаршы! Осыны мен сендерден сұрап отырмын! — деді.

Алшынбай әңгімесінің тұсында Қарабас ауыз үйден қамыс тегенеге толтырып қымыз әкеп еді. Шүңет келген сырлы сары тегене. Қазірде Майбасар, Абайлар дыбыссыз ғана қозғалып, үстел үстіне асжаулық жайып, үлкендердің алдарына жылтыр сары тостағандарды толтырып қымыз қойған.

Бетінде азгантай ғана құрым белгісі бар сап-сары қымыз арқар мүйізінен істелген үйрек ожаумен Майбасар сапырғанда көпіршімей, шып-шып етіп шымырлап қана толқиды.

Дастарқан үстіне үш табаққа сап ашыған бауырсақ қойысты... Жаңағы Алшынбай сөзі аяқтала берген кезде Қарабас ауыз үйден үлкен табақ ыстық ас әкелді. Бұл дағдылы ет, қуырдақ емес, Құнанбайдың қымызбен қоса жейтін жаубүйрек деген тамағы еді.

Алшынбай сөзін аяқтасымен Құнанбай Майырға да, Алшынбайға да асты нұсқап:

— Жеп, іше отырыңдар... көні! — деп, бата қып бетін сипады.

Мешіт салам деп имам хазіреттермен көп айқасқалы, Құнанбай өзі арапша оқымаған адам болса да, діндар, тақуалау кәрілердің жаңағы бата қылғыш, бет сипағыш, “пісімдасыл” машықтарын көп істейтін болған-ды.

Алшынбайдың әлгі сөзінің аяғына ас кеп қалғаны бір сылтау болса, екіншіден, бұдан әрі сөйлеген сөздің орны да жоқ. Алшынбай кірісіп, “аяқтап көрем” деген соң, Майырдың да өктей қоятын жөні жоқ. Жайсыз шешсе, кейін көреді. Ал дұрыс боп шешілсе, мұндай істі Алшынбайға бергеннен абзалы жоқ.

Алшынбайға:

— Айтқаның дұрыс, мен тоқтаймын. Жауабын өзіңнен күтемін... — деді де, келген жұмысын тез доғарды. Содан кейін өзінің қымызқұмарлығына салып бес тостағанды үсті-үстіне жұтып-жұтып жіберіп, жаубүйректен аз ғана асады да, қоштасып жүріп кетті.

Тілмаш тамақ аяқтағанша кетпей кейіндеп қалып еді, сол шыққанша Құнанбай жаңағы сөз туралы “ләм” деген жоқ.

Аздан соң тілмаш кетті. Содан кейін барып қана Құнанбай:

— Параға жемсауы толған ғой, әлгі піскен бастың. Бет алысын көрмеймісің? Баймұрын арқылы Бөжей, Байсал тығындаған ғой... — деп, бағанадан желісі үзілмеген ойының бір түйінін айтты.

Алшынбайдың ойы да осы туралы еді. Ол бірақ Құнанбайдан гөрі арырақ ойлап, ойына әртүрлі жайсыз күдіктер түсіп, күңгірт тартып отырған.

Құнанбай сөзіне шапшаң жауап қайырған жоқ. Сараңдап барып:

— Пара деген бір сәрі ғой. Пара жемейтін ұлық бар ма, тәйір? Оң-солынан қабат алып, қабат қылғып та қыбын тауып жүрмей ме? Мына жердің тетігі ол ғана болмай тұр, — деп, бүгін әдейі Құнанбайға өздігімен айтпаққа келген сөзіне ауысты. Кейде маңдай терісін жиырыңқырап, екі көзін жұмып сөйлей бастайтын әдеті бар еді, соған салып:

— Мен осы қыбырдың бәрінен көз алмай, көлденеңнен бағып отырған кісімін ғой... “Тоғызқұмалақты ойнаушыдан да көлденең көргіш келеді” деуші еді біздің би, — деп өз атасы Тіленші биді есіне алып, — сол айтқандай, Тобықты ішіндегі ойындардың енді басқа бір белге шығатын кезі жетті. Аяқтамаса, насырға шабатын түрі бар! — дей түсіп бір тоқтады.

Құнанбайға құдасының бұл бет алысы оқыс жаңалық еді.

— Алшеке! Бөжей мен Байсал Тобықтыда аяғымнан алам десе, дуанға келіп жағамнан алмақшы. Аянар жерім қалмады ма осы? — дей беріп еді, Алшынбай сол қолын үстелден аз көтере беріп:

— Алысар болсаң, аянбассың. Алысқан соң о да аянбас. Бірақ жаңағы Майырды аңғарсаңшы! Ол ғана емес, ар жағында анталап жүрген кешегі хан тұқымы төрелерді аңғарсаңшы!.. Сөзқұмар, бөлекұмар Баймұрындар аз ба?.. Соның бәрі аға сұлтандық қолымыздан мүлдем кетті деп жүрген жоқ. Ылғи әр кезеңнен баспа қып, “түрт, сайтанмен” жүр. Тегінде, өз басыңмен байланысқан сөздің өршігені құрысын... — деп, шетін нәзік жайға түспал жасады. Құнанбай енді түсіне бастады. Бағанағы Майыр да, енді, тіпті, Алшынбай да Құнанбай, Бөжей тартысының түбі — бас араздық екенін

түспалдайды. Бара-бара “аға сұлтан басымен Бөжейдің аулын шапты, өз қолымен қыруар елді қырқа матады... дүреледі” деген сөздер бәле боп, ұлғаймай тұра ма?.. Бөжейдің “арызы” деген – “аяспау” деген сияқты, әр жерден шаң беріп жатқан жайдың бәрі сол дүмпудің белгісі...

Құнанбай Алшынбайдың жүзіне ойлана қарап: “Ендеше, барыңды айтшы!” дегендей, үндемей тосып қалды. Алшынбай енді Құнанбайға қадала қарап отырып, жіті сөйлеп:

– Бүгін мына мешіт бітіп, абыройың асып отыр. Атағың көпке кетіп жатыр. Соны күндейтін де кісі көп. Алдымен анау көрпіс, мына жаңағы Майыр күндейді. Кішіреймейсің, кешірім етесің. Ақ көңілің мүлде ағарсын. Мұның да бір Құнанбайлығың болсын. “Игі жұмыс үстінде кірбеңнен арылам” дегенің болсын. Ана Бөжей ағайыныңды жау қып жатқа жіберме!.. Бауыр қып қасыңа тарт, татуласшы осы! – деді.

Құнанбай көпке шейін үндеген жоқ. Татулықты Алшынбай сұрағанда қай жауабын болса да ойланбай айту қиын. Анығында, бар Қарқаралы дуанының шын дүмшебайы осы Алшынбай. Көп рудың нелер үлкен дауы да осының алдынан тарайды. Одан бері де ана бір кезде Құсбектей төре Алшынбайды өкпелетіп алған соң, аға сұлтандығынан айрылған.

Алшынбай достығы арқылы аз ғана Тобықтының Құнанбайы аға сұлтандықты алған... Және Бөжейді жау қып қуа берсе, астында жатып та аяғын шайнайтын түрі бар. Аңғар солай боп барады. Онан соң істесе Бөжейге бұл істеді, Бөжей әлі бұған не істеді?.. Алшынбай сұраса, бергеннен абзалы жоқ екен деген байлауға кеп еді. Өздігімен “тез келермін” деген байлауы емес екені рас. Алшынбай емес, өзге кісі айтса да бүйтіп тез қайтпас еді. Енді мына тұс оның бәрінен бөлек... Сол себепті Құнанбай бекінді де:

– Алшеке! Айналаны көріп, болжап айтып отырсың ғой. Достықпен айтып отырсың. Аңғармасам айыпты болар ем. “Қайтпас-ақпын” деп едім. Бірақ жалғыз қатыбас мен болайын ба? Ақыры құдай білсін, өзің біл, өзің аяқта! – деді.

Сөз сонымен бітті де, Алшынбай біраз отырып үйіне қайтты.

Абай Бөжей үшін ырза еді. Тіпті, Алшынбайға да іштей көңілі жылы тартқандай болды... Түсі суық, рақымсыз жаулықтың енді беті жылынып, татулыққа айналғанын Абай “yh” деп, күрсіне сүйсініп қабылдады.

Осы сөз болған күннің кешінде Абай Қарқаралы қаласын жапа-жалғыз аралап кетті. Кейде бір іші пысып, жүдеу тартса немесе бір нәрсеге ырза боп, көңілі өрбісе осылайша жалғыз кетіп қалушы еді... Күн кешкіргенмен әлі батқан жоқ екен. Қала желкесіндегі әсем таудың қарағайлы жотасында қызыл арай сәуле бар. Тау басында жел тұрды, білем. Тоғайсыз ашық жондарда сырғақ көрінеді. Жаяу борасындап, ұйтқи түсіп қызғылт күйын ұшқындайды.

Қала ішінде желсіз, шыңылтыр аяз білінеді. Жайсыз суық емес. Бойды ширықтырып, жинақы ұстататын жеңіл мезгіл. Таудың қалаға қараған бетін кеш көлеңкесі басқан. Жақын жердегі жақпар тастардың өзі де қазір көкшіл көлеңке ішінде көгілдірленіп, алыстай түсіп, түнге бейімдеп барады...

Абай өз пәтерлерінен екі-үш көше ұзап кетіп еді... Бір уақытта пұшпақ айналып, даурыға сөйлеп келе жатқан жаяу топты көрді... Көп адам болса да, ішінен Абайға таныс кісі білінбеді. Күлісіп, дабырласып сөйлеп келе жатқан ылғи жұпыны киімді жатақтар... Жаяу жүрістерінен де қаладағы қарекет адамдары екені танылып тұр.

Бүгін Абай көңілі дүниенің бар көрінісінен бітім, жарастық іздеген бір мейірімділік халінде. Жас, кәрісі аралас тегіс құрдастай күлісіп келе жатқан топ Абайға қызықты, жарастықты көрінді.

Себепсіз жымия күліп, осы топты Абай көше ортасында аңырып, тосып қалды. Бірақ топ ішінен мұны байқап, елеген бір жан да жоқ. Аяқтары шыны қарды шақыр-шұқыр басып жақындап қалды. Абай енді байқады. Бар топтың ентелеп қамағаны – үлкен ақ сақалды, келісті қарт екен... Өзі де күліп, топты да күлдіріп келе жатқан сол.

Бір тосын, ғажап нәрсе – шалды екі жағынан қолтықтасып келеді. Шал өзі басын тік ұстап, ілгері басып келе жатқаны болмаса, ешқандай бет бұрмайды. Сөйлегенде де ешкімге қарамай, тура бет алдына қарай сөйлеп келеді...

Абай мынадай өзгеше шалды бірталай аңырып, қайран қап тұрып зорға аңғарды. Қарт соқыр екен...

Топтың мұны байқамағаны, тіпті, жақсы болды... қасынан өте бергенде Абай да қосылып, ере жүрді. Осы көше бойында

жалғыз Абай емес, қақпа алдында отырған, қарсы келе жатқан кісінің бәрі де шал тобына қызығып, ілесе келеді...

Кейінірек келе жатқан бір бурыл сақалдыдан Абай:

– Бұл кісі кім, аға?.. – деп еді. Анау таңданып:

– Е, білмеуші ме ең Шөжікенді?.. О не дегенің?.. Бұл – Шөже ақын емес пе? – деді.

Шөженің атына Абай қанық, бірақ көргені осы. Атын ести сала ол бурыл сақалдан сығыла жөнеліп, топтың алдыңғы қатарына ілесіп, Шөжені жақсылап қарап, сөзін тыңдай бастады.

– Шөжіке, бізге жүр!.. Біздің үйге келдік, міне, айтып тұрған мына мен, Бекбергенмін, – деді бір қырма сақал жаяу...

– Жо, бізге барады...

– Уа, қойындар, мен өзім алыстан ертіп келемін!..

– Ой, не дейсіңдер? Шөжікеннің түскен үйі біздікі!..

Аты біздікінде тұр! – деп, тағы біреу үн берді.

Осындай керіс үстінде топ тегіс иіріліп, тоқырап қалды. Әрлі-берлі өткен жүргіншілер кеп қосылып жатыр. Жаңағы даурықтардың бәрін естіп, тоқыраған Шөженің өзі. Ол қатты, ашық дауыспен қарқылдап сүйсіне күліп:

– Уай, жарандар, мен бір ақыл айтайын ба?... – деді.

Жұрт тегіс қадірлі қарттың аузынан шыққан лебізін күтіп:

– Айт, айт... Шөжіке!.. Уа, төресін өзің айт!

– Уа, қайда қонасың, өзің таңда! – десіп, анталай бастады.

Шөженің даусы бұл дабырдың бәрін басқандай зор екен.

– Уау, осы жегізбегің – асың, жаймағың – төсегің ғой!..

Дән ырзамын, ағайын... Бірақ ырзамын деп қана қоймаймын, осы жаңағы “маған-маған” деп даурыққаныңның бәріне де барам... Бәрінің де асыңды ішем... Шөженің көмейіне тас тығылып қала қоймас енді бұл бес-он күнде... Сол сарайым сау болса, жаңағы үн бергенінді тегіс мұрныңнан тізіп тұрып, бір күн түстік, бір күн қонақасы жеймін... Ал қазір болса, күн ызғырық тартты. Кешкірді, білем. Менің кәрі сіңірімді соза бермей, осы ең жақын қақпаның біріне бұрамысың, әкелер?.. – деді. Бастан бергі сөзінің барлығын күле тыңдап тұрған жұрт еріксіз тоқырады... Ең жақын үй осы қақпасының алдында жиын тұрған үй еді.

Қора иесі қалбалақтап, ішке қарай жүгіріп кетті. Жиын тарқай алмай, Шөжені қимай тұр.

Қонақасы жайынан тоқтам тапқан ел енді Шөженің бірер ауыз сөзін естімей кете алатын емес.

Шөженің қасында тұрған бір қартаң кісі ақынға қозғау салғысы келді, білем:

– Уа, Шөжіке, дуанға жаңа келдің ғой, мұндағы дақ-быртты естіп жатырмысың? – деп еді, Шөже:

– Е, е, айт! Не дейді? Не деп жатыр дуаның? – деді.

Жаңағы қартаң кісі қала жаңалығынан хабардар екен. “Құнанбай салған мешіт бітті. Алшынбай, Құнанбай соны той етпек және аға сұлтан Құнанбай ағайынымен бітісетін бопты. Ұлық пен Алшынбайлар табыстыратын бопты!” – деді.

Абай мына сөзге аса қайран болды. Өз әкесінің атын дәл мына жерден естимін деген жоқ еді. “Мешіт бір сәрі, тіпті, оның араз-құразы да иен жұртқа мәлім екен-ау!” – деп танданды.

– Е-е, араздасам деп, ұлықтығынан айрылып қалмасын дейді ғой.

– Құнанбайдың қамқоры Алшынбай бопты ғой.

– Әрине, бәр-бәрін жалғастырып, септестіріп жүрген сол Алшынбайлар...

– Тобықтыға абырой әперіп, ұлық қып, үске шығарып қойған да сол өздері.

– Енді, міне, Тобықтының жемпаздары қасаптың да семізін, лапкенің де қызарғанын құртып барады. Осы мандағы қос атаулының да қысыр тайы мен ту биелерін түгел жемей кететін емес... – деседі.

Шөже осы жайларды күле тыңдап тұрып, бір кезде оп-оңай өлеңдете қоя берді. Ашық даусы саңқылдап:

Болыпты бір ақсақ таз және соқыр,
Құранды мысық сопы молдаң оқыр,
Болғанда ақсақ дария, соқыр – қарға,
Ортасын дарияның қарға шоқыр, –

деді. Жұрт тегіс ду етіп күліп жіберді... Шапшандығына, айтқыштығына қайран боп тандай қаққандар да бар.

– Ақсақ тазы – Алшынбай...

– Соқыры – Құнанбай.

– Не қыл дейсің? Ал қайтпас кәрің жалғыз ауыз өлеңмен жайратты да салды! – деп жұрт жапырлап сөйлеп жатыр... Абай бұл сөздерден қатты ұялып қысылды да, шеттей берді.

Осы кезде үй иесі шығып, Шөжені ерте беріп еді. Жиын тарамастан бұрын Абай жалғыз бөлініп, өз үйлеріне қарай асыға жөнелді.

Төмен қарап келе жатқан Абайдың құлағынан жаңағы бір ауыз өлең әлі айыққан жоқ. Бар сөзі есінде... Ішінен қайта-қайта айтады. Жаттап апты.

Мынау жалғыз ауыз өлең бағана күні бойы күмбездей боп үлкен көрініп отырған екі рудың екі шоқысын бір-ақ соғып, жермен-жексен етті. ТайпITYп кеткен сияқты көрінді.

“Алшеке, Алшеке” дегендері — “ақсақ таз” аталды. Ал-шынбай сылти басады, ақсақ екені рас. Ал “аға сұлтан”, “мырза” атанған өз әкесі — “қарға!” Қандай қарға? Қарқаралының ен байлық, ел дариясының жалғыз еркесі! Жақсы, жайлысын жапа-жалғыз қызықтап, шоқып жеп отырған қарға!..

Әлемде сөзден күшті не бар екен? “Сөз өңменіңнен өтеді ғой” деген Қаратайдың тағы бір тапқыр сөзі есіне түсті.

Осындай өз ойымен өзі боп, ішінен аса қатты теңселткен бір күшті сезген Абай көшені де, көшедегі жүргіншіні де аңғармай, көрмей келе жатыр.

Бір пұшпаққа жақындап қалған екен. Дәл бұрыштан бұрылып, бұған қарсы шыққан үш аттыға көзі түсті.

Аңырып тұра қалды да, тез таныды. Келе жатқан Бөжей, Байсал, Байдалы екен. Ортадағы түлкі тымақты, күрең төбел атты — Бөжей. Ақ сұр жүзі жабыңқы. Қоңырқай мұрты менен сақалына кешкі аяз қылау салыпты.

Абай тоқтаған қалпында бойын тез жиып, аттылардың алдына жұмысы бар кісідей көлденеңдеп кеп, тосып тұрды. Аттылар мұның қозғалысын оқыс көрді ме немесе таныды ма, аттарын баяу бастыра бастап еді, жақындап тұстас келді.

Сол уақытта Абай үлкен ықылас білдіріп, айрықша бір тағзыммен төсін басып, қатты дауыстап:

— Ассалаумағалайкүм!.. — деп сәлем берді.

Медреседе жүргенде: “Көшеде хазіретті көрсең, осылайша тағзым ету керек” деп халфелер үйретуші еді.

Абай көптен бері ешкімге бүйтіп сәлем беріп көрген жоқ. Қарқаралыға келгелі Бөжейдің көрінгені осы. Шешесінің жүрердегі сөзі есіне түсті ме, болмаса қазіргі көңіл күйіне сай келді ме?.. Қалайша бүйтіп әдеп шығарғанын Абайдың өзі де байқамай қалған-ды.

Өзге қазақтан бөлек, мына сияқты, бір алуан сыпайылыққа Бөжей оң назарын салды, білем... атының басын тежей беріп:

– Уағалайкүмәссәләм, балам!.. – деп тоқырай қалды.

Байсал Абайды жаңа таныған еді. Жақтырмай, мұрнын тыржитып:

– Өй, мынау екен ғой, жә, жүрші! – деп, атын қозғай беріп еді, Бөжей:

– Тоқташы! – деді.

– Ей, сол антұрғанның баласының сәлемін алушы ма ем?... – деп, Байсал Абайға қабағын түйе қарады.

Абайдың екі беті ду етті. Оқыс жалын беті емес, ішін де шарпып өткендей. Кінәлап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқ етіп, Байсалға қадала қарады.

Бөжей Абай күйін жақсы таныған сияқты еді. Байыптап қарап алып:

– Балам, жөніңді айтшы, бізді көрсең, сәлем бер деп әкең айтты па еді, жоқ өздігіңмен істедің бе? – деді.

– Бөжіке, әкем емес, өзім беріп тұрған сәлемім сізге!..

Абай болса, күндізгі өзін көңілдендірген күйін ұмытпаған болатын. Қарқаралының кейбір көше қазағы естіген татулық жайын Бөжей, Байсалдар әлі естіген жоқ-ты. Жаңа кешке жақын ғана Алшынбай бұл үшеуіне кісі жіберіп, өз пәтеріне асқа шақырған екен. Не сөз барын білмесе де, соған аттанып бара жатқан беті осы еді.

Абай жауабын естіген соң, Бөжей ықыласпен қарай түсіп, жақындады да:

– Әкең айтпай, өзің білген болсаң, батамды берейін. Көзіңнен жақсы жанар көрдім ғой, шырағым!.. – деді.

Байсал бұл сөзді де жақтырмай сырт қарай беріп еді, Бөжей оның қозғалысын танып:

– Ей, Байсал, сен бата бермегенмен, мынау болайын деп тұрған бала ғой, – деді де, Абайға бұрылып:

– Ендігінің жүгі сенде қалар, балам! Жолың болсын!.. Жалғыз-ақ өзгені берсе де, әкеңнің қаттылығын бермесін! – деп, бетін сипады. Абай да Бөжейге қадала қарап тұрған қалпында бата қылып, бетін сипап еді...

Аттылар жүріп кетті. Байдалы бағанадан үндемеген еді. Енді ғана Бөжейге қарап:

– Екі көзі сексеуілдің шоғындай жайнап тұр екен өзінің... – деді.

Абай тұрып-тұрып барып қана қозғалды.

Шын ба? Шын айтты ма? Жоқ, әлде, Байсалдың қаттылық, аямастық мінезі балаға ауыр тимесін деп, жаны ашығаннан айтты ма? Бөжей не мәнмен мұндай жақсы бата берді! Ойда жоқтан, оп-оңайдан, осындай таудай үлкен сый бола ма?.. Мырзалық па? Жоқ, әлде, Абайды аз білсе де, тез танығаны ма? Үлкендер көреген, танығыш, сыншы ғой! Шынымен-ақ танып айтқаны ма?.. Олай болса, Абай жаман кісі емес, жақсы кісі болмақ қой!..

Бұл жайды ойлаған сайын балалық өзімшілігі қатты ырза болды. Абайдың іші алағызып, бір түрлі қуана серпіліп, тез-тез құлаш сермегісі келгендей. Әлдеқандай өріс іздегендей.

Енді асыға жүріп келеді. Күн қазір ымырт бопты, оны да жаңа байқады. Екі көше адасып, пәтерінен асып кетіпті. Мұны да жаңа білді. Қайта жүрді.

Ауылда жүргенде қысы-жазы дөң басында өтетін кеш, қазір тағы да бір өзгеше боп серпіліп, өз қуатын айрықша білдіріп, Абайға қатты әсер етеді...

Өзі салмаса да, Абай қаршыға салған үлкендердің қасына өткен жазда көп еріп еді. Сонда ымырт жабыла бергенде, апақ-сапақта, кеш қараңғылығы қоюланған сайын көк қаршыға, өрттей қаршыға секунд санап жалындай шалқып, жайнай беруші еді... Абай өз ойын, өз көңілінің күйін мына кеште дәл сол шабыттағы беті қайтпас қаршығадай сезді. Бүгін бір түрлі сергектік, сезімділік бар...

Өзге күндерден дәл бүгінгі күннің уақиғалары әлдеқайда бөлек. Күндізгі әкелер, әлгі Шөже, жаңағы Бөжейлер... Бір Қарқаралы қаласының алақандай аясының ішінде болғанмен, осы адамдар арасы соншалық кереғар. Тіпті, дүниенің төрт бұрышындай алшақ жатыр. Бір жерде күш, бір жерде өнер, бір жерде мінез... Аралары және бітімсіз боп, әр салада жатқаны несі!.. Бәрі бір орынға жиылып, ынтымақпен бір арадан табылса не етер еді?..

Бұл ой Абайға ең алғаш келген ой еді де... және, тіпті, өз ойы сияқты көрінді. Анығында: “ақыл, қайрат...”, “ақыл мен бақыт, байлық” дегендердің өзара дауы, таласы деген парсы, түрік тіліндегі кітаптардан былтырлар бір оқыған нақыл әңгімесі бар-ды.

Қазірде Абай соны өмірден тапқанына да дән ырза... Өз ақылымен тапты... Тапты да: “Осының бәрі бір жерде, бір кеудеде, бір адамның ішінде болмаққа лазым...” деп, өзгеше бір сенімді байлау жасады.

Осы оймен қатар өзін осы Қарқаралыға келгелі қатты өсіп, ұлғайып қалған кісі сияқты көрді. Талай жанды көріп, талай сөздерді ұқты... Тіпті, Шөже ақынды да өз құлағымен есітті.

Талай ру, талай жерлерді де білді.

Тыстан аса көңілді әсер алған Абай ымырт әбден жабылғанда Майбасардың пәтеріне кеп кіріп еді. Ауыз үйде етігінің өкшесіне қатқан қарды Абай бүгін өзге күндерден қаттырақ, ширақ тепкілеп түсірді де, табанын жылдам-жылдам сүйкеп, сүйрете сүртіп, төргі үйге кіріп келді. Екі беті кешкі аяздан қып-қызыл. Үлкен көзінің ақ-қарасы ап-айқын боп, жалт-жалт етіп, ширақ бір оттылықпен қарайды...

Үйде Майбасар, Жақып бастаған туған-туысқандар көп екен. Бағана тайдың етін жей алмай кеткен жиын енді шындап ниет қып, қайта тегіс жиылған тәрізді. Үлкен сары самауырды жаңа ортаға алысыпты... Шайды “сорап-сорап” тартысып жатыр... Майбасар Абайдың түсіне сүйсіне қарап:

— Абайжан! Тоңған жоқпысың, қайда жүрдің! Кел, шешін, шай ішіп жылыншы! — деп, қағыла беріп, өз қасынан орын босатты... Абай асықпай шешініп болып, шайға кеп отырды.

Жақып шайды сілтей түсіп:

— Бол, бол! Шайды тез-тез ішіп, әзір отырындар, жігіттер! — деп, барлық жиынды асықтырып отыр екен.

— Рас, рас... Қаратай, Ызғұттыдан хабар келісімен жөнелу керек... — деді Майбасар да.

— Е, ас әзір, үй әзір... “Жасығ” намазынан соң келеді деді ғой қонақтарды...

— Ол намазды жаңа мешіт ішінде ұзақ оқитын да шығар...

— Е-е, енді Хасен молда жаңа имам болғаны осы. Бұл намазды тез бітіре қоймас...

— Бәсе, “Ясин” мен “Тәбәрәктің” бірін оқымай не бопты? Өзін мақамдап оқымай тоқырамас! — десіп, күле түсіп Төлепберді, Бурахан, Жұмағұл сияқты жас жігіттер шайдан оп-оңай шыға қойғысы келмей отыр...

— Әй, не айтасындар, тәйір!.. Тез болындар! Өздерің жаңа мешіттегі намазға бармаймысың, әуелі?.. Майбасар, бармаушы ма ең намазға? — деп, Жақып қайта дегбірсізденді.

Майбасар дәл намаз үшін онша асыға қоятын тәрізденбеді. Мойын бұра беріп күліп, Абайға қарап:

— Е, жаңағы қалың жиынның ішінен мешіт ішінде орын тиеді деймісің, тәйір! Төріне кетсең, қонақ шыққанша үйге жете алмай қаласың... Онда Ызғұтты: “Қонақтан бұрын келмейсің” деп, бауыздалып өлсін... — деді.

— Е, шығар ауызға, жақын жерден-ақ сапқа кірсең болмай ма... Бармасақ ұят қой! Тіпті, мырза білсе, ұрсып жүрер!.. — деп, Жақып күдік айтып еді:

— Мырзаңа “бардық, оқыдық” деп өтірік айта саламыз... — деп, жұртты ду күлдіріп Майбасар, — жарықтық мешіт жақсы болғанмен, босағасында қайдан отырам... Намаз оқимын деп, өңшең киіз төбе Бошан, Қарашордың саптама-сын күзетем бе?.. Соның жалпақ табаны басқан жерге бас қоям ба? — деп, намаз жайын біржолата қылжаққа сала бастады.

Абай Майбасардың үп-үлкен басымен балаша қылжақтап отырғанына қызығып күле бастады.

Дәл мешіт ашылғалы тұрған жерде және Қарқаралы елінің бар шонжарлары сонда жиылып, алғаш намаз оқып, Құнанбайға алғыс айтатын сағатта Майбасардың былайша қылжақ еткенін Жақып жақтырған жоқ еді. Ішінен: “Дағдылы, бейпіл ауыз, мінезсіздігі” деп ойлады да, өзге көпке бүгінгі кештің ерекше кеш екенін ескертпек болды.

— Бұл мешіт, біле білсеңдер, біздің мырзаға да, онан соң, осы отырған бөріңе де зор абырой әперетін мешіт қой, жарықтық! — деді.

Майбасар бұл тұста қайтадан нығызсып, дардия түсіп:

— Е-е, соны айтсаңшы!.. Дұшпан атаулының аузына құм құймай ма, бұл мешіт? Бәлем. Бөжей де осыны сезген болар. Татулықты іздеген тәрізді ғой! — деді.

Татулықты кім іздегені бұларға мәлімсіз еді. Бірақ Құнанбай айналасы: “Бөжей ығыпты! Бөжей әлі жетпесін біліп, татулық сұрапты!” дегенді енді осылайша бастамай отырмайды. Ондайды алдымен айтатын, әрине, осы Майбасарлар.

— Байғұс Алшекең де дос-ақ қой! Біздің мырзаның анық тілеуі, адал жақыны сол бақыр ғой... — деп, Жақып Алшынбайдың күндізгі мінезін еске алып еді. — Қызғанады... Абыройынды төре-қараның бар желауызы қызғанады, тіпті, ұлық та қызғанады. Алдымен әлгі Майыр қызғанады деді ғой... Дүп-дұрыс қой, мешіт салып, абырой асып, елді алып,

Еділді алып бара жатқан соң, өзімнен иығы асып ырық бермей кетеді, — дейді ғой Майыр.

— Майыр, піскен бас, қызғанудан бұрын әуелі Бөжей, Байсалдан параны да соқты ғой!.. Сол ғой оның өктеп отырғаны, құлқынын танымаймысың?.. — деп, Майбасар өзінің күндізден байлаған шешуін айта кеп: — Ал енді Бөжеймен татуласу да осы бүгін кешке болады. Осы намаз, осы астың үстіне олар да келеді, оны есіттің бе? — деді.

Дәл бұл арасын Жақып та, өзге бұнда отырған жігіттер де естіген жоқ еді. Абай да білмейтін. Бәрі де аз аңтарылып қалып, іштерінен Бөжейдің бүгінгі татуласа келетін пішінін көргісі келді.

Майбасар осы жайдың бәріне тоқмейілдене түсіп:

— Бар жақсылықтың басында, әйтеуір, бір Алшекең... Берген мал адал, адал ғой Алшынбай аулына! — деді де, қасында отырған Абайға иіліңкіреп, төне түсіп:

— Ұқтың ба? Бәлем, осы жолы бармай құтылшы қайныңа! — деп, Абайды тағы қолға ала бастады. Бірақ Абай дәл осы жолы бұрынғыдай жасыған жоқ. Әншейінде, бұндай топ ішінде Майбасардың осы қалжыңынан терлеп-тепшіп қысылатын болса, бүгінгі кеште олай емес. Үйдің іші Абайға қарап ақырын күлісе бастады. Майбасар Жақыпқа қарап көз қысып отыр еді...

— Майеке, тағы бастадың ба, бармаймын, тіпті!.. — деп, үлкендерге бұрылды да, күліп қойды.

— Өй, жаман!.. Жаман бола ма деймін, осы шіркін! “Өлітірісін берген соң, өлі күйеу жата ма?” деп, өзің қалайсың? Иегі ителгінің тамағындай боп үлпілдеп келін отыр анда. “Келмей кетсінші, бәлем!” деп, ол сені сынап отыр осы жолы. Өзің сүйекке намыс болатын жайды ойламасаң керек мүлдем! — деп, Майбасар Абайды шындап айналдыра бастады.

Абай әлі де қысылмай, күле қарап Майбасарды мысқыл еткендей мырс етті де, арт жағында тұрған домбыраны алып, даңғылдатып тарта бастады. Жауап қатқан жоқ.

Майбасар жауап ала алмай аз отырып, қайтадан қадалып:

— Ал айтсаңшы!.. Қасыңа жолдас қып мына отырған барлық атпал жігіттерді ертем. Тек емеурініңді білдірші! — деді.

– Майеке, қойыңыз дейім!..
– Уа, тіпті де қоймаймын!.. Білдің бе?..
– Япыр-ау, осы сізге түсер олжа бар ма? Тым құрыса, жеңге болсаңыз бір сәрі еді!..

– Жеңге болмасам, жеңгеден артық айызым қансын!..
Абай күліп жіберді де, бір ерекше ойнақы тентектік тауып:
– Осы бір емес, екі емес... шын қоймайсыз ба? – деп, домбырасын тоқтатып, алдына көлденең салып, Майбасарға қадала қарады. Күлімсіреп қараған үлкен көздерінде аса бір қызулы жалын көрінгендей еді.

– Ал, қоймадым!.. – деп, Майбасар “қайтер екен” дегендей ежірейе қарады.

Абай өзі көрген Шөженің қалпына салып, күлімсіреген көзін сығырайтып, басын жоғары көтере беріп соқтырта жөнелді:

Уа, қой десе, бір қоймайсың,
Аз болды ма, Майеке,
Осында көрген қызығың?
Кертіп жеп-ақ жүрсің ғой
Қарқаралы халқының
Жал-жаясын, шұжығын.
Алған, жеген аздай-ақ,
Тағы бірді тауыпсың.
Уа, Алшынбайдың қызы кім?
Адақтамақ сертің бе,
Осы өңірдің елінің
Жүйрігі мен жортағын?
Айтпай-ақ қойсаң не етуші еді,
Сонда да бар ма ед ортағың?
Гүж-гүждеп бір қоймайсың,
Бұқасы ма ең қашырап
Сол ауылдың торпағын?
Біле білсең осы сый
Жетер еді, қайнаға,
Орайы болмас қолқаның... –

деп сақылдап күліп, Абай Майбасарға қарай жантая кетті.

Үйдің іші әрі қайран боп, әрі сүйсініп, қарқылдай күле жөнелді. Майбасар қысылғаннан, үнсіз ғана лекітіп күле беріп, Абай бітірген уақытта, басын шайқап, дымы құрып, боқтап жіберді де:

– Қап! Қап! Мына жаманның қылығын-ай!.. Енді қайттым, бөтір-ау?! – деді.

Абай күліп, мысқылдап:

– Бол, айтатын болсаң, өлеңмен айт, Майеке, әйтпесе, тыңдамаймын! – деп, басын шайқады.

– Ал, бәлем, соңынан қалмайсың!.. Алар сыбағанды алдың ба?.. Шоқ!.. Шоқ енді!.. – деп, Жақып қып-қызыл боп, ішек-сілесі қатқанша күлді.

– Қап, мына Шаншардың жиені!.. Ұлжан жеңешем-ау, сені бүйткізіп отырған... Бәлем, ауылға барған соң сыбағанды берермін шешеңе айтып!.. – деді Майбасар.

Төлепберді, Бурахандар да мына сөздің төркінін ұғып:

– Бәсе, нағыз Тонтай!

– Тонтайдың жиені ғой!..

– Сайқымазақ Шаншардың шанышпасы ғой мынау! – деседі.

– Уа, бұл өлеңді бір жерден қойнына салып әкелді ме дейім?! Өлең айтушы ма еді, бұл жаман?.. – деп, Майбасар әлі қайран боп отыр.

Шынында, Абайдың өлең жазып, өлең айтатынын бұл үлкендердің көрген, сезгені осы ғана. Абай өзінің қалжыңынан мұндай үлкен әсер болады деп ойлаған жоқ еді. Енді қайтадан өз-өзінен қысылыңқырай бастап:

– Өз өлеңім емес, – деді мынау үлкендердің шамасын біраз қылжақ еткендей боп, – бағана кешке Шөжені көріп ем, соның өлеңі, – деді.

Үйдегілер нанар-нанбас боп, жапырлап сұрастыра бастағанда, Абай бір қалыпты күлімсіреген жүзбен сыр білдірмей отырып:

– Осында бір Майбасар деген ағам бар. Күнде сүйтіп маза бермейді, соған жауап үйретші деп ем, сол кісі үйретті, – деді.

Шөженің бағанағы мысқылшыл, ойнақы, ащы күлкісі Абайдың қазір көз алдында. Жаңағыдай Майбасарды жайратып салғанына Абай өзі де ішінен қатты ырза болатын.

“Шөжеге ұқсадым-ау!.. Шындап ұқсай алар ма екем?!” – деп, ішінен қызғана құмартқан жай бар-ды. Үй іші мұның “Шөже” деген сөзіне шала нанып, жаңағы оқыс мінезін әлі тамашалап отырғанда, сыртқы есік ашылып, жылдам басып Қарабас келді... Дырду тез басылды. Қарабас үйге басын сұға бере, табалдырықтан аттамай, даурығып:

– Болындар! Намаз бітті! Қонақтар мырзаның пәтеріне беттегелі жатыр... Қаратай мен Ызғұтты жетсін деді. Ал тегіс, шапшаң! – дегенде, үйдегі жұрт дүрк тұрып, асығып киіне бастады.

Абай неғыларын білмеді. Өйткені Жақып бұған: “Сен қонақ күтіп, табақ тасуға жарамайсың, ал әкең қасында үлкен кісілермен тағы да отыра алмайсың... Орын тар болар. Одан да бүгін осында жатсаңшы!” – деген.

Абай өзі де осыны “тапқан ақыл екен” деп еді. Бірақ Майбасар мен Қарабас:

– Е-е, ең болмаса қонақтарды көріп, сәлем беріп қайт!

– Мына шаһардың көп қонақты қалай сыйлайтынын көріп қайт!.. – дескен.

Өзге жұрттан кейіндеп қалса да, Абай жаңағы соңғы сөздерді біраз орынды көріп, ақырын аяндап әкесінің үйіне келді. Жалғыз келіп еді. Өзге барлық үлкендер киіне сала асығып, қалбақтап, жылдам басып кеткен екен.

Ұзақ намаздың артынан түнгі асқа қарай шабыттанып қозғалған жұрт Абай келгенше тегіс орналасып қалған тәрізді.

Қора ішінде күтушілер, аспазшылар болмаса, өзге жүргіншілер жоқ. Бірақ қақпаның іші-сырты толған ерттеулі ат екен. Түнгі аязбен үстері қылауланып, шаңытып тұр. Әдемі шана мен қамыт-саймандары сықырлай түсіп, жегулі дара аттар, пар-пар аттар да көрінеді. Ылғи жақсы жеңіл шаналар... Бұл қала байларының аттары болу керек. Сеңсең тондарына оранып, шана ішінде қалғып отырған бірен-саран көшірлер де байқалады.

Үлкен ағаш үйдің қораға шығатын кең есігіне қарсы кішілеу ас үй бар еді. Соның есігі дамыл таппай ашылып-жабылып жатыр екен. Табақ-табақ ыстық асты жаңағы Майбасар пәтеріндегі жігіттер жүгіре басып тасып жүр. Ас үй мен қонақ үйдің арасында Майбасар, Жақып та қарбаласады. Үй ішінен қонақ қасынан бұларға да орын тимеген екен.

Барлық ас жақты басқарып жүрген Ызғұтты.

Ол:

– Былай... Бас аяғыңды!.. Әпкел! Бол!.. Бол шапшаң! – деп, Майбасар, Жақыптарға да шолақ-шолақ бұйрықтар береді. Жеңіл бешпет ішік киіп, білегін сыбаныңқырап алған Ызғұтты аңшыдай шапшаң, ықшам. Құнанбайдың бүгінгі қонағынан аяған жаны жоқ сияқты.

Абай үлкен үйге кіретін есікке тақай бергенде, қарсы алдынан Қазақпай жүгіре шықты. Ас үйге қарай ұшып барады екен. Оған жол беріп, енді кіре берейін деп еді, арт жағынан:

– Былай, былай тұр!.. – деген Ызғұттының қатты бұйрығы естілді.

Екі қолдарына екі-екі үлкен жасаулы табақтар алып, Бурахан, Төлепберді, Жұмағұл, Қарабастар келеді екен. Абай тағы тоқтап, жол берді. Дәл қасынан буы аспанға шығып, табақ-табақ ет өтіп жатыр. Ылғи бір түрілген қазы, төңкерілген жас құйрық, сары алтындай балқыған жал, желін майлар... Әрбір екі табақтың бірінде әлгінің үстіне бір-бір қоңыр бас орнапты. Бұларды кіргізіп жіберіп, Абай енді үйге қарай қозғалайын деп еді, үй ішінен тағы бір нәрсемен қарбаласып, Қаратай шығып келеді екен. Ол Абайды, тіпті, қағып кете жаздады.

– Өй, тұздықтарың... қайда?.. Жеке қоятындарың қайда?.. – деп келеді екен.

– Бар! Бар тұздық! Өне! Міне келеді! – деп, Ызғұтты Қаратайды қайта қайырды. Абайды бұл екеуінің есік алдындағы қарбаласы тағы кіргізбеді.

Бағанадан бері кірген-шыққанға есік ашушы сияқты боп тұрғанына Абай ыза болып, енді Ызғұттыны ығыстырыңқырап үйге кірді. Бірақ кіре бере Ызғұттының шынтағын қағып қалып еді. Бұған сырт қарап тұрған Ызғұтты жаңағы тұздықты бөліп құйып тұр екен. Қозғалып кетіп, тұздығының біразын төгіп алып:

– Өй, тәңір алғыр!.. Бұл кім өзі?.. – деп, ашумен сырт айнала беріп, Абайды көрді де:

– Өй, Абай, сенбісің?.. Ай, шырағым-ай, бір тыныш жерде отырсаң етті!.. Бұл қарбаласта не бар еді саған?.. – деді.

Абайдың мұнда келгенін жалғыз Ызғұтты емес, өзгелер де онша мақұл көрмеген сияқты. Бұны қорғайтын қабақ байқалмады.

Жалғыз-ақ, бір тәуірі, бөтеннен ешкім жоқ екен. Бұл үй, тегі, кісі отыратын үй де емес, далан сияқты еді. Бөлменің едені мен іргесі толған, жапырлап тізілген кебіс, калош, саптамалар екен.

Осы кіре беріс бөлмеден төрге қарай және оң жақ, сол жаққа қарай бірнеше бөлме бар еді. Дәл оң жақтағысы

Құнанбай жататын үлкен бөлме... Сол үй жақтан зор дауыспен көңілдене сөйлеп отырған Алшынбай, Майыр үндері келеді... Тұтасқан қатты күлкі де естіліп қояды. Кеңінен көсіліп, күлдіргі сөздер айтып отырған Алшынбай сияқты. Төрдегі бөлмелер екеу еді. Онда да жағалай тізіліп, малдас құрып, сығылыса отырған қонақтар екен. Бұндағы қонақтың көбі қаланың татар саудагерлері, қазақ байлары және тап ортада жаңа мешіт имамы Хасен молда көрінді. Бұл бөлме әлгідей емес, ақырын сөйлеп, аз күледі. Ылғи бір бой тежеп, сыпайылық бағып отырған ауыр кісілер тәрізді. Сол жақтағы бөлмеде Бошан, Қарашор руларының жуан-жуан атқамінерлері мен бірнеше төрелері бар екен. Ол бөлме де даурығып сөйлегіш, бірін-бірі мысқылдағыш, күлегеш, қызу бөлменің бірі көрінді.

Абай қонақ үйлердің есік-есігінен бір-бір қарағаны болмаса, ешқайсысына кірген жоқ.

Бір есептен, осы аралық бөлмеде қалып, жан-жағының бәріндегі өзгешеліктерді ести тұрудың өзі жақсы. Тек ашуланшақ Ызғұтты тағы қақпайламаса болғаны.

Бір бұрышта ұмыт қалғандай боп, жалғыз серейіп қалған орындық бар екен. Абай соған отырып, табақшылардың асығыс, қарбалас қимылдарына қарайды.

Жеті-сегіз жігіт бағанадан бері әлі күнге шейін табақ тасудан дамыл алған жоқ...

Үлкен-үлкен төрт бөлменің бұл сағаттағы мешкейлік қарекеті қалың топыр, қан жайлаудағы бәс пен астан бір кем емес. Бағанадан бері бірнеше ту бие, қысыр тай, төл емген жабағы, талай-талай ісек, ту қойлар жұтылған болар.

...Бір уақытта табақшылардың әбігері қайтадан қыза жөнелді... Бос табақтар бөлме-бөлмеден сумаң-сумаң шығып, тағы да ас үйге қарай тайпия қалқып кетіп жатыр... Сол бос табақтардың ең соңғылары Құнанбай бөлмесінен шығып бола берген кезде, ас үй жақтан тағы-тағы қайқайма табақ палау қаптады... Оның да беті булана түсіп, қызара бөртіп: “Мені қайтіп жемейсің, мені қайтіп тастайсың?” деп келе жатқан сияқты. Ауыз үйде ешкім үн шығарып сөйлемейді. Құнанбай жігіттеріне Ызғұтты үйреткен тәртіп сол болу керек. Үш есіктің тұсында қазірде Жақып, Майбасар, Ызғұтты үшеуі тұрып ап, табақ жақындай бергенде қонақ үйдің есігіне қарайды да, табақшыларды үндемей нұсқап, рет-ретімен кіргізіп жібереді.

Палау... Палаудан соң үзім суы, одан әрі шай... Әйтеуір, ел жататын уақыттан асып, қалың ұйқының бір мөлшеріне барғанша төрт бөлме дамыл алмай, болдым демей жеп, жұтып, ішіп жатты.

Абай есінеп, түрегеліп, енді Майбасар пәтеріне қайтпақшы еді. Әлі күнге мұнымен бір ауыз тілге келер ағайын жоқ. Күтушілер әлі де сол алғашқы қарбаласта.

Тиін ішігінің түймесін салып, енді сыртқы есікке қарай баса бергенде, Абай Құнанбай бөлмесінен шырқай шыққан үн есітті.

Табақшының біразы да бұған елең етті. Абай да барып, есікті біраз ашыңқырап қарап, көз салды... Шоқша бурыл сақалы бар, жал түмсық, сұр жүзді бір кісі екен. Домбырасын безілдете ойнақшытып, зор қайырманьы басып ап, содан әрі домбыраны көлденең салып қойып, тақпақтай соғып, желдірте жөнелді...

— Бұл кім?

— Бұл қайсы?..

— Қай ақын?.. — дескен үндер өзге бөлмелерден де және табақшылар арасынан да естіліп еді...

Құнанбай бөлмесінен ауыз үйге қарай басын шығара беріп, Қаратай:

— Балта, Балта ақын! — деді.

Жанынан шығарып, сілтеп отырған, Алшынбай қасында жүретін Балта ақын екен...

Алған жарың жамандап,
Асқанды қайдан табарсың.
Ақ тоныңды жамандап,
Атылас қайдан табарсың?
Өз басыңды зор етіп,
Теңдес қайдан табарсың?
Ағайынды жат біліп,
Жақынды қайдан табарсың?
Араз болсаң, еліңе
Жамандық айтар хабаршың.
Тату болсаң, ағайын,
Сонау қатын-балаға
Сүйінші айтар хабаршың, —

деп тоқтады. Үй ішінен:

— Пәлі, пәлі сөзіңе!..

– Бөрекелде, әбзел сөз!..

– Уа, сөз төресі осы да!.. – деп, даурығып, мақтау айтып жатқан Алшынбай, Қаратай, тілмаш үндері келді.

Осындай үлкен ауыр жиында мынадай суырып салма сөз және аразды табыстыратын бітім, жамау сөз Абайға бір алуан қызық сияқты көрінді... Ол тағы тыңдай түсейінші деп, ентелеп, бағанағы орындығын әкеліп, осы арада отыруға бейімдеп еді... Бірақ ақын жыры қайта шықпады.

Үй іші қайтадан томсарыңқы қоңыр әңгімеге кірісті.

Абай Бөжейдің пішінін жаңа жақсылап көрді. Ажарында ашу жоқ. Бірақ соншалық ашық-жарқын, сауық, қызық та жоқ. Салқын, тыныш қана тартымды сабыр бар екен...

Құнанбай пішініне Абай көзі түсіп еді, ол жинақы боп, әр нәрсеге сергек қарап отыр екен. Күлкі, сауыққа ол да оншалық бой ұрайын деп отырған жоқ.

Бұл үй әңгімесін қоңыр кеңеске айналдырған Алшынбай мен Баймұрын. Еңгезердей үлкен бойлы, сары Баймұрын Бөжейді татуластыра әкелген кісі болатын. Қазір Алшынбай екеуі ғана сөйлейді. Өздері үшін емес, Құнанбай, Бөжей сияқты екі жақ үшін сөйлейді.

Абай Балтаның жыры тоқтап, салқын кеңес басталғанын көрген соң, есіктен қайта бұрылды. Осы уақытта Қаратай ауыз үйге шығып, Бізғұтты мен Майбасарды шақырып ап:

– Татулық болды, татуластырды! Алшекең мен Баймұрын екі жақтың да бар сөзіне ие боп, өздері сөйлеп, өздері шешіп отыр. Осылай етіндер деп мырза да, Бөжей де ерік беріп еді! – деді.

– Ал байлау не болды?.. Тынымы не болған екен?.. – деп, Майбасар ентелей түсті.

– Тынымы да өзгешелеу болды, білем... Араларың алыс болса, қыз алысып, құда болысындар дер едік. Ағайынсың, жақынсын, бірақ сол жақындығың қайта жаңғырсын! Екеуің бала алысындар! Бөжей Құнанбайдан бала ауысып, бауырына салсын. Сүйтіп, иістерің аралассын! – десті.

– Осыған тоқтасты ма?..

– О не қылған бала?.. Өзінен туған бала ма?.. – деп, Майбасар, Жақып қайталай сұрасып еді...

– Тәйірі, айттым ғой!.. Өз баласы!.. Асырауға алады!.. – деп, Қаратай асығып қайта кетті...

Абай мына байлауға қатты аңырап, аң-таң болумен бірге, ішінен бір түрлі түршігіп қалды.

– Қай бала?.. Кім беріледі?.. Оспан ба, Смағұл ма?.. – деп, еркек балалар беріледі екен деп ойлайды. Жаңағы атаған екі інісінің ешқайсысын да ана қойнынан алып, өзге жаққа жіберуге қия алатын емес...

Ана қойнында уайымсыз, жазықсыз жатқан інілерінің біреуінен өлі айрылғандай көрді.

4

Осы кештен жиырма күндер өткен мөлшерде Құнанбай елге қайтатын болды.

– Құдай бұйырса, ертең аттанамыз. Жол жарағы сай болсын! Ошарылып бөгеп жүретіні болмасын!.. Атқа ерте қонайық! – деп, Құнанбай Қарабас, Жұмағұлдардан хабар таратты.

Осы сөз шығысымен Құнанбайдың өз қасындағылар да және Жақып, Қаратай пәтерлеріндегі Тобықты атаулының барлығы да соңғы бір күнді қарбаласпен өткізді...

Елге қайтудың хабары бұл топтың жас-үлкенін тегіс сергітіп, қуантқан еді. Әсіресе, елді қатты сағынған Абай болатын.

Ол соңғы уақытта Жидебайдағы шешелерін, ауыл-аймағын түсінде де көре беретін. Барлық пәтерлерде бүгін әбігермен қатар күлкі, қалжың, қуаныш та көп.

– Жүреміз... Жақында қайтамыз! – деген сөздің естілгеніне бес-алты күн болғандықтан, бұл жұрттың ат-тұрманы әзір-ді. Жалғыз-ақ Қарқаралыда ұзақ тұрғаннан бері мінілмей, жемде ғана тұрған семіз сәйгүлік аттары майланып кеткен болатын. Соңғы бір жұма бойында сондай аттардың аз-аздап терін алып, ішін тарттырып, суытып, таң астырып, қыстың ұзақ жолына сартап қып алмақ қарекеті де болатын. Абайдың қайтар жолда мінбегі “Аймаңдай” деген бір қара жал, қара құйрық сұлу құла ат еді. Аяңшылдан жол жорға боп кеткен жүрдек, әсем, нағыз бозбаланың аты.

Өзге үлкендердің атымен бірге бұл да бөлек бір қорада бағылатын. Абай жүріс хабарын білісімен, Аймаңдай атты көргелі келді. Маңдайының төбелі шын-ақ айдай боп жарқырап, басын шұлғи түсіп байлаулы тұр екен. Абай көптен

мінбей және көп күннен бері көрмей де жүрген еді. Атын да сағынып қапты. Таңертеңгі аяздан қырауытып тұрған жалы мен жонын бір уыс шөп алып сипап, сүртіп тастады. Содан кейін көп үлкендердің дағдысы бойынша Аймаңдайдың жалын ұстады. Абайдың саласы ұзын, ашаң қолын Аймаңдай аттың қазіргі жалы кере түсті. Құла ат та қатты семіріпті. Абай шегіне түсіп, бүйірден бір байқап қарап еді, жоны да жұмырланыпты. Үлпершек майы да білеуленіп, білініп тұр екен.

Атына қайта жақындап кеп, мойнын құшақтап, қысың-қырап тұрып: “Ертең емес, бүгін-ақ, қазір-ақ жүрсек етті!” деп ойлады. Ер-тоқымды жайлы қып ерттетіп, қалың ат көрпені баптап салып, тымақтың құлағын шарт байлап ап Абай атына мініп, қорадан шықты.

Әрдайым тізгінін созып жіберіп, басын шұлғып тастап, көңілді аяңдайтын Аймаңдай бүгін, тіпті, жеңіл басып, дәл жел қайықтай лыпып тұр екен. Осы күні кешке шейін Абай атынан көп түскен жоқ. Жұмысы жоқ болса да қаланың шетіне бір шығып кетіп, базарын бір кезіп, Тобықтылар жатқан пәтер-пәтерді аралап жүрді.

Түс кезінде әкесінің қасынан түстік жеп, шай ішіп, қайта аттанып, тағы да базарға барды. Бұл жолы қасында Ызғұтты бар еді. Құнанбайдың ақшасы Ызғұттының жанында болатын. Ас уақытында Абай әкесінен ақша сұрағанда, әкесі Ызғұттыға бұрылып:

— Базарға ертіп бар да, шешелеріне, інілеріне алатын базарлығы болса, өзің таңдап алып бер! — деген.

Екіндіге шейін Ызғұтты екеуі талай дүкенді аралап жүріп көп нәрсе алды. Әсіресе, кәрі әжесі шайшыл, қағаз шайшыл болатын. Абай сол шайдан бастап қант, кәмпит, мақпал, дүрия сияқты көйлек, қамзолдық нәрселер алды.

Өзінің артына бөктерген үлкен қоржынның екі басы әбден сықап толған соң, содан асқан нәрселерді Ызғұттының қойны-қонышына тыққызып алып, кеш бата әкесінің қасына қайта кеп еді.

Жүрер алдында өзге жұрттың да қам-қарекеті осы сияқты шаруалар болу керек.

Ертең жүретін Құнанбайды Майыр, тілмаш, старшын, билер бүгінгі кеште тағы басып жатыр екен. Абай әкесі

отырған бөлмеде болмай, басқа бөлмеде, Қарабас, Ызғұттымен қоржындарын тіктіріп, жолға әзірленумен болды.

Жатар уақытта ғана Құнанбай қасынан қайтқан Майырды Ызғұтты шығарып салып қайтып еді.

— Мырзаның дүниесін кім қызықтамаған, ең аяғы піскен бас Майыр да жаңа бір қарбытып асап кетті! — деді.

— Немене, мал алды ма, ақша ма? — деп Қарабас сұрастырып еді.

— “Ұлықсың ғой, көрнекті боп жегіп жүр!” деп, анау Берікқарадан келген үш қара атты берді. Ақшалай бес жүз сомды тағы асатты! — деді...

Соңғы күндер Құнанбайдың бергені жалғыз бұл Майыр емес. Тілмаш та бірталай алған. Әсіресе, кешегі күнде қырық-елу қараны Алшынбай аулына да Майбасар мен Қаратайдан айдатып жіберіп еді. Абайлар жата бергенде, түнделетіп олар қайтып келді. Ертеңгі жүрісті бөгей ме деген солардың кешігуі еді. Енді олар да жетіпті.

Осыдан екі-үш күн ілгері, Майбасар Алшынбай аулына барардан бұрын Абайды тағы қажап көрген... Бірақ анада Абай өзін күлкі қып, қатты тойтарып тастағандықтан, енді туралап айтпай, қиялап кеп: “Келіннен ұят болды-ау!” деп еді.

Ызғұтты сияқты үлкендерді көмекке шақырып, соларға айтқандай боп айтып еді. Абай онда да: “Бармаймын” деп, бір-ақ қайырған... Сонымен, қайынға бару әңгімесінен Абай арылған-ды...

Құнанбайдың жүріске байланғаны Абайды қазір қайындатайын дегені болды. Енді ертең жүреді. Бірақ төсекке жатып, ұйқыға кетер алдында Майбасарды қайта есіне алып, оның Ділдә тұрған ауылға барып қайтқанын ойлап, Абай ең алғаш рет өз қалыңдығы туралы құпия, ыстық бір сезімді сезгендей еді.

Бармады... Бірақ көргісі келуші еді... Қандай екен? “Иегі ителгінің тамағындай” деп Майбасар суреттеген, Абай көз алдына ителгі, қаршыға, түйғын сияқты қырандардың сұлу мойындарын келтіріп, шынымен сондай нәзік, ақшыл тамақ иектердің болатынын ойлады, бір бүгін емес, мұның алдында да бірнеше рет Ділдә жайын өзгеше бір толқынмен ойлаушы еді.

“Барса нетер еді?” деп, әлдеқандай белгісіз бір қызумен ойы тұмандайды. Бірақ Майбасардай қатаң, тұрпайы адамдардың мінезі мұның ойындағы құпия сезімін аямай қылжақ ететін тәрізді. Олардың тілеуі мен қақпайына еру – өзін-өзі аямау. Қадірлі, қасиетті сырын былғау сияқты. Ділдені бұл іздейді. Іздегенде “қайындау” деген сияқты ырым-жырымы көп, ыңғайсыздығы көп жолмен іздегісі келмейді. Ол ұялтады!.. Сондықтан баруға бата алмайды.

Осындай екіұдай көңілмен көп аунақшып жатып ұйқыға кетті.

Ертеңінде, Құнанбай айтқандай-ақ, ерте аттанысты. Әрбір топ өзді-өз пәтерінен жеке-жеке шоғыр болып шығып, қала сыртында тоғысқан.

Қаладан Құнанбайды шығарып сала келген старшын, би, төрелер де көп екен. Жиыны жүз шамалы кісі боп, біраз тоқырап тұрысып, ақыры: “Қош, қош, мырза!.. Жолың болсын!.. Сапарыңды оңғарсын!” дескен тілектермен қалды да, Құнанбайдың отыз шамалы тобы Тобықтыға қарай тартты.

Қарқаралыдан Шыңғысқа шейін жүретін жол ұзақ. Жердің алыстығынан басқа, қар қалың, жол да ауыр болатын. Ой-қырдың баршасы да сіреу боп, қыс көрпесін қалың жамылыпты.

Арқаның дағдылы қатты желі биыл қыста да көп соққан. Кейде бір жұма, кейде, тіпті, он күндей айықпай, ақ боран боп түтеп тұрып алған кездері болған.

Ақпан, қаңтар, бірдің айы – баршасы да қазір Абайлар жүріп келе жатқан сар дала, қоңыр адыр, сай-сала, қорық-қойнауларға өздерінің ақ ирек, сар-кідір омбыларын, оқаптарын, мұздақ жалтырларын жапқан көрінеді. Қарлы оюлар ышқынып соққан жел іздерін дәлелдейді. Даңғыл қара жол жоқ. Көп аттылар тегіс қатар жүру былай тұрсын, тіпті, үш салт аттының қатар жүретін жерлері де оқта-текте кездеседі.

Сол себепті барлық жүргінші қайтқан тырнадай, ұзақ салқар көштей боп, ылғи шұбалып, тізіле жүріп отырады.

Жолаушылардың маңдай алдында Құнанбайдың өзі. Астында семіз сары жорға аты бар. Арт жағы тегенедей жұмыр келген, ақ жал, сары жорға ат көп жорғадай күдіс емес. Қабырғалы, жазан және зор болатын. Құнанбайдың қалың жылқысының ішінде әрдайым ұзақ жолға, әсіресе, қысқы жолға мінетін аты осы еді. Үстінде қара құлын жарғағы бар,

күміс кісе буынған, қара мақпалмен тыстатып, қызыл түлкі тымақ киген Құнанбай сырт жағынан қарағанда, тіпті, зор, көрнекті еді. Қара жарғақ сары атқа жақсы жарасады. Тайпалған қатты жорға өзге жүргіншінің бәрін сар желдіріп келеді. Абайдың Аймаңдайы кейде Құнанбай жүрісі баяуласа, жол жорғасын салады да, сары жорға қатты тайпалып кетсе, амалсыздан желе жөнеледі. Желісі бір түрлі қатты, мазасыз.

– Ойпырай-ай, желісінің қаттысы-ай!.. Дәл бір бөренеге мінгізіп қойып, солқ-солқ ұрып отырған сияқты, – деп, Абай Қарабасқа Аймаңдай аттың жүрісін шағып қояды. Шынымен, алғашқы күнгі жүрісте Абайдың іші-бауыры солқылдап, етегін де қымтай алмай, икемі кетіп отырды.

– Іштеңе етпейді. Аздан соң етің қатып, үйреніп аласың... Етегіңді қымтап отыр!.. – деп, Қарабас ақыл айтып қояды.

Абайдың еркіне салса, асықпай жол жорғамен жүрер еді. Бірақ елге жету үшін бірнеше күнді санап ап, сол мөлшерде жетем деп тартқан Құнанбай жүріс шамасын өзгеге билететін емес... Жолды-жолсыз жердің барлығында суыққа қарсы қасқарып ап, топты бастап келе жатқан себебі де сол. Әншейінде аямайтын атшылар мен шабармандарды да алдына салмайды.

Осы жүріс бір бүгін емес, талай күндік жолдың бойында үнемі осылай боп отырды. Бірақ күндізгі уақыттар Құнанбай асығып, суыт жүргенмен, жолдағы белгілі-белгілі ауылдарға кеп түскенде үнемі тез аттана алмай қалады. Жол бойындағы Шұбартау, Абыралы, Дегелең, сонан соң Шыңғыстың батыс жақ сілеміндегі Тобықтының шеті болсын, баршалық қоналқаға түскен ауылдары Құнанбайды қажыдан келе жатқандай қарсы алады.

Бәрінде де – ақсақал, атқамінер, молда, сопының аузында: “Мешіт, мешіт”. Кейбір жағымталсыған көрілер: “Қарадан хан тудың!” деп, “Қырғында қылау салмай шықтың!” деп, “Қоңыраулы бұйра нардай болдың!” деп, көпе-көрінеу қошемет, жорғалық та істейді. Құнанбай аттанып кеткенге шейін мұндай ауылдар “құрақ ұшып”, қалбақ қағып күгеді.

Жол бойындағы осы бірталай ауылдардың атқамінер адамдары Қарқаралыда дәл қыс ішінде Құнанбай алдында болып, дау-шарын бітіріп қайтқан екен. Ақы төлеуін, айып-анжысын алып, есебін айырып, егескен жерлерінен Құнанбай арқылы өш алғандары да бар екен.

Шұбартау, Абыралы ішінде төрт-бес жерде осындай ауылдар Құнанбайды аттандырар кезде, оңашарақ шығарып ап, жүрістен бөгеп, жасырын сөйлесіп те қалады. Және сондай ауылдың барлығынан жетек аттар, ту биелер қосылып қалады.

Осындай олжадан түскен екі қара жорға, бір қызыл ат, тағы үш торы ат қазірде Қарабас сияқты атшылардың жетегіне ілесіп жүретін болды. Абай бұл жетектерге таңқалса да, алғашқы күндер көңіл бөліп, мәні-жөнін ескерген жоқ. Бірақ ілгері жүріп, Тобықтыға қарай басқан сайын осы жетек молая берді. Әрі-беріден соң қосарына жетек ат алмаған жүргінші бірен-саран-ақ боп қалды. Тобықты шетіне ілінер кезде осы жылқылардың саны он беске жетіп, енді жетек емес, топталып, жеке айдалып отыратын болды...

Мұның бәрі аға сұлтан сапарының “олжа мен сыйдан қоюланып келе жатқанына” айғақ еді. Құнанбай аулында дәл осы күнде құмалақ салған кісі болса, жүргіншілердің “Бүйірі тоқ, қанжығасы берік, қос-қосардан олжасы бар!” дер еді. Жорыққа аттандырған барымташыға түсетін құмалақ бұларға да түсер еді.

Қоналқа жерде бөгелгені болмаса, түстікке аялдамай, күндіз баласында үнемі суыт жүріп отырған топ Қарқаралыдан шыққанына жетінші күн дегенде Шыңғыс тауының батыс жақ тұмсығына кеп ілінді.

Осы жетінші күні Құнанбайлар Төлепберді мен Қамысбай, Бурахан үшеуін қуып жетті. Абай олардың неге бұрын кеткенін білген жоқ-ты.

Алдағы бір сар жотадан қалың жылқы айдап бара жатқан топты көргенде, Майбасар:

— Өне, анау сол біздің жігіттер болар! — деген.

Айтқандай, сол жаңағы үш жігіт Құнанбайдың мал айдатқан адамдары екен. Олардың алдында жүз қаралы жылқы бар. Өңшең бір төңкерілген доға жал ту бие мен ылғи іріндей, ірікті аттар екен.

Қарабас айдап келе жатқан он бес ат та осыған қосылды.

Құнанбай жылқы ортасына кеп, айдаушылармен сараң амандасты да, азын-аулақ бөгеліп, тұрып қалған еді.

Абай қатты бір күдік ойлап, Қарабастың қасына келіп сұрастыра бастады.

— Бұл не қылған жылқы? Кімнің жылқысы өзі?

— Е, олжа, әкеннің олжасы емес пе?

– Олжа не? Кімнен алынған?

– Өй, тәйірі, баламысың?.. Әкеңнің қол астына қараған халық аз ба? Қарқаралыда күні-түні басып жатқан қара нөпір ел кәне... Сондағы еңбек үшін ақы алмай ма? Текке істей ме? – деді.

Абай бұдан әрі сұраған жоқ. Бірақ барлық өзгеше жайды ұғынып, өз-өзінен қысылды да, қып-қызыл боп кетті. Дәл қасында жүргенмен, мынау әкенің, мынау барлық үлкеннің қиын сырын сезбеген екен.

Шөже есіне түсті... “Ортасын дарияның қарға шоқыр...” деп еді. Шөже Құнанбайдан алыс, шалғай жүргенмен, бар сырды біледі. Білгендіктен соны айтқан екен ғой.

“Не деген ұят?!” деп, Абай көңілі, әсіресе, Шөжеден ұялғандай болды.

Жүргіншілер тағы да соқтырып жүріп кетті. Абай желіп келеді. Бүгін бұлар Қарашоқыдағы Күнкенің аулына да жетпек. Туған-туысқан баршасын осы кеште көреді. Бірақ көптен асықтырған сағыныштың өзі де Абайдың жаңағы ауыр сезімін айықтыра алмады.

Ойлап, бойлай берген сайын тағы талай құнсыз істер тапты. Алшынбай аулына жіберілген елу қара да осы шоғырдың бір бөлегі. Қалыңмал... Абайға әперетін келіннің қалыңмалы да бұлдырдан...

“Иегі ителгінің тамағындай” деп қызықтырған, асықтырған қалыңдық? Ділдә!.. Мұның жары! Не боп барады!.. Көңілдегі қандайлық күнәсіз дүние кірленіп, жүдеп, нәрсіз боп барады... “Жар!” деген ат та соншалық жазықсыз қалпынан, қасиетті орнынан осындай боп қор болады екен!” деп ойлады. Абай өзі үшін де, Ділдә үшін де наразы боп кетті, наразы ғана емес, ашулы еді.

Паракорлық – кітап айтатын күнәнің үлкені... Паракорлық бұрынғы Кеңгірбай сияқты атақты бидің де сүйегіне басылған таңба еді. Өшпес міні, кешпес сұмдығы сол болатын. Ол, әсіресе, қысылған жандардан, жазықсыз жұрттан түсетін жем. Көпшілікке айтқызсаң, Барлас, Шөжелерге айтқызсаң – ол ең бір кешірілмейтін күнә. Абырой, атақ әперіп отырған “құдай үйінің” өзі де көптен-көп осындай малдан салынбады ма екен!..

Парадан жиылып та мешіт боп қалқып тұрады екен. “Арамнан салыңдым” деп қаусап қалмайды. Оның ішінде де құдай аты аталып, пайғамбар атынан “құтпа”, “уағыз”

сөйленеді. Сәлделі имам көзін сүзіп, “тәбәрәкті” созып, “Бұқар мақамын” күңіренгенді екен. Жақсы көрдім деген баланың, жақсы тілеумен айттырдым деген келіннің ақ тілеуі, ақ күмбезі де жем-парадан үзік жамылып, жем-парадан шымылдық тігіледі екен.

Осы күні кешке Қарашоқыға жеткенмен, Абай әке қасында, Күнкенің аулында қалған жоқ. Қасына Жұмағұлды ертіп ап, Жидебайға қарай асыға жөнеліп, жол бойы ылғи шауып, жортып отырды.

Терезе түбінен қатты жүрген аттылар өтіп, ауыл иті шабаланып үріп қоя берген уақытта шешелер ояу еді. Кешкі астарын ішкен де жоқ екен.

Бойы ұзарып, ірілеп қалған, беті тотыққан бала жігіт сәлем беріп кіріп келді. Байсалды бір үлкен жолаушыдай боп, қалың киім киген. Салмақпен басады. Осындай тұтқиылдан Абай кеп кіргенде Жидебайдағы үлкен үйдің іші қатты қуанып, шу етіп:

– Абай!..

– Абайжан!

– Қарағым!

– Қоңыр қозым!.. Абайжан! – деп дабырлай сөйлеп, ерекше шат боп қарсы алды.

Үй іші тегіс аман-сау!.. Әжесі мен шешесі күйлі!.. Екеуі Абайды кезек-кезек сүйіп жатыр. Оспан да ұйықтамапты. Айқайлап қуанып кетіп, секіріп-секіріп түсті. Өзін-өзі санға шапалақтап, ойнақтап жүр.

– Әпкел, базарлығыңды әкел!.. Тәттің көні?.. Берсеңші шапшаң? – деп Абайды шешелерімен де, Ғабитхан, Тәкежандармен де амандастырмай асықтырып жатыр. Қойнын тінтіп, қалталарына қол жүгіртіп, қайта-қайта:

– Әпкел!.. Бол енді! – деп дегбірсізденіп қояды.

Осыдан үш-төрт күн өткенге шейін Абай үйде болды. Ешқайда қыдырған жоқ. Әсіресе, әке қасына барған жоқ. “Қарашоқыда қалың жиын бар екен. Күнкенің аулын қонақ басып жатыр екен. Мырзаға сәлем бере, амандаса барған ел ұшан-теңіз екен” дескен хабарлар Жидебайға күн сайын келіп жатты. Бұл ауылдан Құнанбай қасына кеткен Тәкежан ғана болатын.

Ол Абай келген күннің ертеңінде Жұмағұлдан олжа жылқылардың жайын есітіп:

– Ылғи сәйгүлік аттар дейді. Бар жақсысын тағы да Құдайберді тандап, меншіктеп қояды, – деп, Күнкеден туған ағасы Құдайбердіден жақсы аттарды қызғанып, – таңдаулысын алам! Алып келем!.. Осы жол ма?.. Көрер-ақпын! – деп, асыға жөнеліп еді. Сол кеткеннен әлі қайтқан жоқ.

Абай бұл күндерде екі шешесі мен Ғабитханға Қарқаралыда көргендерін, сезгенін көп-көп әңгіме қып айтып жүрді. Кейде мұның әңгімесін тоқал шешесі, сұлу Айғыз кеп тыңдайды.

Бөжеймен болған татулықты да айтты. Бірақ бала беру жайын білдірген жоқ. Ол өз ішінде жатқан ауыр күдіктің, қиын уайымның бірі еді. Әкенің өзі айтып білдірмесе, Абай мынау аналардың қуанышпен қарсы алған күндерін мұңайтқысы келмеді. Бұл аналар әкеменен не деседі? Оны көрер, әзірше Абай аузынан естігенде ең алғаш сезері, айтары – ашу, күйік болуға мүмкін. Ондайды мезгілінен бұрын шығарып Абай қайтеді? Ендеше, қинамай тұра тұру қажет.

Абай Жидебайға келетін күні осы жайды ойлап ап, жанындағы Жұмағұлға да: “Бұл ауылға айтпай-ақ тұра тұр” деп тапсырған.

Осымен төрт-бес күн өткен шамада: “Бөжей де келіпті” деген хабар жетті.

Құнанбай сол қарсаңда Жидебайдағы үйіне Қарабасты жіберген екен. Сол Зере мен Ұлжанға кеп:

– Мырза сәлем айтты, ертең көп кісімен осында келеді. Және Бөжеймен бас қосып табысатын осы үй, осы үйдің қара шаңырағы бопты. Мұнда Бөжей, Байсалдар да келді. Осыған қам істеп, күтіп алсын деп тапсырды! – деді.

Ұлжан ол хабарға сасқан жоқ. Айғыз екеуі екі күндей қам істеді. Үлкен-үлкен теңдерді шешіп, қымбат кілем, әсем түскиіз, алаша, көрпелерді алып, Зере отырған үлкен үйді де, қонақ үйді де, Айғыз үйін де жақсы жасап қойысты. Астау-астау бауырсақ пісіріп, қой үйігіп, құрт ездіріп, астарын да ықшамдады. Бірнеше қарындағы сары майдың ішінен тұзы дәл, дәмі жақсы, түсі асыл майды тандап ап, сондай қарынды әдейі арнап бұздырды.

Келесі күні, айтқанындай Құнанбай, Бөжейлер бар нөкерлерімен тұтас кеп, ошарылып қалды.

Бөжей үлкен үйге кіргенде, Зере орнынан тұрып, қарсы барып бетінен сүйіп жылады да:

– Қарағым, бауырың суып, қатыбас боп кетпедің бе? Балам сен едің де, анаң мен емес пе ем?.. – деді.

– Алда жарықтық-ай!..

– Алда бақыр анамыз-ай!.. – десіп, Байдалы, Сүйіндік сияқты Бөжейге ере келген кісілер де босаңсып еді.

Бөжей де шынымен шіміркенді. Зерені құшақтап, қысып тұрып, қатты күрсінді де, қолымен ақырын ишарат қып, орнына апарып отырғызды. Өзі де Зеренің қасына отырып қалды.

Аздан соң үндемей отырып, басын изеп, осы үйдегі балаларды көрді. Абай әжесінің төменгі жағында отыр еді. Бөжей ең алдымен соны шақырып ап, бетінен иіскеп, содан кейін Оспан, Смағұлды да беттерінен сүйді. Зере мінезіне орай етіп істеген туысқандық жауабы.

Бөжей, шынында, бұл үйді бөлек бағалайтын. Құнанбайдың ғана үйі емес, осы бір атаның ортақ үйі және жалпыға мейірбан, момын, адал үй деп санаушы еді.

Бөжейлер жайласып отырғаннан кейін, осы бөлмеге Құнанбай да кеп кірді. Қасында Қаратай, Майбасар, Құлыншак сияқты нөкерлері көп екен.

Абай Бөжей мен өз әкесінің беттесіп отырған пішінін көруден ұялғандай. Өзінен-өзі именіп төмен қарады. Үлкендерге орын босату керек. Соны сылтау қып, үйден шығып кетті.

Осымен бұл кеште де, ертең таңертеңгі аста да әкелерінің үстіне кірген жоқ. Жай сырттан, шешесінен сұрастырғанда, Бөжей мен Құнанбай көп үндеспей, шешіліспей, сыпайы ғана сыйласты дегенді есітті.

Ертеңінде Бөжейлер жүрер кезде Абайдың Қарқаралыда естіген жат сөзінің шешуі жетті.

Өз үйінде жер бауырлап жылап, Айғыз жатыр екен. Қарабас мұның қолынан Кәмшатты алып, шарт киіндіріп, үлкен үйге апарыпты. Екі көзі қарақаттай жайнаған аппақ Кәмшат мұндағы барлық үлкендерге:

– Аға, ата! Ата... аға! – деп, кішкентай нәзік саусақтарын созып, жалт-жалт қарайды.

Мұның әлдеқандай жалынышты түрін көруге шыдамай Ұлжан шығып кетті. Үнсіз жылап, бүк түсіп Зере қалды. Үлкендердің арасынан аяз лебін сезгендей боп, Абай да атқып шығып кетті.

Құнанбай босаңсыған пішіндердің барлығына жалғыз көзін оқтай қадап, атып жібергендей қарайды. Қарқаралыдағы байлау бойынша мұның Айғыз қолынан тартып алып, беріп отырған баласы осы.

Үй ішінде түк өзгеріс сезбеген, бұрынғысынша былдыр-лаған Кәмшат тысқа қарай бір бөтен, үлкен кісі ала жөнелгенде ғана шошынып еді.

— Апа!.. Апа!.. Әже!.. — деп, шырылдап қоя берген.

Кішкентай жүрегін қорқыныш қысып, зар қаққан бала дәл бір от басып алғандай шыр-шыр етеді.

Осы зарлаған үні Бөжейлер аттанып ұзап кеткенше басылмады, алыстаған сайын отқа өртеніп не суға жұтылып баратқан жанның зарындай боп, ызың-ызы есітіліп тұрды.

ШЫТЫРМАНДА

1

Абай Қарқаралыдан қайтқан соң атқа мініп, ел аралаған жоқ.

Көбінесе Жидебайдағы ауылда шешелерінің қасында болды. Көктемге шейін күндіз-түні кітап оқуға салынды. Медреседен қайтқалы кітапқа анықтап оқталғаны осы еді. Арап, парсы тілін, бірталай сөздерін ұмытыңқырап, қарайып қалған екен. Алғашқы бір жұмадай Ғабитханның тәпсіріне қарап, бұрынғы білген тілдерін қайта құрастырып алды. Содан әрі мұның қолына түскен әрбір қалың кітап соншалық бір қатты сағынып жолыққан ыстық, қымбат досы тәрізді болды. Ғабитхан да кітап оқығыш болатын. Соның кітаптарының ішінен өзін қызықтырған көп-көп асыл бұйымдар тапты. Мұнда Абулқасым Туси-Фирдоуси, Низами, Физули, Науаи, Бабырлар бар. “Жәмшид”, “Сеидбаттал Ғазі”, “Мың бір кеш”, “Табары жазған тарих”, “Жүсіп – Зылиқалар”, “Ләйлі – Мәжнүндер”, “Көрұғлы” сияқты хикая дастандар да бар. Абайдың бас алмай оқығандары осылар. Аздаң соң, кешкі шайдан асқа шейінгі мезгілде Абай кейбір оқып шыққан кітаптарын үй ішіне әдемі әңгіме қып айтып беріп отыратын әдет тапты. Бұған әжесі себеп болды.

Зере Абайдың кітапқа берген ықыласын байқап, бір күні кешке:

– Қарағым, осының ақыл. Ішкен менен жегенге мәз боп, мойны-басы былқылдап, ақылдан да, өнерден де кенде боп жүрген бай баласы аз ба? Осы ала қағазыңнан айрылма! Ұқсама аналарға!.. – деген.

Әжесі кітап қадірін жақсы айтқанға Абай ырза болып, жаңағы сөзден соң, күн сайын бір тамаша әңгіме айтатын болды. Шешелер, малшылар, балалар боп – баршасы телміре тыңдайтын. Анда-санда Айғыз да кеп естуші еді. Ол Кәмшат кеткелі қатты жүдеу. Үлкен қара көздері аларыңқырап, бар-

лық жүзі сұрланып ақшыл тартыпты. Шеке тамырлары көкшілденіп, әдемі жүзіне уайым көлеңкесі түскен тәрізді. Үнсіз уайымдаған ана қаралы. Абай бұл шешесінің күйін қабақпен таниды. Ол келген кештерде әңгімесін ерекше ықыласпен айтады.

Абай әңгіме айтуға бір түрлі шешен, шебер боп барады. Ғабитхан, тіпті, өзі оқып шыққан кітаптарды Абай хикая қып айтқанда бар бейілімен, жақсы ілтипатпен тыңдайтын.

Бір жаманы, жалғыз-ақ көктем болып, мал төлдей бастаған уақытта қызық кітаптың бәрі тегіс оқылып, бар әңгіме айтылып қалды.

“Әңгіме, әңгіме” деп, Абайға емініп отыратын үй іші енді алғаш Абай айтқан әңгімелерді кейбір малшы қатынға немесе балаларға қайта айтқызып, қайта тыңдасатын болды.

Бірақ олардың айтуы Абайдай емес, дәмсіз, үстірт.

Ұлжан соларын сезіп, кей кезде тоқтатпақ боп:

– Қыс өтті, жаз шығып, мал төлдеп қалды. Ертектің кезі өтті. Әйтпесе, қыс аяғы ұзап кетеді. Қой-ақ қой! – деп қалжың етіп, тоқыратып тастайтын.

Бірақ шешелер оңашада Абайға жақсы кітаптың жақсы хикаяларын қайтадан ескерте беруші еді.

Ғабитхан мен Абай екеуі маңайда кітабы бар молда сүрей, кәріден, шала сопылардан бірен-саран кітап тапқызып алысты. Тағы бір кезде Ғабитхан әдейілеп тұрып Қарашоқыға, Күнкенің аулына барып, екі қоржын басы кітап әкелді.

Құнанбай Қарқаралыда Хасен молда арқылы, тағы басқа оқымысты кісілер арқылы үйде отырғанда оқып отырам деп, бірталай қызық кітаптар алғызған еді. Оны елге де жеткізген. Бірақ Абай бір рет:

– Бізге беріңіз! – деп сұрағанда:

– Қасымда отырып, өзіме де естіртіп оқып бер! Сүйтсең берем. Әйтпесе, қызығын өзім көріп, өзім ғана білем дегеніңе бермеймін! – деп бергізбей қойып еді.

Абай әке қасына барғысы келмегендіктен, ол кітаптардан да құр қалып жүрген. Ғабитхан соның есесін тауып, бірер күн сұрап жүріп, алып келді. Үй ішіне де, Абайға да Ғабитханның табысы үлкен олжа еді.

Бірақ дәл осы кітаптар келген күннің ертеңінде Абайға шақырту кеп, Қарашоқыға жүріп кетті.

Күнкенің аулына Абай келісімен, Құнанбай мұны Құлыншақ аулына жұмсады. Әкесінің Құлыншаққа айтатын сөздерін Абай ұғынып ап, тысқа шыққанда, мұнымен бірге барғалы Қарабас әзір тұр екен.

Құлыншақ аулы алыс емес болатын. Қарашоқының күнбатыс жағы, бұрынғы Қодар қыстауының арғы жапсары Торғай руына тиісті. Құлыншақ — сол Торғайдың басты кісісінің бірі.

Қарашоқыны бөктерлеп, Аймаңдай аттың жол жорғасымен жүріп отырып, Абай:

— Шыңғыстың бөктері тегіс көктепті-ау! — деп, айналаға көз жіберіп келе жатты.

Аласа алкүрең бетеге даланы да, бөктер, беткейді де тегіс көгертіп, жасарта бастаған. Бірақ аспан ашық емес.

— Жалғыз-ақ, осы бір суық жел мен бұлт айықпайды екен! — деді.

Екі-үш күннен бері бұл өңірде күн бұлыңғыр болған. Және қыстың соңғы салқын тынысы сияқтанып бір суық жел білінуші еді.

— Е, сәуір жаңа туды ғой. Сәуірдің басы осылай бұлтты, суық болатын әдеті ғой! — деп, Қарабас қыстыгүні қар болатынын айтқандай, мерзім айтты.

— Неге? Сәуір қыстың айы емес! Жаздың айы емес пе? Жылда бүйтед деймісің?

— Жылда сүйтеді. Сәуірді, осы, жұлдызша не дейді?

— Апрель дейді.

— Ендеше, сол апрелің осы. “Сәуір болмай, тәуір болмас” деп, бұрынғылар текке айтпаған. Сәуірдің басындағы суық бітпей, жаз шықпайды дегені, — деп, Қарабас Абайға ай-айдың мәнін айта бастады.

Бұл жөнде Қарабас атшабарда Абай сезбей жүрген көп білім бар екен. Сәуір — бұл айдың арапша аты. Қазақша — мамыр. Одан соң маусым... Абай қазақша ай атының бәрін сұрап, қайта-қайта қайырып жаттап алды.

Бірақ сәуір турасындағы жаңағы сөзді алғаш есіткені осы еді. Жазға салымның ең жайсыз кезін өнеутүні әжесі “отама-лы” деп атап еді.

— Осы “отамалы” немене? Не деген сөз өзі? — деп, Абай соны сұрады.

— Отамалы көкек айының он бірінде кіріп, он жетісінде шығады. Желсіз, борансыз өтпейді. Қыстың ең соңғы зәрі сонда. Отамалы деп атанғаны бір байдың Отамалы деген қойшысы болған екен. Сол бақыр күн қайырады екен-ау! Көкектің суығы басталған уақытта, әлгі: “Қойды жайылысқа шығармайық, боран болады. Қойдың қыстан титықтап шыққан кезі, малыңнан айрыласың” десе, байы бір діні қатты көпір екен. “Сен тоғышарлық қып алдап отырсың” деп, Отамалыны сабап-сабап, қойды жайылысқа шығартады. Сол күні құдай көрсетпесін, бір қатты боран басталып, тақ үш күн, үш түн соғып, бар қой ығып кетіп қырылыпты да, қойдан қалмаймын деп, Отамалы бақыр да үсіп өліпті. Көкектің суығы — “отамалы” атанғаны содан дейді. Әжең бақыр соны біледі ғой, — деді Қарабас.

Осыдан соң: “Айдың тоғамы” деген не, “Өліараның” не мәні бар, “Қыркүйек” неден қойылған — Абай осыларды да сұрастырып, көп қызық әңгімелер есітті. Аздан соң есепшілер жайын, есепшінің тәжірибесін де сұрастырып:

— Күн қайырып, есеп айтуға өзін қалайсың? — деді, жаңағының бәрін біліп, бәрін жақсы әңгіме еткен Қарабас есепшіден аман емес шығар деп ойлап еді Абай.

Қарабас күліп:

— “Күнәң аз болса, күн есепте!” — дейді екен осы күнде молда, қожа. Бірақ қолдан келсе, есепші болған жақсы-ақ қой. Мен күнт қылмай, күр қалып жүрмін. Болмаса, есепшілердің айтқаны аумап келетін жылдар болады, — деді.

Бірқатар жол жүріп кеп, екі салт атты Қодар қорасының тұсына жетті. Абай Қодар мен Қамқаның басына бұрылып құран оқып, үндемей, томсарған күйінде ілгері тартты.

Анада көрген қатал суық суреттер көз алдына дәл бүгін таңертең көргендей боп қайта елестеп еді. Өзінің сол күні аққан ыстық жасы, қасірет жасы да есіне түсті.

Ауылға кеп түскенде Абайдың түсі үлкен кісінің түсіндей боп томсарған, салқын еді.

Құлыншақ аулы әлі қыстауда екен. Күн жылынған кезде тамнан шығып, қыстау жанына киіз үй тігіп отыратын әдет болушы еді. Қорашоқыдағы Құнанбай аулы сөйткенмен, Құлыншақ олай етпепті.

Өзін бала көргенмен, Құнанбай жібергенін ескеріп, Құлыншақ Абайды үлкен кісідей қарсы алды. Қонақтар отырып, амандасып болған соң:

– Уай, қатын, қазан көтер мына қонаққа! – деп бұйрық етті. Құлыншақтың “бес қасқа” деп атанған бес мықты ұлы болатын. Олардан қазір Манас қана үйде отыр. Бұл “қасқа” десе дегендей, еңгезердей екен. Жалпақ маңдайлы, нұр жүзді, балуан тұлғалы жас жігіт Құлыншақтың немересі еді. Үндемей отырып, домбырасын тыңқылдатып тартады да, қонақтарға салқын қарап қояды.

Үйде әзір тұрған шай бар екен. Манастың келіншегі дастарқан жайып, шай жасай бастады. Жүзі жұқалау келген, самай шашы жып-жылтыр, қырлы мұрын, қара торы келіншек аса бір таза, шапшаң көрінді. Бар қозғалысында әдемі сыпайылықпен қатар, ширақ сергектік бар. Отырған үйіне жылылық, жарастық бергендей келісті әйел.

Соның кірген-шыққан қимылын қарай отырып, Абай:

– Құлыншақ аға! – деп сөз бастады.

Құлыншақ Абайға қарай түсіп, үлкен сары шақшасын тырнағымен сыртылдата қағып отырып, бір кезде көк бұйра насыбайын екі танауына құшырлана тартып қойды.

– Әкем сізге сәлем айтып еді...

– Сәлемет болсын...

– Айтқаны, мына жердегі Бетқұдық жайы. Бұрын Борсаққа тиісті қоныс екен. Ақперді Борсақ қыстауын алған соң, қонысы мен өрісін тегіс алдым дейді ғой. Соған былтыр күздігүні қыстауға кірер алдында сіздің ауыл қоныпты. Бірталай отырыпты. Қазір жаз шыға: “Қорасының жаны болған соң, тағы қонып жүре ме? Мен ірге тигізбей, күздігүні пішенін шауып алайын деп ем. Осыны Құлыншақ маған қиса екен! Қонбаса екен!” деп әкеме өтініш айтыпты.

– Е-е, Ақперді оны айтсын, ал әкең не дейді?

– Әкем Ақпердінің осы сөзі орайлы ғой. Құлыншақ қонбаса жақсы болар деп, осы сәлеммен жіберді, – деді.

Қысылған да, іркілген де жоқ. Баппенен, үлкен кісідей айтып шықты.

Құлыншақ үндемей, басын изеңкіреп отырып, мырс ете берді де:

– Шай іш! Кәне, жақындаңдар! – деп, шайға қарай қозғалды. Абай да шай іше бастап, Құлыншақтың жауабын күтіп отыр.

Құлыншақ бірер шыны шай ішкенше үндемей, сазара түсіп, бір уақытта Абайға оқыс бұрылды да:

– Уай, балам, әкең осы Бетқұдықтың мәні-жөнін ұғынып, түбін тексерді ме екен? Борсақ отырған кезде мен кезек қоныс етуші ем ғой. Көгі болса бұрын да орылушы еді. Қақ бөлісуші ек қой. Осыны білді ме? – деді.

– Оны білген көрінеді. Бірақ, тегінде, меншік бар да, келісім бар ғой, ақсақал. Даусыз иесі Борсақ еді. Соның меншігі еді. Құлыншақ иелік жөнімен емес, келісім ретімен үлес алып келген еді. Келіссе, Ақпердімен де соны істер. Тек, меншік Ақпердінікі екенін ойласын деді.

– Е-е, ат иесі Ақперді десеңші! Ендеше, алдына ат иесі мінед те, артына бізді тілесе мінгізіп, тілемесе мінгізбес. Қыстауыңның іргесінде, желі басындай жерде тұрса да Бетқұдықтан бетті жу десеңші! – деп, Құлыншақ наразы боп, томсарып қалды.

Абай Құлыншақтың ренжіген жайын ұғады. Өз басы ренжітейін деп те ойлаған емес. Басында әке сәлемімен келсе де, мұның арты үп-үлкен шаруа жайы екенін онша бағалаған жоқ-ты. Енді мынандай үлкен, нығыз адамның амалсыз ренішіне қарай өзі айтқан жайдың ауырлығын ұқты.

– Менің әкелгенім осы бір сәлем. Арғысын өзіңіз біліңіз.

– Қайтпек керек? Ақперді! Ақперді! Ақпердіге құдай бақ берді, – деп, Құлыншақ ащы бір мысқылмен күліп қойды.

Абай Құлыншақтың сабырлы сықағына қызығып, күліп жіберді. Тартысам деп келген емес. Және әке қарызынан құтылды. Сондайды шапшаң болжап шыққан Абай жаңағы Құлыншақ қалжыңын іле жөнеліп:

Бақ берген емей немене,
Борсақтан қалған аз жерді
Менікі деп тап берді деңіз, –

деді.

Абайдың бұл мінезіне үйдің іші тегіс күлді. Шай құйып отырған Манастың келіншегі, әсіресе, ырза болды білем, қыпқызыл боп, қатты күліп жіберіп, Абайға жалт етіп қарап, тамсанып қойды.

Құлыншақ шалқая беріп, Абайға:

– Е, балам-ай, мынау лебің қалай жақсы еді. Тек осыныңды Ақперді есіткей етті! – деп ырза боп қалды.

Осыдан Құлыншақ Бетқұдық әңгімесін былай қойып:

– Шырағым, осы анада Бөжейге берген жас бала қалай екен? Айғыз бейшара жылап қалды деп еді, ол қалай? – деп, Абайдың үй ішін, Зере жайын, Ұлжан күйін сұрастыра бастады. Кәмшат туралы Абай еш нәрсе айтқан жоқ. Құлыншақ қайта оралып:

– Айыпқа мал бермеді деп, Бөжей жағы қомсынады, білем. Сол кішкене қарындасыңның күтімі де келісті емес деп есіттім-ау! Айғыз бақыр соны сезіп қайғырады ғой! – деп, қайдағы бір көңілсіз, шетін жайларды қозғай бастады.

Абай бұл арада ол әңгіменің ешқайсысына сыр беріп, ішін ашпақ емес. Құлыншақ жетектеген сөздерге басқан жоқ.

Азырақ үндемей отырып, өзінше бір жөн тауып:

– Ақсақал, осы сіздің балаларыңыздың “бес қасқа” атанатын себебі не? Соның мәнін ұқтырыңызшы! – деді.

Құлыншақ мына баланың жаңағы сөздерге ілеспегенін түсінді де, ішінен: “Байыпты бала-ау өзі. Салмақ бар ғой. Сыр ашпайын деп отырғанын қарашы. Бұған да үйреткен екен...” деп ойлады. Алғашқы сөздерін тастап:

– “Қасқа дегені – батыр деп айтқаны” деп болмайды ғой мыналар, түге. Жөнін мынаның өзінен сұрасаңшы, – деп Манасты нұсқап қойып: – Батыр боп кімді мұқатып жүргенін кім білсін? Әйтеуір, қолтыққа дым бүрку ғой. Болмаса, анау бір кезде Бөкенші, Борсақ “Қарашоқыны бермейім, өлісем” деп келгенде, әкеңнің жалғыз ауыз сәлемін есітіп, осы бес баламды ертіп барған мен едім. Сонда иесі кетіп жатқан иен жерден, тым құрыса, бір құдық тиер деп ем. Тигені мынау ма? Қасқаның тұмсығы тасқа тигені осы да! – деп алғашқы сөздеріне тағы бір оралып соқты.

– Бүлінген елден бүлдіргі алма дегені қайсы? Бөтен болса бір сәрі. Бөгде емес, Бөкеншіні қуып алған кімге құт болады дейсіз? Өкініп қайтесіз? – деп, Абай аса бір байсалды мәслихат айтты.

Манас пен келіншегі осыны жақсы ұғып ұнатса да, Құлыншақ көнген жоқ. Ол осыдан соңғы әңгімелерде Құнанбайға өкпелі болған кісінің қабағын білдірді.

Абай ар жағынан байқап кеп, Құлыншақтың ойы: “Бөкенші, Борсақтан жер олжа қылмадым” деген арман екенін білді. Соны ұғынумен қатар жерден басқаны, жемнен басқаны тыңдағысы келмеген Құлыншаққа ішінен наразы боп аттанды.

Абай әкесіне Құлыншақтың көнгенін айтса да, өкпесін айтқан жоқ. Істеп келген ісін қысқа ғана баян етіп еді.

Бөлек жерде Құнанбай Қарабастан да сұрастырған. Абайдың айтқан сөздерін түгел есітті. Қарабас Абайдың бүгінгі мінездеріне ырза екен.

– Балаңыз сөзге ысылып қалыпты. Тіпті, бір үлкен кісідей орамды жатыр. Құлыншақ екен-ау, ұтылады екем-ау демеді. Қалай болса да тең сөйледі! – деп, мақтай бастап еді.

Құнанбай “Жетті, доғар” дегендей ишарат қылды да, Қарабасты тоқтатып тастады. Осының ертеңінде Құнанбай Абайды және жұмсады. Қасына тағы сол Қарабасты қосып, енді Сүйіндікке жіберді.

Сүйіндік аулына Абайлар ел орынға отыра келді. Өз қыстауынан айрылып, Қарауылдың бас жағын – Түйеөркеш деген жерді қыстаған Сүйіндік аулы қазір тамда емес, киіз үйде екен. Мал-жаны көп, бай ауыл осы орынды қыстауға лайықтап алғанмен, әлі жаңа қыстау сала алмай, ескілеу тар қораға сыя алмай, күннің көзі жылынысымен киіз үйге шығыпты.

Сүйіндіктің аппақ үлкен үйі жылы екен, іші тола тірелген жүк, буулы тең менен сандықтар. Оның ар жағы екі босағаға шейін текемет, алаша, тұскиізбен қоршалыпты.

Саптама мен тиін ішікті әлі тастамаған Абай бұл үйде тоңазитын емес. Биылғы көктемде алғашқы рет киіз үйге қонғалы отырғаны осы. Мұнда бір жеңіл салқындық, кең тыныс бар. Көктемгі киіз үй Абайға әрқашан таңсық болатын.

Үлкен үйдің ортасында ала көлеңкелеу жанған тас шам бар. Сүйіндік бәйбішесімен және екі баласы – Әділбек, Асылбекпен – бәрі де қонақтармен бірге болды. Бұл үйге, әсіресе, өзгеше көктем нұрын енгізген бір жан бар. Ол Сүйіндіктің қызы – Тоғжан. Абай келгеннен бері Тоғжан үлкен ағасы Асылбектің отауынан осы үйге бірнеше рет келіп кетті. Сылдырлаған шолпысы, әлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы кәмшат бөркі, білек толған неше білезіктері – баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты. Толықша келген, аппақ жүзді, қырлы мұрын, қара көз қыздың жіп-жіңішке қасы да айдай боп қиылып тұр. Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайға қарай тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей.

Тоғжан үйдегі сөзге құлақ салып, не күліп, не қымсынса, сұлу қастары бір түйіле түсіп, бір жазылып толқып қояды.

Елбіреп барып дір еткен қанат лебіндей. Самғап ұшар жанның жеңіл әсем қанатындай. Биікке, алысқа меззейді... Абай көпке шейін Тоғжан жүзінен көзін ала алмай, телміре қарап қалады.

Қыздың көп кіріп-шығысы қонақтардың қамы екен. Аз уақытта дастарқан жайғызып, күтуші әйелге шай құйғызып, өзі әкесінің төменгі жағына отырып, шыныларды әперіп, үй ішіне қызмет көрсете бастады.

Абай Сүйіндіктен де қысылған жоқ. Бала емес, ысылған ашық, үлкендерше сөйлейді.

Тоғжан кеп отырғаннан кейін Сүйіндікке қарап:

– Сүйіндік аға, осы мына сіздің жердің алдындағы Қарауыл дейтін жалғыз биік не себепті Қарауыл атанды екен? – деді.

Сүйіндік:

– Кім білсін, шырағым! – дей түсіп, аз отырып: – Е, Тобықты мен Матайдың шабуылы, жаулығы қалған ба? Сондағы қуғыншы мен жортуылшының бірі қойған аты-дағы. Өзі өзге таудан бөлініп, айдалаға оқшау барып тұр ғой. Содан қарауылдамай, қайдан қарауылдасын! – деді.

– Сүйтіп, бұл атты Тобықты қойған дейсіз бе? Тобықты келмесе бұрын сондай ат жоқ па екен?

– Қайдан болсын? Бұл өңірдегі барлық атты Тобықтының өзі қойған.

– Әй, білмеймін-ау! Бар атты өзі қойса, Шыңғыс дегені несі екен? Шыңғыс деген Тобықты бар ма?

– А, жоқ! Мынауың жаны бар сөз. Бәсе, бұ Шыңғыс деген осы үлкен алып таудың аты неге Шыңғыс атанды екен бұл? – деп, Сүйіндік өзі де ойланып қалды.

Әділбек әкесінің мүдіргенін намыс көріп:

– Шыңғыс деген сөз “шын қыс” дегеннен, қысының қаттылығынан болыпты-мыс деседі ғой! – деп еді.

Абай бұған күлді де:

– Олай болмас. Шыңғыс деген белгілі хан аты ғой, – деді.

– Бәсе, осы сөз менің де құлағымға бір тиген еді. Жадымда қалмапты. Көне, білсең өзің айтшы, шырағым, – деп, Сүйіндік Абайды тыңдағысы келді.

Жас қонақ Шыңғыс хан жайында өзі білген, есіткен әңгімелерін айтып кеп, ақырында өз көңіліндегі біраз долбарды қосып:

– Тауының “Шыңғыс”, биігінің “Хан” аталғаны содан. Және сонау бір бөлек тауы “Орда” аталғаны да сол. Шыңғыс ханның мекен еткен қонысы екенін паш етеді. Қарауыл демек те сол кезден қалған ат емес пе екен? – деп тоқтады.

Сүйіндік Абай сөзін қатты ықыласпен тыңдады. Алдындағы шайы ішілмей, кесесі суып қап еді. Тоғжан әкесінің соншалық тыңдағанын енді байқады. Ол Абайға тандана қарап, бірталайға дейін көз алмады...

Үй іші Абай айтқан жаңалықтарды қызыға тыңдап, көңілденіп қап еді. Асылбек, Қарабастар:

– Қисынды-ақ екен! – десті.

Шыңғысты былай қойып, тақ осы Сүйіндік қыстауы Түйеөркештің қасында тұрған “Хан” биігін, онан соң Мамай қыстайтын анау “Орда” деген таудың бәрін де шешті. Соны осы күнге шейін неліктен аталғанын білмей жүру, мұндағы үлкеннің бәріне енді ғана орасан көрініп еді.

Сүйіндік Абайдың шынысын өзі әперіп:

– Жеп іш, Абай! – деп, енді қонағының алдына жент пен майды да, бауырсақты да молырақ ысырып қойды. Әкесінің жас қонаққа жасаған осындай бейілін де Тоғжан сезіп отыр.

Біре мезгіл Абай өзіне қараған Тоғжанның әдемі қара көзін байқады. Солғын қарау емес, Абайды анықтап, түстеп, барлай қараған сияқты.

Абайдың да әйелге анықтап қызыға қараған жолы осы сияқты. Тоғжан ұзағырақ қадалып, көз алмай отырып, ақырын қызғылт тартқандай болды да, көзін тайдырды.

– Көп жасаған білмейді, көп тоқыған біледі. Осылайша ұққаның, тоқығаның жақсы, балам! – деп, Сүйіндік бір тоқтады. Абай осы сөзге жалғастырып:

– Өзіңіздей кісіден есіткен сөздер ғой, Сүйіндік аға! – деп аз отырып: – Рұқсат етсеңіз, осы өзіңіз айтқан кейбір сөздерді де өз аузыңыздан ұғынайын деп ем! – деп Сүйіндікке қарады. Тұрпайы емес, сыпайы бастап, орамды келді. Сүйіндік:

– Е, сұра, айт, балам! Не сұрамақ ең? – дегенде:

– Ендеше, осы жаңағы Кіші Орданың тұсында Көжекбай, Құлжабайдың жер дауына билік айтқан екенсіз. Сонда “Мен қойдың бөлігін бөлмеймін, құдайдың бөлігін бөлемін!” депсіз. Осының мағынасы қалай? Соны сұрайын деп ем! – деді.

Бұл сұраққа Қарабас, Әділбек, Асылбек те күліп жіберді. Тегі, Абайдан басқаларына жөні мәлім болу керек. Сүйіндік Абай сұрағына аз тіксініп, қалта қарап, ойланып қап еді.

– Шырағым, бұл сөзді әкеңнен ұғынсаң етті.

– Менің әкем баламен ашылып сөйлей бермейді ғой! Білесіз ғой.

– Бірақ жаңағы іске әкеңнің қатысы бар ғой! Оны білуші ме едің?

Қарабас, Асылбектер әлі күліп отыр. Олар Сүйіндіктің қашқалақтағаны мен сыпайылық сақтағанына және Абайдың жайсыз әңгімені қадала сұрағанына күледі.

– Әкемнің қатысы барын білемін.

– Ендеше, әкең аты араласқан сөзді ең әуелі әкеңнің өзінен ұғынғаның мақұл!

– Бәрекелді! Сүйіндік аға, оныңыз жақсы ақыл! Бірақ... сол билік тұсы сіз бен менің әкем екі араңыздың суысқан тұсы болды дейді. Ол рас қой?

– Рас!

– Ендеше, сізбен қалай араздасқанын мен өз әкемнен ғана біліп қойсам, мына Әділбек пен Асылбек ағам сізден ғана ұғынып қойса, не болады? Анық шыңға жете алмай, сыңаржақ кетеміз ғой. Біріншіден, адасамыз. Екіншіден, бала мен бала, мына біздер, сырттан қырбай, сырттан шалғай кетісеміз ғой. Сіз маған, әкем бұл кісілерге айтып отырса, таразының басы тең баспас па еді?

Сүйіндік те, үй іші де Абайдың мына дәлелдерін дұрыс көрді. Қарабас сүйсініп кетіп:

– Дұрыс-ау, осынысы баланың? – деп, Сүйіндіктің әңгімесін айтқызуға бейімдеді.

– Балам-ай, алды-артымды орап алдың-ау осы сен, ә? – деп, Сүйіндік ақырын күле түсіп, екі ойлы боп қалды да, Асылбекке қарап:

– Ей, менің балаларым, мына бала қонағың тартымды жатыр-ау өзі, ойлаймысыңдар? – деп, жақсы жадырап, шын бейілденді. Тоғжан шай ішіліп болса да, дастарқанды жиғызбай, күлімсірей түседі. Жиі қарап, Абай көзімен кездескенде, көптен бергі сыйлас танысына жасайтын ілтифат білдіреді.

Абай әңгімені алғаш өзі ойлаған жаққа бұрды.

– Сол менің әкеммен қырбай боп қалған жеріңізді өзіңіз ұғындырыңыз, Сүйіндік аға!

– Өтінсең, айтайын! Біле жүр! Сенің өкең Мамай ішінде Жамантаймен көңілдес боп жүріп, өкіл күйеу болғанда екі жүз қой киіт киген.

– Өкіл күйеуі қалай?

– Өкіл күйеуі шын күйеу емес, тамыр есепті нәрсе.

– Онда “тамыр” деп неге аталмайды?

– Тамырлық құрбылас кісінің арасында болады. Ал жасы үлкен кісімен жас жігіт тамырласам десе, кейде осылайша өкіл күйеу боп аталады.

– Иә, сонымен?..

– Бертінде сол Жамантайдың баласы Көжекбай өзінің Құлжабай деген кедей ағайынымен жерге таласты. Мырза: “Соған билік айт, жер бөлігін айырып бер” деп, мені апарды. Мен екі жағының сөздерін ұғынып, өз көңілімше әділдігін топшыладым да: “Бөлік былай болсын” деп, жүріп отырдым. Сенің өкең өзі де басы-қасында. Арт жағымда Көжекбайлармен бірге келе жатыр. Мен бөлікті өз көңіліме сыйған әділетпен бөлмекпін. Байқаймын, жүрісім Көжекбайға жақпайды. Тыжырынып, жарыла жаздап келеді. Аздан соң мырзаға сыбырлап, жалпылдап айта бастады. Өкең сенің Көжекбайды құп көрді білем, арт жағымнан саңқ етіп дауыстап: “Уай, алапес! Сен қалай жүріп барасың?” дегені. Мен екі жағына тең би емеспін бе? Ыза боп кетіп: “Уай, тәйір, қойдың бөлігін бөліп келе жатқаным жоқ, құдайдың бөлігін бөлемін”, – дедім, – деп тоқтап қалды.

– Ие, сонан соң не болды? – деп, Абай ар жағын тағы айтқызбақ еді.

– Арғысын қайтесің, сол, шырағым? Кетті ғой әйтеуір, қым-қуат, шым-шуыт боп! – деп, Сүйіндік қолын бір-ақ сілтеді де, айтпай қойды.

Абай қып-қызыл боп кетіп, шұғыл ойланып отырып қалды. Шамға қарап қадалып қалған көздерінде сол шам отындай үлкен қызғылт, алыс от маздап тұрғандай. Тоғжан қонақтың мына пішініне енді жай ғана емес, тамашалап, қызығып қарады.

Сүйіндік үйінде Абайдың үндемей қалғанына ішінен күліп отырған да кісі бар. Ол Сүйіндіктің кіші баласы – Әділбек. Асылбектей емес, ол о жар, тоң мінезді болатын. Енді Абайдың аңырып, дағдарып қалған пішініне қарап өз ішінен: “Ал, тілегенің сол болса, қарық бол!” деп, жымысып отыр.

Бірақ Абай қатты ойланып қалғанмен, жасыған жоқ. Аздан соң және өзі бастап, екінші бір әңгімені сұрады. Онысы – Сүйіндіктің тағы бір сөзі. Өскенбайға ас берген тұста айтқан сөзі еді. Сүйіндік оны да айтпақ болды.

– Мырза өз әкесі Өсекеңе ас берем деп, Көкшетауға сауын айтып, қалың елді жиды ғой. Тобықтының одан үлкен асы болған жоқ. Естіген шығарсың?

– Естіп ем. Соған сіз де бардыңыз ба?

– Әкеңмен ол кезде қырбай едім! Бармадым. Бірақ Айдос, Жігітектен, тіпті, анау Мамай, Жуантаяқтан да ел қалған жоқ. Жұрттың бәрі көшіп, сонау Көкшетауға барып, ұлы дүбір мереке жасады ғой. Сонда Бөжей мен Майбасар келіспей қапты. Майбасар – старшын. Жуантаяқтың бір ұрылары Наймандағы Бөжейдің нағашыларына барып, көп жылқысын әкеп, қырып тастапты. Соның қуғыншысы келіп, Бөжейге: “Есемді әпер!” дейді ғой. Бөжей Майбасарға асылады. “Ақыластыр, малын әпер!” дейді. Соған Майбасар: “Сандалып, не айтып жүрсің?” деп, ренжітіп тастайды. Бөжей өкпесінің басы осы еді ғой. “Ажарым өтпейтін болса, шашбауыңды несіне көтердім?” деп өкпелеп қалады. Сүйтеді де, ас тарқамай көшіп кетеді. Бұған еріп Жігітек, Байшора, Жуантаяқтан да кеткендер болды. Осы орайда, мен үйде жатып, бір-екі ауыз сөз айтып ем, қадағалап отырғаның со ғой.

– Не айтып едіңіз сонда?

– Білмексің ғой, оны да айтайын.

Өзге егіз болғанда, құдай – жеке,
Алдында ата-анаң – ол бір Меке,
Қырық үйліні қырық пышақ қылып едің,
Өз асың да бұзылды-ау, Өскенеке, –

деп ем. Жұрт дегеннің ұмытпай жүргені со-дағы! – деді.

Абайға бұл әңгімеден әрі тағы бір әңгіме жатқаны ап-анық көрінді.

– Мынаның ар жағы да бар ғой. Онысын айтсаңыз қайтеді?

– Ар жағың қайсы, балам-ау?

– “Қырық үйліні қырық пышақ қылдың” дедіңіз ғой! Ол би атамның ісі ме, жоқ, басқаның ісі ме еді?

– Абайжан-ай, қайдағыны айтқыздың-ау! Айыпты Өскенекеңнің өзі емес. Тағы сенің өз әкең еді. Енді сен

маған осыны айтқызып-айтқызып, ертең әкеңмен екеумізді тағы араз қыласың-ау, сығыр! – деп, Сүйіндік күліп қойды.

– Жоқ, Сүйіндік аға, білейік деп сұрайым. Сіздің үстіңізден шағым жиям деп сұрамаймын ғой!

– Рас айтасың, балам! Ендеше, “қырық үйлі” деген анау Көкен тауының бауырындағы Уақ болады. Сол ел ішінара араздыққа басып жүргенде Қүнекең араласып, Қонай деген батырды сүйейді. Егес күшейіп келген кезде, Қонайға ақыл салып, жау жағын шапқызып жібереді. Қапыда қалған ел қарсыласа алмай, көл жағасындағы қалың қамысқа қашып кіреді екен. Қүнекең қамысты өртетіп жібереді. Сонда өрттен қорқып, қашып шыққан елді қуғызып жүріп сабатып, Қонайға жеңгізіп берген еді. Осыны айтып ем! – деп әңгімесін бітірді. Абай осыдан соң өзге әңгіме сұраған жоқ.

Аздан кейін ет пісіп, жұрт асқа отырды. Абай мен Қарабасты үй іші бөгде қонаққа санаған жоқ. Сол себепті күндегі дағды бойынша дастарқан айналасына Сүйіндіктің барлық балалары да, бәйбішесі де отырған-ды. Әкесінің төменгі жағынан шешесімен екі ортадан отырған Тоғжан Абайға қазір бұрынғыдан да жақындай түсті. Абай бағанадан бері Тоғжанға бет алдынан қараса, қазір көбінесе қырынан көріп отыр.

Орташа келген қырлы мұрны енді анық көрінді. Қырынан қарағанда бір түрлі сүйкімді екен. Жұмсақ жұмыр иегінің астында жұқа ғана бір толқындай боп, нәзік бұғағы білінеді. Жылтырап таралған шашы қап-қара қалың өріммен ерекше аппақ, нәзік мойнына қарай құлап түсіпті. Үлкен де, кіші де емес әшекей сырғасы діріл қағып, дамыл алмай сілкіне түсіп тұр.

Әлденеден белгісіз себептен Тоғжан пішіні қызара түсіп, қайта сұрланады. Толқып қайтып тұрған ұяңдық па, басқа ма? Әйтеуір, өзінше, өзгеше тыныс алып, лүпіл қағып тұрған бір сезім бар.

Қонақасыға әрқашан аса мырза атанған Сүйіндік үйі бүгін де етті келістіріп асқан екен. Қарабастың өткір сары пышағы қыстан қалған семіз жаяны да, алтындай сары үілдірікті де лып-лып сызып, жапырақтап жатыр. Жалғыз сұр емес, сары ала қып асқан екен. Қыс бойы бордаққа байлаған, жаңада сойылған семіз қойдың жас сүбелері де бар екен. Бапты қып жемек болған семіз қойды жай сойғызбай,

үйткізіп алыпты. Жас ет, үйткен қойдың еті болғанда, мына табаққа тағы да өзгеше дәм бітіріп, нәр берді.

Бірақ ас осындай бапты боп, үй іші тегіс ерекше көңілденіп жеуге кіріссе де, Абай жөнді жемеді.

Тоғжан да білезікке толы аппақ жұмыр білегін табаққа қарай сирек созады. Сүйіндік пен Асылбек Абайды қайта-қайта:

– Же, шырағым.

– Жесеңші, Абай! Алмадың ғой! – деп, әлденеше қозғап көріп еді, Абай жей алған жоқ.

Ет артынан Сүйіндіктің көптен сауғызып отырған қысырларының сары қымызы да келді. Оны да жақсы әңгімелесіп, ұзақ отырып ішісті.

Бұл кештің соңғы кезінде Абай алғашқыдай емес, тартынып қалғандай баяу еді.

Үй иелері: “Жас қонақтың ұйқысы келді” деп, соған жорыған. Ақыры төсек салынатын боп, барлық еркектер тысқа шықты. Абай көңілі бұл кеште өзгеше бір күшті сезімнің әсеріне толы.

Бұрын “ғашық жар” көп оқыған хикаяларда, көп-көп естілген ауызша әңгімелерде болса, бүгін Абайға ең алғаш рет кітап емес, әңгіме емес, өзінің анық, аппақ мүсінімен, күлкісі, қозғалысы, тынысымен “сол мен едім”, “мен мұндамын” деп келгендей.

Сүйіндік әңгімелерінің артынан, әуел кезде көңіліндегі тұнып жүрген бір ауыр сезім ренжіткендей, бірер төңкеріліп түсті де, қайта шөгіп қалды.

Ол емес, тысқа шығып өз-өзімен қалғанда, жұлдызды аспанға аса бір рақат қуанышпен қарап тұрып, кең тыныс алды.

Орталап қалған ай батысқа таман сызылып барады. Биік те алысқа тартып барады. Жүректі де реніштен, laidан құтқарып, сондайлық биікке, қазіргі бұлтсыз аспандай алысқа, тазалық рақатқа шақырып, жыраққа меңзейді.

Түйеөркештен Шыңғыстың жақын биіктері жартылап қана көрінеді екен. Қарақошқыл таулар ай астында көкшіл мұнарға оранып, жым-жырт қалғып тұр. Тау жақтан ақырын ғана жел желпінеді.

Қалың қой қыбыр етпей тыныштық алып, үнсіз ғана тына алады. Асылбек, Әділбектер жатуға кетті. Көгал сайда

отырған бес-алты үйлі ақ ауылдың түңлігі тегіс жабық. Ай астында ақ үйлер мызғып, қалғып тұр.

Сүйіндік пен Қарабас аттардың маңында жүр. Абай мынадай көктем түнінен соншалық бір тазалық сезіп, таң лебін танығандай. Бұның жүрегі әдейі арналған таң лебін ерекше ұғынып сезінгендей.

“Махаббат па? Осы ма? Осы болса мынау дүние, мынау маужыраған тынысты нәзік түн... бесігі ғой. Сол сұлу саздың құлақ күйі ғой”.

Сүттей жарық айлы түн. Таң әлі жоқ. Бірақ жоқ екенін білсе де, Абай әлдеқандай өзгеше “таңды” сезеді. Күйік те, үміт те, қуаныш та, азап та бар – жүрек таңы. Кеуде толған өзгеше ыстық, өзгеше жұмбақ, мол сезім. Соның шалқи түсіп шарықтауы көп. Лыпыл қаққан қанаттай тоқтаусыз құбылып, тыныштық ала алмай лепіреді.

“Нені айтады? Не деп түсінеді? Не сипатты бұл сезім? Не боп барам? Тақат, сабырым қайда?”

Бойына тоңазығандай бір діріл пайда болды. Себепсіз дірілдейді. Жүрегі де тулап кеп, өз-өзінен қысылып, шаншып кеткендей.

“Таң... жүрек таңы... Сол таңым сенсің бе? Жарығым-бысың, кімсің?”

Көз алдында Тоғжанның аппақ жұмыр білегі жас баланың етіндей! Ақ торғындай мойны!.. Таң осы да... өзі ғой!

... Ақ етің аппақ екен атқан таңдай!

Шынымен бар жанымен құлай табынған сұлуға қарап, бар сезіммен үнсіз жырлап тұрған тәрізді. Тоғжанға арналған, ең алғашқы “ғашығым” деген жарына арналған жан жырының тұңғыш жолы осы еді.

Ойша екі-үш ауыз махаббат сәлемін айтып шықты. Бір түрлі онай, рақат боп өз-өзінен құйылып тұрған тәрізді. Бірақ сол кезде Қарабас үйге қарай шақырды. Екеуі тыста жалғыз қапты. Абай үйге таман келе жатып, жаңағы өлеңін қайта есіне түсірейін деп еді, “Ақ етің аппақ екен атқан таңдай!” дегеннен басқасы есіне әзір қайта түспеді.

Қарабас пен Абай үйге кіргенде, Сүйіндік пен бәйбішесі биік төсекке жатып қалған екен. Сарғыш шегірен шымылдық үлкендердің жататын орнын қоршап тұр. Кең үйдің төріне екі қонаққа арналып төсек салынып жатыр. Одан басқа өзге кісі жататын жай сезілмейді.

Тоғжанның өз үйі басқа ғой. Ол Сүйіндіктің кіші әйелі Қантжанның қызы екен. Жаңа үйге кірерде Қарабас айтқан. Тоғжан, әрине, өз үйіне кеткен болу керек. Үйге кірген жерде Абайдың ойлағаны осы. Өйткені төсек салып жүрген — бағанағы шай құйған сары келіншек.

Абай төрге қарай қозғала беріп еді. Бір уақытта шегірен шымылдық толқып барып қозғалды да, есік жақтағы шетінен шолпы сылдыры естіліп, Тоғжанның әсем бойы көрінді. Қолына бір торғын көрпені алып, бері шығып келеді екен. Асықпай, тіпті, ақырын қозғалады. Шолпысының ендігі сылдырынан өзі қысылған тәрізді.

Келіншек Абай жататын төсекті баптап салып болып қап еді. Тоғжан қолындағы торғын көрпені кеудесіне көтеріп, бауырына қысыңқырап тұрып, келіншекке әдепмен ғана бұйрық етіп:

— Аяғын, аяқ жағын биіктесеңші! — деді.

Абайға бұ да дәл өзіне ғана арналған, өзгеше ықылас сияқты көрінді. Бірдеме айтар еді... айтқысы кеп еді. Бірақ жүрегі лүпілдеп аузына тығылғандай боп, түк сөз таба алмады. Құр ғана қызарып қысылды да, сырт киімін шеше берді.

Тоғжан ақырын, сыпайы ғана кеп, Абайдың төсегіне торғын көрпені жазыңқырап қойды да, есікке қарай қозғалды.

Үнсіз бейіл белгісіндей үлкен ілтифат жасады. Бірақ бары сол ғана. “Шын-ақ бары сол ма? Әлде, тіпті, бар қонаққа істейтін дағдылы сыйлық сияқты ма? Сол ғой!” Үлкен үйдің есігіне жеткенше Тоғжан ақырын басып, келіншекті ертіп кетіп барады. Қайта бұрылмайды.

Дәл шығар жерде ғана өзінен бұрын есік ашқан келіншекті ілгері шығарып жіберіп, өзі бір түрлі сұлу қозғалыспен сырт айнала беріп, төрге таман ақырғы рет бетін беріп, үй ішінен сыртымен шықты.

Тоғжан есікке қарай қозғалғанда, Абай қадалып, телміре қарап қалып, бешпетін екі иығынан шеше беріп еді. Бірақ Тоғжан бір қарамағанға қайран боп, кеткенін қимағандай қалт тұрып қапты.

Енді Тоғжан есіктен шығар жерде бір сәтке көз қиығын тастағанда, Абайдың тапжылмай сілейіп тұрып қалғанын көрді. Бешпеті екі иығынан түсіңкірепті де, аппақ көйлегі ашылып тұр. Екі қолы бір нәрсеге таңқалғандай жазылып, ыңғайсыз түрде асылып қапты.

Абай дәл байқады ма, жоқ па? Бірақ шыға берген Тоғжанның аппақ жүзі қайтадан тағы бір рет, соңғы рет қою қызғылтпен ду ете түскендей көрінді. Және сонымен қатар жымия күлген ерні аппақ маржандай тістерін айқын көрсеткендей болды. Үнсіз күлкімен езу тартып кеткен сияқты.

“Бұл не, мысқыл ма, ұят мінез істедім бе?” деп, Абай өзінен қысылып қалып, тез шешінді де, торғын көрпеге оранып, бүк түсіп қалды.

Шолпы әуелі жиі сылдырлап, аздан соң баяулай бастап, тағы біраздан соң анда-санда бір ғана шылдыр ете түсіп ұзап барады. Абай өз жүрегінің аттай тулап соққан дүрсілін естіді. Шолпы үнін сол басып барады. Өзгеше ыстық қымбат шолпы ең соңғы рет бір шылдыр етті де, білінбей кетті. Түн тыныштығы ұрлап кеткендей, жұтып кетті.

Шамды Қарабас өшірді.

Шам өшсін-өшпесін, Абайдың көз алдына қазіргі мезгіл, бұл сәт самаладай жарық. Шамның өшкенін байқаған да жоқ. Көзі жұмулы, көңілі тыныштықтан, сабыр ойдан айрылған. Құйын үстіндегі алай-түлейде.

Бұл түнде таң аппақ болып атқанша Абай бір секунд та көз ілген жоқ. Күн шығарда ғана азғантай мызғыды. Бірақ үй іші оянғанда бірге оянып, ерте тұрды. Өңі сұрғылт тартып, жүдеп тұрды. Шай алдында тысқа шығып, далада бой жазып жүрген уақытта, Тоғжан жатқан үйді ойша іздеді. Сүйіндіктің үлкен үйіне жақын тұрған кішілеу ақ үй бар. Асылбектің отауы болу керек. Содан әрі алты қанат ақ үй тұр. Кіші үй сол болуға лайық. Абай қайта-қайта сонда қарайды. Бірақ ол үйдің түңлігі жабық. Тоғжан да, шешесі де әлі оянбаған, тұрмаған сияқты.

Далаға Сүйіндік те шыққан еді. Әкесі тапсырған алық-берік жөніндегі сәлемді Абай сонда айтып, бұл ауылға келген жұмысын осы таңертеңгі уақытта бітірді.

Шай уақытында Тоғжан келген жоқ. Асылбек, Әділбектер де өз үйлерінде болу керек. Таңертеңгі мәжіліске араласпады.

Шаруа біткен соң, Қарабас ертеңгі салқынмен қайтайық деп байлаған. Сондықтан дастарқан жиылған соң, ол аттарды ерттегелі шығып кетті.

Абайдың бұл ауылдан кеткісі келмеді. Қонағуар, жылы жүз, жақсы мінезді үлкендердің үйі аса бір сирек кездесетін, жайлы ұя сияқты екен... “Осы ауылдың туысы, жақыны болар

ма ем? Сұраусыз келіп, санаусыз қонып, түстеніп кетіп жүрер ме ем?” дегендей. Бірақ кетпей болмайды.

Үйде Сүйіндік пен Абай және Сүйіндіктің бәйбішесі ғана қалған уақытта Сүйіндік Абайдан Зере жайын, Ұлжан күйін сұрастырып отырып:

– Аналарыңа сәлем айт, балам! – деді.

Түннен бері үндемеген бәйбіше де Ұлжанға сәлем айта отырып, Айғызды есіне алды. Содан барып Кәмшат есіне түсіп:

– Шырағым-ау, осы анада Бөжекең аулына жіберген кішкене қыз не жайда? Айғыз бейшара қайтіп қиды соны? Жылатып айырып, қайтіп қана жіберді екен? – деп, бір жағынан наразы боп, сұрастыра бастады. Абай амалсыздан сөйлеп, қысқа ғана жауаптар қайырды. Бәйбіше бұл жөнде шешіліңкірей бастап:

– Бөжейдің әйелі қатыбас кісі еді. Өзінен де туған қызы көп, күтеді деймісің кішкене пақырды? – деп қынжылып отыр.

– Е, е, Бөжей бар емес пе? Қатыны ойламаса, Бөжей ойлайды ғой! Неге күтпесін! – деп, Сүйіндік майдаламақ болды.

– Әй, білмеймін! Ауыл-аймағымен тегіс-ақ: “Айыпқа берген қыз ғой. Малың қымай, жаның қиды ғой айыпқа!” – десіп, жаман сөздер сөйлейді деп есіттім ғой. Жас баланы жылатқандары бекерлік болған ғой өзі. Не десе де іштен шықпап па еді? Айғыз бейшарада не сұлдер жүр дейсің? – деп, бәйбіше өз-өзінен босаңсып барып, жылап жіберді. Екі көзі жасқа толып, қып-қызыл боп, үндемей, мұңайып қалды. Анда-санда күрсіне түсіп, тамсанып қояды.

Абайға бұл ананың мейірімі, тіпті, бір қымбат адамшылық, шын рақымшылық боп танылды.

Жидебайдағы өз үйінде Кәмшат жайы осындай бір айықпас мұң, уайым боп алған-ды. Сондағы әжесі мен Айғыз және өз шешесінің осындай-осындай көзі жасты, көңілі қаяу болған көп шақтарын есіне алды.

Бірақ олар Кәмшатты құр сағынып, құр аяғаны болмаса, мына кісі айтқан суық сөздерді есітпеген сияқты.

Кеше Құлыншақ та, бүгін мынау ауыл да Кәмшат жайын ылғи “жетім жандай, күндікке, қорлыққа кеткен бейшара, әлсіз сорлыдай” сөйлейді. Тегін емес-ау! Жидебайға қайтысы-

мен әжелеріне осы есіткендерін айтып, Кәмшаттың күйін білдіру керек. Әке не десе о десін, бұны істемей болмайды. Абай осыған байлады. Жүрерде тағы да қымыз ішіп, жолға қарсы тоғайып ап, екі жолаушы атқа қонды.

Сүйіндік үйінің жанынан үлкендерге “қош-қош” айтып, рақмет айтып кетіп бара жатып, Абай кіші үйдің түңлігіне тағы қарады. Түңлік әлі ашылмапты. “Тоғжан енді бір көруді ойламаған ба! Тұруға да, көруге де асықпаған ғой!..”

Бала жігіт көңілге ала қызған толқын алып, амалсыз тебініп жүріп кетті. Ауылдан алыстаңқырап бара жатқанда ең соңғы рет артына бұрылып, кіші үйді тағы қимай қарап еді. Үй жанында бір әйелдің бойы көрінді. Басына қара шапан жамылған, ақ көйлегінің етегі шұбала түскен, Тоғжан сияқты. Жаңа тұрған ғой. Бірақ есіктен шықты да, Абай кеткен жаққа қарамай, әрі қарай, көгал дөңге қарай ақырын басып жүріп кетті.

Абайдың көңіліне Тоғжанның шолпысы шылдыр-шылдыр етіп, ап-ашық естіліп бара жатқан сияқты. Өз жүрегінің лүп-лүп соққан қатты толқын ырғағы.

Амалсыз ұзап кетті. Аты жақсы Түйеөркеш, жан меке- ніндей өзгеше ыстық Түйеөркеш мынау сәуірдің мынандай әдемі ашық, рақат сәскесінде, тым құрыса, “қош” демей де үнсіз қалды. Жұмбақ мінезді боп, сұлу мекен, сұлу жан қалды. Тау ішінен шығып, Қарауыл өзенін қуалап, екі атты бөктерге қарай бұрылғалы келеді.

Ойға түсіп бір түрлі баяу келе жатқан Абай бір кезде арт жағынан дүрсілдеп кеп қалған ат дүбірін естіді. Жүрегі тағы да түндегідей қатты тулап, шұғыл бұрылып қап еді. Орынсыз үміт тез суынды. Сүйіндік үйінің адамы емес, бір толықша қара жігіт екен. Мұрты жаңа ғана тебіндеп келе жатқан бала жігіт жұпыны киім киген. Астында құнанша күзеген күрең биесі бар. Абайларға жақындай бере сәлем берді. Ашық- жарқын жігіт болу керек. Аппақ сұлу тістерінің баршасын көрсетіп, ақсия күліп келеді.

Жалғыз жүрген жолды көңілсіз көріп, алдыңғы жағында кетіп бара жатқан екі аттыны әдейі әңгімелесіп отыру үшін қуып жеткен екен. Күрең биенің омырауы терлеп қапты. Танаурап, демігіп келеді. Екі езуінде көбік те бар.

Қарабас пен Абай да жаңа жүргіншінің қосылғанын теріс көрген жоқ. Жай сұрасқанда бұл жігіт – Сүйіндіктің ауылдасы, Көмекбай баласы Ербол деген жігіт боп шықты.

Қарабас Ерболмен оп-оңай білісіп, әңгімелесіп кетті. Сөздерін тыңдап келе жатып, Абай Ерболға шын ықыласпен қарап, әлденеден ыстық көре бастады. Өйткені Ербол Сүйіндік аулының аса жақын жігіті екен. Өзінің шешесі мен Тоғжанның шешесі Қантжан немере қарындас. Ол үйлерге бұл үнемі араласып жүретін өз кісісі боп шықты. Әңгімешіл, күлегеш Ербол енді Абайға бар тұлғасымен ұнай бастады.

Аздан соң бұл екеуі көбірек әңгімелесіп, Қарабас шетірек қалды. Абай Қарауыл бойында құс көп екен деп, аңшылық мұратын білдіріп еді. Оған Ербол:

– Қаршығаң бар ма? Қаршығаң болса, қыдырып келсеңші! Мен қасыңа еріп жүріп үйрекке де, қазға да кездестірейін, – деді.

Үйде Тәкежанның көк қаршығасы бар-ды. Абай көңіліне мынау сөздер үлкен медеу болды. Бағана Түйеөркештен кеткелі: “Енді қайтып, қашан келем?.. Не сылтаумен келе аламын?” – деп, өздігінен бабын таба алмай келе жатқан бала жігітке мына Ерболдың айтқаны өте бір рақат табыс көрінді. Абай мен Ербол құс жайына, аңшылық жайына ауысқан соң, тату құрбы сияқтанып кетті.

Екеуінің де айтар сөздері бітер емес.

Бірақ бөктерге шыққан соң, Ерболдың жолы бөлінетін боп еді. Ол оң жақтағы Көлқайнарға бұрылмақ екен. Шаруасы сонда. Абайлар болса, Шыңғысты бөктерлеп отырып, Қарашоқыға, Күнкенің аулына қарай тартпақ.

Ерболды қиғысы келмеген Абай:

– Көлқайнарда тығыз жұмысың болмаса, бізбен бірге жүрсеңші! – деді.

– Е, е, не деп ерем? Не шаруаң бар дегенде не деймін? – деп, Ербол күліп жіберді.

– Шаруаңда жұрттың не ақысы бар! Қыдырасың, қонақ боласың! Құс саламыз...

Ербол Абай сөзіне қызыға бастап:

– Айтқаныңа қызығып тұрмын! – деп ойланды да: – Ә-әй, бірақ шаруам қалады ғой, болмайды! – деп, амалсыз байлау айтты.

Аздан соң Ербол Абайлардан бөлініп, Көлқайнарға қарай тартып кетті. Келгенінде күліп келгені сияқты, кетерінде де күле қоштасып айрылды. Абай бұның сол көңілділігіне қызыға қарап қалды. Ерболдың алдында түк бөгет жоқ. Тілесе,

Тоғжанды күнде көреді. Жақыны, туысы. Тоғжанға сондай жақын болудың өзі де бақыт сияктанып, Абай мына жігіттің сондай халін қызғанады. Ербол болса, айнымас қызықты көңілмен желе жортып, ұзап барады. Тоғжан турасындағы ең соңғы үміт – соншалық ыстық көрінсе де ұзап барады.

2

Абайлар Қарашоқыға түс ауа жетті. Күнкенің үлкен үйінде мол жиын бар екен. Кермеде күміс ер-тоқымды көп аттар тұр.

Қарабас Абайға бұл жиынның алыс ел емес, осы маңның өз адамдары екенін айтты. Аттарынан таныған.

– Жуантаяқ, Топай, Ырғызбай ішінің кісілері. Күндегі жиын ғой. Бірақ мынау жүруге қамдалып, жаңа ерттелген аттар ғой. Түстікті жеп қойған екен, құр қаппыз! – деді.

Абай сәлем беріп үйге кіргенде, кең үйдің іші лық толған кісі екен. Биік төсектің алдында бар жиыннан иығы асып, ақ көйлегінің омырауын ашып тастап, төс жүнін көрсетіңкіреп әкесі отыр.

Тарқауға айналып, киініп алған үлкендер дәл кетер жерде қымыз ішіп, Құнанбайдың соңғы сөздерін тыңдап отыр. Бір тізелеп жүгініп, тымақтарын киіп отырған кісілер де бар.

Үйдегілер Абайдың сәлемін алғанмен, амандық сұрасқан жоқ. Төсектің аяқ жағын ала жорға Жұмабайға қымыз сапыртып, құйғызып Күнке отыр. Абай соның қасына кеп отыра бере әкесінің соңғы сөздерін есітті.

– ...Қыбыр-жыбыр бар, білемін. Бірақ “онымыз жоқ” деседі екен ғой. Ал, сенейін. Сенемін деп, жаза шексем де сенемін! – деп сұрлана түсіп, зілденіп: – Құлақпен есіткеннің бәрін бекер дейін, көзбен көргенді ғана шын дейін. Көзім көргенше шыдайын. Мен деген дос! – деп, Құнанбай жалғыз көзімен қадала қарап, төрден босағаға шейін бір шолып шықты. Содан қайта төрге өрлеп, дәл қасында отырған Жуантаяқ Топайдың қартаң адамдарына көз қадап отырып: – Мен деген дос, мен шыдағанша сен де шыда! Тек жалғыз-ақ, мен қозданған күні “бірге қозданам” деп шыда! Соны істесең, құдай ырза, мен ырза. Әзірге менің қолқа, тілегім осы-ақ! – деп тоқтап қалды. “Жүрушілерге рұқсат” деген сияқты қып тұжырып еді.

Бар жиын төрден босағаға шейін құп-құптап:
– Дегенің болсын!
– Айтқаның болсын!
– Серт уәдеміз айтылды ғой!
– Түр дегеніңе тұрамыз! – десіп, жапыр-жұпыр қостап қалды. Абай өз ішінен:

“Баталасу сияқты-ау! Бір нәрсеге ел қамдап, сертгесу үшін шақырған-ау!” деп ойлап, жаңағы “дос” деген сөзді есіне алды.

Бірақ төрден босағаға шейін бұ да қарап өтіп, бір нәрсеге іштей ойланып қалды.

Мынау “дос” деп әке атаған кісілері бұрын Абай аз білетін немесе, тіпті, танымайтын кісілер. Бұрын мұндай жиын ортасында “дос” деген атпен Байсал, Қаратай, Бөжей, Сүйіндік, Түсіп сияқты кісілер отырушы еді.

...Бүгін оның бірі жоқ. Аанада өзі барған Құлыншақ та жоқ. Басқаша бір екшеу ғой. Олардың үстіне тағы мол дос жию ма? Болмаса, тіпті, соларды екшеп тастаған ба? Әлде, дүмбілез бірденелер бар ма?..

Абай Қарқаралыдан қайтқалы ел іші қыстыгүні татулықпен, Кәмшатты жылатып берумен “бітті, тынды” деп білетін. Содан кейін үлкен сыбыс та шыққан емес. Ішінара не күңкіл барын сұрастырған да емес-ті.

Қонақтың көбі жүріп кетіп, екі-үш ақсақалды ғана Құнанбай қоналқаға ұстап қалды. Көпшілік кетсе де, әкесі толық босамады.

Абай өзінің Сүйіндікке барған жұмысын көпке шейін айта да алмады.

Ақыры бір әредігін тауып, әкесімен сөйлесіп, міндетін ада қылды. Енді бүгін мұнда қонбай, Жидебайға қайтсам деп ойлап еді. Әкесіне сол ниетін айтқанда Құнанбай:

– Немене бұ, қуыршақ ойнайтын қыз ба едің сен, шешеннің қасынан шықпайтын? Менің қасымнан сол қатындардың қасы артық болды ма? Мұнда болсаң ел көресің, сөз ұғасың, тәлім-тәрбие аласың. Онда не табасың? – деді.

Абайға бұл сөздер оншалық даусыз хақиқат болып танылған жоқ. Ішінен: “Сіз ата болсаңыз, ол – ана. Бала атананың тағылымын бірдей алып өседі”, – деп ойлады.

Бірақ әкесіне тура жауап айтқан жоқ.

– Үйде қаршыға бар еді, биыл құс мол екен. Жидебайға барып, азырақ қаршыға салайын деп ем, – деді.

Құнанбай бұл жеріне дауласқан жоқ, түсінді. Бірақ:

– Тағы бірер күн аял қыл. Ертеңдер сені Байдалыға жіберіп алғалы отырмын. Содан әрі қайтарсың, – деді.

Абай амалсыз көнді де, бел шешіп жайланып, осы өгей шешесінің үйінде қала тұратын болды.

Байдалы Абайдың көп сөйлеспеген кісісі. Кешелер ол да Құнанбаймен араз кісінің бірі еді. Енді соған жібермек.

Әуелі Құлыншаққа жіберді. Ол Құнанбайға өкпелі. Сүйіндік болса, ол да бұрыннан ренішті адам. Кеше түні бойғы әңгімеде Абай өз әкесі туралы үлкен кісілердің аузынан ең алғаш сын сөздерін есітті. Ол әңгімелердің ішінде талай-талай мәндер жатыр. Сүйіндік те Құлыншақтай өкпелі адам. Ал енді міне, тіпті, Бөжеймен тізе қосып, әрдайым жаулықты мықты ұстап жүрген Байдалыға жібермек. Оның Құнанбайға қарсы араздығы қатты бекіп қалған тоң сияқты емес пе еді? Көңілі жібіді ме, қабағы жадырады ма? Абай білмейді.

Енді соған бармақ. “Осы қалай” деп, біраз ойлана түсіп, Абай өз әкесінің ішін түсінгендей болды. Тегі, әкесі өзіне жау адамдарға Абайды әдейі жіберетін болар, “Жау барын көрсін, түсін танысын. Тани келе, көре келе, әкесіне достығы, тілеулестігі күшейсін” деген болу керек.

Абай осыны ұқты да, қатты толқып, қиналып ойланды. Шытырман. Бір сәтке Абай өзі көлденеңнен қарап, шытырман ішіне жалғыз, құралсыз, әлсіз күйде еріксіз кіріп бара жатқан өзін көргендей болды.

Өзін-өзі ойша екіге бөліп, осылайша көлденең көзбен көре жүретін әдет Абайда әр кезде болушы еді.

Екі күн өткен соң, Құнанбай Абай мен Қарабасты Байдалыға жіберді. Құлыншақ пен Сүйіндіктей емес, Байдалы бұларға жылы шырай бермеді. Сырты үп-үлкен ақшыл үйге Абайлар кіре бергенде-ақ Байдалының бір нәрсеге қатты ашуланып, айқайлап жатқан үні естілді.

Үй іші әбігер екен. Босағада малшы қатын үлкен күбіге іркіт пісіп тұр. Бір жағынан кең қазанда құрт қайнап жатыр екен. Үй іші ыстық. Дәл Абайлар кіре бергенде Байдалы бір кішкене қара пұшық қызды май құйрықтан шапалақпен ұрып:

– Құдай сілегір, кетші былай, құдай сілегір. Тыныштық бермедің ғой, сен-ақ! – деп, жылатқан бойында итеріп

тастады. Қыз отқа құлай жаздап, әрі шошып, әрі ашуланып булығы жылады. Басында шыр етіп шыңғырса, енді ішегі қатып көкпенбек боп, долдана жылайды. Көзінің жасы да, сілекейі де шұбырып жатыр.

– Әпкет! Әпкет мынау қараң өшкірді! – деп, Байдалы қатынына бұйрық етіп, үйден айдап шықты.

Үй ішінің осы жанжалының уақытында Абайлар сәлем беріп кіріп, төрге шығып отырысты.

Байдалы сәлемді оңдап алған жоқ. Амандасуы да солғын болды.

Құрт қайнатып жатқан үйдің қазаны бос болмайды. Ет асқысы келмеген үйге ол бір жақсы сылтау болатын.

Абай мынау ыстық үйде, мынадай тырысқақ ашушаң кісінің үйінде ет асым уақыт отыруды өз басына жазадай санап еді. Сондықтан еттің сәті болмаса, тіпті, қарсы емес. Ішінен Қарабасты мысқылдап: “Ал, бәлем, шок! Түстік болмаса, түбің түсетіндей көруші ең! Көрермін осы үйден жегеніңді!” – деп, жымия түсті.

Шынында, Қарабастың бір қиыны – “түстік” пен “қонақасы” жайын өзге дүниенің бәрінен бұрын ойлап, өзгеше көңіл бөлетін. Кейде Абайдың қонбайық деген аулына: “Қонайық, бұл үйдің сүрі мол” деп, тағы бір кезде: “Түстенбейік, жүріп кетейік” деген жерінде: “Түстенеік, бұл үй қонақасыға мырза” деп, қайдағы Абайдың ішін пыстыратын көңілісіз, сүйкімсіз бір үйлерге еріксіз аялдататыны болушы еді. Екеуінің көп жүргенде көбінесе ұғыспайтын жерлері осы болатын.

Бұл жолы Абай көңіліне Байдалының ниеті де сай келген сияқты. Үлкен қара сақалды, суық түсті Байдалы қонақтардың бетіне қарамай, мойнын есік жаққа бұрып отыр. Аздан соң күбі піскен қатынға қарап:

– Қымыз әкел, ас ауыз тигіз мыналарға! – деді.

Қарабас белдігін шешіп, кішкене орнығыңқырап отыра бастап еді, Абай үйдің шырайын одан бұрын біліп, бел шешкен жоқ-ты. Кішірек ағаш тегенеге құйылған қымыз келген уақытта Байдалы өзі сапырып, өзі құйып, қонақтарға бір-бір шараны берді де:

– Барыстарың қалай? Не шаруамен жүрсіндер? – деді. Абай өзі келген шаруасын сол арада айтты.

Әңгіме тағы жер жайынан. Құнанбай ел жайлауға шығардан бұрын, былтыр өзі Қарашоқыдан көшірген Бөкенші, Борсаққа Жігітек жерінің жапсарынан жайлау берген болатын. Сол ретте осы Байдалының Қаршығалы, Қопа деген қоныстарына “Сүгір мен Сүйіндік ауылдары қоса қонсын, бірге жайласын!” – депті. Абай қымызын ішпей алдына қойып отырып, сол шаруаны айтып шықты.

Бұл сөзді есіткенде Байдалы қабағын түкситіп жіберіп қатты түйілді. Абайға жауап бермей, зілдене қарап, қадалып қалды. Абай Байдалының көзінен жасқанған жоқ. Бала жүзінде ашу да, араздық та жоқ. Тек: “Мынау кісі қалай қарайды?” деген тәрізді кінәсіз тандану ғана бар.

Байдалы кірпік қақпай, шұғыл ойланып, үнсіз отырып, ақырында:

– Құп болсын! Қонсын Сүгір мен Сүйіндік, не деуші едім! – деді. Қайратты, шапшаң, ер адамның байлауы сияқты. Езбеді. Жақтырмаса да, күйіп отырса да амалсыз байлауын бір-ақ кесіп, бір-ақ түйді. Сөз бітіп қап еді. Бірталай уақыт үй іші үнсіз болды. Абай қымызын ішіп болып, рақмет айтып, енді жүргісі келгендей ажар білдіргенде ғана Байдалы ырғала түсіп, сөйлей жөнелді.

– Айтқанына көндім. Бірақ сөз ұғушы ма едің өзің? Әкеңе айтар сәлемім бар. Бұлжытпай жеткізуге жараймысың, жоқ па?

– Ойдағыңыздың бәрін айтыңыз, ақсақал! Жеткіз дегеніңіздің бір аузын қалдырмай апаруға уәде қылайын. Мен тек екі арадағы сәлемшімін. Дегеніңізді жеткізбей кетсем, я бұрсам қиянат болмас па еді? Мойнымда қарыз қалдырмаспын!

Байдалы мына сөзге әбден қанағат қылды. Бала көргені – бала емес тәрізді.

– Ендеше, жаттан айтсам, сырттан айтқан болады. Саған айтсам, әкеңнің өз көзіне айтқаным! – деп, аз бөгелді де: – “Татуластық, табыстық” деп ек кеше тамам Арғынның тобында. Сол татуласқан сиқым осы ма? Тәтті күнде тағы артыма қалжуыр байлайтын болса, анадағы араздықтан мұның несі озды? Не жаздым! Сенің әкеңе не жаздым осы мен, Жігітек? Атаң Ырғызбайға атам Кеңгірбай оң батасын беріп, би сайлап еді. Өз баласы, өз туысы жоқ емес еді ғой сонда. “Осы болсыншы” деп бермеп пе еді? Ал бұл болса, бүгін мінеки? Алысқа абыройы асса, айналып кеп Жігітекті жаныштайды.

Жақынға жауықса, жағалап кеп тағы Жігітектегі жентектейді. Бір жібімей кеткені ме үстіп? Шапқа түрте-түрте барып, ақыры бір күн “Өлермен бол да, отқа түс, сонынды көрмей тоқтамаймын!” дегені ғой мұнысы. Қоймас болса, сол қолқасын алар. Алмай тынбас сенің әкең! Осыны айт! Бір мен емес, “Жігітек сәлемі” деп айт осыны! Ал мына жерін алсын, бір бұл емес, тағы тапсын, тағы алсын! — деп, қолын бір-ақ сілікті де, тоқтап қалды.

Үй іші жым-жырт. От әлі маздап жанып жатыр. Үлкен қазанның астын қызыл жалын дамыл алмай жалап тұр. Әуелде толтыра құйылған іркіт қазір бірер қайнап қалған екен. Кемерінен орта түсіп, шымыр-шымыр қайнайды. Жаңағы Байдалының ашулы сөздерінің тұсында Абай көзі қазан бетіне түсіп еді. Қоюланып бара жатқан ыстық құрттың ортасы кей кезде көпіршік атып, сақылдап қайнайды. Сол көрініс тап Байдалы ашуындай. Қайнауы жеткен ашу — қызуы жеткен құрттай. Бір жер емес, қазан беті әр тұстан бүрк-бүрк етеді. Ол-дағы осы елдегі әр жерден шаң беріп жатқан Құлыншақ, Сүйіндік, Бөжейлердің ашулары сияқты.

Шынында, жаңағы аз ғана сөз талай терең түкпірдің үстін басты. Талай түйінді түртіп өтті. Талайдан теріліп жүрген келісі ұзын дау, себебі мықты кінәлар жатыр.

Абай Байдалы сөзіне орай айтпақшы емес. Бірақ жақсы, жаман деп сыр да берген жоқ. Сәлемдерін ұғып болып, Байдалыға қош айтпақ болып еді. Қамшысын ұстап, тымағын киді. Осы кезде Байдалы тағы бір ырғала түсіп: “Әлі де тындап кет!” дегендей белгі етті. Абай тымағын қайта қолына алды.

Қазір Байдалы біржолата өзгерген сияқты, кең, баяу, байсалды үнмен тың әңгіме бастады. Абайға енді күлімсірей қарайды. Бұл пішіні жаңағы Байдалыға, тіпті, ұқсамайды.

Үлкендердің әр алуан кең мінезі, терең сыры болатыны бар ғой. Бірақ тап мынадай, ашуы мен сабырын оңай жұмсап, оңай тежеп, оп-оңай бұрып салып отыратын шын ұстамды адамды Абай осы Байдалыдан ең алғаш рет көріп отыр.

Жаңағы ашумен күйген Байдалы енді майда қоңыр үнге түсіп:

— Осы өздерің көріп жүрген Қаратай бар ма? Тап соның ішінде көп қойма жатыр, не керек! Шіркін, тек қана азғантай Көкшеден шықты ғой. Егер Олжайдан туса, өрісін көрер ең! —

деп, біраз отырды да... – Такауда, өнебір күндерде Қаратай, Бөжей, Байсал бар – барлығымыз Қаумен үйінде түстеніп отыр едік. Жиын бір сөзден бір сөзге түсіп, шалқып отырып, ақыр аяғы: “Жә, өзіміз көргенде мырза кім?” дегенге келді. Жұрт ойланып қалды. Байсал күншуақта жатқан тағыдай көзін бір ашып, бір жұмып, бүк түсіп сырт қарап жатқан. Жаңағы сөзге ол қатысқан жоқ-ты. “Мырза кім?” дегенге Қаратай жауап беріп: “Мырза – Құнанбай”, – деді. Тағы біраздан соң ол жиын: “Шешен кім?” – деді. Тағы Қаратай жауап беріп: “Шешен – Құнанбай”, – деді. Екі бел асты. Аздан соң және бір оралып кеп: “Жақсы кім?” – десті. Өлгі Қаратай және жауап беріп: “Жақсы – Құнанбай”, – деді. Сол кезде Байсал басын жерден жұлып алып, саңқ етіп: “Уай, Көкше, не оттап отырсың өзі?” – деп, Қаратайға қадала түсіп: – Мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, жақсы Құнанбай екен! Ендеше, не көкіп алысып жүрміз онымен?” – деді. Соған Қаратай іле жауап беріп: “Уай, тәйір-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ, “не қылайыны” жоқ қой, сондықтан кетіп жүргем жоқ па?” – деді. – Сөз ұғатын бала сияқтысың ғой! – деп, Байдалы осы тұста Абайға сығырая қарап отырып: – Дәл осы сөзді сенің әкең естімеген болар. Осыны да айта баршы. Кешірімі, мейірімі жоқ екенін Көкше неше жерде көрді, білмеймін. Жігітек соның жоғын күнде көреді. “Кештім” дегенін бірде-бір көрмей-ақ кеттік қой! – деді.

Жол бойында ешбір жерде Абайдың аялдағысы келмеді. Оңай емес, әлдеқалай емес, бүгін естігені ерекше. Байдалының аулынан ұзаңқырап шығысымен Қарабасқа:

– Жүр, жарысайық! – деп тебіне жөнелді.

Қарабас жарысты оншалық жақсы көрмеуші еді. Бірақ Қарашоқыға күн барда жету үшін қатты жүрмесе болмайды. Және бұның астындағы ақтабан қара бедеу қасқыр соққан жүйрік бие болатын. Аймандай аттан күйі де төмен емес.

– Ал жүре ғой! – деп, о да жөнелді.

Екі жолаушы ұзақ шапты. Аймандай ат пен қара бедеу кезек озысып, қатты желісіп келеді. Өзі озған кезде Қарабас: “Токтайық!” деп іркіле берсе, Абай қуып жете беріп:

– Токтама, жөнел! Жөнеле бер, – деп, атына қамшы баса береді. Қарабас өз ішінен: “Мына балаға Байдалы сөзі дөп тиді-ау! Ширығып келе жатқаны сол-ау!” деп ойлаған.

Күн бата берген кезде аттарын қан сорпа қып Қарашоқыға жетті.

Ауыл сыртында кішкене тастақ төбе бар еді. Құнанбай Майбасар екеуі сонда отыр екен. Абай аттан түсе бере, шылбырын Қарабасқа тастады да, аял қылмастан әкесіне қарай тартты. Құнанбай ауылдан қашаң отырса да, бұлардың қатты жүріп келгенін аттарының сонау алыстағы ажарынан байқап еді. Қара бие ауыздығын шайнап, тыныштық ала алмай кермені сүзе тартып тұр. Құнанбай көзіндей мал сырын бұлжытпай білетін көреген көзге сол белгінің өзі де жеткілікті.

Бірақ ол жайға Құнанбай онша шіміркенген жоқ-ты. Тегінде, балаға “ат қинайсың, шаруа күйзелтесің” деп ұсақ мазасыздық жасамайтын. Сондықтан баланың біреуі аттың аяғын кетіріп немесе зорықтырып өлтіріп қойса да ұрыспаушы еді. Абайға мұндай дүниелік жайында еш уақытта тарлық еткен емес-ті. Қазірде де қатты жүрістерін жай балалық желік, жарыс қой деп білген.

Бірақ ол өз бетіне. Ал мынау Абай үйге кірмей, асыға басып дөң басына келеді. Жақындап келген уақытта әкесі қадағалап қарап еді. Баласының жас ажарында бал-бұл жанған бір құбылыс бар. Әншейіндегі салмақты, қоңыр баяу Абай емес.

Баласы тақап келгенде, Құнанбай:

— Немене, балам? Неден ширьқтың? Жөніңді айтшы! — деді.

Абай әкесінің төменгі жағына отыра беріп, өз ішіндегі көңіл күйін дәл тапқанына қайран қалды.

Отырысымен көп күттірген жоқ. Бүгін Байдалыдан есіткен сөздерді бұлжытпастан, жалғыз түйірін қалдырмастан түгел айтып шықты.

Әкесінен көз алмай қарап отырып сөйледі. Құнанбай басында мұны аса салқын тыңдады. Тек “Жігітекті жаныштаудан тоқтамады ғой!”, “Босаспады ғой!” деген сияқты Байдалы дауына жеткен жерде ғана қабағын лезде қатты түйіп ап, Абайға тіксіне қарады. Баласының өзіне барлап: “Осының өзі қандай?” дегендей.

Абай әке көзінен жасқанған жоқ. Байдалының дауын соншалық зілді, ұтымды күйде айтуден қатар, мына бала өз сұрағын да осы араға қосып отырған сияқты. Әке мен бала ең алғаш рет шындасып бет ашысатын белге келгендей еді.

Бірақ Құнанбай өз баласы туралы екіұшты болуын тез жойып, Байдалы сөзінің салмағына көз салып кетті. Есітті, ұқты. Жалғыз-ақ түк шіміріккен жоқ. Ашумен демігіп, ернін шығарды. Өз байлауы өз ішінде. Жауап айтқан жоқ. Абай әкесіне осы сәлемді әкелгенде, тым құрыса, бір шешілер, бір сөйлесер деп еді. Ол болмады.

Байдалының алғашқы сөзін естіртіп бір тоқтаған еді. Одан тың сөз тумаған соң, Абай аз отырып, Байдалының соңғы әңгімесін айтты. Бұл Абайдың, әсіресе, “жауап айтар, не айтар екен?” деп асығып күткен жайы еді.

Құнанбай баласының осы көңілін анық таныды, білем. Қаратай мен Байдалы үшін болмаса да, өз баласы мен өз туысы үшін бір жауап керек. Ол, тіпті, аналардың орайын беру үшін, әсіресе, керек.

– Қаратай жүйрік қой. Жер таниды. Айтқаны шын болса керек. Бірақ өз топшылауым бойынша, адамның қай мінезі қасиеті болса, сол мінезі міні де болады. Мен өмірде ұстаған нәрсемді берік ұстанам. Жақсылық – кісінің айнымас табандылығында деп білемін. Соның түбінен мін шығатын кез де болатын шығар! – деп, үндемей түнеріп отырып қалды. Дау айтқан кісі жоқ.

Абай әкесінің жауабын ғана білмек еді. Ойландыратын жауап естіді.

Құнанбай аздан соң ғана барып, әлгіден де жуасыңқырай түсіп:

– Адам пенде ғой! Пенденің жоқ-жіті толған ба? – деді.

Қияласа да өз мойнына кінә алып отыр.

Бұл кезде Абайға әкесі жадағай көрінбеді. Кінәға, дауға жүйрік Байдалы сияқты емес. Ол шешендіктен гөрі басқарак түкпірі бар жан сияқты. Оңай жан емес. Қабат-қабат шың сияқты.

Құнанбай өз ойымен кетсе, Абай өз көңіліндегі түйінін аяқтата алмаған, өз дағдарысымен кетіп еді.

Жидебайға қайтардың алдында Абай әкесінен көш-қон жайын сұрастырған. Құнанбай үлкен аулына тез көшсін деп бұйрық берді. Бірақ биылғы көш жолы жылдағыдай емес. Бұрын Құнанбайға қараған ауылдар осы Қарашоқы тұсына

жиылып ап, жайлауға қарай жөнелгенде, Шыңғыс тауынан Бөкенші асуын басып асушы еді.

– Қазір бұл тұсқа келмей, Қарауыл өзенін өрлеп барып, Ақбайтал асуынан асыңдар! – деді. Және жазғы жайлау сол асудың тұсымен баратын Бақанас суы болды.

Бақанас, Байқошқар – бұл өңірдегі Тобықтының ең үлкен өзені. Шыңғыс сыртындағы мол жайлаудың ең арғы шеті сол екі су. Бірақ Құнанбай ауылдары бұрын Байқошқарды қоныс ететін де, Бақанас өзені Көкшеге тиісті еді.

Қаратаймен қырбай болғандықтан, Құнанбай Көкшенің жайлауына ортақ болғысы келгендей.

Бұның ар жағында бірталай есеп бар. Осы жазда Жігітек, Бөкенші, Көкше боп тағы да қайтадан бас құрасатын сияқты. Кешегі Байдалы айтқан сәлем тегін емес. Астыртын шеп біріктіріп жатқан елдің дақпырты тәрізді. Ендеше, солардың әр алуан ширап, сыбыр-жыбырын біліп отыру үшін, Құнанбай өзіне қараған елдің біразын дәл сол елдің арасына таман кірістіріп жіберу керек.

Жайлау аралас болса, қыдырыс-жүріс аралас болады. Сыбаға, қонақасы аралас болады. Сөйтіп, мал басы түйісіп отырса, ел тарту оңай. Ал мұндай есепке Зере отырған үлкен үйдің барғаны жақсы. Бұл көп Тобықтының үлкен санайтын, күтетін үйі. Және Күнкедей емес, Ұлжан қонағуар, кең пейіл, мырза. Оның асы мен көлігі, оң шырайы адамды дос етеді, тарта біледі. Ішіне қан қатқан, сонау қатты жаулық болмаса, ет пен терінің арасында жүретін уақ-түйек өкпені жуып-шайып отырады. Осының бәрі Құнанбайға ел әпереді.

“Ақбайталды басып, Бақанасқа қарай көшiңдер! Бөкенші, Көкшеменен қоныстас болыңдар!” дегендегі Құнанбайдың ішкі есебі осы болатын.

Абай әке есебін білген жоқ. Тек өз аулының жекеленіп көшкенін лайықсыздау көрсе де, іштен аса құпия түрде бір қуаныш сезді. Қарауылды өрлеп көшу, Бақанасқа шейін бару жаз бойы Сүйіндік аулына жақын жүру деген сөз. “Өмірі қосылмас-ау, жуықтамас-ау!” деген өмір соқпағы енді мұны күтпеген кезде Тоғжан ұясына жақын апарды.

Соңғы күндердегі барлық жеңіл, ауыр сезімдердің баршасының қатарында Тоғжан бейнесі жас жігіттің көз алдынан кеткен емес-ті. Абай толқыған қуанышын жасыра алма-

ды. Әкесіне белгісіз себептен қып-қызыл боп өзгеріп кетті. Құнанбай бұл өзгерісті байқаса да, себебін сұрамады. Әрине, Ақбайталға қарай көшуге Абай қарсы болған жоқ. Жалғыз-ақ өз топтарынан бөлегірек жайлайтын болған соң, жалғыз ауыл кету тағы қолайсыз. Соны ғана ескертіп еді. Құнанбай бұл жағын да топшылап қойған екен.

— Жалғыз ауыл болмайсыңдар. Неге жалғыз ауыл бола-сың? Тіпті, сол Жидебай, Мұсақұлдағы, Көлқайнар, Шүй-гінсудағы Ырғызбай, Жуантаяк, Қарабатырдан кем қойса, он ауыл сендерге ере көшеді. Бәріне де сәлем айтам! — деді.

Жуантаяк, Қарабатыр дегендері Құнанбай ауылдарын жағалап жүретін, қысы-жазы бірге көшетін момын көршілер еді. Абай оны да мақұл көрді. Осымен Жидебайға қайтып кетті.

Тоғжанды тағы көру үміті Абайдың Қарашоқыдан алып қайтқан зор олжасы сияқты. Жол бойында бар дүниені ұмытып, бір Тоғжанның елесін көз алдына келтіріп, нелер ыстық қиялға батты.

“Өмірдегі ең бірінші жалғызым, барым” дегендей неше түрлі еркелеткен нәзік сөздер өз-өзінен сан рет айтылып келеді. Жас жүрегі соғып қана қоймайды, қазіргі Аймандай аттың асығыс дүсіріндей дүбір шығады. Бұл шақтағы барлық сезімі құр ғана жас тіршілік белгісі емес, кеуде тола лаулап жанған жалындай.

Қарашоқыдан Жидебайға шейін қатты жортып жүріп еді. Екі аулының арасында дәл осы күндей шапшаң жеткен күні жоқ. Қалайша оп-оңай келіп қалғанын өзі де байқамады.

Жидебайдағы ауыл да киіз үйге тегіс шығып алған екен. Биыл Қарауыл суы мол боп тасып, Жидебай, Мұсақұл үстіндегі кең қорық көк жайқын қалың шалғын боп келе жатыр еді. Көп үйлі аппақ ауыл кеш мезгілінде бір түрлі бейілді, қоналқаға көңілдене шақырып тұр. Ауыл айналасы қалың қой. Қозы жамырап, иттер үріп, даңғаза боп жатыр екен.

Абай үлкен үйге де, шешелерімен амандасып болған соң, көші-қон жайын айтты. Жылдағы әдет бойынша бұл ел әуелі бауырға қарай, көктемдік қоныстарға барушы еді. Ұлжан солай көшерміз деп, қыстауда қалдыратын жүктерін, қоймаларын сайламаған екен.

Жайлау биыл ерте көктеді. Шыңғыстағы ел бауырға көшпей, жайлауға асығып отыр. Сондықтан бұл ауыл да дүрмектен қала алмайды.

Ол жағын Ұлжан ұқты. Бірақ баласы ойлағандай тез көше алмайтынын білдірді. Үй ішін жеңілейту, теңдер бұғыз, жатақшының жазғы күнін бейқам ету – баршасы да бұл ауылды не қылса да бес-алты күн бөгемекке керек.

Абай өз ішінен: “Сүйіндік аулы сыртқа кетіп қалады, жеткізбей ұзап кетеді-ау” деп тынышсызданып еді. Шынында, сыйлас ауылмен немесе достас жандары бар ауылмен қатар көшкен қандай қызық. Ертелі-кеш бірге көшіп, бірге қонып отырса, күндіз-түн көрісе жүрудің сылтауы көп және жайлауға қарай тартқанда бұл елдің үдере көшем деп жаппалап қонып отыратын әдеті бар. Көңіл қосылар күн болса, жарық айлы түндерде ерке жардың оңаша жаппасына кіру ертегідей рақат қой. Өзі көрмесе де, Абайдың өзге ересек жігіттерден көп естіген рақат шағы осы болушы еді. Бірақ шешесінің байлауы жаңағыдай шаруа жағына келгенде бұзылмайтын байлау болады. Ондайда Ұлжан Құнанбайдың айтқанын да орындамай, өз билігімен кететін.

Көңіл қаншалық қиял құшып, аласұрса да, Абай амалсыз көнді.

Кешкі астың алдында Абай Зере мен Ұлжанға Кәмшат жайын айтты. Естігенінің ешбірін қалдырмай, қатты айтты. Жыласа да, күйзелсе де шешелерді аяймын деп, Кәмшат жайын бүркеу мүмкін емес.

Зере күрсініп, күңіреніп кеп, Құнанбайды жерледі. Ұлжан үнсіз, жым-жырт, қиналып отырып-отырып Абайға:

– Осы естігеніңнің бірде-бірін Айғызға айтпай тұра тұр. Онсыз да қан жүрегі қақ жарылып жүр ғой. Бүгін таңертең: “Түс көрдім. Кәмшат жер ошаққа жығылып қалып, үстібасы лаулап жанып барады екен”, – деді. Сүйіндіктің қатыны, аналық мейірімі бар кісі. Бәрінен де соның айтқаны тек емес қой. Шыңғысқа жетейік. Сонан соң өзің қасыңа бір ересек кісіні ерт те, тура Шырақтың аулына барып, Кәмшатты өз көзіңмен көріп, бар жайын біліп кел. Айғызға содан кейін айтып, әкеңмен шындап сөйлесейік, – деді.

Байлау осы болды.

Сол кештен он шақты күн өткен шамада Құнанбайдың үлкен аулы Ақбайтал асуынан асып барып, Шыңғыстың

сыртындағы Жігітек, Бөкенші жайлауы болған Қопаның аузына қонды. Құнанбайдың айтқанындай он шақты ауыл боп көшіп еді. Дәл бүгін осы қонысқа жеткенше бұл ауылдар өзге Шыңғыс бөктерінен көшкен Бөкенші, Жігітекті қуып жете алмаған. Ең шабан көшкен ауылдар болған-ды.

Алғаш “үлкен ауылдың ерулігі” деген табақ-табақ еттер, саба-саба қымыздар көп-көп қыдырушы қатындармен ілесе келіп-келіп қалды. Құнанбайға жұрттың көңілі әр алуан болғанмен, ежелгі салт-машық бойынша бұл өңірдегі ағайын Зере отырған үйді жатсынған жоқ. Бірақ сыбаға мен ерулік әкелушілер көп болса да, бұл келгендердің ішінде Бөжей, Байдалыдан немесе Сүгір, Сүйіндіктен келген белгі болмады. Келіп жатқанның барлығы момын ағайын. Араз-құразға ынтасы мен бейілі жоқ жай шаруаның ауылдары еді.

Үй іші келушінің барлығына ырза болды да, келгендерді санаған жоқ. Жалғыз Абай ғана өз ішінен әр мінездің мәнін өзінше жорыды.

Шешелеріне әнеуі берген уәде бойынша Абай Бөжей аулына баруға асыққан. Қопаға қонған күннің ертеңінде қасына Ғабитханды ертіп, солай жүріп кетті.

Бөжей аулы Қопаның аузынан алыс емес. Батыс жақтағы көк қырқаның астында, Саркөл деген тұщы көлдің басында. Түс шағында екі жас жігіт сонда келді. Саркөл жағасында жағалай отырған ауыл көп екен. Бөжейдікін сұрастырғанда, бие қайтарып жүрген асау тайлы бала тап орта тұстағы он шақты үйлі ауылды көрсетті. Бұл бай ауыл емес, бірен-саран ғана бозғылт үйі бар. Көпшілігі қоңыр үйлі орташа ауыл тәрізді. Шынында, Бөжей бай болған емес. Орташа, дөңгелек қана дәулеті бар еді. Абайлар Бөжей үйінің сыртына кеп, аттан түсіп жатты. Қазіргі уақытта бұл ауылда бірде-бір бөгде кісі болмау керек. Кермеде де, белдеуде де ерттеулі ат жоқ. Жиын болса, көлдің арғы шетіндегі ақ ауылда болу керек. Саркөл айналасындағы топыры көп ауыл сол тәрізді. Жас жігіттер Бөжейдің өзін де үйде жоқ болар деп топшыласып еді. Сол ойлары шын болды. Бөжей анау ақ ауылдағы жиында. Сонда түстеніп отыр екен.

Аттарын байлап, енді үйге қарай жүре бергенде, Абай осы үйдің ішінде әлсіз үнмен жалынып жылаған кішкене баланың үнін есітті. Ауру баланың жылағаны.

Абай жүрегі жаман белгіні сезгендей су етіп, қатты аянышпен шаншып кетті. Үн — дәл Кәмшаттың үні сияқты. Абайлар үйді айналып есікке тақай берді. Бірақ дәл осы кезде жаңағы баланың жылауына ызаланған ұрысқақ дауыс естілді. Бар сөзі басқа ұрғандай ап-анық шығып жатқан Бөжейдің бәйбішесінің даусы.

— Ырыдатпа! Ырыдатпашы, анау көзің ойылғыр жеті-мекті! — деп, зекіп тастап, долы бәйбіше есікке қарады.

Киіз есік ашылып, екі бала жігіт кіріп келген екен. Абайлар төрге шықты. Үлкен үйдің іші сыртындай жұпыны емес, жасаулы, кілемді, алашалы екен. Бірақ салақ үйдің белгісі — сыпырылмаған, төрде олақ жиналған көрпе-жастықтан көрініп тұр.

Үй ішінде, төсек алдында ұршық иіріп үлкен қара сұр қатын отыр. Танауы қусырылып, ерні қатты жыбырлаған қара қатын аса бір ұрысқақ қатал жан сияқты.

Биік төсектің бас жағында жер төсек бар екен. Соның үстінде Бөжейдің екі бойжеткен қызы кесте тігіп отыр. Жасына жеткен қыздардың пішіндері сұлу да, сыпайы да емес. Түксиген, сүйкімсіз. Және шешелеріндей ашушаң, қатқыл адамдар сияқты.

Осы төсектердің бас жағынан Абайлар отырып, үй ішімен ақырын ғана амандасты. Мажырасып қарсы алған үй іші де болған жоқ.

Жылаған Кәмшат екен. Ол қонақтардың оң жағында, бір жаман жыртық жаялықтың үстінде бүк түсіп жылап жатыр. Басында жастық та жоқ. Тек бір жаман жыртық шапанның жеңі жасталыпты.

Кәмшат жаңа келген кісілерді танымады. Бірақ үй ішінің қаттылығын осы жаңа келген жандарға шаққандай боп кемсеңдеп, иегі дірілдеп, бір түрлі әлсіз үнмен тағы жылады.

Бұрын топ-толық, қызыл шырайлы, қарақат көзді Кәмшат қазір сатқақ ұрғандай арықтап, құп-қу шөлмектей боп қалыпты. Қол-аяғы шидей. Бетінде ғазап пен сор көлеңкесі бар сияқты. Кірпіктері ұзарған. Екі ұрты көдімгі қайғы шеккен, аштық көрген үлкен адамдардың бетіндей боп, тозығы жетіп, жиырылып тұр.

Үлкейіп, алақандай боп кеткен қап-қара көздерінен кесек-кесек жастар тамшылайды. Күтімсіз, қор болған бала шын бейшаралық қалпында жатыр.

Осы жайды көріп, болжай сала, Абай мен Ғабитхан екеуі қатарынан Кәмшатқа созылды.

Бала танымай, теріс бұрылып, тартына берді.

Ғабитхан мынау көрген күйіне шыдай алмай:

– Ей, мазлума! Нилер ғазап көргенсің сен бейгүнаһ мазлума! – деп жылап жіберді.

Абай ыза менен азаптан, жанашыр мен қайғыдан қалтырап кеткендей.

Үйдегі әйелдер мыналардың көзінше сыр бермеймін деген боп, анау-мынау жай айтып жатты.

– Өзге бала сап-сау! Жалғыз осы бала бақырға бір жаман іш ауру тиіп, толас таппай қойғаны! – деп, бәйбіше жайма-шуақтаған болды.

– Ішің ауырса, аузың тый дейді! Бала неме біле ме! Өзі де кішкентай түзеле берсе болды, кешке шейін бар тамақты малшылайды!

– Сүйтіп отырып қайтіп жазылсын!.. Содан... өзінен... ғой! – деп, екі қыз топас түрдегі бір кекселік айтып жатыр.

Абай бұл үйдің ішімен тілдескен жоқ. Жанашыр мейір жоқ, суық жандар келген жерден-ақ Абай көңіліне түрпідей тиген.

Бөжейдің қатыны шай қойғызбақ сияқты боп қам істей бастағанда, Абай:

– Ішпейміз, жүреміз! – деді.

Кәмшаттың мынадай тұтқында, аямас ғазапта жатқан бейшаралығын көріп отырғанда тамағынан ас өтер орын жоқ.

Жұрт кісі өлгенде “бауырым, бауырым” деп жылайды. Өлген соң “бауыр” деп танығаны не қажет? Абай енді біраз отырса, Кәмшатты құшақтап, бауырына қысып жатып, “Сорлы бауырым, жазықсыз бауырым!” деп, зар шегер болса да, мынадай іші дұшпандықпен қатып қалған көң көңілді жандардың алдында оны істесе, адасқаны. Бір есептен жаңағы екі қыздың сөзіне қатты ыза болып, намыстанып, талқан қып, ұрсып-ұрсып кетер еді. Алғаш бір ойлап, алқымына ашу тығылып келген күйі сол еді. Бірақ ол мінезі Кәмшат үшін пайда емес. Қайта оның ғазабын арттыра түседі. Амал құрып отыр. Қатты сенделу үстінде бәйбіше берген қымызды да ішпеді. Тіпті, ұрттамастан жерге қойды. Кімге кектенеді? Кімді кінәлап ұрсады? Жалғыз осылар ма? Бұлар ғана емес! Абай осыны ойлап, тез қоштасты да, Бөжей үйінен шыға жөнелді. Ерекше бір ыза мен шер өне бойын кернеп алды. Кеш бата

өз ауылдарына қайта жеткен уақытта Абай көңілінен осы күй бір сәт арылған жоқ, бір мысқал кеміген де жоқ еді.

Үлкен үй мен қонақ үйдің арасына тартылған кермеде Құнанбайдың ер-тоқымы ерттелген ұзын торы ат тұр екен. Қасында бірақ бөтен ат бар. Әкесі бұл аулына жаңа келген тәрізді. Оқшау келгені жақсы болды. Абай Кәмшат арызын түгел жеткізбекке нық бекініп, үйге кірді.

Ойлағандай, Құнанбай бүгін оңаша келіпті. Қасында жорға Жұмабай ғана бар екен.

Жігіттер үйге кірген кезде осы үйге Айғыз да келді. Ана жүрегі бір жаманатты сезгендей бұны асықтырып, осылай жетектеп келген. Күндіз Абайдың Бөжей аулына кеткенін Айғыз білетін. Ол үйге кірісімен көп бөгелмей, Абайға қарап:

— Не көрдің, не білдің, Абайжан? Білдің бе, әлгі сорға туған бейбақ бауырыңның күйін? — деді. Жалын атып тұрған шер үні.

Зере мен Ұлжан да Абайға осындай сұраулар беріскен жүзбен бұрыла қарасты.

Абай әкесіне көз салып еді, үндемей, түйіліп, Айғызға аса салқын қарап қалған екен.

Өзі күйіп келген Абай әке жүзінен қаймыға алмады.

— Көріп, біліп келдік. Кәмшат ауру. Әл үстінде. Бізді танымады. Бауыры суып, аямас қас көргендей барлық жанды... не айтайын? — деп тоқтап қалды. Әкесінің алдында кісі зарын да, өз уайымын да еш уақытта бүйтіп айтып көрмеген-ді.

Құнанбай оқыс бұрылып, Абайға суық қарады да, үндемеді.

Әйелдің бәрі үнсіз жылап, аһ ұрып, күрсініп отыр.

Түсіне ашу, көзіне жас толған Айғыз дірілдеген үнмен:

— Қарашығым, балапаным-ай, сормандай жетімегім-ай! Не қарғысқа ұшырап туып ең! — дей беріп еді, Құнанбай сол қолын шұғыл көтеріп қап, “доғар!” дегендей ишарат қылды. Қарғыс шарпуынан бетін қорғаған сияқты қозғалыс.

Мұның әмірінен жасқанып өскен Айғыз саябырлап қалды. Бірақ сыбырлап сөйлеп, тұншыға жылады. Құнанбай ақырып:

— Қысқарт енді, басыңа көрінгір, не көрінді, басыңмен кеткір! — деді.

Айғыз жауап қайырған жоқ. Бірақ Абайдың қасында отырған Ұлжан жаулығының ұшымен көзін сүртіп:

— Өртенсең де үндемей өртен дегені ме? Кәмшатты ойласа, бүгін емес, көптен күңіренеді бұл жандар. Кімге айтады? Қайда айтады? — деді. Құнанбай оған да барын айтқызбай тежеп:

— Жә, бірін бастап, бірін қостамай! Басалқы, басу айтады десе, о несі? — деді. Ұлжанға Айғыздай зекірген жоқ, кінәлай сөйледі.

Үй ішінің наразы үнін осылай баспақ. Бірақ онысына Зере болған жоқ.

— Қорқытпа келіндерімді!.. О несі? — деп, қатты зекіп қап, ілгері жылжып кеп, екі қолымен жер тіреп отырып, баласының жүзіне аса суық қарады. Абай өз әжесінің мұндай қайратты ашуын бұрын көрмеген сияқты.

Зере Құнанбайға әлі де қадала қарап, түйіліп отыр. Құнанбай шешесінің ажарын сезді де, жуаси түсті. Көзі де шеше көзінен тайқып кетті.

— Айында, аптасында бір көреді. Арыз, мұңын саған айтпай кімге айтады? Қатты болсаң — қасыңа бол! Досыңа, қатын-балаңа қатты боп, қайда барасың өзің? “Жер тәңірісі сенсің” деп қошаметшің айтсын! Бұл жерде, бұл мекенде сен мойнындағы қарызы мол әкесің, білдің бе? Айтам ғой, “жер тәңірісімін” десең де, аяғың аспаннан салбырап түскен жоқ. Сен де пенденің ұлысың, анадан туғансың. Менмін сені тапқан. Мынау аналар аналық зарын айтады. Кәмшат турасында күйзелтіп, күңіретіп отырсындар сендер бізді. Тап енді, емін тап ақырғанша! Құтқар анау қаршадай жетімегімді! — деп, қатты бұйрық етіп тоқтады.

Үй іші үнсіз еді. Құнанбай тез жауап айта алмай, буылып қалды. Талайдан естімеген үнін есітті; анасының үні — ардың үні боп, қатты қадалып тұр.

— Қайтейін?.. Мен қайтейін?.. Кеше исі Арғынның игі жақсысы бұйырды! — деп, шешесіне арыз шағып бір тоқтады.

Абайдың аса теріс көргені сол бұйрықтың өзі.

— Рақым, мейірбандық жоқ, не деген жаны ашымас, қаты-бас байлау — сол байлаудың өзі? Тату етер байлау да емес. Көңілге қату бітіретін байлау ғой және Кәмшаттан зорлықпен айырған Жігітекті мұндағы ана, бауыр қайтіп жақын көре алады? Мал алмай, мазасыз масыл жас баланы алғанға олар қайтіп ырза болады? Олардың рақымсыз, надан, топастарына салсаңыз, Кәмшаттың барлығынан да бес байталды

артық көрсе қайтесіз? Ендеше, ортамыздағы ең әлсіз, ең пұшайман бір ғарыпты қайда тастап отырмыз? Ит жеміге тастап отырғамыз жоқ па?..

Әкесіне Абай сөзі ұтықты көрінді. Өзі, тіпті, ойға келмеген соны сөз. Бірақ бұл баласы бірбеткей кетіп отыр. Қазақ жолы, ел салты емес, өзге бір сүрлеуге түсіп кетті.

— Әй, шалағай балам-ай, көңілің түзу болғанмен, жолдан тыс жайылып отырсың ғой!

Бағанағыдай емес, енді мынау үйдің ішін күйзелткен жайды бірге ойласқандай. Абайды “шалағай” десе де, ақыл кеңесіне алған сияқты. Және бұған жылы жауап айтқаны Ұлжан, Айғызға да жалына бастағаны тәрізді. Анық соның белгісі. Тағы біраз үндемей отырып барып:

— Ағайын жолы бұлай ма? Араз елді жамастырам деп, қалыңға қыз да беріседі. Күң есепті, қатын есепті береді. Біз берсек, етбауыр бала қыл деп беріппіз. Қорлыққа бердік пе? Тек сын Бөжей басында ғой. Біле білсе, менің балам оның баласы болмайтын несі бар еді? Жат деп, жау ұрпағы деп дұшпан көріп, кірпідей жиырылса, қарыз оның мойнында емес пе? Тіпті, жазықты болсам, мен жазықты шығармын. Бесіктен шығарып, адам ұлы деп, соның бауырына берген балам жазықты ма еді? Қатын-қалаш, ауыл-аймағына, тым құрыса, соны ұғындыра алмаса, Бөжейдің аяқтағы суға ағып өлгені ғой! — деді.

Бұл сөзінде Бөжейді жеңер дәлелі бар еді. Абайдың өзі де өмірінде алғаш рет Бөжейден түңілгендей боп қайтқан. “Қатыны антұрған болса, ең болмаса, таяқтап Бөжей жөнге салса нетті?” деп ойлаған. Бұл ойын бағана жолшыбай Ғабитханға айтқан-ды.

Ұлжан мен Жұмабай және Айғыз боп Бөжейдің қатынын кінәлайды. Ол жақтан жалғыз кеп жатқан суық, қатал сөздердің бірталайын айтысып өтті. Айғыз түп-тура аямай: “Дұшпандық етіп жүрген Бөжейдің қатыны”, — деп байлады.

Осының ертеңінде Құнанбайдың сәлемімен Бөжей аулына Жұмабай барып қайтты.

Көршілес қартаң қатынның бірін Айғыз да Бөжейдің бәйбішесіне жіберген. Оған:

— Балама өгейлік қып отыр. Ақылы болса, бүйтер ме еді? Күтімсіздікпен дертті қыпты, — деген кінәлар айтқызды.

Жұмабай Бөжей аулынан түнеріп қайтты. Ол келгенде Абай барлық Бөжей жауабына түгел қанды. Бөжей қасында

Байдалы, Түсіптер бар еді. Қатыны да Айғыз жағынан есіткендерін жеткізген-ді. Үй ішімен, ағайынымен күңкілдесіп алып, Бөжей Құнанбайға ашулы жауап айтыпты.

— Құнанбай жаққан отқа менің арым өртенді. “Жарасы жазылды, сынығы бітті” дей ме екен? Не жаны жүр деп ойлайды екен шыбын кеудемде? Әлде, өзгелер үйелменімен өргенсе де, өзімнен бұрау сынбасын дей ме? Құнанбайдан не шықты? Шашыраған бір ұрығы ма? Сұрау салмай, мазамды алмай тек жүрсін, күйдірмесін ағайын! — депті.

Үлкен ызаның сызы жатыр. Тоңы жібімеген араздық қайтадан тағы бір рет “Мен арылған жоқпын!” дегендей жота көрсетті.

Құнанбай демігіп тыныс алып, қап-қара боп кетті. Бөжейдің бұл жауабынан Абай да қатты түңілген еді.

— Адамшылық рақым қайда? Өзге емес, ақылсыз, надан қатыны емес, Бөжей өзі өсте ме екен? Көз алдында соншалық жазықсыз нәрестені ұзақ өлімге бұйырып, сол үшін және биттей де шімірікпеу не деген қаттылық? Әншейінде мінезді, мейірбан көрінетін сырты екен ғой. Өзіне сын жетпей, жұртты сынап жүргенде сүйтеді екен ғой. Ендеше, жауығып, қарсыласып, кінәлап жүрген Құнанбайдан қай қасиетімен арты? — деп аса наразы боп қалды.

Құнанбай бұл арада шешілген жоқ. Жалғыз-ақ Абайға қарап:

— Менің балам адамзат баласы емес, өштескен қасқырдың күшігіндей көрінгені ғой. Көрге бірге кететін жаулық десеңші мынаны. Аузына осы тірі жүрген ұрпағымның қайсысы түссе де шайнап тастағалы, көзге шұқып жоқ еткелі отырған түр ғой мынау! Жалғыз-ақ, тәуекел! Тостым, күттім артын! — деп тоқырап қалды.

Осыдан кейін аз күн өткен соң, Бөжей аулынан Айғыздар күткен жаман хабар оқыс келді.

Кәмшат өліпті. Және таңертең өлген баланы сол күні түс ауа қойып та бітіріпті. Керек десе, Құнанбай аулына, Айғыздай көзі тірі шешесіне хабар да айтпапты. Айғыз бен Ұлжандар есіткенде, бүгін қойшыдан естіп отыр.

Жалғыз Құнанбай емес, бастығы Зере болып, Абай болып Бөжей мінезіне шынымен аса қатты ренжіді. Әнеугі жауап бір көңіл қалдырған болса, мынау іс, тіпті, бір қырыс надандық пен қаталдық тәрізді. Бөжей өзі осыны сезген болу керек. Кәмшат өлген күні ол: “Айғызға хабар қылсақ

нетеді?” – деп, үй ішімен, Байдалымен ақылдасқан еді. Бірақ осы аз күннің ішінде Құнанбайдың Жігітек жерінен Бөкеншіге қоныс әперіп отырғанын айтып, Байдалы ырық бермеді.

Қопа мен Қаршығалы сияқты қоныстарды Бөкеншіге Жігітектен алып бергеннен бері, қазір міне, күн сайын көші-қон да, жайылыс-өріс, бие-бау да даулы болып, тату ағайын тоңырайысып барады.

Байдалы, Түсіптер күнде көріп, күнде сезіп: “Бөкеншіні өкпелетіп алмасақ екен, қолтығымыздан шығарып алмасақ екен”, – деп, дамылсыз күдіктеніп отыратын болған. Сол мазасыздықтың өзі де Құнанбайға бұларды өшіктіріп отырған. Бұл жайдың бәрін танып, сезген Бөжей Құнанбайға қатты ашулы еді.

Кәмшат жайы осындай күйіп жүрген күндерге дәл келген соң Бөжейдің рақымсыз боп жүргені рас.

Абай көңілінде Бөжейді Кәмшат үшін, жазықсыз жас нәресте үшін айыптаған үкімге ақтау жоқ. Үлкенмен араздық дәл бұндай адамшылық ар сыналатын жерге арашашы бола алмайды.

Хабар-ошарсыз Кәмшаттың қойылып қойғанына Құнанбай жаман қатуланды. Астыртын хабармен Құнанбайдың үлкен аулына Ырғызбай, Топай, Жуантаяқтардың көп ірі кісілері жиналып қалған. Солардың тобына Құнанбай Бөжей мінезін шағып, көпке кінәлатып отырып, тағы кісі жіберді.

Бұл жолы Жігітекке барған Жұмабай емес, Ызғұтты мен Жақып. Құнанбайдың жанкүйер жақындары.

Бөжейге кеп:

– Бұ не қылғаның? Шабындыдан келген күң бе еді? Құнанбайдың бел баласы, оң көзі емес пе еді? Тым құрыса, іштен шыққан анасына хабар айтып, топырақ бұйыртсаң етті! Бұ не деген білместік, не деген өштік? – деп сөйледі Ызғұтты.

Бөжей мен Байдалы, Түсіп бірігіп отырып жауап берді.

– Сыныққа сылтау таба алмай отырған Құнанбай ғой. Қаршадай қыз өлді деп сауын айтып, ас беруші ме ем? Тіпті, берсем де, басым ырықтан арылар ма еді? Кінәласа, күн тілесін енді менен. Бірақ тек, әлі жетсе алып көрсін! – деп, Бөжей бір-ақ томырылды.

Жер ашуы қайнар кезіне жеткен сияқты. Бұл сөздер биылғы жазды не қылса да үлкен ылаңның, зор бөленің жазы етуге айналған сөздер еді.

Ізгүтты мен Жақыпты жөнелтісімен Бөжейлер өздеріне қараған бар ағайынды баталасуға шақырыпты.

Сол күні кешке Құнанбай да өз тараптарымен баталасып, жаулыққа бекініп жатқанда Байсал, Қаратай, Сүйіндіктер боп, Бөжей аулында, Саркөл үстінде серт байлау жасасты.

Ел-елдің жайлаудағы өрісіне жеткен кезі емес. Әлі жаздың басы. Шыңғыстан жаңа ғана асып қонысқаны осы еді.

Енді екі жағы да тез-тез көшіп, Бақанас, Байқошқар, Қазбала, Жәнібек сияқты кең қоныстарға, алыс өрістерге жіті жетіп алмақ. Ендігі жаз күндері, барлық жайлау күндері майдандасқан шептер мен жұлысқан топтардың күні, түні болатын сияқты түрі бар.

Жалпы Тобықты қауырт, асыға көшіп келеді. Жігіт атаулы сойыл, шоқпарын сайлап, жаз мінетін аттарын жиі-жиі таң асырып, асыға жаратып жүр.

Қызу өсіп, күн санап өрбіп келеді. Көршілес ауылдарда күн сайын тыныштығы кеткен мазасыз айқай-дырду көбейіп, көрі-жас та, қатын-қалаш та “кеп қалды!”, “тиіп кетті!”, “алды-жұлды!” деген суық хабарларды күтіп, елендеп ұйықтайтын болып еді.

Зеренің аулы осы дегбірсіздік, мазасыздық үстінде үдере көшіп отырып, Бақанасқа жетті. Қонғаны кеше ғана еді. Маңында он ауыл емес, қазірде отыз-қырық ауыл оралып қапты. Ертеңді-кеш қалың жиын, қарулы азамат Ұлжан, Айғыз үйлерін күндіз-түні басып жататын болды. Құнанбай Бақанасқа жеткенше осы аулынан кеткен жоқ. Топырдың бәрін осында жиып, ұлықтық әмір-бұйрықтарын да осы арадан атқарады. Барлық атшабар, старшын, билер де бүгіндер Бақанас бойында. Бұл атыраптағы отыз-қырық ауыл тегіс ендігі бір өзгеше жиынның ордасы сияқты боп алды. Сияз емес, сайлау емес, ас беріп, ат шаптырған емес, не құдалық береке де жоқ. Сылтаусыз болса да жиын айықпайтын бір шоқы боп алды.

Абай әкесінің ендігі сырын білмейді. Үлкен кісілер кеп, әке қасын қоршағаннан бері және Кәмшат өліп, үй ішін, аналар көңілін уайым басқаннан бері Абай әке қарекетінен, ендігі мақсұтынан шетірек қалған-ды.

Бақанасқа бұл ауылдар жеткен күннің ертеңінде көршілес Жәнібекке, Тезектің Қарашоқысына, Қазбалаға Жігітек, Бөкенші, Көтібақ та жетсе керек еді. Бірақ әлденеден олар келмепті. Сұрастырғанда, кейіндеп Ақтомар, Қаршығалы,

Шақпақ тұстарында қапты деген хабар келді. Егескенде иін тіресе, таласа көшетін әдет болушы еді. Бастапқы екпін сондай-ақ еді. Не болды екен? Немене есеппен бұғып қалды екен?.. Осыны үлкенді-кішінің әрқайсысы: “Бұл қалай?” Неліктен?” десіп, сұрасып жүргенде, түс кезінде Бақанас бойына бір өзгеше хабар шұғыл кеп қалды.

Ызғұттының аулына түсіп, сусын ішіп аттанған Бөкеншінің үш жолаушысы айтыпты: “Бес күннен бері Бөжей науқас еді. Соңғы күнде сол науқастың беті бұзылған тәрізді. Бөжей өзі шоши ма? Болмаса, сақтықта қорлық жоқ дей ме? Әйтеуір, кеше кешке бар жанкүйер ағайынын шақырып, арыздасып жатыр дегенді есіттік” депті.

Бұл жүргіншілердің сөзі ұшқары сөз емес, шын еді.

Бақанастың суық бетке әзірленіп жүрген елінің бүгін күні бойғы аузындағы сөзі осы болды. “Арыздасып жатыр дейді!”, “Байсал, Байдалы, Түсіптер жыласып арыздасыпты дейді!”, “Науқасының бетінен ағайын шошиды дейді”, “Жазым боп кете ме қайтеді” деседі. Далада малшы атаулы бір-біріне кездесе, қосақ басында қатындар кездесе, ат үстінде азамат кездесе, ас үстінде үй іштері – абысын-ажын күңкілдесе, тегіс сөйлейтін сөзі осы болды.

Осы күннің ертеңінде суық сыбыс анық боп, Бөжей қайтыс болды деген хабар да жетті. Өткен түні ел жатар кезде жан тәсілім қыпты.

Бұл хабарды Жұмабай ат үстінде есітіп, Ұлжан үйіне келгенде, ол үй таңертеңгі шайын ішіп отыр екен. Үйде Құнанбай, Зере, Ұлжан бар. Балалардан Абай, Оспан, Төкежан отыр еді.

Бөжейдің өлімін есіткенде үй іші тегіс аңтарылып, селт етті. Бірталай уақыт жым-жырт отырып, үн қата алмай қалған үлкендер мынау тосын хабарды енді-енді әр түрде сезіне бастап еді.

Құнанбай қатты сұрланып алып, түрүлі тұрған есіктен алыстағы көк адырға қадалып отырып, ернін жыбырлатты да, баяу ғана бата қылды.

Зере жалын атып, зор күйінішпен күрсініп қойып, кесек-кесек жас ыршытты.

Абайдың екі өкпесі аузына тығылғандай боп, тынысы бітіп, жүрегі қатты соғып кетті.

Бақанастағы Ырғызбайдың бұл ауылдары Бөжейдің өлімі туралы айрықша хабаршы келер деп күтті. Ағайын арасының ежелгі айнымас заңы бойынша жаназаға шақырар деп еді.

Әншейінде қаншалық қиян-кескі боп жүрсе де, “торқалы той, топырақты өлім” дегенге келгенде араздық ұмытыла тұратын. Әсіресе, Бөжейдей кісінің өлімінде жыласпаған, қайыспаған ағайын болу мүмкін емес. Құнанбай да, Зере, Ұлжан да осы сәскеге дейін хабаршы келмегенін түсіне алмай, аса дағдарған еді.

Жаназаға деп саба, сойыс, үй қамдап, өз жолымен барудың жайын да шолақ-шолақ сөйлескен болатын. Бірақ кешке шейін тосса да, хабаршы келмеді. Сұмдық көрінсе де, көнбестеріне шара жоқ. Бөжейдің өліміне Құнанбайды шақырмапты. Әдейі алалап тастапты.

Бұл не Бөжейдің өлердегі өсиетінен немесе артына ие болып отырған Байдалы, Байсал, Түсіптердің мінезінен. Қайсысы болса да осал соққы емес. Кеудесіне араздықтың қаны қатқан ағайын, енді міне, өлім екеш өлімімен де оқ атып кеткендей! Аталас жақын Олжай іші былай тұрсын, тіпті, қалың Тобықты ішінде, алыс аталардың арасында да дәл мынадай алалау, кеудеге түрту болған емес.

Құнанбай қатты қиналып, ақыр аяғы ызаға кетті. Кешпес қатал ызаға кетті. Өліге шара жоқ. Әсіресе, ісі Тобықтыдан бері істелмеген қатыбас, жат сұмдықты шығарып отырған Байдалы, Байсалдарға кінәсі көп.

Бірақ сонымен қатар енді бүгінге шейін келген әзірлік, жаулыққа, жұлғысуға беттеген әзірлік өзгеретін, іркілетін болды. Оны Құнанбай анық түйді. Сондықтан Бақанастағы ауылдардың басшы кісілеріне және Ұлжан үйіне:

– Жай, шаруаларыңды бағып, тек тыныш тұра беріңдер! – деді де, өзі Жұмабайды ертіп, Байқошқар суының басына кеп қонған Күнкенің аулына кетті.

Майдан болғалы тұрған ауылдардың үстінде енді майдан болмайды деген сөз. “Аласапыран болар, әлек-алқын жазы болар” деген бұл жаз енді, тіпті, басқаша болатын тәрізденді. Қандай болар? Онысы анық мәлім емес. Бірақ қалайда мынандай өлім үстінде ат мініп, аспап асынып жұлқысу жоқ болатын шығар.

Жаназаға, Бөжейдің жаназасына шақырылмаған Зере, Ұлжандар өлердей күйіп, өзгеше шерлі боп қалған еді. Бірақ істер шара жоқ. Кінәсіз екі мейірбан, жазықсыз екі жан Бөжейге деген көз жастарын үйлерінде отырып төкті. Бөжейге арналған құрандарын, “тие берсінін” өз үйлерінде, өз балаларына, Абай мен Ғабитхандарға оқытты. Шелпектерін пісіртіп,

дастарқандарын жайғызып, бір жеті бойында өз үйлерінде аза қылып отырысты.

Бұл күндерде Қаршығалыдай кең қонысқа жайыла қонған Жігітек, Бөкенші, Көтібақ атаулының сансыз көп ауылдарының үсті қалың нөпір, қара нор еді.

Ол өлкеге Бөжейді жоқтап ертеңді-кеш, күндіз-түні “бауырымдап” аңыраған, андыздап ат қойып, ағылып кеп, төгіліп түсіп, жыласып жатқан әйел-еркек, жас-кәрінің ұшы-қиыры жоқ.

Алыс-жақындағы Бөжейдің бастас, тілеулес ағайындары бөлек-бөлек, үлкен-үлкен үйлері мен сойыстарын, сабаларын, күтуші еркек, әйелдерін түгел алып келіскен. Өлімді күтудің ерекше бір көптен бері болмаған салтанаты туып еді.

Алыс жайлауға, Құнанбай ауылдары жеткен өріске бұл өлкенің елі жете алмай қалды. Ең болмаса, Бөжейдің жетісіне шейін немесе, тіпті, қырқына шейін “жыласатын ағайынды”, “бата оқырды” осы кең қоныс – шалқарда тоспақ болды.

Бөжей өлген күннің ертеңінде Байсал, Байдалы, Түсіп, Сүйіндік боп ертемен байласқан байлау осы еді. Сол жаңағы адамдарға бейім ауыл-аймақтар тегіс, бір-ақ күн ішінде осы Қаршығалыға кеп, Бөжейдің ауылдарын айнала қоршап, ортаға алып қонысқан-ды.

Бөжей ұзақ ауырған жоқ. Жиыны бір-ақ жұма ауырды. Бірақ қатты жығылған бетінен бері қарай алмады. Алғаш төсек тартып жатысымен-ақ денесін жер тарта бергендей болды да, бетін суыққа салды. Науқасының үшінші күнінде тыныштық, тақат таба алмай, тынысы бітіп, жанталасып, өне бойы оттай күйіп жатты.

Өлімді көп көрген Байсал Бөжейдің тамырын ұстап, үнсіз, ауыр күдіктің үстінде отыр еді. Қастарында Байдалы, Түсіп, Сүйіндіктер бар болатын.

Аз ғана достарынан басқа бөтен жан жоқ. Бөжейге осы сәтте айтып қалғысы келді ме? Әйтеуір, бір орайда Байсал отырып:

– Науқасы соқпа ғой! Соқпаның осындай қатқыл келетіні болушы еді, со ғой! Бір тер шықса, қалың тер шықса, айығар еді! Буып тұрған тер ғой! – дегенде, Бөжей қабағын түйіп, тістеніп, бар қайратын жинап алғандай болды.

Қаны қашқан, сарғылт, жүдеу жүзіне көкшіл таңбадай ашу келді. Әр сөзін бөліп, бірде қатты, бірде сыбырмен айтып, қылғынып, демігіп отырып:

– Соқпа! Сырттың соқпасы ма? Ішті жеген жегінің соқпасы ма? Әйтеуір... келді ғой толайым. Құнанбайдың жері кенір!.. Мен... мен көшермін бұ дүниеден!.. Кетермін! Бөгет болмай кетермін!.. Бірақ... күндерің не болар? – деді.

Мынау отырған төрт досының ішінде сыр беріп жылаған – жалғыз Сүйіндік. Анау үшеуі үн қатқан жоқ. Тастай түйіліп сазарысты да, жым-жырт қалды.

Бөжейдің арыздасқаны да, тіл қатып сөйлегені де сол. Осыдан кейін бір жанға бір ауыз сөз айтқан жоқ. Арада тағы төрт күн өткен соң қайтыс болған.

Құнанбайға хабар бергізбеген Байдалы мен Байсал. Ел жатар кезде Бөжейдің тынысы бітті де, түн ортасына дейін естерінен айрылғандай боп, барлық қатын-қалаш, бала-шағамен бірге жаңағы үлкендер де өкіріп, өксіп жыласып отырды. Байсал бір рет қалың жиын жылап кеп, жағалай көріскен кезде, түрегеп тұрған қалпынан тәлтіректеп, жығылып та кетті. Сүйеніп тұрған таяқ та тіреу болмады. Талып кеткен уақты еді. Осыны көрген соң Байдалы Түсіп пен Сүйіндікті ертіп, Байсалды жиыннан, жылаған шудан оңаша алып шығып, оқшау барып отырып:

– Жылағанмен жақсы Бөжей қайта ма? Тірілер болса, күніренген дүние, төгілген жас аз ба? Әнеки, – деді. Түн аспанын қақ жара шулап, боздап, зарлап жатқан қыз-қатын, ер-азамат жаққа қол нұсқады.

Жалын атып, аһ ұрып, күрсініп алып:

– Есті жи, Байсал! Белді бекем бу, түге! – деп, өзгелерге де әмір, бұйрық сияқты сөз тастап: – Ақыл қосыңдар одан да! Хабаршы жөнелтейік. Қамға кірісейік! – деді.

Қалған жай бөріне де мәлім еді.

Бұл үлкендер осы түнде қырық-елудей жігіт-желенді және бірер ақылшы көріні қастарына алып, өліктің артын күтетін қамға кірісті.

Хабарды кімге беріп, кімге бермеуді Байдалы өзі атаған. Сол ретте Құнанбай ауылдарын қатардан әдейі шығарып тастаған-ды.

Отыз-қырық кісідей шапқыншы түн ортасы ауа бергенде қос-қос атпен әзір болды. Жарау ат-айғырды мініп, қалың Тобықтымен көршілес Керейдің, Матайдың, сонау, тіпті, Қарқаралы жағындағы Шор мен Бошанның басты-басты жерлеріне де жат, суық хабарды алып, шашырай шауып жөнелген-ді.

Түн бойы ұйықтамаған Байдалылар күн шыға бергенде Бөжейдің өз үйінің жанына, осы өлкедегі ең үлкен үй – Сүйіндіктің сегіз қанат аппақ үйін әкеліп тіккізген. Үй тігіліп болысымен ішіне бөтен жасау-жабдық кіргізбей, тек есіктен төрге дейін кілем ғана жайғызды. Оң жаққа үлкен сүйек төсек кіргізді. Үстін көмкерумен қара кілеммен тегістеп болып, сол төсекке Бөжейдің сүйегін әкеп салғызды. Жаназасын шығарғанша өлік осында болмақ.

Бөжейдің өлігін өз үйінен шығарып, мынау үйге әкеп қою қаралы қатындар мен Бөжей қыздарының зарлауын қатты үдетіп еді. Байдалы сүйекті орналастырып болысымен сол өлік үстіне тіккен ақ үйдің оң жақ белдеуіне өз қолымен әкеп қара тікті.

Бұл жұмыс өліктің артын күтудің үлкен бір серті еді. Қара дегені – ұзын найзаның басына тігілген ту. Егер Бөжей жай қара қазақ емес, төреден шыққан болса, сол төрелердің өзді-өз тұқымының туларын тігер еді. Ақ тулы, көк тулы, ала тулы деген төрелердің тұқым-тұқымы, жік-жігі осындайда көрінетін. Ал қарадан кісі өлсе, тудың түсі өліктің жасына қарай болады. Ол жәндерге келгенде Байдалы ескіге жүйрік Сүйіндікпен ғана ақылдасты.

Сүйіндік жас кісі өлсе туы қызыл болатынын, кәрі өлсе ақ болатынын айтып келді де, “Бөжейдей орта жасты кісінің қаралы туы – бір жағы ақ, бір жағы қызыл болу керек” дегенді айтқан. Жаңағы Байдалы әкеп тіккен ту – қара дегені осы еді.

Бөжей өлген күннің ертеңінде тігілген осы қара Бөжейдің өлімі өзге өлімнен ерекше күтілетінін жариялады. Соның шарты – Бөжейге ас беріледі, жыл бойы арты қатты күтіледі деген болатын. Қара тіккен Байдалы халық атынан Бөжейдей арысына ас берем деген ырымын жасады. Бұл әдеттің екінші бір белгісі тағы бар. Байдалы қараны тігіп, барлық жиылып тұрған жанкүйер жақындармен бата қылған кезде, сол үйдің екі жақ босағасына екі ат жетектеліп келді. Бірі – доға жал семіз күрең ат. Екіншісі – дом боп жарап қалған, сартап болған сұлу қара көк ат. Күрең ат – Бөжейдің қыс мінетін аты. Қара көкті – осы жаз басынан байлап жүр еді.

Бөжейдей азаматтарының ыстық көзіндей болған екі серік аты келгенде барлық үлкендердің өздері де еңіреп-еңіреп жіберісті. Біреулер таяғына сүйеніп, бірнеше кәрілер жер тіреп жыласып:

– Арысым-ай, арыстаным, бауырым-ай! – десіп, күңіреніп еді.

Өзгеден бұрын бойын жиып алған тағы Байдалы болды. Ол әуелі оң жақ босағада тұрған күрең атқа кеп:

– Жануар-ай, иең кетіп, тұл қалдың ғой, сен бейбақ! – деп, жақындап келді де, күрең аттың кекілін шорт кесті. Содан құйрығынан алып, уыстап тұрып, дәл тірсегінен жоғары келтіре, қалың құйрығын да борт-борт кесіп алды.

Қара көк атқа да соны істеп, тұлдаған екі атты барлық осы өңірдің өзге жылқысынан бөлек түске кіргізіп қоя берді. Қара тіккен жерде ас берудің серті айтылды. Мынау тұлданған екі ат келесі жылға шейін мінілмейді. Қол тимей семіріп барып, жыл асқан соң иесінің асына сойылады.

Байдалы екі аттың артынан қарап тұрып:

– Қара көктің жал-құйрығы қара ғой. Қаралы ат осы болсын. Көшкенде ерімнің қаралы ер-тұрманы осыған ерттелсін, тұлдаған киімдері осы жануарға жабылсын! – деді. Бұл сөзі байлау еді.

Осыдан соң Байдалы бастаған үлкендер қастарына Қаршығалыдағы барлық басты ру, бай ауылдарының мал иелерін алып отырып, Бөжейдің жаназасына, пидиясына байлайтын мал-мүліктің әңгімесіне кірісті.

“Өлім – бардың малын шашар, жоқтың артын ашар”, Бөжей бай болмасын, бірақ жоқ емес. Әсіресе, ағайын тұрғанда, мынандай шебі бүтін тұқымы тұрғанда, неге жоқ болады? Тіріде тілеуі бір туысқан өлісінде неге ұмытады? Бет топырағы жасырынбай тұрып қайтіп ұмытады?

Осыны айтыспаса да, ойламаған ағайын жоқ.

Сондықтан олар Бөжейдің өз үйіне салмақ түсірген жоқ. Керек десе бір лақты да өзінен шығартпасқа бекісті. Ертең бата оқыры, қонақасысы аз болмайды. Қара тіккен үй, әсіресе, өткен-кеткеннің бәрін шақырып тұратын үй болмақ. Шаршаған мен шалдыққан болсын, аш-арық болсын, алыс-жақынның бөгде жүргіншісі болсын – баршасы да бұл бір жылдың бойында ылғи ғана Бөжейдің үйіне түсетін болады. Солардың тие берсіні, тілек батасы Бөжейге сауап. “Өлгендердің артын күту, әруағын күту сол сауабын ойлауда” деп молда, қожа көп өсиеттеген сөздерді де Байдалылар еске алды.

Сонымен, Бөжейдің өз үйінің шығыны әлі алда жатыр. Ол санаусыз көп. Ендеше, мынадай қауырт шығасыны ол үйдің өзіне салмай, бөліп әкету шарт.

Жиылған ағайын ынтымағы сарандыққа бой ұрмады. Бұл өлкеде талайдан болмаған бай пидия және де осы Бөжейдікі болатын болды.

Бастығы Сүйіндік, Байсалдар болып: “Азаға салғаным”, “қосқаным”, “әруағына арнағаным” деп шеттерінен қос ат, інген, жамбы, тайтұяқ, қойтұяқ бұйымдар атасты. Сөйтп, кеңес аяғында пидиясының өзі талай тоғыз болып саналды. Бас тоғызы түйе, екінші тоғызы жылқы, аяғы қой, ешкі тоғыздары және ішік-кілем сияқты тоғыздар еді.

Осы таңертенде, дәл осы кеңесте, мынау қара тіккен ақ үйге бұдан былай мол жасау, қаралы сәнді жасау жиюдың жайы да байланды.

Сүйіндік, Байсал, Байдалы бәр-бәрінің үйлерінде, тең, сандықтарында жатқан қаралы кілем, қымбат ішік, өзгеше тон, түскііз сияқты асыл бұйымдар тегіс осы үйге әкеліп жиылмақ. Түске жақын ақ үйдің ішіне әзірше жасау қып ілмесе де, ертең өлік шыққан соң ілетін боп, барлық септің жасауларын да әкелісіп қойысты.

Бұл кезде Бөжейдің өз үйінің ішінде қара сұр бәйбіше шаршысын шорт байлаған. Қара шашын тарқатып, екі иініне жайып салған. Қан-сөлден айрылып, сұрланып талған жүзінде көк тамырлары білінеді. Екі бетінің ұштары жылап жыртқан тырнақтың табын сақтап, жарадар боп тұр.

Бөжейдің екі қызы да бастарындағы бөркін тастап, қара салыны шорт байласып алыпты. Бұлар әкелері өлісімен қайғылы, шерлі, бір ұзақ жоқтаудың сарынын тапқан екен. Бүгін таңертеннен бері жаназашыларға көріскенде сол жоқтауларын айтумен отыр.

Барлық Шыңғыс сыртындағы ұшы-қиыры жоқ ен өлке, кең сала, мол жайлау, күйқалы адыр, қалың таулардан жұрт ағылды. Аңыраған ел жер қайысқан қалың топыр боп кеп, бірнеше күн жыласып, аза салып болды да, ақыры Бөжейдің жаназасын шығарды. Сүйегін бұл жайлауға қоймай, Шыңғысты қайта асырып, қыстауының үстіне апарып, Тоқпамбетке қойды. Бөжейдей жұрт жоқтаған жанға топырақ салмай қалған жалғыз Құнанбай айналасы болды.

БЕЛ-БЕЛЕСТЕ

1

Күн түске жетпей-ақ Бақанас бойы қайнап, шыжып кетті. Аспанда теңгедей бұлт жоқ. Бұл атырапта бұлт көрінбегелі және бір тамшы жауын жаумағалы талай күн болды. Шыңғыс сыртының өзге жайлауы қоңыр салқын, жауынды келсе, дәл осы Бақанас суынан оңтүстікке қараған жақ өзгеше бір бүк, ыстық болушы еді. Суы молдығына және көк шалғынымен қатар қарағанды, көкпекті, ақ от, қара отына қарап қоныс етеді. Әйтпесе, мынау теріскейдегі қалың қара биіктің арғы сыртынан артық жер жоқ.

Абай үй ішінен қатты пысынап тысқа шаққанда, бұл маңдағы жан иесінің бәрі де ыстықтан мезі боп, күйзеліп жүр екен.

Үлкен ақ үйдің жанында жүндес сары ала төбет тілін салақтатып, аузын арандай ашып, қатты солықтайды.

Бойдақ жылқының бәрі жайылысты тастап, сонау биік адырдың басына шығып ап, үйездеп тұр.

Өрістен қайтқан қоралы қой да су маңына шұбырып, бауырын сызға төсеп, бүйірін соғып жатыр. Жайылысты ойлар емес. Қумаса су қасынан тұрар емес.

Сиыр атаулы Бақанас суынан бөлінген қара су, шалшық суларға кіріп, көлбей-көлбей жатып апты. Бірен-саран оқшау шыққан тайынша, құнажын болса, сәйгелдің қуғынына ұшырап, құтырғандай жосып жүр. Құйрығын шаншып алып, қос танауы делдиіп, екі көзі дәл бір сойғалы жатқандай аларып, ежірейіп ап, жынданғандай жүйткіді.

Барлық жұрт түндіктерін жауып, іргенің көбін белдеуге шейін шалқита көтеріп, түріп тастапты.

Абай қайда барарын білмей, бір түрлі мең-зең боп, есінеп, іші пысып тұрды да, өзенге қарай тартты. Мұрнының ұшы тершіп, басынан күн өтіп, Бақанастың ыстығына наразы боп, асығып келеді. Өзен жағасына келсе, Оспан, Смағұл бастаған

көп кішілеу балалар салқын, мөлдір суда асыр салып, шулап, ойнап, мөре-сәре боп жатыр екен. Абай бұлардың қасынан оқшауырақ кетіп, жалғыз шомыла бастады. Осы жазда мал-тып үйренген. Бақанастың кең кара суын әрлі-берлі екі жүзіп өтті. Бойы қатты сергіп, көңілденіп ап, енді сүңги бастады.

Өзге балалардың шуында Абайдың жұмысы жоқ-ты. Бірақ анадайдан Абайдың сүңгігеніне қызығып тұрған Оспан бар баланы ертіп келді. Өзін-өзі жалаңаш санына шапалақтап, Абайға айқайлап:

– Сүңгі, сүңгі! Тағы сүңгі! Солай! – деп бұйырып келе жатып, бір сәтте жолындағы Смағұлдың арқасына секіріп мініп алды. Смағұл мұны лақтырып түсіріп тастаймын деп бұлқынып еді.

– Иә, жығарсың! Сен түгіл қысырдың асау тайы – ақ тай да жыға алмаған Оспанды. Қанша мөңкісең де түспеймін! – деп, Смағұлдың мойнын құшақтап қысып ап, екі аяғымен тепендеп тебініп қояды.

Смағұл Оспанның зорлығына еріксіз көніп, жүгіріп жортып, Абай қасына келді де, суға Оспанмен бірге шолп етіп құлай кетті.

Абай Оспанның тентектігінен мезі болатын. Осыдан бірер жыл бұрын бұл інісімен өзі де ойнап, асыр сап кететін болса, биылдар беймаза көріп, шеттей беретін. Тіпті, ыза қыла берсе, зекіп ұрсып, қуып жіберетін.

Қазірде де Оспандар шулап келгенде, Абай жақтырмай, тайқып шықты. Киіне бастады.

Оспан Абайдың тұнжырлығын елеген жоқ.

– Абайша сүңгимін, – деп, саяз жерге етпетінен жата қалады да, артын тоңқитып, мөңкіген тайдай, екі аяғын шаншыта береді.

Абай асықпай киініп боп, енді үйге қайтпаққа артына бұрылып еді. Жар жағасына Тәкежан кеп тұр екен. Сұлу киінген әдемі бозбала Тәкежан ат үстінде, қолында қаршығасы бар. Астындағы жирен жал құла дөнені қатты терлепті. Күміс жүгеннің ауыздығын тістеп, әрлі-берлі көлбектеп, ет қызуын баса алмай тұр.

Тәкежанның қанжығасында бір сары ала қаз, екі үйрек бар екен. Барлық бала соны көре сала:

– Ей, аға!..

– Әй, ағатай, маған!

– Маған!.. Маған берші! – деп, судан ырши-ырши жүгірісті.

Төкежан құс салып қайтқанда, осындай алдынан шығып жүгірген балаларға кейде аң олжасын беретін. Бірақ балаларды шетінен зар қақтырып, жалындырып, көп-көп сұратып барып қана беретін.

Тез бермейтінін біліп, балалар да талмай сұраушы еді.

Төкежан Абайға қарап мақтана күлді. Өзінің жігіт болып, қаршығаға құс ілдіретінін Абайға әрқашан бұлдаушы еді. Оны әлі өзінің шерігіне де татымайтын бос, болбыр бала көретін. Өйткені Төкежан осы жазда қайнына да барып келді. Өзінің жігіт-желең жолдастары да бар. Қазірде түн сайын қыз аңдып, ауыл-ауылды шулатып та жүреді. Абай ондайдың біріне жараған жоқ.

Оспан мен Смағұл Төкежан қасына қатар жалынып, жүгіріп барып еді. Төкежан ол екеуіне үлкен кісіше зіл тастап, әуелі боқтап алды. Абайдан бөлек, бір үлкендік белгісі тағы осындайында. Ол аса боқтампаз. Құнанбайдың алдында мысықтай үндемей отырып, былай шыға бере бала-шаға, малшы-жалшыны сықпыртып боқтап жүру оның дағдысы болған.

Оспан мен Смағұлды жалындырып алды да, екі үйректі қанжығасынан шешіп беріп жатып:

– Жаман ененді... қос қара! Ертенді-кеш суды ылайлағанша, тым құрыса, бүлдірген терсеңдерші! – деді.

– Бүлдірген?

– Қай бүлдірген?

– Бүлдірген қайда?

– Ей, ағатай, айтшы! – деп, Оспан мен Смағұл тағы жалынды.

Бала атаулының жаз болады десе ерекше сағынатыны – бүлдірген. Бірақ Бақанастың өз өңірінде ол өспейді. Өзге қай жерде бар? Пісті ме, жоқ па? Онысынан да әлі хабар алысқан жоқ-ты.

Бүлдірген дегенде Абай да елең етіп, сұрастыра бастады. Төкежан жаңа ат үстінде жүріп есітіпті. Бақанаспен қатар ағатын Жәнібек суы бар. Соның анау қара адырының ар жағында, Шыңғысқа қараған бас жағында бүлдірген тұнып тұр деп есітіпті.

Бүгін-ертең ол араға Жігітек, Бөкенші көшіп келеді. Ел келсе, мыналар тере алмай қалады. Ендеше, асығыс барып, теріп қайту керек.

Төкежан осыны айтқанда, жаңағы көп бала алағызып:

– Жүр, ендеше, барайық!

– Барып теріп қайтайық!

– Жүріңдер!

– Ал ат ұстандар!

– Иә, сәт, бүлдірген, бүлдірген! – десіп, бар бала ойнақ салды.

Бүлдіргенге баруға Төкежанның өзі де өзир екен. Ол Абайға да: “Жүр!” деді. Абай ойланып, баяулап тұрды да, ақырында, тым құрыса, атқа мініп, сергіп келмек боп қоса көнді.

Сонымен, бір шай қайнатым арасында Абай, Төкежан бастаған барлық ұсақ бала тай-құнандарына мініп-мініп ап, желе шауып шыға келісті.

Араларындағы үлкендері Абай мен Төкежан.

Ұсақ балалардың көпшілігі жеке-жеке тайға мініп, бірен-сарандары екі-екіден мінгесіп алып, Абайларға ілесе шыққанда жұрттың бөрінің артында қалған Оспан болды.

Ол биешілердің “Жуас тай мін” дегеніне көнбестен, бүгін ғана үйретілген қысырдың асау тайы – ақ тайды таңдаған.

Ақ тай – соңғы үш-төрт күннен бері Оспанның есінен кетпейтін құмары.

Дередей үлкен, өзі жұп-жұмыр ақ тай – қысырдың тайы. Енесі – асау көк бие. Ақ тай енесінің асаулығынан былтыр байланбаған. Биыл арда емеді. Шу асаудың өзі. Соған жақында көзі түскен Оспан жас биеші Масақбайға жабысып жүріп, бүгін таңертең биенің бас сауымының тұсында бұғалықтатып, шыңғыртып ұстатып алған.

Масақбай – осы жылқыдағы асау атаулының албастысы. Оспанның жалынғаны еріксіз көндіріп, Масақбай таңертеңнен бері сол тайды үйреткен-ді.

Тайдың асаулық қияңқылығы сондай екен, біресе шапшып мөңкіп, біресе шыңғыра тулап кетіп, Масақбайды да екі рет жыққан. Бірақ өзге асаудан көрмеген ызаны көріп, екі жығылып алған Масақбай ақ тайға қатты ызаланып алған. Құлақтан басып, бұғалықпен буындырып, екі езуін шұрайлап, тайды өлердей жазалаған. Үстіне үлкен жабу салып, оны басқұрмен шандып-шандып, қарғып мініп алған. Басқа, көзге төпелеп, шапқылатып, қан сорпа қып кеп, бағана желі басына байлап тастамақ болған.

Бірақ Масақбайдың өнеріне қызығып, өзі де қызып алған Оспан тай әлсіреп келген кезде, жұрттың “Тоқта!” дегеніне болмастан қарғып мініп алған-ды. Екі езуі қан боп жыртылып қалған тай әлі де өлердей қияңқы екен. Оспан мінген жерде тағы да қайтадан шапшып секіріп, көп қияңқылық етті.

Өзі жеңіл балаға оңай көнгісі келмей, қанша қырсық жасаса да, Оспан жығылмай қойған. Оның бағана Смағұлға мақтанғаны да сол. Қазір желі басында қалғанда Оспанды бөеген сол ақ тай болатын.

Тай ежелгі асаулыққа салып, тағы мөңкіді. Бірақ Оспан жығылып, қорқудың орнына құшырланып сабай береді де, езу тартып күліп қояды.

Баланы жыға алмаған тай ақыр аяғы ала қашып, шаба жөнелген. Оспанның тілегені сол. Ол өзі ағызып келе жатқан тайды онан сайын борбайлап, басқа-көзге төпеп:

– Әруақ! Әруақ! – деп ұран салып, жосытып отырып Абайларды қуып жетті.

Ақ тай Оспанның ырқына әлі көніп болған жоқ екен. Ағызған күйінде сыңар езулеп, мойнын бұрып, қырындай шауып кеп, бар денесімен Тәкежанның құла бестісін қойып кетті.

Жұрттың бәрі де ығысып, бөгелендеп қалды. Оспан тайын бұрып, көптен сытыла бергенде, ақ тай тұра қалып, мойнын ішіне алып, шыңғырып жіберіп жаман мөңкіді.

Абай Оспанды аяп “Мерт бола ма?” деп қорықты. Жалғыз-ақ Оспанның пішініне көзі түскенде қайран болды. Баланың үлкен көздері от шашып, өрттей жанып алыпты. Асаумен алысқан арпалысты жаны сүйгендей. Қорқыныштан биттей елес жоқ. Қайта “тулай түс” деп қызыққан сияқты. Тай бұдан құтылмақ боп, нелер қиястық жасаса, соның бәріне де сол секундта Оспан қолма-қол тәсіл жасайды.

Бұл кезде Оспанның балалық жындылығы, ұр да жықтығы біржолата жоғалғандай. Ол Абай көзінде – алыс-жұлыстың бір балуаны сияқтанды.

Жұрттың бәрі амалсыз иіріліп тұра қалып, ақ таймен Оспанның арпалыс майданына қарады.

Тәкежан да таңдайын қағып, Оспанды боқтай түсіп, сүйсініп тұр.

Тайдың мөңкігенінен сескеніп, Оспанға болысайық деген ересек балалар болып еді.

Оспан асығып айқайлап, шолақ бұйрық етіп:

– Тиме! Аулақ! – деді.

Осы кезде ақ тай мойнын ішіне алып, басынан асырмақ боп ортқып мөңкіді. Оспан екі аяғын тайдың қос қолтығына тығып ап, шалқалап жатып алды.

Түсіре алмаған тай лезде екі аяғын аспанға сермеп тепкіленді. Онда Оспан тағы да тақымын жазбастан еңкейіп ап, тайдың мойнын құшақтап жатып алды.

Тағы бір сәтте ақ тай оқыс шапшып қап, таласқан иттей қос аяқтап шаншылып еді. Оспан мынау қимылға тіпті, сүйсініп кетті, білем. Екі беті қып-қызыл боп, қайратты шаштары үдірейіп, жалт етіп Абайларға қарап, сақ-сақ күліп жіберді.

Жағалай үнсіз тұрған жұрт та тегіс сүйсіне күлді. Тәкежан өз басы өмірінде мұндай қимыл жасап көрген емес еді.

Оспанның ерлігіне қайран қап:

– Түу, сарамас. Мынау неткен көз жоқ бетбақ еді? – деп, құла бестіні қамшымен бір салды да, желіп кетті. Барлық балалар қоса қозғалған. Ақ тай қайтадан көндігіп, шаба жөнелді. Оспан тағы да қамшылап борбайлап:

– Әуақ! Әуақ! Масақбай! – деп, асаудың албастысы Масақбай биешіні әуақтай сыйлайтынын көрсетті. Бағанадан бері Оспанның шын сиынғаны сол Масақбайдың айла-тәсілдері болатын.

Бүлдірген иісі аңқыған, көк майса шалғыны бар жасыл беткейде балалар жеміс теріп жатқалы көп боп еді. Күн екіндіге қарай жақындап, адыр-адырдың көлеңкесі молайып, сай-сайларда қоңыр самал соға бастаған.

Аттарын тұсап-тұсап тастаған балалар бүлдіргеннің қызығына әлі қанған жоқ. Алғаш кеп түскен бір беттен жылжыма-са да, сол алаңның өзінің жемісін де мойыта алған жоқ. Жегеннен асқанды тақия, тымақ, дорба, қалталарға да сықап жатыр.

Бір мезгілде бар баланың құлағына ап-айқын боп дүрлідеген қалың үн келді. Қаулаған өрт, қаптаған қолдың шабысы сияқты.

Балалар елең-елең етісті. Араларындағы үлкені Тәкежан мен Абай қарасты.

Абай бұл дүбірдің мәнін ұққандай, саспай ғана Шыңғыс жақтағы бір белеске қарап отыр екен. Сол белестің ар жақ

деңгейін жалбылап келе жатқан қалың жылқының жоны көрінді. Кең сайға қарай түсіп келе жатыр. Қылаңы көп, шұбартқан жылқы жиі-жиі пысқыра түсіп, жігі басып келеді.

Араларында тай, құлындар кісінейді. Өзге жылқыдан озғындап шығып, ойнақ салып шапқылаған құнан-дөнендер де көрінеді. Балалардың тайлары бұл дүбірді байқап, тегіс алағыза бастаған екен. Тұсауларымен қарғып, сол жылқыға қарай тартқысы келгендер бар.

Тай-құнандар бастарын тегіс көтеріп, қос құлақтарын қалың жылқы келе жатқан жаққа қарай қайшыландыра шаншып ап, үйірсек үнмен шұрқырай кісінеді.

Бала атаулы тегіс аттарына жүгірді. Елсіз өңірде көрінген қалың жылқы – көшкен елдің жылқысы екен.

Балалар аттарына мінісіп, беттерін ауыл жаққа бұрғанда, жаңағы жылқы асқан белден асып, ойға таман түсіп келе жатқан қалың көш көрінді. Он бес түйені тізген бір көш өзге нөпірдің алдын ала оқшау шықты. Соған тіркес он түйелі, тағы он бес түйелі, сегіз-тоғыз түйелі салқар-салқар көштер бірі артынан бірі шығып, шұбарыта, шұбатылып келеді.

Алғаш өткен жылқының артын ала көп аттылар келеді екен. Қолдарына сойыл, шоқпар, баулы құрық ұстаған еркектер бар. Әредікте томағалы бүркіттерін балдағына қондырып алған ықшам жігіттер де көрінеді.

Бұл топ Абайлар жақындағанша қиыс өте берді. Соның артынан келе жатқан ең алдыңғы үлкен көш Абайдың да, барлық балалардың да көздерін еріксіз тартты.

Бұл көштің айналасын қоршаған аттылар көп, барлығы да әйелдер. Өңшең сәнді киінген қыз-келіншек пен егде тартқан бәйбішелер. Мінген аттары ылғи семіз жорғалар мен келісті бедеулер.

Әйелдердің ер-тұрманы, тоқым, құйысқан, өмілдірік, жүгендері тегіс жалпақ күміске малынған. Жарық күнге шағылысып, жарқ-жүрқ етіседі.

Үлкен көштің алдында есік пен төрдей жерде аттарын қатар бастырып бір топ қыз келеді. Тап орталарында ерттеулі күйде бос жетектелген, кекілі күзелген қара көк ат бар. Сол топтан әнтек кейін үлкен көштің алдын бастап келе жатқан сүп-сүр жүдеу бәйбіше екен. Басына жұқа қара желек жамылыпты. Бұл бастаған он бес түйелі көштің сәні өзгеше көрінді. Бар түйенің үстіне артылған жүктерді жапқан өңшең қара

кілем, қоңыр алаша, қара ала текемет көрінеді. Жүкті түйелердің екі жағы сол үлкен қара ала жамылшылармен баяу ғана желпіне түсіп, өзгеше бір ауыр тыныс алып келе жатқан тәрізді.

Көштің түріне таңданып, үнсіз тоқтап қалған балалар тобы мынадай салтанатты көріністің алдын кесіп өте алмады. Енді амалсыз көш өткенше қарап тұратын болды.

Басында бұларға көш адамдарынан көз салған кісі жоқ еді.

Бірақ алдыңғы қыздар тобы енді жақындап, қастарына кеп қалған екен. Солар ғана өзінше, бір түрлі түйсінгендей болды, білем. Аралары азырақ ауысып, аз ғана бөгелісті де, бір кезде бір топ қыздар ортасынан екі қызды ілгерірек бөліп шығарды.

Бағанағы кекілі кесілген қара көк ат сол екі қыздың орталығында жетекте екен.

Оспан аңырып таңданып, Абайдың қасына кеп:

— Бұлар кім? Бұл қандай көш? — деп тақат таба алмай, ағасын қамшымен түрткілеп, мазасызданып тұр еді.

Қазір екі қыз бөлініп алға шыққанда, олардың көрінісіндегі елден ерекше бір жайды байқап, Оспан қатты күліп жіберді.

— Ойбай, Абай, анаң қара! Тымақты қара! — Абай бұған ашулы түрмен жалт қарап, қатты түртіп қап:

— Тоқта, құтырма! — деді. Оспан Абайдан сескеніп қап, аузын басып, тайының жалын құшақтап, үнсіз күліп жатты.

Бұған ерсі көрінген сурет — Абайдың өзінің де өмірде ең алғаш көрген көрінісі.

Бұл көш қаралы көш екенін — Бөжей көші екенін Абай мен Тәкежан бағана-ақ таныған болатын. Өзге көштен бөлек болатыны мәлім. Бірақ қазір мына екі қыз істеген іс сол бөлектің ішінде де бір өзгеше болды.

Олары өзге қыздан бөлінгенде байқалды. Бастарына еркектің бас киімін киіпті. Қара мақпалмен тыстаған жұқа қара елтірі тымақтары бар. Қыз кимейтін бас киімнің артын алдына келтіріп, теріс киіпті. Енді ғана анық көрінді, орталарына жетекке алған тұлдаған қара көк аттың үстіне Бөжейдің ер-тоқымы ерттеліпті. Ер үстіне сол Бөжейдің осы өткен қыста Қарқаралыға киіп барған қызыл күрең ішігі жабылыпты. Ердің қасына қамшысын шаншып, соған да теріс қаратып Бөжейдің қысқы түлкі тымағын кигізіпті.

Екі қыз бөліне салысымен мына көлденең қарап тұрған аттыларды көріп, шырқай созып, қаралы мұңды дауыс айта жөнелген. Көш бойында ауыл үстінен өтсе немесе бөгде жүргіншілер жанынан өтсе, қаралы көштің қара жамылған осындай қыздары дауыс айтатын салты. Қыздар соны бастаған екен.

Бір күліп, жыны қозып алған Оспан бұндай жайдың бәрін қайдан ұқсын. Өзі ес білгелі дәл өз үйлерінен өлім шықпаған. Өлімді бұлайша күтуді көрмеген бала бұл жерде ұқтырам десе де ұқпас еді. Оған жаңағы көз алдынан өткен көріністің бәрі ерсі көрінді де, соған күлді. Абайдан қорыққанынан басын көтере алмады. Бірақ тайының шоқтығына жабысып жатып, көзінің қиығымен сығалап қарап қояды да, екі иіні дірілдеп, ішек-сілесі қатады. Алғашқы екі қыз өтіп, дауыс бастасымен, кейіндеп келе жатқан бес қыз да аттарының басын қатарластырып ап, баяу бастырып отырып, анау екеуінің даусына қаралы дауыс қосты.

Абай бұларға көз сала беріп, оқыстан елең етіп, аласұрып қалды. Қамшысының бүлдіргесін саусағына ілген күйде, оң қолын шұғыл көтеріп қап: “Тоқтасаң нетті?” дегендей, өтініш айтқандай. Бірақ үн қата алмады. Жүрегі лүпілдеп соғып, өңі сұрланып, әлсіз қолын шарасыз халде, құла бестінің жалына сылқ түсірді.

Өтіп бара жатқан бес қыздың тап ортасында жібек жал ақ жорға атқа мінген Тоғжан екен. Көктемнен соң көргені осы.

Судыраған қара жібек биқасаптан әдемі жеңіл шапан киген. Басында жап-жаңа қара көмшат бөрік. Мойнында әсемдеп, кең ораған құбылма түсті торғын шәлі. Құлағында үлкен алтын сырғасы ырғалып келе жатқан Тоғжан мынау ат үстінде, мынадай топ қыздың тап ортасында, дәл көп жұлдыз арасындағы Шолпандай.

Ат үсті жүріс, шырқап айтқан дауыс және құрбы қыздары — Бөжей қыздарына жаны ашуы бар — баршасы Тоғжанның қазіргі жүзін бір түрлі мағыналы нұрға малғандай. Ақ маңдай, аппақ жұмыр мойнына, қолаң жібек шашына бетінің үлбіреген қызылы соншалық жарасып тұр.

Қара шапан сыртынан белін шымқай буған сарғыш жібек белбеуге оң қолын сүйеп, мықынын таянған. Маңайға бұрылып қарамастан, шырқап жылап, жоқтау айтып келеді. Абай

кірпік қақпай қадалып, тыныстары да тыйылып, Тоғжан үнін тыңдаумен тұр. Топ өтіп кете бергенде, өзге төрт қыз үнінің ішінен Тоғжанның өзгеше жібек талды, бөлекше үнін анық есітіп, аңғарғандай болды. Шын Тоғжан үні ме? Жоқ, басқа қыздікі ме? Білу қиын болса да, Абайға мынандай топтан жырылған бөлекше сұлу ырғақ Тоғжан көмейінен ғана шығатындай.

Сырттап бара жатқан Тоғжанның арттан көрінген мүсіні де өзгеше екен. Атқа отырысының өзінде де бір нәзік еркелік пен соншалық биязылық, мықтылық та бар сияқты. Жылтырап өрілген жуан бұрымдарының ұшында үлкен шолпы ырғала түсіп, шылдырап барады. Сонау сағынышты көктемде көңіл өртеген, одан бері де көзін жұмса әрдайым құлағына шылдырлай түсіп, сылдыр етіп: “Есінде бармын ба!” деп кететін осы шолпының осы үні.

Өзгеше көрініс лезде бұлт сөгіліп, сұлу айды жарқ еткізгендей болды. Абайды естен тандыра биледі де, өзгеше бір нұр шұғыласына бас идіргендей боп кетті. Бірақ бұл сезім бір ғана сәт еді. Осымен қабат жас жігіт көңіліне тағы талай алай-түлей ұйтқып кеп, бір өзгеше жүрек құйынын соқтырғандай болды.

Жылаған Тоғжан, жылаған Бөжей қыздары, барлық қаралы көш, иесіз, тұл кетіп бара жатқан анау қаралы киім, тұл ат — баршасы осы барлық қауымның қайғысын да Абайға өзгеше терең түсіндірді. Жаназаға шақырмай, Құнанбай қылмысын кешпей, жылау зарына араластырмай келе жатқан осыншалық мол қауым. Ортасында Тоғжандай гауһары бар қауым Абайларға: “Былай тұр! Көрме! Саған рұқсат жоқ!” дегендей, суық, қатал. Бірақ әділ үкім айтып бара жатқан сияқты. Абай жүрегіне бұл серпу өзгеше өкініш, өксік әкелгендей.

Жылаған ғашығы, жылаған жақын бауыр, қауым ел, өліп кеткен кешегі Бөжей — баршасы да Абайдың өз басын да жазалағандай. “Мен жазықты ма едім!” дегендей болса да, налытып тұрып кінәлағандай. Бұл, әсіресе, ауыр толқын. Абай үнсіз мүлгіп, зарлы жоқтауды бар жанымен тыңдап тұрып, өзін-өзі де, бар дүниені де ұмытып кетіпті.

Бір сәтте қасында тұрған біреу түртіп қап, “жүрейік” дегендей болды. Абай жаңа оянғандай, алаң етіп жалт қарады. Тәкежан екен. Ол Абайдың түсін көрді де, тыжырынып кекете күліп:

– Өй, неменеге сораңды ағызып тұрсың, – деп, тіпті, зекігендей.

Абай қабағын қатты түйіп, селт етіп, бетін сипады. Жыладым деп ойлаған жоқ-ты. Көзінен үнсіз ауыр, ыстық тамшылар ағып кеткенін байқамаған екен.

Үлкен көш өтіп кетіпті. Артқы көштермен екі арасында ұзақтау алаң пайда болған екен. Тәкежанмен бірге барлық топ қозғала берді.

Бағанадан бері тайының жалын құшып тұрған Оспан ыржақтап күлуден әлі басылмаған. Енді басын көтеріп ала сала, қасындағы бір баланың тымағын жұлып алып, теріс киіп жіберіп, сақылдап күліп, ақ тайды тебініп кеп қалды.

Қалжак пен тентектікке есі-дерті кетіп қалған Оспан ақ тайдың асау екенін ұмытып кетсе керек. Жайбарақат еркін отырып, тақымын да қыспастан тебініп қалғанда, ақ тай секіріп мөңкіп кеп кетті. Оспан тізгінін де қымти алмай қалып еді. Байқаусызда тулаған тай тентек баланы оп-оңай ытқытып, топ ете түсірді. Бірақ Оспан жығылса да, есінен жаңылған жоқ. Тайының шылбыр-тізгінінен айрылмай, жабыса түрегелді. Түк көрмегендей ыржақтап күліп, екі беті нартай жанып тұр. Ақ тайға ес жиғызбастан қайта қарғып мініп алды да, борбайлай қамшылап, құйғыта жөнелді.

Өзге балалар да шаба жөнелісті. Тәкежан мен Абай жай аяндап қозғалды. Тәкежан інісіне жаңағының үстіне тағы да бір үлкендік көрсетпек болды.

– Баламысың, жоқ, қатынбысың? Сен ненің ақысы деп жыладың осы? – деді.

Абай Тәкежанға енді ыза болды. Кінәлай сөйлеп, қарсы ұрысты.

– Сенің үлкен боп, ес білгенің со ма? Бауыр емес пе еді? Бөжекеңе өзің неге жыламайсың?

– Е, жыласатын не қалып еді? Жаназасына да шақырмай қойған жоқ па? Соны да ұқпаймысың?

– Ұққан екенсің, қарық қыпсың! Шақырмаған тірілер! Сол үшін өлі Бөжей жазықты ма?

– Бөжей әкеңмен араз болғандықтан шақыртпады!

– Бөсе, араздық... сол араздыққа кім кінәлі? Кім жаулықты көп етті? Соның бөрінің ақ-қарасын сен айырып, танып болған шығарсың?

– Болайын, болмайын, мен әкемнің жағындамын!

– Бәсе, одан да соныңды айтсаңшы! “Үлкенмін, ақылым бар, кісіге де ақыл айтам” дейсің! “Бөрінің артынан бөлтірік ақылды болғандықтан ереді” дейсің ғой.

– Өй, сен не сандалып келесің осы? Үйдегі алжыған өжеңнің ақылынан басқа ақыл жоқ деп алғансың ғой өзің, тіпті.

– Ал сен болсаң, сол өзің қостаған әкеден де түк ұғып, түк ақыл алмайсың!

– Е, мені бір жайын өскен жабайы деп пе ең өзің? Енеңді...

– Бар “өстім” дегенде тапқаның осы боқтығың ғой! Малшы-жалшыны жазықсыз боқтап, мардамсығаннан басқа түк үлкендігіңді көрсемші!

– Бәлем, тұра тұр, осыныңның бәрін де әкеме айтам!

– Айтсаң айта ғой! Мен де сенің жаңағы “алжыған” деген сөзіңді әжеме айтайын! – деп, Абай Тәкежанға қайсарлана қарады.

Тәкежан бұл жерге келгенде ерегістен амалсыз тайқып кетті. Тегінде, үлкен жанжалға тауаны жоқ, бұдырсыз болатын. Әкеге шағым жеткізу алыс та қиын. Айтқанын мақұл көре қоя ма, жоқ па? Онысы тағы екіталай. Ал мынау Абай сүйенген “әже” деген – әлдеқайда қатер жер.

Тегінде, Зере көп ашуланбайды. Ал бірақ оқта-текте қатуланып түйілсе, әлі күнге аса зәрлі. Осы биылғы көктемнің өзінде Тәкежан көрші үйлердің бір кексе қатынын байқаусыз боқтап алып, жаман бәлеге қалған. Жазықсыз қатын қатты ренжіп, жылап отырып, Зере мен Ұлжанға барғанда, көрі әже ашу шақырып, күйіп кеп, Тәкежанды алдына дереу шақыртып алып, тергеуге салған.

Тәкежан әжесінің аяздай суық ашуынан, қатты түйілген көзінен қорқып, өтірік айтпақ, танбақ боп жалтарып көрген. Ақыры, тіпті, ант ішуге де барып қап еді. Сол арада Ұлжан мен Зере өзгеше ашуланып кетіп, көрі әже қолындағы ақ таяқпен мұны басқа салып-салып кеткен болатын.

Сол уақиға жаңада ғана Тәкежан “Жігіт болдым, қайныма барам” деп әзірленіп жүрген күннің өзінде болған. Осының бәрі жаңағы ерегіс аяғында Тәкежанның есіне түсті де, енді осы бәленің бәрін жуып-шаймақшы болды.

– Өй, кетші әрі енеңді... – деп шіреніп тұрып бір боқтады да, құла бестіні борбайлап шаба жөнелді.

Абай бұдан құтылғанына ырза боп, кейін қалды. Ақырын аяндап келе жатыр. Жаңағы сезімдерін, жаңағы Төкежанмен дау үстіндегі ойларын қайта есіне келтіріп, соған тереңдеді.

Дау үстінде ойда жоқтан тіліне оралса да, “Бөрінің артынан бөлтірік ақылды болғандықтан ермейді” деген сөз мұның өзіне қазір бір өзгеше мәні бар, өрісті ойдай көрінді. Жынысының шиырымен шұбыру, жымын басу кімнің қолынан келмейді? Жыртқыш хайуан екеш, о да біледі. Бола алсаң – ол болма, адам бол! Жалғыз келе жатқан Абайды ендігі бағындырған ойы осы. Дәл осы бетте бүгін Абай өз тұқымының бір жанымен дауға түсті. Осынысы өзіне бір ажарлы, басқаша беттің басы тәрізді боп сезілді. Сондайлық салқын сыншы ойлар арасына осы жолда қайта-қайта Тоғжан келбеті келеді. Сәт сайын оралып, гүл жібектей бұралып кеп, мұны жақсы болуға үндейді. Мінсіз таза махаббатқа шақырғандай, жанашыр рақымға шақырғандай болады. Бар дүние, бар адамзатты қоса сүйгізіп, қоса қымбат санататын аса бір қадірлі игілікке ымдап жетектегендей. Бұл қиялға мүлгігенде Абай Бақанасқа қалай жеткенін байқамай да қалды.

Бөжей ауылдары Жәнібекке көшіп келгенін Абайдан естісімен, сол күні Зере мен Ұлжан Байқошқардағы Құнанбайға кісі шаптырды.

– Дәл қасымызға келіп қонып отыр. Енді аялдасақ ағайынның бетін қайтіп көреміз? Бата оқырын қалай жасасын дейді? Және Байқошқар, Бақанастағы екі ауыл қосыла бара ма? Соны тез шешіп, жөн айтсын! – депті.

Құнанбайдың өзінің күткені де осы кез сияқты екен. Ол дәл осы түннің өзінде қасына Күнкені алып, тағы он шақты қарт-қария, жігіт-желең алып Бақанасқа келді. Сонымен Бақанастағы барлық жиырма шақты ауыл ерте қамданып, саба жиып, сойыс әзірледі. Әр ауылдың апаратын шамасына лайық – қой, қозы сойыстары сол таңертеңде сойылып, асылып та қалған.

Құнанбайдың үлкен үйі үш саба, бір ту бие, бір тай сойыс апарарды және азаға салғаным деп Зере мен Ұлжан түйе апаратын болды.

Осындай қамның бәрі биенің бас сауымына шейін түгел бітті. Қалың топ – бата оқыршы, шаңқай түс кезінде сансыз көп салт атты боп күнбатыстағы Жәнібекке қарай тартты. Барлық жиын – елу қаралы еркек, отыз-қырықтай қатын.

Араларында Абай, Тәкежан сияқты жастар, Оспан сияқты балалардан да бір топ бар.

Жұрттың бәрі ат үстінде. Тек Зере мен Ұлжан және сол екеуінің қасына мінген Сары апаң деген әйел мен екі келіншек қана арбада. Құнанбай бұл арбаны өзге жұрттан ерте қамда-тып, бұрын жүргізіп жіберген.

Сол арба жарым жолға барды-ау деген кезде өздері аттанған-ды. Бақанас өзені мен Жәнібек өзенінің екі арасы тай шаптырымдай-ақ жер.

Құнанбай қасындағы көп қошеметшінің ішінде Ырғызбайдан – Майбасар, Жақып, Ызғұтты сияқты туысқандары және Құнанбай жағында жүрген әлденеше рулардың ақсақал, қарасақалы бар.

Ат үстіндегі әйелдер бөлек топ боп кейінірек келе жатыр. Олардың ортасында Құнанбайдың үлкен әйелі Күнке, сонан соң Айғыз және Қалиқа сияқты абысын-ажын. Кәріден – Таңшолпан сияқты шешелер де бар еді.

Аттылардың қалың тобы осындай лек-лек боп, Құнанбай шоғырын алдына салып келе жатқан. Бір сәтте осы жұрт екі қоныстың арасындағы сар жазықты айғай-шуға батырып, оң жақтағы биік қара адырды бөктерлеп Жәнібекке қарай ат қойды.

Бұл елдің ежелгі ырымы бойынша, өлімге бата оқи барудың ең үлкен шарты осылай алыстан айқайлап: “Ойбай, бауырым!” деп, жылай шабу болатын.

Сол шабысты ең әуелі үлкендер бастамақ керек. Бағанадан қалың топтар Құнанбай шоғырына қарап келе жатыр еді. Қазір сол Құнанбайлар өздері де үн салып, аттарын борбайлап, еңкейе шауып жөнеліп берді. Арттағы еркек, әйел, балашаға топтары да сол сәтте дүрк жөнелісті.

Абай орта бір топтың ішінде келе жатқан. Қасында Күнкеден туған ағасы Құдайберді, атшабар Жұмағұл, жорға Жұмабай және Тәкежан, Оспан сияқты аға-інілері болатын.

– Ойбай, бауыре-е-ем!

– Ағәкем!

– Асқар белім!

– Құт, берекем! – деп, Абай қасындағы кекселеу кісілер шырқап жылап, үн салып келеді.

Атшабар Жұмағұл мен Тәкежан болса, аттарының екі жағына кезек қисайып, құлап кететін кісі тәрізденіп, ауытқып жосытады.

Сырт ажарлары шынымен егілген, есінен танып, бауыры езілген кісілер тәрізді. Абай жай ғана, тұра шауып келе жатып, ана екеуінің соншалық сырт құбылысына сенген жоқ.

Тартымды, бір қалыпты шапқан, бірақ шынымен “ой, бауырымдап” шапқан Абай қасындағы Құдайберді сияқты. Абай, тегінде, аз айланып жүрсе де, осы ағасының мінезін ұнатушы еді. Қазірде өзін соның шамасында ұстап, “сол істегенді істесе, мақұл болар” деп білді. Дүркірей ағылып, шулап шапқан топ Жәнібектің көк майса кең саласында жыпырлай қонып отырған сансыз көп ауылдардың үстінен шыға келді.

Зерелердің арбасы да дәл осы кезде қалың ауылдардың тап ортасындағы үлкен ақ күмбез үйлі Бөжей аулына жеткен екен. Жапыр-жұпыр көрісіп жатқан сияқты. Ақ үйдің өзі өзге үйлерден оқшауырақ, белдеуінде қара тігулі тұр. Қаралы ауылды мына кейін шыққан аттылардың тануы оңай болған.

Көп ауылдың сыртындағы сар жотаға шығып, барар бетті тез аңғарып алған шапқыншылар енді ыра төмен жосылды. Қою шұбар селдей боп шулап, аңырап ақты. Абай орта тұста келе жатып, ақ үйдің сыртында оқшауырақ жерде ұзын-ұзын ақ таяқтарға төстері мен қос қолдарын тіреп, бүгіліп тұрған отыз шамалы еркекті көрді. Бата оқыршыларды тосып, жылап тұрған жанкүйер жақындар. Шауып кеп түсе бере таныды. Тап ортада Байдалы, Байсал, Қараша, Түсіп бар екен. Шеттеу тұста Балағаз, Базаралы сияқты жас жігіттер де ақ таяқтарға таянып, егіліп тұр.

Шауып келген үлкендердің аттарын анадайдан жүгіре-жүгіре шығып, ұстап-ұстап алып, иелерін қолтықтап түсіріп, еркектерге көрістіргелі жетектеп әкетіп жатқан көп-көп ықшам жігіттер бар.

Барлық бата оқыршыға сондай бір-бір күтуші тап келгендей, мол жеткендей болды.

Жылаған Байдалы, Байсалдарды көргенде, Абайдың сай-сүйегі босап кетті. Аттан түсе бере, шын аяныш жас төгіп, еңіреп жіберді.

Тыстағы еркектермен бір-бір құшақтасып, көрісіп болған үлкендерді сол арада қолма-қол ақ үйге қарай айқайлатып, жылатып әкетіп жатыр. Жылаудың үлкені сол үйдің ішінде, қатындар ортасында. Көп еркектің арасына Абай да кірді.

Үлкен күмбез ақ үйдің іші оң жақ босағадан дәл төрдің ортасына дейін қатар тізіліп, мықындарын қос қолдарымен таянып, аңырап жылап отырған қатындарға толы екен.

Тап орта тұста басына қара желек жамылған Бөжейдің бәйбішесі аңырап отыр. Көзінен шын жас, зар жасы бірсін-бірсін ағып жатыр. Одан жоғары төрт-бес қыз дауыс айтып отыр. Үйдің іші бұл кезде тұтас аңырап зарлаған мол жылау еді.

Отырған әйелдердің алдына жылап келген еркектер тізе бүгіп отыра кетіп, құшақтасып көрісіп жылайды.

Абай Құдайбердінің артында. Бағанадан бері соның ізімен кезек алып келе жатқан.

Жағалай отырған бар қатынды адақтау тым ұзақ болар еді. Және босағадан төрге шейін бос отырған бір қатын жоқ. Соны аңғарған Құдайберді тура Бөжейдің өз бәйбішесіне қарай жылап барды. Сол кісі алдыңғы көрісушіден босаған соң, құшақтап аңырап:

– Ағакем, бауырым! – деп бас салды.

Абай да сол жерден бастап көрісіп, жоғары отырған қыздар жаққа қарай ауысты.

Үй іші осындай жаппай көріс үстінде бірқатар жыласып ап, енді тегіс ажырасып, жағалай отырысты. Еркектер бұл кезде ақырын жыласып отыр да, әйелдің де көбі басылып қалды. Тек Бөжейдің қатыны мен бес қыз ғана зарлап отыр. Арманын, жесір қалғанын, ерте айрылғанын айтып бәйбіше жылап, жұртты егілдіре түсті де, ақыры саябырлай барып тоқтады.

Сонан соң үлкен ұзақ жоқтаудың сарынына түскен қыздар. Олардың өзгеше бір суық зарлы жоқтау ырғағы бар. Дауыстары құйып қойғандай дәл бірдей шығады. Жалғыз-ақ бес қыз тұтас ұзақ айтқан жоқ. Бәйбіше тоқтаған соң, өзге қыздар да басылып, екі-ақ қыз адақтап шықты. Ол – Бөжейдің екі бойжеткен қызы.

Бұлар бар сөзін анық қып, анда-санда “ah” деп, жалын атып қойып, сұңқылдап зарлап отыр.

“Әкекем... жеткізбей кеттің... арманда кеттің... зармен кеттің, жетім бейбақ біз болдық... пана кім?.. Неге аңыраттың?” деген сияқты жерлерге келгенде, барлық үйдің іші қайта егіліп, тыйыла алмай, тұншыға жыласады. Абайға да шын жылаудың ең ауыр кезі осы болды. Ол көз жасын, тіпті, ірке алмай қойды. Буына жаздап, булыға жылап отыр.

Осымен біраз барды да, екі қыз әкелерінің өміріне, өміріндегі ерлік, жақсылық істеріне түсіп кеп, бір сәтте дауыстың мәнін аса бір тосын жайға салды.

Бөжейдің өзін қойып, тұстастарын айтып келіп, әркімді атай отырып, үйдің іші тегіс жым-жырт тына қалған уақытта, бір кезде Құнанбай атын сап еткізді.

Төрде төмен қарап, тымағын көзіне киіп, тұнжырап отырған Құнанбайды мынау екі қыздың қатал даусы басқа соққандай болды.

Бірақ бұл — дауыс. Намаз сияқты бұзылмайтын жолжора. Айтар сөз, тыяр тыйым, істер шара жоқ.

Екі қыз сөздерін барған сайын қатайтып, қадалып кеп:

Жау боп шықты Ырғызбай,
Айыпқа бердің бір қызды-ай, —

деп бір кетіп және бір сәтте:

Оның аты Құнанбай,
Жүйріктігі құландай,
Шұбарлығы жыландай... —

деп жарып өтті. Жалғыз көзге дәлдеп тұрып қамшы ұрғандай қатал жаза.

Құнанбай қасындағы үлкендер бәле шығып кете ме дегендей қобалжи бастады. Жөткіріп, қақырынып, қозғалақ қақты. Бірақ Құнанбай тістеніп ап, сыр бермей шыдап берді. Абай дәл бұл кезде ұялып қысылғаннан өлердей боп отыр. Ол үй ішімен көрісіп кеп отырған соң байқады. Анау бір топ қыздың ішінде Тоғжан да отыр екен. Бірақ ол бетіне салы жамылып, сырт беріңкіреп, қырын отыр. Абайдың ары, әсіресе, сол Тоғжаннан ұялғандай, енді ішінен: “Ойпырымай, мынаны көргенше жер жарылып, жұтып кетсеші бізді!” деген бір ой ойлады.

Сөйткенше, төрде отырған біреудің қатты тамсанған үнін есітті. Қараса — Сара апаң екен. Ол ашулы түспен түйіліп, қара шапанды басына жамыла беріп, жүрелей отырып ап, айқайлай жөнелді.

Сөзінің басы Бөжейді мақтау мен сол жақсыны жоқтау еді. Соның аяғын шұбыртып кеп:

Мына да қарлар не дейді?
Жақсыдан жаман көбейді.

Ескінің асыл көзі еді,
Ұрлап та көмдің Бөжейді, —

деп, қатты айқайлап, қалт тоқтады.

Екі жақ та: “Айтамыз, жетеміз” деген орайлы сөздерін осы әйелдердің ауыздарымен айтысты. Осыдан әрі қайталаған да, өршіген де сөз болған жоқ. Қос қыздың даусы тағы біраз созылып барып тоқтап еді. Сол кезде Зеренің дәл қасында отырған Ғабитхан молда жүгініп, жөткіріп алды да, бұхар мақамымен тәбәрәкті соза жөнелді. Үй іші тегіс жым-жырт. Сілейіп, қатып, мүлгіп қалды.

Құнанбайдың Бөжейге жасаған бата оқырының түрі осы боп еді.

Әйелдерді осы үйге қалдырып, еркектерді бөлек оңаша үйге апарып, қаралы ауыл қонақ етті. Ауыл иесі, күтуші болған Байдалы, Түсіптер. Бірақ шай, қымыз үстінде де, ет үстінде де бата оқыршылар мен ауыл иелерінің арасында шүйіркелескен сөздер болған жоқ. Анда-санда Байдалы мен Құнанбай жауаптасқан уақытта, біріне-бірі сыпайы ғана сөйлейді. Байдалы Құнанбайдың шынысын өзі әперіп, шайына сары майды өзі салып, бейіл көрсетіп отыр. Бірақ барлары сол ғана. Сөйлесейін десе, сырттары сыпайы болысқаны болмаса, айтысар жай жоқ сияқты.

Тек бірер кез, мал тойыны туралы, шөптің бұл өңірдегі биылғы шығымы туралы ғана сөздері болды. Тағы бір рет көршілес Керей мен Найманның осы жаздағы аттаныстарын, бір-бірімен барымта алысып, шабысып қалғанын айтысты.

Құнанбайлар екінді мен ақшам арасында аттанар кезге шейін дөнекер болған осы әңгіме ғана. Бата оқыршылар сол кеште үнсіз, қоңыр тартып, жайлау-жайлауына қайтысты.

Бір қарыздан құтылғанына “уһ” дегендей боп, Күнкені ертіп, Байқошқарға қайтты. Жол бойында бәйбішесіне оның айтқан жалғыз сөзі:

— Күтсең, Сары апанды күтсендерші! — деген ғана байлау еді.

2

Күз келді. Үш күннен бері сілбілеген ақ жауын айықпай тұр. Жайлаудан қайтып, Шыңғыс асып, қыстау-қыстау үстінде аз ғана аял етіп, пішен шапқызып болған ел енді

күзекке беттеп келе жатқан. Жидебай, Мүсақұл, Қарауыл, Шүйгінсу сияқты пішені шабылып алынған қорықтарда жиі қонып отырған ауылдар көп. Шыңғыстың ұлан-ұзақ, мол қыстаулы бөктері мен Қыдыр, Қызылшоқы, Борлы сияқты балақ таулары да, адыр-қатпарлары да ауыл-ауылға толы еді.

Жұрт жазғы үлкен үйлерді қоймаларға тастап, енді кішілеу-кішілеу қоңырқай үйлер көтеріскен. Жазғы күндей емес, қазір жылы киімдер киюмен бірге, баспананы да от жағып, ішіне киіз тұтып, ықшамды қып отыратын болу керек. Соған ыстан қорықпайтын киізі бүтін, бірақ қоңырқай кішілеу үйлер қажет. Әлі келгеннің бәрінің істеген шаралары осы.

Қазірде күздеуге қарай ауысқан ауылдардың жаздан бөлек тағы бір өзгешелігі, енді қой сауылмайды. Ересек тартқан қозылар қоралы қоймен бірге жайылады.

Ат үсті мал қарайтын, сөз бағатын еркектер де бір жаңалық табысты. Суық түн, лайсаң күнге арнап саптама, қалың шекпен, елтірі ішіктер киюмен бірге, меншікті мінгіш аттарын да ауыстырып келе жатқан. Жаз жайлайтын аттардың бұл кезде еттері ояздап болған. Енді қыс суығына шейін қоң жиып алсын деп, оларды біржола қоя беріп, осы Шыңғыс асысымен күз мінетін, қыс мінетін құр аттарды ұстасқан еді.

Шаруаның шағын үйінен бастап, нелер малды, әлді дегендердің бәрі-бәрі осы күндерде қалың майлы құр аттарын салқын-салқын кездерде міне бастады. Аяңмен жүріп, қызыл май қылмай, жиі-жиі суытып, оқта-текте таң асырып жүрген.

Бұл уақытта біреуден біреу қызыққан аттарының майын сұрап міну, сатып алу, айырбас жасау сияқты істер де көп болатын.

“Күз алды-салдысы көп мазасыз болар-ау!” десе, не “тосын жүріс, жолаушылық күзі болар” десе, сенімді аттарға қызығу, қолқа салу, әсіресе, көп болатын.

Қазір екінді – ақшам арасында Қызылшоқыдағы Құлыншақ аулына қарай жауыннан ықтай түсіп, жедел бастырып келе жатқан Майбасар мен Құдайберді осындай бір ат жайынан туған сырт шаруамен келеді. Қастарында жорға Жұмабай мен атшабар Жұмағұл бар.

Күздің бұлыңғыр күндегі кеші мезгілді анық болжатпайды. Сондықтан жарықта барайық деп қатты жүріскен еді.

Құлыншақ аулы он шақты үй. Бүгін осында Құнанбай жағынан келетін бір келісті ерекше аңдып күткендей. Ауыл желкесіндегі тақыр қызыл кезеңге төрт атты қатты желіп шыққанда, Құлыншақ төбе басында, “бес қасқа” деген балаларының ортасында отыр еді. Елең етіп көрді де:

– Әне, келе жатыр! Құнанбай кісісінің алды осы! – деді.

– Жүрісі суық екен! – деп, бес қасқаның үлкені Тұрсынбай да көз тікті.

– Жә, енді не отырыс бар? Біреуің тез бар да, Пұшарбайға хабар айт! Алысқа хабар етер жайым жоқ. Пұшарбай барлық Көгібаққа білдірсін! – деп, Құлыншақ бастағанда:

– Е, Жігітек, Бөкеншіге де солар жеткізеді.

– Көшіріп алуға жарайтын болса, жетсін тегіс!

– Уәделері шын болса, осы іңірде табылсын! – десіп, Құлыншақтың айналасын қоршап отырған Тұрсынбай, Садырбай, Мұңсызбай, Наданбай сияқты төрт ұлы қостап қоя берді. Бес қасқаның біріне Манас қосылатын. Ол бәрінен жас. Тегінде, Құлыншақтың өз баласы емес, ерте ер жеткен немере, анау Тұрсынбайдың баласы еді. Манас үлкендердің әмірін күткені болмаса, өзі үн қатқан жоқ.

Жаңағы бәрінің айтқан бұйрығы соған қарай айтылып еді. Пұшарбай аулына хабаршыға тез кететін болып, Манас тек қана мына келе жатқан төрт аттының келісін күтті.

Майбасарлар Құлыншақ үйінің сыртына кеп тоқтағанда, төбе басындағылар да жетіп еді.

Екі топ ақырын ғана салқын амандасты.

Бірақ келгендерді тыста бөгемей, Тұрсынбай бастап:

– Үйге жүріңдер! – деді. Тегіс ертіп, үлкен үйге кіргізді.

Сол кезде Манас тыста жалғыз қап, шеткі отаудың тасасында тұрған бөрте атқа мініп алып, Қарауыл жаққа қарай дүсірлете жөнелді. “Келе жатқан кім екен?” деп тосып еді, ішінде Майбасардың өзі барын көрген соң, енді аялдайтын дәнеңе жоқ.

Майбасар бұл үйге ашулы пішінімен кірді. Белін шешпей, көк елтірі тымақтың бір құлағын жымырайта киіп ап, камшысын қос бүктеп, мықынына таянып отырып, Құлыншақтарға ызғарлана қарады. Түсі сұрланып, екі танауы желбірей түсіп, тентек көздері жиреніш отын шашып отыр.

Отыра бере Құлыншаққа қадалып:

– Жә, ағайын, бұ қайткенің, атшабарымды неге сабайсың? Теріс болса, арыз айтар жер таппадың ба? Тым құрыса, мырзаның алдынан бір өтсең нетті? Оған да сенбей, оған да жоныңды көрсетейін дедің бе? Жуандығыңды көрсетейін дегенің бе? Кеше ғана қатарда қолтықта жүрген туысқан емес пе ең? Жөніңді айт, бетіме айтшы, кәне! “Сонысын өз аузынан естіп кел” деп жіберді мырза. Мына баласы Құдайбердіні әдейі қосып отыр қасыма, – деді. Үй ортасында бықси жанып тұрған сары қидың отына шырт түкірді де, Майбасар Құлыншаққа бұрылып алды.

Бес қасқаның төртеуі төмен қарап томсарып, түк естімегендей жым-жырт отыр. Мұңсызбай мен Наданбай, тіпті, басылып отырған да жоқ. Анадай жерде, арқаларын керегеге сүйеп, жүресінен отыр. Жондарын сыртқары қаратып, тұмсықтарын шекпен күпінің жағасына тығып апты.

Құлыншақ өзінің жер төсегінің үстінде отыр еді. Соның дәл қасында төменірек отырған Садырбай ғана Майбасардан көз алмай, суық қарайды.

Құлыншақ азырақ көзін жұмып отырды да:

– Атшабарыңның сабалғанын айтасың. Жарықтығым Майбасар, басыма сырық, малыма құрық сілтеген өз қылығыңды, осы Майбасар қылығын сен неге айтпайсың? Мырза көрсе, әуелі соны неге көрмейді. Сені неге тергемейді? – деді.

– Теріс жайылма! Теріс көшпе, оңға көш, ақсақал! Мен кінәласқалы, арылғалы келдім!..

– Теріс көшпе деймісің? Жоқ, мен көшкелі отырмын. Сенен ажырап, ана жаны ашитын ағайынның ортасына көшкелі отырмын.

– Оныға ырзальғым, рұқсатым жоқ! Көшпесін, кетпесін, ұғысамын Торғаймен деп, сәлем айтты мырза.

– Сәлемет болсын! Бірақ енді бақыл болсын, мен көшем!

– Неге, не көрінді, ақсақал?! – деп, осы арада Құдайберді сөзге кіріп: – “Бұл көшу исі Торғайды маған жат қылам деген көшу ғой. Кінәлассын, айтысатынын айтсын, тіпті, алмағын алсын, олқысын атасын. Бірақ көшуден тыйылсын, бармасын жауыма!” деді менің әкем, – деп еді.

Майбасар Құлыншақты тоспай киіп кетті:

– Кінәңды айтшы осы! Атшабарымды сабап отырған өзін емеспісің?

– Мына бес баламның ортасында аяғының желі бар жалғыз-ақ ат – бөрте ат еді. Сұрадың, бере алмайтынымды

айттым. Ұқсаң не етуші еді? “Ұстап әпкел!” деп, атшабарыңды, итінді бөрідей қып, ақ адал малыма шаптыратын не жөнің бар, Майбасар?

— Атты сұратқан мен емес! Мырза болатын. Мына бала, Құдайберді, қызығып көңіл қылған соң. “Ат жалын тартып мінгені осы еді Құдайбердінің, Құлыншақ бір еркелікке ренжімес, көтерер” деп, мен жібергенім рас.

— Еркелік! Не еткен еркелік?!

— Кірмеге, құл-құтанға істейтін зорлықтың атын, алдарманға келгенде “еркелік” қойыпты! — деп, Тұрсынбай, Садырбай екеуі кекетіп қойды.

Бөрте ат жөніндегі дауда екі жақ ұғыспады. Тартыс сөз үзіліп, біраз тоқырасып қалып еді. Аздан соң Майбасар Құлыншақтың бар Торғай руын бастап, Жігітек жағына көшемін дегенін мінеді. Соған шабуыл жасай бастады.

Құдайберді екеуін Құнанбай бүгін жібергенде, тапсырған анық сәлемі осы болатын. Осыдан бес күн бұрын туған бөрте ат жайын, атшабар сабалуын Майбасар әдейі жолдан қосып отыр. Сол қылмыстарын ол еске салып, ықтырып алам дегені еді. Құлыншақтар ол турада өздерін кінәлі деп санар емес. Тіпті, сол жөнде ызалы болғандықтан атшабарды сабап алып, “Енді бізді көшіріп алсын” деген сәлемді Жігітекке шындап салып отыр. Осы өкпенің сыбысы бүгін ертемен Құнанбайға жеткен соң, ол өз қолтығынан Торғайдай жақын руды жіберуді қорлық деп біліп еді.

Бөжей өлген соң, жаздан бері екі жақ сыртпен қақтығыспаса да, іштен барды салып, ел тартысып, сілкісіп келе жатқан. Екі жағын бірдей қабындырып, кернеп алған араздық, енді болымсыз бір ілікке жете бере, астан-кестен жарылатын сияқты.

Бөжей барда Токпамбеттегі төбелестен ірі жанжал болған емес. Бірақ содан бері мықтап әзірленіп, Құнанбайға қарсы майдан беруді Жігітек, Көгібак, Бөкенші боп қатты ойлаушы еді. Бөжей өлді де, тартыс сырттан қарағанда азырақ іркілгендей болды. Бірақ ол сырттан ғана солай. Шындап ішке келгенде, Бөжейдің өлімі қайта дерт-жараны, тіпті, қатты дамытып жіберді. Өлімінің өзімен де Бөжей Құнанбайға жауығатын жұрттың шебін тұтастырып, бұрауын қатайтып, шеңберін ширатқан сияқты.

Әсіресе, Бөжейдің үзеңгі жолдастары Байдалы, Байсал, Қаратай, Түсіп, Сүйіндіктер ерекше сызданып алған.

Сол кезде Құнанбайдың Құлыншақ аулынан атақты “бөрте атты” сұратқаны тап болды. Құлыншақ атты бермеді. Байсал мен Пұшарбайлар Құлыншақты оңашада, құпияда көптен шырғалап тартып, жігін босастырып жүрген. Торғай руына Ырғызбай қандай болса, Көтібақ, Байсалдар да сондай жақын.

Бөрте атты, басқа уақыт болса, Құнанбайға Құлыншақ берер еді. Бермеске шарасы да болмас еді. Ел таразысын жақсы аңғармайтын Майбасар:

— Бермейді деген не сұмдық? Торғайдан алмасак, қайратымыз қайсы? Өкпелеп қайда кетуші еді? Кете алатын күші қайсы? — деп, өз-өзінен шабынып кеп, жақында бір содырлық істеді. Жаңағы әңгіме соның арты.

Енді, міне, өкпенің бетін біржолата ашып ап, айқын түзеп алған Торғай бұлардан кетпегін де айтып отыр.

Майбасар көшуден тоқтатам деп әртүрлі сөз айтты. Құлыншақ көбінше жауап бермей, құр үндемей тартынуға түсіп еді. Жартымды жауап алмағанына ыза болған Майбасар енді Құлыншақтарды бұрынғы кеудеге салып қорқытып, ығырып жібермек болды.

— Уа, Құлыншақ ақсақал, көшпесін деген мырзаңның сәлемін айттым. Көшпе деп өзім айтып отырмын. Жеке айттым, арыла айттым. Енді көшпейім деген сертінді бер, қысқасы! Соныңды естимін де, жүремін! — дегенде, Құлыншақ катуланып, жалт қарап:

— Ендеше, менің де сөзім қысқа, Майбасар. Тойдым, болды! Көшемін! — деп бір-ақ кесті.

Үй іші бұл сөздің тұсында тегіс ажырайысып, аңтарыла қарасып қап еді.

Майбасар қатты ажарға мініп, қамшысының сабымен сырмақты соққылап отырып:

— Құтыртып отыр ғой! Барарың кім, білемін! “Пана болуға жараймын, жасқанба” деп отыр ғой! Бірақ алып көрсін іргемнен кеп! Қойны-қолтығы кең неме екен ғой Байдалы, Байсал. Ендеше, көк тұқылды, мұздай сүңгіні сол мырзалардың өз етіне қадармын! — деп қалшылдап кетті. Көздерінен от шашып, ойнақшыта қарап: — Кешегі Тоқпамбеттегідей, қондарын түріп қойып, жалаңаштап тұрып сазайын беремін! — деді.

Бес қасқаның ең ызақор, оттысы Садырбай еді. Ол ырғала түсіп, қатты демікті де:

– Қой, шырақ, қой, мырза сол бөледен абырой тапқаны аз еді ғой, атамай-ақ қойсаңшы! – деді.

Дәл осы кезде қасында екі жігіті бар Пұшарбай кеп кірді.

Бұл Пұшарбай былтыр Тоқпамбетте Бөжейге ара түсем деп, Құнанбайдан таяқ жеген. Бірақ Байсал мен бар Көтібақтың Жігітек жағына шығуына себеп болған Пұшарбай. Қалың қоңыр сақалды, мол денелі Пұшарбай ол ызасын ұмытпаған болатын.

Осы Пұшарбайлар үйге кеп кірісімен, бес қасқаның бәрі де тегіс қозғалақтап, әлденеге әзірленгендей, қомданып қалысты. Тыста да бөгде кісілердің тықыры білінген сияқты. Жорға Жұмабай ішінен: “Бұ не қылған жүріс? Әлпеттері қалай еді?” – деп, Майбасарға қарай беріп еді.

Сырттан бір қатты зілді дауыс:

– Уа, үйде кім бар! – деді.

Пұшарбай соған елең етіп, саңқ етіп дауыстап:

– Уа, мен бар! – деді.

Сөйткенде, есіктен Манас бастаған он шақты жігіт асыға-асыға кіріп келді де, төрге қарай тап берді. Бағанадан осы сәтті күткен Садырбай, Мұңсызбайлар және Пұшарбай да Майбасарға тап берді.

Майбасар:

– Тарт! – деп, ақырып қап, отырған бойда қамшы сілтей беріп еді, Садырбай бас салып шалқасынан түсірді де, тізерлеп алды.

Қалған үшеуін өзгелер де бүктей түсті. Атшабар емес, сұмдық үлкені енді келді.

Пұшарбай, Садырбай, Мұңсызбайлар боп, Майбасарға мықтап дүре соқты. Өзге жолдастары да соны көре бастап еді. Жалғыз Құдайбердіні ғана Құлыншақ қорғап қап, өз қасына сүйреп ап, басын етегімен жауып ұрғызбады. Майбасарды үнсіз сабап жүрген Садырбайлар бір уақытта:

– Тысқа алып шық! Жүр, алып шық! – деп, тысқа сүйреп шығарды.

Сол уақытта Садырбай айқайлап:

– Бұл жаңа “қондарыңды түріп қойып сорлатам” деп серт берген. Байдалы, Байсалға соны істемек болған. Ал мұныкі сөз еді. Кел, біздікі іс болсын! Шеш, сыпыр киімін! – деп тап берді де, Майбасардың етік, шалбарын түгел сыпырып, тырдай жалаңаштап алды. Содан соң сыртынан қойып жіберіп, етпетінен түсіріп, басып жатып:

– Сен не қылмадың осы? Неден астың әлі осы? – деді түйгілеп отырып. – Масқара қып, қор еткенде, былай етейін мен сені! – деп, Майбасарды етпетінен тізерлеп салды да: – Көк сүңгі деп ең ғой! Мә, көк сүңгі! – деп, Майбасардың жалаңаштанып тұрған құйрығының арасына түйенің қатқан құмалағын батырып-батырып жіберді.

– Намысың болса, өл осы қорлықтан, өл осы мазақтан! – деп теуіп қалды.

Құнанбайдың інісі мен баласын осылайша қорлап, сабаған Құлыншақ аулы дәл осы түнде үйлерін жығып, көше жөнелді. Бағана кештен берлі Манас арқылы хабарланған қалың Жігітек, Көтібақ бұл ауылдың көші жөнелер кезде лек-лек болып кеп, қаумалап, қошеметтеп алып кетті. Сол түнде Қарауыл суының ар жағына шығарып, өздерінің тобына Торғайдың талай аулын қосып ап еді.

Майбасарды тек көш жөнеліп, ұзап кеткен соң ғана босатқан. Олар аттарын күн шыға тауып, Құнанбай алдына – Жидебайға түске жақын ғана жетті. Құнанбайдың бар ауылдары Жидебайда болатын. Айналасы он шақырымдай Шикорықта Ырғызбай, Топай, Жуантаяк, Қарабатырдың да қалың ауылдары иін тіресе отырған.

“Майбасар мен Құдайбердіні Жігітек сабапты. Құлыншақ аулын зорлықпен тартып, көшіріп әкетіпті” деген хабар бұл елдерге лезде тарады. Құнанбайдың тығыз берген бұйрығы бойынша, бір шай қайнатым арасында жүз елудей жігіт атқа мінді. Қол басы – Ызғұтты, Жақып және Құнанбайдың өзі.

Жігітектің көш-қонынан хабар алып отырған Құнанбай дәл түс кезінде мынау әзір тұрған қолға бұйрық етті. Тегіс атқа қондырып:

– Шапқан жақсы болса, тартып алған жол болса, көзі көрсін! Шап! Шауып, тиіп алып келіңдер, бұйрық – анау кетіп бара жатқан Жігітек көшін! – деді. Қалың қолын Мұсақұл жаққа қиыс өтіп бара жатқан бір үлкен көшке қарай қаптатып жіберді.

Тұтқиылдан тиіскен қол бұл көш кімнің көші екенін аңғармаған. Құнанбай да ашумен алды-артын ескермепті. “Әйтеуір, Жігітек көші болса, болды!” деген.

Көш Жігітектікі екені рас болды. Бірақ соның ішіндегі қаралы көш, Бөжей көші боп шықты.

Құнанбай қолды қаптатып жіберіп, өзі артта қалған. Жасанып шапқан қол көштегі еркектерді сойылдап, бықырт тигендей қып, қашырып тоздырды да, жылқы, сиыр атаулына тиіп алды. Бірақ дәл көштің өзін ұстап, бұрып әкетпек боп келгенде, Бөжей көші екенін танып, қолдың алдыңғы жағында келе жатқан Бізғұты мен Жақып тайқып кетті. Өзге жігіттерін де тигізбеді. Тұл атты жетектеген қос қыз міз бақпай дауыс айтып тарта берді. Бөжейдің бәйбішесі ғана атының басын іркіп, түйелерін тоқтатып тұрып:

– Уай, қара бет! Көрінде өкір шетіңнен, қаралы көшке шапқан қара бет! – деді.

“Бөжей көші” екенін Құнанбай білісімен:

– Ендеше, көшті шаппандар! Бірақ сол тұрған жерге қонсын, ілгері баспасын! – деді.

Бөжей көші іркіліп иірілді де, Мұсақұлға қонып қалды. Құнанбай қолы қайта серпілді.

“Бөжейдің қаралы көшіне шауыпты! Өлі әруақты да қорлапты!” деген хабар осы күні ана жақтың барлық ауылдарына тарады. Көштен бастап, түні бойы барлық еркек кіндікті аспап сайлап, атқа қонды. Жасақтың жиылатын ортасы Мұсақұл, дәл сол Бөжей аулының үсті. Құнанбайға қарсы белдесуге шыдап, қол жиғызып отырған Байдалы, Байсал болды. Осы түнде Құнанбай қолы да дамылсыз ағылып кеп, Жидебайға жиылып жатты. Мұсақұл, Жидебай арасы үш-ақ шақырым. Осы екі қорық үлкен майданның орны болуға айналды. Құнанбай жақын маңдағы рулардан басқа Қыдыр мен Шұнай, Доғалаң сияқты тауларды мекен еткен Тоғалақ, Әнет, Бөкенді де шақыртып, қос-қос атпен шапқыншылар ұшыртқан.

Байдалы, Байсал болса, Жігітек, Көтібақ, Бөкеншіні түгел атқа мінгізуімен қабат Қаратайдың елі Көкшеге де, одан арғы бір қалың ру – Мырза, Мамайға да кісі шаптырған. Жасағына бұл шақырғаны Тобықты ішінде алыстап барып туысатын ағайын. Тобықтыдан бірер ата бері “Қоңыр” деген шеше ұранын шақырғанда барып, мыналармен туысушы еді.

Байдалының бір қамы осы болса, екінші үлкен ісі дәл осы түнде Түсіпті Қарқаралыға жөнелту болды. Қасына бес жігіт қосып, қалталарына қалындап ақша салды. Қос-қосардан сәйгүліктер жетектеп, әсіресе, өз руларының мөр иесі

адамдарына мөрлерін бастырып, отыздан аса “пірғауар” жасатып, Құнанбай үстінен мықты шағым сайлатып берді.

Осының бәрін тығыз әзірлетіп, Құнанбайды: “Ел бүлдірді, қаралы көшті шапты. Тобықтыны қалың соғыс қырғынға салып отыр!” дегізіп көзеп берді де, Түсіпті жедел жөнелтті.

Байдалы міндеті – енді не де болса, қайыспай қасарысу, қайтпай соғысу.

Таң атысымен Құнанбайдың Жидебайға жиылған қалың қолы атой беріп, жүйткіп жосып, шаңдата шапты. Бұл қолдың молдығы ерсі екен.

Байдалы, Байсал, Сүйіндіктер де аттарына лезде мініп, өз қолдарына ұран салды.

Бұл жақ та қамсыз емес. Ат белдеуде, сойыл, шоқпар әзір болатын. Құнанбай қолына қарсы бұлар да жасқанбай, таймай шапты.

Екі жақ шаңдатып шулап, сойыл, найзаларын зор айдынмен көтерісіп, бетпе-бет шабысып келді де, жапыр-жұпыр бір-бір араласып, шарт-шарт ұрысып өтті.

“Мұсақұл соғысы” деп ат алып, кейін Тобықтының талай заман есінен кетпейтін осы соғыс екі жақтан, ең кемінде, мың-мыңнан әскер шығарды. Кісіге ден болмаған Құнанбай жағы талай рет қаптаса да тойтарылып, қайта қайтып тұр. Әрбір шабуылдағы қақтығыста оннан, бестен құлап түскен жаралыларды екі жақ жиып әкетіседі.

Алғашқы күн көп қаржасса да, жеңісе алмаған қолдар кешке жақын кейін-кейін шегіністі.

Келесі күн, тағы осындай, бірін-бірі қашыра алмаған, жеңісе алмаған шарпысумен өтті.

Көптен бүйтіп насырға шауып көрмеген үлкен жойқын соғыс үшінші күнге қарай кетіп еді. Дәл осы күннің түс кезінде Құнанбай жүз елудей атпал азаматқа ең жүйрік аттарды мінгізіп, қолдарына тегіс сойылдарын тастатып, айбалта, найза бергізді. Екі күндей жеңгізбеген Жігітекке қаны қайнап, өшігіп, өршеленіп алған. Енді қан шығара соқтықпақ болды. Қолы қатты, кегі күшті Құнанбай жеңгенде осымен жеңбек.

Әуелі сойыл, шоқпарлы кісілерін күндегідей жіберіп, әдейі қаша ұрыс салдырып тұрды. Ана жақтың өлермендерін екілендіріп, қоздырып алмақ.

Айтқандай, Жігітек, Көтібақтан екшеліп шығып, екпіндей қуатын айнымас топтар айқынданып қалды. Оның басы Балағаз, Құлыншақтың “бес қасқасы”, Көтібақтан Пұшарбай, Қареке дегендер. Осылар бір рет Құнанбай тұрған төбеге таман аса басымдап, етпеттеп келген кезде бағанадан тасада ұстап тұрған ірікті тобын Құнанбай қаптатаып кеп қосып жіберді. Өзі де шауып еді.

Айбалталы, найзалы топтың басы ер Ызғұтты болатын. Бұлар араласты да, Жігітек жағын еріксіз қашырып, бастыра жөнелді. Қуа соғысқанда он шақты жігітті шаншып түсірді. Ызғұтты өз қолындағы айбалтамен Пұшарбайды кезей қуып еді. Арадан қорғамақ болған Қареке кеп киліккенде, Ызғұтты соны құлаштап кеп, бастан шапты. Жасқанып қалған Қарекенің дәл басына айбалта тимеді, бірақ мұрнын шауып түсті. Омырауының бәрін ағыл-тегіл қан жапқан Қареке Пұшарбайдың көз алдында шауып келе жатып, жұмарлана құлады. Жігітектер құтқара да алмады. Жасқанып қаша берді. Жау қаштының алды осы. Құнанбай енді бастырып омыраулап, “Бар Жігітек қолын қашырамын” деп, екпіндеп келе жатыр.

Бірақ дәл осы кезде Жігітек қолының арт жағындағы Ақадыр жақтан қалың будақ шаң шықты. Шаң ғана емес, адырдың құлай берісінен селдей қаптап, жосытып келе жатқан қалың қол екен.

Алдында “Жігітек Қоңырға кісі шаптырыпты, Мамай көп жасағымен келеді деп дәмеленіп тұр!” деген сыбысты Құнанбай жағы бір жансыздан есіткен-ді. Мамай келсе, Жігітек жағы басымдап кеткелі тұр. Бүгінгі күннің үлкен қаупі сол. Жаңа ғана Құнанбай айласы іске асып, жауды жапыра бергенде, мына Мамайдың қолы көрініп қалғаны қуғыншылардың жүрегін қатты шайлықтырды. Ызғұттылар еріксіз іркіліп тартына берді. Өйткені анау таудан ағылған нөпірдің сан мөлшері де бір бес жүзден кем емес.

Құнанбай қолы тоқтап қалды. Тоқтасымен кейін сырғи берді. Бірақ бұған орай Жігітек те өршеленіп, қайта қумады.

Қызып соғысатын кезде екі жақ жай ғана айрылысты. Құнанбай бұл күні қатты алданғанын білген жоқ. Білсе, ол жаңағы қаптаған бетінде Жігітекті жеңетін еді.

Үшінші күнгі соғыста, Құнанбай тәсіл ойлаған кезде, Байдалы да бір есеп тапқан. Осы үшінші күнді ол да жеңіс күніне айналдырам деп ойлаған. Сонымен бір жақтан “Қоңыр

келді” деген дақпыртты таратып жатып, екіншіден, өздерінің жақын ауылдарының барлық түйесін жиғызып ап, қырғын соғыс үстінде Ақадырдан қатты қудырып, құлата айдатқан болатын. Жаңағы Құнанбай жағын тайсалдырған қалың сел қол емес, сол түйелер екен.

Оны білген Құнанбай жоқ. Қатты шабуылдан Құнанбайлардың өздері іркіліп қайтқан соң, оларды қайта қууға Жігітек қолында найза, айбалта аз болған соң, Байдалы өз кісілерін арандатпады.

Сонымен үшінші күннің кешінде “Мұсақұл соғысы” аяқталды. Аяқтағанда, Құнанбай жеңе алмай, Жігітек болса қарсыласуға, белдесуге әбден жарайтынын көрсетіп аяқтады. Қол қимылы үнемі ем болмайтыны көрінді. Қарсысына шыққан елдің мықты шебінен Құнанбайдың жүрегі шайлығып қалды.

Жұлысқан майдан тарқады. Бірақ екі жақтың да гүілдеген сөздер, дақпырт-лақабы, қызу кеңес, ұзақ әңгімелері “лаулау” етіп, атыраптың баршасына тарап жатты.

Дәл соғыстың басшылары – Жігітек пен Құнанбай жағын алғанда, Байдалылар басымдай сөйлеп, шұқтықтанып қалғандай. Құнанбай айналасы көбінше үнсіз. Суық ашумен томсарып, томырылған тәрізді. Осының өзі де бұл жақтың ойдағысы болмағанына айғақ.

Ендігі істің айласы не? Тулап шығып, шаншылып алысқан елді қалай бағындырмақ керек? Құнанбай осы ойлардың соңында.

Арада он күн өтті. Қимылсыз, қарекетсіз жым-жырт он күн. Ана жақ: “Құнанбайдың тауы шағылды, тауаны қайтты” деп, масайрап, жамырасып жатыр. Бір-біріне қонаққа барысу, “ақсарбас, көкқасқа” айтысып баталасу, тамырласып достасу көп. Тіпті, осы қосылысқан қуаныш үстінде, біреумен біреу құда болысу да көбейе бастаған.

Жігітек жағының бұл қуанышы текке кетпеді. Түсіптің кеткеніне оныншы күн болды дегенде, Тобықты ішіне, дәл Құнанбай аулына Қарқаралыдан он бес казак-орыс кеп түсті. Солар Құнанбай аулына келгенде, Түсіп те Жігітек ішіне жетті. Ап-анық соның арызымен Құнанбайды тергеуге шыққан ұлық жаңағыдай қарулы қолмен кепті.

Келген әскердің басы Чернов деген шенеунік. Қарқаралыдағы Майырдың тапсыруы бойынша көрпістен келген осы шенеунік өзі шығыпты.

Ұлыққа арнап Жидебай, Мұсақұлдың екі арасында он шақты үй тігілді.

Сол ұлық үш күн жатып, тергеу жүргізді. Келген беттен-ақ сұғын қадағаны Құнанбай. Ашып айтпаса да, бұның ажары Құнанбайды аға сұлтан деп қарамайды. Енді тергелуші айыпкер деп бағалағандай. Ыңғай солай екенін ұққан соң, Жігітек, Бөкенші, Борсақ, Көгібақ – баршасы да Құнанбай үстінен шағым айта бастады.

“Еруліге қарулы” етіп, Құнанбай жағы да анау елдердің басты адамдарын кінәлап: “Кісі өлтірді! Ауыл шапты, жер өртеді, буаз қатынның баласын түсірді!” деп, неше алуан ойдан шығарған сұмдық жалаларды жауып жатты. “Сол тектермен алысқан Құнанбай ондайлық бүлік елдер кезінде қылмысты атанды, жау атанды” деп, Құнанбайды қиялап кеп ақтап жатты.

Ұлық бұл арада байлау жасаған жоқ. Екі жақтың арыздарын тындап, тізіп алды да, үшінші күн кешке Құнанбайға:
– Қарқаралыға бізбен бірге ертең жүресің, қамдан, – деді.

Бұл – анық жаман белгі. Құнанбай ұлықтан қайтысымен, осы түнде өзіне тән жақыннан он кісіні шақырып, кенес құрды.

Бұл жиында Ызғұтты, Жақып, Майбасар сияқты үлкендер және баладан Құдайберді, Абай бар.

Кеңесті Құнанбай өзі жетелеп, алда тұрған үлкен қауіпті айтты. Бірен-саран Ырсай сияқты босаң қарттар жылайын деп еді, Құнанбай зекіп:

– Көрсетпе, түге, көз жасыңды! Қолыңнан келер болса, ақыл қос! Көмек айт! – деді.

Бұл жиында шешендік сап, келелі сөз сөйлейтін орын жоқ. Тек байлау айтып, іс қамын ойлау қажет.

Соның өзінде де мынау өңшең тоғышар, боркемік ағайын жол нұсқап, жөн көрсете алмай іркіліп отыр. Көбінің осындай аңғарын таныған Құнанбай ендігі ақылды өзі айтып:

– Іс ұлықтың тергеуіне кетеді. Ендігі бәле қағазда. Қағаз деген абырой, атак, бақ, беделге қарай ма? Шамаларың келсе, ана жақтың арызын тый. Барды салып, соны тоқтатып көріңдер. Артымнан арыз бармасын! – деді.

Мұның айласы не болатынын да мынау бұйығы, көрбала ағайын таба алатын емес. Шешілген кісі шыға алмады.

Абай әке қасындағы бұл топтың қысталаңда соншалық татымсыз екенін дәл осы кеште анық көрді.

Ақыл айтып, мәслихат беруден бұрын тартынып келсе де, қазір Абай ойдағысын айтпақ болды.

– Арыз бармас үшін жауығып отырған ағайынның көңілін табу керек қой!

Құнанбай бұған суық қарады, жақтырмады.

– Аяғына жығыл деймісің?

– Жоқ. Бірақ алғанды қайта орайлап, есесін түгендеу керек. Сонымен көңілін тауып тоқтатпаса, арызды тоқтатар басқа шара жоқ!

Құнанбай мұның сөзінің төркінін ұқты да, өзгелер не дер екен дегендей, үндемей тосып қалды.

Абай ақылы басқаларға да қонғандай болды. Бәрі де күмілжіп, жағалатып сөйлеп отырып, осыған соға берді.

Анықтап айтқан Ызғұтты ғана:

– Жігіттең де, Бөкенші, Көтібақтың да өксігі жер ғой. Қыстау ғой. Сол жөнде еселесіп тоқтау тауып көреміз де, қайтеміз!

Таратып, көп айтуға келетін сөз емес, бастан-аяқ мәнін ойласа, бұл өзі Жігіттектен кешірім сұраған сөз. Қысқасы, соған барды беріп, жалыну деген сөз. Құнанбай қорланып, күйіп отырса да, осыған көнетін болды.

– Жермен, малмен тынатын көңілі болса, жесін де тынсын! Қор қылып, итшілеген өмір ғой! – деп тоқырап қалды.

Осымен көпті таратып жіберді де, Жақып пен Майбасар, Ызғұттыны ғана оңаша алып қалып, ендігі дәнекер болатын кісілерді айтты.

Жауға жалынбақ оңай емес, Байдалының өздеріне тура бара ма? Ол – кішірейген үстіне ерекше бататын қорлық. Бірақ мынау ақыл таппас ағайын, соған да барып қалуға болады.

Сол жағын ескерген Құнанбай араға жүретін кісілерді атап берді... Бұның бірі – Тоғалақ ішіндегі мықты, жас Байғұлақ. Екіншісі – Құнанбайға араз болса да, кеше Жігіттектің жасағына келмей қалған Көкше – Қаратай. Ара ағайын деп осы екеуін алу керек. Байдалыға соларды салу қажет. Байлау осы болды.

Тегінде, бұл екеуінің қиыны Қаратай еді. Оның Құнанбайға дос боп жүріп, қатты өкпелеп кеткені бар. Сол Қаратайға айт деп, Құнанбай бір сәлем жолдады. Сәлемі:

— Өлмесек әлі талай көрісерміз. Тіріге тірінің ісі түсетін күндер болар. Көрісуге күн жақсы болсын! Айтарым сол-ақ, — деген.

Келесі күні Құнанбай ауыл, ауданымен, бала-шағаларымен үндемей көрісті де, ұлықтарға еріп, атқа мінді. Қасына ерткен бес жігіті бар. Соның ішіндегі ең сенімдісі — Мырзахан. Бұл бала күннен Құнанбайдың жігіті боп, қабысып кеткен адам. Аянар жаны жоқ. Тұқымы Ескене деген алыс ру болса да, қысталаңда Құнанбайдың анық сенетін жігіті осы.

Құнанбай ел ішінен жүріп кетті. Ұлықтар да тегіс кетті. Бірақ кешегі осы елдің ұлығы болған аға сұлтанға енді не істейтінін айтпай кетті. Түсіре ме, тіпті, орнында қалдырма ма? Онысын да сездірген жоқ. Байдалылар барын салып, тым құрыса, осы жағын білмек еді.

Бірақ, әйтеуір, кеше ел шауып ығыр ғып отырған Құнанбай өз ықтиярынсыз дуанға шақыртылып кетіп отыр. Соғысқан, белдескен күнінде жеңе алмай қалғаны тағы бар.

Осының өзі де Жігітек, Бөкеншіні қатты қуантқан. Қазіргі күндер ол рулардың үсті наурыз күніндей мәре-сәре. Айтшыласқан елдей ойнақ салу, бала-шаға емес, үлкендердің өздерінде де пайда болды.

Бірлесіп қарсылық көрсеткен үш ру ел біржолата қабындасып, құшақтаса араласып жатыр.

Осымен қатар: “Құнанбайды елге қайтартпаймыз, айда-тамыз, үстінен арызды айдап, су түбіне біржолата кетіреміз, Бөжей кегін аламыз! Өлі әруақ қарғысын мұның басына жеткіземіз!” деген ызғар, қайрат та күшті. Арыз, пірғауарларын камдатып, тағы сол Түсіпті жөнелтпек болысып та жатқан.

Бірақ осы кезде Қаратай, Байғұлақ кеп килікті. Арлыберлі көп ырғап, көп қажап кеп, арыз дегенді тоқтаттыратын болды. Жігітек сөзінің иесі Байдалы еді.

Қаратай соған ауыр салмақ салып, асылып кеп:

— Тынбаймын дегенді мақұлдамаймыз. Ара ағайын біз келіп отырмыз. Бұл тынымсыздық Құнанбайды өкіндіріп отыр, әнекей! Одан жер ал! Есесі кетіп ойсырап қалған елдеріңнің қызылын толтыр! — деген.

Осы сөздер екі-үш күнге созылып, көп ырғаққа түсіп жүрді де, ақыры сол Қаратайдың дегені болды.

Байдалы бірақ жер жағынан ойдағысын бұйырды. Құнанбайдың он жыл бойында, тірнектеп жүріп, тартып алған

жерлерінен дәл он бес қыстау қайтып алды. Жігітек, Көтібақ, Бөкенші, Торғай – бәрі де, әлденеше қоныс, қыстаулардан алысты. Алғанмен сол төрт рудың рубасылары және малды, жуан ауылдары алатын қыстаулар боп шықты. “Көптің дерті, көптің жоғы” деген “мұның” бәрі, тоқырау жерде сол Байдалы, Байсал, Сүйіндіктердің өздерінің қыстау басуымен аяқталған. Оған орай көпті малмен, сойыспен, ат майы және тайынша-торпақ, соғыммен ырзалаған болысты. Бұл ретте берілетін мал-мүлікті Ырғызбай түгел бөлісіп көтерген.

Құнанбай кеткен соң, он шақты күн өткенде, бұндағы елдің арасы осылай боп, өзінше тыныштана бастады да, арттан қуа кеткен арыз болмады. Қыстау алып, мал алған рубасылар енді елдеріне осы жеңістерінің өзін де қуаныш деп қайта таратты, мол таратты. Арада тағы да әлденеше көкқасқа айтып, күндіз-түн көл-көсір қып мал сойып, қалжыңға, күлкі-айғайға, ән, жырға бөленіп, ұзақ қызық көріп жатты.

Ұрыс-қағыс басылып, тіршілік сабасына келгелі жұрт Жидебай, Мұсақұл сияқты қыстаулардан кетіп, ойға қарай ілгерілеп, көшіп келе жатқан.

Әр ру, әр ауыл өзді-өз күзектеріне қонып жатыр. Жайлаудай, қыстаудай емес, енді тарап қонысатын болған. Бұл кезде, оқта-текте болмаса, қалың ауылдар азырақ кездеседі.

Құнанбай ауылдары да бір-бірінен шанжау-шанжау болатын. Тобықтының кең өріс, мол дала, көп адырлары осы “Бауыр” деген күзекте. Күзектің ақ от, қара отын қыс түспей малға жақсылап жегізіп, тойынта түсу үшін ауыл-ауылдар шашырай қонғанды тілейді.

Зеренің аулы биылғы күзекке жылдағыдай ұзап кетпеді. Жидебайдан үш көшіп, Есембайға жетті де, “күземді осында алып, қыстауға ерте қайтамыз” деп, жұрттың бәрінен кейіндеп қалған.

Биылғы күз аса салқын. Қара суық желі де, бұлыңғыр жауыны да ерте иектеп, мезгілсіз бүрсендетіп тұр. Қыс ызғары ерте білінетін болса, қыстауға жақын отырған артық. Ұлжан кәрі енесі мен балаларының жайын ойлап, әдейі осылай тартынып қалған. Қастарында көрші елден үш қана шағын ауыл бар.

Абай әкесі кеткелі үйден шыққан жоқ. Бірақ Жігітек жағының желігін, асыр-сауығын, мәз-мерекесін естіп жүрген. Ырғызбай жағынан тиген он бес қыстауды азулы мықтылар

басқанын бір есітті. Артынан тағы да сол жуандардың өздері ішінара әлі ұғыса алмай, енді бірінен-бірі қызғанысып, қырбайласып қалып жүр дегенді де есіткен. Бұндай хабарларға Абай бір түрлі сыншы үлкен жанша қарап, наразы боп күлуші еді. Бөжей намысын қуғандары шын болса, ол намыс, ол ар деген нәрселер оңай ма еді?

Сондай кірсіз, шетін, ақ нәрсені жермен, қыстаумен емдеуге бола ма екен? “Ел жылады... Елдің белі талды. Көп қысылды” дегендері көне? Абай осыны да көп ойлап, аса бір қиналып, қысылушы еді. Ақыры ол шерудің барлығы осы адамдардың өз жемсауын тойдырса, тыпа-тыныш басыла қалды екен.

Осындайларды қазып ойлап, Абай осы күзде бар үлкенінің шама-шарқын танып алды. Таныған сайын басын шайқап, қыжалданып қояды. Көбінесе, тани тыңдап, мысқыл ете күледі. Сол себепті: “Жігітек масайрап, шат-шадыман боп жатыр. Біз мырзаның артында жабырқап, уайым ойлап отырғанда, олар сүйсініп, ойнақ сап жатыр!” деп Ырғызбай кісілері қорланған уақытта, кіжініп, күйген уақытта да Абай оншалық шіміркенбейтін. Әсіресе, күйік шегіп, қызғанбайды.

Көбінше үндемей, езу тарта береді. Осындай бір оқ өтпес сауыт тауып кигендей. Көптен бөлек, өзінше оқшау, қатаң өсіп келе жатқан тәрізді.

Соңғы күндер көбінше домбыра алып, мөлдір күйлер, сұлу әндер тарта беруші еді. Бүгін кеште де ат үстінде біраз жүріп кеп, шешелерінің үйіне кіріп, Ғабитхан, Тәкежан, Оспан және бірнеше малшылар отырған уақытта домбыраны қолға алды. Ширақ тартып отырып, бір кезде аса бір өткір мысқылы бар қызық өлең айтып шықты.

Сөзі ұнап қалды, білем, Ұлжан: “Бұл кімнің өлеңі екен езі?” деп еді. Абай жай, шындап қана:

— Байкөкшенікі! Сол айтыпты! — деді.

Өлең Байкөкшенікі емес, өзінікі болтын.

Осы күз бойы, әсіресе, қыс түсіп, Жидебайға тамға орныққан соң, Абай домбыраға қатты зер салды. Біткенбай домбырашы, Тәттімбет домбырашы деген атақты күйшілердің тартысына салып, бұған домбыра үйрететін кәрі күйшілер табылды.

Бір жағынан домбыра үйрене жүріп, Абай осы кездерде Байкөкше айтты деген әлденеше мысқыл, әзіл өлеңдер естіріп

қойып жүрді. Қыстауға келісімен, Ғабитхан молда Оспан мен Смағұлды қайта жиып, оқу бастаған.

Абай солар қасында ұзақ отырып, кітап оқиды. Кейде Бабыр, Науаи, Аллаяр сияқтыларды оқып-оқып кеп, өзі де қағаз, қарындаш алып, соларша бірдемелер жазып кетеді.

“Ғашық оты, мағшуқа” деген сарындар жетектей береді. Өзі әлі өмірінде сол көп естіген мағшуқамен жүздесіп, тіл қатысып, ләззат алысып көрмесе де, көңілмен аса нәзік сезініп, дем тартады. Ұмыттырмай, айықпай, лебі тартып жатқан бір ыстық жан бар. Ол – араздық, жаулық ар жағында, кешегі төбелес, алыс-жұлыс атаулының ор, жырасының ар жағында қалып қойған, алыстап тұрған – Тоғжан. Соны көп-көп еске алады. Биылғы қыс бойында қағазға жазған азды-көпті өлеңнің бәрін қорғаншақ, батылсыз жүрекпен соған арнайды. Осы қыста: “Әлиф деп ай юзіңе ғибрат еттім” деген бір кітапша сыпайы жыр жазды. “Ақ етің аппақ екен атқан таңдай” деген өлеңі енді түгел аяқтады. Кейде Тәкежан, Ғабитхандарға домбыраға қосылып, әндетіп айтып беретін де болды.

Оқта-текте үйден шықса, Абай қара ауыз сары тазыны ертіп, қоян қуатын.

Біrer рет Шыңғысқа, Қарашоқыға барып, Күнкенің аулында жатып, Құдайберді деген ағасының қасында болды. Құдайберді ерте үйленген. Осы қыста оның үшінші ұлы туыпты.

Күнкенің аулы Құнанбай турасынан ертерек хабарланып тұрады. Бұрын аға сұлтанның кеңсесі орнаған жер осы бәйбішенің аулы болатын.

Шыңғыстың бөктері мен бір қабат ішінде қыстап отыратын Ырғызбай да, өзге қалың ел де молырақ. Хабар-ошар көп болатын себебі де сол.

Әке хабарын үй іші сұрастыра бергенде, Абай әдейі осында келіп, әр нәрсені есітіп қайтатын. Бірақ сол хабар үшін келумен бірге, Абай Күнкенің әр алуан, жайсыз мінезін де көруші еді.

Құнанбай кеткелі Күнке Ұлжанға кінә таққыштап, Абайдың көзінше де әр түрлі сөздер айтады. Соның үлкені:

– Мырзаның жайы не? Не күйде жүр? Оны ойлап Ұлжан қысылмайды ғой. Қысылса, ағайынды, елді жиып үлкен үйді мырза бардағыдай қан базар ғып отырмас па еді? Көшсе, жұрттан оқшау көшеді. Қалса, Жидебайда жалғыз ауыл қала-

ды. Арттағы елге ұйтқы боп, асын беріп, ерінің тілеуін тілетіп отырғанның орнына өз тыныштығын сүйеді. Бар елдің күтімі де, шығыны да бізде. Тауқымет біздің мойында! — деп жазғыратын.

Ұлжанның атқамінер атаулыны өз аулына жия бермейтіні рас. Шыңғыста, қалың ел ортасында болғандықтан, Күнкенің қазан асысы, қонақ шоғыры мол екені де рас.

Қазір бұл үйдің сойысы Ұлжан үйінен көп болғанға Күнке, әсіресе, күйінеді. Ол да күндестіктің, бәсекенің бір киын, шытырман жері болатын.

Мал амалсыз сойылып, жиі шығындап жатыр. Сол шығын өскен сайын іші ауырып, ең ақыры, осы кездерде Ұлжанды абысын-ажынға да, ағайын-жақын, үлкенге де, тіпті, балашағаға да жамандай бергіш боп еді.

Абай бұл шешесімен дауласпайды. Айтқанын үндемей, салқын ғана тыңдайды да, сол арада ұмытуға тырысады. Өйткені шешесі Күнке айтқанды оның баласы Құдайберді айтпайды. Ол әрқашан Абай келгенде қуанып қарсы алып, аса қатты бауыр тартады.

Күнкенің сөздерін Абай өз шешесіне де жеткізген емес. Бірақ Қарашоқыға барып қайтқан сайын, үйдің оңашасын тауып, әжесіне айтып, сонымен ақылдасатын. Әжесі Күнке сөздерін тыңдап-тыңдап кеп:

— Елеме, ол сөзді! Қай үйдің қай жөнмен жүретінін сол білетін шығар. Күндестік деген сұм мінездің ызғары ғой! Күнке мен Айғыздан сондай бықсық шықпай жүре ме? Шешене айтпай-ақ қой, өзім тыямын! — деген.

Айтқанындай, Зере бір күні Ызғұттыны шақырып ап, Күнкеге әдейі жұсап, жаңағындай сөздерден тыйылсын деген. “Одан да үндемей шыдап, байының елі-жұртын, қонақ-қопсысын сыр бермей, сыпсындамай күтсін” деді.

Құнанбайдың ауылдары мен ағайынының жолаушыны күтуі ұзаққа созылды. Бұл жақтан алған он бес қыстауға Байдалы, Байсалдар таласа, қырбайласа жүріп, әлдеқашан қонып алған. Күз белгісіз өтті. Қыстың да тең жартысы ауып барады. Құнанбай қайтпай жатыр. Тек ай сайын ғана қасындағы жігіттерін кезек-кезек жіберіп мал алғызады. Үйлеріне әр шаруаның жөнінен сәлем айтады. Амандығын білдіреді.

Өз ісінен анық берген хабары — барысымен аға сұлтандық орнынан түсіпті. Енді соның арты оңай айыға ма? Тексерумен дуан жібермей жатыр деп, қысқа ғана белгі береді.

Анығында, Қарқаралыға жаңа аға сұлтан сайланған. Ол — бұрын бір болып түсіп қалған Бөкей төренің нәсілі Құсбек. Бұл қайта болысымен Құнанбайға жақсы қараған жоқ. Өткен сайлаудан қалған кегі бар. Және, тегінде, Баймұрын арқылы Бөжей жағын ұстанып келген кісі.

Аға сұлтандар ауысса да, Майыр ауыспаған. Ол да Құнанбайға оң қарамаған кісінің бірі болатын. Осы екеуі Құнанбай ісін күзден бері созып, астыртын шолақ қағаздармен бірге Омбыға, көрпіске беттетіп жатқан. Тергеуді Құнанбайдың өзіне білдірмей, солай ауыстырмақ. Олай әкетсе, Құнанбайдың айдалуы да ғажап емес.

Осы жайын бірер айда анық сезген Құнанбай Қарқаралыдағы жанашыры Алшынбай сияқты кісілерді іске қосты.

Араға Алшынбай кіріскен соң, істің бетін Құсбек жеңілге саймақ боп, босаңси бастады. Бірақ кетіп қалған азын-аулақ қағаз бар. Омбыдан келген шенеунік пен көмейі кең Майыр бар. Осылардың бабын табуды Алшынбайдың өзіне тапсырған. Бұның арты ақша, пара, үлкен-үлкен жем деген сөз. Қыс түсіп, мал арзандады. Семізін елден алғызуға жер мойны қашық. Құнанбай да, Алшынбай да ақшадан қысылды. Сол кезде қыстың орта тұсына жақындағанда Семейдің үлкен саудагері Тінібек бай Қарқаралыға келді. Көп жәшікке тең-тең қып бұл тиіп келген. Қарқаралы халқының барлық соғым терісін бір өзі баурап, жиып алғызбаққа келіпті.

Тінібек Құнанбай мен Алшынбайды ел-елдің ішіндегі өз саудасына керек, мықты тірек деп санайтын. Несиеге бұл беріп, қойын — торпақ, торпағын өгіз ғып, қызыл елтірісін құнан қой қып елден жиып алу үшін бұл саудагер сол елдің жуандарына сүйенбекке керек. Тартып та, қорқытып та алып беретін солар. Құнанбайға осы ретпен бейімдеуден басқа, былтыр Семейде Тінібек құда болайық, жақындасайық деп те бір қолқа салған.

Ол кезде Құнанбай қаланың саудагеріне қыз беруді намыс көрді. Жұрттың: “Аталы жерге бермеді, бұлға берді” деген өсегі болар деп те қорықты. Жарытып жауап бермей, құр дәмелендіріп қана кеткен.

Қазір ақшадан қысылған Құнанбайға Тінібек сол сөзін қайта салды. Алшынбай араға жүріп, екі жағын құда қылды. Құнанбай Мәкіш деген қызын Тінібектің баласына атастыратын болды.

Осыдан соң ақша сандығының аузы ашылып, Майырдың топсасы да босай бастаған.

“Омбыдан келген Чернов деген шенеунік қиын бола ма, сол алмай жүре ме?” деп, Құнанбай күдік қып еді.

Алшынбай мен Қасқа тілмаш екі кеш оңаша айналдырып, қонақ қылды да, жақсы хабар әкелді. Алшынбай күліп келіп:

— Күзден бері осыны бір қанды қақпан көріп жүр ем. Тілеуің бергір, құлқын осынікі екен ғой. Көзді жұмып қылғи беретіннің өзі осы боп шықты. Тіпті, талғар да, таңдар да емес. Ылғи қызыл бер деп, тағы керілмейді, қыл-қыбырды қоса жұтқызсаң да е-е дер емес! — деген.

Сонымен, Құнанбай ісі пара арқылы ұшталып болды да, ем-дем істеліп жетіп, енді қағаз атаулының тоқталып жойылуы ғана қалып еді. Дәл осы кезде Омбыдан бұйрық сап еткен-ді. Бұрын жіберілген болымсыз қағаздар жөнімен көрпіс Құнанбайды және оның барлық “жұмысын” Омбыға әкел деп Майырға бұйырыпты.

Қарқаралының пара жеп қойған бұл ұлығы енді қатты қысылды. Құнанбайдың Омбыға жүруі даусыз болды. Осы ортада Құнанбай өз аулына тағы да кісі шаптырған. Ел іші Құнанбай Омбыға кетеді екен дегенді естігенде айдалды, жазаланды деп түсінді. Жігітек, Бөкеншілер: “Құнанбай кесіліп кетіпті. Итжеккенге барады” деп бір сөйлеп, “Жоқ, Тескентауға, Темірхан шораға кетеді” деп бір лаулап, неше саққа мінгізіп жатты.

Құнанбай дәл өзінің үйлеріне және, әсіресе, шешесіне сәлем айтып: “Қорықпасын! Бір сапар барып қайтсам да, түбі қайыр болар!” деген.

Жалғыз-ақ, Құнанбай не десе де, осы хабардан соң, Зеренің күрсінуі күшейді. Үндемес уайымы, ұзақ намазы көбейді. “Жалғыз... жалғыз-ақ еді сорлы...” деп, кейде намаз арасында байқамай, “күбір” етіп дауыстап сөйлеп те қояды.

Алшынбай, Майыр, Чернов және Тінібек төртеуі Омбы бұйрығы келген соң, ең әуелі Құнанбайды сол Омбыға жөнелту қажет деп тапты.

“Жібердік” деп Омбыға “үкілі почта” жөнелтіп, Майыр өзі де қағаздарды алып ілесе шықпақ. Содан арғысының есебі жолда табылмақ. Жолдан қалса Омбының өзінде бітпек. Қалай да осы Майыр өзі барып, құтқарып қайтпаққа серт етті.

Сонымен, Құнанбай жүріп кетті. Көлігін, жылы шана-сын, жол азығын, қос аттарын шетінен ортан қолдай қып сайлап алды. Қойын-қонышқа ақшаны да сықап алды. Құнанбай қасына үш жігіт ертіп, тартып кетті.

Бірақ не дегенмен Омбыға қарай беттегелі Құнанбай көңілінде күдік көп. Әсіресе, діні бөлек, сыры бөлек Майырғой деп, параны көп алса да, көп уәде берсе де, сол Майырдың өзіне сенбейтін. Дәл кетерінде Алшынбай мен Тінібекке:

— Соған, сол жағына уақып болыңдар. Әбден барды айтысып, ашық айтысып арылыңдар да, менің артымнан шапқыншы жіберіп, хабар етіндер! — деген.

Бұл уәде бойынша Алшынбайдың пысық жігіті Көккөз дәл үшінші күні Құнанбайды қуып жетті. Күн аяз болғанмен, ашық, жалтыр еді. Шапқыншы қос атпен салт қуып келіпті. Екі құла айғырдың қалың жалдары төгіліп, ұзын кекіл мен күлте құйрық — бөрі де қырауытып, шаңыта түсіп көпсіп тұр. Бауыр мен жондарынан бу бұрқырайды. Қап-қара тер басыпты. Қатты шабылған екен.

Көккөз Құнанбайды шанадан өзі түсіріп, қолтықтап оқшау шығарып алды да, көп күбірлесіп, бар сәлемді айтып берді. Аздан соң бұл жігіт оң сапарды көп-көп тілеп қала беріп, Құнанбайдың жүрдек тройкасы тағы да тарта жөнелді.

Қасындағы Мырзаханға Құнанбайдың жалғыз айтқаны:

— Майырды Керекуде тосыңдар! Тосып алып, содан әрі бірге тартыңдар! — деді.

— Өзі, әйтеуір, азбай ма екен? — деп, Мырзахан қадалып еді.

— Азбас! Азып сонша не бопты! — деп, біраз отыра түсіп: — Бірақ, әлі өзіміз көрсететін бір қайрат та бар. Дер кезінде айтармын. Белінді әрдайым бекем бұғайсың! — деді.

Майырдың ниеті дұрыс болғанда, осы Омбыға жүргізгені қалай екенін Мырзахан түсінбеуші еді.

Оған Құнанбай:

— Солай істелу керек! Көрпіс алдында әмірін орындап, мені жүргізгенін, өзі де шыққанын, айтқанды екі қылмағанын таныту керек. Ақталып қайтатын болса, кісіге Омбы деген осы тұрған жер емес пе? Оны күдік көрме! — деген.

Керекуде Құнанбай үш-төрт күн аял қылғанда, шапыраш Майыр қуып жетті. Келген күні кешке ол Құнанбайды өзі түскен пәтеріне шақыртыпты. Құнанбай қасына жалғыз Мырзаханды ертіп барған.

Майыр Керекудегі өзінің жақын ашынасы Сергей деген қазағуар көпестікіне түскен.

Үй иелерінен бөлек, оңаша сәнді бөлмеде Майыр Құнанбай мен Мырзаханды қабыл алды. Өзі Қарқаралыда тілмаш ұстағанмен, қазақшаға ысылып қалған болатын.

– Ал, Өскенбайыш мырза, енді сені айыптайтын қағаздарды көрмексің ғой, солай емес пе? – деді.

– Көрсет енді! Тек бірін қалдырмай, бәрін көрсетші!..

– О-о, мен көрсетем! Мен сені алдамаймын, Алшынбайға уәде бергем, көрсетем! – деп, есікті бекітіп, жол сумкесін ашып қойып, будақ-будақ қағаздар шығарды. Қат-қат қып кітапша етіп тігіп, тізіп тастапты. Бір құшақтай болды.

Осы қағаздарды шығара берген кезде Құнанбай тоңған кісі тәрізденіп, қалтырай түсіп, екі алақанын уқалап:

– Майыр, осы үйің суық па, тоңып отырмын! От жақ-қызшы! – деді.

Майыр азырақ ойлана қарап тұрды да, күтуші малайды шақырып, бұйрық берді.

Қызметші үйге отын кіргізіп, пештің қақпағын ашып, маздатып жағып жіберді. Бұл кезде Майыр екі бөтелке коньяк алып, закускасын шығарып, Құнанбайға ұсына түсіп, іше бастады.

Құнанбай Мырзаханға ішкізіп, өзі Майырға: “Іш-іш” деп, ұсына түсіп, әңгімені созып отырды. Аздан соң пештің іші лаулай жанып, қызыл шоққа айналып келе жатыр екен. Бұл уақытта Майыр коньякты көбірек қарбытып жіберіп, масая бастап еді.

Құнанбай үстел үстіндегі қағаздарды бір түртіп қойып:

– Майыр, екеуміз бірге де талай істестік. Дәм-тұзымыз араласты ғой. Енді мені айыптайтын басқа қағаздарың болса, бәрін түгел шығар! Түгел көрсет! Тамырлығым сол болсын! – деді. Майыр:

– Жоқ енді! Өскенбайыш, құдай бар ғой... бәрі осы! Бір де қағаз қалған жоқ! – деді.

Құнанбай сол уақытта орнынан тұрып кеп, Майырды ту сыртынан құшақтап, қос қолын сыртына топшыдан қайырып тұра қалды да, Мырзаханға қатты бұйрық етіп, пешті басымен нұсқап:

– Тұр, Мырзахан! Сал, өрте ана қағаздардың бәрін! – деді.

Майыр масайып қалып, өз міндетін ұмытқаннан ба, болмаса Құнанбай бір өзгеше жамандық еткелі жүр деп сескенгеннен бе, әйтеуір, бұлқынып, алыспақ тәрізденді. Бірақ Құнанбай жасында үлкен жауынгер, найзагер болған. Әлі де қатты, қайратты болатын. Майырды тыпыр еткізбеді.

Мырзахан бұл уақытта бар қағазды құшақтап апарып, отқа тоғытып жатқан. Майыр құтыла алмасын білді де:

— Е, Өскенбайыш, қойсаңшы! Законды қайтесің, Өскенбайыш, қойсаңшы! — деп жалынған тәрізденді. Мاستық па, көлгірлік пе, айыру қиын. Оқта-текте жұлқынған боп:

— Осылай ма еді? Өртемейік, жоқ қылмайық та бәрін! Мен қайтемін? — деп қояды.

Бірақ осының бәрі оның шыны емес. Құнанбайға ең жақсы септік әрекетін әлі де бұлдай түсіп, әлі де қымбатқа сатпақ. Бұл ажарды көптен сезген Құнанбай, түбінде орайы келгенде ендігі соңғы қимылды өз қолымен істеп көрмек боп, әлдеқшан байлаған.

Аздан соң қағаздың бәрі лапылдап жанып, тегіс өртеніп, қап-қара қалың күл боп бітті. Мырзахан мен Құнанбай осы уақытта пешті жапты да, бір-біріне қарасып, үндеспей күлісіп қойды. Майыр орындық үстінде ұйықтап қалған кісінің қалпында, шалжиып, көзін жұмып қапты.

Құнанбайлар бұған: “Қош, қош” десті де, шығып кетті. Өзгеше қонақтары кетісімен Майыр атқып тұрды. Өзі де, қозғалысы да шып-ширақ екен. Басын сілкіп, “дір” етіп, тағы біраз коньяқты төңкеріп ап, іске кірісті.

Ендігі серігі осы үйдің иесі Сергей, сол екеуі ертеден байлап қойған уәде бойынша қораға шығып, Сергейдің бір кішілеу сарайын өртеді. Сарай ішінде Майыр мініп келген үлкен шана, азын-аулақ қамыт-сайман және сол шана ішіне тасталған киіз, азын-аулақ жәшік, аса көп ескі қоқсық қағаз жанды.

Бұл істі білген, көмектескен Сергейдің пысық “дабернайы” Мишка болатын.

Сергей өз қорасында осындай өрт шығарумен Майырдың жеген парасын және заңға қарсы істеген қылмысын жапты. Бұл іс — “еруліге қарулы”. Былтыр Қарқаралыда қазынаның пұлын Сергей мықтап жеп барып, сынған уақытта, Майыр осындай жалған өрт салып, өзі акт жасап, қол қойып, Сергейді құтқарып кеткен. Мынау топас, арам айланьң бәрі соның орайы болып шықты.

Осы түннің ертеңінде Сергей өз қаласының белгілі жем-кор дуанбасына өздеріне мәлім жолмен куәлік жасатып, “қағаз ортенгенін” Майырға акт қып, нықтап бекітіп берді.

Сонымен, арада бес күн өткенде Құнанбай бір бөлек, Майыр бір бөлек боп, Омбыдағы көрпіске келді.

Көрпіс кеңсесі Құнанбайды сол келгеннен он шақты күн шолақ-шолақ тергеді де, ақырында айыпсыз тауып, босатып шығарды. Майыр бар ісін жым-жылас аяқтап алып, дуанына қайтты.

Сондай жолдармен ақталған Құнанбай Қарқаралыға қайта келгенде, “сүйінші” тілеген шапқыншы Тобықтыға қарай ұйтқи шапқан. Құнанбай өзі ауылға қайтуға асықпай, Қарқаралыда тағы да біраз жатты.

Мырзахан Омбы сапарын Алшынбай аулына және басқа сыр шашпайтын тілеулестерге үлкен ертегі қып айтып жүрді.

Оның әңгімесінше, Майыр барынша қас еді. Қағазды, заңды көрсетіп Құнанбайға: “Мынамен құртам, мынамен жоқ қылам, мынамен қайтіп құтыласың?” деп табалап, мақтанып, жайып салған боп шықты. Майыр сондай қастығының үстіне ақымақ, аңғал болып та әңгімеленетін, онысына сенбейтін тыңдаушы болған жоқ.

“Тап солай” десіп, бастарын шүлғи-шүлғи иланып еді. Осымен қатар Құнанбайдың “жүрек жұтқан ерлігі, айла-тәсілі” өзінен-өзі, атамай-ақ әйгіленіп жатты.

Бұл ертегі алғашқы шапқыншымен Құнанбай ауылдарына неше қабат ұлғайып, өрекіп жетті.

Майырмен және бар Қарқаралы ұлығымен қайта табысқан Құнанбай көктемге шейін қайтпай жатып, енді ұлықтығын қайта қуды. Бірақ бұдан былайғысы аға сұлтандық емес.

Қар кетіп, көк алғаш тебіндеп шығып, жер дегди бастағанда Құнанбай Қарқаралыдан шығып, Тобықтыға қайтты. Ендігі қайтысында Тобықтының старшыны Майбасарды орнынан түсіріп, соның орнына өзі сайланып қайтып келе жатыр.

Бұл хабары да Құнанбай дуаннан шықпай-ақ ауыл-аймағына жеткен болатын.

Осы көктемде Абай көңілі бар дүниенің дырдуынан, бар адамның реніш, қуанышынан оқшау кеткен, оңашаланып кеткен бір өзгеше құпия сырдың соңында еді. Сол сырына

Абай бар жүрегімен, бар қиял сезімімен шомған болатын. Домбырамен, хатпен де талай шыншыл жыр айтты. Жыр емес, жас жүректің тебіреніп толқыған сырын айтты. Бірақ ол ғана емес, айтылған жыр аз ғана. Айтқанының бәрі, көңілінің бары емес. Әлдеқайда бері жатыр. Егер көкірегің ақтарып, іште барын көрер, тыңдар, ілтифат етер жар болса, айтылып болмас, тілмен жетпес әсем саз, шерлі наз сонда жатушы еді. Ойда барын жеткізе алмай, кеудеде тыныс біткендей құста болған шағында, Абай қатты сенделіп, қиналып кетіп:

– Япырмау, қайтем енді? Хат шорқақ, тіл мақау! – дейтін. Көңіл сезгенін, тым құрыса, өзгенің көзін иландырардай қып айта алмағанына күйеді.

Сол айтылған, жазылған жырлар әлі күнге Абайдың өзінде, өз бойында. Аталған, арналған жеріне бірде-бірі жеткен жоқ. Үміт бар ма? О да жоқ! Тек жалғыз шерленіп, тебіренеді. Тек жалғыз қиял медеуі құлаққа кеп ап-айқын соғып, бір жақындап, бір алыстап кететін шолпы сылдыры. Атқан таңның ақ, қызыл шапағындай үлбіреген алқызыл шұғыласы. Көз алдынан сол жүз кетпейді. Ұмыттырмайды, тастамайды.

Күн жылынып, қар кетуге айналып, мейірімді анадай жарқыраған жақсы күн келгенде, Абай тақат қыла алмай, атын ерттеп міне сап, бет қараған жаққа таман жортып кететін. Болымсыз сылтауы – сары тазы. Ауылдан шығып ап, кейде ағызып шауып жөнеледі. Қоянға тазының өзі іздеп жүріп кездеседі. Абай оның әрекетін әрі-беріден соң ұмытып та кетеді.

Кейде сары тазыны жоғалтып алып, анда-санда есіне бір-ақ түсіріп, айқайлап шақырған болады. Тазысы қалың қорық ішінен кей уақыт қоянды айдап шығып жазыққа шығарып, көсілте қуғанда да, Абай аңырып, түсінбегендей боп, сілейіп қарап тұрып қалады.

Тағы бір кезде көз алдында қоянды ұйпалақтап, жетіп соғып, тосып тұрған тазыға қарамастан, қасынан салғырт өте береді.

Әдетте, иесі түсе қап айырып алатын еді, жегізбейтін еді. Сары тазы енді таңқалып тұрып, ақырында Абай ұзап кете бастаса, тынышсызданып, үре бастайды. Оның да әсері болмайды. Тазы бұл мінезді, тіпті, түсінбей аласұрып, маза-

сызданып, иесіне бір ұмтылып, қоянға қарай бір шауып, өз еңбегінің соншалық қадірсіз болғанына қатты қиналғандай болады. Абай бұл уақытта да шімірікпейді. Сонан соң сары тазы тақуалықты қойып, иесінен бөлініп қалып, жаңағы алған қоянын талқан қып жеп, сылқия тойып алатын, аузы-мұрны қан-қан боп, иесін қуып жеткен жерде ғана Абай өзінің салғырттығын байқайды.

Бірақ көңіліндегі күйінің желісін үзбейді. Ұзақ сұлу әнді елти сүйіп жырлағандай боп, ұсына береді.

Қарсылай соққан қоңыр жел былтырдан қалған сар көденің басын изетіп, бұралып ессе, Абай тымағын алып, маңдайын төсеп, ұзақ тұрады. Шыңғыстан, Түйеөркеш, Қараяул жақтан соққан жел де бір жақындық леп әкелгендей бола ма? Бейіс үстінен соғып өткен райыс, шафқат желіндей еміренте ме? Рас, сөйткендей болады.

Бір күні тағы да барлық пен бұлдыр арасындай, тірлік пен қиял арасындай бір түс толқынының құшағында жапалғыз тұрғанда, қасына бір салт атты желіп келді.

Жапан түзде оқшау келген жолаушы Абайды селт еткізіп, оятқандай болды.

Байқаса, бір бөгде адам. Жас жігіт. Абай өзі қорықтың шетінде бір қыратқа таман шығып тұр еді. Жат жолаушыға суық қарады. Бірақ анау жігіт жымыып, танығындай боп, жылы ұшырап келеді. Жете бере Абайдың атын атап амандасты. Абай енді ғана таныды. Тани сала екі беті ду етіп, қып-қызыл боп қуанып кетті.

Бұл былтырғы Тоғжан аулынан қайтарда Абай танысқан Ербол екен. Өзінің кенет өзгергенінен Абай қысылып қалды.

Бірақ Ербол мұның өзгерісін байқамаған екен.

— Аң аулап жүрмісің? Итің қайда?

— Ит осында... Жаңа осы шиде жүр еді... — деп, Абай итін енді ғана есіне алып, артына қарады.

Сары тазы бұл уақытта шиден шығып, жортып келеді екен. Ербол тазының түсіне қарай сала күліп жіберді.

— Жарайды, аңшы-ақ екенсің! Осындай тоқ итпен аңға шыға ма екен?

— Қой, тоқ емес-ті!..

— Бәле, мынау не? Бүйірін қарашы! Жаным-ау, өзі не жеген? Жаңа ғана жепті? — деп, айнала қарап тұрып, төсіндегі

қанды көрді де: — Өзің итіңнің аң алғанын да білмепсің ғой. Мынау қоян жепті ғой! — деді.

Абай аздан соң тазыны сөз қылғанды қойып, Ерболды басқа әңгімеге әкетті. Қасынан жібермей көп жүріп, ұзақ сөйлесіп кеп, аулына шақырды.

Ерболдың қолы бос, жай ауыл қыдырып жүр екен. Абайға мейлінше көңілденіп ерді.

Осы кездескеннен бастап, Абай Ерболды бес күндей жібермей, өз аулында қонақ етті. Неше алуан ойындар ойнады. Әңгімелер айтысты. Кеш сайын ән салып, ұзақ сауық құрысты. Сол күндер ішінде Абай өз өлеңдерін де айтты. Ербол ендігі сырласы боп алды. Өмірінде алғаш рет осы жігітке Абай өз жүрегінің сырын ашты. “Тоғжанға білдір” деп ашты.

Ербол осыдан соң барлық Абай айтқан өлеңдерді жаттап ап, жас жігіттің жан сәлемін Тоғжанға жеткізбек боп жүріп кетті.

Арада айдай созылған үш күн өткенде, Ербол Жидебайға қайта кеп, Абайды ертіп алып Шыңғысқа, Түйеөркешке қарай тартты.

Абайдың жалғыз арманы бір ғана оңашада жүз көрісіп, сөйлесу болатын. Сол арманын Ербол апарып, әуелі Тоғжанның жеңгесіне, Асылбектің келіншегіне айтыпты. Сәлемге айтқан өлеңдерін айтып беріпті. Ол жеңге Тоғжанмен барынша сырлас, тату болатын. Өмірінде әлі күнге қайын сіндісі мен өзге жігіттің арасында делдал боп көрмеген-ді. Бірақ мынау жол оған да өзгеше көрініпті. Ербол да сөзге жүйрік, қолқасын өткізе білетін отты, жұғымды жігіт.

Әйтеуір, сол жеңге мен Ербол екеулеп отырып, Тоғжанға Абайдың бар өлеңін естіріпті де, ақырында бір жол жүз көрісуге көндіріпті.

Тақат, сабырдан айрылған Абай Түйеөркешке қалай жеткенін аңғарған да жоқ. Ымырт жабыла бере екі жігіт тау ішіндегі Ербол аулына келді.

Кішкене кедей қорада Ерболдың өз үйінен басқа үй жоқ екен. Бұл қыстау Қарауыл суының бер жағында. Сүйіндік қорасы өзеннің ар жағында бір шақырымдай жерде.

Маң төбеттері үріп, мұржаларынан түгіндері будақтап, қарауытып, мол дүниедей боп тұрған бай ауыл. Иелері Абайға араз, бөтен ауыл. Онда Құнанбайдың баласы баруға жол жоқ.

Әсіресе, мынау келген сапарынан қастық пен қаттылығын аямайды. Әділбек, Асылбектер — бұл өңірдің намыскер, мықты жігіттері. Олар жау ұлының ниетін білсе, өлердей өртенеді.

Соның бәрін есептеген екі жігіт түн болғанша өзеннің осы жағында қалды.

Түн келіп, уәделі уақыт өткен соң, Ербол мен Абай жаяулап қана арғы жағаға өтті. Ауыл ұйқыда, иттер де тыныш.

Мал қораның есігін Ербол ептеп ашты да, Абайды түйе қораның ішіне енгізіп, өзі қараңғыны сипалап жүріп кетті.

Абай сол қараңғыда тапжылмай, тынысын тартып тұрған шақта, өз жүрегінің тоқтаусыз дүрсілін естіді.

Аз уақытта Ербол қайта кеп, мұның қолын алып, сыбырлап:

— Құдай берді! Асылбек бүгін үйде жоқ екен! Қазір соның отауына кіреміз! — деді.

Абай ақырын сәлем беріп, жасаулы отауға кіргенде, аққұба жеңге төсек жанында тұр екен де, Тоғжан жерде көрпе үстінде отыр екен. Табалдырықтан төрге шейін жайылған әдемі алаша. Тамның бар қабырғасы түскиіз, жібек кілеммен қапталыпты. Ақ жібек шымылдық биік сүйек төсекті жартылай қоршап апты.

Абай амандасып тоқтағанда, сыпайы жеңге бұған жақындап кеп, тымағын алып, белін шешті.

Тоғжан алғашқы минуттарда қатты қысылып, өте ақырын амандасып, өзгеше қызарды. Бір кезде оның жүзі ағара бастап, сұрланып кетеді. Жүрек толқыны мен ұялу аралас. Барлығы да лүпіл қаққан шыншыл қанмен бетіне шығып, сыр айтып қайтады. Ербол жастар қысылмасын дегендей болып:

— Ал мен арғы жағаға қайтып, атты әзірлеп тұрамын! — деді.

Абай үндемей басын изеп, рұқсат етті.

Жеңге де шай әзірлемек боп тысқа шықты. Сол кеткеннен қайтқан жоқ.

Абай оңаша қалғанда, әуелде қатты қысылды. Бірақ байқап қараса, Тоғжан тіпті ұялшақ. Тіпті, нәзік, жазықсыз бала тәрізді. Өзі де басында не дерін білмей, сөз таба алмай, аса қиналған. Енді ойласа, бұл қалыпта екеуі рақат кешті зая қып өткізетін тәрізді.

Аз уақыт Тоғжанға иіле қарап отырып:

– Тоғжан, менің сәлемдерімді есіттіңіз бе? Бар сөзім сізге арналған, сізді сағынудан туған сөз еді, ілтифат қып еледіңіз бе? – деді.

Тоғжан ішінен “ілтифат қылмасам, мұным не?” дегендей. Бірақ ақырын жымиып күлді де:

– Есіттім, Абай! Өлеңіңіз жақсы екен! – деді.

– Мен ақын емес ем! Жалғыз-ақ, сіз мені былтыр бір көргеннен-ақ қатты толқынға салдыңыз. Содан бері бір уақыт ұмытқан емеспін.

– Ұмытпадым дейсіз, бірақ содан бері бір келмедіңіз ғой!

– Қайтіп келем? Ел жайын білмейсіз бе? Бір көрудің өзі зар болмады ма?

– Рас! – деп, Тоғжан қызара түсіп, көзін төмендетті де: – Сізді мен бір көрдім. Көш-жәнекей көрдім... байқадыңыз ба, білмеймін!

Абай ішінен соншалық ырза боп, қуана түсіп:

– Тоғжан! Япырмау, жақсы айттыңыз-ау! Мен сонда: “Тоқташы, бір сәтке тоқташы!” дей жаздап, зорға шыдап қалып ем. Көрмей, көрсе де елемей кетті ме деп ем. Тоғжан, сізді қайтіп ұмытайын? – деп кеп, Абай Тоғжанның әдемі аппақ қолын ұстады.

Тоғжан қолын тартыңқырап, ұялды да, ығысып қалды.

Осы кеш екі жасты бір-біріне соншалық сүйікті, ынтық етті. Екеуі тек жүз көрісуден, сөйлесуден басқа ешбір бөтен тілек ойламастай. Алғаш көріскендері осы болса да, көп жайларды айтысты. Шын сағынышты, ынтық жандар боп ұғысты.

Таң жақындаған кезде ғана жеңге қайта оралды. Сол шай жасай бастап, тысқа тағы бір шығып кеткенде, Абай Тоғжанға жақындап кеп, үндемей ғана бетінен сүйді. Тоғжан оттай жанып, қып-қызыл боп кетіп, әлсіз ғана қорғанып, Абайдың жүзін екі алақанымен қысып, кейін шегіндіре берді. Қарсылық емес, ұялу еді. Абай қайта ұмтылып, қатты құшақтап кеп, Тоғжанды оң көзінен ұзақ сүйіп тұрды. Бұл сәтте Тоғжанның әлсіз қарсылығы да сезілген жоқ.

Жігіт сүйіп тұрғанда, Тоғжан ақырын ғана қымсынып, ыстық бетін Абайдың бетіне басты, сөйтті де тез босап кетті.

Абай:

– Сәулем! – деп барып, құшағын жазды.

Осы кезде жеңге тыстан келіп:

– Ойпырмай, қалқам Абай-ай, қиын болмаса игі еді! Су түсіп кетіпті! Қарауыл суы түсіп кетіпті! Атың қайда еді? – деді.

Жеңгенің үркіп келген хабары мынау күйдің үстінде Абайды шошыта алған жоқ. Бірақ Тоғжан қысылып, қиналып кетті.

– Не дейді? Судан қалай өтесіз, Абай, атыңыз қайда? Бұл жақта қайтіп қаласыз? – деп, сүйген досының басына түскен қиыншылықты жас қыз соншалық тіксініп қарсы алды.

Абай енді аңғарды, аты ар жақта, өзі жалғыз. Қарауыл суы тентек. Бұл ауылда қалуы, тіпті, мүмкін емес. Енді бөгелсе, қолға түседі. Қолға түспесе де, өзен бойында таң атысымен көзге түседі. Ол да оңай емес. Өйткені бұл өңірде, әсіресе, өзеннің бұл жағында Абайды дос көрер, жақын тартар бір жан жоқ.

Осы жайды аңғарып, әсіресе, мынадай жақсы қабыл алған жас әйелдерді қауіпке ұшыратпайын деп, Абай тез киініп, қоштасты да, шыға берді.

Дәл кетер кезде жеңге шапан жамылып, есік ашып, алдынан шыға беріп еді. Абай үйде қалған Тоғжанның қолын қысып тұрып:

– Қорықпа, Тоғжан! Бірдеңе қып өтермін! Ал өзің ендігі бар хабарды Ерболдан тос! – деді.

Тоғжан Абайдың омырауына ақ саусақтарын салып, жабысыңқырап тұрып:

– Қош, ұмытпа! – деді.

Сыпайы, майда мінезді жақсы жеңге Абайды қараңғы қораның ішінде жетектеп ап, қақпаға әкелді де:

– Ал, қалқам, жер тар, уақыт тығыз болды. Бірақ тілеулес достарың бар екенін көрдің ғой. Еске ала жүр! Тек мына судан байқап өт! Қош! – деді.

Абай жеңгенің екі қолын қапсыра ұстап тұрып:

– Жеңешетай, ұмытпаспын! Өлсем де ұмытпаспын осы жақсылығыңды! – деп қоштасты да, кішкене есікті ақырын ашып, жай салмақпен басып жүріп кетті.

Абай ойы жаңағы өзімен қоштасқан ғазиз жандармен бірге болды. Солардың жүздері көз алдында. Көкірегі толған нұр сәуледей, шексіз бір қуаныш, анық бақыт тынысы бар.

Алдынан қатты гүрілдеп соққан өзгеше тасқын естіліп жатса да, оны елемеген.

Енді, міне, сол тасқынның қасына келді. Тау өзені бұзылып, тентек құла су шарасынан шығыпты. Кейде тас сатырлап, кейде мұз күтірлеп сусылдай түсіп, жөңкіліп кетіп жатыр.

Жағада біраз тұрып, халді аңғарды. Жаяу өтем деуге болатын емес. Байқаса, таң қылаңдап атып қапты. Өзенді құлдап селдір тоғай ішіне кіріп, арлы-берлі жүріп көрді. Табар айла жоқ. Бөгелген сайын таң шапақтап атып, айнала айқын көрініп келеді. Ел тұрып, тысқа шығысымен, мынау өзеннің ағысын көргелі келе бастайды. Әсіресе, малқорда аз ұйықтайтын үлкендер, еркектер алдымен келеді. Сүйіндік аулының маңынан жаяу жүрген Құнанбай баласын тапса, сезігі біреу-ақ болады.

Абай сонда да қорыққан жоқ. Жүрегін кернеген қуаныш бір сәтке де мұны тастап, қауіп астына батқан жоқ. Жас басына әлі күнге мұндай қысылшаң хал түсіп көрмеген болса да, Абай өз-өзіне ғажап болды. Тіпті, көп жүріс алып, ысылған кісідей саспайды, қымсынбайды.

Сирек талдың арасына шала жасырынып, далдалап тұрып, Ербол қыстауы жаққа көз тастады. Байқаса, біреу арғы жағадан ербендеп, асығып келеді екен. Беті қисықтау, жоғары таман.

Абай дауыстап:

— Ербол! Е-ей, Ербол! — деп үн қатты.

Келе жатқан Ербол екен. Абайға қарай қолын сілкіп: “бұқ” дегендей белгі жасады. Абай бұққан жоқ, тосып қалды.

Қарауыл суы қатты тасып жатқанмен, енсіз болатын. Ербол арғы жағаға құп-қу боп, қорқып жүгіріп келді. Өзі ұшыратқандай жаман қысылған екен. Абай шошыды ма деп те қиналған.

Бірақ Абай мұның тұсына таман кеп тұрып, ақсия күлді де:

— Ал құтқар енді! Мына Қарауыл қолға түсірейін деп тұр! — деді.

Ербол жардың биік жерінен бір-ақ секіріп, өзен жағасына жетті де, Абайға айқайлап:

— Сен осы талдың ішінде тапжылмай тұра тұр. Қазір келем, қорықпа! — деп қайта жөнелді.

Аздан соң Ербол өз үйінің бір дәу қызыл өгізін мініп келді. Абай оның ат әкелмегеніне таңқалды. Ербол келді де, өгізді қамшылап кеп суға түсті. Өгіз мұзды суға басқысы

келмей көп тыртысып еді, Ербол ырыққа көнбеді. Бір түсіп алған соң, өгіз ілгері баса берді. Су терең емес. Бірақ мұзы бар, ағыны қатты. Сол мұз бен суға өгіз мықты екен. Ықтамай, бет бұрмай жай басса да, ілгері тура басып келеді. Жағаға жақындай бергенде Ербол өгіздің бас жібін лақтырды. Абай жабыса түсіп, тарта берді де, Ербол қамшылап отырып жиекке шықты. Жанын ортаға салып, қатерге басып, Абайға шын достық көрсетіп шықты. Екі етігін қонышына шейін су басып кеткен екен. Абай Ерболды құшақтай алып:

— Өй, ат қайда? Өгізің не? Атпен неге келмедің? — деп еді.

— Ат болғанда, сенің атыңды әкелмедім. Анау ауыл қазір тұрады. Біз өткенше көріп қойса, қаптап кетеді. Ал өзіміздікі әлсіз байтал. Және сол құрып қалғыр, түнде қорадан шығып, тауға жайылып кетіпті. Бағанадан бөгелгенім сол емес пе? — деді.

Екеуі мінгесіп ап, қызыл өгізді қайта бұрып еді. Енді кесел қыңыр өгіз баспай қойды. Қатты әуремен жарым сағаттай өтті. Барынша қапа болған Ербол қызыл өгіздің тұқымтүқиянын, жетпіс жеті ата-бабасын санап, боқтап-боқтап дінкесі құрыды да, бір кезде өгізді тастап, тал ішінен бойлап байқап атырапқа қарады. Бұл уақытта күншығыс қызарып ап, бар дүние күндізгідей көрінетін болған.

Бір тәуірі, ауыл тұрмаған екен. Ербол маңайды болжап ап, жүгіре жөнелді.

Абай азғантай тосқан еді, бір сәтте Ербол әлдеқандай семіз қара көк биеге мініп жетіп келді. Абай таңқалды.

— Ой, бұны қайдан алдың?

— Үндеме, Сүйіндіктің қойшысының биесі. Мына жерде жайылып жүр екен.

— Е, қойшысы қайтеді?

— Қайткенінде не жұмысың бар?

— Қойын қайтеді? Қойшысы жаяу қалады ғой!

— Өй, тәйір, қойшысы түгіл, құтпаны жаяу қалсын! Сені жау қолына қалдырушы ма ем? Не айтып тұрсың? Кел, мін! — деп, бір-ақ байлады да, Абайды аяғынан алып көтеріп, жайдақ биеге мінгізді. Досының мына мінез, мына сөзіне Абай аса қуанып кетіп, қатты ырза боп:

— Шіркін, Ербол! Неткен жақсы едің. Дос жақсысы сен екенсің ғой... естен кетпес іс еттің-ау! — деді.

Сөйткенше, Ербол өзі қызыл өгізге мініп ап, бас жібін Абайға ұстата беріп:

— Абай, сөзді қой, тарт! — деді.

Көк бие мұз ішінде пысқырып, толқып, тайғанақтап отырса да, жығылмады. Қызыл өгіз де қара тартып еріп отырып, аман шықты.

Екі жас жігіт арғы жағаға шығысымен, өгіз бен биені қоя берді де, жарды жағалап бұғып отырып, төмендеп кетіп, бірталай жер ұзап барып, қыратқа шықты. Содан Ерболдың үйіне келді.

Қораның алдына жете бере, Ербол Сүйіндік қыстауының жанында төбе басына шығып, биесін көздеп жүрген қойшыны көрді.

— Өй, көк биенің бүгінгі еңбегі жетеді. Ол қойға бүгін бармайды. Бүгінше қойынды жаяу бақ! — деп, қылжақтай күлді.

Абай үйге кірген жоқ. Далада тұрып, атын ерттетіп алды. Ерболмен соншалық ырзалықпен, шын досша қоштасты да, өзенді құлдап, желіп жүріп кетті.

5

Құнанбай келген уақытта елдің алды қыстаудан киіз үйге шығып қалған. Әр қыстаудың жанындағы тақыр көгалдарда аздаған ақ үйлер, қоңыр үйлер көрінетін. Кемпір-шалы бар үйлер тамнан түгел арылып шықпай, жастар жағы ғана тынысы кең киіз үйлерін көтерген тәрізді... Жас қозы, бота, бұзаулар да әлі қораны жағалайды.

Жазғытұры ауыл қолдан түлеткендей бір түрлі бір жас иіске, жас өмірге толы. Әдемі реңді, әлденеше түсті балапан қозылар, лақтар күншуақта секіріп, дамылсыз маңырайды. Үлпілдек жүн, үлкен қара көзді боталар көрінеді. Жылқы ішінде ұзын құлақ, бұйра жүн, сүйкімді құлындар көбейген. Ересек тартқан, тез шираған бұзаулар да құйрығын шаншып ап, тынымсыз безіп, ортқып ойнайды. Осындай өрбіп өскен бар жанды, дүние тіршілікті даттайды.

“Өнген, өскен жарастығы біз”, “Жоқтықтың барлыққа жіберген келгіні біз” дегендей шаттана жайнайды.

Құнанбайдың екі аулы да Жидебайға жиылған. Әр үйде қысыр сауылып, жылтыр қара сабалар ертеңді-кеш күрпілдеп пісіліп жататын.

Жалғыз Құнанбайдың өз ауылдары емес, исі Ырғызбайдың, Топай, Жуантаяқтың да көп ауылдары Құнанбайды зор қошеметпен қарсы алды.

Әлденеше күн сүйінші тілесіп шапқыласқан жақындар топ-топ болып Құнанбайға келеді. Сәлем беріп, қонақ болып, қалың-қалың жиындарды өз ауылдарына ертіп барып, ертеңді-кеш қонақ қылып жатты. Биылғы қыс жайлы боп, жақсы өткен. Сүр мол. Пішенге байланған, Құнанбайға сыбаға деп арнаған семіз қойлар, жұнттай жабағылар, арда емен тайлар да болатын.

Малды ағайынның бірталайы сондайлардан сойып, Құнанбайды барлық шеше, бәйбішелерімен, бала-шаға, туысқандарымен шақырады.

Баласына айтқан көкқасқасын Зере сойған. Күнкенің аулына апарып, Құнанбай өзі айтқан көкқасқаны да сойды. Бұл екі күнгі сойыс Құнанбайдың ел жиып, ру-руды жақында, жатқа бөліп, екшеп алуына қажет еді. Бейнет кешіп келгенде алдынан шыққан кім, шықпай, қуанбай қалған кім? Соны айыру үшін керек.

Осындай жиында үлкенді-кішілі рулардың атқамінер, ақсақал, қарасақалы араласып жатты.

Анау күздегі екіұдай боп қалған Көкше сияқты рудың басшысы Қаратай енді Құнанбайдың алдынан шығып, бауырына кіріп алған. Күндіз-түні тізесі айрылмайды.

Кешелер айдалды, жеңілді, ұлықтық, бектіктен айрылды деген Құнанбай, енді осы аман келісінің өзімен, старшын боп келуімен бұрынғы лақапты жалғанға шығарған.

Сол жаймен қатар Мырзахандар айтып келген ерлік ертегісі де бұл өңірдің жас баласына дейін түгел жетті. Соның бәрінің үстіне мынадай көл-көсір қонақасы, ұзақ жиын, жағалай сойылып жатқан ақсарбас, көкқасқалар құр ғана келіс қуанышы емес. Бұның ішінде шеп жию, батамен табысу, ыдырағанды қайта құру, құрсауын бүтіндеу – қысқасы, мерейін тағы аспандатып асыру бар.

Осындай сыртқа айбын, ішке медеу болған тойлар жарты айдай айықпады. Бұл кезде ел-елдің бәрі де қыстауларынан көшіп, көктеуге, ойға қарай жөнкілген. Енді-енді ғана ауыл-ауылдар арасы күзектегі сияқты қашықтаңқырап, бытырай қона бастаған.

Күнде үйіліп баса беретін сәлемші қонақтар да саябырлады. Сол кезде Құнанбай үй ішіне, бала-шағасына емін-еркін тиетін болды.

Өртеңнің бауырына қонып отырған Ұлжан аулына Құнанбай екі-үш күндей қонақтады. Күнкенің аулы да осы арада жақын еді. Абай осы күндерде байқады — әкесінің сақал, шашындағы ақ көбейіп, бетінің әжімдері де молая түскен екен.

Ұлжан үйінің түстігіне Күнке, Құдайберді, Айғыздар да жиылып отыр еді. Құнанбай Зереге қарап отырып, осы барлық туысына арнап аз сөз айтты. Онысы — ұзақ жолда көңіліне көп келген мұң-уайымның үлкені еді.

Құнанбай өз басының жалғыздығын осы жолы қатты аңғарыпты. Аға, ініде серікке жарар медеу жоқ. Баланы ойласа, бәрі де жас. Және бір өкінгені — көп баланы үйлендіріп, немере сүйетін шағына жетсе де, сол қызықты өзіне-өзі іркіп, кешендетіп кепті. Енді, сөйтіп, балаларының қызығын көрмек.

Бұған Зере бастаған бар шеше қуаныш айтқаннан басқа, түк қарсылық білдірген жоқ. Қызық көру дегеннің белгісі не, арты не? Ол — ер жеткен балаларды үйлендіру, содан әрі немере сую. Тольпып жатқан шексіз бақыт сияқты елестейді.

Әңгіме арасында Құнанбай: “Осы жолы құдайдан соңғы қуатым құдаларым болды. Адал достықты, шын бейілді солардан көрдім” деген. Атап айтқандары: Алшынбай, Тінібек. Онан соң Тобықты ішінде, тергеуге кетіп бара жатқан жолында, Тасболат руының ішінде Байтас басынан қатты тілеу-лестік көріпті.

Бұрын үй ішіне мәлім емес еді. Өзі сол сапарда жалғыз байлаған байлауын білдірді. Байтастың жас қызы бар екен. Соны Оспанға айттырмақ бопты. Сөйтіп, тентек Оспанға Байтастың Еркежан деген қызы қалыңдық боп аталыпты. Үй іші, әсіресе, шешелер күліп, мәз боп, Оспанның аяғына тұсау түскенін өзіне естірту, түсіндіру жайын ойлап күліскен-ді.

Осы байлаумен қатар Құнанбай енді Ұлжанның басқа екі баласы туралы да жаңалық айтты. Оның біреуі — Тәкежан туралы. Былтыр ұрын барып келген Тәкежан енді осы жақында үйленбек. Қайны болса, бар малын алған. Енді несіне созады? Соның отауы түссін. Екінші, әсіресе, осы отырған барлық үй ішіне шынымен үлкен қам болатын нәрсе — Абайды қайындату.

Құнанбай осы жолы Алшынбаймен уәделесіп келіпті. Осы көктемге байласыпты.

Рас, өзге құданың бәрінен жолы бөлек — Алшынбай. Оның үлкен достығынан басқа, өзі Арғынға белгілі Қазыбек, Тіленшінің Алшынбайы. Бұл атыраптағы қазақтың одан үлкен әруағы жоқ. Сондай ауылға бала қайындату, әсіресе, ұрын жіберу осал қам емес. Мал-дүниенің барлығынан да көп үлес, мол шығын шығару керек деген сөз.

Бірақ Құнанбайдың бұл байлауын да шешелер ақ тілеумен қабыл алды. Тек Зере ғана:

— Ел жайлауға шығып, арқа-басы кеңіген соң барған лайық болмаушы ма еді? — деп еді.

Оған Құнанбай:

— Оның рас-ау, бірақ Алшынбайдың жазғы жайлауы ары шалқып, ұзап кетеді. Бару, келудің жолы алыстап, мойны қашықтаған соң, жүріс ауыр болады. Айдаған мал да күйзеліп жетеді. Қайындата баратын үлкендер бар, оған да ауыр. Және қыс жақсы бопты, мал тойынтам дейтін емес, ажарлы мал осы күнде де бар. Ендеше, құдай бұйырса, осы бір бесті-алтылы күн ішінде қамданыңдар да, сапар шегіндер. Өзің барасың ғой. Төркініңе өзің бастап бар балаңды! — деп Ұлжанға бұйырды.

Ұлжан бұны да жақсы қабыл алды.

Осы әңгіме шыққан соң, үй ішінің барлық кеңесі, ақыл, мәслихаты сол Алшынбай аулына ұялмай, орнына сай ғып бару турасында болды.

Байлаған байлауын көп ырғап, көп көпсіте бермейтін Құнанбай сол жерде баратын кісілер жайын, апаратын аяқты мал, жыртыс жайын, ақша, бұл, күміс қазына жайын кесіп-кесіп өзі айта бастады.

Үй ішінің бұл жөндегі сөздері қалай да болса, аз болған жоқ, ұзақ болған. Өйткені жыртыс болсын, толып жатқан ырым, ілу болсын, барлығын да осы арада бір сөйлескен соң, екшеп ашып алысу керек. Ұлжан соның бәрін атап айтып, анықтай бастаған.

Баратын қара малды айтқанда: жетпіс жылқы, отыз түйе аталды. Құнанбайдың құласы мен жирені деп, жұрт аңыз қыла береді. Алшынбай аулынан аяры жоқ. Сол себепті жылқының ішіне бір құла айғыр, бір жирен айғырдың үйірі кірсін.

Басы сол болсын дескен. Осыдан арғы үлкен өзiрлiктi тiлейтiн – жыртыстың бұл-матасы.

Оған дәл осы түнде Семей қаласына Ызғұтты мен Құдайберген жүретiн болды. Қалада Тiнiбекпен ақылдасып отырып, төрт күннен қалмай, барды алып, қайта жетуге бұйрық болды.

Үлкендердiң осындай кеңестерiне бала атаулыдан жалғыз Құдайбердi ғана барды. Өзге балалар кейiн есiттi.

Әрқайсысы өз басына арналған байлауды әр түрлi қарсы алған. Оспанға Айғыз бен Ызғұтты екеуi келiп отырып:

– Саған қалыңдық айттырдық! – дегенде, ол басында ұқпай қалып, қайта сұрап:

– Қалыңдық деген не? Қатын ба? – дедi.

Ызғұтты бұған ұғындырып кеп, қалай көретiнiн сұрағанда, Оспан бөгелместен:

– Е, алам... әкел! Маған қатын... керек! – дедi.

Абай өзiне арналған хабарды үнсiз ғана аңырып тұрып тындады. Iшi аса бiр суық нәрсеге қақтыққандай, тiксiнiп қалды. Сол сәтте Тоғжан есiне түсiп, оның алдында қылмыс жасағалы тұрғандай сезiнiп едi. Абайға жаңа хабарды айтқан шешесi болатын. Ұлжан баласының мына пiшiнiн жақтырмады. Бiрақ iшiнен: “Ұялғаны шығар”, – деп байлаған.

Абай бiрнеше күн қатты толғанып, жапа-жалғыз ойланып жүрдi. Қалыңдық деген мұнда бар. Сол сияқты айттырған күйеу Тоғжанда да бар. Қайындамай, үйленбей қалу мүмкiн емес. Ата мен ананың әмiрiнде. Бармаймын деп айтарлық сылтауы жоқ. Бар жүрек, бар қиялы Тоғжанмен туысып тұрса да, мынау тұсауға көнбеске шара жоқ. Осындай iшi бiр жақта, сырты бiр күйде болған, аса бiр қиын, енжар күйде Абай қайнына аттанды.

ӨРДЕ

1

Құдасының аулына Ұлжан отыз шақты кісімен келген. Алшынбай бұлар келер қарсаңға кең сулы, кең бір жазыққа кеп қонған екен. Қазыбектің өзінен тараған ауылдар, көрші туысқандары бар — барлығы қырық шамалы ауыл осы жерге сіресе қоныпты.

Қонақ келетін болғандықтан, бұл өлке биелерін де жылдағыдан ерте байлапты.

Дағды бойынша Ұлжан бастаған үлкендер құданың аулына күйеулерден бір түстік бұрын келіп түсті. Ұлжан қасына әйелден Қалиқаны, күтуші келіншек Қатшаны алған еді. Еркектердің үлкені — қазіргі бас құда Ызғұтты. Содан басқа әлденеше ақсақал, әнші жігіттер, атшылар бар.

Абайдың қасындағы жас жігіттер саны он екі. Мұның көпшілігі Ырғызбайдың жастары және күлдіргі Мырзахан, атшабар Жұмағұл. Жақын туысқаннан Тәкежан бар. Осы топқа Абай өзі шақырып, Ерболды қосып алған. Жеті-сегіз күндік жол бойында Абай мен Ербол үнемі жұбы жазылмай, бірге болған.

Ұлжан Алшынбайдікіне көп қазына әкелді. Келген жылқы, түйеден басқа, жыртыстың бұл-матасының өзі екі үлкен атанға артылып келіп еді. Оның ішінде келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи бөлек салынған. Бірер сандық осы қымбаттарға толы болса, өзге теңдері құда-құдағилар сыбағасы. Шапан, қамзол, көйлек, шаршы. Және толып жатқан ырымдар бойынша төленетін сый-сыяпат.

Қалыңмал басы Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс — бесік жамбы. Бұл ілу деп аталып еді.

Екі жаққа да мәлім, ілу — киітке орай.

Осыдан он жыл бұрын Алшынбай аулына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға киіт деп, Алшынбай аулы күміс тартқан. Ол

күмістің аты — тайтұяқ, мына бесік жамбыдан кіші еді. Тегінде, есептесіп келсе, әдет бойынша, ілу мен киіт құн жағынан қарайлас болатын. Бірақ Құнанбай оны есептемей, Алшынбайға өз бергенінің дәл өзін жібермепті.

Құда, құдағи келген күні түнде-ақ барлық кең жазық сый құдалардың қандайлық мырзалықпен келгенін біліп қалған. Сол түннің өзінде Алшынбайдың барды аямай, мырзалыққа мырзалық орай етіп көсілетіні мәлім болған. Құдағи мен күйеулерге арналып үш үлкен аппақ үй оңашарақ тігілген екен.

Сол үйлердің қонақасысы: қысырдың семіз тайынан, құнан қой, ту қойлардан, үйіткен марқадан басталды. Алшынбай Ұлжан отырған үйдің есігін аштырып, тысқа семіз асау құла тайды көлденең ұстап тұрып, қонақтардан бата тілетті.

Абайлар Алшынбай аулының тұсына бір шақырымдай жер қалғанда иіріле тоқтасты. Енді тобының ішінен Тәкежан, Мырзахан сияқты жасы үлкенірек жолдастар бөлініп, хабар айта кетті. Абай мен Ербол және үш жігіт аттарынан түсіп, қарсы алушы қыз-келіншектерді тосып қалды.

Осыдан осылай толып жатқан күйеу дәстүрі басталатынын мойынға алып, Абай Ерболға:

— Осы үйлену деген ата-анаға да, жастардың өзіне де қуаныш қой. Солай емес пе? Ал ендеше, сол қызығына жеткенше күйеу мен қалындықтың жолына ырым-жырым, әдет-дәстүр деп неше алуан құбыжықтар қоятыны несі? — деді. Ербол бұған күлді.

— Рас айтасың, құбыжық екені рас. Дәл осы қазір кім келеді? Қандай асау жеңгелер екен, не бұйырап екен деп, мен де үркектеп тұрмын!

Күйеу қасында қалған жігіттердің бірі — Жұмағұл атшабар. Ол өзі әлдеқашан үйленген. Мұндай қиындықтың талайын көріп өткен. Абай мен Ербол жол көрген біреу керек деп, мұны ылғи басшы боп отыруға лайықтап, өз қастарында ұстайтын боп еді.

Жұмағұл ауыл жаққа қарай түсіп:

— Әлі тұра тұр, басыңда үкің жоқ деп қиғылық салады! Тымағыңды көзіңе кимесең, жақтан да ұрады. Екеуің бе! Ербол екеуің талай құқайды көресің. Не қыласың, тек ұсына бер! — деді.

Басқа үкі тағу – бар күйеудің әдеті. Ол ғана емес, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын.

Абайға ауылдан шығар жерде Зере, Айғыз сондай киімдерді әзірлетіп ұсынған-ды. Кәрі әже әншейінде Абайдың дегеніне көне берсе де, бұл тұста ырық бермей, қатты бұйрық еткен:

– Ата-бабаң жолы осы! Барған елің сені кінәламайды. “Әкесі – күйеу, шешесі қалыңдық болмаған ба?” деп бізді мінейді. Ки! – деп, дәл аттанар жерде Абайға жаңағы күйеу киімінің бәрін кигізді.

Абай сол күні өзінің өзгеше қалпын бақсы-құшнаштай көрген. Өз ауылдарынан шығысымен, Ұлжанға кеп:

– Япырау, мен күйеу болсам, Бошанға күйеуім, Тобықтыға, Тарақтыға күйеу емес ем ғой. Жолдағы елдің бәріне мен күйеу деп, жынды кісіше жар шақыратыным не? Рұқсат етіңіз, барар жерде киейін, әзірше өз киіміммен барам! – деген.

Ұлжан мұны теріс көрсе де, көнген-ді. Сол Абай жаңағы бақсы мен салға ұқсататын күйеу киімін әлі кимеген. Үкілі тымақ, қызыл шапан қоржында. Жұмағұлдың жаңағы айтқаны сол. Арнаулы киімді кимегенге ол өзі ырза емес-ті.

Енді Абайдың сескенгенін әбден түсінген Жұмағұл тағы бір уақыт:

– “Құрсаулы жаудан қорықпаған жүрегім қайынға барғанда жеңгелерден қорықты” деп Барақ айтқаны қайда? Қорқарын қорқарсың! Бірақ, әйтеуір, түбі қайыр. Менің білетінім сол-ақ, – деп, Абайларды күлдіріп алды.

Ербол бұған бұрын айтқан тілегін қайта айтып:

– Әйтеуір, қай жерде тәжім ету керек, қай уақытта тұру керек, қай уақытта тымақты көзден алып, кең отыруға болады, бәрін өзін айтып отыр! – деп өтініп тұр.

Абай Ерболдың енді басқаша міндетке ауысқанына қарап, ойланып қалды. Бүгін Абаймен бірге күйеу өтетін тар есік, тас босағаның бәрін бұл да өткелі тұр. Соған бар ынтасымен кеткен. Тіпті, Абай ойламаған жайдың бәрін де Абай үшін бұл ойлайды. Мұнысы да достығы. Абайға бар ынтамен берілгені. Бірақ мынау Ербол мен анадағы Ербол қайда? Бұл қазір екі кісі сияқтанып барады. Сонда қайсысы ыстық? Қайсысы қымбат?

Дәл осы кешке шейін Абайға таңдатса, анау Ербол, қызыл өгізіне мініп, тасқын судан Абай үшін өтіп келген Ербол аспанда тұрғандай жоғары.

Осы жолға ере шыққан күні Ербол Абайға аса бір өзгеше сәлем әкелді.

Тоғжан мұның Абай қайнына бірге баратынын есітіп отырып:

— Ай батқандай қылды да, адастырып кетті ғой! Бірақ сонда да жолы болсын! Жақсы қызық көрсін, сәлем айт! — депті де, Ербол кете бергенде орамалымен көзін басып, жылап қапты.

Осыны есіткелі Абай жол бойында бір сейіле алмады. Өзін бір бұйрық қуып, еріксіздік әкеле жатқандай көретін. Осындай күйлерде күйеулер тосып тұрғанда бір шақта сам жақтан күлкі естілді. Әйелдер күлкісі. Келесі секундта көп шолпының шылдыры да жетті. Күйеу алдынан шыққан қыз-келіншек екен. Қалың топ. Ақ жаулықты келіншектер, үкілі кәмшат бөрікті қыздар көрінді. Айнала жүгірген балалар да көп. Абайлар топталып тұр. Жақындай бергенде келіншектердің алдыңғы қатарында, орта тұсында келе жатқан біреулері:

— Абай қайсы?

— Күйеу қайсы бұл!

— Бәрінің киімі бірдейі несі! Күйеуше неге киінбеген? — десіп, жақындап кеп, амандаса бастады.

Абай жаңағы үндерді естігенде, сескеніп, қысылып қалды. Енді біраз бойын жинап, күліп:

— Қайсымызды ұйғарасыз, сонымыз Абай болсын! — деді.

Келіншектер күлді де, Абайдың өзін дәл таныды. Бірақ тани сала бір келіншек:

— Қой, шырағым! Тобықты тымағын аулыңда киерсің. Біздің аулымызда күйеу тымағымен жүр! — деп бұйрық берді.

Осы жайды күлкі етіп, қалжыңдай бастаған келіншек күйеу киімін іздеп, сұрау салды. Жұмағұл шыдамады. Атының қанжығасынан қоржынын шешіп алып:

— Бәсе, ки десем бір көнбейді. Ал, міне, үйретіп алыңдар! Бар киімі мына менің қанжығамда, — деп, келіншектерге берді.

Осы кезде келіншектерге еріп келген балалар күйеу жігіттердің аттарына екіден, үштен мінгесіп ап, шаба-шаба жөнелісті. Абайдың мінгені — ақ жал, сары жорға ат. “Күйеу

атымен күл тасы” дейтін әдет бойынша, енді ақ жал аттың көзі ашылмайтыны мәлім.

– Өзі жорға ғой!

– Ойбай, рақат екен! – деп, мінгесіп алған үш бала соқтырып, тайпалта жөнелген. Алшынбай аулына күйеулер мен барлық қыз-келіншек жаяулап келді.

Күйеуге арналған үй өзге үйлерден де ерекше, шатырдай аппақ екен. Ішінде жүк, сандық көп емес. Кең болсын деп бос қойыпты. Бірақ үйдің керегелері көрінбейді. Уықтың қарына шейін жағалай тұтылған ылғи су жаңа жібек кілем. Ашық түсті бояулары да, ұсақ шебер өрнектері де үйдің ішіне қызыл-жасыл көрік беріп тұр. Есіктен төрге шейін жайылған тақыр алаша, манат, мақпалмен оюлап сырған үлкен-үлкен сырмақтар. Соның үстінде қабат-қабат жаңа көрпе, кестелі жастықтар. Үлкен бұйымнан – оң жақта әдемі сүйек төсек тұр. Он бес қатардай жібек көмкерудің үстіне күстөсек, үлкен ақ жастықтар, шағи көрпелер жиналыпты. Көкшіл-қызғылт өңі бар шілтерлі шымылдық биік төсектің жоғарғы жағын перделеп тұр.

Абай осы төсектің алдына кеп отырғанда, екі жағынан Ерболдар отырған жоқ. Балдыздар, құрбы қыздар, қайын би-келер отырды.

Солардан жоғары таман Ербол, Жұмағұлдар орналасты. Олар да бірыңғай екшеліп қалмаған. Орталарында үлкен сырғалы, көмшат бөрікті кекселеу қыздар араласып отырысқан екен.

Күйеулер осылайша орналаса бергенде, жаңағы бірге келген келіншектің үшеуі кіріп кеп:

– Шымылдық, шымылдық түсір! – десті.

Абай қасындағы аққұба қыз атып тұрып, атлас шымылдықты сусылдатып түсіріп жіберді. Сөйткенше, әлгі келіншектер есікті шалқасынан ашып:

– Кіріңіз, кіріңіздер! – деп, тысқа дауыс берді де, күйеулер жаққа қарап: – Ал, балалар! Үлкендер! Енелерің келеді! – деді.

Абай, Ербол, Жұмағұл және қастарындағы бар қыздар орындарынан лезде тұрысты.

Шымылдық түсірулі. Үй ішіне үш үлкен әйел кірді. Ортадағысы Абайдың үлкен енесі – Алшынбайдың әйелі, семіз, кара бәйбіше. Қасындағы орта жаста, ақ сары әйел – Абайдың өз енесі. Түсіптің қатыны.

– Ал, шешелер, көрімдік!
– Көрімдік, көні!
– Болмаса, балаларыңды көрсетпейміз, беті ұялады! – деп, алғашқы келген келіншектер күлген бойларында шымылдықтың шетін ұстады.

– Алыңдар! Көрімдік сендердікі! Бірақ бізге баламыздың жүзін көрсетіндер, алыңдар! – деп, үлкен бәйбіше қолына шашуын алды. Сол сәтте атлас шымылдық шалқия ашылды. Күйеулер бұл кезде төмен иіліп, тәжім қып тұр екен. Үлкен бәйбіше:

– Өмір-жасың ұзақ болсын! Алдыңнан жарылқасын, қарағым! – деп шашуын шашты. Лақтырғаны бір табақ өрік, мейіз, кәмпит.

Өздері осы ауылдың балалары болғандықтан иілмей, Абайларға күле қарап тұрған қыздар шашуды теруге тап берісті. Күлісіп, таласып алып жатыр.

– Қадамың құтты болсын! Қызығың ұзақ болсын, қарағым, Абай! – деп, Абайдың өз енесі де тілеуін айтты. Күйеулердің жауап айтуы шарт емес. Олар үндемей, сызылып қана тұр.

Сол кезде екі ене жақындап кеп Абайдың бетінен сүйді де, көп бөгелмей шығып кетті.

Абай бұл кеште өзінің өзгеше халіне үйрене алмай, қатты қысылумен болды. Ұзын тымақ та көзіне түсіп, терлетіп, мазасын кетіріп отыр.

Әсіресе, қиыны: келген мен кеткен де, есіктен қарағандар да, жабықтан сығалағандар да, мынау жағалай отырған қыз-келіншек те қайта-қайта Абайға қарасып, көздерін алмайды.

– Күйеу көрікті ме екен?

– Баламызға сай ма екен?

– Қайтіп отыр екен? – деген, ылғи бір бөтен, қадалғыш көздер.

Жігітті жігіт емес, келін еткендей, елден ала бөтен киім киіндіріп қойып, көлденең тартып: “Міне, мынаны көріңдер!” деген сияқты.

Күйеулер үйі аз отырып шай ішкенше оншалық жазылып, жадыраса алмады. Жұмағұл, Ерболдар үй ішіне түгел жететін қалжың, әзіл айтпай, тек өзді-өз қасындағы қыздармен ғана ақырын, сыпайы түрде тіл қатысып отыр.

Абай бағана үйге кіргеннен бері, өзінің жоғарғы жағында отырған екі-үш сәнді, сұлу қыздардың пішініне көз салып, бір нәрсеге қайран болды. Бұл қыздардың пішіні соншалық аппақ, беттерінің ұшы да дымырақ ашық қызыл реңденіп тұр.

Абай бұл жақтың әдетін білмеуші еді. Қарқаралы маңындағы Бошанның ер жеткен қыздары беттеріне опа-далап жағатын.

Шайдан кейін күйеулер үйіне Тәкежан, Мырзахан сияқты бағана бөлініп кеткен үлкенірек жігіттер келді. Солармен бірге әншілер, сауықшы жолдастар және осы ауылдың өз жастары да қоршалай кеп қалды. Үй іші бұл топтар келісімен күле жайнап, даурыға көбейіп, әзілі, күлкісі молайып, жанданып кетті.

Күйеуді қоршаған қыз-келіншекте сан жоқ. Бірақ осындай шат-шадымен думанның тап ортасында боларлық кісі — қалыңдық болса, Ділдә болса, ол әлі көрінбеді.

Абайдың бұл келісі: ұрын келу деп, жыртис сала келу деп, кейде есік көре келу, қол ұстау деп те аталады. Ең алғашқы келіс осы. Өзге келістердей емес, күйеу бұл жолы алғашқы күндерде талай нәрсеге көндіге білу керек. Сол өзгешеліктің үлкені — қалыңдықты оңай көрсетпеу.

Екі жақтан табысқан ата-ана әуелі осы келудің үлкен тойын жасау керек. Той оңай емес. Көп қиын қаммен, асықпай істеледі. Сол тойдың артынан барып қана қол ұстау кеші болады.

Сөйтіп, Абай алғашқы күн ғана емес, тағы екі күн өткенше де өз қалыңдығы қандай екенін, кім екенін көре алған жоқ, білген жоқ.

Бұлар келген күннің ертеңінде Ербол ғана барып, Ділдәға амандасып, жүз көрісіп қайтты. Қалыңдықтың түсін, отырысын Ербол айтқысы кеп еді. Ол өзі Ділдәнің ажарына қатты ырза боп, сүйсініп келген. Бірақ Абай айтқызбады. Сөзді басқа жаққа бұрып кетті.

Жастарды күттірген той Абайлар келген соң үшінші күнде болады. Бұл күні Абай отырған үйге келіп кеткен қатындардың саны айтып болғысыз мол еді. Таңертеңнен бері әлденеше топ бәйбішелер, қыз-келіншектер, ұрысқақ, тентек жеңгелер өтті. Бәріне сызылып сәлем етуге Жұмағұл мен Ербол жалыққан жоқ. Абайды үнемі қайта-қайта:

– Ал, түр!
– Ал, келіп қалды!
– Ойбай, ана кісілерді қара! – деп, ылғи үркітіп тұрғызып, тәжім еткізумен болды.

Күйеу үйі бұл күнде үздіксіз шырқаған ән, мәз-мейрам күлкі, дамылсыз шашу, тоқтамай әкелініп жатқан қымыз, шай, жиюсыз дастарқан болатын.

Мезгіл түске тақай беріп, жастар еттерін жеп болған кезде, тыстан:

– Той! Той басталды!

– Атқа, атқа қоныңдар! – дескен үндер келді.

Абай мен барлық осы үйдегі еркектер тысқа шығысты. Күйеулердің аттары тегіс ерттеулі, кермеде екен. Ат үсті ойынсауықты көп жұртпен бірге көру үшін күйеуге де рұқсат етілетін. Қыз-келіншектер ауылда қалып, Абай өз жолдастарымен он-он бес кісі боп бөлек аттанып, әрлі-берлі жүрген қалың топтан оқшауырақ шығысты.

Күйеулер мен құдалар жағы ерте сайланып, ерте аттанған екен. Абай Алшынбай аулынан сыртқарырақ шыға беріп, Ерболмен бірге оңашарақ тоқтап, мынау кең жазықтағы ауылдардың қонақ күткен көрінісін тамаша қылды.

Бұл той Алшынбайдың үлкен той етем деген бір мерекесі екен. Жиылған қонақтардың аттары топ-топ. Үйірім-үйірім қара нөпір боп көрінеді. Жалғыз сол аттардың өзі де бір қос жылқыдай. Әсіресе, үлкен белгі – тойға тігілген үйлер. Солар саны елу-алпыс. Алшынбай аулынан бір шақырымдай жоғары, қалың көк шалғынның ортасына ұзыннан-ұзақ екі қатар боп тігіліпті. Ас пісірген жер ол үйлердің маңында емес, жаңа Абайлар шыққан ауылдың шетінде. Қазір сол ас басынан анау алыстағы қонақ үйлерге қарай күтушілер жосылып жатыр. Күтушінің бәрі де ат үстінде. Бастарын ақ шытпен керте байлап алған аспазшылар жиырма шақты жігіт.

Бір өзгеше салтанаты – осы жігіттердің бәрі де жорға мініпті. Аттары қан сорпа болған, өңшең желқайықтай жылмандаған жараулар. Сол жиырма кісі күтуші қонақ үйлерге қарай Алшынбай аулынан ағыза жөнеліседі. Қолдарына қос табақ алған жігіттер тізгіндерін ауыздарына тістеп алыпты. Арттарында егде тартқан жай шапқыншы сияқты үлкен күтушілер бар.

Олар табақшылардың атын қамшылап айдап, қуып отырады. Ыңғайлы, шапшаң табақшылар ат үстінен көсілтіп кеп, табақтарының сорпа-тұздығын төкпестен ұсынып, қонақ үйлердің алды-алдына тұра-тұра қалысады. Үй алдында тұрған нағыз күтуші ақсақал, қарасақалдар сол табақтарды шапшаң алып, үй ішіне сүңгітіп жатыр.

Сөйтіп, қазаннан жаңа түскен ет, бір қолдан бір қолға лып-лып етіп, салқындамай, тоңазымай лезде жетіп тұр.

Қонақ үйлер дағды бойынша көп жеді. Сол үйлер мен ас үй арасында жиырма табақшы бір емес, екі емес, талай рет жорғаларын асыға тайпалтқан еді. Бұл сыйдың басы Абайлар тысқа шықпай тұрып басталса, енді бұлар тыста көп уақыт тосып тұрған кезде де аяқталмай, бітпей жатты.

Қонақ үйлердің ішінде, әр жерге орнатылған емізктеген сабаларды бұрап болып, жаңағы табақтарды құрғатқан кезде ғана тойшы халық аттарына міне бастады.

Тыстағы ойын: ат шабыс, көкпар, серке тарту, теңге алу, балуан күрестіру – баршасы да осы күні болды. Ойын бітіп, күн баға тарқар кезде, Алшынбайдың тойынан қайтқан көрілер:

– Тойы той-ақ болды!

– Әкелген қалыңмалына сай Алшынбай да көл-көсір қылды!

– Күйеу келген той дәл бір астай болды, не қыл дейсің? – десіп, мақтасып қайтқан.

Осы күні кешке Абай ең алғаш рет қалыңдығын көрді.

Күйеудің үйіне бұл кеште халық сыймай, кернеп кеткен. Қазір мұнда Алшынбай, Ұлжан, Ызғұтты бастаған екі жақтың үлкендері, бас құдалары лық толы. Абайлардың алдына шымылдық түсіріліп, үлкендерден жастар жағын бөліп тұр.

Үй ішінде сөйлесе де, күлсе де, ашық үн қататын сол төрдегі үлкендер. Шымылдық ішінде тек сыбыр мен ақырын күлкі ғана бар. Онда да өз аулына еркін қыздар күледі.

Осы жаймен біраз отырған соң, есік жақта үлкен қозғалыс басталды. Босағаға жақын отырған келіншектер түрегеліп, шымылдықты есікке қарай созып тұрған уақытта, тыстан бір топ қыздар кірді. Солардың ортасында басына қызыл жібек шапан жамылған, бетін түгел бүркеп алған қалыңдық бар.

Абайлар Ділдәнің бойын ғана көрді. Ол кебісін шешіп жатқанда сырт сымбаты талдырмаш, бірақ аса сұңғақ бойлы, биік көрінді.

Абайдың төменгі жағынан орын босатылған-ды. Қалыңдық осы араға келіп, шапанын басынан алмай, күйеуге азырақ сырт беріңкіреп, қырындау отырды.

Абай амандасармыз деп ойлап еді. Қалыңдық бетін бұрған жоқ. Сондықтан екеуі амандаса да алмады.

Ділдә келісімен ас жасалып, төр де, шымылдық іші де ас жеді. Бірақ күйеу мен қалыңдық көп дәм татқан жоқ. Сол астың артынан төрде отырған, түсі Абайға көрінбейтін бір молда неке оқыды. Суық су құйған бір кесе төрдегі жұртты жағалап кеп, Абайға ұсынылды. Абай ұрттады да, Ділдәға берді.

Осының артынан екі жеңге ақырын күлісіп кеп, Абай мен Ділдәнің алдына қарсы отырып, екеуінің де оң қолдарын алып, біріне-бірін ұстаттырды.

Екі қолдың арасында бір қабат сусылдаған жібек жүр. Сол арқылы ұстатады екен. Абай Ділдәнің жіңішке саусақтарын көбірек ұстап қап еді. Алдында отырған бір жеңге ақырын мысқылдап, Абайдың қолын тарта беріп:

— Тоқта, жабысып қапсың ғой! Бері кел! Шаш сипа! — деді. Жақын отырған қыздар күліп жіберді. Жеңге Абайдың қолын өзі көтеріп апарып, Ділдәнің арқасындағы қос бұрымына тигізді. Әлі де Абай қолының астында жаңағы жібек жүр. Сол жібекпен Абай бір-екі рет сипап өтті.

Қол ұстату, шаш сипату деген атақты ырымдар осы. Шаш сипардың алдында күйеу жақтан берілетін үлкен сыйы болады. Жаңағы Абайды мысқылдаған ашық жеңге сол шаш сипарды Ұлжаннан бір сыбаға қып алған екен.

Некеқияр мен той салтының бәрі өткен соң, үлкендер тегіс дауыстап бата қылысты да, жалпыға айтқандай боп:

— Қайырлы болсын!

— Ұзақ қызық болсын!

— Құтты, құтты болсын! — десті. Шымылдық арқылы Абай мен Ділдәға айтқан ата-ананың тілектері еді. Осыдан соң барлық үлкендер қауырт көтеріліп, шығып кетті.

Олардың артында іркіліп қалған жастар да, бұл кеште көп отырмай, ерте тарасты. Күйеу, қалыңдықты оңаша қалдырудың қамы сияқты.

Абай әлі күнге Ділдәмен тіл қатысқан жоқ. Бір-бірінің жүздерін де жақсылап көріскен жоқ. Жалғыз-ақ, есіктен келіп, шымылдық ішіне кіріп, Абай қасына отыра берерде ғана Ділдә

өз бетін ашпай, Абайды сығалап көріп қалған. Онда да бір-ақ сәтке көрген.

Үй іші сейіле бере, жаңағы шаш сипарды алған жеңге Абайға:

– Жә, енді біз төсек жайлаймыз. Сен біраз тысқа шығып, сейіліп кел! – деді.

Абайға бұл сөз бір түрлі түрпідей тиген қатты тұрпайылық сияқты көрінді. Бірақ бөгелген жоқ, атып тұрып, тысқа шығып кетті. Үй маңынан барлық жұрт арылыпты. Күйеу жолдасы Ерболдар да кетіп қапты. Абай жалғыз. Түн жарық емес, бұлты бар ма, тастай қараңғы екен. Күйеу жігіт жапажалғыз аяндап, ұзаңқырап бара жатты.

Ділдә да жолдас қыздарынан арылған. Жаңағы екі жеңгемен бірге қалған еді. Оны бір жеңгесі ертіп, бөлек шығып кетті де, екінші жеңге үлкен төсекті бұзып, шымылдықты түсіріп, орын сайлай бастады. Ділдәні ертіп шыққан ең жақын жеңгесінің бірі болатын. Ол қалыңдықты құшақтап ап:

– Ал, еркем, күйеу қалай екен? Ұнаттың ба? – деп сұрады.

Ділдә қымсынған жоқ:

– Қайдан білейін? Бір жуан қара ғой! – деп, ап-ашық комсынғандай сөйледі.

– Қой, байқамағансың ғой. Қара торының әдемісі ғой! – деп, жеңгесі жұбаныш айтты.

Жалғыз кеткен Абайдың көңілі қазірде бір түрлі енжар. Жүрегін әлдеқандай реніш, өкініш басқандай. Өзінен-өзі суық тартып, сұлық түсіп, жүдендеп барады.

Барлық осы күйеулік жайын лезде қайта шолып өтті. Мол дүниемен, салтанат, нөкермен құда, күйеу боп келісті. Мұнда да қонақасы, күтім, той-жиын, сән-салтанат олқы емес. Өңшең ынтымақ, мол тілек, жағалай бата. Бәрі де кім үшін? Екі жастың бағы, қызығы үшін дейді. Бірақ енді бағып қараса, олар үшін емес. Сол үлкендердің өз ойларындағы сыпайылық, сыйластық дәстүр үшін.

Ал Абай мен Ділдә болса, әлі, тіпті, пішіндерін де көріскен жоқ. Бірақ үлкендер үшін ол, тіпті, ойландырар да іс емес. Күйеу мен қалыңдық ең алғаш біліскен, көріскенде анау салынып жатқан төсекте ғана білісу керек.

Абайдың оқыған кітабы көп. Ғашық дос, асыл жар дегендер бұның әлі күнге дақсыз келген жүрегіне соншалық бір биік, пәк заттай көрінетін. Шұғыласына тал бойын ұйыт-

қан, ой-қиялын сондайлық мүшкіл еткен Тоғжан өзі қаншалық алыста. Бұлт құшқандай шарықтап елестемеуші ме еді?

Ендігі бұның жары осыншалық сөлекет ырымдар, үйреншікті дәстүрлер ішінде бұған соншалық арзанға келгені несі? Екеуін малша табыстырып тұрған қолдар не деген сөлекет?

Неткен сезімсіз, тұрпайы? Абай осы ойларға жеткенде көңілі қатты жабығып, іштегі қиял мекені ойран-асыр боп құлағандай көрінді. Жүректе де әлдебір нәзік сұлу шырақтар күрсініп өшкендей болды. Аяғы қайда басқанын байқамағандай екен. Сыбдыр есітті. Қараса, бағанағы жеңгенің бірі іздеп кепті.

Күліп қалжың етіп:

– Немене, қалыңдығыңа бұлданып жүрмісің? Неге сонша күттірдің? – деді де, үйге қарай алып жүрді.

Төсек салған жеңге жұмысын бітіріп кетіп қапты. Мынау Ділдәні ертіп кеп, үй жанына қойып, Абайды іздеп кеткен екен.

Абай үйге кірді. Шымылдық түсірілді, төсек әзір тұр. Жеңге Ділдәні кіргізбей тұрып, Абайды шешіндіре бастады. Сырт киімін Абай өзі шешіп еді. Жеңгесі соны іліп келіп, дәл мәсіні шешерде, ырымды ескертті.

Етік тартар дейтін бір алым тағы бар. Күйеудің етігін жеңге шешеді де, тағы ақы алады. Абайдың қалтасына шешесі салып берген ақша бар-ды. Ішінен аса ыңғайсызданып отырып, Абай сол ақшаны жеңгеге тастады.

Шешінісімен Абай төсекке атқып шығып, шағи көрпені оранып, жатып қалды. Ділдә үйге әлі кірген жоқ. Тыста анда-санда шылдыр еткен шолпысы білінеді. Бұ да жол болса керек. Тым құрыса, шам барда да кірген жоқ. Жеңге Абайды жатқызып, шамды алып тысқа шықты да, есік ашып Ділдәні кіргізді.

Қалыңдық қараңғыны жамылып, ар ұялар іске жүзін ғана ұялтып, өзі басып келе жатқан сияқты. Абай осы күйдің бөріне енді ыза болып, не қылсаң о қыл дегендей тек жатты.

Бірақ Ділдәнің бар қозғалысын есітіп жатыр. Ол қамзолын шешті. Мәсісін де тастады. Бір сәтте төсекке келді. Соншалық жасқанбай, тура келді де, көрпені аша беріп, орнын сипады. Абай төсектің шетіне жуық жатыр екен. Күйеу өзі алғаш қалай жатқанын байқамаған. Қырылдаңқырап шыққан қатқыл дауыспен қалыңдық:

– Ары жатшы! – деді.

Талай күннен бері сан ырымды жасап, мөпелеп, аялап келген екі жардың ең алғаш тіл қатысқаны осы еді. Абай үркіп қалғандай қатты серпіліп, ірге жаққа бір-ақ аунады.

Қазірде Абай көңілі қандай салқын болса, Ділдә да сондай жалынсыз. Әдетте, жетекке ергені болмаса, дәл жүрегінде ол да Абайды жатырқап келген. Соның үстіне сен Құнанбайдың баласы болсаң, мен Алшынбайдың қызымын деген өр көңіл де болатын.

Әлдекімше жасқанып, қылымсыған жоқ. Жеңгелер не бұйырса, соны істеді.

Осы түннен соң Абайлар Алшынбай аулында он бес күн жатты. Ұлжан он күн өткен соң қайтып кетті де, күйеулер бес күндей кейіндеп барып аттанған.

Айрылысар кезде Абай мен Ділдә бір-біріне үйреніскен болатын, оқта-текте қалжыңдап та отырысады. Ділдә Абайға сүйкімді, сұлу көрінді. Абайдың пішініне Ділдә да үйренді. Бірақ іштей екеуі де бір-біріне қабыспайды, салқын күйде қалысты.

Үлкендер зор меженің бірі деп білетін өмір белі ұрын бару болса, Абай содан асты. Бірақ жас жүрегіне жалынды от қосып қайтқан жоқ. Қайта бірқатар жарықшақ, ақау салып, көңілмен әлдеқандай мосқал тартқандай боп қайтты.

2

Абайлар келгенде жұрт тегіс Шыңғыс сыртында жайлауда екен. Өз ауылдарының шеті Дөңгелек қоныста отырған Күнкенің аулы. Құнанбай сонда еді. Ауылды қалың жиын қонақ басып жатыр. Абайлар топ ішінде отырған Құнанбайға кеп сәлем берді.

Құнанбай Ұлжан келгенде қарсы алып, барлық жайға қанған-ды. Абайдан амандықтан басқа бөтен жай сұрамады.

Бірақ Құдайберді Абайды бұл күн өз аулынан жіберген жоқ. Бар жолдастарымен қонақ етіп, құрбыдай күтті. Тәуір көретін інісінің ержетіп, үлкенге қосылып, үйленуге айналғанын бұл ауылда жалғыз Құдайберді қуаныш еткендей.

Ол Абай мен Ерболдан Бошанның салтын, әдет-ырымдарын сұрастырып отырып, осындайдағы дағды бойынша қайын жұрттан сарқыт қып әкелген жаңа әндер айтындар деп қолқа салды.

Абай мен Ербол осы түні көп ән айтты. Әнге кірісер жерде Абай:

– Қарқаралы біздің елден әнші болады екен! – деп еді, Құдайберді күлді де:

– Қарқаралы әнші ме, жоқ, жаңа есік көріп қайтқан күйеудің көңілі әнші ме? Қайныңның әні де ыстық көріне ме, кім білсін? – деді.

Үйдегілер Құдайбердіні қостап бірге күлді. Абай бұрынғыдай емес, бұл жолы ағасымен дауласқысы кеп:

– Әділетін айтам, Бәке! – деді. Құдайбердіні Абай “Бәке” дейтін.

– Жоқ, сен Қарқаралының дауын айтпа, әнін айт!

– Рас, ол дұрыс екен! Дауын әннің өзі айтсын! Кел, Ербол, – деп Абай бастады да, Ербол ерді. Бұл екеуі әдемі қосылып кеп, аса тамылжыған, шырқау ән – “Топайкөкті” айтып шықты. Тобықты естімеген ән. Абай өз әндерінің үйдегілерге әсер еткенін байқап:

– Міне, бұл әнді не дейсіз? – деді.

Үйдегілердің бәрі сүйсінген екен. Солармен бірге Құдайберді де:

– Жақсы екен! – деді.

– Ендеше, тағы тыңдаңыз! – деп алып, Абай мен Ербол “Шырайлым” деген жаңа әнді де айтты. Құдайбердіге бұ да ұнады. Мақтай бастады. Осы кезде Абай мен Ербол күбірлесіп алып:

– Енді түпке сақтаған әнді айтамыз! – десті де, аса бір сәнді, салмақты, назды қоңыр ән айтып шықты. Ән – “Ақ қайың” болатын. Бұл әннің үш қайырмасы айтылды. Үйдің іші міз бақпай, үн шығармай, қалта қарап, қатып тыңдап қалған екен. Абай домбыраны қоңырлатып қағып тоқтады да:

– Ал, Бәке, бұған не дейсіз? – деді.

Үш әннің үшеуін де Абайлар Қарқаралыдан әкелген, бұның бірде-бірін Тобықты әлі білмейді.

Құдайберді бар ынтасымен шын сүйсінді де:

– Сенің сөзің дұрыс па деп отырмын. Жақсы ән әкеп-сіндер! – деді. Абай осы орайда Тобықтыдан өздері салып барған “Көкқаулан”, “Мақпал қыз” сияқты әндердің жарамсыз боп қалғанын айтты. Ол әннің бәрі Қарқаралыда мәлім екен. Балаға шейін білетін ескірген ән. Және оның өзі де Тобықты ішіндегіден артық өрнекпен айтылатынын сөйледі.

Кеңесе келе Абай Тобықтының өзі ән шығара қоймай-тынын, әннің көбін сол Қарқаралы, Баян, Қараөткелден алатынын және сол алғанын да оншалық келістіре алмай, бұрып, ырғақсыз ғып әкететінін айтты. Құдайбердінің алғашқы қалжыңын енді тойтарғандай. Ағасы Абайға біраз таңданыңқырай қарай отырып, сөзінің бәрін мәнді көріп:

— Өзің осы жолы сыншы боп қайтыпсың ғой! — деп, бір қолымен құшақтап қойды.

Абай, шынында, бұл жолда әр нәрсеге үңіле қарайтын және көптен гөрі өзгешерек қарайтын қатқыл сыншы мінез қосып алғандай.

Келесі күні өз шешесінің аулына келді. Мұнда барлық ел боп қуанып қарсы алды. Көрі әже әмсе ұзақ игілік тіледі. Жас інілер сағынғанын көрсетіп, мойнынан құшақтап, бауырына оралып, мәз болысты.

Ауыл жайлаудың аса бір кең көгалды, сұлу төбелі, мол сулы қонысы — Ботақан ошағы деген жерде. Кеше Күнкенің аулында да есітіп еді. Бүгін өз ауылдарында, тіпті, айқын білді. Тобықтының барлық осы маңдағы қалың елі бұл күндерде бір үлкен мерекені күтіп жүр екен.

Баланың да, жігіт-желеңнің де, егде-мосқал үлкеннің де — барлығының аузында бір жаңалық, бір хабар. Ол — осы жақында болатын ас туралы, Бөжейдің асы туралы.

Былтыр Бөжей өлген күндерде басына қара тіккен ағайын қыстан бері асқа әзірленіп келген. Жазға салым, қой қоздар кезде сауын айтылған. Сауын астың болатын ай, күнін, орнын жариялаған.

Сол сауын бойынша қазірде Жігітек, Көтібақ, Бөкенші, Торғай былтырдан бері тобы-жігін сақтап кеп, Шақпақ, Қазбала деген мол қоныстарға жиыла қоныпты. Ас Қазбалада болмақ. Мұнда үлкен бөйге болады. Соған лайықтай ас беретін жердің бір жағы ат шабарлық кең өлкеге таяу болуын ойласатын. Қазбаладан бір қабат қара адырды аса Досымбай, Балқыбек, Ақирек жақтардағы кең далаға шығатын.

Бұл өңірде Жігітек, Көтібаққа тиісті шағын қоныстардың ішінде осы Қазбаладан лайықтысы жоқ. Сол Қазбаланың батыс жақтағы аяғы Ұлжан аулы отырған Ботақан ошағына жалғасады.

Абайдың шешелерінің аулы асқа әзірленіп жатқан қалың елдің күнбе-күнгі қамдарын ертелі-кеш сұрастырып, есітіп отыратын.

Елді сағынып келген Абай мен Ерболға енді алдарынан шыққан мына хабар аса көңілді көрінді.

Ербол өз ауылдарының әзірлігін ести сала, қайтпаққа асықты. Абай оған рұқсат етті. Бірақ Ербол екі күн ішінде қайта келіп, тағы табысып, бірге болысуға уәде берді. Абайдың тілегі солай.

Келген күннің ертеңінде Абай шешесімен ұзақ әңгімелесіп отырып, өздері кеткеннен бергі ел ішіндегі жаңалықтарды есітті.

Сол әңгімелерге қарағанда, Құнанбай көктемнен бері дамылсыз жиын жиып, тынымсыз қимыл үстінде екен. Алғаш келген кездегі көкқасқа, ақсарбас сойылған топтардан басқа кейін де талай әңгіме-дүкен құрыпты.

Біреуге сый беріп, біреуге серт, уәде беріп, кейбіреулерді салқын ызғар, сәлем хатпен тартып, әйтеуір, бір ай шама-сында талай руды қайырып, баурап апты. Сол ретте анықтап кеп қолтығына кірген Қаратай сияқты белділер бар. Бұрын ара ағайын боп, сұлық жүрген рудың көбін де жақынырақ тартқан тәрізді. Қысқасы, ел сыртқа шығуға бет алып, қыстау-қыстау тұсынан қайтадан өтер кезде Құнанбай қарсысында қалған шоқтай топ, белгілі үш-төрт қана ру бопты.

Олар болса қыстан бері Бөжейдің асына әзірленеміз деп, күш-қайраттың, сөз бен қамның бәрін соған салып жүр екен. Сонымен дәл сыртқа шығар кезде, Құнанбай он бес қыстауды қайта жоқтапты.

Байдалы, Байсалға күз бен қыста өзі уәде ғып, ағайыны қолдан берген жерлердің бәрін қайтадан қайтарып алатын бопты. Өткен қыс сол жерлерді қыстап шығып, меншіктеніп қалған ауылдардың бәріне де сәлем айтыпты да, “Күздігүні бұл қыстаудан дәме қылмасын! Қоймаларын қоймасын! Жатақ қалдырмасын! Қыстау өзімізге қайтады” деп, әр ауылға оқшау-оқшау хабар айтқан екен. Барлық сәлеміне дау айтып, қисын айтпайды. Бұйрық жібереді. Сөйтіп, он төрт қыстауды қайтып алып, жалғыз ғана қыстауға келгенде, дегені болмайды. Ол – Шыңғыс ішінде, Байсал алған қыстау екен.

Қазір, міне, осы ауыл Ботақанда отырған Байсалға Құнанбай жарлығын апарған Қаратай мен жорға Жұмабай. Соларға Байсал әуелі жай ғана жөн айтты. Айтқаны:

– Мырзаға сәлем айт, бала жастан бірге жасасып келеміз. Содан бері менің қыстаусыз, жерсіз екенімді осы ел ішінде

өзінен артық білетін кісі жоқ. Кеше Бөжей қыстауы Тоқламбетке шейін әперем демеп пе еді? Бүгін маған бір қыстау тиген екен. Мырза жерсіз емес. Он бес қыстаудың он төртін қайтып алыпты ғой. Маған тигенді қалдырсын, орын теуіп, шығындап қалдым! – депті.

Сол сәлемін Құнанбайға әкелгенде, ол ашу шақырып, кәріне мініп, Қаратай мен Жұмабайды сол түнде қайта жіберіп, “Сөзді қойып, көшсін” деген бұйрық жолдапты.

Байсал мұны естігенде қатты бұзылып, қарсы қайрат көрсетіп:

– Жөнімді айтып ем, жібімеді ғой. Жерге тигендіктен шықпайды, жетеге тигендіктен шығады жан ашуы. Мені тек жатайын десем де, сүңгілеп тұрғызайын деген ғой! Сол жер деген боп, жегідей соңына түсіп, кешегі қадірлі Бөжейді де жұтып еді. Содан жаным ардақты емес. Айтқанымнан қайтпаймын! Осы қыстаудан қия баспаймын! – депті.

Бұл жауапты Қаратай тағы бір от шығып кете ме деп, майдалап жеткізбек екен. Бірақ Құнанбай: “Байсал бұлай сөйлемейді, дегенін дәл жеткіз” деп, қадалып отырып апты да, Жұмабай түгел айтып беріпті.

Содан бері Құнанбай Байсал мен Байдалыға қайта кіжінулі екен. Жалғыз-ақ Бөжейдің асы келе жатқандықтан, сырттан тартынып отырған көрінеді. Бірақ Ұлжан түгел біліпті. Шыңғыс асып, жайлауға көше бастағаннан бері Байсал ауылдары мен Құнанбай ауылдары әр қоныстың тұсында иықпен қағысқандай боп, ылғи тайталаса келіпті. Барлыбай жазығына бұл ауыл қонғанда, Тоңашаға Көтібақ қонған екен. Малын қудыра беріпті Құнанбай. Содан соң Байсал Көтібақ қонысының Құнанбай аулы жақтағы шетіне ұдайы өз аулын қондырып, бұл жақ не істесе, соны істеп келіпті.

Қызылқайнар тұсында, Жыландыда, Балашақта да Байсал аулымен осы ауылдар ылғи сыбайлас боп, тіресіп келген екен. Күндіз-түн Көтібақ жігіттері Байсал аулының айналасында болады дейді.

Құнанбай аулы анау көрініп, жер шегіне іргесін қадап отыр. Болымсыз бірдеңе болса, от шығып, ұшқындап кететін сияқты. Құнанбай, әсіресе, омырау ғып, соған әдейі ізденіп жүр. Осы жайды аңғарған Зере мына Ботақан ошағына елден бұрын кеп, Байсалға өзі көрші боп қоныпты. Онысы Күнкенің аулынша тимей, малшы, қосшыны тыйып ұстамақ. Ұлжан-

ның, әсіресе, қамығатыны мына келе жатқан Бөжейдің асына да Құнанбай бұл қалыпта қырыс қарап, шырай беретін емес. Өлінің топырағын көрмесе, тым құрыса, жыл өткенде жібімес пе? Осының бәрін көп күрсініп отырып айтқан Ұлжан Абайға үлкен ой салды. Ел ішінің мінезіне, әкенің тартысына баласының көңілін шындап бұрып, шүйлеп салғаны осы. Үлкен ісіне араласатын кезі жетті деді ме? Барынша шырығып отырып, ашық сөйледі.

Абай өзінің қатаң ойларын сыртқа шығарған жоқ, қабак түйіп, ішке жиды. Осы күн күні бойы ешкіммен жазылып сөйлескен жоқ. Түн бойы ұйықтай алмай, аунақшып шықты.

Ертеңінде түске жақын Ербол келіп, екі жігіт үлкен үйде қымыз ішіп отыр еді.

Тыста бір нәрсеге қатты ашуланып, ақыра сөйлеп, аттан түсіп келе жатқан Құнанбай үні естілді. Жалғыз екен. Үйге кіре бере бөгеліп, есік алдында тұрып:

— Ей, Жұмағұл, Мырзахан! Кел бері! — деп әмір етті де, үйге кірді. Екі жігіт ілесе келді. Құнанбай төрге шығып отыра бере:

— Аулымның іргесіне егесіп кеп қонып отыр ғой. Егескендіктен жылқысын қаптата жайып, бері өрістетіп отыр. Көрейін мен Байсалдың ызғары мен айбарын. Бар дереу, қолдарыңа шоқпар, сойыл алыңдар. Анау жылқысын сойылдап-сойылдап, дәл Байсал аулының ар жағына қуып тастаңдар! Бұлжытпай орында осы айтқанымды! — деді.

Екі жігіт жалт бере жөнелді. Бір кезде сойылдарының дыбысы естіліп, кермеден ат шешіп жатқандары білінді. Сол уақытта Абай үйден шығып, екі жігітке:

— Ей, тоқтаңдар! — деп үн қатты. Ана екеуі аттарына мініп ап, тымақтарының құлағын жымыра байлап жатыр екен.

Абай қатарына келіп:

— Сендер қайткелі тұрсыңдар! — деп еді, Жұмағұл сырт қарап жауап берді.

— Бара жау тигендей етеміз! Несі бар?

— Тимейсің олай, бері қара!

— Е-е, мырзаның бұйрығын екі етуші ме ем? — деп тебіне берді. Абай осы кезде қатты булығып жетіп келді:

— Құтырма! Тоқта! — деп ақырып қалды. Екі көзі қанталап, өзі сұп-сұр боп апты. Жұдырығы түюлі. Екі жігіт тоқтай қалды.

– Жылқыны қумандар! Сойылдама! Жай ғана жылқышысына айтыңдар да, қайтыңдар!

– Е, бұйрық ше?

– Бұйрық осы! Айтылды! Осыдан тек, жалғыз-ақ, бәле шығарып көр, Жұмағұл, жазаның үлкенін сонда көресің! Тапмына менен көресің! – деді. Даусы соншалық зілді. Сөзі сондай салмақты.

Жұмағұлдар еріксіз көнді де, аяндап кетті.

Абай үйге кеп, әкесіне ажарлана қарап отырып:

– Әке, осы шілденің күнінде, ен жайлауда, шөп деген тұтып тұрған шақта жер қорыған, ағайынға реніш салған не қисынға сыяды? – деді.

Құнанбай бұған жалт етіп, суық қарады.

– Немене, Байсалдың дауын айтар тіл, жақ жоқ деп пе ең? Қыстауымды қайырмай, қасарысып отырғанын да қостарсың сен?!

Абай қайтқан жоқ. Үні қатқыл шықты.

– Қыстау – жайлау емес қой.

– Қыстаудан жайлауға көшетін кекесін болмай ма екен?

– Ендеше, түп-түйінді айтады екеміз. Сонда қыстау жайындағы ашудың өзі әділет пе?

– Әділет, сенің ойыңша, біреудің басына күн туса, соның орнын тартып алу ғой?

– Тартып алғыштың басы, шынға келсек, Байсал емес, өзіміз ғой. Байсал алушы емес, алынушы боп келмеп пе еді бұл күнге шейін? Өмір бойы бір-ақ қыстау сұрап емінгені өзіңіз емес пе едіңіз? Сол бір қыстаудың зарынан кеше сіздің қасыңызға еріп, қолыңызды қостап, тіпті, анау Бөжейді сабасуға да барғаны қані? Байсалға тиген бір қыстауды қуған – зорлық. Содан ұшқындап кеп, мына... – дей бергенде, Құнанбай Абайды тоқтата берді. Бірақ алғашқы ашулы үні бөседепті

– Жә, суырылма!.. Менімен жарыса түспек пе ең? – деді. Абай бұған аз іркілді де:

– ...Мына жайлауда бөлінбеген бір елдің көдесі үшін түс шайысу, тіпті, жол емес! – деп тоқтады.

Бұрын Абай әкесіне осындайлық ел жайындағы сөздерді айтқанда, көсіліп сөйлей алмай, күрмеле беруші еді. Тілі де тұтқыр тарта беретін.

Құнанбай баласының бұл жолғы үнінен өзгешелік көрді. Үй ішіне айнала қарап, байқап еді, Зере, Ұлжан да қалт қарап,

қадала тыңдап отыр екен. Жаңағы сөз жалғыз Абай сөзі емес пе, әлде? Құнанбайдың бетіне батып айта алмаса да, сырттан бар жақын, бар туысқан осылай десе ме екен? Осындай ғып ойландырған сұрақтармен Құнанбай тоқырап, үнсіз отырып қалды. Аздан соң тынышсызданып қозғалақтап барып, көлбей түсті. Шынтақтап жантая берді. Абай биік төсектен жастық әперді. Құнанбай сол жастықты қолтығына басып, Абайға сыртын беріп, ойға түсіп қалып еді.

Алғашқы сөзіне қарсы дүрсе қоя берген ашуды көрмеген соң, Абай тағы бір сөз бастады.

— Үй іші болсын, бала, бауыр болсын, өз ойындағы мақұл дегенін сізге айтуы шарт қой. Айта алмай жасырып қалса, лайық па? Сіздің де есітіп, білуіңіз лазым ғой!

Діндәр әкеге кітапшылап сөйлесе, парыз, уажып деген сияқтыны еске алуы мүмкін. Бұл есебі дұрыс болған сияқты. Құнанбай Абайға қырындай қарап, ендеше, айт дегендей ілтифат жасады. Абай енді бөгелген жоқ.

— Тағы бір жайды айтуға рұқсат етіңіз. Ол мына Бөжейдің асы туралы. Бұл жөнде біз ада қылмаған ағайын міндеті көп. Жалғыз-ақ, енді мынау ас жалғыз Жігітекке сын емес. Бірнеше дуанның еліне сауын айтып отыр. Ағайынмын, адаммын дегеннің бәріне сын. Өлімінде оқшау қап ек, енді тым құры-маса, мынау асына ат салысайық! — деді.

Құнанбай өткен жылдың ызасын еске түсіріп:

— Мен қайтейін! Кел демесе, кимелеп барам ба? Барып тұрып, былтырғыдай кеудеге қақтырам ба? — деді де, бұл сөзді жақтырмағанын сездірді.

— Ендеше, сіз бармаңыз. Бірақ бізге рұқсат етіңіз. Біз барамыз да, араласамыз. Сол жетеді. Қарсы болмасаңыз, мен өзім ада қылайын. Тек қасыма Ызғұттыны беріңіз. Және азын-аулақ мал-дүниенің шығынын осы үйдің, мына шешелер мен біздің еркімізге беріңіз!

Бұл тұста Абай көңілінде әзірлеп алған байлау бар сияқты. Онысы бір өзінен басқа ешкімге мәлім емес. Ұлжан да қазір баласының сөзін ойлана тыңдап қапты.

Құнанбай басын көтеріп, тымағын киіп, тұруға айналды. Үй іші жауап күтіп, қадала қарап отыр. Салмақ салғандай. Соны жақтырмаған Құнанбай қырыстанып:

— Мейілдерің! Маған десе, аяғына бас ұр Байдалы мен Байсалдың! — деді де, шығып кетті.

Көнгені осы. Қай көңілімен көнді? Қиналып, қынжылып көне ме? Кекесінмен көне ме? Оның ар жағын Абай елеген жоқ. Тек қарсы алыспаса болды.

Енді шешелерімен оңаша отырып, өз ойынша қалай араласатынын ап-айқын қып, таратып-таратып айтып берді. Байлауының бәрі де орынды екен.

Зере мен Ұлжан осы іске көмекші болсын деп, Ызғұттыны шақыртып, дәл осы күні Абайға ақылшы ғып қосып берген.

Абай өз ағайындарының ішінен Құдайбердінің болыспағын қажет деп білді. Оған өзі барып, ұзақ әңгімелесіп, бар ниетін айтып, ұғысып қайтты. Құдайберді Абай керек еткен жәрдемінің бәрін жеткізіп тұрмақ болды.

Осы кеште Ербол Бөкенші жаққа қайтпақ еді. Атқа мінер жерде Абайды оңашалап алып:

– Абай, бөтен сөзім жоқ. Тек бағана әкеңмен сөйлескен сөзіңді есіткелі өзіңе дән ырза боп, достығыма сүйсініп ем. Барым сол ғана. Енді мен ана жаққа барып көптің ісіне қолдан келген көмегімді етейін! – деді.

Абай рұқсат етті. Жалғыз-ақ, Ерболдың ас жөнінде керегі болса, шақыртып алмақ болды.

Келесі күні Абай атқа мінді. Қасына ерткені – жорға Жұмабай мен Мырзахан. Бұл үшеуі Қазбаланы өрлеп, Көтібақ пен Жігітектің қалың ауылдарын аралап отырып, сол өлкенің орта тұсындағы Бөжей аулына келді. Бұл өңірдегі ел тұтасымен астың қамында. Бөжей аулының жоғарғы жағындағы кең бір төскейге сансыз көп үйлер тіккізіп жатыр. Астың күні жақындап қалған. Қарбалас мол. Ер атаулы ат үстінде. Асқа тігілген үйлерді артқан көштер тізбек-тізбек боп, дамылсыз ағылып келіп, жаңағы төскейге құйылып жатыр. Абайлар ең алдымен Бөжейдің қаралы үйіне түсіп, құран оқыды. Белдеуіне қара тігілген, ішіне қымбат бұйым атаулыдан сеп жиылған, қаралы теңдер тізілген үлкен үй әлі сол қалпында. Бөжейдің жыл уағын күтіп, азалы күйде тұр. Тұлдаған киімдер де оң жақта ілулі күйінде. Әсем тұскиіздің үстінен ілініпті.

Осы ауылдың қасында ас иелерінің жиыны түгел екен. Абайлар Бөжей үйінен қымыз ауыз тиіп, тысқа шығып, сол жиынға келді. Кішілеу төбенің басында отырып, кейбір аттыларды шақыртып алып, кейбіреулерін шапқыза жөнелтіп,

әмір таратып отырған осы жиын. Ортасындағы үлкендері – Байдалы, Байсал, Сүйіндік.

Байдалы былтырғыдан бері недәуір қартайып қапты. Сақал-шашының ағы көбейіп, бурылға жақындаған. Қастарына Абай келіп сәлем бергенде, бұл үлкендер бұрынғыдай емес, оң шыраймен амандасты. Байдалы мен Сүйіндік Зере мен Ұлжанның амандық-саулығын сұрап, жас жігітке қастарынан орын берісті. Осы үлкендердің бұйрығын күтіп, қасқабақтарына қарап жүрген жас жігіттердің ішінде Ербол бар. Абайдың бұрыннан жақсы білетін бір танысы Жиренше де осында. Байсал Құнанбаймен араздасып кеткелі, Абай мен Жиреншенің кездескені осы.

Жиренше де Абайға енді жылы ұшырап амандасты. Жаңа адамдар келген соң, үлкендердің өзге істері мен сөздері бөгіліп тоқырап қалған. Аз ғана жиын біраз үндемей отырысты.

Абай осы уақытта Байдалыға қарап:

– Байдаш аға, – деп алып, сөзіне кірісті.

Келген жұмысын қысқа айтты. Бірақ орнықты, байыпты қып жеткізді.

...Осы жиынға сәлем айтқан Зередей аналары екен. Сол кісідей үлкендер жіберіпті. Бөжекеңнің асына ағайын боп ат салыспақ. Бұрынғы шақта қапы болса, енді олай емес, қалыспаймыз деген адал ниетпен келіпті.

Байдалы Абайды тыңдап алды да:

– Шырағым, бұл сөзіңе ағайын ырза. Бетіңнен жарылқасын. Енді қалай кірісесің, ойлағаныңды өзің айт! – деді.

Абай сонан соң кешегі шешелеріне, Ызғұттыға, Құдайбердіге өзі айтқан жобаларын айтып шықты.

Қонаққа тігіліп жатқан үйлердің ортасынан Абай өзі тіккізетін үйлерге бөлек орын тілейді. Ол үлкен үйді осы бүгінгі күннен қалдырмай әкеліп тігудің міндетін алады. Он үй – отыз-отыздан үш жүз кісі түсетін үй болмақ. Сол үйлерге арналған ішкі жасау, көрпе-жастық, ыдыс-аяқ – баршасы үйлермен бірге келеді. Және он үйдің ертеңді-кеш ас азығы, бар сойысы, барлық күтімі өзіне бөлек. Ол Абайлардың өз мойнында. Ас ошағын да өздері жайлайды. Аспазшы, күтуші, даяршы жігіттердің бәрін де Абай өзі қамдайды. Үлкендер осыған сенсін де, қазір осы арада тапсырып, байлап берсін. Сонан соңғы Абайдың тілейтіні: әр рудан, әр жақтан келген қонақты осы маңдағы әр топ, әр ауыл міндетіне алып жатыр

ғой. Ас келесі солай ғой. Ендеше, Абай да мынау үлкендердің бұған арнайтын қонақтарды атап бермегін сұрайды. Сонда және осы жиынға келетін ең қадірлі, ең сыйлы деген елдің қонағының бірін берсін, соны өтінеді.

Байдалы, Байсал, Сүйіндіктер Абайдың өзін ендігі ақылдарының ішіне ала отырып сөйлесті.

Бұл асқа Қарқаралының Арғыны, Жетісудың Жалайыры, Садыр-Матайы, Семіз-Найманы, Ылдидың Уак, Бурасы, Дағандының Керейі бар, талай үлкен рулар келмек. Бәрі де алыстан келеді. Бірақ осы топтардың ішінде, әсіресе, алабөтен, жолы басқа бір топ бар. Ол — Найманнан келетін Бөжейдің нағашылары. Сол елде ертеректе Бөжей атты жақсы кісі болған. Кеңгірбай сонымен құда боп, өзінің Ералы деген баласына Бөжейдің қызын айттырған. Кейін сол Бөжей қызынан туған немересінің аты нағашысындай болсын деп Бөжей аталған екен. Байдалы қыстан бері соларға айрықша хабар жолдаған. Жақында жауап кепті. Бөжейдің сол нағашы жұрты жиенінің асына келмекке әзірленіп жатыр екен.

Қазіргі бар жиын Абайдың мейлінше жақсы ойлаған қамдарына сенген сияқты. Осы Бөжейдің нағашыларын күтіп алу өзге қонақтан өзгек ретті тілейді. “Тапсырғанда, соларды тапсырса қайтер еді?” деген сөздер шыға бастағанда, Абай:

— Ендеше, Байдаш аға, байлау сол болсын. Бөжікеңнің нағашысын біздің күтуіміз жол екен! Бізге беріңдер! — деді.

Жиын іркілген жоқ. Кеше Құнанбай, Бөжейдің араздығын, жаманатын есітіп келген нағашы жұрт енді артын күтіскенді көрсе, көрсін! Лайығы сол екен дескен...

Бұл жайды ашып айтысқан кісі жоқ. Бірақ салған жерден Абай қалай ашық түсінсе, өзгелер де солай таныған.

Абай осы ауылдардың өзге қамдарын, ішкі реттерін жақсы білетін кісілерден бір үш жігіт берілуін сұрады. Оған Байдалы Ерболды, Жиреншені, Базаралыны атап берді.

Бар сөз шешілді. Бар қам, барлық қимыл алда тұр. Енді бір сәтке де аял жоқ. Абай сол арада атына мінгелі орнынан тұра беріп еді, Сүйіндік бұған ырзалықпен қарады да:

— Жамандықтан жұққыш нәрсе бар ма? Оны тапқан, ақылды болғандықтан таппайды. Және тапқанымен қарқ болмайды. Шын тапқан деп, жақсылық тапқанды айтат та! Бетің, ниетің дұрыс екен, балам! Тек, жолың болсын! — деді.

Абай осы топтың бөтені боп көрінбей, өз адамы сияқты боп саналғанына ішінен қуана түсіп, ырза боп, атына қарай басты. Өзі атқа мінісімен жаңағы бұған серік болатын Жиренше, Базаралы, Ербол үшеуін ертіп алып, үйлер тігіліп жатқан жерді аралады. Өз үйлерін тігетін орынды ақылдасып, сайлап алып, ас ошағын орнататын жерлерін де белгіледі. Ол орайда ақыл айтып, орын көрсеткен Жұмабай болатын.

Барысымен үйлер көшіріледі. Мырзахан мен Ербол екеуі көшті алдынан тосып алып, жайлап қондыруға міндетті. Абай өзі ол жақтан келетін мал-дүниенің бәрін әбден сай ғып жөнелткен соң ғана келеді. Оған шекті мұндағы істерге Базаралы, Жиренше – бәрінің де бас-көз болуын сұрады. Байлауы шапшаң, сөзі де, ісі де жол көрген кісідей орынды, ширақ.

Абай мен Жұмағұл жөнеліп кеткенде, ұзын бойлы, сұлу жүзді Базаралы қалғандарға қарап:

– Япырмай, мынау өзі ер жетіп, пісіп қапты-ау! Тек айтқаны қолынан келсін, – деді.

– Қолынан келгенде, мықтап келеді! Көресің! – деп, Ербол сенімді сөйледі.

– Ендеше, бөтеннің қамы емес. Бір Бөжекеңнің әруағы ғой. Келіндер, көмегінде болайық! – деп, Базаралы байлауын айтты.

Жиренше де, Ербол да шын бейілмен құптады.

Абай Қазбалаға жүрерде қатты тапсырып кеткендіктен, Ұлжан аулында үлкен қарбалас, әзірлік жүріп жатыр екен. Мұндағы істің басында Ұлжанның өзі және Бізғұтты, Құдайберді болатын.

Ботақан ошағына келісімен, қонаққа тігілетін он үй жығылып, артыла бастады. Үйлерді жаңағы үшеуі осы арадағы Ырғызбайдың бар аулынан таңдап тұрып атаған-ды. Абай сары жорға атпен сыдыртып жүріп, бар үйді тігулі күйінде көріп шығып, бір-екі қоңырқай үзігі бар үйді алмай, орнына басқа туысқандардың аппақ үйлерін жықтырды. Сонымен, кешкі жылқы суға келетін кезде, Қазбалаға қарай салқар көш боп жөнелген үйдің бәрі бірдей үлкен, шетінен аппақ, келісті үйлер болатын.

Әр үйдің ішінде ұсталатын кілем, тұскиіз, сырмақ, текемет, көрпе-жастығы да бірге жіберілді. Көбінің ыдыс-аяғы да сай болған. Дастарқан, орамалдың да олқы болмай, жаңа

болуын, таза болуын Ұлжан өз көзімен атқарып, қадағалап жіберткен.

Әр үйдің тігушілері қазір бірге кеткен жігіттер. Кейін қонақ күтетін күтушілер де солар болмақ.

Өңшең пысық, елгезек, сергек жігіттер екен. Бәрі де Бөжей ісіне бұл ауылдардың бет бергенін іштей шынымен мақұлдаған жастар сияқты. Тегіс көңілденіп аттанысты.

Қонақ үйлер жөнелтумен Абайлар істейтін істің басы ғана басталды. Үлкен, ауыр жұмыстар әлі алда жатыр. Көшті жүргізіп жіберіп, енді күн батар шақта тыста, үлкен үйдің алдында Зерені ортасына алып отырып, төртеу-бесеуі ақылдасқанда, қалған істің қиынын Абай енді түгел түсінді.

– Не керек? Қайтпек керек? – дегенді кезек-кезек айта бастаған Ұлжан мен Ызғұтты еді.

Қазір енді ас ошағының басына тігілетін үйлерді де жөнелту керек. Оған Абай бір-екі үй жетер деп ойлап еді. Жок, сойылатын малдың еті үйде болу керек екен. Ендеше, бес-алты үй керек.

Оның бәріне ас пісіретін, отын-су қамдайтын халық керек. Ең алдымен сойыс не болады! Құнанбаймен ақылдасуға болмайды. Не де болса, өздері шешеді. Бірақ кең қолдық, шығымдылық болса осы жерде көрінеді. Оған Ызғұтты іркіліп, еш нәрсе айта алмады. Абай, әйтеуір, сараң болмау керек дегеннен басқа, не лайық екенін дәлді білмейтін. Бұл арада Құдайберді көмек етті.

– Енді сенің бетің іркілмесін. Барған соң, басқаша боп бар! Он үйге арнап, он семіз байтал апарыңдар. Үй басы екі еркек қой барсын! – деді. Осы айтқаны байлау болды.

Ұлжан ас ошағының басында үлкен қиындық барын, ақыл керек екенін айта келіп, ертең өзі бармақ болды. Қасына Айғызды, Қалиқаны, Сары апанды және бірнеше күтуші қатындарды ерте баратынын айтты. Осы кеште ұн, шай, тәтті-дәмді дегеннің бәрін де бар ауылдан тығыз қамдатты.

Өзге жайдың бәрін ақылдасып, шешіп келгенде, бәрінен қиыны қымыз болды. Сауын биені ол араға апарып байлауға болмайды. Жер тар, ел тығыз. Қымызын анау басқа күтуші ел де күнбе-күн жеткізіп тұрмақ. Ботақан ошағынан Қазбалаға қымызды мол қылып, қалет қылмай, кешіктірмей жеткізіп тұру үшін бір Абайлар емес, осы артта қалған ауыл-ауданның, көрі-жастың бәрі кепіл болуы шарт.

Ел жатқанша осы маңдағы жиырма ауылдың бар үлкендерін Абай мен Ұлжан тегіс шақыртып ап, тағы кеңес жасады. Астың басы бір басқа. Осы ауылдың өзінде қалып, үнемі айдаушы боп отыратын аса мықты кісі осында керек. Құдайберді ол міндетті өз мойнына алды. Оған Жақып, Жұмағұл, Ырсай сияқты үлкен туысқандар айқайшы болмақ.

Ырғызбайдың осындай көпшілігі бас қосқан кеңесінде Зере сөйледі:

– Байлауын байладың. Енді, түге, жат жиынның алдында жас балаларымның жақсы талабын жер қылмаңдар. Өліге еткен қызметтен бастарың кішіреймес. Араз-құразды ұмытыңдар, адам болсаң! Тірісінде алғыс алмасаң, енді, тым құрыса, өлі әруағынан қарғыс алма. Балаларым мен келіндерім, сендер де төбеңмен жүр! Отымен кір, күлімен шық қонағының! Ердің сыны шабуыл мен шаптығуда емес – кішіпейіл, мейірде! Шалдықсаң да қабақ шытпа! Қуанып, жарқырап жүріп күт! Дабырайып, желігіп те кетпендер! Жым-жырт, момын жүріп күтіндер! Болмаса мынау ағайынның төрт көзі түгел отыр ғой, міне, өл де маған! Бірі қырт, бірі дарақы, мақтаншак, бірі ұр да жық, даңғой атанғанда – осындай көп жиын үстінде масайып, оспадарлық қылам деп, сондай атақ алатын! – деді.

Соңғы айтқан “мылжың”, “мақтаншак”, “даңғой” дегендері осы арада шынымен төрт көзі түгел отыр еді. Мылжыңы мынау – сары сақалды Жұман. Даңғойы анау – Майбасар. Мақтаншағын айтса – Құнанбайдың ұлықтығын бу көріп, осы Ырғызбай шегінен бөспе болатын.

Зереге дау айтуға батылы бармаса да, Майбасар ішінен қыжалданып, мойнын сырт қайырып отыр. Бар Ырғызбайдың анасы. Өзінің ашуы әлі қатты. Томырылып кетсе, тіпті, Құнанбайды да қорқыту қолынан келеді! Оны Майбасар талай көрген. Енді, ыза болса да, амал жоқ.

Зере сөзін бітіргенде, Майбасар қасындағы Ұлжан жеңгесін түртіп қойып, ақырын күңкілдеп:

– Қап, мына тентек кемпір ме! Исі Ырғызбайдың ақсақал, қарасақалын жиып ап, қылып отырғанын қарашы. Енемізді әбден ұрды-ау, масқара-ай! Даңғой дегені ғой, дәл мен, осының! – деп еді. Қасында отырып сөзін естіген жұрт күліп жіберді.

Майбасар Ұлжанның тасасына бұғыңқырап отырып, қула-нып, көзін қысып:

– Әнебіреу айтқаны кім екен десеңші, тағы бұның? Ана “мылжың” дегенін айтам! Ондай да бар ма еді? – деп, тоқтай қап Жұманды көзінің астымен бағып отыр.

Сағал көз, сары сақал Жұман бұның мысқылын сезген жоқ екен.

– Ой, сығыр мұндар, білмей отырмысың? Мылжың деп, қырт қып, жазған, мені айтат та! – дегенде, жұрттың бәрі ду күлді. Енді сөз бітіп, жұрт қысыр кеңеске кететін тәрізді. Абайлар іске асығып, тұрып кетісті.

Топтан шыға бере, Абай Жұман мінездерін еске алып, күліп жіберді. Бұл туысқанның қырттығы, шынында, дау-дамайсыз-ақ айқын. Өткен күзде біреулер:

– Жидебай мен Мұсақұлдың арасы қанша шақырым келеді екен? – десіп отырса, осы Жұман:

– Жидебай мен Мұсақұлдың арасын мен айтайын. Былтыр айт намазынан қайтып келе жатып, қолдан санағам. Дәл бір мың екі жүз отыз жеті “Лә илаһа иллалла” болады екен депті.

Абай осыны еске түсіріп, ішінен Жұман үшін жаман ұялды. Мырс етіп:

– Құдай-ау, неткен көк мылжың? “Иллалламен” жер өлшеу неше атасынан қалды екен мұның. Оны әрі айтып, әрі санау неткен бейнет? Не деген мылжың жындылық? – деп ойлаған.

Осы түнді тынымсыз қарбаласпен өткізген үлкен ауыл таң сарғайып атысымен, тағы бір үлкен көшті жөнелтті. Арасында үлкен үйлері, қостары, ұраңқайлары бар – жиыны сегіз үй ас ошағының басына тігілетін боп кетті. Ас пісіргіш еркектер мен қатын да, отыншы, сушы қызметшілер – баршасы да осы көшпен жөнелді.

Күн шығып, ел тұрған соң кең пәуескені үш атқа жеккізіп, қасына Айғыз, Сары апаң, Қалиқаларды алып Ұлжан да жүрді. Артта қалған ендігі іс – сойыстың малы. Соны таңдап ұстатып алып, Қазбалаға тез жеткізу бар. Абай мен Ызғұтты қастарына үш-төрт жігіт алып, сол шаруаға қалған.

Бойдақ жылқыны ауыл қасына ерте айдатып келіп, Құдайберді, Ызғұтты, Абай үшеуі ат үстінен түспей жүріп, түндегі аталған он байталды іріктеп таңдады.

Әрқайсысы әр айғырдың үйірінен белгіленген. Бұл байталдың бәрі де өмірі жүген, құрық тимеген шу асаулар. Көп

мықты жігітті қашаған қуғыш бедеулер мен жүйрік ат-айғырға мінгізіп, қолдарына ұзын құрық, мықты бұғалық беріп, асауларды ұстауға кірістірді.

Жайын құландай безіп қашқан байталдар оңай ұстатқан жоқ. Бірнешеуі жеткізбей жосып әлек етсе, кейбіреулері мойындарына түскен құрықтарды жұлып әкетіп, бар жылқыны үркітті. Ауыл үстінен қашқандарын иттер қуып, Ботақан бойы азан-қазан болды. Жігіттердің көбі астарындағы аттарын қан сорпа қып, өздері де талған кезде жеті байтал ұсталып болды. Енді бір жирен, екі құла байтал шығанға шығып, мойында-рындағы бұғалығымен босып жүр.

Олардың соңына Масақбай түсіп, сойылдап ұрып жүріп, қорқытып әкеп, қалың жылқының ішіне тықты. Сол кезде барлық аттылы-жаяу тұрған жиын байталдардың мойнында сүйретіліп жүрген арқандарға үштен, төрттен жабысып, табандап жатып алысты. Сөйтіп, соңғы қашағандар да тегіс ұсталды. Шыңғырып, бұлқынған жас асаулар түздің тағысындай арпалысса да, бастарына тегіс ноқта киіп, мойындарынан қосақталып, Қазбалаға қарай кетті.

Жиырма еркек қой да бұл кезде жарым жолға барып қапты. Керегінің бәрі түгелденген соң, Абай мен Ызғұтты да жортып отырып ас басына келді.

Аталған жерлерге қонақ үйлер де, ас үйлер де тігілген екен. Іштері де реттеліпті. Әр үйдің күтуші жігіттері өз үйлерінің жанынан табылды. Үй басына екі босағаға екі-екі үлкен саба орнаған екен. Абайдың артын ала ілесе келіп жатқан қымызшылар үлкен-үлкен мес пен сүйретпелерді толтырып әкеп, жаңағы сабаларды кезек-кезек күрпілдетіп пісіп жатыр.

Ұлжан да өз міндетіне сыбана кірісіпті. Ол ас ошағын Қазбаланың суына жақындатып қаздырып, мал сойғызуға кіріскен екен. Жиырма шақты жігіт биелерді ақтармалап сойып жатқанда, Ұлжан тағы бір топ жігіттерді алып, жиырма қойдың он шақтысын Қазбаланың жағасына апарып, әр жерде қалың-қалың от жаққызып, үйткізіп жатты. Мұнысы – аспен тойда көп қонаққа істелмейтін сый. Бірақ Ұлжан семіз жылқы еті мен жас қойдың етіне үйткен қойдың дәмді құйқасын да араластырмақ бопты. Бейнет те болса, Абай үйлерінің ажарын арттыратын болды. Дәл нағашылардың ішіндегі үлкендеріне арнап екі кебеже сүр де әкелгізген. Қыстан қал-

ған бар ескі иіс осы болатын. Қонақтың бәріне жеткізе алма-са да, ең елеулі тобына өзге астардың дағдысынан бөлек сары ала тартқызбақ.

Абай тіккізген үйлер қазірде бұл өлкедегі қонаққа арналған үйдің бәрінен оқшауырақ. Тысы да, іші де өзгеше боп айдынды көрінді. Ең сый қонақтардың түсуіне арналған жарастығы мол үй боп тұр.

Сүйіндік пен Байдалы бұл үйлердің рет-ажарын көріп, ас ошағының басына келіп, аттарынан түсіп, Ұлжанмен амандасты. Елден ерек қамдарды да әбден танып, іштерінен ырза болысқан. Байдалы атына қайта мінер кезде Ұлжан азырақ тоқтатып, оңашалап алды да:

– Тамақ пен күтімі бір басқа ғой. Ертең ат шабады, балуан күреседі. Әр алуан бәйгелер бар. Түйе бастатқан тоғыздан бәйге шығарыпсындар. Жақсы екен! Ағайынның аянып қалатын жері емес қой. Менің балам ол үлестеріңнен де қалмаймын дейді. Соның ақылымен мына бір бұйымды әкеліп ем! – деп, қалтасынан жібекке ораған бір кесек түйін алды да, Байдалыға ұсынып тұрып: – Бәйгенің бір тоғызының басы осы болсын! – деді.

Бергені үлкен кесек күміс – “тайтұяқ” болатын.

Осы күні малдар тегіс сойылып болып, азық-түлік ас үйлерге әбден жайғасқан шақта, екінді кезінде Қазбалаға қалың қонақтың алды ағылып, жете бастады.

Байдалы, Сүйіндік, Ызғұттылар қонақ үйлердің орталық жеріндегі биікше төбенің басына шығып, келушілерді тосып тұрғалы бірталай уақыт болған. Қонақтар төрт тараптың бәрінен қырық-елуден, жиырма-отыздан лек-лек болып, аттарын жай-жай бастырып, жылжып келе жатыр. Әр топтың алдынан кереші күтушілер шауып шығып, сәлем беріп, жөндерін біліп, үлкендер тұрған төбеге қарай бастайды. Дағды бойынша шет елдің сый қонақтары әуелі ас иелеріне сәлемдесіп, асқа береке тілеп барып, қонақ үйлерге түсу керек.

Күтушілер болса, әрқайсысы өзді-өз үйлеріне алатын қонақтардың руларын алдын ала білетін.

Абай жігіттері Жиренше, Ербол, Базаралы, Мырзахандар да сол қонақ тосушылардың тобында жүр.

Абай өзі қонақ үйлерінің қасында қырық-отыз жігіттермен Жетісу жағының қонақтарын тосып тұрған.

Басында жүздеп келген қонақтар күн батар шақта мыңға жетіп, одан да асып барады. Жігітек, Көтібақ, Бөкеншілер тіккен үйлердің бірталайы өз қонақтарын қабылдап, қарсы алып жатыр.

Абайдың қонақтары ымырт жабылар кезде ғана көрінді.

Бөжейдің шешесімен туысқан нағашы ағасы ақ сақалды, келбетті қарт екен. Соның өзі кепті. Ол төбе басында өзге қонақтардан бөлекше белгі жасап, атынан түсіп, барлық үлкендермен құшақтасып амандасты. Қасындағы жиыны мол. Жетісудан келе жатқан Семіз-Найман, Жалайыр, Матай, Сыбан да тегіс осы кісінің маңында екен. Алды сол нағашының тобы. Олар елу-алпыс кісі. Солардың артынша Найман тымақты қалың топтар қауырт көріне бастады.

Нағашы тобы мен артқы аттылардың бәріне жататын үйлерін көрсетпек боп Ызғұтты, Сүйіндік алға түсті.

Нағашылар жақындасып келгенде, Абайлар барлық жігіттермен сәлем беріп, түсіріп алысты. Ақсақал нағашыға Сүйіндік Абайды таныс етіп, Құнанбайдың баласы екенін айтты.

Абай “қош келдіңіз, нағашы” деп қол қусырып, тағзыммен қарсы алған. Барлық мол үйлерден мынау он үй өзгеше, оқшау тұрғанын қонақ атаулы аттарынан түспей тұрып, ерте таныған еді. Бұл үйлерге өздері түспей, басқа жерлерге орналасқан қонақтар: “Анау бөлек үйлер кімге арналған? Онда кім қабылдайды екен?” десіп, сұраса бастаған-ды. Сол ретте ол үйлер Құнанбай баласы тіккізген, Бөжейдің нағашы жұртына арнап тіктірген үйлер екенін де білісіп қалған.

Ақсақал нағашыны қасындағы үлкенірек кісілермен іріктеп отырып, Абайлар дәл ортадағы, ең жасаулы үйге кіргізді. Өзге топтарын да дамыл көрмей қарсы алысып, қатар үйлерге кіргізіп жатқан.

Нағашылар бәйгеге қосқалы бір баран, екі қылаң жүйріктерін әкепті. Құйрық-жалы сүзулі, үстеріне бала мінгізген, үкілі-тұмарлы аттар оқшау байланды.

Алыс-жақыннан келген қалың топтардың бәр-бәрі де әзірше осылай бәйгелерін жұтындырып, көлбек қақтырып келіп жатыр.

Алғашқы топ келісімен өзге қонақтар да іркілген жоқ. Көз байланғанша он үйдің алтауы толып қалды. Әзірге Жетісудың алыс руының бәрі аталып жатыр. Енді ымырт жабылар кезде Қазбалаға төгіліп жатқан топтардың киім

үлгілерін болжау қиын. Қай рулар екендері мәлім емес. Тек қана кейбірінің қылаң аттысы көп, кейбірінің баран аттылығы көп – үлкен шоғыр боп көрінеді. Сам жаққа қарай бұрылса, күміс ер-тұрман жарқылдайды. Өлкедегі қалың нөпірді көргелі жаңада мінілген үйірсек аттар кісінейді. Абай үйлеріне келушілер саябырлап, аз ғана толас болды. “Ендігі кісілер ертең келер” десіп, Абайлар алдыңғы үйлерге қымыз тарта бастаған. Осы уақытта Ербол Абайға келіп:

– Тағы бір қалың топ келді! – деп, ақырын хабар берді. Бұл жиын Найманның Тобықтыға жақын отыратын руы – Сыбан екен. Арғы шеті – Аягөз, Қоңыршәулі, Ақшәулі де, бергі жағы осы Шыңғыстың сілемінде болады. Тобықтымен сырмінез. Бірақ бәсекесі де көп, тайталас ру.

Абай жылдам басып, тысқа шығып, бар жігіттерін топтап тұрып, тағы да жақсы қарсы алды. Жері жақын болғандықтан, өзге Жетісу елінің бәрінен Сыбандар мол келген екен. Абайға тиген қонақтың арты осылар. Бос тұрған үш-төрт үйге соларды түсіріп, Абай барлық қонақтарын жайғастырды да, енді тамам жігіттермен өзі қоса, сарп ұрып жүріп сыйлауға кірісті. Әуелі қымыз. Содан соң шай... Содан әрі атпен тартқызған табақ-табақ ет! Алыс жолдан шалдығып келген, қарны ашып келген қонақтарды тыңайтып, күйлендіріп жатты.

Ет желінгеннен кейін, шаршап келген қонақтардың алды жата бастады.

Бүгінгі жүріске мұқалмаған Сыбандар екен. Олардың үйлеріне еттен соң тағы да қымыз сапырылып еді.

Кеш бойы, көбінесе, нағашы жағының үйлеріне айналып жүрген Абай Сыбан қонақтарға енді оралып келді. Сыбан жиынының бұл келістегі үлкені Қадырбай екен. Ол – ақын Қадырбай. Жас күнінде әйгілі Садақ ақынмен айтысып, “Бала ақын” деген ат алып, сол Садақты өлең сөзде мүдірткен осы Қадырбай болатын. Оның көп өлеңіне Абай қанық. Бірқатарын жатқа біледі. Өз қонағының ішінде Қадырбай болғанына Абай дән ырза болды.

Қадырбай болса, бағана түсер жерден-ақ бұларға арналған үй – Құнанбай үйлері екенін білген-ді. Арысы Тобықты, берісі Ырғызбай ішінің қатын-баласына дейін білетін Сыбанның бірнеше сөзуар кісілері тек отырған жоқ. Бағана кештен бері тысқа шығып, қастарындағы күтуші Ерболдармен

сөйлесіп, осы он үйдің жай-жапсарын, күтуші иелерін де Қадырбайларға мәлім еткен.

Қадырбай өзі де келгеннен бергі сары қымыздан, дастарқан мен ыдыс-аяқтан, шай үстіндегі тәтті-дәмдінің молдығынан әр жайды топшылап отырған. Әсіресе, түрілген жас қазының қатарында жүрген үйткен қойдың етінен — мынау үйдің сыйын өзге үйлердің сыйынан басқаша деп бағалаған. Ас атаулының бәрінде болатын жалпы құрғақ сыйдан бөлек жатыр.

Енді осы сыйды басқарып жүрген Құнанбайдың бір жас баласы деген соң, Қадырбай сол бала өз қастарына келгенде ілтифат жасады. Абайға:

— Бері кел! Отыр, балам! — деп шақырып ап, өз қолынан қымыз ұсынды.

Қызғылт қоңыр сақалы бар, келбетті, ақсары Қадырбай Абайға аса бір келісті кісі көрінді. Бұл қонақ Абайдан әкешешелерінің саушылығын сұрастырды. Көрсетіп жатқан сый-құрметіне алғыс айтты.

Абай өздігімен сөйлемей, тек қана Қадырбайдың сұраған сөздеріне жауап беріп отыр еді. Жауапты қысқа болса да, байыпты, орнықты ғып айтады. Жас жігіттің түс-тұлғасын Қадырбай ұнатты білем, тағы да сөйлеткісі кеп:

— Осы Барлас ақын маған бір әңгіме айтып еді. Қүнекеңнің оқудан қайтқан бір жас баласы бар екен. Ұлжаннан туған, Зеренің қолындағы баласы десе керек еді. Сол әлде сенбісің? — деді. Абай ұялыңқырап күлді де:

— Барлас ақынның біздің үйге кеп азырақ қонақ боп кеткені бар еді, — деп, Қадырбайдың жүзіне тура қарады.

Қадырбай күлімсіреп қойып:

— Балам, ендеше, сен көңіліңе алма, әкеңмен мен құрдаспын. Сондықтан еркін сөйлей берем. Айтпағым: өлең дегенді аса бір сүймейтін кісі сенің әкең еді. Сен неғып өлең сүйгіш боп жүрсің? Осының жөнін айтшы? — деді.

Үй іші Қадырбайдың қалжыңына күле бастады. Абай өзі үй иесі болғандықтан сыпайылық жасап, аз сөйлермін деген. Бірақ мына Сыбандар шет елдің адамдары сияқты емес. Тобықтының өз ауылдарының адамындай кең отыр. Жауап айтқысы да келеді. Айтар сөзі де даяр сияқты. Тек қонаққа кеп отырған үлкен кісімен жауаптасса, әдепсіздік болар ма екен? — деп екі ойлы болды. Өзі байқамастан тамсанып, басын шайқап еді. Қадырбай шалып қалған екен.

— Кәне, бірдеме айтқалы отырсың ғой. Ұялма, айт! — деді.

— Ендеше, Қадеке! “Әкесі құрдастың баласы құрдас” дейді ғой. Оғат айтсам, ғафу етіңіз! Бірақ аса бір көңілі керең кісі болмаса, өлеңді сүймейтін жан бола ма? Менің әкемнің де сүйетін өлеңі болар. Жалғыз-ақ, сіздің есіңізде қалғаны, әлгі бір “Шұбарым, арғымағым, кер маралым, өз заңынша болкендік жандаралым!” деген өлеңді жақтырмай, сынап сөйлеген сөзі болмаса! — деді де, ақырын күліп қойды.

Үйдің іші тегіс елең етіп, Абай жауабын баққан Қадырбай қатты қарқылдап күліп жіберді.

— Япырай, мына баланың өзіме соғуын қарай гөр. Сен бұл әңгімені естіген екенсің-ау, ә? — деп, үй ішіне жағалай қарады. — Мынаның айтып отырғанын көрдіңдер ме? Бұл менің Солтабайға айтқан өлеңімді нұсқап отыр. Қүнекең соны естігенде, маған: “Несіне жалына бергенсің?” деп, сын айтып еді, балам, сен дауынды тауып айттың! — деп тағы күлді.

Абай осыдан әрі үндеген жоқ. Тегінде, соңғы кезде барлық үлкендерге талас сөзде соқтығыңқырап сөйлегенді қатты ұнатушы еді. Өзі қоймай сөйлеткен соң, Қадырбайға айтқанына да өкінген жоқ. Қайта мұндайдағы қатқыл көңілі бір ырзалық тапқандай болды.

Бұл үйдегі қонақтар ұзақ отырып, кеш жатты. Орындарын жайластырып, тегіс жатқызып болып, түндіктерін жапқызып, Абайлар ас ошағына қарай қайтқанда, жаздың қысқа таңы сарғайып атып келеді екен.

Қазбаланың түстік жағындағы үлкен қоңыр биіктер бозғылт тартыпты. Жұлдызы сиреген көкшіл аспанда Тезектің Қарашоқысы айқындап көрінеді. “Таң келедіні” бұл атыраптың қатпарларына, ұйқысы қалың көлеңкелі сай-саласына елдің алдымен сол мәлімдеп тұрған тәрізді.

Абай, Ербол, Ызғұттылар ас үйлерге жақындай беріп, өзара күңкілдесіп:

— Қазір таң атады. Бүгін ұйқы бола қоймас!

— Ұйқыны қояйық!

— Отын-су ерте қамдалсын!

— Қымыз! Қымыз кешікпесін! Бар үйдің де сабалары сарқылып қалды!

— Ұйқыны қойып, тез қам қылайық! — десіп, келесі күннің қамына жұмылды.

Келер күн ең ауыр күннің өзі болды. Астың дәл үлкен күні осы. Абайға тиісті қонақтар бұл күні түске шейін кешегі үйлерінен қозғалған жоқ. Таңертеңнен бері шай, қымызбен сыйлап келіп, дәл түске тақай бергенде, барлық он үйге ет таратылды. Абайдың бұл жолы жасаған тәртібі қонақтарды да, көлденең елді де, ас иелерін де қатты сүйсіндірді.

Табақ тартуға өңшен жорға аттарды сайлапты. Барлық ат күміс ер-тоқыммен ерттелген. Күтуші жігіттер бастарына тегіс жібек орамал байлапты. Ас ошағымен екі арада бұлар қос табактан алып, қатар ызғытып жөнелгенде, өлке бойы жайнап кеткендей болады. Нағашыларға арналған күтімнің қапысы жоқ, оқшау сый болды.

Астың күндізгі етін осы үйлер түгел жеп болған кезде, Байсал бір үлкен ақ боз атқа мініп, қасына қырық-елудей топ ертіп, қолына үлкен биік ағашқа орнатқан қарақшыны алып, атой беріп шықты. Қонақтар атқа мінсін, әзірленсін деген белгі. Енді бөйге, күрес, ат үсті сауық басталмақ. Астың қалың думан, қызу ордасы қайнады. Өңгіме, дүкен қарақшы айналасында болады. Байсалдың хабарын құлақтана салысымен, барлық жұрт аттарына ұмтылды. Жал-құйрығы сүзілген бөйгелер де киікше басып, ойқастап шықты. Аз уақытта қалың ел ат үстінде әзір болды.

Жиынын Абай тегіс болжай алмады. Ол атқа мінбеген, мінбекші де емес. Өйткені мұның сыбағасына тиген қонақтар алыс елдің адамдары болғандықтан бүгін тарамайды. Ендеше, кешкі сыйына тағы әзірленіп тұру керек. Сол себепті Абай мен Ызғұттылар өз шаруасының қарбаласында жүр. Маңындағы жігіттері де тапжылмай, қастарында қалған. Абай ешқайсысын босатқан жоқ. Тек жалғыз Ербол ғана көптің қызуына елігіп, шыдай алмай:

— Тым құрыса, сендерге хабаршы болайын. Не боп жатқанын айтып келейін, — деп тұра жөнеліп, шапқылап кетет те, тез оралып келіп, тың хабарлар айтады. Кешеден бері жиылған жұрттың сан мөлшерін білген кісі жоқ еді. Ербол “талай мың бар екен” деп келді.

Абайдың қонақтары аттарына мініп, белгі күтіп тұрғанда, Байсал ұран салып, қарақшысын аспандата көтеріп, Тезектің Қарашоқысына қарай шапты. Соның ар жағы — кең жазық. Істің бәрі сонда болмақ.

Қарақшы жөнелісімен, соның бетін бағып тұрған барлық топ-топ аттылар да дүркірей шауып, қаптай жөнелді. Абайлар енді көрді, көлденең өтіп, селдей ағып жатқан халықтың саны ұшан-теңіз екен. Бұл кезде ас үйлерден Ұлжан, Айғыздар да шығып, барлық күтуші қызметші атаулының баршасы тамашалап, қарап қалысты.

Жер қайыстырып, ағыла жүйткіген жұрттың бір шеті осы ас үйлердің жаны болса, анау шеті көз ұшында. Сол екі арада қара нөпір құмырсқадай қайнап кетті. Талай уақыт арылмай, көшкен бүлттай жөңкіліп жатты.

Алыс елдердің қонақтары бір сәрі болса, Тобықтының өзінен де ат жалын тартып мінген еркектен бірде-біреу қалмағандай.

Бір уақытта Ербол шабатын аттың санын айтып келді. Жиынын Байдалы санатқанда, жүз елу ат бопты. Соның ішінен он атқа бәйге аталыпты. Бәйгенің бәрі де тоғыз-тоғыздан. Алдыңғы бәйге – түйе бастатқан тоғыз, екінші – жамбы бастатқан тоғыз. Ол жамбы кешегі Ұлжан әкелген күміс еді. Содан арғы тоғыздар да түгел саналыпты.

Үлкен астың күресі де үлкен. Балуандар бәйгесі де сондайлық тоғыз-тоғыздан.

Абай осы хабарларды есітіп болып, өз істеріне қайта кірісті.

Бүгін түсте шешелері Абайды шақырып алып, мәлім етіп еді. Қонақтар ертең түстеніп аттанатын болса, ет аздық етеді. Ұялып қалмас үшін қазірден қам ету керек. Абайдың ас қызығына бармай қалғаны сол болатын. Ол Бізғұтты мен Мырзаханды Ботақандағы Құдайбердіге шаптырды. Бөгелмей, тез ғана қысырдың бес тайын ұстатып жіберсін деп тапсырды. Сол сойысты күтті. Және арттағы ауылдар ас бітті екен деп салақсып қалып, ертеңгі қымыздан құр тастамасын. Өзге жұрттың дені кешке тараса да, Абай қонақтары қайтпайды. Соны білдіріп, қадағалау керек. Үздіксіз қиындық отын-су жағында. Оның қамы да Абай мойнында. Сөйтіп, астың ұлы дақпырты болмаса, қиын бейнеті болмаса, басқа ешбір қызығын көрмеген Абай осы күнді және келер түнді түп-түгел тынымсыз қарекетпен өткізді. Қонақтар кешке жақын қайта қайтып келгенде, шаңытып, шөлдеп, түтігіп келді. Алдарынан дәл кешегідей сыпайы, қонағуар, жылпос жігіттер қылаң ұрып қарсы алды.

Әуелі салқын сары қымызбен азын-аулақ шөлдерін бастырып ап, соның артынан шай тартты. Ылғи екі-үш жігіт көтерген, екі иіндерінен бусана түсіп тыныс алған сабадай-сабадай сар самауырлар кірді. Кірді де, бар қонақтың күйін келістіріп, көңілін тапты.

Бұл он үйдің бүгінгі бейіл-құрметі кешегісінен асып түспе-се, кем болған жоқ. Өзге көп үйлердің қонақтары күн батарда аттанып кеткендіктен, Байдалы, Байсал, Сүйіндіктер де осында келген. Оларды Ұлжан мен Абай кеш бата әдейілеп шақыртып алып, нағашы қонақтардың тобының ішінде болсын, бірге отырып, өздері де қонақ болсын деген. Осы кеште Абай істеген сый-құрметке, жақсы ретке олардың өздерінің де көздері әбден жеткен.

Абай бұл түнде де ұйықтамады. Осымен ұйқысыз, ауыр түннің үшіншісі өтті.

Келесі күні түскі асты ерте астырып, қонақтарға ерте бергізген. Дәл осы астың дастарқаны жиыларда, Найманнан келген кәрі нағашы Абайды шақыртып алып, бейілденіп бата беріп, үлкен алғыс айтты.

Дәл сол үшінші күннің түс кезінде Абайдың пішініне көздері түскен Ұлжан, Ызғұтты, Ерболдар жас жігітті қатты мүсіркеді. Абайдың жүзі қан-сөлден айрылып, науқастан тұрғандай. Екі көзі қанталап, кіртііп, жақтары солып, бір түрлі жүдеп, ұрпийіп қапты.

Рас, Ызғұтты мен Ербол да сондай алжа-алжа болған екен. Үшеулері бір-бірінің ажарларын айтысып, күлісіп алды. Ербол:

— Тура кешегі ыстықта бәйгеге шауып, жолшыбай болдырып қап, түнде тағы таң асып шыққан қарашаның көк шоқайындай боппыз, не керек! — деді.

— Ендігі бар арман — бір ұйқы. Тек осы тұрған жерге құлай кеткендей боп тұрмын! — деп, Абай біржолата титықтағанын айтты. Сол уақытта бұларды Байдалы келіп, Бөжей үйіне шақырды. Астың әлі аяқтамаған арты бар. Онысы Бөжейдің тұлдаған аттарын сою, үй ішінде былтырдан жиылған септі тарқату, қаралы теңді бұзу.

Бұл істен жақын ағайын шет қала алмайды. Бастығы нағашылар болып, барлық Тобықтының қалың жұрты енді соған беттеді. Байдалылар Бөжей үйінің жанына келгенде, үй ішіндегі былтырдан бергі қаралы әйелдер тысқа шықты.

Содан соң Байдалы белдеудегі қараны суырып алып, Байсалға берді. Ол ырымын істеп, қараны жерге сұлатты да, табанымен басып, сындырып тастады. Ас өтті. Қаралы жыл толды. Енді азалы күндер біті дегеннің белгісі.

Байдалының тапсыруымен Сүйіндік қалың елді бастап ақ үйге кірді де, қаралы теңдерді бұзды. Бұ да жаңағыдай белгі. Осы уақытта Бөжейдің әйелі мен екі қызы оң жаққа теріс қарап отырып ап, дауыс айтты. Үй ішіндегі барлық жиын үндемей жыласты. Бөжейдің әруағына арналған соңғы дауыс, соңғы көз жас осы. Енді ең соңғы құран оқылып болған соң, жиын тегіс тысқа шығып тұрғанда, тұлдаған екі ат келді. Қатты семірген күрең мен қара көк асаусып кетіпті.

Екеуін де Бөжейдің туысқандары жыласып тұрып жықты да, Байдалының өзіне бауыздатты.

Жаңағы қараны жыққан Байсал, септі бұзған Сүйіндік, енді мынау тұл атты бауыздаған Байдалы үшеуі де кейін “жол” алды. Бұлар осы қауымның әрі үлкені, әрі Бөжейдің үзеңгі жолдастары. Сондықтан ас артынан болатын ырымның үшеуін сол үш кісіге орындатудың айрықша мәні бар.

Бұл аттың етін жемей кетуге тағы болмайды. Қалғишұлғи отырып, сол еттің піскеніне Абай зорға жеткен.

Екінді кезінде Бөжей үйінен ет жеп болып, енді үлкендермен қоштасып, жүруге рұқсат тілеп еді. Сол уақытта Байсал Абайды қасына шақырып алып, маңдайынан иіскеді де:

— Балам, мен осы шаққа шейін сенімен тіл қатысып, жылы ұшырап көріскен жоқ ем. Бірақ барлық көрген-сезгенім есімде. Ана бір жылы Қарқаралыда сенің ажарыңды ұнатып, мейірі түсіп кетіп, Бөжікең бата беріп еді-ау! Сондағы сөзі есінде болар. Сенен үлкен дәме ғып, бата берген еді. Мен онда жақтырмап ем. Ағайынға әділет ойлап айтқан жақсы лебізінді есігіп жүрмін. Бүгін мынау күндерде Бөжікеңе адал іні боп, бетінді аштың. Жақсы ағаның зор дәмесін әмсе өстіп ақтағайсың! Ақтарсың деп білемін! Ақтар-ақсың, шырағым. Тек өмір деген ит жаңсақ бастырмаса екен! Өрісің алда! Бетің дұрыс! Дәл осы бетіңнен жарылқасын! — деп бата берді.

Байдалы, Сүйіндік, Құлыншақ та жақсы бейілмен қос-тап, бірге бата қылысты. Абай еш нәрсе айтпады. Тек қана үлкендерге еріп бата қылып:

— Рақмет! Батаңызға рақмет! Дегеніңіз келсін, Байсал аға! — деді. Осыдан соң үй ішімен қоштасты да, Ерболды

ертіп атқа мінді. Бұл уақытта Ұлжан да арбасына мініп жүріп кеткен екен.

Абай мен Ербол желе жортып, ат жүрісіне зорға шыдап отырып Ботақанға жетті. Ұлжан бұлардан бұрын келіп, қонақ үйді оңашалап, сонда екеуіне де қалың төсек салғызып қойған екен.

Абай келіп үлкен үйге кірген жерде әжесімен амандаса сала, Ұлжанға қарап:

— Ұйқы, ұйқы! Апа, жалғыз ғана ұйқы! — деп, төрдің алдына жантая кетті.

Өмір бойында Абайдың ең алғаш рет ұйқысыз түндер өткізіп, қабағы қатып, қажыған жолы осы еді. Қазір шешесінің үйіне кірісімен, дәл ерке баланың күйіне келді. Ұлжан Абай мен Ерболға бір-бір кесе қымыз ішкізді де, өзі ертіп барып, қонақ үйге жатқызып, үстерін жауып салды.

Осы кезде жастыққа бас қойған екі жігіт осыдан осылай ұйықтап жарысқандай боп сілтесті. Келесі күні түсте бір оянып, қымыз ішіп алып, кешке шейін қайта ұйықтады. Ымырт жамыла және бір оянып алып, тағы қалғып отырысып, елден бұрын тағы ұйқыға кетті. Екінші күннің сәскесінде ғана барып бұл екеуі ел қатарына кіріп, анық сергіп тұрды. Екі түн, бір күн ұйықтаған Абай осы қалың ұйқының уағында өзінің қандайлық абыройлы, атақты, жақсы жігіт атымен оянғанын білген жоқ еді.

3

Бұл күндерде бар жайлауларды кернеген жалғыз әңгіме — Бөжей асы туралы. Ас берген ел, асқа барған ел және үйде қалса да, барғандардан көп әңгімеге қанған ел — тұтасымен бір жайды аңыз етеді. Сол лақап бір Тобықтының іші емес, алыс-жақындағы, ой мен қырдағы қалың рулардың баршасына да тарап, селдей жайылып кетіп жатыр. Абай өзі ас ошағы мен қонақ үйлердің арасында соншалық бейіл салып, сарп ұрып жүргендіктен, бұл астың қаншалық ұлан-ғайыр уақиға болғанын байқамапты.

Анығында, Бөжейдің асы бір Тобықты емес, тіпті, бұл өңір, бұл атырапта талайдан болмаған ас делінді. Молшылық, сый-сыяпат, рет сыпайылық — барлығы да үлгі-өнеге берерлік бопты.

Бүгінгі күн осындай ғып дақпыртын көрген кәрі-құртаң, жігіт-желең, қатын-бала, әрине, бұл уақиғаны оңайлықпен ұмытпайды. Әңгіме етулері жаз бойы емес, күзге де, қысқа да созылады. Дағды бойынша, мезгіл өтіп, уақыт алыстаған сайын, бұл астың айналасына талай қоспа әңгіме, жаңсақ жамаулар да жабысады. Сөйтіп, келесі жылдарда осы аста жыққан балуан, осы аста бәйгеден келген жүйрік, осы аста жақсы айтылған қалжың, жақсы сөзбен көрінген шешен жандардың аты оқшауланып, ұмытылмай ере жүретін болады. Бұлай болатын себеп бар да, себепші бар. Ол сол ас берушілерден шығады. Ас өлік үшін ғана емес, әсіресе, тірілер үшін керек. Олар өлімді сылтау етіп өздерінің абыройын, атағын, мақтанын, айдынын да асырады. Сондықтан асты кім болса сол жасамайды, тек жуан, бай, құдіреті күштілер ғана жасайды. Өмірде “кедейдің асы” деген ас болмайтын себебі де сол.

Ал атақтыға, жуанға, мықтыға жасалған ас сол өліктің артқы тобын тағы нықтап, мықтай түседі. Сол үшін ас бергендер өз әрекетін жаңағыдай көпке әшкерелеуге ынтық болады.

Солардың даңқ беріп дәріптеуі бойынша Тобықты ортасы бұдан былай осы жылдарда туған баласының жасын Бөжейдің асымен санайтын болады. Ас жылы туған бала ғана емес, астан бірер жыл бұрын туған, бірнеше жыл кейін туғанды да сол астың “ар жақ-бер жағы” деп, асқар белден бастағандай межелейтін болады. Бөжей асының атағы сондай. Енді осы жыл түскен келін, осы жыл өлген жас-кәрі, осы жыл болған құдалық, бала сүндеттеу, күйеу келу де — баршасы да астың жылымен саналады. Тек адам жайы емес. Кейде кейіндеп барып атақ алатын бәйгелер болса, солар да Бөжейге ас берген жылы тай еді, құнан еді немесе іштегі құлын еді деп сөйленетін болады.

Ұлы дүбір, үлкен астың осындай боп, уақыт өлшеуіне айналып кететіні анық. Бірер буынға шейін ұмытылмастай есте қалатыны бар. Ерте күнде болған Төренің асы, Бопының асы дегендер дәл осындай боп, ұмытылмай келген.

Тобықты ішінің қазір мол дабыры да сондай боп, ен жайлаудың барлық тау-сеңгірін, ой-өлкесін қатты жаңғырықтырды.

Міне, осындай ұлы дүбірдің арасында сол асқа жақсы қызмет етіп, жақсы атақ алған жандардың аттары да қазіргі күнде көптен-көп айтылып, ауызға ілініп кетті.

Асты жақсы басқарған Байдалы, Байсал, Сүйіндіктер бір төбе. Бірақ көп аузына олардан да бұрын ілінген жас қана жігіт – Абай аты бопты.

Айтушылар Абайды ең әуелі Құнанбаймен шайқастырады. Тоңы жібімейтін, зәрі қатты қырыс әкені Абай қатты кінәлапты-мыс.

Талай мың қонақтардың ішінде Абай күткен қонақтар өзгеше бір естен кетпес сый көріпті.

Барлық жиынның мейірімін түсіріп, тегіс баталарын алыпты. Сондай бір жұртқа жаны ашитын, жақсылықты көксейтін, ақылы кемел бір бала шығыпты.

Бірталай үлкендер Зере мен Ұлжанға да көп алғыс айтady екен. “Бет нұсқайтын – Зере. Ел анасы боп, көптің тілеуін, көптің амандық, тыныштығын тілеуге түскен кісі ғой. Немересін баулып отырған өзі екен. Бірақ ақ сүті ақталыпты” десіп бір қойысатын. Баласына өзі еріп барып, жөн-жосықты үнемі айтып, талмай еңбек еткен үлгілі ана Ұлжанды да мақтасатын. Бұл әңгіменің бәрі де Абайлар ұйықтап жатқан шақтарда, Зеренің аулына жан-жақтан ағылып келіп жатқанды. Тіпті, Көтібақ, Жігітек, Бөкенші жайлауларынан келген бөгде кісілер де осындайды айтып келді. Көкшені аралап, Бақанасты бойлап жүріп қайтқан Қаратай да қостап келді. Қазбаланың бойындағы Бөжейдің өз ауылдарынан тараған хабар да сондай екен. Бақанас, Байқошқардың аяқ жағын жайлайтын дуаны басқа Керей де тегіс солай есітіпті. Абай мен Ербол үшінші күні тұрып ап, өзен бойына барып, ұзақ жуынып, шешелер үйіне шайға келген еді.

Зере немересін өз қасына шақырып ап, қатар отырғызып, алдына шайын ұсынды да:

– Айналайын, қоңыр қозым, – деп, арқасынан қағып, маңдайынан иіскеді. Ұлжан бір табаққа салған тоңазыған бас пен жамбасты Абайдың алдына қойып:

– Мынау сенің адам болғаныңа арнап, шешелеріңнің атап сойған малы еді, жеңдер! – деді.

Абай таңданыңқырап сөйледі:

– Апа-ау, бұ ненің ақысы?

– Сенің кешегі күнгі еңбегіңе ағайын-анжы ырзалық айтыпты. Ұйқы басып, не білдім дейсің екеуің! Жұрт мақтап жатыр! Адам бопты дейді. Соның ақысы!

– Тәйірі, еңбек дейтін қай тауды құлатыппыз. Көппен бірге қонақ күткеніміз бе? Бірақ, әйтеуір, сорлы қозының

өліміне сылтау таусылған ба? Желік, Ербол, кел! – деп Абай етке кірісті.

Арада үш-төрт күн өтті. Бұл уақытта Ербол тағы да өз ауылдарына кетіп еді. Енді бүгін қозы жамырап жатқан кезде астындағы ақ сұр атын терлетіп, қатты жүріп кеп, дөң басында жалғыз жүрген Абайды тапты.

Жолдасының асығып келгеніне Абай бұл жолы жақсы үмітпен қарады.

Талайдан бері Тоғжан жақтан Абайға тәуір сәлем әкеле алмай жүрген Ербол қазірде сөз бастамай тұрып, әуелі Абайдың басындағы тымағын жұлып алды да:

– Шүйінші! – деді. Екеуі де іштерімен танысып, күлісіп жіберді.

– Жол болайын деп тұр, не қыласың! – деді Ербол демігіп күліп тұрып. – Сүйіндіктің кіші баласы Әділбек бүгін қайнына жүрді. Ұрын кетті. Қасына Сүйіндік, Асылбек – бәрі де ере кетіпті. Көптен бір сөйлесе алмай жүр ем. Әділбек сезіктеніп ап, мені жақтырмайтын болған соң, Тоғжанның өзі түгіл, жеңгесіне де жолай алмадым ғой. Ал бүгін түсте барып, Асылбек отауында қымыз ішіп отырып, жеңгемен әбден кеңестім. Тоғжан сені сағынып жүр. Қайта-қайта аузына ала береді дейді. Оның үстіне жақсы атағың елге жайылып, мақтаушы жұрт екеуімізге көп болысқан, білем. Осы өңірдің жасында Абайға тең жігіт жоқ қой деп, жеңге мен қайын сіндісі қоса мақтасыпты. Енді өлген де бір, тірілген де бір. Дәл осы күндерде барып көздеріне бір көрінші. Соған келдім. Барлық жайды жолда сөйлесеміз. Тез, ат алғыз да, бірге жүр! – деді.

Байлау осы. Абай қатты толқып, қуанып кетті. Екеуі ымырт жабыла бергенде Бөкенші жайлауы – Жәнібекке тартты.

Абайдың мінгені ақ жал, сары жорға ат. Ерболдікі ақ сұр. Екеуінің шапан, тымақтары да сұрғылт түсті. Жерқылаң мінген, қылаңнан киген екі жігіт кешкі салқынмен есіп жүріп кеткенде, кер бетеге, боз көденің арасынан зорға көрінгендей. Түстері де, жүрістері де көзге түспей, ұрлана жүруге бейімделіп апты.

Қара адырдың сыртымен жүрсе, жолшыбай ел қалың, көзге түседі. Екі жас жігіттің мезгілсіз, түнделетіп жүргені сезікті көрінеді. Сондықтан бұлар Тезектің Қарашоқысын

бауырлап, жазықпен тартты. Жол қашаңдау келетін болды. Бірақ оны есеп қылмай, асыға жүріп, ақ жал аттың қатты жорғасымен келеді.

Аздан соң ай туып, аса бір тынық, жым-жырт, жайлы түн жылжып келді. Ақ дала, алыс адырлар жеңіл, көкшіл тұманға батып, түн жібегін оранғандай. Момын, сұрғылт, елсіз дүние мұңға бейім. Биік көк жапанда жалғыз жүзген жүдеу реңді жарты айға қарап, Абай күрсініп қояды.

Тоғжанды ойласа, Абай көңілі де бұл шақта арылмас мұңмен жүдейді.

Тіршілік бұны жігіт етіп өсіріп, жастық дәуреннің таңы атқан шақта, сол аспанның асыл, өсем нұры бұл үшін Тоғжан боп танылып еді.

Кіршіксіз таза көңілдің бар қиялы осы ғана. Бірақ екеуінің арасына өмірдің үлкен бөгеттері, қарсылығы кеп төнді. Алаңсыз тілек, аласыз көңіл қол созып еді. Болмады! Бұның аяғында тұсау, оның басында нокта. Енді міне, екеуін қақ айырған еріксіздік үстінде бұлардың жүректері ғана бір-біріне талпынып ұмтылады. Бірақ шынжырларын сезіп, шерлі мұңмен, өксік өкінішпен ұмтылады.

Қарқаралыдан қайтқан соң, Тоғжанға бір сәлем жолдап, көріспекті тілеген. Соған Тоғжан шыдамапты. Амалсыз ренішпен қиналып отырып шыдамапты:

– Көрісерлік не бар? Нені тілеп көрісеміз? Өзі соны сезбей ме? – деп, жүрегіне түскен қаяуын сездіріпті.

Соған Абай ем таба алмады.

Рас, Ділдәні Абай сүйіп қайтқан жоқ. Бірақ ендігі өмірге тағдырындай көніп қайтты. Тоғжанның да Мәмбетейде атастырған күйеуі бар. Жалғыз-ақ, ол бар екен деп, Тоғжан да ынтығып тұрған жоқ. Қайта Абайды сүйгелі, өзінің қайын жұртын ойламауға тырысатын. Жүрегі үркіп, жатырқап жүретін.

Абай бірақ қайындап кетті. Енді қайтып көрсетпестей қиын белден асып кетті. Тоғжан сол күндерде оңашада көп жылаған, жүдеп қалған.

Қатты жүрген жігіттер ел жатар кезде Жәнібектің тұсына тақады. Жалғыз-ақ, жұрт жатып қалды, көрісудің орны болмас десіп, өкініп келе жатқан.

Жәнібектің кең шалғынды мол өлкесінің екі жағасы биікше сар қабақ болатын. Соның батыс жақтағы бір беліне

кеп шыға бергенде, Абайдың құлағы алыстан талмаурап келген әнді шалып қалды. Ербол да есітіпті. Дәл жотаның өзіне шығып, екі жігіт аз тоқтағанда ән айқынырақ жетті. Қосылып салған ән екен.

Күзетші әйелдердің әні сияқты. Жолаушылар тау басына бөгелмей, ойға қарай құлады, ұзақ, кең өлкенің бойы жыпырлаған ауылдар. Қораларының орталарында үйірім-үйірім көбіктей боп, қалың-қалың қойлар жатыр. Оттар өшкен, елсіз, жайын аралда қатар-қатар тізілген қаз, үйректің ұяларында ағарып, дөңгеленіп жататын жұмыртқалардай боп, ай астында маңқиып, түңліктері жабық боз үйлер тұр. Алты-жеті үй — бір ұя. Он-он бір үй — бір ұя. Төрттен-бестен бір ұя жасап, дөңгеленіп тұрған ауылдар да бар.

Осы өлкенің бойында барлық ұйқылы ауылдардың үстінен қалқып ән келеді. Жігіттер ілгері басқан сайын ән айқындап, шақырып тұр. Өлкенің дәл ортасын қақ жарып өтетін кішкене өзен бар. Соның екі жағасы селдір біткен аласа тоғай. Абайлар сол тоғайды құлдап төмен тартты.

Ербол енді аңғарды, ән Сүйіндік аулының тұсынан шығып жатыр екен. Сол ауылдың ар жағында Ерболдың аулы. Бұлар ән айтқан ауылдың үстінен өтетін болды. Жүрістері бәсеңдесе де, әлі де ақ жал аттың сұмандаған жол жорғасымен келе жатқан.

Жалғызаяқ жолмен кеп, өткелден өтіп, тоғайдың ар жағына шығысты. Кеңірек алаң бар екен. Сүйіндік аулы көрінді. Ән енді, тіпті, жақын естілді. Шырқап естіліп жатқан “Топпайкөк” әні.

Абай мен Ербол Бошаннан үйреніп келген жаңа ән бұл өлкеге жайылып қалған екен. Нәзік сұлу дауысты әйелдер “Топпайкөктің” кейбір ырғағын теріс айтады.

Тоғайдан өтісімен Ербол барлық жайды тез аңғарды:

— Бәрекелде, мына қызықты қара! Мынау ауыл алтыбақан теуіп жатыр! — деп тоқтай қалды да: — Ойбай, жақсы болды! Тура барайық! — деп еді. Абай аттың басын іркіп тоқтап қап:

— Тұра тұр! — деді.

Оншалық араласы жоқ ауылға ойын іздеп келгендей, мезгілсіз баруды Абай ыңғайсыз көріп еді.

— Барсақ та атты тастап, жаяу барайық. Кейінірек барайық. Әуелі сіздің ауылға түсейік! — деді.

Мұны Ербол мақұл көрген жоқ.

— Әдейі келген кісі болмаймыз! Есебін өзім табам, жүр! — деп, ілгері тарта берді. Абай екі ойлы болса да, Ерболға сеніп, еріп кетті.

Алтыбақан Сүйіндік аулынан қашандау жерде, кең алаңда екен. Ойынға жиылған жастар қалың көрінді. Көмшат бөрік, мақпал шапан, жібек шапан киген қыздар көп. Араларында қынай бел, әсем қамзол ғана киген қыздар да жүр. Шолпылары тоқтаусыз шылдырлап, көп үнге салады. Ақ шаршы, кестелі кимешектерін әсем ғып салған күлкіші келіншектер де көп. Балалар да мол екен. Жігіт жағы сиректеу көрінді.

Мықты ғып құрылған биік алтыбақанда сұнғақ бойлы екі қыз әлпеншек теуіп тұрып, жаңағы “Топайкөкті” әлі шырқап жатыр. Абайлар тоғай ішінен шығып, сұмандаған аяңмен дәл қастарына жеткенше, сауықшы топ байқамапты. Алтыбақанның қасына келе бере екі жігіт:

— Ойнар көбейсін!

— Сауық молайсын! — десті. Қыздар іркіліп қалды. Келіншектер екі жігітке қарай жақындап келді. Араларында Асылбектің әйелі мен Сүгірдің келіндері бар екен.

Барлығы да Ерболды танып:

— Ербол! Ербол ғой!

— Қайдан жүрсіндер? — деп, сонымен сөйлесе бергенде, Асылбектің келіншегі Абайды танып:

— Абай! — деп, жарқын жүзбен амандасты.

Абай аты аталғанда, әлпеншек тоқталып, ән де басылды.

Алысырақ ауылдың сыйлы жігіті келгенде, бұл топ бөгендеп қалған. Алтыбақан теуіп тұрған Тоғжан мен Сүгірдің қызы Керімбала екен. Екеуі де тақап келді. Абайдың көзі Тоғжанды әлдеқашан танып тұрған. Топ ішінде ұялысқандай шолақ қана амандасты. Бұл жиында барлық жұрттан еркін Керімбала екен. Бойы Тоғжаннан аласарақ. Құлағында үлкен сырғасы бар, ашық дауысты, күлегеш Керімбала Абаймен амандаса сала:

— Ал, ойынымыздың үстіне келіпсіңдер. Жатырқамаңдар! Аттарыңнан түсіп, алтыбақан тебіндер! — деді.

Өздігімен сөз бастауға ығысып тұрған Асылбектің келіншегі Керімбаланы тез қостап:

— Ал, түсіндер! — деп күліп қойды.

Абайлар әлі де іркіліп тұр. Ербол әуелі өздерінің жайла-рын айтты. Мұндайда сезікшіл келетін жігіттер болады.

Олар әрі қызғаншақ, әрі жорымтал, андығыш. Соларға естіртіп:

– Мына Бақанастағы Көкшеге бара жатыр ек. Жолшыбай кешігіп қап, біздің ауылға қонып аттанбақ боп келеміз, – деді.

– Енді қонатын болсаңдар, не сөзі бар? Ойынға да араласыңдар!

– Аттан түсіңдер!

– Біз бастанғы істеп жатырмыз.

– Тоғжан үйінің үлкендері жүріп кеткен соң, құрбылары жиылып бастанғы істетіп жатыр. Әділбектің тоқымқағары да осының ішінде. Қызығымызға ортақ болыңдар! – деп, бірнеше қыз-келіншек шын шақырды.

– Түсіңдер, аттарыңды байлап, тез келіңдер! – деп, Тоғжанның жеңгесі соңғы сөзді айтты.

Ербол осы сөзді қостап:

– Ал мақұл! – дей берді. Керімбала бір жеңгесіне сүйеніп тұрып, ашық үнмен қалжындап:

– Ал енді, ойынымызды суытпай, тез оралыңдар. Қайындарынан жаңа қайтқан жігіттер ғой! Өндерін үйренеміз! Тамақтарыңды кенеп келіңдер! – деді. Жұрттың бәрі мұны жақсы қостап, тегіс күлді. Керімбаланың ашықтығын, еркелігін бар жастар тұтас ұнатқан-ды.

Абайды көргелі үндемей, ойланып қалған Тоғжан күлген жоқ. Бірақ одан көз алмай тұр. Жас жігіттің үстінде желбегей киген жеңіл сұрғылт шапан бар. Ішінде ақ көйлектің сыртынан киген қара желеткесі көрінеді. Басында көкшіл сұрғылт жібекпен тыстаған жұқа қара елтірі тымағы байқалады. Айға қарсы қарап тұрған ақшыл жүзінде жүдеулік бар. Ұнамды, ықшам киім киіп, күміс ер-тоқымды сұлу ат мініп, ойда жоқта келген әсем жігіт қазірде Тоғжан көзіне аса ыстық көрінді.

Абай мен Ербол тез келмек боп бұрыла берді. Ақжал ат бұған шейін шыдамсызданып, оң аяғымен жер тарпып, тізгінін соза түсіп, қозғалақтап тұр еді. Қазір де бір рет көлбең етіп, бұлаң берді де, сумандай жөнелді. Үстіндегі күміс тұрмандары айға қарсы жарқ етіп барып, сөне берді. Ақжал аттың күлте құйрығы да ай астында күміс ағын төгілгендей жалт

етті. Енді ирендей түсіп, бұлдырлап, ұзап барады. Тоғжан алтыбақанның бір ағашына кеп үндемей сүйеніп, жым-жырт тұрып қапты.

Қайын сіңлісінің қатты өзгерісін елден бұрын сезген жеңгесі. Ол сырт көзден өз сырларын жасырам деп, Тоғжанды құшақтап алды да, қонаққа әзірлейтін ас жайын сөйлеген болды. Тақап келген келіншектерге ас жайын ақылдасып тұрмыз деп, тоқтата жауап беріп, өзі Тоғжанның құлағына сыбырлап:

– Еркем, ән сал!.. Әйтпесе, мына жұрттың сөзі мен көзі саған қадалғалы тұр! Уақып бол! – деді.

Осы кезде Керімбала жүгіріп кеп, Тоғжанды әлпеншекке қарай тарта жөнеліп:

– Абай осы ғой? Анықтап көргенім осы ғана! Келгені жақсы болды ғой! Қайнының әнін өзіне айтқызып, жақсылап үйреніп алайық, жарай ма? – деді. Тоғжан үндемеді. Керімбала жалт қарап, ақсия күліп:

– Сен немене? Ұяламысың? Ол бір егде кісі ме еді, өлгенше? Қой, “Ұялмаған бұйырмағанды алады” деген. Қайда өзі? Қазір-ақ әнін айтқызам, тұра тұрсын! – деп, әлпеншекке Тоғжанның қарсысына мінді де, “Топайкөкті” қайта шырқай жөнелді.

Тоғжан іркіліп, қосылмай қалды. Керімбаланың үлкен сұрғылт көздері, әдемі қызыл жүзі, ерке күлісі ешбір дүниеден именген жоқ. Шолпысы сылдырай түсіп, сақылдап, рақаттанып күліп қойып, әнін жалғыз өзі айтты. Кеткен беттен көп бөгелмей Абайлар келді.

Келісімен Ербол ойынды меңгеріп, өзі бастап кетті. Керімбаланың жеңгесі Қапа, Тоғжанның жеңгесі және Ербол үшеуі алтыбақан тебу қонақтың жолы деп кеп, әлпеншекке Абайды мінгізген.

Қыз-келіншек тербетіп тұрғанда, жігіттің қарызы – ән салу. Абай енді әлпеншекті теуіп тұрып, іркілместен әдемі шырқау ән бастады. Қарсысына мінген Керімбала болатын. Ол жаңағы “Топайкөкті” айтайық деп өзі тілеген. Бірақ қосылғанда теріс айтты. Жалғыз қайырмасы емес, орта тұсын да бұзып айтады екен.

Тыңдап тұрған қыз-келіншектер:

– Абайдың айтуы басқарақ!

– Керімбала теріс айтады!

– Тентегім, сен теріс айтып жатырсың!
– Үйреніп, еріп айтсаңшы! – десіп, Керімбаланы қаға берді. Керімбала ұялған жоқ, күліп жіберіп, тоқтады да:

– Ал, ендеше, басқа бірің айта ғой! Тоғжан! Ал, Тоғжан, сен айт! – деп, ерікке қоймай Тоғжанды жетектеп әкеп, өз орнына мінгізді. Өзі жіптің бір жағын алып, Абайларды аспанға тербете бастады. Тоғжанның келгенін өзгелер де қостады.

Құлаштап сермелген әлпеншекте Абай мен Тоғжан кезек-кезек биіктей түсіп, теңселіп тұрып ән шырқасты. Тоғжан алғашқы бір-екі ауыздың тұсында Абайды тындап айтып кеп, үшінші ауызға келгенде, еркін сермеп қосылды. Бұрын жаңылыс айтып келген жерлерді Керімбаладай емес, оңай түзеп алды. Ербол мен өзге тыңдаушының бәрі де:

– Ә-ә, жаңа түзелді!

– Тоғжан оңай үйренді!

– Ән жаңа келісті! Айт, айтыңдар... пәлі! – деп тегіс құптай жөнелді.

Жақсы жігіт, сұлу қыз соншалық бір ерекше жарастықпен жақсы үйлесті. Тоғжан жүзі айға қарсы келгенде, Абай өзгеше бір нұр көрді. Бетіне жұқалаған қызыл сәуле беріп, іштегі терең сырдан, дос көңілден белгі етті. Сағынған сүйгенінің жанына жаны ұмтылып, айрылмасқа, кетіспеске серт еткендей. Қазіргі әсем әнмен үйлескендері бауырға кіріп, жабысып тұрып күшқаннан да жақынырақ, күштірек сияқты. Бірғағы көп сезімді сұлу әнге екеуі де бар шындығын тапсырып, бар сырларын бөледі. Ән айтқан жоқ, екі бірдей ынтық жан қауышып табысқан шаттық айтты. Бар жиынға, бар дүниеге, барлық жұлдызды аспан, жарқын айға да: “Көрші бізді, кінәлап көрші!” дегендей.

Мінсіз сырына шындап берілген Тоғжан тоқтамай айта берді. Абай бір шақта жас сұлудың жүзінің бала қуанышын көрді. Бакыт күлкісіндей бір рақат, ырзалық елес беріп, Абайға қала қарап езу тартты. Келгеніне, тапқанына сүйсініп, ішінен алғыс айтқан тәрізді. Қарлығаш қанатының ұшындай боп, айдай сызылған жіп-жіңішке қастары көтеріліп-жазылып, Абайға өзгеше бір үн қатқандай болды.

Бағанадан бері соншалық көп, тілсіз сәлем жолдаған Абай, енді әннің сөзін өзгертіп алып, басқаша айтып кетті. “... Сағындырған ғашық жар ынтығы іште жүрген шерлі досын

кінәлаудан тоқтар ма екен?.. Бар дүние, бар сырын, барлық бақыт тілегін бір өзінің шұғыласына құрбан етем деп келсе, не дер екен! Сол күнде де қатты болса, қайта серпісе, әділдігі, рақымы кәні?.. Ол шақта үміт бермей өртемес пе еді? Кінәламай, жазаламас па еді? Сондай қаталдықты көрерлік ғашығы қанша ғайыпты еді?” деген бір өзгеше сыр кетті.

Тоғжан алғашқы бір аузына тыңдай ғана ерді де, тоқтап қалды. Сөз бұл өңірдің айтып жүрген белгілі өлеңі емес. Мәнін, шынын жалғыз Тоғжан өзі ұқты. Нұрлы қара көздерін төмен салып, үнсіз мүлгіп тыңдады.

Абай жалғыз өзі төрт ауыз өлеңді сыры терең “Аққайың” әнімен айтып барды да, баяу ғана тоқтады. Жүрегі барлық бүркеулі шынын да, ыстық жалын сырын да осы әнге, осы арадағы өз сөзіне салған. Ол ақын боп, мұңды жар боп шешілді. Осы әннің тұсындағы Абай Ерболдың күнде көріп жүрген жолдасы емес. Көз алдына өзгеше боп өскелеңдеп, самғап шыққандай көрінді. Ән басылды. Абай әлпеншектен түсті де, шетірек шықты. Қасына Асылбектің келіншегі кеп, әнші екенсің ғой дегендей мақтау айтып тұр еді. Құр әдепшен жымиғаны болмаса, Абай оның сөзін аңғарған жоқ.

Алтыбақан қасындағы ән мен ойын тағы біразға созылып барған соң, Ербол тың ойын бастады. Онысы – “ақсүйек”, содан кейін “серек құлақ” еді. Жастар тегіс қатты даурығып, шулап жүріп, үлкен желікпен ойнады.

Серек құлақ ойынында қасқыр болған Ерболдың өзі. Ол “қой” алып қашатын. Абай көп қыздар мен келіншектердің арасында қалжыңдасып отырып:

– Мен қой болам! – деген.

Ерболдың көп есебі бар екен. Ебі шебер қасқыр болды. Әуелі бір-екі келіншекті, қыздарды алып қашып, далаға тастап, содан кейін бір кезде Абайды алып қашты. Жүгіртіп әкетіп бара жатып жолда:

– Сен анау шоқ талдың түбіне барып, мені аңды! Аздан соң Тоғжанды алып қашам! – деді де, қайта салды.

Абай тал арасында тұрып, Тоғжанның “қолды болуын” тосты. Көп күткен жоқ, Ербол алып қашты. Бірақ, бұл жолы “қой” алу оңай болған жоқ. Көп ішінен, әсіресе, Керімбала қатты айқайлап ұмтылды. Тоғжанды Абай тұрған жақтан басқарақ бір ағашқа апарып, оған да бірдеңе айта салып, Ербол қайта шауып кетті.

Абай бұл кезде Тоғжанның жанына қалай жеткенін білген жоқ. Екеуі қалың ағаштың арасында, ай сәулесі үзіліп түсіп тұрған бір алаңқайда кездесті. Бір-біріне ұмтылып келгенде, Тоғжан жылап жіберіп, Абайдың құшағына кіре берді. Жасқа толған көздерін сүйген жігіттің төсіне басып тұрып қапты. Екі иығы шошынып қысылғандай, дір-дір етті.

Абай:

– Тоғжан, жыламашы! – деп, шашынан ғана сүйіп, қатты құшақтап қысып тұрғанда, Тоғжан басын жоғарырақ көтеріп:

– Көрісейікші бір! Сағындым! – деді.

Дәл осы уақытта:

– Тоғжа-а-а-н! Қайдасың? Қасқырға берер Тоғжаным жоқ! Жүр, – деп айғайлап, күліп жүгіріп келе жатқан Керімбаланың даусы естілді. Абай Тоғжанды асығып қысып, бірақ сүйді. Қызарып толқыған ыстық бетінен сүйді. Керімбаланың жақындап қалған сыбдыры естілгенде, Тоғжанның бөркін түзеп кигізді де:

– Ертең тос! Есебін тауып көреміз! Келемін! – деді. Қалың жапырақ арасынан түскен ай сәулесі теңгедей бір жарығын Тоғжанның оң көзіне түсірді. Кірпігінде үлкен бір тамшы жас іркіліп тұр екен. Қастарына Керімбала жүгіріп келгенде, екеуі жай ғана қатар тұрған. Керімбала әдемі ақ тістерін ақсита күліп, бөркін шекесіне салып, бар денесімен бұраңдап, ойнай келіп:

– Е-е, мұнда ма едіңдер? Қозымды қасқыр жей ме десе, қойдың өзінің де жегісі келе ме, қалай? – деп, барынша шаттанып күліп, Тоғжанның иығына бетін басты.

Жазықсыз ерке қыздың күлкісі сияқты. Бірақ мынандай ойдағысын ірікпейтін Керімбала, қазір айтқанын көпке де айтуға мүмкін.

Абай соны ойлап:

– Жала жаппаңыз, Керімбала! Басымызға күн туып, қолды болған соң бізге не жазық бар? Амал қане? Мұңымыз бір болғандықтан кездесіп тұрмыз! – деді.

Керімбала күлкісін тыйған жоқ:

– Әй, білмеймін, кімге салсақ та, құлқыным таза дей алар ма екенсіз, Абай? – деп сезігін айта бастады.

Мына сөзі әлгіден де жайсыз. Тоғжан ашумен тыймақ болып:

– Қойшы, Керімбала! Күлкінің де орны бар ғой. Не деп барасың өзің? – деп ұнатпай қалды. Керімбала Тоғжанға жалт етіп, ренжіп қарады.

Абай бұл қызды ашумен тыймай, майда мінезбен тыймақ.

– Керімбала, жұрт аузы жеңіл ғой! Ұшқары қалжың құрбыңа ауыр тиіп, жазықсыз жаманат келтіруі мүмкін. Ондай сөзге жұрт алдында сақ болу керек емес пе? – деді.

Керімбала бұл сөзді дұрыс түсініп, қайта күліп жіберді. Қазір ұялып күлгендей. Мінезі жақсы, жүрегі таза баланың ұялған күлкісі тәрізді. “Тоғжанды ренжіттім бе?” дегендей боп, құшақтай алып, ерте беріп:

– Ал енді ашуланба! Ендігәрі айтпай-ақ қояйын! – деді.

Үшеуі де топқа қайтты. Осыдан әрі көптің ойыны созылса да, Абай мен Ербол бөгелген жоқ. Ертең ерте жүреміз деп, ауыл иелеріне рақмет айтып, асқа да қарамай кетіп қалды.

Келесі күні айтқан сөздерін ақтағандай боп, екі жігіт Баканасқа кетті. Қаратайдың аулына барып түстеніп, кеш батқанша сонда болды да, сол күні ымырт жабылып, ел аяғы басылған соң ғана Жәнібекке қайтты.

Ақырын жүріп, дабырламай келді. Жерқылаң түстес жігіттерді иттер де байқамай қапты. Ауылдың шетінде отырған Ербол үйіне жым-жырт кеп түсті.

Осы түн ел әбден ұйықтаған кезде, Абай мен Ербол үй тонайтын ұрыларша жасырынып бұғып, ептеп басып кеп, Асылбек отауының есігіне жетті. Екеуі де киіз есікті жамылып тұрып, іштегі ағаш есікті ашудың амалына кірісті. Үй ішінде ояу жатқан әйел бар екен. Шолпы сылдыры естілді. Кәрі кісі болмау керек. Бұл үйде шолпы тағарлық екі-ақ кісі болуға лайық. Оның бірі – жеңге, бірі – Тоғжан.

Ойлағандай жақын адам, жігіттерге:

– Ақырын! – деп сыбыр етті де, есікті өзі ашты. Үй іші қараңғы. Жігіттер үйге кіргенде, жаңағы дауыс тағы сол сыбырмен:

– Абай... – деп дыбыс берді.

Абай қолын созды. Кимшегі бар жеңге екен. Абайды қолынан ұстап, төрге қарай жетектей берді де, артына шала бұрылып Ерболға:

– Сен қайта бер! Өзі барар! – деді.

Дұрысы сол еді. Ербол ақырын басып, қайтадан шығып кетті.

Абайдың ілгері созып келе жатқан оң қолы жібек шымылдыққа тиген кезде, алдынан қарсы қозғалып келе жатқан Тоғжанның ыстық саусақтары мұның бетіне тиіп еді. Екеуі де шапшаң үмтылысып кеп, қатты құшақтасты да, ұзақ-ұзақ сүйісіп, үнсіз жабысып тұрып қалды. Дірілдеген демдері қосылып, ыстық еріндері енді айырылмастай табысқан-ды...

Тып-тыныш жаздың таңы сар қабақтан баяу атып, түріліп келе жатқан шақта Абай мен Ербол Жәнібектен жөнеле берді.

Аз ғана жүріп, қарсы қабақтан асты. Ай батқан, жұлдыздар да сиреп, бір-бірден сөніп жатыр. Боз көденің арасынан үркіп ұшқан торғайлар аспандап ап, қалықтап тұрып сайрай бастады.

Абай жүрегі де сыр мен жырға толы. Жеңіл тымақтың бір құлағын жымырайта киіп, сары жорға аттың жайлы бір жүрісіне салып, Ботақанға қарай беттеп келе жатып ән бастады.

Ауылдан бірталай ұзап кеткен соң, Абай барлық ашық сұлу даусымен аса бір сезімді ырғаққа салып, көп жырлады. Жүрегін толтырған қуаныш та, назды мұң мен толқынды ыстық ой да – барлық пердесіз, қытықсыз шынын осы әнге табыс еткен. Сөз де бөлек... Қайдан шыққан? Қашан айтылған? Қандай нәзік жан осындай боп, бар шынымен сүйе білген? Мәлім емес. Шырқап келеді. Бір тоқтамай, мүдірмей, соншалық бір шебер жүйрік тіл тауып, жыр самғайды.

Қандай жолмен, қанша жүргенін де білмейді. Бір шақта Ботақан ошағында отырған ауылдардың төбесі көрінді. Абай сонда ғана әнін тоқтатып, Ерболға қарады.

Жолдасы Абай күйін ұққандай боп, жымыып қана күліп, сүйсіне қарап келеді екен. Абай атының басын іркіп, тоқтаңқырап тұрып, Ерболды ат үстінен құшақтады да:

– Ербол, сынама мені! Өмірде атын ғана есіткенім болмаса, бақыт деген не? Шын шаттық деген не? Дәл осы түнге шейін соларды таныған да, татқан да емес ем. Несін айтасың? Көріп келесің. Жайым, барым сол емес пе? – деді.

Осы күннен соң, аз уақыт ішінде Жәнібек жаққа Абай тағы барды. Бірақ өз қызығының жақсы дәурені біткен екен... Асылбек, Әділбектер қайтып кепті.

Келісімен Әділбек суық сөз есітіп, сезіктенген бе? Жаман бүлініп, жеңгелерін де, малшы-көршілерін де қатты

бүріпті. Аулына өлердей сақ анду қойып, әлдекімге өшіккенін айтыпты.

– Аяғын Жәнібекке қарай басып көрсін! Тірі кетпейді! – деп кесесіпті. Жол қиындап, жарық айды бұлт басты.

Онсыз да араздығы көп елдерді енді мынадай іспен өшіктіру аямастық сияқты. Амал құрып, тағы да бір айықпас қасірет келді.

Осы кезде ел жайлаудан қайтып, ауыл-ауылдың аралары қашықтап кетті. Абай өзін-өзі не күйде, не деген делсалдық дерт үстінде жүргенін аңғара алмай жүрді. Бар дүниеге гүлі солған, шырағы сөнген тұлдырдай қарап, жүдеп кетті.

Әке-шеше өздері ұйғарып, бұйырды да, мұны тағы да қайнына жүргізетін болды. Жалыны да жоқ, тілегі де жоқ сұлық көңілмен Абай көне берді. Айдалып кеткен кісідей Қарқаралыға кетті.

Бұл жолы ай жарым жүріп, Ділдәні алып келді.

Бұл уақыт елдің қыстауға қонатын шағы. Өз ойының әуресімен жүріп және қайындап кетіп, Абай ел ішінің жайларынан оқшау қалған екен.

Осы күзге Құнанбай тағы да бір топ жанды қырына алыпты. Ендігі кезек – Құлыншақ аулынікі. Анау кездегі “бөле басы сол” деп, “көшіп кетті, жауға кетті” деп, бұларға көптен тісін басады екен.

Жер жағдайымен күздігүні өз қыстауларына қарай көшкенде, Құлыншақ аулы Құнанбайдың қасына кепті. Келгенде, былтырғы тобынан жырылып, жалғыз ауыл боп кепті.

Абай қайтып келгенде, Құнанбай сол Құлыншақтың Садырбай, Наданбай деген екі баласын Жетісуға жер аударып жіберіп, Мұңсызбайды кепілде болсын деп, Жақып аулының шетіне қондырыпты. Құлыншақ Манаспенен жалғыз үй қалған. “Баламды ұрдың, інімді масқараладың” деп, малдарын да тізіп алып, айып-анжыны да баса салыпты. Ағайын ес жиярлық мезгіл бермей, ара түсердің бөріне білдірмей, бір-ақ күннің ішінде осыны етіпті де, баяғысынша түк болмағандай, “ақсарбасын”, “көкқасқасын” айтып, ру басшыларын жиып, қонақасысын көпіртіп жүре беріпті...

Абай қайтып келгенде, жұлысқан тартыс жоқ. Бірақ ауыл үй, ағайын арасы тағы да томсарған наразылыққа, бітеу жауаға толы екен.

ҚИЯДА

1

Абай үйленгелі бірнеше жыл болды. Ділдә түскен жылдың келесі көктемінде бұлардың үлкен баласы Ақылбай туды. Екі жыл өткенде Күлбадан деген қыз туды. Ол бүгінде бірден асты. Қазір Абай үшінші баланың әкесі болғалы жүр.

Ділдә екіқабат уақытында бірнеше айдай ауру адам сияқты болатын. Ас батырмау, басы айнала беру, ағарып, жүдеп, төсекке жантая беру мұның салты боп алған.

Аз жылдың ішінде бірнеше баланың әкесі болса да, Абай әлі өзінің осы халіне үйреніп болған жоқ. Оған үйлеріндегі үлкен шешелері де себеп болды. Ақылбайды Ұлжан өзі бауырына салып, өз баласы қып алды. Тілі шығып қалған Ақылбай бұл күнде Абайды әкем екен деп білмейді. Жай анда-санда ас басында көрініп кететін көп үлкеннің бірі, бөгде таныстай көреді. Абай да оны ыстық көріп, бой тартқан емес. Өйткені ол бала мұның жастығына зорлық еткендей боп, тіпті, ерте туды.

Ең алғаш 17 жаста Абай әке болды. Үйленудің өзі бір тәңір құдіретіндей амалсыздық күні еді. Соның артынан ес жиғызбай ілесе келген әкелік, тіпті, бір мазақтай, қатал зорлықтай көрінген.

Алғаш Ақылбай туған күні Қалиқадай жеңгелер:

– Балалы болдың!

– Енді міне, сен әкесің!

– Қайырлы болсын! – десіп, күліп қамалаған болатын.

Сонда Абай бір ұялып, бір қиналып, не қыларын білмей, атына мініп кетіп қалған. Аулына үш-төрт күн өткенде бір-ақ оралып еді...

Кішкене Күлбаданды да Абай әлі танып болған жоқ. Ол да күні бойы шешелер үйінде, солардың бауырында болады.

Ділдә бейнелес, ақ сары, мазасыз қыз кеш болғанда ғана отауға келеді. Абайды әкелікке еріксіз көндірем дегендей боп,

Күлбадан түні бойы ұйқы бермей жылайды. Сонысының өзімен де, ол жас әкемен екі арасын бітімсіз қып қойды.

“Тыныш ұйқыдан кісіні шаяндай шағып оятады” деп, Абай оны “Сары шаян” дейтін.

Қазір сол Сары шаян тағы да жылап отыр. Кеш батып, үй іші қараңғы болса да, Ділдә от жақпапты. Өзі шымылдықты түсіріп, биік төсектің алдына көрпе-жастық салып, жантайып жатыр. Күлбадан шешелер үйінен жаңа келіп, төсекке жатпай, қиғылық салып отыр екен.

Абай бір топ кісімен үйге кірді. Тыста боран. Бұлардың үстері тегіс қалың қар, қырау... Үйге шұбатыла кіріп, мол аяз алып келді.

Тыстан кірген суық пен көп кісінің дабырынан тынышы кеткен Ділдә басын көтерді...

Абай тымағы мен ішігінің қарын қағып жатып:

– Ділдә, жарық жақсаңшы! Тыйсаңшы мынау мазасызды!.. Болмаса, апарып тасташы анау үйге! – деді.

Ділдә жарық жағып, шымылдықты түріп қойып, қонақтарға көрпе салды да, Күлбаданды қолына алды.

Күтуші қызыл келіншек отауға кіріп, Ділдәмен сыбырласып алып, қонақтардың қамына кірісті.

Бұл қонақтар Абайдың қазіргі уақыттағы жолдастары, жас жігіттер: Ербол, Жиренше, Асылбек және Базаралы болатын.

Орталарындағы үлкені – Базаралы. Сол төрге шығып, шешініп отыра беріп:

– Жаным-ау, мына құдайдың күні қайтеді? Тағы боран! Әлі боран! Жұтатты-ау! Ақсүйек қып жұтатты-ау ел сорлыны! – деп, уайым айтып, ұзын қара сақалын ұстап, ойланып қалды.

Еңгезердей мол денелі болса да, аса сымбатты, нұр жүзді Базаралы қазір отызға жаңа ілінген. Ақ елтірі ішігін желбегей жамылып отырып, таңдайын қақты.

Ділдә дөңгелек үстелдің үстіне шам әкеліп қойғанда, жігіттер айнала отырды.

Бұл кезде Абайдың да денесі ірілеген. Жауырынды, сүйекті боп қалған екен. Бойы ортадан биіктеу. Сүйегі ірілеумен қабат, бұлшық еттері де толып, бар мүсіні балғын, кесек тартыпты. Бет пішіні де денесіне лайық дөңгеленіп, ірілеп қалған.

Ұзынша қырлы мұрны көтеріңкі, үлкен. Жазық биік маңдайы шекесіне таман келгенде дөңкілдене түсіп, кең көсілгендей. Қыс суығынан бет, мұрны тотықса да келбетті маңдайы ақшылданып, айқындап тұр. Отты сұлу көздерінің ақ, қарасы әлі де тап-таза. Көзінің сыртқы шарасы томпақтау және ұзынша біткен. Жіп-жіңішке боп кең созылған ұзын қастары мен ойшыл, отты көздері Абайды өзге жұрттың ішінен оқшауырақ етіп тұрады. Жақсы туыс белгісі сияқты.

Әлі ұзармаса да, теп-тегіс боп, тебіндеп шығып келе жатқан қоңырқай мұрты бар. Барлық тұлғасы сай келген қара сұр жігіт, сонау сұлу болмаса да, ұнамды, сүйкімді.

Оңаша отауға іріктелген жас жігіттер бұл кешті көңілді өткізсе керек еді. Бірақ жаңа орнықпай жатып, Базаралы айтқан уайым сөз бәрін де ойға салды.

Бұл жиынның Базаралыдан басқасы үш күн жүрген. Базаралы осы кеште ғана тау жақтан келген-ді. Қалың ел, көп қыстаулар сонда. Абай сол жұрттың жайын білмек боп:

– Немене, жүт өзі қауырт па? Жоқ, ойдым-ойдым ба? Көлемі қандай? – деп сұрады.

Асылбек, Жиренше, Ерболдар да Базаралыға қадала қарап, хабар күтті.

– Анық жүт жаппай келмей ме? Бұл соның өзі ғой! Ел дегенде көпті айтамыз да... көп қысылды ғой!.. Мына боран айықпағалы, міне, үш күн болды. “Жыл мойны жақын ба” деп дәме қылысып еді... Көкек аяқтап, мамырға да тақадық. Бірақ ақпан-қаңтардай боп әлі қақап тұр. Енді не қалды? – деп, Базаралы түңіліп отыр.

– Қырылып жатқан қой ғой. Ал мына ірі қара жағы қалай? Шыңғыста одан үміт бар ма екен? – деп, Жиренше, тым құрыса, өзге малдың аман қалары болар ма екен деп еді.

– Тобықтының малы жылқы мен қой емес пе? Ірі қара дегенде сиыр болса, ол кесел қойдан да жаман екен... Түйе де жұтқа осал неме ғой... әйтеуір, қолдағы малдың аманы болмас!.. – деді Базаралы.

Шай үсті мен барлық осы іңірде жігіттердің әңгімесі елдің бүгінгі қысталаң халі туралы болды. Мал жұты ғана емес. Көпшілік, кедей көпшіліктің ашаршылыққа ұшырай бастағаны да білініпті. Соғымы тәуір ауқатты ауылдарға Шыңғыс ішінде ас-су іздеп шұбыра бастаған нашарларды да Базаралы көріпті.

Мұндайлардың алды осы Жидебайға, Абайдың шешелерінің үйіне де келіп жатқан. Бірер асым ет, бидай, тары болса сұрастырып, көмек әкетіп жатқан кемпір-шалдар барды.

“Жұттан аман қалар ел бар ма? Қазірде тың тұяқ тұрған кімдер?” дескен уақытта, Базаралы:

— Ат төбеліндей аз ауылдар аман болар. Ырғызбай, Көтібак, Жігітек, Бөкенші ішінде жақсы қыстау алып, жерді мол басқан ауылдар әзір қысылған жоқ, — деді.

— Әсіресе, Ырғызбай іші аман. Қыстаулық жері сайлы. Күзден алған пішені де бар, — деп, Ербол жаңада өзі көрген жайларын айта бастады.

Бағанадан бері үнсіз ойланып отырған Абай:

— Жалғыз Ырғызбайдың амандығы кімге медеу, кімге дәрі? — деді.

Базаралы Абайдың бұл сөзін ұнатып қалды.

— Әйтеуір, күші бардың күйі бар болады екен. Құныкең өперген жер Ырғызбайды сақтайтын көрінеді ғой!

Абай қабағын түйіп, жалт етіп Базаралыға қарап:

— Тәңір-ай, тартып алып жетіскеннің несі сөз? Ырғызбайдың иемденіп отырғаны жер ме? Көрінеу көздің жасы емес пе?

Асылбек пен Жиренше Абайдың мынау ашық сынына қатты сүйсініп, күліп жіберді.

— Япырай, Абайжан-ай, көптің көңілінде жүрсе де, аузы бармайтын сөзін өзің айттың-ау! — деп, бағанадан бері уайыммен отырған Базаралы да жадырап қалды.

Бұл жігіттер Абайдың әр жайдан шындасып сырласатын досы есепті. Әсіресе, Ербол бес-алты жылдан бері Абайдан айрылмайтын үзеңгі жолдасы боп алған. Сол арқылы Жиренше, Асылбек те Абаймен әбден жақындасып, қысы-жазы көп араласа беретін. Құнанбай болса, Абайдың осы жігіттермен достығын сүймейтін. Сырттан бірнеше рет қатты сөйлеп:

— Ылғи кешегі жау ауылдардың бөлтіріктерін жиып апты. Дос тапқан екен! — деп тыжыртып, жақтырмай жүретін.

Бірақ Абай өзі әке мінездерін сынағыш болғаннан бері, сол әкеден қорлық көрген елдің қай-қайсысының болса да, сөз ұғар деген адамдарымен сырласа сөйлесе, әке мінездері, ел күйі, көптің мұңы сияқтыны толық ұғынып, кең түсіне бастаған.

Абайдан екі-үш жастай үлкен болса да Жиренше, Ербол, Асылбектер бұл кезде әбден жақын құрбы-құрдастай боп ап, өз маңдарындағы үлкеннен, көрі-құртаңнан есіткен шер уайымды да ірікпей айтып келе беретін.

Жалғыз-ақ мұндай бел шешісіп кеңескен сөздеріне Базаралы бұрын көп араласқан жоқ-ты. Ол өзі осы жұттың бұл өңірдің еліне аса қатты тиетін бір себебі Құнанбайдан деп білетін. Жол бойы көріп келді. Құнанбай оң қараған жуан ауылдар Ырғызбай ішіне малдарын айдап апарып, сонда жан сақтап жатыр. Ал Құнанбай адам деп санамайтын аз ата, сансыз, атсыз көпшілік болса, малы қайда барарын, басы қайда қаларын білмей, сендей соғылып жүр.

Өз ішіне талай түрлі ызалы, наразы ойлар жиса да, Базаралы әлі ешкімге тіс жарып айтқан жоқ-ты.

Енді Абайдан жаңағы сөзді есіткен соң, шешіле түсті. Көп ауырталықтың түп тамырларын қазбалап кеп:

– Көпшілік сорлы ғой. Санда бар да, санатта жоқ. Егесте сойыл соғар, еседе құм қабар. Атаусыз, жоқтаусыз кеткені ғой. Бүгін, міне, аппақ сүйек боп қырылғалы отыр. Кешегі “жақсы”, “басшы” дегендердің қайсысының қабырғасы қайысар екен?.. Көрерсіндер ертен! Кім қынжылар, кім болысар екен! – деді.

Абай Базаралының өзгеден бөлек мынандай қамқор ойларына ішінен таң қалды. Жалғыз жүрсе де, Базаралы ел дауын шешен қып айтып, түкпірлеп ойлап жүрген сияқты. Өзі батыр бейнелі, өзі әнші, шешен Базаралы үлкендер сынынша бір тентек, сотқар көрінуші еді. Жалғыз жайылған сыйымсыз. Аузының дуасы жоқ. Ащы тілдің тыйымсызы боп аталатын. Қазірде Абай байқаса, мына Базаралы ол емес.

Жұрт жайын ойлап жабырқау тартқан жастарға Базаралы:

– Жігіт болсаң, жігерің болса, мынау шұбырған елге пана болыңдар. Малың аманда жаның сақта... Әншейінде есе бермесе, ең болмаса осындай қысылған күнде артығынан үлессін. Жерінен жайылыс берсін. Қыстау қорығынан пана берсін көпке! Үлеске салсын жиған қорын. Елден ерек аман қалған Қүнекең, Байсал, Сүйіндіктер мен тұтас Ырғызбай кімге тұлға болады? Бар ел жүген ұстап қалып, аштан шұбыратын күн болса, тіпті, оларды аман да отырғызбайды. Жер мекеніне босып кетуден бұрын, ең әуелі осылардың өзінде барды ұйпап кетпей тұра ма? Мұны ап-аман қойып, өздері

ауған қояндай құр жосып кетсе, оның, тіпті, елдігі қайсы? Қысқасы, ел кетпейді! Кетсе, тек кетпейді! – деді.

Бұл сөздері барлық жиынды қатты ойландырды. Асылбек Базаралы дауының кейбір жерін теріс деп білген.

– Жұт деген киіз туырлықты қазақтың атам заманнан бергі зәулісі емес пе? Жалғыз бүгінгі күннің адамынан боп отыр ма? Сыңар езу кетіп, бір-ақ жаққа салмақ сап отырсың... Осының оғат! – деді.

Базаралы дауласайын деген ойда емес. Көңіліндегі өзі ұғынған наразылық бетінен қайтқан жоқ. Асылбектің сөздерін: “Әкең Сүйіндіктен келе жатқан жалтақтық қой!” – деп, жақтырмай тыңдады. Асылбекке ажырая қарап, басын изеп қоя салды.

Жігіттердің осы әңгімесі аяқтала бергенде, аязды тыстан үш кісі кеп кірді. Үстері қар, сақал-мұрттары сіреу болған. Алдыңғы келген сенсең тымақ, көне тонды, ұзын бойлы жолаушының кірпігіне шейін қырау тұрып қапты.

Бұл келген Бөкенші Дәркембай мен соның екі кедей көршісі екен. Абай Дәркембайды танып: – Шешіңдер, – деп еді. Дәркембайдың жүрісі тығыз екен, шешінбеді.

Бұл Дәркембай анау жылы Тоқламбетте Бөжей сабалатында Құнанбайды атам деп мылтық оқтаған кісі болатын. Сол төбелестен бері Тобықты іші болсын, әсіресе, Құнанбай айналасы болсын, оның сондағы ісін есіткен.

Барлық Ырғызбай Дәркембайды содан бері көзге түрткі ғып, шетке қағып, қырына ала беретін. Абай шаруасын сұраған соң, Дәркембай іркілген жоқ.

– Шырағым, Абай, қарындасқа қайырымы бар бала деп естуші ем. Сондықтан кеп отырмын. Болмаса, ана Тәкежандай десем, келмес ем... Басыма күн туып кеп тұрмын. Мына екі көршіммен үшеуіміздің үйлерімізде жиыны 20-30-дан тұяқ бар еді. Сол азын-аулағымызбен бірге пана таба алмай ығып, бүрісіп кеп отырмыз... Жерімізде қылтанақ жоқ. Қойларымыз бұралып бітті. Қазір, осы Мұсақұлға жеткенше, бес қой үсіп өлді! – деді.

– Өй, Шыңғысқа неге тартпадың?.. Тым құрыса, тау панасы бар ғой! – деп, Асылбек сұрай бастап еді.

– Ойбай-ау, боран Шыңғыстан соғып тұр. Өзі титықтап тұрған мал қарсы баса ала ма? Және Шыңғыс қайда, біреу қайда? Мынау Мұсақұл, Жидебай әрі ыққа қарай, әрі жақын

және иелері бейіл берсе, бұл Мұсақұл, Жидебай, Барақ сияқты үш қорық – талай қора қойға пана емес пе? Қарын аршысам да өлтірем бе! Шидің іші қойға пана ғой деп, бар үміт қып келгенім осы еді! – деді.

Абай Дәркебайдың жайын танып отыр.

– Дұрыс кепсің! Ал, жая бер!.. Енді несін сөз қып кеп тұрсың?

– Оның рас-ау, қарағым! Бірақ жаңа кеш бата, сол Мұсақұлға зорға кеп жетіп ек. Алдымыздан Тәкежан шығып, қайта қуды. Қасында әлгі Жұмағұл дейтін қаныпезер бар екен. Басымызға қамшы иіреді. Кет деп жатыр. Бар талшығымды қырам ба осы мен? Қырар болсам, тым құрыса, сен білсін, аш-арық ағайынның опқа түсіп жатқанын сол көрсін деп келдім.

Абай Дәркебайдың осыдан арғы сөздерін тоқтатып, тез байлау жасап, Ерболға қарап:

– Ербол, жылы киін де, атқа мін! Дәркебай, еріңдер мынаның қасына! Осы арадан азық алып кетіңдер! Ділде, түр! – деп, Абай келіншегіне бұйрық етіп: – Мына кісілер ашықпастай қып, ет, азық әзірлете бер! – деді. Ділде лезде тұрып, шығып кетті.

Абай Ерболдан Тәкежанға сәлем айтты. “Қумасын!.. Қазынасын жемейді! Мынаның аз ғана малына жайылыс берсін және Жұмағұлды тыйсын!” деді. Ербол тез киініп алып, Дәркебайларды ертіп жүріп кетті.

Тәкежан бұл күнде Мұсақұлды қыстайтын. Ол Абайдан бұрын үйленіп, сол жылы енші алып, бөлініп шыққан. Қазір өзі аса малқорда және, әсіресе, жер қорығыш, қызғаншақ болатын. “Жұрт көзіне түспейтін жер болса, тіпті, осы мына үлкен шешелерінің өз аулынан жайылған малды да қуып тастап отырады” деп, барлық көрші малшылар қайран болушы еді. Абай Тәкежанның сол мінезін биыл есітіп, қатты наразы боп жүретін.

Көріссе, суық амандасатын.

Түнделетіп, борандатып кеткен Ербол аз уақытта қырауланып, ызаға толып, қайтып келді. Қысқалау тығыз қара сақалына қар тығылып, шал беттендіріп апты. Үлкен, жуан тұмсығы қызарған. Қоңырқай өткір көздері жиреніш, реніш сызын жасырмай білдіріп тұр.

Тымағының бауын шешпей бір тізерлеп отырып, сақалының қарын аршып жатып:

– Тәкежаннан күткенше, тәңірден күткен жақсы ғой! Мұсақұл, Жидебай, Бараққа мен мал түсіртпеймін деп, Жұмағұлды қайта жұмсады. “Сабап-сабап айдап таста Дәркембайды” деп, көзімше бұйрық берді. Жұмағұл құдай ұрған, сол сөзді арқаланып, жаңа менімен ілесе шауып келіп, әлгі Дәркембайдың қойын сойылдап қуып жүр! – деді.

– Дәркембай ше? Ол енді қайтеді?

– Түн ішінде мына боранда қайда барады?

– Қуғында өлгенше, Жұмағұлдың қолында өлсеңші! – деп, үйдегі жігіттер жаман ширықты. Ербол тағы бір көргенін жеткізіп:

– Жұмағұлдай ит болмас, қаныпезер! Елді қан қақсатып жүретін атшабарлыққа жаратқан ғой өзін кәпірдің. “Тым құрыса, сен аял берсеңші, таңға шейін тоқтасаңшы!” деп ем, өзіммен ерегесіп, аузына келгенін айтты! – деп тоқырап қалды.

Ербол бар есітіп, бар көргенін айтқан жоқ. Тәкежан Абай туралы қатты сөйлеген. Жұмағұл Ерболдың өзін де сабамақ боп ұмтылған.

Бірақ сол кезде Дәркембай қаны қайнап, қатты ашуланып: “Енді тек, қолың тарт! Болмаса, екеуіміздің біріміз қанжоса боламыз!” деп, араға түсіп барып, Ерболдан бетін қайтарған.

Бұл жайларды Абайға айтса, “Екі туысқан арасына от тастаған” боп саналатыны бар. Өз басы ондай жанжалды сүймейтін Ербол мұндайда тартыншақ болушы еді. Абайды ұшқары істерге арандатпаймын дейтін. Ондайын артынан біліп, “неге айтпадың?” деп күйіп сөйлеген Абайға бұл сыр ашпайтын. Өзінше, Абайдай жақсы досын, тату жолдасын “сақтағаным” деп білетін.

Бірақ қазір оның ішіне іріккен үлкен ашуы Абайға апайқын боп білініп тұр. Жолдасына сырмінез болғандықтан, Абай қазір айт деп қысқан жоқ. Тек жаңағының ар жағында жатқан басқа зіл бар екенін таныды да, аса қатты долданып кетті. Екі беті бір сұрланып, бір қарауытып, түнеріп алды. Азғантай уақыт шұғыл ойланып, Ерболға оқтай қадалып, кірпік қақпай түйіліп отырды да, бір сәтте атып тұрды.

Базаралы, Асылбектер Абайдың байлауын ұқпай аңтарыла қалды. Абай демі дірілдеп, тістене сөйлеп:

— Түр, Ербол! Менімен бірге жүр! — деді де, өзі шапшаң киіне бастады. Жеңіл күпі кие сап, шарт буынып, қолына қамшы алды да, есікті қатты ашып, атқып жөнелді. Ербол артынан кетті.

Қамшы алғаны үйдегілерге Абайдың атқа мінбек болғанын білдірді.

Тыста екі көк ат ерттеулі күйде бораннан ықтап, қораны жанасалап түр екен. Абай ең жақын тұрған біреуін шешіп жатып, жолдасына:

— Сен де мін! — дей салып, өзі лезде қарғып мінді. Көк атқа қамшы басып, ақ боранның ішіне құйықтыра шауып, кіріп кетті.

Бұл кезде Жұмағұл Дәркембайлардың елу-алпыстай аз ғана қойын шоқтай иіріп, тірсекке сабап қуып жүр. Іштеріне талай күннен нәр түспеген, бүрсең қойлар қашайын десе де жүгіре алмай, ұйлығып, сығылыса береді. Қойдың жылдам баспағанына зығыры қайнаған Жұмағұл иесінен бастап боқтық астына алады. Артынан еріп келе жатқан жаяу шұбырған Дәркембайларды бірде-бір құлаққа ілмейді.

Қуғыннан, бораннан және бүгін кешкі аш жүрістен әбден титықтаған төрт-бес тоқты омақата жығылып, тұра алмай да қалды. Дәркембай қаны қайнап, Жұмағұлды ұстайын деп ұмтылып еді, аты жарау, өзі сырқынды Жұмағұл маңайлатпай жосып жүр. Қойдың бір шетінен екінші шетіне қарай омыраулап кеп тиіскенде, атының тізесімен буаз саулықтарды домалатып та кетеді. Жазықсыз жаулық көрген сорлы мал тілек тілей білсе, бұл түнде мынандай қамалап тұрған қастық ортасында өлімнен басқаны тілеместей.

Жұмағұл бағана келгеннен бері боқтықтан тыйылған жоқ. Майбасар старшындықтан түскен соң, Жұмағұл атшабарлықтан да қалған болатын. Піштірілген сәуіріктей боп, дінкесі құрып жүріп еді.

— Жанжал мен төбелес құдайдан ақсарбас айтып тілесе де қолына түспей, Жұмағұлдың мысы құрып жүр! — деп, жорға Жұмабай мысқыл ететін.

Бірақ осы соңғы екі жылда Жұмағұл орнын тапты. Оны Төкежан жолдас қып алды. Рас, Төкежан қолында әмір, күдірет жоқ. Бірақ қыс пен күзде жер қоритын әдеттері бар. Сонда

маңайдағы малы аз ғана, күші кем, адамы момын ауылдарға Жұмағұл мен Тәкежан атшабар мен старшыннан кем тимейді. Малшыларды сабайды, мал қуады, ат ұстап алады. Ағайынды көп жалындырып, жалпетек ететін талай істері бар-ды.

Өздері онсыз да бөле тілеп жүрген Жұмағұлдарға Дәркембайларды қатал құдайы өздігінен айдап кеп бергендей болды. Бұларға күні түсіп отырған кім десеңші! Ол – өншейінде Тәкежан, Жұмағұлдың тістерін басып жүретін Дәркембайы...

Жұмағұлды аттандыраар жерде Тәкежан дауыстап тұрып:
– Дәркембайды қолыма береді екен! Ата дұшпаным Дәркембайды! – деп кіжініп қалған.

Соны есіне түсірген сайын Жұмағұл арық қойларды бастырмалатып, домалатып кетеді.

Осындай боп айықпас бораннан да бетер қатты көр ғып жүрген кезінде ақ боранның ішінен шапқылап кеп шыққан екі көк атты көрінді. Қылаң аттар боран ішінде дәл жасырынып келгендей бопты. Жұмағұл бұл уақытта аш қойлар мен Дәркембайды боқтағанын місе қылмай, тіпті, Дәркембайдың арғы атасы сонау Бөкеншіден түсіп, соның атын атап құлдиратып жүрген. Боз аттылар келе бергенде, зілін қатайтып, тағы бір қатқан қойды қағып түсірді.

Асығыс жүрген аттылар үн шығармай, дыбыс бермей түп-тура қоян-қолтық келді. Не жөн сұрап немесе ашу айтып ұрысқан да жоқ. Тек қана алдыңғы атты екпіндеп кеп, қой мен Жұмағұлдың атының екі арасынан кие берді де, шылбырдан алды. Жұмағұл ашу шақырып, тебіне түсіп, қамшысын оңтайлай беріп еді.

Осы кезде Абай ақырып жіберіп:

– Аш көзінді, жауыз! – деді.

Жұмағұл Абайды тани берді. Бірақ танысы жаудан бетер боп шықты. Үн қатқанша аял болған жоқ. Абай оң қолындағы қамшысын құлаштап қайырып алып, Жұмағұлды қақ бастан тартып-тартып жіберді. Жұмағұл тебініп құтылайын деп еді, шылбырын Абай сол қолына орап апты, тапжылтпады. Екеуінде де үн жоқ. Абай аямастан тағы да батырлатып жөнелді. Қолы қатты. Қамшысы сойылдай тиіп барады. Бұл қорлықты көргенше, өліп бағайын дегендей боп, Жұмағұл Абайдың өзіне ұмтыла берді. Бірақ дәл осы кезін баққан Ербол әзір тұр екен. Атын қатты тебініп жіберіп, кимелеп кеп, Жұмағұлды жауырыннан ала түсті.

Бұл уақытта:

– Уа, құдай, тілеуің берсін! Бәсе, бір адам баласы да бар шығар-ау! Жанның бәрі қасқыр емес шығар-ау! А, құдай-ай, бері әкпеші! – деп, зар қағып жүгіріп кеп, Дөркембай да жетті. Жұмағұлды жағадан алып, бір-ақ жұлқып, күпсек қардың үстіне доптай түсірді. Абай сол арада: “Қойды кейін қайыр!” деп, қатты әмір берді. Иелеріне айдатып отырып, қорыққа қайта кіргізді.

Жақын жерде тұрған үлкен мая бар екен. Соған қарай айда деп бұйырды. Қой маяға жақындай бере, шұбай жүгірді. Дөркембай Құнанбайдың қорығына түсумен қоймай, пішеніне тағы ауыз салғаннан қорқып:

– Қайыр! Қайтар! Пішенін жегізбе! – деп, өз кісілеріне айқайлай бастады.

Абай оған да зекіп:

– Тоқта былай! Барсын!.. Жесін! Маяға жабыңдар, жарамсақсымай! – деп ақырды. Қойлар тегіс маяға жетті де, мол пішенге бас қойды. Жағалай жабысып, қатып тұрып қалды.

– Таң атқанша осы маядан тапжылтпа! Боран айыққанша қыбыр еткізбе! Бұл жер, бұл шөптің Тәкежан иесі болса, мен де иесімін! – деп, Абай бір жұмысты жайғады да, енді Дөркембайды қасына шақырды.

– Дөркембай, сенің екі жолдасың осы қойдың қасында болсын. Айрылмайды. Ал өзің дереу мынау атқа, мына жер қорығыш Тәкежанның атына мін де, қазір шапқылап отырып осы маңдағы өзіндей ауылдарға хабар айт. Мен жіберді де! Шыңғысқа жете алмай, осы жақын маңда қойлары аштан бұралып, қырылып жатқан ауылдар тегіс жүруге жарайтын қойларын алып, азаматтарын сайлап, дәл осы үш қорыққа, Құнанбай қорығына айдап келсін! Күрек-шоттарын ала келсін! Қойларын қорыққа салып, қар аршып, жан сауғаласын! Осы хабарды мына жақын жердегі Торғай, Жігітек, Қарабатыр, Бөкенші – барлығына айт! Ендігі жұтты көрсек, бірге көреміз! Бар! Шап! Жиып кел тегіс, – деді.

Дөркембай сол бұйрықпен атқа мінгенде, Абай Жұмағұлдың кеудесіне өз атының тұмсығын тіреп тұрып:

– Сен антұрғанның бұдан былай итаршы болғаныңның алды-арты осы болсын! Білдің бе? Ал Тәкежанға айт, шыдамаса – өле қалсын! Жуандығы мен кәрі болса, жұтап жатқан

қойға, аш-арық елге көрсетпесін, дәл маған көрсетсін! Жөнел!.. Жаяу бар!.. – деп бұйрық етті.

Бағанадан бір ауыз үн қатпаған Жұмағұл Тәкежан аулын жаяу іздеп кеткенде, Абайлар Дәркембайды өз қолдарынан жөнелтіп жіберіп, ауылға қайтты. Боран әлі бәсеңдемепті. Енді, тіпті, ышқына соғып, қарсы алдарынан қатты ысқырып, зәр төгіп тұр екен. Майда қар ұйтқып, жабысып, көз аштырмайды. Желдің соғуына қарап, Жидебайға беттерін түзеп алып, екі жігіт жарысып кетті.

Таң атқанда жел басылып, жауа бораған боран айығыпты. Алыстағы ақ белден жаңа көрінген күн қып-қызыл екен. Қысылып, қиналып шыққандай. Екі жақтағы сұрғылт бұлттарға қызғылт-сары рең беріп, құлақтанып тұр. Маңайда шаңыт бар. Бірнеше күн ұдайы соққан қатты жел енді бәсеңдеп, аяқтап келгенде жаяу борасындап қояды. Шытырлаған аяз білінеді.

Дәркембай Абай тапсырған жұмысты дұрыс түсінген. Түннен бері дәл таң атып, ел тұрғанша тыным таппаған. “Өзіндейлерге айт!” деген сөзді ол анық ұнатқан. “Малы бардың несі курайды. Қолы ұзынның өрісі де кең. Сыйластықпен, жегжаттықпен немесе, тіпті, азын-аулақ ақы берумен де Ырғызбайға, Құнанбай, Байсалдарға сыйысып кетеді. Бөксе бастыны көргенде, көп көреді ғой. Азын-аулақ талшығынан айрылса, шұбырып, қор боп кететін де сол ғой!” деп, Дәркембай өзі көптен айтып келе жатқан осы сөздерін Базаралыға да айтқаны бар.

Көптің күйін зілді қып айтқан Базаралы да осындай кісілердің аузынан анық жайларға мейлінше қанған болатын. Сол Дәркембай Абайдың сәлемін ылғи ғана Қарабатыр, Торғай, Борсақ, Жуантаяқ сияқты осы маңайдағы жерсіз, малсыз елдерге таратты. Солардың ішінде де 15-20 қойлы, 30-40 қойлы әлсіздерге барды.

Мұсақұл, Жидебай, Барақ сияқты үш үлкен қорықты жағалай отырған саны көп, дәрмені аз ғана ауылдарды күншығыс жақтан бастап, күнбатысқа шейін шарлап шыққан.

Аязды, боранды түнде асығып кеп, терезе қаққан жүргінші әдеттегідей суық хабар әкелген жоқ. Үміт хабарын жеткізген. Жұрт үш күннен бергі боран туралы: “Қолда барды әп кетті” деп қойған, ышқынып кеп шуылдай түсіп, терезені дүбірлетіп, үскіріп соққан жел ұйқыны қуған. Көрі-құртаң жалбарыну-

да. Шаруа иелері күрсінуде. Ер-азамат, қатын-қалаш бел шешуден қалған. Күндіз-түні дамыл алмай, мал қораның ішін шарлайтын.

Маңындағы төбешіктердің боз қарағаны болса, шауып әкеледі. Жақын жердегі ши атаулының басын күзеп, қолтықтап келген болады. Тіпті, болмай бара жатқанда, онсыз да жаман, жыртық қораның төбесіндегі қамысын суырып берген болады. Бірақ ол талшықтары қарлығаштың қанаты әкелетін тамшыдан да әлсіз еді. Арамза туған қойына бере ме? Сүтін күткен бірлі-жарым сиырына бере ме? Болмаса, жапа-жалғыз түйесіне асата ма? Қайсысына берсе де қарық қылмайды. Тек, әйтеуір, соңғы еңбегін, “өзге өлсе де, осы қалса екен” деген шаруа сүйенішіне ұсынған болады.

Ауқатты көрші мен жері жақсы сыбайластан үміт ету бұл елдерде жоқ.

Дәркембай мына түнде сол сөнген үмітті сергіте келді.

Сонымен, дәл күн шыға бере, Құнанбайдың үш қорығына қарай жан-жақтан мал шұбырды. Бұл кезде Абай мен Ербол ат үстінде болатын. Ұзын қорықты жағалап, желе шауып отырып, әр ауылдың шоғырларын қарсы алып жүр. Азынаулақ қойлар мен төртті-бесті ірі қараның айналасында қатын-қалаш, кәрі-кұртаң, ер-азамат көп-көптен келеді.

Жарап қатқан қойлардан ажар кеткен. Жүндері үрпиіп, ұйысып қалған. Жамбастары сарала боп баттасып қалғандары бар. Анда-санда шыдамсыз ешкілер бақырып-бақырып тұрып, омақасып жығылып та жатыр. Бірнеше ауылдың өз қыстауларынан осы қорыққа қарай жүрген жолы қадау-қадау белгі қалдырыпты. Ол белгілер: ұшып өлген ешкі, лақ, арық тоқтының өлімтігі. Ақ қардың үстінде, кең жазықта қарауытып қалып жатыр.

Қой алты күн аштыққа шыдайды десуші еді. Мынау түрлеріне қарағанда, бұл малдардың аштығы әбден шыңына жеткен көрінеді. Енді екі-үш күн өтсе, тегіс жусайтын халде екен.

Қарды бұзып жүретін мұршалары да жоқ. Сондықтан бірен-саран көтерем жылқы мен арық түйені немесе жалғыз-жарым сиырды қойдың алдына салып, соған қар бұзғызып келеді. Ашыққан қойлар, алдарында әрең ілбіп келе жатқан ат пен сиырдың құйрығын жалмап қояды.

Осындай тегіс кем-кетік, дімкәс болып ілбіген сорлы малдың айналасындағы адамдар да жүдеп, салдырап біткен екен. Қартаң жандардың беттерінде әжім қалындапты. Барлық жүздер қуаң тартқан. Белдер жіңішкеріп бүгілген.

Киімдері жырттық, жүдең. Бастарына ескі-құсқы ораған әйелдер ғана емес, сақалды ерлер де бар. Аяқтарында, көбінесе, сырған киіз...

Қорықтың шетіне ілінер-ілінбесте, барлық жұрт күрек, шоттарын омбы қарға салып, шидің түбін, қорық үстін аршуға кіріседі. Абайлар әр топты бір-бірінен алысырақ түсіріп, жер көлемін кеңірек беріп жүр. Үш қорықтың бір қасиеті қалың шилі болушы еді. Шеңгел, итмұрын сияқты бұталары да көп. Омбы қар қорықтың шет-шетінде қалың болғанмен, дәл шилердің ішіне кіргенде оншалық қатты емес, күпсек екен. Және аршыған жердің қай тұсынан болса да, қалың шөп шығып жатыр.

Осындай жерлерге жетуге жараған мал тегіс талшық ала бастады. Абай мен Ербол жұрттың көбін орналастырып болған кезде түс болды. Қорыққа келген ауылдардың жиын саны елуден асты. Тәкежан жалғыз сиырдан қоритын қорыққа бүгін түскен қой саны мыңнан асып тұр. Ірі қара көп емес. Неше күннен бері қарды қанша тепсе де, астынан құр тақыр көріп келген азын-аулақ аттар енді соңғы күштерін өлмес қамына салып жатыр.

Абай бұл келген елдің бәрін көріп, жай-күйлерін сұрасып, тегіс жайластырып шықты. Бүріскен мал мен жүдеген жандар бағанадан бері Абайға үлкен ауыр ой салды. Жаз жайлауда, арқа-бас кең шақта ғана елдің іргесі бүтін, белі бекем сияқты көрінеді. Мынау жұттың күндері қалың көптің соншалық панасыздығын, қорғансыздығын көрсетті.

Жиырма-отыз қойы бар, үш-төрт қарасы бар үй – қалың елдің көпшілігі. Жыл он екі айда ішері, мінері сол. Сояры, сатары да сол. Киер киімі, бас панасы да сол айналдырған аз тұяқ. Аман тұрған күннің өзінде бұл қандай тапшылық. Ал бүгінгідей қысылған шағында, мынандай апат, ауыртпалық көрген шағында, қаншалық әлсіз, осал. Осы азын-аулағынан айрылса, тірлік не болмақ? Кешегі “іргелі ел” деген, “жұрағат, жұрт” деген осы-ақ болғаны ма?

Жұт деген жоқшылық, қысталаң, апат деген осындай боп қақ қасына келгенде, Абай ел тірлігінің барлық қайғылы сорын көрді.

Өз ойының ауыртпалығы Абайға барлық тірлікті соншалық татымсыз, жалған етіп көрсетті...

Малдарын күресін қардың арасына тығып, қоянның кеуегіндей оптың ішін паналаған жандарға жаны ашыды.

Әрбір ауылдың үлкендеріне соңғы рет қайтадан соғып:

– Тоңғандарың мына тұс-тұсындағы ауылдарға барып, жылынып қайтыңдар. Бір-бір мезгіл ыстық ішіндер. Осы қорықтарда отырған ауылдардың бәрі де ағайын ғой. Құмайды. Жасқанбаңдар!.. – деді.

Онсыз да малдары үшін Абайға алғыс айтып жатқан кәрілер енді біржолата жұттан құтылғандай көтеріліп қалды.

Абай осы бетінен аттан түспей жортып отырып, үш қорықтағы бар қыстауды аралап шықты. Әр ауылдың Ызғұтты сияқты үлкендерін және, әсіресе, ас иесі кексе қатындарын тысқа шақыртып алып:

– Мынау апатпен алысып жатқан ағайынға қайырым етіндер! Ауылда неше қазан болса, соның бәріне ыстық істеп, күніне бір-бір рет қорек беріндер! – деп, қадағалап, тапсырып шықты.

Осымен әр ауылдың күтетін аш-арығы белгіленіп, тұс-тұсындағы түгіндерді меншіктеп алды.

Абай мен Ерболдың ең соңғы келгені Мұсақұлдағы Тәкежан аулы. Тәкежан өзі жоқ екен. Ол түнде Жұмағұлдың хабарын естісімен Абайға бармай, тура Қарашоқыға тартыпты: “Содыр, сотқар” Абайдың үстінен Құнанбайға арыз, шағым өкеткен.

Енді Тәкежан қорасының алдына келіп, өзі аттан түспей тұрып, Ерболды үйге жіберді. Қайнысының шақыруымен тысқа шыққан Тәкежанның келіншегі Қаражан тістеніп, сұрланып келеді. Ұзын бойлы, кесек мұрынды қара сұр келіншек, тегінде, зілді, зәрлі болатын. Өз күйеуіне қыжал мінез көрсетіп, қысып-қымтап ұстаушы еді. Жас та болса, қытымырлығы айқындап, ас пен дүниеге сараң бола бастаған. Ол мінезі күйеуіне сай келіп, осы кезде бұл үй тез байып келе жатыр. Ұлжан үйінің молқолдығын ұнатпай, ерте-рек сөз шығарып, еншіні тез алғызған да осы Қаражан.

Ол Абайдың Тәкежаннан кіші бола тұра, жақсы атты жігіт боп бара жатқанын жақтырмайды. Қызғанып жақтырмайтын. Абай да жеңгесінің сол ішін біледі. Қаражан тақап келсе де, Абай амандасқан жоқ.

Аз ғана тебіне түсіп, көк аттың тұмсығын түндегі Жұма-гүлдың кеудесіне тірегендей, бұған да тақап қойды. Келген жұмысына тура кірісті.

— Күйеуің менің үстімнен шағым әкетіпті ғой. Мен өз жазамды өзім тартып жатармын. Ал қазір саған міндет тапсыра келдім, соны бұлжытпай орындайсың, білдің бе?

— Не міндет?

— Мынау маңайдағы ел жұтап, қырылып жатыр. Бас аманда пішенінді шабатын, құдығыңды қазатын, малыңды суаратын, барып-келіңе жүретін сол ағайын болатын. Қазір қысылып, басына күн туып кеп тұр. Малдарына жайылыс бердік. Өз қыстаулары алыста. Күн болса суық. Осы маңдағы барлық ауылға кісі үлестіріп беріп келеміз. Біздің ауылда 40-50 жан болады! Орын жетпей жатыр. Жаңа өздеріне атап тапсырдым. Сенің ауылыңның тұсында жиырма кісі бар. Төрт ауылдың адамы. Соларға күніне бір мезгіл ыстық істеп беріп отыр...

— Өй, шырақ-ау, о не дегенің?.. Біздің үйімізде өзіміз ішерлік азықтың өзі жоқ.

— Өтірік айтпа! Әнеу күні ақ шомшыдан алғызған үш қап ұның бар. Тіреліп тұрған бес қап бидайың бар. Соғым етің бітпек түгіл, орталанған да жоқ. Барыңды түгел санап кеп тұрмын... Бұл жолы қалжыңым жоқ, бар шыным. Үлесесің мынау аш-арық жұртпен! Қарсылассаң, жақсы болмаймыз.

— Е, өзіміз аш қалсын дейсің бе? — деп, Қаражан қырыстана берді. Абай қатты долданып, ақырып жіберді:

— Аш қалмақ түгіл, қырылып қал!.. Бересің!.. Бермей қырыстанып көр осыдан! Күнде кешке кеп тексеріп тұрамын. Орындамасаң, өзіңнен көр! Мені тап осы өңірден айдатып жібермесе, сендік әлім бар. Масқара қып тұрып көндіремін! Білдің бе!.. Қолымнан алатын Тәкежан жоқ. Көзінді ашып кара! Орындайсың, сол! — деп, қадалып қарап, үндемей тұрып қалды.

Оң қолы ұзын қамшысын қымтап ұстай бастаған екен... Қаражан соны байқады да, жауап айтқан жоқ. Түнде Тәкежан аулының үстіне кеп орнаған Дәркембайлар. Абай жаңа Дәркембайдың өзін ере жүр деп шақырған-ды. Қазір сол да кеп жеткен екен. Анадайдан құлақ салып, Абайдың ашулы үнін есітіп келе жатыр.

Қасына Дәркембай келгенде, Абай Қаражанға тағы түйіле қарап тұрып:

– Міне, сенің аулыңнан ас ішетін кісілерді мына Дәркембай бастап кеп тұрады. Жалғыз өз үйің емес, осы ауылда неше түгін, неше қазан бар, соның бәрін асқызып отыр. Бар аулың қызмет етсін! – деді. Қаражанда әлі де үн жоқ.

Абай атының басын бұра беріп, Дәркембайға:

– Сен бұл ауылдың күйеуі емессің! Күмілжіме, білдің бе? Жұмысыңнан келгенде, тура “ас бер!” де... Бермесе, бөгесе, менің тап өзіме қолма-қол кеп айтып тұр. Осыдан айтпай, жасырып қалсаң, Дәркембай болмай, қатын боп қал! Ұқтың ба? – деді де, Абай жүріп кетті.

Таңертең тыным алмаған Абайлар Жидебайға екіндіде жетті. Келсе, шешелердің үйінде Тәкежан мен жорға Жұмабай тосып отыр екен. Тәкежан түнделетіп шауып отырып Құнанбайға жетіп, енді Қарашоқыдан Абайға арнап бұйрық әкелген.

Абай Ұлжанның шақыртуымен үйге келді. Жолшыбай даланнан, шовшаладан, ауыз үйден өтіп келе жатып, Абай бұл ауылдың неше алуан қамдарын көрді. Бар жерге қазан асылып, ыстық істеліпті. Үш жерге үлкен ағаш келіні орнатып алып, жұмысшы қатындар келі соғып, бидай түйіп жатыр. Піскен қазандардан астау-астау көже мен азын-аулақ ет түсіріп, үй-үйлерге әкетісіп барады. Аш-арықты күтуге Абайдың шешесі кіріскен көрінеді. Көктемде, азық азайған кезде, бір үйден мол тамақ табу оңай емес. Күту де бір күн емес, бірталайға баруға мүмкін. Сондықтан бидай түйгізіп, көже істеуді өнімдірек көрген тәрізді.

Қарсы үйде бір кезек боп келген он бес-жиырмадай еркек-ұрғашы сол ыстық асты ішіп жатыр екен. Абай астарын қымсынбай ішсін деп, ол үйге бармады. Үлкен тамға кірді.

Келген жерде сәлем беріп, жорға Жұмабаймен амандасса да, Тәкежанға қараған жоқ. Екі туысқан суық кездесті. Аз отырған соң Жұмабай Абайға әкесінің сәлемін айтты. Бірақ Тәкежан түндегі булықтырған ашу үстінде көп жайды аңғармапты. Шағымын аз ғана ғып апарыпты. Ол Дәркембайды ғана сөз қылған екен. Мына бүгін таңнан бері маңайдағы тамам елдің келіп, ошарылып жатқанын жеткізбепті. Дәркембайдың өзін келтіргенді сұмдық көрген Тәкежан мынандай бәле болар деп, тіпті, ұйғармаған-ды. Қазірде осы ауылға кеп білгелі, біржолата жарыла жаздап отырған.

Жұмабайдың айтуынша, Дәркембайды паналатқанды Құнанбай теріс депті. “Татымсызға еткен жақсылықтың қа-

йырымы жоқ, Дәркембай менің басыма бір кезде қас ойлаған адам болатын. Оның амандығы да өзіне олжа. Абай жақсылық істейім десе, досқа істесін. Мынаған ара түспесін! Қайтарсын!” – депті. Абай бұған көнген жоқ. Және ұзақ жауап та айтқан жоқ.

– Әкем елге өнеге айтар мұсылманмын дейтін. Мұсылманшылық қаза көрген халыққа рақымшылық етуді фарыз етеді. Тәкежанның дегеніне иланбасын. Мен мұндағы халыққа уағда беріп қойдым... Асырап жатырмын. Ренжімей рұқсат етсін! – деп бір қойды.

Тәкежан тырсыып күйіп отыр еді. Ұрса жөнелді:

– Ондай сопы болсаң, басыңа сәлде киіп, Дәркембайға арнап құшыр жисаңшы!

– Қажет болса, құшыр да жиям. Халық қырылар болса, амандығым садаға!..

– Ендеше бар, өне, ел ақтап кет!..

– Оған кетуден бұрын, әуелі өзімде бар мен сенде барды ортаға шығарып, үлеске салып кетемін!

– Онсыз да салыпсың ғой!.. Бір Дәркембай емес, қыруар елді қаптатапсың! Сен бір өзің емес, бәрімізді қара жерге отыртайын депсің!.. Ол – ол ма? Ең әуелі мына шешелеріңді де аштан өлтіресің, бүйте берсең!

– Шешелерімнің қамын сен жемей-ақ қой, білдің бе? Менің аналарым інде жатқан суыр емес, анау сенің Қаражан деген сараң қатының сияқты. Барын ортаға сала біледі. Халық көргенді бірге көрсе де, қабақ шытпайды. Мен осы кісілердің өздері тапсырған соң істеп отырмын. Өзінің қарынбайлығын әкеп мұндағыларға пана қылмақ қой... Үйдегенше, осы аналардың тәрбиесінен садаға кетсеңші Қаражан екеуің! – деп, Абай Тәкежанға қатты қадала қарады. Соңғы сөздері әкенің балаға ұрысқанындай бір түрлі ірі, салмақты.

Тәкежанның бұдан арғы айтайын деген жауабын Ұлжан айтқызыған жоқ.

– Жә, жетті! Болды енді екеуіңнің салысуың! – деп тоқтатып қойып, өзі Жұмабайға бұрылды да: – Сен енді қайта бер! Абай бұндағы аш-арық ағайынды шақырып қойыпты. Біз болсақ, барымызды бөле жерміз. Әзір қысталаң жоқ. Біз үшін қиналмасын ондағылар. Беріп жатқанымыз өз сыбағамыз. Баласының абыройын төкпесін, екі айтқызбасын елге! – деді.

Тәкежан ұрыстан тоқтаса да, шеше сөзіне көнген жоқ. Мойнын сырт қайырып, тымағын киді де, шығуға айналды. Мұның осы ажарына қарап қойып Ұлжан қатты сөйледі.

– Әй, сен ана Қаражанға сәлем айт! Аулына барған ашарықты қыңыратқымай, оң шыраймен күтсін, құтырмасын!.. Ол әкелген мал жоқ! Көзін ашып қарасын! – деді.

Тәкежан мен жорға Жұмабай кетіп қалды.

Бұлар үш қорықты түгел аралап шықты. Келген ауылдар мен барлық мал санын көріп, санап алды да, Қарашоқыға қайта тартты. Ендігі шағымдары, тіпті, үлкен болатын.

Қыруар мал мен дүйім елді бұлай жосылтып келтіру Абай мен шешелерінің ісі емес. Ондайды істесе, жер-дүниенің иесі Құнанбай ғана істеуге болар еді.

Абайдың бұған жеткені – әкені елемегені. “Жер мүліктің иесі өзім” деген. Құнанбай Жидебайдағы істер туралы Жұмабай мен Тәкежан сөздерін түгел тыңдап алды да, Абайларға енді ыза болды. Шынында, бұл мінез ырықтан шығып, құрық әкету.

Әкесінің ашуланған пішінін байқап, Тәкежан ырза бола бастады. Томырылған ашумен қатты бұйрық айтар деп дөмеленіп еді. Бірақ Құнанбай мұның көзінше шешілген жоқ. Тек қана: “Тыю салу керек” деді.

Сөйтті де, бұл екеуін қойып, Жақыпты шақыртты. Тәкежанға: “Қайта бер” деп бұйрық етті. Келесі күн таңертең Жақып Жидебайға келіп, тағы да Зеренің үйінде отырып, Абайға әке сәлемін айтты.

Әке жағынан екінші рет кісі келіпті және жұмыстар тұсында ауыр бұйрықпен жүретін Жақып келіпті. Осал белгі емес. Тегінде, ауыл-аймақ болсын, ағайын ортасы болсын, Құнанбайдың сәлемдерін әрқашан жіберген кісілеріне қарай салмақтап танытын. Мысалы, “алып кел, айдап кел!” дегендей бұйрық болса, ол Қарабас, Қамысбай сияқты атшабарлар түрінде келеді. “Айтып, білдіріп кел!” десе, Ызғұтты, Майбасар боп келеді. “Ұғындыр да бағындыр!” десе, жорға Жұмабай пішіндес болады. Кейде ондай сәлеммен Құдайберді, Абай да жүріп қоятын. “Қорқытып, ызғар тастап, үйіріп кел!” десе, осы Жақып шығады. Ол бірақ рулар арасындағы келелі сөзге, іргелі кеңеске жүретін. Ал, іс, тіпті, үлкен боп, көп елмен қаржасатын кез болса, ондайда Қаратай шығады.

Мына жолы Жақып кепті. Абай жаңағыдай сәлемшінің ауысуына қарап, Қарашоқыдан шығатын бұйрықтың саты-саты салмақтана бастағанын еске алды. Іштей әзірленіп отыр.

Түсі салқын, томсарған, ашулы сияқты. Жақыптың жүзіне қарамай, қырындау отырып, барлық сөзді қиястана тыңдап отыр.

Құнанбайдың бұйрығын айтудан бұрын Жақып бірнеше дәлел айтты. Өз сөзі қып айтса да, Абай төркінін танып отыр. Әкесінің ойы мен сөз тәрізін бұл күнде Абай оңай танитын болған. Жақыптың айтуынша, әке бастайтын іс бар да, бала кірісетін іс бар. Екі арасын айыру керек. Балаға әкенің ісі де абырой әпереді. Әкеден қиғаш кетіп, өздігімен кісілік іздеу балаға бедел бітірмейді екен.

Абай мұны місе қылған жоқ. Баласының кісілігін ойлап, абыройлы болуын тілейтін әке мінезі де болады. “Өз ықтиярың, өз әмірін баласының мойнына үнемі кескек қып тағып отырмайтыны да болады”, – деді.

Жақыптың екінші сөзі: – “Жер беріп паналық етсе, қысылып отырған малды-басты ауылдар бар, соған ету керек. Күндердің күні керекке жарайды. Мыналар кім? Бұлардың бәрін жисаң, тым құрыса, бір аттың сауырын, бір түйенің қомын да бере алмайды”, – деген еді. Бұл сөздің шетін Жұмабай да айтқан.

Оған Абай тағы да көнген жоқ. Жақыптың айтқанын “Құда-тамырмен істейтін алық-берік”, – деп бағалады. Оның аты қайырым емес, жақсылық емес. Көпке мәлім сауда деп таныды.

Абай дау айтып болмады. Сонан соң Жақып қатайып алып, салмақ салды.

– Сен өзің мал иесі, жер иесі ме едің осы? Сен тапқан не бар еді? Мынау ісіңмен әкенің жиған-тергенін шашқалы отырған жоқпысың? Осы ауылдағы мал мен Тәкежан қолындағы мал ертең қоса жұтайды. Тым құрыса, мына шешелеріңнің талшығын аясаңшы! – деді.

Бұл да жаңа сөз емес. Бірақ кеше Тәкежанға айтқан сөзді Жақыпқа айтуға болмайды.

– Сөзіңіз дұрыс. Мен, тегі, шешелердің ырзығын шашып, қиянат етіп отырмын ғой! – деп кекетіп қойды. Зереге қарап: – Ал мына отырған жалғыз менің шешем емес. Әкемнің де шешесі. Мал-дүниенің шын иесі осы кісі. Ендеше, бәріміз

де әжемнің төрелігіне тоқтайық. Не дейді екен? Қазір өз аузынан естіңіз! – деді де, Абай әжесінің қасына таман сырғып келді.

Әжесінің бұл күнде өңі қуарып, қатты жүдеген. Әжім атаулысы бір түрлі молайып кеткен. Абай жақындағанда ол құлағын түрді. Немересі айқайлап сөйлеп, барлық жайды айтып берді. Қысқа айтса да, ұғымды айтты. Бұйрық пен байлауды бір өзінен күтетінін білдірді.

Зере күрсініп отырып, қабағын түйді де, Жақыпқа қарап:

– Балама сәлем айт! Көп өмірім қалған жоқ! Зарлаған аш-арықтың қырғынын көрерім қалды ма? Жетім-жесір, кәріп-кәсердің телегей-теңіз жасын көрерім қалды ма? “Мені енді ал” деп тілеп отырмын жаратқаннан. Жаназаға жиылған жұртты да ас беріп асырайды ғой. Тимесін, қумасын! – деді.

Жақып бұны естігенде іркіліп, үндей алмай қалды.

Кәрі әжесін осындай зар тілекке жеткізген мінездерге Абай күйіп кетіп:

– Әнеки, шешенің қамын жегендерің шын болса, жылатпасандаршы! Қуғызбаймын! – деп бір-ақ байлады.

Жақып Зере сөзінен соң қайтыңқырап қалса да, Абайға ызғар тастап кетпек.

– Не деп отырсың өзің? Біреудің бетінен алайын деген-бісің? Сөзіңнің аңғарын мен ұнатқам жоқ. Тіліңе уақып бол! – деді.

Абай бұл тұста да ашуынан қайтқан жоқ.

– Не деп отырғанымды түсініп отырсыз. Мұндағы жұрт қызыл қарын жас бала емес. Өлмесін білетін болған. Өз қамын өздеріне ойлатсын да, тыныш жатып, анау қызығын көрсін! – деп салды.

Бұл күнге шейін Құнанбайға қарсы мұндайлық сөз қатқан Ырғызбайды Жақып көрген жоқ-ты. Абайдың тұспалын ұқса да, қазір ол жас жігітті аса тентек санады.

– Доғар! Доғар, шырағым, ендігіні! Мына сөзіңді мен айтып бармаспын! Бірақ исі Ырғызбайдың жүрегін шайлықтыратын суық сөзді сенен есіттім деп кетермін!.. Сол да жетер болды! – деп атқып тұрып кетті.

Абайдың жаңа кейіндеп кеп айтқан тұспал сөзінде көп мән болатын. Ол Құнанбайдың осы қыс ішінде істеген бір ерекше мінезін ауызға алған-ды.

Жақып кеткеннен кейін Жидебайға қайта оралған кісі болған жоқ. Басқа уақыт болса, сөз аяғы бұлай аяқталмас еді. Үнсіз, жым-жырт қалуына да сол Құнанбайдың жаңағы оқшау ісінің өзі себеп болды.

Тегі, соңғы екі айдан бері Абай мен Ұлжандар Құнанбайға өкпелі, салқын болатын. Өйткені Құнанбай осы қыста жасы алпыстың ішіне кіргеніне қарамай, жас тоқал алған. Жидебайдағы екі әйелі Ұлжан мен Айғыз болса, Қарашоқыдағы бөйбішесі Күнке болса, солардың үстіне төртінші қатын етіп Нұрғаным деген қызды алды.

Нұрғанымның жасы Құнанбай түгіл, Абайдан да кіші. Сондайлық баласынан кіші қызды аларын Құнанбай үй ішінің ешқайсысына білдірген жоқ. Бұл жөндегі әңгіме, байлау Қаратаймен екі арасында ғана болған. Жұмыс басталғанда да оқыс басталды. Бас себебі Қаратай болатын.

Өткен жазда Қаратайдың қатыны өлді де, көрі ақылшы қатынсыз жүрді. Соған Құнанбай бір күн кездескенде:

– Қатын алуды ойлаймысың? Неге алмай жүрсің? – деген.

Қаратай бұл жайды өз ішінен ойлап, шешіп қойған екен.

– Құнанжан-ау, өзім қатынмын, мен қатынды қайтемін?! – деп еді. Құнанбай ол байлауын мақұл көрмеген.

– Олай емес қой, Қаратай. Жас күнінде жолыңдағының бәрі саған қатын. Күтім керек, көрік болатын шақ дәл осы көрілік қой. Қатынның шын керегі осы шағың, – деген.

Сөйтіп Қаратайға қатын алғызды.

Сол Қаратай өзі алған күні Құнанбайға да қозғау салып, “енді айтқаның шын болса, өзің де ал! Саған да сол айтқаның енді керек. Бардың бәрі баламен, өз қақымен кетті. Саған енді “өзің” деп отыратын оңаша бір жас иіс керек” деген.

Осының артынан екеуі ақылдасты да, Құнанбай алатын қызды тапты. Онысы Нұрғаным болған.

Нұрғаным – Бердіқожа дейтін қожаның қызы. Бердіқожа Тобықты іші емес, Сыбан арасында, Арқат деген тауды мекен ететін. Ол бұл Арқаға беріде келген. Әуелде Қаратауға Түркістаннан шығып, көп туысқан шоғырмен келіп еді. Қаратаудан Арқаға көшкен ұзақ жолында осы Нұрғаным бес-алты жасар, кебежеге мінген бала болатын.

Бері келе Бердіқожаның бірталай туысқандары Түркістанға қарай қайта тартып кетті. Арқаны жерсінбей және “ақ пат-

шаға бодан болған елде тұрмаймыз” деп кетіп еді. Өзі қартайып, балалары жас болған Бердіқожа азын-аулақ үйлермен қозғалмай қалды. Сыбан мен Тобықты ішіне беделі бар қожа болды.

Құнанбай, Қаратайлармен, әсіресе, сыйлас еді. Өзі бірбеткей қыңыр және ойдағысын ірікпей сөйлейтін қатқыл мінезді адам. Көргені мен түйгені көп. Дін жайына жетік, молда кісі. Құнанбай сонысын ұнатып, әрдайым әңгімелес, мәжілістес бола беретін. Сол Бердіқожаның Бурахан деген баласын өз аулына шақырып, бірталай уақыт қонақ етіп те жіберетін. Қарқаралыға барған бір сапарында қасындағы нөкерлерінің ішіне қосып, ертіп те жүрген. Құнанбай, тегінде, жігіттің денелі, бітімділігін ұнататын. Бурахан аса сұлу және денелі жігіт еді. Соның тұлғасын тамаша етіп, бір күні: “Бір үйдің ішіне жүз кісі кем-кетікті жиып, соның ортасына Бураханды кіргізіп отырғызып қойса, аналардың кемдігі көзге көріне ме?” деген. Осындайлық бітім-тұлғасын ұнататын жігітінің бірі – Базаралы. Жігітпен азғантай татулық шағы болса, Базаралыны да мақтай беретін.

Сол Бураханның кіші қарындасы Нұрғанымның басы бос екен. Өзі жас та болса кесек, ірі денелі, нұр жүзді болатын. Әсіресе, толқынды қою қара шашы мен бет бітімі бөлек. Жүзіндегі әдемі қызылмен қатар, бет тұлғасы да сұлу. Шошақтау біткен үлкен қара көздерінде аса бір қайратты ашудың және естіліктің оты болатын.

Осы Нұрғанымды Қаратайдың ақылымен Құнанбай тоқалдыққа ұйғарды да, Бердіқожаға кісі салды.

Көп қатын алу әзірше өз тұқымына салт болмаған қожа әуелде үркіп кетті. Және Нұрғаным мұның жақсы көретін баласы еді. Өзі ерке, тентек қыз болса да, көп қақпайтын. Құнанбай сәлемін есіткен жерде, Бердіқожа томырылып қалып:

– Е, мен баламды кәрі Құнанбайға кішілікке беруші ме ем?! – деді. Бірақ әкенің бұл арынына қожаның өзге балалары жібермеді. Бастығы Бурахан боп салмақ салып, екі-үш күнде көндіріп берді.

Құнанбай аулына жиі барып, ат мініп, ойын-сауық салып қайтып жүретін Бурахан қарындасын беріп, туысқан болуды қатты ұнатқан-ды.

Бердіқожаның көнген хабарын алысымен, Құнанбай қалыңмалды, жыртысты бір-ақ жібертті. Сөйтіп, осы бір қыстың ішінде Нұрғанымды алып та қойды. Ұлжан мен Айғыз жаңа тоқал хабарын Күнке жіберген сәлемшіден естіген. Ұлжанның өз басы бай қызғанайын деген ойда болмайтын. Ер жеткен төрт ұлы бар. Және немере сүйе бастаған тоқтамды ана. Құнанбайды бұл күнде бай деп те санамайтын. Ол – балаларының әкесі. Көп өмірі, көп азабы, көп машық мұңы табыстырған жай ғана туысы сияқты. Содан басқа сезімдер суалғандай еді.

Бірақ сонда да ол Құнанбайдың қатын алғанына қарсы болды. Жорға Жұмабайды шақыртып ап: “Біздің тілді өмірде бір ескеретін болса – алмасын, реніш туады. Балаларынан үялсын, олар ренжиді”, – деген.

Ұлжан өзі естіген хабарды Абайға айтқан еді. Сонда Абай бір түрлі қатты түршігіп, жиреніп кеткен. Әкесі туралы аса қатал сөйлеп, сынап кеп: “Әке деп сый көруден қалсын. Біржолата жат болсын деген мінез ғой. Осыншалық қыруар жанды адам құрым санамағаны ғой. Шешемен неге ақылдаспайды? Өмір бойғы жолдасы – сендермен неге санаспайды? Бізден кіші қыз алып отырып, солар ұялар-ау деп, бізді неге ойламайды? Құптамаймын! Қайта кінәлаймын! Сен де мақұлдама!.. Әйтеуір, бізді адам санамаған жан ғой. Отқа түссе де, жалғыз өзі барып түссін. Ренжітіп кеткенін біліп кетсін! Айтып жібер!” – деп, шешесіне Жұмабайды өзі жеткізіп берген.

Құнанбай Ұлжан сөздерін естіген соң, Күнкемен сөйлесті. Оған біраз жылы ұшырап: “Өзгелер ақылсыз болды деп, сен желікпе! Сен ақыл тап та, мендік бол!” – деген.

Күнке әрқашан бұқа есепке бейім тұратын. Ұлжанның балалары көп. Оларға болысып отыратын Зере де бар. Сол себепті Жидебайдағы ауылға Құнанбайдың қырын қарап жүргенін әрдайым өзіне пайдалы көретін. Әсіресе, Ұлжанның айналасындағы үбірлі-шүбірлі молдықты, кеңдікті сүймейтін. “Түбінде солар көптейді-ау!.. Артық үлес, үлкен сыбаға әкетеді-ау!” – деп, үнемі қызғанумен болатын.

Мынау үлкен іс байының өмірі үшін, тіпті, өзі үшін де өзгеше болатынын Күнке біледі. Басында көнбейтін боп, наразылыққа беттеген.

Бірақ сол наразылығының үстінде де Ұлжанды бақты. Егер бұл тулап, байды үркітіп жүргенде, Ұлжан көніп қойса,

жаман болады. Байдың сүйенішінен біржолата айрылып қалады. Сол себепті, өзінше қулық ойлап, Ұлжан жағына тұрткі салған. Ол жақтан ойдағыдай қарсылық келді. Құнанбайды күйдіргендей наразылық айтыпты. Енді бұл тұста Ұлжан арқылы келетін Күнге деген қауіп жоқ. Соны ойлады да, Құнанбаймен шындасып келгенде, Ұлжанды жамандап шыға берді. Өзі кең ақыл болған боп рұқсат етті. Және “Нұрғанымды өз қолыма әкеп түсір! Менімен бір болсын! Ұлжан күн көрсетпес” деп, тіпті, қамқор боп та шықты. Сол Күнкенің дегені болды да, Құнанбай Нұрғанымды Қарашоқыға келтірді. Бірақ осының орайына, екі айдан бері Жидебайға қатынасқан жоқ.

Сөйтіп, Жидебайға Жақып пен Жұмабайларды келтіріп жатқан істің кезінде, Құнанбаймен үлкен аулы араздық халінде еді.

Жақыппен сөйлескен сөздің аяғында Абайдың түспалдап, түйреп өткені осындай ескі жара болатын. Күйзеліп жатқан көрші елдің ауыр күйі соған кеп қосылған. Ішті-тысты екі жараның уыты бірігіп кеп, Абайды осылай еткен.

Әлденеше айға бергісіз боп созылған он бес күн өтті. Шаруаларды күйзелте бүрістірген ауыр қыстың аяғы осы болатын. Биылғы жұтты халық соңғы қардан, ұзақ бораннан көрді. Әсіресе, осы көкек пен мамыр арасында көрді. Көктем айы деп санайтын мамыр соншалық сұрапылдай тигендіктен, жұттың атын “ақ қардың” жұты дейтін. Онысы да мамыр ішінде жауған соңғы қарларды атағаны.

Кедей көршілер Жидебайға кеп тығылғанға он бес күн өткен соң, күн жылынды. Оңтүстіктің жылы желі, ескегі соқты. Осыдан бір ай бұрын соқса, жұрт оны “жыл әкелді”, “игілік әкелді” деп, қуанышпен қарсы алар еді. Биыл қуанта алған жоқ. Бірақ сонда да қалғанды құтқара келді.

Абай мен Ұлжан Құнанбай бұйрығынан құтылған соң, бар ынтасын көпті күтуге жұмсаған. Солардың малы мен өз бастары бұл екеуінің ерте-кешті дамыл алмай ойлайтын міндеті боп алған. Абай күнұзын ат үстінде жүріп, қатты жүдеді. Қап-қара боп, тотығып кетті.

Бірақ Дәркембайларға арналған еңбегі мен бейлі текке кеткен жоқ. Елу ауылдың мың жарымдай қойы мен барлық ірі қарасы шетінен жан сақтап, аман қалды.

Көктемнің ескегі соға бастасымен, маңайдың қары ағыл-тегіл тез кетті. Бір ғана қорық емес, адырлар, далалар да әр жерінен ойылып, қарауыта бастады. Мезгілінен асып, ұзақ жатып қалған қар енді, тіпті, асыға жөнелгендей болды. “Жер аяғы кеңіген” дегендей уақыт келді.

Күн көзі де әбден жылынып, аспанда жазғытұрдың ақ мамық бұлттары жөңкіліп көшті. Жидебайға жиылған ел осы уақытта өз қыстауларына жетуге асықты. Іші аман қалған саулықтардың алды қоздай бастаған. Өзгеге пана тапса да, өз төлдері бар мынау ауылдар жас қозыларға пана таба алмас еді. Қауырт шұбап келген ағайын енді бір-ақ күн ішінде сөз байласты да, тезінен қайта серпілді.

Кетер кезде барлық көрі-жастың Зере мен Ұлжанға айтқан алғысы ұшан-теңіз болды.

Қонақтар сейіліп болған күні Ұлжан қысқы соғым мен сүрдің тақа біткенін айтты. Көрі қойшы Сатай да осы күні бұл ауылдың өз шығынын есептеп кепті.

Көп қойдың күрек аршуы ойдағыдай болмаған. Сондықтан дәл осы он бес күн екі жүз қойды әкетіпті. Абай атқа мінген сайын, қыстау маңында өлген қойлардың саны молайып келе жатқанын байқаса да, ауылға айтып келмеуші еді.

Үш қорықтың иелері боп отырған бес-алты ауылдың ішінде мұндай шығынды көрген жалғыз осы Жидебайдағы ауыл. Тәкежан болса, қолдағы малынан жалғыз тоқты бермей, аман шықты.

Жұт көлемін халық атаулы тек қыстаудағы малдан айырмайды. Қар әбден кетіп, жер дегдіген кезде отардағы жылқы қайтты. Анық сор көрген жануарлардың ажары осы жылқыда болатын. Талай күн бойында ілбумен ғана жүріп, Жидебай тұсына жеткен Құнанбай қосы сан жағынан бірталай кеміп қапты. Әсіресе, шошытатын жылқының түсі. Нелер атпал айғырлар мен сақа биелердің өзі де алты айлық аурудан тұрғандай, көлеңкесі ғана қалған. Жүндері ұзарып, үрпиген. Аяқтары жуандап, сүйек-сүйегі адырайып кетіпті. Тарамыс, шандыр атаулысының бәрі білініп тұр.

Жылқы ішінің тағы бір жат көрінісі — арасында құлын жоқ. Аман қалды деген Құнанбай жылқысы мен барлық Ырғызбай қостары және бірен-саран Сүйіндік, Байсал, Байдалы

ауылдарының қостары. Бірі артынан бірі ілесіп, жылжып, сырғып келіп жатыр. Бәрінің халі де мұсылман кітаптары суреттейтін мақшар күніндей. Адамзат өлшеусіз ұзақ заман көр азабын шегіп жатып, ақырет күні кебіндерін жамылып, көлеңкедей қалт-құлт етіп бой көрсетеді деуші еді ғой. Мына жылқы тегіс сондай екен.

Құнанбай мен Байсалдар осы қостардың аман қалуына бар күштерін салған. Атыраптағы жері тәуір аз ғана руларға қыс бойы шапқыншы айдап шыққан. Қостарын қалың қардан қашырып, бір күзектен екінші күзекке салып отырып, әйтеуір, ірі жағын аман сақтап қалыпты. Арық та болса, қолға жетті. Қыс кетті. Енді қайтадан қатарға кіреді. Мұның аты “амандық”. Өйткені өзгеге қарау керек.

Басқа рулардың қостары өз халдерін осылай деуге жараса, тіпті, жұт көргеміз жоқ дер еді. Шынында, көп-көп қостар көз ұялтарлық боп, жұрдай боп келді. Қос деген Тобықты ішінде мың жылқыдай мөлшерді білдіретін болса, Торғай, Жуантаяқ, Топай, Жігітек, Бөкенші сияқты елдердің бір қосынан қырық-елу, жетпіс-сексен ғана мінгіш қалғаны бар...

Көп елді шошытып, жағасын ұстатқан, таңдайын қақтырған сұмдық апат содан білінетін.

Әркім өз аулы, өз жайының күйігіне кетті. Біреуге біреудің қатынас хабары да азайды. Көп ауылды жайратып, үй жығып кеткен дауылдың артындағы хал сияқты. Арық-тұрағын күтіп, көктемнің қара суығынан аман алып қалу шарасы жалпақ елді жаппай басты.

Жылқы қамынан аман болған Жидебайдағы ауыл ғана. Қостар келісімен Құнанбай Шыңғысқа айдаатып алып, барлық ендігі күтімдерін өзі басқарған.

Күн әбден жылынды. Көк те шыға бастады. Енді Жидебайдағы қыстаудың айналасындағы жемтік иістеніп барады. Күн асқан сайын соның өзі бір дерт әкелетін сияқты. Ұлжан осыны ойлап, киіз үйге шығып, қыстау басынан жылжып қонайық деген.

Ертең таң атысымен жүк шығартуға бұйырып еді. Бірақ дәл осы күні кешке Зере сырқаттанды.

Көрі әженің сырқаты біліне салысымен қысып кетті. Басында ыңқылы күшті боп, тынысы ауырлап келіп еді. Келесі күні дәрмен азайып, өздігімен қозғала алмайтын болды. Абай мен Ұлжан қатты сескенді де, Зеренің қасын күзетті. Сусы-

ны, төсегі, бар күтімі екеуінің ғана мойнында. Өзге жанды көп кіргізген де жоқ. Жұрт аяғын ауырлайды деп, үй ішін оңаша ұстауға тырысты. Зере науқасының келесі күні түнінде Ұлжан енесінен күдер үзе бастаған болатын. Абайға айтпастан, Ұлжан Қарашоқыға кісі жүргізді. Сөйтіп түн бойы ұйықтамай күзетіп отырған келіні мен немересіне Зере таң алдында ең соңғы рет көз салды. Әжесі көзін ашқанда Абай үміттеніп қалып, қадалыңқырай түсті. Науқас ана бірдеме айтайын деген тәрізді. Ол ажарын Абай өзі таныған жоқ. Ұлжан байқады. Екеуі де қатар сырғып, жақындай түсіп, төніп келгенде, Зере бір нәрсені сыбырлай бастады.

Дене күші бітсе де, ойы сап-сау. Тек үні әлсіз.

— Өнегем... болса... тірлігімде көрсете алдым ба, жоқ па? Өсиетім болса... құлағым, тілім барында айтып болдым ба, жоқ па? Қайтейін!.. Енді қайтейін!.. Бүгін мынау әлім біткен шағымда, не дәме етесің екеуің!.. Не күтіп маған телміресің?.. — деді. Осы сөздерін көп қиналып, ұзақ айтып еді.

Сөйлету зорлық сияқты. Бірдемені айту да орынсыз. Абай екі қолын төсіне қойып, әжесіне тағзым етті де, басын иді. Өзінше: “Бар жүрегімнің құрметі, әулиедей ана, саған арналған” дегені. Сөйтіп аз отырды да, әжесінің екі қолын ұстап, кішкентай алақандарына бетін басты. Искеп сүйіп отырғанда бірнеше ыстық тамшылар да сол әлсіз жүдеу алақандарға тамып еді.

Әжесі тағы да сыбырлап:

— Қарағым... жалғыз қарашығым! — деп, Ұлжан жаққа қарады да: — Анадңы күт! — деді.

Осыдан кейін тағы бір толастан соң:

— Ішімнен шыққан жалғыз еді ғой... Жалғызға топырағым бұйырсын! — деді. Бұл сөзді, тіпті, ап-анық айтты да, қайтып үндеген жоқ. Көзі тағы да жұмылып кетті. Жаңағы айтқаны Құнанбай екенін Абай лезде түсінді. Сол сөзді бастай бергенде, Ұлжан басын изеп: “Тыныш болыңыз, орындаймыз” дегендей белгі еткен.

Қадірлі ана осы таңға жетпей қайтыс болды.

Абай мен Ұлжан таң аппақ атқанша үн қатқан жоқ. Зеренің дана жүзіне мүлгіп, жүдеп, қадалып отырды. Екеуі де жаңа ғана қастарынан ғайып болған ана туралы өз шерімен, өз ойларымен болып, бар дүниені ұмытқан сияқты.

Абайдың өзі ес білгелі шын жақын жанның өлімін көргені осы. Көрі анасының қазіргі жүзі көкшіл сұрғылт тартса да, бір түрлі бір зор тыныштыққа жеткен тәрізді. Өлім емес, қиналу емес. Қайта көптен көкसेген арманына жеткендей. Соншалық ырза және мейір шафқат нұрын тапқандай.

Күн шыға бергенде, барлық ауыл хабарланып, бала атаулыға шейін тегіс жиылып келген еді. Немерелері мен келінкепшік үнсіз жыласты. Көрші-қолаң, малшы атаулы да шын күйініп, ауыр-ауыр күрсінді.

Осы таңертеңде Қарашоқыдағы, Шыңғыстағы көп туысқан да кеп жетті. Алдымен келген Құнанбай, Күнкелер болатын. Қалған Ырғызбай да осы күні түске шейін түгел келді.

Бұл өлімді барлық жұрт тегіс ауыр алғанмен, жыласқан жоқ. Үндемей күтті. Келесі күн жаназасы болғанда өнеугі елу кедей көршілер де тегіс келген екен. Көп қауым боп, түгел ардақтап қойды.

Құнанбай мен Күнкелер Зеренің жетісіне шейін Жидебайда қалды.

Әжесінің артын күтетін мұншалық көп қара құрықтың болғанын Абай өзі ұнатпаған. Бү күнде ешкіммен сөйлескісі де келген жоқ. Зерені қойып қайтқан күні кешке әжесінің төсегіне отырып алып, құран аударуға кірісті. Анасының әруағына арнайтын дағдылы құран хатымды молдаға оқытпай, өзі оқитын болды.

Бір жұма бойы сол құранды екі аударып шықты. Осы күндерде ас үстіндегі бір әредікте Құнанбай Абайға:

– Жай аударады екенсің! – деп еді. Абай жауап айтқан жоқ. Құнанбай мұндайда үш-төрт аударып тастайтын, сыдыртқыш молдаларды есіне алып айтқан. Абай болса, ішкі себебін айтқан жоқ. Ол да жылдам оқи білуші еді.

Абай анасына сауап болсын деп, құранды өзгеше ықыласпен, асықпай, соншалық мүлгіп, мінажат қып оқиды. Құранның кейбір парасының үстінде ұзақ отырып қап, жалғыз, жасырын ойлар да ойлады.

Онысы – әжесінің адамшылық, аналық қасиеттерін жоқтау еді. Өз ішіндегі адал алғысын бағыштау да дұғалық, тілек есепті көрінетін.

Осы жеті күн ішінде үй оңаша қалған бір шақта Абай Ұлжанның бір сөзін үлкен ықыласпен тыңдады.

Шешесі көзіне жас алып отырып, өз-өзінен:

— Анаң, ана-ақ еді-ау, жарықтық! Осы кісінің өсиеті, тәрбиесі болмаса, мен де бір түйіліп қалған қу түйіндей үндемес қатыбас болар ем. Сен екеумізде қарызы бар еді. Тым құрыса, әруағы ырза болсын. Артын жақсы күтейік! — деді.

Абай өз шешесінің де қартайып қалғанын байқады. Мұның да мейірімді жүзінде ой ауырлап, уайым қалындапты. Айтқан сөзін құп алды да, үндеместен бас иіді.

Зеренің жетісі толып, құран хатым болған соң, Құнанбайлар қайтып кетті.

Аз уақытта, жылдағы дағды бойынша, жұрт жайлауға көшті. Абай әжесінің қырқына шейін тысқа шықса, ертелікеш анасын жоқтап, зар өлендер айтады. Тау басына шығып, даланы кезіп жүрсе де, анасына бағышталған мұңды ойлардың қасірет жырлары орала береді.

Әсіресе, Шыңғыс асып, көп елдің күйін көргенде, бір түрлі жат, жаңа дерт тапты. Байқаса, бұрынғы қыруар елдер кішірейіп, бір-ақ уыс болып қалған. Өлкеге сыймайтын малдың орнына оқта-текте көрінетін, шашылып жатқан бестіонды ғана қара бар. Малы аз болған соң, талай ауылдар бірігіп кетіпті. Шыңғыс сыртының ен қоныстары, мол адырлары, иен жайлаулары көбінше қаңырап тұр. Сонымен қатар ел ішінде күңірену көп. Жоқ-жітік, қайыршы көбейіпті. Абайдың өз анасы өлгенде, ел ана да төсек тартып, дертке шалдыққан сияқты.

Осыны көріп, ойланған сайын Абай өзгеше бір айықпас зарға батты. Қаралы көңіл ашылмастай боп екі иығынан басып алды. Үстіне киген киімге, мінер атқа, ішетін асқа да бейілі жоқ. Көп адаммен тіл де қатпай, үнсіз боп барады. Бірақ енді өз анасы Зерені ойлаумен бірге, халық деген ананы қатар ойлап кетеді. Әрі-беріден соң екі шер бір қосылып, бір жырға, бір зарға айналды.

Абай әжесінің қырқына жетті. Жайлаудағы көп ел жиылып, Зерені соңғы рет естеріне алды.

Ұлжан Абайдың осы уақытқа шейін аса бір қатты ойға түсіп, азып кеткенін байқап жүрген. Әженің қырқын беріп, жұртты таратқан соң, баласын оңаша алып отырды да:

— Сен осы бір қалың шыңға батып кеттің-ау! Жүдеп кеткеніңді байқаймысың? Жас адам уайым соңына өйтіп сарылса, пайда таппайды. Енді тоқтал. Бойыңды жи. Ерболды шақыртып ал да, атқа мін, ел қыдыр. Сергіп қайтшы! — деді.

Ербол Абайға келгенде, Асылбектің бір сәлемін ала келді. Бірталайдан бергі сыйластық бойынша Сүйіндіктің Асылбегі Абайды қонаққа шақырыпты.

– Шешесі қайтыс болғалы үйден шықпады ғой. Біздің ауылға келіп, қонақ болып қайтсын! – депті. Сонымен екі жігіт Сүйіндік аулына сый қонақ боп келді.

Баяғы Жәнібекте, сол белгілі әдемі көк өзекте отырған ауылға Абайлар жақындап келгенде, үй сыртына бұларды қарсы алып Асылбек, Әділбек шықты. Қастарында Дәркембай да бар екен. Қонақ жігіттер әуелі Сүйіндіктің үлкен үйіне кіріп, сондағы кәрілерге сәлем берді.

Бәйбішесі мен Сүйіндік осыдан он шақты күн бұрын Зереге бата оқып қайтқан. Қазірде Ұлжанның денсаулығын сұрастырып, аз сөйлесіп, амандық білісті. Содан кейін: “Жастар кең отырсын, еркін сауық етсін”, – деп, Асылбектің отауын әзірлетуге бұйрық берісті.

Отау онсыз да әзір еді. Абайлар сонда келді. Тыста да, отауда да Абайды көрген үлкен-кіші жылы сөйлейді. Сыйлағысы келгендей. Соның бірі – Асылбектің келіншегі Қарашаш. Үлкен жағынан, әсіресе, сондай жарқын жүзбен қарайтын Дәркембай. Ол Зеренің әруағынан айналып, Ұлжанды мақтап, Абайдың кішкене балаларының аттарын атап, амандықтарын сұрап, оралып жүр. Жазғытұрғы жұттан бері Абайды аса жақсы білген Борсақ, Бөкенші бұл ауылда бірталай адам екен. Бәрі де Жидебай, Мұсақұлдың қонағы боп өткендер. Бәрінің де қазіргі ажарында ырзалық пен алғыс, құрмет бар.

Борсақтың бір шалы:

– Шырағым, жұрт көрген жұттан аманмын деп отырмын. Қарыздарым – бір құдай, содан соңғы – өзіңсің! – деді.

– Құдайға шүкір! Сауын мен аққа ешкімнен олқы емеспіз. Тіпті, сол он бес күн ішінде қорыққа тығылған елу ауылдың бәрін байқадым... Өзді-өз ортасында анық күйлі дәл солар бопты! – деп, Дәркембай да шаттанып сөйледі.

Үй ішінде Абайға сыпайы амандасқан Қарашаш аса бір жақын жаңа ілтифатын сездірді.

Бұрынырақ бір кезде Абайға сырттан томырылып, ыза-лы боп жүрген Әділбек те қазір ол мінезін ұмытқан сияқты. Өзі жүріп, есік ашып, Абайдың қамшысы мен тымағын кереге басына өз қолынан ілді.

Бұл ауылдағы осындай барлық бейіл, бар ажар Абайға дәл бір өз туысының, жақын жанының үйіне келгендей жылылық, достық белгісін білдірді. Тегінде, Жігітек, Көтібақ сияқты өзге жақын елдермен салыстырғанда, Абай Бөкеншіні әрқашан артық көруші еді. Бұл ауылдардың адамында өзгеше бір мінезділік пен адал момындық бар. Және жақсы көрген адамынан қолда барын аямайтын шыншыл бейілі бар.

Қонақшыл жастардың жақсы отауында үш күн бойы ән салып, сауық жасап жатқан кезінде Абай жаңағы мінезді, өсіресе, Асылбек пен Қарашаштан көрді.

Асылбекті Абай көптен бері “Асыл аға” дейтін. Сол Асылбек бұл күндерде Абайға аса бір сүйікті, жақын аға боп кетті.

Бірақ осы күндер бойында Абай ән салып, қалжың айтып, келелі кеңес те сөйлеп жүргенмен, өз ішінде жабырқау. Ол жайын өзге жанға сездірген жоқ.

Соншалық қадірлі, ыстық көрінген Сүйіндік аулы Жәнібекке келе берген кештің өзінде-ақ Абайға бір толқын салған. “Арман!” деген аты бар орны толмас бір жара. Кеудеден оқ өтіп кеткен жер сияқты өшпес, бітпес уайым. Бәрі де бір Тоғжанның ардақты атымен, нұр жүзімен, шыншыл таза жүрегімен байланысқан мұң болатын.

Абай ең алғаш келген күні Сүйіндіктің үйіне кірген жерде сол “жарын” жоқтады. Бар дүние орнында. Бар адам сол халінде. Бұл жерде, бұл маңда Тоғжан жоғын білсе де, Абайға мынау ата-ананың үйі қазір әкеп Тоғжанын да көрсететін сияқтанған. Есік ашылса, сол кіріп келетін сияқтанып, үйде отырған шағында құлағына алыстан шылдырлаған шолпы үні келгендей болатын.

Асылбек отауына қарай басып, ең алғаш табалдырықтан аттап кіріп келгенде, Абайға осы отаудың оң жағы тағы да бір бақыт шымылдығын көтерердей көрінген. Сол ақ жібек шымылдық, сол биік сүйек төсек, сол жасау тегіс орнында. Сондағы достар қолымен, мынау Қарашаш, Ербол қолдарымен тықырсыз ашылған бөгетсіз достық есігі де мінекей.

Аса сырлас, нәзік жақын болып, Абайды көп барлайтын Қарашаш та міне. Бірақ бұл күнде достықтың осындайлық ыстық ұясының бәрі де дәрменсіз. Абай өзі қандай шарасыз болса, олар да сондай. Тоғжан жоқ.

Өмірде әсте ұмытылмас, қадірі кемімес жақсы Тоғжан Абай жүрегін осы күндерде тағы да бір өзіне тартты. Ендігі — сағыныш пен өкініш. Әлдеқайдан қабысқаны белгісіз, бірақ жақында Абайды сондайлық жүдеткен ана уайымы мынау жердегі, мынау шақтағы сағыныш уайымымен жалғасып, бірлескендей болды. Екеуі де жазықсыз тазалығымен, адал шындығымен табысса керек.

Сыртымен ән салып, қалжың айтып қойса да, Абай анық байқаған көзге жиі-жиі жабырқай береді. Үндемей күрсініп қалады... Бұл үйде жас жігіттің дәл осы күйін іштей танып жүрген Қарашаш қана. Ол Абайдың күрсінуінде өзгешелеу терең күйік бар екенін байқайды. Жас жігіт кәрілерше “ah-uh” демейді. Бірақ ақырын күрсінгенімен, демі дірілдеп барып, кеудесінен лықсып шыққандай болады. Өксік сияқты жалынды леп бар. Көп жылап қиналғанның артынан келетін дәрменсіз күрсін тәрізді.

Қарашаш кейде Абайға қабақ шытып қарайды да, жаны ашиды.

Үшінші күні үйдің бір оңаша кезінде Қарашаш өз төсегінің жанында тұрып, Абайға:

— Абай, қалқам! Осы сен менің Еркемді ұмытпағансың-ау! Жайлауынан ел кеткендей, иесі кеткен жұртқа келгендей болдың ба? Байқадым-ау, мен соны! — деп, аз ғана қызарды да, сыпайы жүзбен күле қарады.

— Жеңеше, рас! Таныдың, несін жасырам! Көңілің сол күнде де жүйрік еді. Дос жүрегің әлі орнында екен. Сондықтан таныдың ғой. Бір сәтін ұмытсамшы! Барлық көргенім көз алдымда. Көңілімнен арылмайтын бір ой бар... Тоғжан кіріп келіп, маған деген өкпе-назын айта жөнелетін сияқтанады да тұрады! — деді.

— Екеуіңнің жолың да, жөнің де бөлек еді, қимаймын! Еркем сорлы нені айтпап еді маған? Шын ғашық еді ғой өзіңе!.. Кетерінде оң сапар тілеген жоқ. Өлім тілеп кетті. Өзіме сонысын да ашып айтты ғой, — деп, Қарашаш бір сыр сөйледі.

Екеуі де шарасыз ауыр мұңға батып, үндемей жүдеп қалды.

Абайдың көз алдына Тоғжанмен ең соңғы айрылысар шағы соншалық ап-ашық, айдай айқын боп келді. Қақ қасында тұрғандай, жаңа ғана болып өткен хал сияқты.

Тоғжан сол бір желсіз, тыныш кеште, жым-жырт сайда, ымырт жабылар шақта Абайды өзі іздеп келді. “Жетсін!” деп шақыртқан да өзі болатын. Күйеуі соңғы рет келіп, алып кетерінің алды. Бүгін-ертең құда, күйеу жетеді деп отырған кез болатын.

Бұл күнге шейін соншалық арлы, ұялшақ болған, нәзік, қорғаншақ болған Тоғжан дәл осы кеште бір түрлі өсіп, бекіп келді. Жалынды, арманды сөздерін шешен қып айтты. Көзінде жас, денесі дірілдей түсіп айтқан-ды. Әр кездегі үйреншікті ерке әдеті бойынша Абайдың төсіне бетін басып тұрған-ды. Бауырына кіріп, құшақтай тұрып, нелер айтпады?..

Екеуінің сүйіскен жылдары ұзақ. Бірақ көріскен қызығы, кездескен рақат шақтары, тіпті, аз екен. Тоғжан сол үшін өкінгенін, қатты күйіп назаланғанын айтқан, өмірге, тағдырға, зорлық күдіретке ренішін айтқан. Жылап, өксіп, назаланып келген кезінде, арман асқан шағында, сол кеште лағынет та айтқан. Абай Тоғжанды жұбата алмай, ет жүрегі елжіреп қайтқан. Көз алдында жылап кетіп бара жатқан Тоғжан тұр. Басына жамылған қара жібек шапаны мен ақ көйлегінің етегі де есінде. Шапан астынан тұншыға сылдыраған шолпысының да мөлдір үні құлақта тұр. Әлі өшкен жоқ..

Абай тағы да бір күрсінді де:

– Есіл Тоғжан, ұмытпаспын... ұмытпаспын! – деді.

Қарашаш Абайды осы ауылдың досы ғана емес, аса бір ыстық күйеуіндей көріп қимады. Сондықтан Асылбекке өзінше бір оқшау ақыл салды.

Мұның төркіні Сыбан ішінде Қадырбай ақынның аулы болатын. Солар жақында Асылбек пен Қарашашты шақыртқан екен. Абайларды аттандырған соң, бұл отаулардың иелері сонда жүрмек еді.

Абайдың басына Асылбектің достығы шын екенін таныған Қарашаш сол өзінің төркініне Абайды ала барайық деген.

Асылбек бұл сөзді естісімен мақұл көрді де, ар жағын өзі молайтып, жақсы түсініп кетті. Абайға: “Қыдырып қайтайық. Онда да бірталай жатамыз. Қадырбай қандай кісі екенін өзің де білесің. Осы сапар жаман болмайды. Тура бірге барайық!” – деген.

Абай Сүйіндік аулын өзіне өзгеше бір жақын көріп, Асылбек, Қарашаштардан айрылғысы келмеп еді. Оңай көнді.

Тек сол сөздің байлауы болып қалған соң, бір оңашада Ербол Абайға:

– Осынымыз лайық па екен өзі?.. Төркіндеп барған қатынға еріп жүру қалай болады? Екеумізді ел күлкі етпес пе екен осы? – деп еді.

Ербол мұны өз басы үшін емес, Абайдың абыройы үшін айтқан. Абайдай ел аузына ілініп, жақсы аты шығып келе жатқан жігітке “Мұнысы несі?” деп, біреу-міреу күле ме? Ерсі көре ме дегені еді.

Абай оны елеген жоқ. Ерболдың иығына бір қолын салып күлді де:

– Өй, тәйір, Қадырбайдың мәжілісінде боп, ұстаздығын көреді екеміз. Оның өзі қайда жатыр? Ал қасына ерді десе, еретіміз кім? Сондай жақсы, сондай ұмытылмас Қарашаш екен. Ол татымайды деп кім айтты? Кімнің аузы барады екен? – деді.

Асылбектермен айрылыспай, бірге сапар шегетініне Абай көңілденіп қалды. Ерболды осыдан соң сөйлеткен жоқ. Сөйтіп, арада төрт күн өткен соң, бір топ ажарлы жастар ортасына Қарашашты алып, Қадырбай аулына кеп түсті.

Тобықтыдан келген жас қонақтарды бұл ауыл жақсы қарсы алды. Қадырбайдың үйіне қонақтармен бірге ілесе кірген үлкендер де, бала-шаға да көп. Бөгде кісілерді тамашалап, елдерінің жайын білу, хабар-ошарын есіту үлкен-кішінің бәріне де қарыз сияқты. Қарашашты қоршаған жеңгелер мен қыздар да аз емес.

Қадырбай өзі үйде екен. Оны Бөжей асынан соң Абайдың екінші көріп отырғаны осы. Ақын қартайып қапты. Бұрынғыдай толық, көрнекті емес. Сақал-шашының ағы көбейген. Әжімдері тереңдеп, барлық ажары қуаң тартқан жүдеу. Тек қана үлкен жазық маңдайы мен келбетті мұрнында ғана бұрынғы кесек бітім белгісі бар. Қадырбай әуелі Асылбек, Қарашашпен амандасып алып, соның артынан Абай мен Ербол жайын сұрады.

Абайды танымай қапты. Оның Құнанбай баласы екенін білген соң ғана ана жылғы көргендерін еске алды. Астағы бірталай жайларды кеше ғана көргендей сөз қылып кеп:

– Бөжей асы бұл өңірдің ұлы дүбір асының бірі боп еді. Қонақ атаулы ырза боп, алғыс айтып аттанып еді, – деді.

Қадырбай көбінше өзі сөйлеп, қонақтардан оқта-текте ғана жұт жайын, көрілер жайын сұрастырды. Абай өздігімен жазылып сөйлеген жоқ. Қадырбайдың сұраған сөздеріне ор-

нықты, қысқа ғана жауаптар беріп, сыпайылық сақтап отырды. Бірақ үй иесімен әңгімелесу, мәжіліс құру міндеті қазіргі халде Абай мойнында. Өйткені Асылбек бұл ауылдың күйеуі болғандықтан, оншалық шешіліп кете алмайды. Қадырбай да өзінің сөздерін, сұрауларын Абайға қарап айтады.

Көршілес екі елдің адамдары бас қосса, биылғы жыл ең үлкен әңгімесі жүт жайы болатын.

Бүгінгі кеш бойында Абайдан Қадырбайдың сұрағаны да сол. “Мамырдың жұты” Тобықтыны қаншалық күйзелтті? Қатты жұтаған қай рулар? Жеңіл құтылған кім? Ашаршылық жоқ па? Ақ жағы қалай? Сауыны тәуір ел бар ма? Осының бәрін қадағалап сұрайды. Бар Тобықтының ішін бұрын жақсы білгендіктен, қазір де сол елдің шетте жүрген бір азаматы сияқты оңай танып, тез болжап отыр. Сұраулары – сүле науқастың тамырын ұстап отырып, соның ұйқысы, ішер асы, ауырған жайы туралы сұрақ салып отырған емшінің сұраулары сияқты.

Абай Тобықты ішіндегі алыс-жақын елдің бәрінің жайын толық айтып берді. Күдіксіз, бөгетсіз айтады. Асылбек пен Ербол да жаңа байқады. Жас жолдастары қазіргі күнде Тобықты ішінде қанша мал қалды? Кімде қалды? Қай ру қаншалық шығын шығарды, бұрын несі бар еді? Баршасын тура, хатқа түсіріп алғандай біледі екен. Салыстырып айтқан сандары мен елдің күйзеу халдері Тобықты жайын Қадырбайға түгел танытты.

Көршілес, туысқан елдің ауыр жайларын Қадырбай күрсіне түсіп, қиналып тыңдады. Жүдеп, мұңайып отыр. Басын шайқап, таңдайын қағады.

Өз елі де солай. Мамырдың кесек қары Сыбанды да тұралатып кеткен. Осы Қадырбайдың өз айналасы да қазір “тақ-тұқтың” үстінде.

Ақынның дәл өз үйі бұрын да бай болған емес-ті. Бірақ биылдан бұрын қымызы, сойысы жеткілікті болушы еді. Қазір аман қалған ағайыннан сұрастырып, азғантай ғана бие сауып отыр екен. Бұл жақтың күйзеулік халін Қадырбай да толық айтты. Өз күйін де жасырған жоқ.

Елдің ауыртпалығын жете біліп, толық таныған жас жігітті қазірде Қадырбай өзінің бір тұрғылас замандасындай танып еді. Құлақ есіткен жердің аманы жоқ екен. Мал баққан барлық сахара тегіс аш-арық, көтерем сияқты. Сол көп уайымын кең шолып, шерленіп кеп Қадырбай:

– Бұлаң кердей бұлықсыған ел едің. Бір-ақ боран бүрістірді де кетті. Енді, міне, қатты дауыл астында қалт-құлт еткен бұтадай болдық та қалдық қой! – деді.

Әңгіме жалпақ елдің жайына көшкен кезде Абай шешіле түсті.

Бұл уақыттарда кешкі шай ішіліп болып, тыста мал сойылып жатқан. Алғашқы кезде қонақтармен бірге кірген көршілер қазір тарап кеткен болатын. Қарашаш қасында отырған қыздар да көп еді. Қазір шайдан соң олар да тарады. Енді сол көп қыздардың ішінен бөлініп қалған бір ғана ұзын бойлы, ақ сары қыз бар. Сұлу денелі, ашық нұр жүзді әсем бойжеткен. Жіңішке қап-қара қасы Абайға алдымен байқалды. Кейбір кішкентай қозғалыстарымен Тоғжанның қасын еске түсірген. Ұзынша боп біткен, үлкендеу келген қоңырқай көздері саналы сияқты. Анда-санда күле қарап, жалт етіп қалғанда, әлдеқандай көп шұғылалы, мол сәуле төккендей болады. Сопақша біткен сұлу жүзінде жұқалаң, әсем қызылы бар. Мұрны мен маңдайы бұл қыздың Қадырбай қызы екенін дәл танытады.

“Қадырбайдың ақын қызы” деп аталатын Қуандық осы екен.

Ауыл үйдің қонағы тарағанша, Қуандық үй ішінің ұзақ шаруасына алданып жүрді. Шай жасап, қонақтарды күткен де өзі болатын. Шешесіне болысып, тыста сойылып жатқан мал жаққа да барып қайтады.

Қонақтар мен әкесінің әңгімесі үзіліңкіреген кезде Қуандық Қарашашпен сөйлеседі. Шай үстінде барлық жұртқа ашық үнмен тіл қатып:

– Ішіңіздер! Ішіңіздер... Аз іштіңіз! Жеп ішіндер! – деп, анық үй иесіндей бейіл көрсеткен.

Әке алдында именіп, жасқанып, ұяң сөйлейтін қыз емес. Шайдың дастарқаны жиылып болған кезде, мал да сойылып болып, ет асылған-ды. Үй ішінің қарбалас жүрісі саябырлады да, барлық үлкен-кіші қонақтардың айналасына жиылды.

Қазірде көбірек сөйлеп отырған – Абай. Қуандық Абайдың атын бұрын да естіген болатын. Өзіне жақынырақ отырған Қарашаштан енді анықтап тағы сұрап алды.

Жігіт қонақ әр сөзін байыпты қып, шешен сөйлейтін сияқты. Абай биылғы жұттың ауыртпалығын бұрынғы жұттармен байланыстырып, желілеп сөйлейді. Киіз туырлықты қазақ-

тың баяғыдан бергі айықпас қасы, арылмас соры сол. Осыны екiнiн бiрi бiледi. Жұт артынан ел атаулы елдiгiнен айрылып, iндет көрген малдай болып қалатынын көз көрiп жүр. Бiрақ атадан бала, баладан нәсiл сол көргеннен өнеге алары бар ма? Бұл бәледен құтыларлық жол бар ма? Ойлары бар ма? Сондайлық баянсыз тiрлiк үстiнде отырып iргелi елмiн деп қайтiп айтады. Жел құған қаңбақ болмай, ел болудың шаруасын ойлаған бар ма? Осы туралы арғы-бергiде “ел қамқоры” деп аталған жандардың елге жаны ашып, жол айтқаны, жөн сiлтегенi болды ма? Қадырбай соны бiле ме екен? Осыны сұрады.

Қадырбайға бұл сұрақтар тосын көрiндi. Ойланыңқырап отырып, тақпақтап, мәтелдеп кеттi. “Баянсыз бақ, тұрлаусыз тiршiлiк... Бар дүниеде тозбақ бар. Иiсi аңқыған бәйшешектiң де күзi жетсе қуарады... Әл-қуатың кеткенде, алма бет те суалады” деп, дүниенiң кезегiн, баянсызын айтты.

Абай бұл сөздердiң шешендiгiн бағаласа да, iшкi нәрiн қанағат қылған жоқ. Қазақ деген қалың ел, iргелi ел, оның тiрлiгiнiң де айнымас берiк тұрағы болу керек. Бәйшешектiң тiрлiгi адам тiрлiгiне мiсе, мысал болмайды деп едi. Қадырбай ел дегеннiң бәрiнiң тiрлiгiнде де тұрақсыздық бар екенiн айтып, қазақ тiрлiгi өзгеден артық тiрлiк деп бағалады.

Абай бұған да тоқтамады. Өзге елде өнер барын, өнер деген таусылмас азық, жұтамас байлық екенiн айтып кеп:

– Ойлап, байқап қарасаңыз, осы дүниедегi бар жұртты бiздiң қазақ шала бiледi. Бiр елдi бiр ел жақсы бiлсе, жақсы өнегесiн де алар едi. Сонау Адам-ата заманынан берi қарай бiр елдiң өнегесiне бiр ел ортақ боп келген. Соның тапқанын бойына жапсырып, үлгi етiп, өрбiп өсiп келген. Бiз болсақ, сол көп үлгiден кенде, көп өнерден кенже қалғамыз. Баяғы заманнан берi айықпаған жұт, аумаған киiз туырлық, айнымаған төрт түлiк – баршасы да сондай артта қалғандық салдарынан. Ендеше, осы дүниедегi бар жұртты өзiнен кем санайтын қазақ, дәл сол дүниедегi ең панасыз жұрт екен, – дедi.

Қадырбай мен Қуандық мына сөздiң тұсында бiр-бiрiне қарасты да, iштен ұғысқандай болды. Қадырбай өзге әкелердей емес. Баласына ақыл сала сөйлейтiн және қыз бала демей Қуандыққа да сүйенетiн тәрiздi.

Бұл кештегi ұзақ әңгiме мен кейбiр жарыссөздер ылғи ғана сол жаңағы “ел”, “елдiк” деген жайдан болды. Сонда

кәрі ақын жас жігіттен неше алуан соны сөз есітіп кеп, іштей қатты толғанып қалды.

Әншейінде қандай үлкендермен кездесе де оңай ұғысатын жайлар бар еді. Сол баяғыда шешіліп қойған “айдан айқын” деген сөздің барлығына мына жігіт басқаша қарайды. Дау айтады. Айтқанда, тауып айтып, тізе көрсетіп тоқыратып кетеді.

Келесі күні қымыз үстіндегі мәжілістерінде осы әңгімелер және де сөйленді. Қуандық дауға араласқан жоқ. Бірақ бүгін ол Абай сөздерін көбірек қостайтын болды. Әкесінің кейбір дауларын қабыл алмай күледі де:

— Әке, қонақтың сөзі ұтымды ғой, — деп қояды.

Тағы бір кезде “осы сөзге тоқтау керек-ау!” деп те қойды.

Бұл тұс Абайдың кешеден бергі әңгімені екшеп кеп тоқыратқан жері болатын.

Бүгінгі елдің тірлігін, кәсібін көп сынаған Абайға Қадырбай жаңағы бір кезде:

— Ендеше, өзің не дейсің? Елді бұдан былай немен ел бол дейсің? Сынадың, мінедің ғой! Ал енді шығар жолың бар ма? Соныңды атап көрші! — деген.

Абай осыған орай:

— Елге өнер, білім керек. Оқу, тәрбие керек. Ендігі заман кең жайылыс, ұзақ өріске сеніп, қалың ұйқыны қуат біліп жататын заман емес. Өзге өнерлі елден оқып, үлгі алудың заманы, — деген.

Бұл байлау Абайдың осы дау үстінде тапқаны емес, көптен бергі оңаша ойларының сарқып келген жері. “Ел үшін сол керек және, әсіресе, өзі үшін де жалғыз жол, даңғыл жол — сол!” деп білген болатын.

Қадырбай “оқу, тәрбие — ата мен бабаның тәрбиесі. Балаға соны білмек — бәрінен де асыл” деп, дауласа бастап еді, Қуандық сол тұста жаңағы өз байлауын айтқан.

Осыдан кейін Қадырбай өзі тоқырап қалып, қайта ойланды. Ойланып кеп, үндемей отырып барып, ақырында:

— Шынға бақсақ, сенің сөзің әділ екен, балам. Бетің де, арманың да көкейіме қонады. Ендігі заман солай болса, болғаны-ақ! Сенің айтып отырғаның осы өз буының мен келер ұрпақтың тілі болар. Тек, бірақ, кімге барасың? Жұрттан үлгі алмай, өзгеге бермеген — сол біздің халық. Себебі не? Себебі, жалғыз, оқшау жасап, үлгі-өнегесін қайтіп аласың? Сол жолда заман адастырмаса болғаны да! — деп сөзін аяқтады.

Қарт ойшы көп қарсыласты. Бірақ байыптап барып, шын мақұлдады.

Осыдан кейінгі екі күн, екі түн бойындағы әңгімеде Абай Қадырбаймен дауласқан жоқ. Бірақ аса бір ықыласты, ұғымтал тыңдаушы боп отырып, ылғи ғана Қадырбай көрген ақындар жайын сұрастырған.

Қадырбай бұл мәжілістер тұсында даңғыл жолға түскендей боп, жазылып кетті. Кейде соқтырып, өлең айтып кетеді. Өзі жаңылып, ұмытыңқырап қалған жерлер болса, жалт етіп Қуандыққа қарайды. Әрі сұлу, әрі майда мінезді Қуандық әкесінің мүдірген жерлерін тез айтып, есіне түсіріп жібереді.

Бұрын талай естіген сөздерін әлі де құмарланып, сүйсініп тыңдаған ажар көрсетеді. Жалғыз айтыс-талас сөздер емес, мұның-шерін айтқан ойшыл ақындардың сөздерін де Қуандық жақсы ұққан екен.

Қарт ақын әр сөздің тұсында әлдебір ертегідей алыс ақын Садаққа соға береді. Бала кезінде өзіне өзге ақындардан өзгеше көрінген сол Садекең екен. “Көргені мен білгені ұшантеңіз. Ол кісінің айтқаны мен жеткізгенінің мың да бірін білмейміз. Тегін емес, кеудесінен нұр саулаған ақын сол еді, жарықтық!” — деп сөйлейді.

Садақ Қадырбайдың айтуында жай ақын емес. Өзінше бір көреген жан сияқты.

Абай осы орайда Қадырбайдың сол Садақпен айтысқанын сұрап еді. “Садақ пен баланың айтысы” дейтін Арқаға мәлім айтыс. Сондағы бала осы Қадырбай болатынын Абай жақсы білуші еді. Бірақ Қадырбай ол сөзге көп тоқтаған жоқ.

— Біздің Садекеңмен айтысар шамамыз кәне? Әншейін бір жалғыз ауыз сөздің тұсында болымсыз тосқауыл айтқаным ғой. “Айтысты, жеңді” дейтін сөз емес. Тек қана Сыбанның Шүмек бастатқан он алты ақынын жеңіп отырған соң, мұндағы елдің намыс етіп, көтеріп әпкеткені... — деді де, басқа әңгімелерге көшіп кетті.

Қадырбайда үлкен мінезділік, кеңдік бар. Өзімшіл емес. Мақтанғөйлеген “шыға шаппа” емес. Сонысы және жалғыз Қадырбайдың өзінде емес. Осы көрі есіне алып отырған Садақта, Шүмекте, Барласта да бар сияқты. Қадырбай өсиеттерінің түбіне бойласаң, ақындық — дарыған күш, үлкен қасиетті жақсы ақыннан қалған айшықты сөз, тегінде, заманның қасіретін айтады екен.

Көргені мен естігеніне көз салып, көп ойлап кеп топшылағанда, Қадырбай осыны түйіпті.

— Сол сарынның бәріне кейде ақырын жатып, құлақ салып байыптасам, бір шерге бір шер ұласып, қосылып жатады екен өзі. Көкейкесті күйін тыңда, күңіренген жырын тыңдашы. Абай, сен кешелер бір орынды сөз айттың, балам. Осы елдің өткенінің бәрі де, тегінде, өзі кешкен өміріне сүйсіне алмай кеткен екен. Көп сарынның ішінде басымдап, өктеп келіп жататын бір сарын бар. Сонысы қуаныш пен шатшадыман, мәре-сәре емес-ау! Көптен көбінше заман уайымы, заман дерті-ау. Арыдағы арманын айт, кешегі осы елде болып өткен мамырдың жұтын айт. Бұл туралы да осы күні ақын зар төгеді... Бәрі-бәрі де шат болған елді аз көреді. Шаңырағы күйреп жатқан күйзеулікті айтады ғой. Сол текке айтылып жатқан жоқ. Сен айтқандай панасыз, айласыз болғандықтан туып жатыр. Жалын атқан көптің дерті айтқызып жатыр ғой! — деп, Қадырбай бір үлкен түйін түйді.

Содан кейінгі әңгімелерде Абаймен екеуі жас-кәрі демей, аса жақсы ұғысып кетті.

Арғы-бергіден тағы да көп сөздерді сұрастырып кеп, Абай Қадырбайды енді анық таныды. Сонау бір жас күндерінде Абайдың аса жақсы көрген ақыны Барлас еді. Беріде Шөжені білді. Балтаны көрді.

Қазір бірнеше күннен бергі әңгімелер тұсында Абай Қадырбайды солармен салыстыратын. Ойы дана, мінезі майда, жолы даңғыл қарт ақын Абайдың бұрын көрген ақындарына кейде ұқсап, кейде ұқсамай кететін сияқты. Енді кеп екшегенде, солардың бәрімен Қадырбайдың шындап, тереңдеп туысып жатқанын ұқты.

Осыны ұққан сайын, барлық осы кәрілерді жанындай жақсы көре бастады. Өз халқының ішінде өзгеше бір ғазиз, жақсы жандар осылар сияқты.

Жаңа Қадырбай айтқандай, арғыдан бері қарай терсе, елдің үлкен арқалығы осылар сияқты. Бір сәтте мынау сұлу қартты Абай өзінің әкесіндей түсініп, іштей тағзым етіп, шындап тұрып бас иді.

Жай әке емес. “Малыңды бақ! Дәулетінді асыр! Ұрпағыңды өсір! Өзгеге өктем бол!” — дейтін әке емес. Ой-сананың әкесі. Тағылым мен таза жолға бастайтын әке сияқты.

Абай Қадырбайға алғыс айтты. Ұстаз алдынан алмаған азық алғанын айтты.

Бірнеше күн осындай келелі кеңеспен өткен еді. Абай бұл уақытта Қадырбай қасынан екі елі айрылған жоқ.

Бірақ енді дәл Абайдың өзі болмаса, Асылбек пен Ерболдар және, әсіресе, Қуандық, Қарашаштар да басқа ермек іздей бастаған. Олар: “Отауға барайық. Азырақ сауық құрып, көңіл сергітейік”, – дескен.

Қадырбай өзі де жастарды өз мәжілісінен “азат” етуді ойлаған екен.

Төртінші күн кешке жақын қолына домбыра алып отырып:

– Шырақтарым, сендермен сөйлесіп өзім де сергіп қалдым. Бірақ біз от орнына шөгіп қалған қарт бурадай болдық. Қанша айналып қармансақ та, кәрі әженің бала уатқан гөй-гөйіндей күй басады. Сендер оған қашанғы мүлги бересіңдер? Тілегің, талабың алдында. Біздің ту болса, жиырылып ойға түскен. Енді дөң басына да шыға алмайды. Сендерге ол жол емес. Өрлейтін өр, қиялайтын қияларың алдында. Соған бас, содан қайтпа!.. Үнемі уайым ойлама!.. Сауық та құр! Шалқып қал! Көрмегеніңнің бәрін көр!.. Тек беттерің қайтпасын! – деп, біраз отырды да... – Енді, сауық құрыңдар! Мен сендерді аз сөзбен шығарып салайын! – деп, домбырасын күңіреніте тартып жөнелді.

Жастар тегіс телміре қарап, үн тыңдап қап еді. Аздан соң Қадырбай әндетіп кетті. Дауысында аса бір кең тыныс бар екен. Боздаған нардай үлкен толқын шығады. Жас шағында бұл ақынның ірі әнші болғаны сезіліп тұр. Бүгінгі сазында кешеден бері өзі айтқан “көкейкесті” толғау бар. Арман салқыны келеді.

Жастарға қазіргі айтқан сөздері “өз ағаның” тілек батасы сияқты: “Жақсы балам, асыл інім, адам бол! Артыңа өнеге қалдыр! Қысылған халқың, қаумалаған қарындасың бауырыңнан пана табар бәйтерек болыңдар!” – деп сөйледі.

Қоңыр кеште осындай саналы бір саз тартқан қарт ақынның әні де өзгеше болатын. Әсіресе, қайырмасы басқа. Ол Қадырбайдың көп жылдан бергі тауып алған, аумас, айнымас қайырмасы.

Күңірене толқып, нақыстап кеп, анда-санда: “Елім! Елім!.. Елім-ау, елім!” – деп қайырады.

Абай осы қайырмадан қатты әсер алды. Барлық үлкен тұлғалы Қадырбай сол бір қайырмадан танылғандай. Өзінің асыл жүрегін анық ашқандай. Қасиетті ата, халық атасы боп биіктеп шығып, шарықтай түсті... Абайдың жүрегі алғысқа толы. Қарт ағаның әні тоқтағанда, жас жігіт сүп-сүр боп, қатты толқынып қалды. Осы халінен айыға алмай, Қадырбайдың жүзіне қадальп қапты. Тамағына лықсып кеп тұрған шер толқыны бар.

Абайдың қатты өзгерген жайын Қуандық байқап отыр екен. Әкесінің домбырасын ептеп сусытып алды да:

– Шығарып салар өніңіз “Сауық құр!” деп тұрған жоқ. Тағы да: “Сарыла түс!” деді ғой, әке! Дәл бұл жолы сол тіліңді алмаспыз. Біз енді ойын ойнаймыз. Білдің бе? – деп күліп жіберді.

Осы мінезі үй ішін тегіс көңілдендіріп, серпітіп әкетті. Абай да Қуандықтың соншалық сергек, ерке күлкісіне таңқалды. Шаттық пен сауықтың жаны да, сөнбес шырағы да дәл осы еркін сұлу, жас қыз сияқты. Дәл осы сәтте, осы күңгірт кеште Қуандық Абайға үлкен бір қуат, екпін суретін көрсеткендей болды.

Мынандай жанның маңында күңгірт кеш те, жабық көңіл де болмау керек. Оның аты – үлкен үміт. Әрі сұлу, әрі сенімді, мықты үміт. Оның бас иер күші жоқ.

Отауға барған соң, қонақтар қасына көп қыз, келіншек пен жас жігіттер жиылды. Ойын-сауық аса қызу боп басталып, таң аппақ атқанша солғындаған жоқ. Бұл түнде ұзақ әсем ән де шырқалды “Орамал тастау”, “Хан жақсы ма”, “Мыршым”, “Белбеу соқ”, “Ләппай тутәлә” сияқты күлдіргі ойындар да тегіс ойналды.

Әр ойынның арасында қыздар мен жігіттердің кезек шырқаған айтыстары, ән жарыстары да көп. Сыбан ойыншы, сауықшы ел болатын. Әсіресе, осы ауыл Қадырбайдың әкесі Ақтайлақ заманынан бері қарай айтыс пен әннің қан базары. Кішкентай күнінен бері сол қалың думан ортасында өскен Қуандық мынадай ойын-қызықтың жаны есепті. Өзіне серік, дос қыздары да көп.

Сыбан мен Найманның ескіден келе жатқан әдеті қыздарын жастай ұзатпайтын. “Сыбан қызындай үйде қартайтамысың?” деген сөз өзге көршілес елдерге мәтел сияқты болған. Қадырбай аулында, мынау отауда сондай жетіп отырған,

жасы отызға тақап қалған қыздар біреу-екеу емес, әлденешеу. Соның бәрі шетінен қалжыңқой, ашық. Ойын-сауыққа жаны құмар, шетінен әнші, өлеңші боп шықты.

Бар жиынды бастап отырған Қуандықтың өзі. Оның тамаша күлкісі әрдайым сыңғырлап шығып, күйдей созылып, жұрттың бәрін еліктіріп отыр. Қуандық ойын үстінде жігіттерді аямайды. Мәз болып күліп отырып, қызара түсіп, қатты жазалайды.

Өзіне жаза тартатын жер келсе де саспайды. Күлкісінен жазбай, міз бақпай отырып, бар жазаны оп-оңай көтеріп кетеді.

Осы кеште Абай мен Қуандық қатар отырып, әзілмен, әнмен, айтыспен де көп жарысты.

Ең алғаш айтысты Қуандық өзі бастаған.

Арнап сөйлеген кісісі — Абай. Бұрын айтысқа көп салынбаған Абай әуелі ән жағына салмақ салып, сөздерін ойланыңқырап, бөгеліңкіреп айтып отырды. Сыбан ішіне Арқаның көп сұлу әндері жайылмаған екен. Абай соларды айтумен және ырғақ, нақысын жақсы жеткізумен Қуандық әнін баса берді.

Алғашқы бір қағысулары осымен өтіп, ойын арасында айтысқа тағы оралып келгенде, Қуандық ән айтпай, термеге түсті. Айтыстың әні емес, сөзін сарапқа салайық дегені. Абайдың құлақ күйі сияқты бір жеңіл, жортпа термесі болатын. Ол да соған түсіп, енді Қуандықтың өзіндей жылдам шығармаға ауысты. Барған сайын Абай бойын кең салып, шешен айтуға, шапшаң айтуға оңай төселіп барады. Ендігі айтысты өзі де тілегендей. Бойына екпінді сергек бір жалын біткендей болды. Бірінің сөзі бірін жанып салып, екі жасты анық шабытқа шақырып отырды.

Қуандықтың екі көзі күлімсіреп, ақша беті бал-бұл жаңады. Жас жігітпен өз жарысын рақат деп білген тәрізді. Бұл жастардың айтыс сөздері сыпайы қалжыңмен бір-бірін мақтау. Жігіт сол әзіл құрмет арасына “махаббат”, “ғашық от” деген сияқты жайларды араластырып, тұспалдай береді. Қыз болса: “Сыпайы құда, сый азамат, келген сапарыңды құрмет етем. Затың жақсы, өзің жақсы. Әншейін бір әлдекім емессің. Екеумізге де жарастығы сыпайы сыйластық”, — деп бейнелейді.

Көп көзінше ашық айтысқан әзіл құрметтері осы. Бірақ жай отырып, ақырын сөйлескенде, сұлу қыз бен мәнді жігіт осы кеште көбірек ұғысып еді.

Оған басшы болған Қуандық. Жұрттың дырду-думаны молайып, бір жерде ән шырқап, бір жерде күлкі-тартыс басымдап, керіс боп жатқанда Қуандық Абайға мойын бұрып: – Өлең байғұс көп орамға келе бермейді. Жұрт көзінше не дейін, Абай? Көңілімнің айтпағын әнім іркіп қап еді. Шын сөйлесем, саған айтар сырым көп! – деген. Осы сөзінің өзін де күліп отырып, жұрт көзінше сезікті етпей айтты. Ашық сөйлеп, батым келіп, Абайға өзгеше көңіл бөлетінін білдірген. Екеуінің іштей ұғысулары бұл кеш емес, алдыңғы күндерде-ақ мәлім сияқты еді.

Абай Қуандықтың ақ саусақтарын қатты қысып отырып, екі бірдей жүректің жан тамырлары бір соққанын сезді.

– Екеуміздің жүрегіміз бір соғады-ау! Көремісің? Айтқанына қуандым. Мені де өзіндей көр! – деп қалды.

Осыдан соң бұлардың әрбір күлкісі, әзіл сөздері, қабақ қимылдары – барлығы да сондайлық бір тәттілік, қуаныш белгісін көрсетіп отырды. Ойынды сылтау етіп бір рет сүйіскенде, бұлардың жүздері де шын ләззаттан белгі беріп, бір-біріне ып-ыстық боп тиісті.

Осы түннің қылаңдап атқан таңында, қонақтар тарай бастаған шақта Қуандық Абайды шеткі үйге қарай жөнелтті.

Жұрттың бөрін таратып, жайғастырып болған соң, сол үйге өзі де келген еді. Шеткі үй оңаша екен. Ішінде бір ғана төсек бар. Иесі қартаң әйел ерте тұрып кеткен сияқты. Екі жас ыстық құмарлықпен, жалындап табысты. Тығыз жерде, тар уақытта кездескендіктен екеуі де үнсіз еді. Қалтқысыз келіп, іркілмей қосылған құшақтары бұларды сол үнсіз, жым-жырт толқын ішіне лезде тартып әкетті.

Осыдан соң тағы да бірнеше күн ойын-сауық болды. Абай мен Қуандық арасы тең жастардың жақсы достығына айналды. Бірақ бары сол ғана. Екеуі іркілмей табысқанмен, жалындаған махаббат тумалы. Абайға Қуандық оңаша кездескеннен гөрі жұрт көзінше көп ұнайды. Оқшау жерде Қуандықтың ашықтығы әлдеқандай кекселік сияқтанып, жігіт жүрегіне қатаң тиеді.

Қуандықтың Керей ішінде қайын жұрты бар. Күйеуі бірнеше рет келіп кеткен екен. Өзінің бұрын алған қатыны бар. Қуандық соған тоқал боп бармақ. Қайындап келген кездерінде қалыңдық оны сүйе алмады. Әрқашан салқын қалатын. Сол мұңдарын Абайға сөйлеп кеп, сұлу қыз өзгеше бір

тілек ойлағанын айтып еді. Абай жауап айтпай ойға түсті. Бірнеше баланың анасы болған Ділде бар. Рас, Қуандық Абайдың теңі. Тәрбиесімен, өнерімен, ақыл парасатымен де өзгеше жан. Сөз жоқ.

Әлі күнге өз өмірінде кездескен әйелдердің ішінде Абайдың өнерлі, сұлу, қайратты қыз көргені осы.

Бірақ Қадырбайдың ренішінен аттап өту, Ділденің балаларын ұмыту оңай істер емес. Осының бәрінің үстіне, Қуандықты ақылы сүйсе де, жүрегі оншалық бой тартпайды. Осы күндердің өзінде де Абайдың көңілінен Тоғжан ұмытылған жоқ. Қайта мынандай шешен, ашық, атақты Қуандықпен тайталасқандай боп, көз алдына шын сүйгені елестей береді. Абайға ол әкелген ғашықтық, ол ұсынған жүрек, ол берген нәзік ләззат бұл дүниеде қайта оралып келместей. Онымен тең жан тумастай, табылмастай еді.

Тоғжан есіне түссе, Абай тар төсекте де Қуандықтан тар тынып, қушағын ірке береді.

Қуандықтың Абайды сүйі де жігіт мінезіне орай сияқты. Бістық оттан да құрметтеген сыйластық көп. Бірақ сонда да Қуандық тілегінен қайтқан жоқ. Абай өз ақылымен дәл байлауын айта алмады да, Қуандықтың өзіне ақылдасты.

Егер Қуандық рұқсат етсе, осы жайды Қарашаш пен Асылбекке айтып, солар нені ұйғарса, соған байласайық деп еді. Қуандық қарсы болған жоқ.

Қарашаш пен Асылбекке Абай бөлек-бөлек сөйлесіп еді. Баяғыдан Абай басына тілеулістігі күшті Қарашаш мына сөзді қуанып тыңдады да, тез қостады.

Бірақ бұл қанша мақұл көрсе, Асылбек соншалық жатырқап, қарсы шықты.

— Бұл іс болмайды. Қолдан келмейді. Жазығы жоқ Алшынбай қызын Күнекең ренжіте алмайды. Алшынбайдан кетісем демесе, саған рұқсат етпейді. Қуандық қайын жұртына жаманатты болады. Соның бәрі жиылып кеп кәрі Қадекене дерт болады. Менен басқа кісі естімесін. Осы арада қалсын! — деп, Абайға қатты салмақ салды.

Сондай сөзді Қуандыққа да өзі айтты. Сөйтіп екі жас алғашқы ойларынан басылып қалды. Бірақ айрылысар күнгі соңғы кездескен сағатында Абай мен Қуандық келер күнге үміт артып қалатындарын, әлі де ойланып көретіндерін айттысты. Екеуі аса жақсы сыйластықпен өзгеше тату дос болысып, бір-бірін қимай айрылысты. Сертпен кетісті.

Қадырбай аулынан қайтып, Тобықты жайлауына жеткенше арада екі күн өтіп еді. Қарт ақынның қонақшыл дос-жар ұясын Абай оңай қия алмады. Жақсы мекеннен ұзаған сайын Қуандықтың да бар мінезі қадірлі көрініп, қымбат тартты. Бірақ сонда да жүректе жалын жоқ, ойында байлау да жоқ.

3

Биылғы жайлау — жылдағы жайлау емес. Жаздың өзі күздей жабырқау, жүдеу болды. Күн райынан емес, халықтың көңіл шырайынан солай болған. Құнанбай сияқты атқамінерлер өз ауылдарына жылдағыдай топ жия бермейді. Бұрын Ырғызбай ішін кернеп жүретін қау-көрік сөздер, үркеппе желіктер де саябыр. Қоныс, өріс ретінен таласатын жөн жоқ. Ырғызбай ортасы сияқты Байдалы, Байсал, Сүйіндік, Қаратай сияқты аз ғана жұрт болмаса, көпшілікте мал аз. Сырттың қалың көгін аясын ба! Тұнып тұрған ақтығын аясын ба?

Соқтыққыш жуандар, содырлы сайқалдар кімге көкірек керсін? Қайта көптің бәрі аш-арық боп мойып қалғандықтан, жаңағы аман қалғанның барлығы биыл тыныш, жымжырт жүргенді тәсіл етіпті.

Көп үшін қынжылған кісі бол. Көп алдында күрсіне түсіп, халықтың аман күнін айтқыш бол. Сорпа-суың мен быршыған іркітіңнен, саумал-шалабыңнан да қарайласқан боп жүр. “Аш-арығымды асырап жүрмін” дей бер... Биылғыдай көпті күйзелтіп, топты томсартқан жылдарда сондайлық майысқақ, маймақ келсе жарайды. Кедейі мен момынын аман күнде аунатып жеп, ауыр күнде осылайша алдаусырату керек.

Міне, көп үстінен жеген көбегендердің, “сүт үстінде қаймақ” атанғандардың ендігі ебі сол. Айланың киіз кітабынан алған сабақтары осы болатын.

Онысына орай, осы жыл көп те бөлек. Қалың ел аса суық түсте. Сөз аз. Бірақ қабақтан кейіс, қияс айықпайды.

Сондықтан Тобықты жайлауларында бұл жазда бірде-бір той болмады. Әдетте, бұл кезде талай рет атшабыс болушы еді. Биыл, тіпті, құнан да жарыспады. Келін түссе, қыз ұзатылса, бала сүндеттелсе — бәрі де болымсыз ғана жаяу желікпен, бірер табақ етпен тарқайды.

Дәл осындай ерекше сарылған тыныштық ортасында, соңғы уақыттарда бір үлкен дақпырт шықты. Ол – жау білінуі, жылқы ұрлануы.

Жайлау күндерін аяқтап, жұрт күзекке қарай бет ала бастаған болатын. Бірер қоныс кейіндеп те көшкен. Сол уақытта айналасы бес күн ішінде Майбасар жылқысынан, Жақып пен Ырсай жылқысынан және Құнанбайдың өзі отырған аулынан жиырма шақты семіз ат жоқ боп шықты. Бір ауылдан бір ауыл хабарланып, осы жоғалған мал жайы ен жайлауға тез тарап жатты. Азын-аулақ талшығы бар ауылдың бәрі де күзетін сақайтты.

Бірақ ұрылардан із-тоз жоқ. Бұл сияқты көп ел құлақтанған қауырт ұрлық ұзақ жатпаушы еді. Біреудің үйінде жас тері көрініпті. Біреуден мезгілсіз сойылған ірі қараның қан соқтасы көрініпті, боршасы байқалыпты десетін сыбыстар опонай шыға қалушы еді. Қазір олай емес. Суға батқандай жым-жылас.

Әуелде Құнанбай мен Жақыптар өзара ойласқанда: “Бұл жау көршілес Керейден шықты немесе Найман, Сыбаннан келді”, – деп топшылаған. Әсіресе, қоныс аралары ұзарып, жайлау-жайлаудан қайтысатын кез келген соң: “Әдейі осы уақытта істеп отыр. Мойынды қашыққа салып кетеміз деп осылай етті”, – дескен.

Құнанбай көші-қонды бөгеп отырып, жаңағы үш-төрт рудың баршасына да жоқшылар жөнелтті. Ызғұтты, Майбасар, Ырсай бастаған топ-топ кісілер үрдіс жүріп, ат сабылтып, талай жерлерді аралады.

Бірақ көрші елдің ешқайсысынан дерек білінбеді. Елсіз жерлердегі қарауыл биіктерге, қиын-қиын шатқалдарға барып жер шалған Төлепберді, Бурахан, Қамысбай, Жұмағұл сияқты пысық, сергек жігіттер де із-тоз білген жоқ.

Құнанбайдың көп ауыл, көп жігіттері осылайша өре түрегелген кездердің өзінде дәл сол Ырғызбай ішінен тағы да бес жылқы жоқ болды. Тіпті, жалғыз Ырғызбай емес, енді Байсал, Сүйіндіктен де төрт бие алынды. Аздан соң Көтібақ, Бөкенші де жоқ қарауға кірісті.

Шебер ұрлық сонда да білінген жоқ. Тек қана, түн асса: “Алып кетті”, “тағы әкетті” деседі де, қала береді.

Құнанбай ыза болып, өзі атқа мінсе де, жауы кім екенін біле алған жоқ. Жоқшының бәрі қайтып келді. Қарауыл

биіктердің басында күн сайын сарылып қадалған шолғыншылар да қайтты. Бос қайтты. Тек қана ендігі шара: түн күзетіне сақ болу еді. Құнанбай барлық ауылдарын қатар қондырып, бірге көшіріп, шоқтай қып, жиып ұстады. Сөйтті де, үдере көшіп тарта берді.

Өрттен қашқандай боп асығып жөнелді. “Тым құрыса, жаудың беті басқаға бұрылар, бізді қуа бермес. Сонымен толас көрерміз!” деп ойлаған.

Қаша көшу азын-аулақ ем болғаны рас. Соңғы күндер Жігітек, Көтібақ ішінен ұрланған малдардың хабарын көбірек жеткізеді. Бірақ сонда да Ырғызбай түгел аман қалған жоқ. Екі тай мен бір семіз байтал тағы жоқ боп шықты. Осы кезге жеткенде Құнанбай: “Енді білдім, таныдым”, – деді.

Бірақ “білдім” дегенімен, айыпкерінің атын атаған жоқ. Тек қана жауды: “Алыстың жауы емес, іштің жауы”, – деп байлаған.

Байсал, Сүйіндіктерге мұндай ой келген жоқ. Екеуі де әлі күнге құр дағдарып, құр санын соғып жүр. Құнанбай оларға: “Іздесін, іздей берсін”, – деп сәлем айтты. Бірақ өз топшылауын білдірмеді. Осы кезде көрші руларға бірнеше кісіні жай ғана жансыз етіп аттандырған.

Ол кісілерге тапсыратын сөздерін де бір өзі ғана білді. Осындай бұйрықтармен жіберген адамдары да оқшау кісілер. Ойда жоқ жандар.

Мысалы, Жігітек ішіне, Қарашаның аулына жібергені кәрі кемпір. Сол ауылдағы бір жалғыз үй кірмемен сүйек шатысы бар кемпір екен. Көтібақ ішіне де сондайлық елеусіз кедей шалды жіберді. Торғайға жібергені де бір шал түйеші болатын. Бұл кәрілер әсте сұрау салмайды. Тіпті, мал жоғалғанын да білмейді. Жай әншейін құдай деген жандар ғана болады. Жалғыз-ақ барған ауылдарының үйді-үйлеріне ертеңді-кеш кіріп, ішкен-жегендерін байқайды. Барлық тапсырылған міндет осы ғана.

Сол шебер айланың арқасында аз уақыт ішінде Құнанбай жауын тапты. Көп жылқыны алатын алғыштардың ұясын білді.

Сөйтіп ендігі зіл салмағы түсетін жер – тағы Жігітек. Оның ішінде Қараша, Қаумен айналасы болды.

Құнанбай бұл жолы тұспалмен, ой жотамен соқтыққан жоқ. Бұрынғыдай емес, дәл мынау тұста кінәсі орынды болатын. Жігітектің бірнеше жігіттері шын айыпкер еді.

Әңгіме Балағаз бен Абылғазыдан басталған. Балағаз – Базаралының ағасы. Жігітек ішіндегі намыскер, отты, пысық жігіттің бірі. Абылғазы – Қарашаның баласы. Қарашаның өзі сияқты көп балалары да шеттерінен сотқар, қияс болатын. Ертерек кезде Құнанбай мен Бөжей арасын ұшқындырып жіберген бір уақиға осы Қарашадан басталып еді. Оған Қауменнің де қатынасы болған. Көпке мәлім Тоқпамбет төбелесі әуелі осы Қараша, Қаумендердің екі атшабарды сабауынан басталған-ды. Содан бері Мұсақұл төбелесі сияқты, Бөжейдің асы сияқты үлкен жиындардың бәрінде Қараша мен Қауменнің ер жеткен азамат балалары көп аузына ілініп, көзге түсе беретін. Шетінен намыскер, өркөкірек және мықты, отты.

Осылар арасынан шыққан Базаралы болса, ол әрі сымбатты сұлу, әрі шешен жүйрік. Жігітек ортасы мақтан еткендей атпал азамат, атан бітімді жігіт еді. Ерлік пен мықтылығы да сай.

Бірақ биылғы мамырдың жұтынан кейін осы бір топ жігіт елден ерекше жарым көңіл боп жүрді.

Қалың елмен бірге Жігітек көпшілігі де қатты жұтаған. Жер аз болған тапшылықтан жұтады. Сол көптің ішінде “ақ сирақ” боп қалғанның бірі – осы Қараша, Қаумен ауылдары. Базаралы, Балағаз, Абылғазы, Әділхан сияқты жігіттерде тек қана бір-бір ат қалды.

Жаз бойы бұлар үйден шыққан жоқ. Аштықты да, кемтарлықты да көп көрді. Кісіге барып, көз сүзіп, сауын сұрауға, жалпетек болуға намыстары жібермеді. Керек десе, Байдалыдай туысқанға да барған жоқ. Кәсіп етейін десе, мынандай жұтап қалған елдің ішінде түк нәрсенің орайы жоқ. Жалғыз айла – жалға жүру.

Бірақ ол бір ғана өз бастарын асырау болмаса, қатын-балаға талшық емес. Өмір бойы жалшылықта жүрсе де, көсегесі көгерген қойшы, жылқышы, түйеші жоқ. Алатын ақысы құр ғана “ішіп-жем” болғандықтан, талай жандар атадан бала, баладан немереге шейін үнемі кісі босағасын тоздырумен өтіп келеді.

Жігіттер жаз бойы көргенде, не көрді? Ашыққан баланы көрді. Қаншырдай қатқан шеше мен жеңгені, қатын-қалашты көрді. Айнала күрсінуде күңірену. Осы жайларға сол жігіттер айла таппай, қарғыс айтатын. Жалғыз-ақ төменшіктеп, жасып

айтпайды. Іштегі ызамен, қыжылмен айтатын. Барлығының сондай күйін Базаралы жақсы айтып беріп еді. Бір күн кешке дөң басында бір топ жігіттің ортасында отырып, ызалы мысқылмен сөйледі.

– Ел еру болса, шаңырағына жоқшылық кеп шеру тартады. Көші-қон болса, әке-шешен, қатын-балаң ақтабан шұбырындыға ұшырайды. Жалғыз сиырға артқан ашамайдың үсті де арман бопты. Құдайдың бізден аяған несі қалды?.. – деген.

Осы жазда дәл осы жігіттерге Базаралы көп-көп күйік айтқан. Аман қалғанның тетігі неде? Жұтағанның жайы неден? Әділетсіздік қайсы? Ол қандай тон киіп, қалайша тіл қатып келеді? Солар туралы түкпірлеп, ойлаған ойларын айтатын.

Сондай әңгімелер тұсында Балағаз бен Абылғазы тыным таппай, әбігер боп қалушы еді. Базаралыға қадалып кеп: “Ақыл-айла тапшы, бет нұсқап, жол көрсетші! Істерлік іс бар ма? Соны айтшы?” – дей беретін. Бірақ Базаралы ол сұрақтарына жауап айта алмаған.

Ақыры ендігі өмір өзгеше боп кетті. Балағаз бен Абылғазы екеуінің түнделетіп атқа мінетінін Базаралы көпке шейін білген жоқ. Ең алғашқы кезекте Майбасар жылқысы жоғалды. Одан кейін Жақыптан алынды. Осының жаманат сияқты хабарын алып жатқанмен, Базаралы елең қылмаған. Үшінші кезекте Ырсай жылқысы алынды. Дәл осы орайда Базаралы бір түнде ұйықтай алмай, аунақшып жатып, таңға жақын тысқа шығып кетті. Көпке шейін үйге кірмей, далада болған.

Үй сыртындағы көгалға барып, таң салқынына төсін төсеп, жапа-жалғыз ойланып отырып қап еді. Жап-жақын жерде көрші ауыл бар-ды. Қарашаға қараған төрт-бес үй болатын. Сол ауылдың Ақтөс дейтін бір сақ қаншығы болушы еді. Таң жаңа ғана сызып атып келе жатқанда Базаралы Ақтөстің үргенін естіп, елең етіп қалды. Шабаланып тұрып, оқыс үрді. Анық кісі көргенде үретін үрісі.

“Бұл не қылған бөгде кісі екен? Білейінші”, – деп ойлап, Базаралы тосып қалған. Аздан соң Қарашаның аулындағы шеткі үйдің тұсына екі атты кісі келді. Ол үй Абылғазының отауы болатын. Аттылардың біреуі сонда қалды да, екіншісі бері жүрді.

Базаралы ең әуелі Аққұйрық атты таныды. Балағаздың жалғыз аты. Белгілі жүйрік Аққұйрық ат, бүгін бір суыт

жүріс көрген сияқты. Ширыға түсіп, сумаңдап келеді екен. Әуелде Базаралы: “Бұлар бозбалалық қылып жүр екен-ау!” — деді.

Бірақ өзі орнынан қозғалмай, бой көрсетпей отырып байқаса, олай емес. Балағаз сойыл сүйретіп келеді. Базаралының жүрегі түршігіп кетті. Өңі сүп-сүр боп, қадала қалды. Енді көгалға жантайып жатып, білінбей бақыламақ болды.

Дәл ауылға тақай бергенде, Балағаз Аққұйрықтың басын тартып, ақырын ғана ілбіп келді, тіпті, жақындаған кезде атынан түсіп, жаяу жетектеп ап, ең әуелі қолындағы сойылын өз отауының белдеуіне шанышты. Күндегі тұратын орны сол болатын.

Осыдан кейін Аққұйрықты жетектеп алып, ауыл қасындағы бір жықпыл жартастың арасына қарай тартты. Базаралы байқап отыр. Аққұйрық қан сорпа боп келген сияқты. Мезгілсіз жүрген жігіт өз жүрісін өз аулынан да жасырмақ көрінеді.

Аздан соң атын тас арасына бекітіп тастап, жалғыз қайтып кеп, үйіне кірді. Базаралы ел тұрғанша ұйықтаған жоқ.

Қараша аулының сыртында да қиын тастар бар болатын. Соған апарып бекіткен Абылғазының атын да көріп қайтты. Енді Базаралыда тақат жоқ. Іші толған ызалы, долы ашу. Үй ішіне үн қатпай, сұрлана береді. Анда-санда дірілдей түсіп, қиналып қалады.

Түс ауғанша бірденені тосқандай болатын. Ойлағандай, түс қия берген кезде, көрші ауылдан қайтқан Қаумен тағы бір хабар әкелді. Өткен түнде Ырсай жылқысы алыныпты.

Осы хабарды Базаралы есіткен кезде, Балағаз да ауыр ұйқыдан тұрып, тысқа шығып жүр екен. Базаралы беліне белдігін буынып, бір жаққа баратын кісі сияқты әзірленіп алды да, әкесіне келді.

— Сөйлесетін жай бар еді. Тысқа шығайыңшы! — деп, әкесін ертіп шығып, дөң басына қарай бастады. Жолшыбай өзі дауыстап Балағазды да шақырды.

Ұзын бойлы, қапсағай денелі, кара сұр жігіт Балағаз да келді.

Аздан соң Базаралы қабағын түйіп ап, әкесіне суық қарады. Әрқашан нұрланып тұратын қызғылт жүзі аппақ сұр болып, қанын ішіне тартып апты. Үлкен өткір көздері қанталап, қызарып кетіпті. Демі дірілдеп, даусы қатты шықты.

— Әке, жыртық лашықтың да шүкірі бар. Қарақасқа кедей болсам да, кара ниет болмаспын деуші ең. Жамандық

сенің жатың. Қасиетің сол еді. Сен қартайған шағыңда бізді кара басайын деді ме?... — деп, үні бұзылып, тоқырап қалды.

— Не дейді? Мына шіркін не деп отыр?! — деп, Қаумен үркіп қалып, Балағазға қарады. Балағазда үн жоқ. Базаралы іле жөнеліп:

— Оған қарама, маған қара! Менен сұра!.. Әнеүтүнгі Май-басар жылқысы мен өткен түнде алынған Ырсай жылқысының ұрысы табылды. Ұрысы — тап мынау отырған сенің ұлың, Балағаз, — деді.

Қаумен шошып кетті.

— Не дейді?... Не дейсің?

— Солай... сүйдеймін. Кәне, танып көрші? — деп, Базаралы енді ағасына қадалды. Балағаз да ашулы еді. Қорқақ емес-ті. Мынау жерде қысылса да, есінен айрылған жоқ.

— Айт! Не көрдің, не білдің? Не деп ширғып отырсың? Жөніңді айтшы!

— Таңертең Абылғазы екеуің ұрланып келгенде, мен тыс-та отырғам. Аттарың анау тастарда қазір осы шаққа шейін суып тұр. Өлсең де, шыныңмен өлші, тым құрымаса... Ұрландың ғой. Танба! Еркек болсаң, шыныңды айтшы! — дегенде, Балағаз жалтарған жоқ.

— Рас... айтқаның рас! — дей берді.

Қаумен өмірде естімеген сұмдығын көргендей, сескеніп кетіп:

— Балағаз, құдай төбеңнен ұрсын! Уа, құдай төбеңнен ұрсын, Балағаз!.. — деп зарлай берді.

Қарсысында отырған ағасына Базаралы қатты жирене қарап қап, бір сәт қалшылдап қайнап кетті де, үн қатпастан тап берді. Қауменнің екі ұлы да арыстай үлкен, қабыландай қайратты болатын. Екеуінің қол-аяқтары емен шоқпарлармен қағысқандай сатыр-сұтыр тиісті. Балағаз асығыста орнынан тұра алмай қалып еді. Бірақ лезде ашу шақырып, айла тауып, Базаралыны аяқтан қағып қалды. Інісі сүріне бергенде, сол бейімдеген жағына қарай қойып жіберіп, құлатардай боп еді. Бірақ бұдан гөрі айлаға басымырақ келген Базаралы майыса беріп, жалт бұрылды. Шапшаңдығы шалқыған жалындай боп, лап беріп кеп, Балағазды бас салды. Жыға сала, сол қолымен кеңірдектен буындырып жатып, оң қолын қынына сермеп, өткір сары пышақты жарқ еткізіп жұлып алды... тізерлеп жатып, даусы шықпай, қырылдап тұрып:

– Бауыздаймын! Ағам болмақ түгіл, әкем бол!.. Жоқ қыламын! – деп, сары пышақты Балағаздың кеңірдегіне тақап қалды. Жалғыз-ақ Балағаздың тыпыры мен сермелген қолдары ғана бөгеп жатыр.

Ағасынан Базаралының күші басымдап кетті. Сығымдап тұрып жеңіп ап, енді бауыздарманға келіп еді. Сол уақытта мұның оң қолына әкесінің қос қолы кеп жабысып қапты.

– Тоқтат! Ой, кет, ит! Не болды, екі ит?! Тұр былай! – деп кеп, Қаумен Базаралыны сүйреп алды.

Балағаз інісінің шеңгелінен босап, басын көтере берді. Бірақ енді алысуды ойлаған кісі емес. Ес жиып, басқаша күш тапқандай. Базаралыға кінәлай қарады да:

– Ой, шіркін! Ит те болсаң, ұяласымсың. Кіші басыңмен кеудеме шыққаныңды не дейін! Қиналсам да сол ұяластығыңды қиям ба? Білген ақылың со ма? – деп, соңғы сөзін зекіп, ақырып айтты.

Базаралыда үн жоқ. Түйіліп отырып қапты. Балағаз енді түзеліп ап, сатырлатып сөйлеп, суырыла жөнелді.

– Сен сұрадың, іріккенім жоқ! Сырымды аштым! Тансам, қайтіп мойныма салар едің? Ұрыға мал аз ба? Мына тұрған Керейді торып келдім десем, не дер едің. Құнанбай түгіл, құдай болсын, із-тозын тауып көрсінші кәне! Танытпайтын, таптырмайтын қып істедім. Бірақ осы істегенім ұрлық па? Сұрасаңшы, білсеңші! Басым үшін істеп отырмын ба? Ауқымым үшін істеп отырмын. Арамға жерік боп істеп отырғам жоқ. Жиреніп істеймін. Бірақ істегенім істеген. Мен – жоқпын, ол – бар. Менің жоқтығым оған барлық боп жабысқан. Жерім қайда? Кегім, есем қайда? Оның несі күриды? Асыптөгіліп жатқан артығы ғана шашырайды. Менің аш-арығым өлімнен қалады. Бойыма жимаймын. Айналамды ажалдан алып қалам... Басым кетсін, маған десе. Бұл жолымнан тоқтатпайсың... Бардан алам, жоққа берем. Жаман, сасық ұрыңды тапқан екенсің? Мен ұрысы емеспін, өшімін. Жоқ-жітікке, әлсізге тисем, айтсаңшы!.. – деді.

Қаумен Балағазбен салғыласқан жоқ. Айтқан сөзіне бойлаған да жоқ. Оның шошынғаны жалғыз-ақ жай. Баласы не десе де, Қаумен қазанына кісі асын салмайды. Сондықтан бір-ақ түйіп байлағаны – Балағазды өз қасынан қуу болды.

– Көш! Көш! Қасымнан кет!.. Көрмеймін! Қазір көш! – деп бұйрық берді.

Базаралы үндеместен түйілді де, қатып қалды. Әкелі-балалы туысқандар осы орнынан айрылысқан шағында, үшеуі үш бөлек ойда. Бір-бірінен шалғай болатын. Балағаз Қауменнің бұйрығын орындап, дәл осы күн көшті де, Қарашаның аулына қосылды.

Сонда барысымен төрт-бес күн өткен соң, Құнанбайдың дәл аулынан бес жылқы алды. Балағазға серік болған жігіттер аз ғана болатын. Әзірше бұлар Абылғазы мен Әділхан ғана. Осы үшеуі өз жүрістерін үлкен есеппен, еппен істеген.

Бұлар ең әуелі алыстағы Найман ішінен дәл өздеріндей үш-төрт жігіт серік тапты. Олар да жұт пен жоқшылық салдарынан атқа мінгендер. Шетінен шешен, ер, өжет жігіттер болатын. Жаз ортасында Аягөздің ар жағына жолаушы жүріп барып, Абылғазы сол жігіттермен сөз байласып қайтқан.

Екі жағының да анық кесіскен байлауы өзді-өз ортасының мықтыларын, қалың шоғырларын торымақ. Әлсізге тимекші емес. Сонымен, Семіз-Найман, Садыр, Матай ішіндегі Құдайсүгір, Қаптағай, Жұмақан сияқтылардан мыналар алады. Бұлар ешуақытта қалың шоғыр боп жүрмейді. Жалғыз аяқ жүргінші сияқты ғана болады. Тағы бір тәсілдері: Тобықты жігіттері Найман ішіне барғанда, өз қолдарымен мал алмайды. Ондағы жолдастары кімнен алуды, қанша алуды өздері шешіп, өздері шығарып береді. Тобықты ішінде Балағаздар да сөйтеді.

Екі жағы да жол мен жерге аса жүйрік. Жолшыбай қай сулар елсіз, қандай даламен жүргінші аз жүреді? Қандайлық елеусіз адырлар, сай-салалар бар — баршасын жаттап алысқан. Екі топтың да ең үлкен айласы қуғыншы мен жоқшыны адастыруға жұмсалады. Бұл орайда бәрінен шебер Балағаз. Өзі тапқан айла-тәсілін бар жолдастарына ол үнемі үйретіп отырады.

Сөйтіп айналдырған алты-жеті жігіт тура екі дуан елдің жуан-жуан жерлеріне құйындай соқтықты. Өңшең өжет жандар ұялас бөрідей тиді.

Құнанбай мен Байсалдардың ақылын тауысқан бір нәрсе: мал алушы жаулардың бірде-бір уақыт көзге түспейтін тығылғыштығы болатын.

Әрдайым таң ата жылқы алынғаны білінісімен, жоқ қараушылар жабыла атқа мінеді. Екіден-үштен бөлініп ап, шапқылап отырып, айналаның бәрін сүзеді. Керей, Найман, Қара-

кесек жақтарға кететін жау болса, соларды еріксіз көрсететін тұрғы-тұрғының бәрін алады. Күні бойы тас-тастан қарауыл қарап отырады.

Бірақ әрқашан: “Ұшқан шыбын, жорғалаған қоңыз жоқ” деп қайтып келеді. “Іште қалады! Шыңғыс ішіне тартады!” – деп, ол жақты да арылтады. Сонда да дерек болмайды.

Балағаз болса, өз айласын қатерге сүйеп, үлкен ерлікпен істейтін. Ол қадалған аулынан қалаған малын алысымен қаша жөнелмейді. Найманға да тез жөнелтпейді. Қайта бес-алты күн өткенше, жұрт аяғы басылғанша, Тобықтының өз ішінен тапжылтпайды. Алысқа да әкетпейді. Тіпті, сол мал жоғалтқан ауылдың дәл өзінің қасында, қой өрісіндей ғана жерде жүреді. Сезікті болатын қиындарға, қарауыл биіктерге әсте жоламайды. Бұл жазда ол жерлерді шалғыншылар ғана кезетін. Бір алғанда, жылқыны бес-алтыдан артық алмайды. Сол топты жылқы ішінен шығарып алысымен, Балағаз өз жігіттеріне тегіс мінгізіп қояды.

Жылқы алардың алдында бұл жолдастарын жаяу ұстайды. Оларда жүген мен ішпектен басқа түк болмайды. Түн ішінде елеусіз бір адырларға соларды әкеп тастайды да, Балағаз, Әділхан, Абылғазылар жылқы әкеледі.

Алынған жылқыны жігіттер мініп алған соң, Балағаз өзі әрқашан қарауылда отырады. Аналар ойда жатып, мұның белгісін тосып отырады. Ауыл жақтан шыққан қуғыншы мен жай жүргінші көрінсе, Балағаз саспастан отырып, бетін бағады. Жігіттеріне бұйрық етіп, аттарына мінгізіп қояды да, анау кісілердің бетінен ғана тайдырып отырады. Олар әсте қашпайды, тек қана бір бел асып түсіп, бір қолаттан екінші қолатқа ғана ауысады. Сөйтіп кей уақытта жоқшылар мен бұл жігіттердің арасында бір-ақ қана далда, бір ғана бел қалып отырады. Малы алынып, сабылып жүрген ауылдың иегінің астында болады.

Тынығу керек болғанда, қуғыншылардың жаңа ғана арылтып келген жерлеріне барып бекінеді. Осындаймен бірнеше күн өткізеді де, жалғыз-ақ түннің ішінде жолдастарының бетін Найманға қарай бір-ақ түзейді.

Қарашаның аулына Құнанбай жіберген кемпір бұл айла-ның бірін де білген жоқ. Ол түк білмей-ақ қайтушы еді. Өйткені Балағаздар өз үйлеріне мал соймайтын. Алған жылқыларын әсте маңайлатпаушы еді. Жалғыз-ақ, бір-ақ жол

ғана Абылғазы ашқарақтық істепті. Найман жігіттерін алысқа ұзатып, қуғыннан құтқарып болған соң, елсіз судың басында бір семіз тай сойылып еді. Соның бір ғана телшесін Абылғазы өз үйіне әкепті.

Осы ет ел жатар кезде, түнде асылып еді. Бірақ кемпірдің мұрны жылқы етінің иісін біліп қапты. Ол ет піскенше сырттан аңдып, дәл табаққа салып, Абылғазының алдына келген уақытта оқыс кіріп келіп, телшені көрген. Тайдың телшесі екенін де танып алған.

Құнанбай Байдалыға кісі салды. “Қараша туысқанын өзі қақсын, сыбысы шықты. Айғағым бар. Тек арылып берсін. Егер Қараша танатын болса, Қауменді кепілге өткізсін. Қаумен сезетін болу керек. Жалғанға жанын бермейді. Сенсем, тоқтасам, соның ар-иманына сеніп қана тоқтаймын”, – депті.

Байдалы Қарашаға салмақ салған жоқ. Түп-тура Қауменге жабысты. Қаумен өзінің Қарашадан да, тіпті, Балағаздан да безгенін айтты. Байдалы болмады. “Не қара деп шық! Немесе ақтап кет. Құнанбай сенен жан алса ғана тоқтайды. Көзің жетсе, адал болса, жан бергеннің күнәсі жоқ. Қайта ағайының мен туысыңды нақақ жаладан құтқарасың”, – деген еді.

Осы араға жеткенде Қаумен сыр берді: “Тастай алмай жүрген жаным жоқ, ақ екен деп кепіл болар жайым жоқ”, – деді.

“Қаумен тайқып шықты. Кепіл болмаймын. Ақ деп ара түспеймін деп, аяғын тартыпты. Қарашаның аулы айыпкер боп шықты!” – деп, Ырғызбай іші өрекип жөнелді. “Ағайынмын деп отырып, жаттан бетер қастық етті. Жазығымыз не? Кешпейміз, аямаймыз, шауып аламыз, үйелменімен өртейміз”, – деп, Майбасар, Жақыптар лаулап кетті.

“Азуыңды бас, аяма!” – деп, Құнанбайға да салмақ салды.

Құнанбай дәл бұлардай емес. Биылғы жылдың ауыртпалығын ойлап, іштей сескеніп қап еді. Оның үстіне қазір Байдалымен шырайы тәуір болатын. Ұрылар да жалғыз Ырғызбай емес, Көтібақ, Бөкеншіні қоса шығындатып отыр. Байдалының өзін де аман қойған жоқ. Олай болса, енді сол Байдалының өзімен тізе қосып, іс істеу керек. Қолдан келсе, соның өзіне жаулату қажет. Тіпті, болмаса, Жігітеккі кінәға жықпақ.

Сонымен Майбасарлардың алқынын басып:

– Өректімей тұра тұр! Қараша қайда барып құтылушы еді! Ең әуелі сабыр тап! – деді де, Жігітек ішіне қайта кісі жіберді. Жөнелткені – Жұмабай.

Ол әуелі Байдалыға барды. Алдыңғы сәлемді орындап, Қауменді қағып бергені үшін Құнанбай Байдалыға ырзалық айтыпты. Соны жеткізді. Осыдан кейін Қараша мен Абылғазыны Құнанбай өз алдына шақыртқан екен, осыны білдірді. Байдалы да Құнанбайдың бұл мінезін кінәлаған жоқ.

– Ағайынның өзі көрсін! Өз аузымен арылсын! Мұнысы мақұл. Қарашаға жолдаған хабарын мен жеткізейін, – деді.

Бірақ шақырту жетсе де, Қараша мен Абылғазы Құнанбай алдына бармады. Байдалы зіл салып та көріп еді. Көндіре алмады. Сөйтіп Қарашалар: “Әрі мал алады, әрі жауап бермейді”, – деген екінші түрлі айыпқа тағы кезікті. Құнанбайдың ұпайы көбейіп келе жатты.

Бірғызбай іші енді күндіз-түні Қарашаның аулын баққан. Абылғазы, Әділхан, Балағаз бар – бәрі де ел ортасында жоқ. “Сусып, тайқып кетіпті” дескен хабар шықты.

Сезік пен жорамалдың көлемі ұлғайды. Қараша, Қаумен ауылдарының үйде жоқ жігітінің бәрі де ұры атанды. Абылғазы жалғыз емес. Биылғы қимыл аз кісінің де қимылы емес. Бұлар көп. Енді солардың соңына көп ел болып түсу керек дескен дақпырт бар.

Бұл сөздер, көбінесе, Бірғызбай ішінен шығып, көпке жайылып жатады. Сондай лақаптар Абылғазы қатарына Балағаз бен Әділханды да әлдеқашан қосқан-ды. Алғашқы шақыртуына Абылғазы келмеген соң, Құнанбай тағы да кісі жіберіп, Балағаз бен Әділханды шақыртты. Қараша мен Қаумен Балағазға сәлем айтып, барып қайтсын деп еді.

Балағаз бармаймын депті. Жолдастарына бұл жерде айтқан дәлелі:

– Құнанбай мені аяйын деп отырған жоқ. Қандай айламен қан құстырсам деп, соны ойлап отыр. Ендеше, мен несіне момақан боп, алдына барам? Неден аянам? Одан да әуелі қолына түсіріп көрсін. Құлақтан басып, жығып алсын да, құл ноктасын сонан соң кигізсін. Әйтеуір, сұм атанған екем. Оған жеткен соң “момын сұм”, “ақылды сұм”, “көнгіш сұм” деген жақсы атқа құштар болар жайым жоқ. Өлсем де, ол жағына өктемей өлем! – деген.

Балағаз бен Абылғазының ендігі қияс мінезі Құнанбайды дағдарта бастады. Баяғы дағдыға салып шауып алайын десе, мынадай аш-арық боп, суық тартып жүрген елдің ішінен өрт шығарып алам ба деп қорықты.

Ойға келген бір шара – ұлыққа шығу еді. Ең оңайы – отряд шығартып, урядниктерге ұстатып, кісендеп тыю.

Бірақ осы тұста заң өзгеріп кетті. Бұрынғы аға сұлтандық қалып, “болыс” деген жаңалық кіргелі жатыр. Тобықтының дуаны да өзгерді. Жаздан бері бұл ел Семейге қарайтын бопты. Және түгел Тобықты бұрын бір ғана старшын еді. Тобықты енді үш болыс ел боп бөлінетін көрінеді. Жаңа дуан жаңа ұлықтың қолында. Олармен жүз көрісіп, сырмінез болған Құнанбай да жоқ. Ертең сайлауы келеді. Сондай кездің қарсаңына өз елінің ішімен қағаздасып жату лайық емес.

Ең болмаса сайлау өткенше қоя түру қажет.

Бірақ аял қылайын десе, Балағаздар асып барады. Екі бұйрығын орындамады. Енді: “Біржолата құрық өкеткен боп, тіпті дандайсып кете ме?” – деп тағы қобалжиды. Осындай шарасыздық үстінде Құнанбай бір топ мықты жігітті аттандырып: “Тау ішінде жүргенде үстінен түсіп, тегіс ұстап әкеліндер!” – деп бұйырып еді.

Оған көнетін Балағаз емес екен. Мойынды қашыққа салып барды да, бірден-екіден бытырап кетті. Титығы құрыған қуғыншылар ел ішіне қайта айналып келгенде, Балағаздар да ілесе оралды. Келе бере Құнанбай жылқысынан тағы алды. Бірақ қауырт алмай, біртіндеп тай, байталдан алды. Бұл уақыт ел-елдің қыстауға қонып, ақтан ажырап, нағыз күйзеулікке түсетін шағы еді. Ендігі бірден-саран ұсақ қараны аш-арықтың сойысына алып жатқан сияқты.

Аз күнде Тобықты ішіне келетін болыстық сайлауын тосып отырып, Құнанбай енді Базаралыны шақыртты. Жігітектің өзге жігіттеріндей емес, Базаралы іркілген жоқ, тез келді.

Құнанбай жас тоқалының үйінде екен. Тамға жаңа кіріпті. Үй жылы. Жасау-жабдық жас жігіттің отауындай. Толық денелі, дөңгелек жүзді Нұрғаным сұлу да сәнді екен. Әсіресе, қоңырқай келген үлкен өткір көздері ерекше ажарлы. Жүзінде жастық пен саулық, тоқтық – баршасы да нұрлана түсіп шырай береді. Ақаусыз бетінде мөлдіреген тұтас қызылы бар. Ерге біткен көрнекті мұрнының оң жағында кішкене, томпақша меңі бар екен. Нұрлы қызыл жүзіне біткен қап-қара мең

өзінше қатты жарасып тұр. Ол-дағы Нұрғанымның ерекшелігі. Өзге әйелге бітпеген нысанасы тәрізді.

Құнанбайдың сөз бастауын күтіп отырып, Базаралы Нұрғанымды әбден болжады. Ішінен: “Япыр-ай, мына тоқалды қалай таңдап, қайдан тауып алған?” – деп, тамашалай қызғанды.

Нұрғаным бір түрлі байыпты және еркін, батым көрінді. Құнанбай мен Базаралыға шай жасатып, соны қызметші қатынға құйғызып беріп отырып, күйеуіне де, қонаққа да қымсынбай қарайды. Бірер ұсақ шаруаның жайын да Құнанбайға еркін айтты. Күйеуі мұны “қалмақ” дейді екен. Шай аяқталып келгенде:

– Қалмақ, шайыңды жиғыз! Мына Базаралымен сөзім бар, – деді.

Нұрғаным асықпай отырып бұйрығын орындады да, малшы қатынға:

– Сен енді жүре бер! – деді.

Өзі Құнанбайдан төменірек жерде малдас құрып, отырып қалды.

Құнанбай әңгіме бастағанда Базаралыға қатты сөйлеген жоқ. Балағаз бен Абылғазыны мұның өзіне шағып: “Сенің де бетіңе шіркеу ғой. Адамшылығың да, арың да бар еді. Сол арыңа салмақ салғаны ғой олардың. Ақтамассың, ақтамайсың деп білем, не дейсің?” – деп еді.

Базаралы бөгелген жоқ. Құнанбайдың жүзіне тура қарап отырып, қысқа жауап айтты. Бұ да баяу бастап, сабырмен, салмақпен айтты. Шешен сөйлейтін тәрізі бар. Айтқан жайы: “Ақтаймын деп келгем жоқ, кінәлаймын. Кінәлағандықтан аразбын. Атым туысқан, ал жайылысымыз бөлек. Көріспей кетіскенімізге көп болды. Бірақ қолымда өмір құдіретім жоқ. Сондықтан істей алар шарам да жоқ...” – деген еді.

Жылы үйге келіп, шай ішіп алғаннан бері Базаралының жүзіне жақсы күндердегідей нұр кірген. Батыр тұлғалы, ер сұлудың ойшыл сергек көзі де, ақ сұр жүзі де еріксіз елеткендей. Бетінің қызылы да балқығандай боп, нұрланып тұр. Кең иық, зор кеудесі төменшіктеп, иілмейді. Салалы келген аппақ сұлу саусақтарына шейін өзгеше. Бітімді, жақсы туысты білдіреді.

Құнанбай бұл шаққа шейін Тобықты ішінің жасында өзімен бүйтіп еркін, тең сөйлейтін жанды көрмеген. Ішінен Базаралының тұлғасына да, жауабына да шын сүйсінді.

Бірақ сөйте отырып, аз әңгіменің тұсында Базаралымен бірғасып кетті. Қонақ жігітіне Құнанбай салмақ сала бастап: “Айыптайтын болсаң, тыю салуға көмек ет!” — деп еді.

Осыған келгенде Базаралы:

— Айыптайтыным шын, жалған емес. Оны айттым. Бірақ соларды осындай қып жіберген себеп не? Түп бәле неден? Ол кешегі жұттан, бүгінгі жоқшылықтан. Осы бәлелерге ілесе жүретін ағайынға әйгілі әділетсіздік бар, содан. Біреу аға болды. Барды алды. Біреу болса, кейін отырып, кенде қалды. Кірме болып, есесіз қалған тағы көп. Аяғында, міне, не болды? Бұрынғы аға болған аман қалды. Бұрын мүйізделіп жүрген көп көрбала күңіренді де, ол қалды. Осыны ойлар жан бар ма? Жаны ашитын, қиналып ойлайтын ел ағасы бар ма? Менің сізге келгендегі өз аузымнан сұрамағым, білмегім осы еді? — деді.

Жаңағы айтылған тілекке жауап бермей, сөзді басқаға бұрып кеткен Базаралыны үй иесі жақтырмай қалды. Қыжырта карап, дау айтып кетті. Сөзінің салмағы — “құдай бұйрығы, тағдырдың жазуы” дегендер. “Жұтты адам әкелген жоқ. Кімнен көрмек керек? Бардың бәрі қарайласпай отыр ма? Бірақ қаншаға жетпек? Ер азығы — қанағат. Тәңір бұйрығына көнбек керек”, — деген болатын.

Базаралы сол “Бұйрықтың” өзіне де тоқтамады. “Құдай бұйрығы қалың елді қан қақсатып қойды. Ел қамқорымын дегендер көмек ойласа, нетуші еді? Мынау ақылдары көргеніне көне бер деген ғой. Олай болса, құдай бұйрығы деп көрге барып тірідей кіре берсін бе?” — деген.

Құнанбай Базаралымен көп салғыласуды енді өз бойына мін көре бастап, түсін суыққа салды. Дауды тұжырттып, тоқыратып кеп:

— Сенен де арылғаным осы. Енді аяспайтынға кеткен екеміз. Жалғыз-ақ, Балағаз, Абылғазы арандайды. Жаман арандайды... Қашан айтты демесін? — деді.

Сөздің осымен біткенін Базаралы түсініп, жүруге қамданып отырып, дәл кетер жерде:

— Балағазда жұмысым жоқ. Не болса, о болсын! Бірақ көпті айтсам қорқытамын деп сіз әуре, ұқтырам деп, ел әуре. Келісе алмас күн екен. Кереғармен кеткеніміз де баяғы, — деп тымағын киді.

Соңғы сөзі жауапсыз қалды. Базаралы асықпай түрегеліп, қош айтты да, есікке беттеді. Нұрғаным мен Құнанбай бұдан көздерін алмай, қарап қалды.

Ер жігіттің сырт сымбаты да соншалық өзгеше. Өр көңілді батыр бейнесіндей. Әрі байсал, әрі маңғаз. Тіп-тік бойы қымсынбай, қысылмай кетті.

Құнанбай есіктен көз алмай ойланып қап еді. Аздан соң Нұрғанымға қарап:

– Шіркін, Базаралы! Бұл өңірдің жігітіне бітпеген сыртың мен нұрың бар. Ішінде жатқан тұнық мөлдір сырың да бар. Тек, сорлы жазған, қарымы шолақ Қауменнен несін тудың екен? – деді. Қызығып та, қызғанып та сөйлеген сияқты.

Нұрғаным Базаралы дауларын үлкен ынтамен тыңдаған. Күйеуінің жаңағы сөзі мынау сұлу жігітке мұны әдейі қызықтырып сөйлегендей әсер етті. Қызғанышын алған жоқ. Қызыққанын алды. Жас әйелдің жүрегі әлденеден өрекіп, тулап қалды.

4

Ел ішіне сайлау келді деген хабар шығып еді. Жидебайда жатқан Абайға Құнанбайдан шақырту келді.

Абай күз бойы өзінше бір оқшау, жалғыз болған. Көбінше домбыра тартып, күй күңіренге береді. Шешен қоңыр домбыра биыл, тіпті, ділмәр болып алғандай. Көп-көп сырлар айтады. “Саймақтың сары өзенін” тартса да, “Қос қыздың жылағанын”, “Бозторғайдың шырылдағанын” тыңдаса да, баяғы сарын көп жайды баян ететін болды. Нелер айтады? Желді аяқ желмаясын жосытқан Асан Қайғы да, ащы күйін бебеулеткен Алшағыр да – барлығы да тыным таппай безек қағады. Ылғи бір көргеніне көне алмай, аңсағанын ала алмай, зар-зар шеккен күйінділер. Бәрінің де қасиеті – іздене талпынады, толғана ширеғады.

Ендігі Абай ойының көбі осы жазда Қадырбайдан естіген, соған өзі айтқан үлкен толғаулардың жайы. Қадырбай сонда: “Өткен заман талай шерін тастап кеткен”, – дейтін. “Ақынның аңсауынан, әншінің ырғағынан, күйшінің кер толғауынан соны көр”, – дегендей болатын. Абай өз ойына сол өткен күндер тілшісі болған кәрі домбыраның сырын жалғайды.

Бұрынғы қызық, сауық дегеннің, жастық жүріс дегеннің бәрін де әзірше ұмытқан тәрізді.

Осы жақын шақта Ербол келіп, Абайды ертіп әкетпек болған. Еліктіріп, қызыққа салмақ болатын. Кейбір жүрістерді еске салып, сұлу қыздардың аттарын атап еді.

Абай бұған да салқын қарады. Сол Ербол қонып жатқан күндерде “Сап-сап, көңлім, сап, көңлім” деген ұзақ бір жыр жазды. Мұнысы Ербол ұсынған желіктерге өзінше жатырақ қарай бастаған бет сияқты. Ерболға айтқан жауап та осы. Домбыраға қосылып, ұзақ әнмен айтып бергенде, Ербол дауласа жөнелді.

— Тәңір, өзін жас дәуренге қош айтайын дегеннен аман-бысың? Жиырма беске жасың келмей жатып, бұ неменең? Ондайыңа көнетін кісі жоқ!.. — деген.

Абай Ерболдың наразылығын түсінді де, күліп қойды. Оңаша кездерінде бұрынғыша домбыраға қосылып, көп ойларын термелеп айта беретін. Енді бірнеше күн бойынша жалғыз күйі осы “Сап-сап, көңлім” ғана болды.

Ербол бұл өлеңнің түбін жақтырмаса да, сөзін ұнатты. Сондықтан кейде Абай әніне қосылып та кетеді. Осымен дәл бір он күн бойына екі жас жігіт өздері кешіп өткен ең алғашқы албырт жастыққа ұзақ-ұзақ “қош-қошын” айтқандай болды.

Сөйтіп жүріп, бір күні Ербол қайтатын мезгілге жеткенде, Абай тағы да сырласқандай боп:

— Көрілікті шақырып жүргенім жоқ, Ербол. Жастығымды неге қияйын? Дүниенің оны айырбас егерлік қай тәттісі бар. Мәлім ғой. Тек енді, бала жастық пен албырт жастық орнына нәрлі жастық іздеймін. Бұл жолда да құштарым көп. Ендігі көксегендерімді айтсам да, көкірегім қарс айрылады. Бір білерсің... айтармын! — деген. Мұнысы анық сыры.

Құнанбайдың шақыртуы осы әңгімелер үстіне келген. Сол күні Ербол қайтып кетті де, Абай Қарашоқыға тартты.

Ел орынға отырар кезде Абай Қарашоқыдағы қыстауға тақап еді. Тоғайлы өзекте қарсы алдынан келе жатқан жалғыз салт аттыны көрді. Бойы ұзын, екі иіні есіктей біреу екен. Жақындап келгенде өз інісі Оспан боп шықты. Қараңғы кеште енді ғана аңғарып, Абай танданып қалды. Әншейінде күнде көріп жүрген інісін дәл мұндай үлкен денелі деп білмейтін. Қазірде он сегіз, он тоғызға кеп қалған Оспан, тіпті, алпамсадай боп кетіпті. Абайдан әрі биік, әрі сүйекті, ірі.

Оспан қатты жүріп кеп, Абайды таныды да, шұғыл тоқтады. Тоқтай сала, күле сөйлеп:

— Бүгін әкемнің алдына бара қап ем: “Аузың ораза ма? Бес уақыт намаз оқимысың? Мұсылмандық парызын атқарамысың?” — деп, дәл бір Мүңкір-Нәңкірдей тергеуге алғаны. Шынымды айтып, сол атағаныңыздың бәрінен осы жайын құлан қандай таза болса, мен де сондай тазамын дегелі бір тұрдым да, бата алмадым. Шатақ шығатын. Сонан соң қайтейін? Е, бәрі де солай дегенім. Осыған ырза болып, өзімді мақтап, күні бойы қасында сарғайтпасын ба кеп?! Амал жоқ, дәретсіз намаз да оқыдым. Өтірік ораза да болдым. Бүйте берсе, шындығына біржолата көзін жеткізейін деп, өзімен бірге ауыз да аштым. Жаңа ауыз ашарға істеген барлық ыстық тамағын сыпырып-сиырып жеп, үйге қайтып келемін. Міне, сүйтіп, әкеңізді алдап соғып келе жатқан Оспан біз боламыз, — деп қарқылдап ұзақ күлді.

Інісінің рақат күлкісіне еріксіз елігіп, Абай да күлді.

Бірақ ойында мысқыл да бар еді.

— Әй, өзің әкеңе шынықты айтсаң, мұндай қуанбас ең. Өтірік деген рақат екен-ау өзі, ә!.. Мәзсің ғой! — деп, Абай күлген бойында тебініп жүре берді.

Оспан оның мысқылына жауап таба алмай аңырып қап, күрең атты бір тартты да, жорта жөнелді.

Қарашоқыдағы қыстауға келген соң, Абай ең әуелі әкесіне бармай, Күнкенің үйіне кірді. Мұнда Абайдың ең жақсы көретін туысқаны — Құдайберді көптен бері науқас болатын. Алдымен соған амандасып, жайын білмек.

Құдайберді биік төсек үстінде жөтеліп жатыр екен. Абайдың келгеніне сүйсініп қалған сияқты. Аппақ шөлмектей боп жүдеген жүзіне жұқалаң қызғылт шықты. Қап-қара сақалы қазірде бір түрлі ұзарып, өсіп кеткен екен. Сүйек-сүйегі адырайып, көк тамырлары көрініп, салдырап қапты.

Ағасының пақыр болған түріне Абайдың жаны қатты ашыды. Алыста тұрып, тез шешінді де, қасына кеп, төсекке отырды.

Жеңіп алған науқас еңсеріп әкетіп барады. Он бес күн бұрын бір келіп кетіп еді. Қазір көп төмендеп қапты. Құдайберді Абайдың қолын ұстап, қысып, сипап жатып:

— Жақсы келдің ғой! — деді.

Аурудың жүдеу қолын інісі қос қолымен ұстап, өзіне таман тартып кеп, жүрегіне басты. Екеуінде де үн жоқ. Бірақ адал туысқандардың арманды мұңдарын жүректері айтысты. Бірталайдан соң Құдайберді әлсіз ғана үн қатты:

– Әкене кірдің бе? – деп еді.

– Әлі барғам жоқ. Әуелі сізге келдім!

Осы уақытта Абай келді дегенді естіп, қарсы үйден үш бала келіп, сәлем берді. Үшеуі де Құдайбердінің балалары. Үлкені – он бір-он екідегі Шәке, екіншісі – сегіз жасар Шұбар, үшінші – бұл екеуінен де кішірек, тоқалдың баласы – Нұртаза.

Балалардың бәрін де Абай қасына шақырып алып, беттерінен сүйді. Шәке мен Шұбар оқу оқи бастаған. Абай келген сайын олардың сабақтарын сұрастырып жүретін. Балалар бұған қатты үйір еді. Қазірде де бауырына кіріп кетті.

Құдайберді Абайға үйірілген өз балаларын көріп, қобалжып кетіп, бетін ірге жаққа бұрды.

Абай осы қозғалысты байқап, балаларды аз алдандырды да, үйден қайта ұзатып салды. Науқастың қасына тағы кеп отырды.

Құдайберді есікке көзімен нұсқап:

– Адам бола ма?.. Болар ма? Інілерің міне. Кім боларын... не көрерін қайдан... білейін? – деді. Қоштасып жатқан сияқты.

Інісінің көзінен екі-үш тамшы жас ақты. Даусы да дірілдеп, жылағандай шықты.

– Қарыздары мен болармын, Бәке! Әл-шамамның жеткенінше қойным менен мойнымда өсірермін!

Құдайберді бұған өзі тоқтау айтты:

– Жылама... Жыламашы!..

Екеуі тағы да үнсіз ғана бір-біріне қадалып, қарасып қалды. Аздан соң Құдайберді бойын жиып, оңалды да, Абайға бетін беріп, қырынан жатты. Бірақ қозғала бергенде тағы жөтелген. Абай оның көрпесін иығына көтеріп, қымтап қойды.

Құдайберді енді басқа сөзге ауысты да, екеуі жай ғана әңгімелесіп кетті.

– Әкеңнің сені неге шақырғанын білемісің, Абай?

– Жоқ, Бәке, әзір білгем жоқ.

– Ендеше, бүгін сайлаушы төре кепті. Әкем Жақып аулына түсіріпті. Мына жаңа орын – “болыс” деген бар дейді. Соған сені сайламақ. Ұқтың ба? Не дейсің бұған?

– Өзіңіз не дейсіз? Маған не ақыл айтар едіңіз?

– Менің тілімді алсаң, – Құдайберді біраз ойланды да, – болма! Ұлықтық қасиет емес екен. Көзіміз жетті ғой. Бектік бұзады екен және түбінен қайыр шықпайды, қарғыс шығады екен. Жас өміріңді зая қылма!

Абай өз жауабын ойлаған да жоқ.

– Айтқаныңыздың бәрі шын, Бәке!

– Тіленіп жүрген көрінеді ғой әкесінен. Анау Тәкежан ақ боп, қарық босын! – деп, Құдайберді тоқтап қалды.

Бұл кеште, ел жатқанша, Абай ағасының қасынан кеткен жоқ. Науқастың тілегі бойынша домбыра алғызып, көп-көп күйлер тартып отырды. Енді бағанағы балалар да келген. Абай ауруды ұйықтату үшін сол балаларға айтқан боп, “Мың бір түн хикаясының” бір тарауын да айтып берді. Балалар бұның қасынан шықпай, ертегісін телміре тындасты. Әрі домбырашы, әрі әңгімеші ағаны үшеуі бірдей жақсы көріп, төсекке де бірге жатты. Нұртаза мен Шұбар:

– Абай ағам қасына мен жатам!

– Жоқ, өзім жатам! – десіп, таласып кеп, екі жағынан қойнына кірді. Көздері ұйқыға барғанша Абайды кезек тартып құшақтап жатысты.

Құдайбердінің сөзі рас. Құнанбай Абайды болыс сайламақ болатын. Сайлаушы төре келіп, кешелер Құнанбаймен көп сөйлескен болатын. Жаңа болыс туралы мұның айтқанынан шығатын емес. “Жаңа закон, жаңа сайлау болады” дегеннен бері Құнанбай өзі енді ұлық болудан тоқталмақ.

Бір кезде Арғынның бір дуан елін басқаратын аға сұлтандық бар-ды. Оған Құнанбай қызығып барып, бастық болған. Содан келе кішірейе түсіп, Тобықтының старшыны болды. Бірақ не десе де, түгел Тобықты “ашса алақанында, жұмса жұмырығында” болған.

Енді, міне, ұлық қолы ұзарып келеді. Тұтас Тобықты да жоқ. Үш бөлінетін бопты. Мұның бір бөлігіне ұлық болу оншалық мұрат емес.

Қайта болыс болмай сыртырақ отырса, бар Тобықтыға өз әмірі молырақ жүрмек. Ол – бір.

Екіншіден, ел арасы бүгін қиындап барады. Мынау Балағаздар сияқты тынышсыздық шықты. Онымен алысу керек. Бірақ алыс пен тартыстың басы тағы өзі болса, баяғы араздық қайтадан қозданады. Өзінің тұстасы Бөжейлермен алысқаны бір сәрі. Енді болыс болдым деп Жігітектің жас-желеңімен, бала-шағасымен алысатын болса, ол бойға лайық емес.

Қайта оларға қолы батыл тиетін жасты салу керек. Өз тұстасымен өздері алыссын. Балалар болса, ер жетті. Білікті соларға артып, ақылы мен әмірін өзі тыныш отырып жүргізеді.

Үшінші, Құнанбайдың жасы болса да жетпіске тақап қалды. Енді ер жеткен баланың ішінен өз орнына кісі қамдайтын мезгіл жетті.

Осының бәрін іштей ойлап, таразыға салып келіп, жаңа болыстыққа Абайды лайықтаған. Оның да бір есебі бар.

Абай әке тәрбиесінен сыртқары кетті. Қайта бар мінез, бар жүрісі оны Құнанбайдың қасында отырған қатал сыншысы етіп барады. Соңғы жылдар, әсіресе, солай боп келеді. Әкесі Нұрғанымды тоқалдыққа алғалы, Абай, тіпті, қашықтап жүр. Ол жөнде Құнанбай ішінен Ұлжанды айыптайтын. “Балаңды суық өсірдің” деп, биылғы жазда Ұлжанға кеп кінә таққан.

Бірақ алыс жүрсе де, сол Абайда ақыл мен қайрат, тіл мен тәлімнің мол екенін әкесі танытын. Ендеше, мына тұста осындай шалғай кетіп бара жатқан баланы ұлықтықпен қайта тарту керек. Ел билеудің салмағы жас басына түссе, Абай әкенің шырғасына еріксіз келеді. Егер әкенің ойындай боп, беті түзелсе, өзге жастың қолынан шала келетін жұмыс Абайдың қолынан мольна келеді. Ол қайратына да Құнанбай сенетін. Ендігі байлаудың бәрі қат-қабат ойлардан туған.

Әкесі тұрып, шай ішіп болған кезде Абай келді. Дастарқан жиылған, үй іші жаңа сыпырылған, таза екен. Тәкежан Абайдан бұрын келіпті. Ұқыпты шәкірттей боп анадай жерде жүгініп отыр. Құнанбай екі баласынан басқа кісіні үйден шығарды да, сөзге кірісті...

Айтқан сөзінің бәрі де Абайға арналған сияқты. Өзінің қартайғанын айтты. Жақсы-жаман өмірді алыс-жұлыспен өткізгенін ескертті. Кім үшін алысқан. Осы нәсіл, осы балалардың алдыңғы тілеуі үшін алысқан. Енді, міне, бұлар ер жетті. Өз істерін өз қолына алатын мезгіл жетті. Дос тапса да, жау тапса да бұлар енді өздерінің тұстасынан табады. Өз

заманының тілін де бұлар сырт буын кәріден оңай ұғынады. Алыстың тәсілін де тез табады. Сондайға кезектеп кірісетін осы екеуі. Бірақ бүгін бірі болса, ертең екіншісі болар. Жол, жүлдеге таласпасын. Әкенің ұйғарғаны – Абай. Соның болуын мақұл көреді.

Құнанбайдың көптен бері Абайға ұзақ сөз қатқаны осы.

Абай ойланған кісі сияқтанып, аз үндемей отырып барып, ақырында тамағын қырнап алды да:

– Әке, сенгеніңізге рақмет! Ендігі міндетті бізге артқаныңыз орынды. Арқа-басыңызды бұдан былайғы ауыртпалықтан босату керек. Тыныштық өмір тілейтін кезіңіз болды. Жалғыз-ақ, жаңағы сөзіңіз маған айтылса, мен өзім болыстық, ұлықтықтан бас тартам. Мезіретім емес. Әрі ағалық жолы бар, ебі де бар, ұсынған орныңызға мына Тәкежан лайық. Осы болсын! – деді.

Абай осы соңғы сөздерін айта беріп, Тәкежанға көз тастады. Молда пішін, мүләйім боп отырса да, Тәкежан қыпқызыл боп қуанып кетті. Жаназادا, підияны мол атаған жерде жымыңдап кетіп, қыбылжып қалатын мысық сопы хазіреттей көрінді.

Құнанбай Абайға қайта-қайта қадалды. Болмайтын себебін екі қайтара сұрады.

Абай бір рет қысқа қайырып, “бола алмаймын” деген еді. Бірақ әкесі екінші рет салмақ салғанда, молырақ дәлел айтты. Халықты билеу үшін адам өзі кәметке жету керек. Оған Абай өзін әзірмін дей алмайды. Піспеген адамның қолындағы билік жас баланың қолындағы ұстара пышақ есепті. Не өзі арандайды. Не өзгені арандатады. Абай өзін аямаса да, бұған еріксіз күні түсетін халықты аяйды. Болмағанда, сондықтан болмайды. Халық керегіне жарайтын боп жете қалса және елге пайдасы тиеріне көзі жетсе, ол күнде әкесі ұйғармай-ақ өзі сұрануға уағда береді. Әзірше, әке зорламасын... деген сөздер.

Құнанбай бұл тұсқа келгенде шұғыл өзгеріп, тез тайқып шықты. Сол арада Тәкежанға бұйрық етті. Ол баласы оп-оңай “құп” деді.

Осыдан кейін он бес күндей уақыт өткенде, Тәкежан болыстыққа нық бекіп, бетін түзеп алды. Ақылшысы аз емес. Бір жағынан Құнанбай болса, екінші жақтан Майбасар, Жақыптар да өз сабақтарын Тәкежанның құлағына құйып жүрді.

Жаңа болыс қалаға да барып қайтқан. Ол жерде Құнанбай сәлемі бойынша Тінібек бай жетекші болды. Семей уезінің ұлығы Тінібекпен ашына, сыйлас екен.

Сондай іліктер арқылы Төкежан алғаш барған жолының өзінде де бірталай істің басын қайырып келді. Сайлаушы төреге Құнанбай ұғындырып жіберген жайлар бар-ды. Соның үлкені Балағаз, Абылғазылар ісі болатын.

Ұлық болысымен, ең алдымен әмірін елге танытпақ болған Төкежан бар күшін Балағаздарға салыпты. Қаладан Төкежан қайтқан орайда Семей уезінің жаңа пайда болған оязы Шыңғыс ішіне бес кісілік қарулы топ шығарыпты. Төкежан өзі болыс болысымен бір атшабарға Жұмағұлды алған. Екіншісі жас жігіт – Қарпық.

Солдаттарды бастап келген Жұмағұл ел құлақтанбасын деп, болыс кеңсесіне түн ішінде әкеліпті. Төкежан мен Майбасар осы түнде он шақты жігітті отрядқа қосып, Жігітек ішіне аттандырды.

Бұрын оқта-текте болмаса, Тобықты іші қарулы жасауылды көп көрген жоқ-ты. Ауылдарының үстінен көк темірлі көп аттылар өткенде, бала-шаға, кәрі-жас қатты түршікті.

Қуғыншы отряд Балағаз бен Абылғазының тобына Шыңғыс тауының ішінде оңай кездесті. Оқыс айқасып қалған. Ұзақ қуғын болды. Бірақ қаладан көп шықпаған, ел жайын, жер жайын жақсы білмейтін солдаттар бұл қуғында шорқақтық істеді. Тау ішінде шаба алмай, ерлерінің қасынан ұстап, бос өбектеп, кейіндей берген. Өздері және оба атаулының барлығын құбыжық санайды. Ұзын дүрбілерін қайта-қайта суырып ап, тесіле қарап, күнұзын тұрып алады. Қашқындардың қарасын таныған Төлепберді мына бөгелістерге жаман күйетін. “Осының дәл осы бір кеңірдектей немесін құртар ма еді? Сойылмен перейін бе осы кеп!” – деп тісін қайрайды. Бірақ амалы жоқ. Сөйтіп отряд шабан болды.

Соны байқаған Балағаз біраздан соң атын тежеп, артын болжаған. Қуғынның алдында өктеп жүрген Ырғызбай жігіттері екен. Төлепберді мен соның інісі Елеусіз және Жұмағұл көрінеді. Қашқын жігіттер қолға түспейтіндерін ұққан болатын.

Абылғазы мен Балағаз екеуі өз жолдастарын Шыңғыстың бір тарлау өзегіне салып, жөнелтіп жіберіп, қастарына жалғыз Әділханды алып, бір тұмсықтан тосып қалды.

Жау алыста деп еркін шауып келе жатқан Төлепберділер үздік-создық келе жатқан. Балағаз қуғыншының алдындағы Жұмағұл мен Елеусізді ілгері өткізе беріп, тиіп кеп кетті. Екі жігітке қарсы бұлар үшеу боп араласқан. Қайың сойыл, қара шоқпарлар екі-үш рет айқыш-ұйқыш тиісті. Әрі мықты, әрі айлакер Балағаздар Жұмағұл мен Елеусізді меңдетіп кетті. Ес жиып, айқай салуға да мұрша бермеді. Балағаздың өзі мен Абылғазы ана екеуінің сойылдарын ұшырып-ұшырып жіберіп, бір-бір-ақ салып ұрып жықты.

Екеуінің астындағы аттарын да іліп алып, тартып кетті.

Қуғыншының алдын оп-оңай ұйпап алып кеткен жауларға отряд енді беттей алмай қалды. Барлық топ ұйлығып тұрып-тұрып, сол арадан кейін қайтты.

Бірақ тек қайтпады. Қашқындар атшабардың басын жарып, атын алып кеткендіктен, қайта жүрген сапарда бұл отряд момын елді шапты.

Жігітек ішіне келіп, бейбіт отырған Қараша, Қаумен ауылдарының ірі қараларын қуып кетті. Жалғыз бұл ауылдар емес, көршілес Үркімбай, Қарақандардан да мал алды. Әр үйдің бір-бір бұт артарын, жапа-жалғыз сауындарын қуып кетті. Бұндай істер де бұл күнге шейін болып көрген емес-ті. Не көрсе, айыпкердің өзі көретін. “Қолы еткеннің мойны көтереді” десетін. Тәкежан жаңа сұмдық бастап, кемпір-шал мен қызыл қарын жас баланың талшығына да шеңгел салды.

Кешке шейін осы хабарды тегіс естіген Жігітек ауылдары үрпиісіп қалды. “Заман не боп барады? Күн райы қалай бұзылды? Ит ашуын тырнадан алғаны ма?” – деп тіксінді. Сыбайлас Көтібақ, Бөкенші де мынау қимылдарын ұнатпады. Әсіресе, батқаны – жазықсыз Қауменнің жаза шеккені. Бұның Балағаздан безіп шыққанын жұрттың бәрі есіткен. Ал Үркімбай, Қарақандар болса, тіпті, жазықсыз.

Кімнен көрерін, не деп көрерін білмесе де, қалың ел: “Тағы бір бәле түйілді”, – деп, күңкілдеп қалысты.

Болыстың кеңсесін Тәкежан Мұсақұлға әкеп, өз қыстауына құрған-ды. Айналасында тілмаш, старшын, атшабарлармен бірге Майбасар, Жақып сияқты ақылшылары көп. Топыры мол. Бұл жиын Балағаздың қылығына кіжіне түсіп, Жігітек ішіне істеп отырғандарын орынды сыбаға деп білді.

Осыдан үш күн өткен соң, отряд қайтып кетті. Бұлар кешелер тағы шығып, іздеп көрсе де, Балағаздарды кездестіре

алмаған. Тегінде, жұртты сескендіріп, қашқындардың жүрегін шайлықтыру үшін шығарылған отряд еді.

Жаңа ұлықтың қоқан-лоқысы істелді. Енді қайтқанына болыс та қарсы болмаған. Оларды жөнелтіп жіберіп, қазірде “пірғауар” жиып, қағаздарын мығымдап, қалаға шағым жолдағалы жатыр.

Тәкежанның әскер әкелгенінен Абай жиренген болатын. Қалың елді өрекіткен сотқар қылықтарын Жидебайға келуші жұрттан есітіп, Абай атқа мінген-ді.

Мұсақұлға келсе, Базаралы да сонда екен. Ол Абай көзінше Тәкежанға салмақ салды.

— Алыссаң, тентек деп бізбен алыс. Онсыз да титығына жетіп отырған момында нең бар? Қатын-баламызды аштан қырам демесең, алғаныңды қайтар! Жалғыз-жарым сауын мен тірлігі осы әкеткен аз ғана қарада тұр. Жайымызды ұқ, ағайын... — деп еді. Тәкежан оң сөйлеспей, ашуға басты: “Әлі түк көрген жоқсың. Балағаз, Абылғазыны ұстамай басылмаймын. Елге әрекет салып отырған мен емес. Солар!” — деген.

Базаралы ыза болды.

— Ендеше, Балағаз ұсталғанша тамам елді көгендеп, тізем десеңші.

Тәкежан бұған қарсы дүрсе қоя берді.

— Әлі сен қайдан ара ағайын боп шықтың? Өзіңді би ететін кім осы? Балағаз үшін айыпкер етпей, кепіл етпей отырғанымды неге ағайындық деп білмейсің? Шынға келсең, мен айтайын, Балағаз тыйылмайтын болса, ендігі отқа сен күйесің. Құтылмайсың!

Бұл зілінен Базаралы қорыққан жоқ.

— Ой, жаратқан тәңір, ақыл иесі болған естиярмен сөйлесіп отыр екем десем, жаңылыппын ғой. Сен де бір атарман екесің ғой. Бүйткенше, атшабарың Жұмағұлдан жауап алып, қайта беруім екен ғой! — деді де, тұрып кетті.

Абай Тәкежанның терістігін айтып, сөйлесіп көрмек еді. Ағасы: “Араласпа, килікпе”, — деп қатты серіпті. Осы кеңседе отырып, Абай бүгін әзірленіп жатқан қағаздарды байқады.

Барлық мөр, пірғауар, қол мен таңбалар Жігітек жігіттерінің сорына әзірленіп жатыр екен. Сол кеште Семей қаласына үкілі почта жөнелді. Оны да білді.

Осы білгенін Базаралыға айтып кеп:

– Бұл дүлейлер тағы бір мол бәлені шақырып отыр ғой. Тағы да бір Тоқпамбет, Мұсақұл шатағын көрмей тынбас! Тек ел жасымасын да, қорықпасын, Базеке! Ұшық-ұшық, әлі дауыл емес!.. – деді.

Базаралы өзінің амалсыз келгенін айтты. Малынан айрылған аш-арық осыған кеп салмақ салып, ең болмаса, барып арылып кел деген екен.

Абай Базаралыны тоқтатып қойып, Майбасар, Жақып, Тәкежан үшеуін оңаша шығарып алды да, қатты ашу айтты:

– Еркекпен еркекше алысудан жеңілесің де, қатын-балаға батырсысың. Кеше өзі жұтап қап, өзі аштыққа ұшырағалы отырған елдің аузындағы сусынын алып, не беттеріңмен отырсың?! Осымен ең әуелі сот алдында басың кетпей ме? Тамам елді дүр сілкінтіп отырсың. Осыныңнан қайтпай, аман отырып көрші, кәне? – деп, Тәкежанды қорқытып сөйледі. – Сендердің берген ақылың осы ма? Тым құрыса, сендер ұялсаң нетті! Қайтартыңдар қазір елдің малын! – деп, Майбасарға бұйыра сөйледі.

Тәкежан Абайдың бұл бұйрығына ішінен ыза болды. Бірақ қарсыласуға бата алмады. Әкесінің әнеуегүні Абайға болыс бол деп, көп жабысқаны есіне түсті. Егер мына жолда Тәкежан теріс боп, Абайдікі оң боп шықса – қатер көп. Құнанбай ұлықтықты бұдан алып, Абайға беріп қоя ма, қайтеді? Тым құрыса, әкенің беті анық болса екен. Ал әзірше, ол жақтан хабар жоқ. Жігітекке істегенді мақұлдай ма, жоқ па, мәлім емес. Сол себепті Абайға жауап қатпады. Ойланған кісі болды.

Қалайда, Абай салмағы осал тиген жоқ. Майбасар мен Тәкежан болмаса да, Жақып ойға түсті. Бұл өзгелерге оңаша ақыл салғанда:

– Балағаз, Абылғазыны ұлыққа қуғызғалы отырмыз. Солардың қағазын мықтап бол да, Семейге тез жөнелт! Тентек деген азды қуайық! Шығара қуайық! Мына малды қайтарайық! – деген. Осымен Базаралы бұл жолға келген жұмысын тындырып, жазықсыз елдің малдарын алып қайтты. Бірақ Жігітек ішіне Тәкежаннан естіген қорлық сөздерін айта келді.

Балағаздардың үстінен қатты қағаз кеткенін де айтқан.

Базаралының өзімен тілдеспейтін Балағаздар осы күндерде Қарашаның аулына күндіз-түн кісі жіберіп, хабар-ошар алып тұратын.

Арада үш күн өткенде, Шыңғыс ішіне бір тосын хабар тарады. “Семейге Тәкежан болыс жөнелткен үкілі почта таланыпты. Тобықты жерінде емес. Уақ жерінде, Мұқыр деген жардың тұсында ұшырапты. Енді бәле молайды”, – деген лақаптар дүңк-дүңк шығады.

Тәкежанның Балағаздарды көрсеткен қалың қағаздары анық үкілі почтамен жөнелтілген. Ол почтасы үш салт атты. Екі қоржындары мен мойындағы былғары сөмкелері қағазға толы. Тымақтарының маңдайларына үкінің бір тал қанатын жапсырған Жұмағұл, Қарпық және бір атшы жігіт Мұсақұлдан шыға сала шапқылай жөнелген. Жол бойынан лау мінгенде дербірсізденіп: “Үкілі”, “Үкілі почта” деп қолды-аяққа тұрмай, дігір салып мінетін.

Дәл осы шапқыншы бір күн, бір түн жүріп, енді соңғы түн ішінде Семей түсеміз деп келе жатқанда, Мұқыр жырасына жеткен.

Сол уақытта қарсы алдарынан қара жолмен келе жатқан үш салт атты көрінеді. Шауып келе жатқан атшабарларға аналар тұпа-тура келді де, бір-бірден араларына сұғылды. Сөйтті де, бір сәтте Жұмағұлдарды жағадан сарт-сұрт ұстай алып, аттан жұлып-жұлып түсірді. Алысады деген ойда жоқ. Шапқыншылар бөгде жолаушы деп селқос келе жатқан. Және қатты талып шаршағандықтары да бар-ды. Енді аттарынан қалай ұшып түскендерін байқамай да қалған.

Үш жігітті үш-ақ жігіт алды. Беттерін қара шүберекпен таңып алған жаулар бір ауыз үн қатқан жоқ. Почтаның бар қоржынын, бар сөмкесін тартып алды да, жөнөп берді.

Бұл кимылды істеген Әділхан болатын. Өзі төртбақ келген айлакер, мықты Әділхан осы почтаны әдейі аңдыған-ды. Жұмағұлдардың арттарынан қуып отырып, жаңа кешке аналар Күшікбайға түсіп, шайға аялдағанда ілгері өтіп кеткен. Қасындағы жолдастары Найманнан келген екі ер жігіт. Үшеуі өз жұмыстарын оп-оңай жайлады да, Шыңғысқа қарай қайта тартты.

Закон жағынан қарағанда, бұл істің арты жаман болатынын және қашқындар халіне пайдасы аз іс болатынын Әділхандар есептемеген.

Тәкежан шағым айдапты, почтасы бүгін кеткелі жатыр дегенді өз аулына кеп ести сала, Әділхан ызаменен қайнап кетіп, қуа жөнелген. Тіпті, арттағы Балағаз, Абылғазыға да ақыл салмаған.

Бірақ істелер іс істеліп қалды.

Шыңғыс сыртында, Сыбан мен Тобықты жайлауының жапсарында жатақта жататын үш кедей аулы бар-ды. Балағаз бен Найман жігіттерінің бір мекені сол. Бұл ауылдар осы күзде тегіс ашаршылыққа ұшырап, қақпан құрып, тышқан аулап, сорлап тұрған кезінде Балағаздар айқасты.

Келді де, тоқтық әкелді. Сауын сиырлар мен мінер аттар да берген.

Осы ауылдың шеткі бір үйінде Балағаз, Абылғазылар жатқанда Әділхан жетті.

Жігіттер Әділханға мақтау айтып, өкінбеске бекінді. “Енді болыс қалаға тағы шабады. Малтығып жүріп, өнеугідей отряд шығарады. Оған шейін итім жатсын ба? Үш-төрт күн ат тынықтырып, азық қамдап, сайланып алайық та, Найманға тартайық. Аз күнде қар да бекиді. Жаз шыққанша Найман ішінен қайтпаймыз. Оған шекті жұмыс та ескіреді”, – десіп, байлау жасасты.

Бірақ Құнанбай есебі бұлардан тақысырақ екен. Ол Тәкежанмен қоса Ырғызбайдың үлкендерін жиған. Бұлар ғана емес, Байсал, Сүйіндіктерді де шақыртып алды.

– Асқан екен Балағаз! Жерге қақпай тынбаспын! Енді ара түсер кім бар екен? Қолымнан алып көрсінші! Сол қашқынның бәрін де айдауда шірітем! Осыны істемесем, Құнанбай болмай кетейін! – деп жаман қалшылдады.

Жиған жұртқа ақыл салған жоқ. Байлауын айтуға, баталасуға шақырыпты. Осы күні дәл осы жиынға көз қылып, Тәкежанға “қалаға шап” деді. “Отряд әкел, қырғын көрсін бұл тентек ел”, – деп бұйырған-ды.

Жұрт тарап кетті. Барлық үлкендер Балағаз ойлағанды ойлап, қаладан ұлық пен отряд келетінін күтті. Бірақ сыртқа осындай лақап шашып жіберіп, Құнанбай дәл осы түнде отыз кісілік қол қамдады. Бұл түн Әділханның Балағаздарға жаңа жеткен түні.

Отыз жігіттің қастарына бес-алты тазы қосып беріп, қаруларын іштеріне тыққызып, Құнанбай бір-ақ сағат ішінде Шыңғыстың сыртына қарай суыт жүргізіп жіберді. Балағаздың жатағын Тәкежандар білмесе де, Құнанбай үйде жатып біліп алған-ды.

Тек бұл уақытқа шейін түк сезбеген кісі боп жата беретін.

Құнанбайдың сол жөнелткен жігіттері таң аппақ атып

келе жатқанда, жан-жақтан саулап барып, үш қыстауды қоршап алды.

Балағаздың күзетке қойған жігіті иек артпадан тазы ертіп шығып жатқан аттылардың барлығын аңшылар екен деп ойлаған. Шыңғыс сыртында қар бекігенше түлкі қуып жүретін аңшылар бола беруші еді. Солар деп селқос қалды.

Сөйтіп бұл күнге шейін ерлік пен жырындылыққа ешкімнен осал соқпайтын Балағаз қапыда оп-оңайдан тұзаққа ілінді.

Қуғыншы қолдың басы – Ызғұтты. Үлкен өткір сапыны жалаңаштап ап, Балағаздар жатқан үйге бар жігітімен бір-ақ қаптады. Келсе, Балағаздың көзі ұйқыда жатыр екен. Бар жігіті тегіс бейқам. Жиыны он адам.

Ызғұтты сапының сыртымен бөксеге ұрып оятқанда, Балағаз басын төсектен жұлып алып:

– Қап, сорлы қылған тәңір-ай, не қара басып еді?! – деді.

Барлық сөзі осымен бітті. Тегіс тұтқын болды.

Тысқа шығарып, он жігітті екі-екіден мінгестіріп жатты. Әр тұтқынға үш-төрт жігіттен кепті.

Балағаздың желкесіне Ызғұттының өз сапысы үнемі төнумен болды.

Құнанбай қолы үрдіс жүріп, Шыңғысқа тартты. Он жігіттің ішінен осы күн кешке жол бойында жалғыз Абылғазы ғана қашып құтылды.

Ол өзінің артындағы жігітпен күбірлесіп, ақылдасып ап, кейіндей берген. Қасында қатарда келе жатқан Құнанбай жігіті кешеден бергі жүрістен талып, қалғып келеді екен. Шоқпарын да қолына ұстамай, тақымына қыстырып қойыпты.

Жол бір бұраң сайға, тастақ жерге жеткенде, Абылғазы жаңағы жігіттің шоқпарын бір-ақ тартып алып, атынан жұлқып жіберіп, төңкере тастап, өз атының үстінен анау босаған атқа жалғыз-ақ қарғыған.

Құлап түскен жігіт енді есін жиып, екінші тұтқынның астындағы жаман шабдардың тізгінінен ұстай алды да, айғай салды.

Бұл кезде Абылғазы аттың басын кейін бұрып ап, ағыза жөнелген.

Алдыңғылар хабарланып, шуласып жүріп, ақыл тапқанша, Абылғазы ұзап кетті. Кеш қараңғылығы да қоюлап келе

жатқан. Ызғұтты біреуін қуамыз деп, көбінен айрылармыз деп, ілгері тарта берді... жалғыз-ақ енді қолдың артына өзі түсті.

Барлық топты шоқтай қып иіріп айдап отырып, Бөкенші асуынан асырды. Қарашоқыдағы Құнанбай қыстауының тұсымен өтпекші. Сол маңға жақындап келгенде, Төлепбердіні Құнанбайға жөнелтті. Ұстап әкеле жатқан хабарды айтумен бірге, Құнанбай қашқындарды көрем дей ме екен? Алатын жауабы бар ма екен? Соны сұратқан.

Құнанбай Төлепберді хабарын есітті де, қысқа ғана бұйрық берді.

— Мұсақұлға апартыңдар. Тәкежан мен тілмашқа айт, дәл осы бүгінгі түннен қалдырмай Семейге жөнелтсін. Тегіс арбаға мінгізіп, күзетін мықтап отырып, абақтыға апарып бір-ақ табыс етсін. Айналсоқтап, жалтақтамасын! Сыбаға сол! — деді.

Тәкежан Семейге кетпеген-ді. Кешегі жиында Құнанбай жұрт көзінше оған бұйрық бергенмен, артынан: “Өзің барма, кісі шаптыр”, — деген.

Кеңсесіне қашқындар келісімен Тәкежан асығыс қимылдады. Құнанбайдың айтқанын дәл орындап, осы түн ішінде барлық жігіттерді Семейдің абақтысына жөнелтті.

Сөйтіп ел-жұрт Балағаздардың ұсталғаны туралы анық, толық хабар алып болғанша, тұтқындар ұзап кетті.

Бұл күндерде Құнанбай мен жаңа болыстың мінезі — тырнағына тышқан ілінген мысықтай. Гүрілдеп айбар шегіп, жота жүні үрпиіп, түстерінен от шашып тұрған. Сөйлесе, шеттерінен қалшылдап сөйлейді. Жазықсыз тепкі көрген, ыза шеккен кісі болады. Екі-үш күннен бері айналаның барлығына:

— Пошта талапты Әділхан!

— Не деген сұмдық! Неткен қастық?

— Аяспайтын жаулық қой! Қазынаның қағазын жойып, Тәкежан басы бәлеге ілінсін дегені ғой!

— Шатаққа ұшырап, жоқ болсын дегені! Мұндай сұмдықты көрген бар ма? — десіп, дабыл қағып жатты.

Бірақ ішкі сырға, шынға келгенде сол өрепулер қаншалық бақырауық даңғаз болса, соғұрлым жалған болатын. Құйындатып, қара борандатып келгендегі анық мақсат басқада жатыр. Бұл күнге шейін қаншалық дауласып жүрген-

мен, бұл елдің ортасында біреуге-біреу абақтыға салғызу, жер аударту, каторгаға айдату сияқты істерді істеп көрмеген.

Ертең ес жиғанда барлық ағайынға сұмдық боп көрінетін іс осы екенін Құнанбайлар таниды. Сол жат қылықтың бетін бұркеу үшін жаңағы жалған шуды басымдатып отыр.

Бұрын өз тұсында мұндайлық істі істемеген Құнанбай Балағаздар қарсысына келгенде, басқа қырға мінді. Өйткен себебі, Жігітектің мына жастары бастаған істің түбінен ол аса қатты сескенген.

Балағаздар ісін Құнанбай өз ішінде ұрлық деп бағалаған жоқ, тамырлы, түбірлі наразылық, қарсылық деп білді. Аңада Базаралы айтып кеткен сөз бен Балағаздардың қылықтары астыртын астасып жатыр. Көпке тимей жеке жерлерге тиетіні және, әсіресе, Ырғызбайдай оқшау топтарға соқтығатыны соны көрсетті. Әлсіз бен көпке тимегендіктен, қалың ел арасында сүйсінушілер көбейіп барады.

Ашаршылық, жоқшылық қамауында отырған жұрт енді осыған ден қойып кетсе, не болмақ? Мұндай ойларға байланған сайын, Құнанбай үрке беретін. Балағаздарға барды салып, кәр төккен себептері сондайдан туған. Ел жүрегін шайлықтырам, түңілтем дейді. Бір жағын жаза, бір жағын кінәға сүйеп отырып, үркітіп тьям дейді.

Бірақ осы сырды Құнанбай өз ойында құпия сақтағанмен, ел ішінде сезгендер де болды.

Көпшілік Балағаздарға істелген қаттылықты қостаған да, ақтаған да жоқ. Айдатып, байлату сұмдық деп білген. Арада дел-салда қалған Байсал, Сүйіндік сияқтылар бар. Бұлар өз малдары алынып, қаза көргендер. Сондықтан Балағаздардың тентектігін сол өз нысанасынан бағалады. Көпке де бой ұрмады. Болыстар ісін іштерінен ақтауға да бата алмады. Белге соққандай болатын.

Құнанбайдың бұл күндерде астыртын құлақ салып, қатты баққаны – Жігітек іші, әсіресе, Байдалы.

Қалың Жігітек айқын наразылыққа беттеді. Болыс тұтқындарды қалаға жөнелтті деген соң, Байдалы да бетін ашты. Өкініп, қатты қиналып отырып, ашу айтты.

– Ұялар, ойланар шағы жоқ екен ғой Құнанбайдың! Өз қолымен, ағайын ауқымымен жазаласа, ара түсер кісі бар ма еді. Елге, жұртқа не дейді? Қасқырша өз күшігін өзі жегені ғой. Жігітектің ендігі жасына да жендет боп шықты ғой тағы! – деген.

Есітсе есітсін деп айтты. Бір емес, бірнеше рет айтқан. Құнанбай осы күйді біле сала, баспақ болды. Енді алдыңғыдан да үлкен зәр жұмсап, сонымен баспақ.

— Жігітек ұрлыққа жерік боп, ұрыға серік болайын деген екен. Ендеше, қашқындарға мүйізі сырқырайтынның бәрі жаза шексін! — деп, Тәкежанға жорға Жұмабайдан сәлем айтып жіберді.

Тәкежан, Майбасарлар сол сәлемнен соң, Жігітек ішінен он жігіт емес, отыз кісі тізді. Қараша, Қаумен, Үркімбай, Қарақан бар. Анау жолда малдарын айдап қайтқанның бәрін тіркепті.

Ол ғана емес. Бұл екеуі Базаралыны да көздеп берді. Өзара ақылдасқанда Майбасар:

— Поштаның таланғанын ойлаймысың? Есіңе алшы! Пошта жүргізілетін күні Базаралы келіп, барды біліп кеткені қане! Сол жолы өз еліне бара сала, Әділханды аттандырған да сол. Көзбе-көз айтып кеткен қияс сөзі әлі есімнен кеткен жоқ! Осы бәленің тап ортасында жүрген Базаралының дәл өзі. Оның сырты момын, іші қу! — деген.

Тәкежан өзінің де Базаралыдан әлденеше рет көрген тізесін еске алды.

Сөйлетпей, тапап кеткендей боп жүретін омырауы бар. Балағаз айдалып кетсе, ертең артынан жоқшы боп шығып, бүлік шығаратын да сол. Сондықтан Майбасарды құптап:

— Ақылыңыз көкейіме әбден қонады. Қадағанда нағыз қатты қадайтын сол! — деп, Базаралыны бірге көрсетті.

“Жігітектен отыз кісі хатқа тізіліпті!” деген хабарды есіткенде, Байдалы өз аулына Базаралыны шақыртып алды. Екеуі оңаша отырып, көп сөйлесті. Байдалы көптен бері ішке жиып жүрген бір ойын ашты.

— Бала күнімнен бері қарай ылғи ғана қапылықтан шеккен өкінішті білем. Құнанбайдың өртіне түскенде, ұдайы опық жеумен түспедім бе? Бүгін, міне, тағы сол баяғы сорым ғой. Жаз бойы Құнанбай ұры атандырды деп, өзіміз де Балағаздарды ұры-қары санап, қоса қуып келмедік пе? Бүгін ойлап, болжасам, сорлылар ұрлық емес, өжеттік бастап жүр екен ғой. Ежелгі бір кеселге кекесін көрсеткен екен. Аш-арықтың ішінен бұларды қарғаған бір жан көрдің бе? Ұры демеймін! Өктеп шыққан өз тәнім, өз бауырым деймін! Бүгін соны Құнанбайдың мынау ісі біржолата танытып отыр. Қаумен, Үркімбайға шейін көрсетіпті. Тағы кім бар? Кімді аман қой-

ды дейсің? Елдіктен кеттік пе? Тағы да кетіскеніміз бе? Жоқ, жарым жолдан қайтара ма? Тәкежан, Майбасардың шалалығын өзі де қостай ма? Не дейді? Жігітек сәлемі осы! Сен қазір атқа мін де, Құнанбайға барып кел. Тілің жетеді. Кеудеңдегі отың да жетеді. Істегенім – істеген дейтін болса, аянба! Барды айтып кел! – деді.

Байдалының бар мінез, бар сөзін мақұл көріп, Базаралы атқа мінді. Бірақ әуелі Қарашоқыға бармай, Мұсақұлға қарай тартты. Өйткені Жігітектен көрсетілген отыз кісінің кім-кім екенін бұл жақ әлі білмейтін. Жалғыз ғана Қаумен, Үркімбайлар барын емес естіген.

Жолшыбай Базаралы болыс кеңсесіне барам деген ниетін өзгертіп, Жидебайға соқты.

Абай үйде екен. Кешелер Тәкежан мен Майбасардың жаңа желіктерін есітіп:

– Жаман бақсының жын шақырғанындай тантырап, жұрт берекесін кетірді-ау, мыналар! – деп көп қынжылған-ды.

Бүгін Ерболды Мұсақұлға жіберген. Тізімде кімдер барын білмек.

Базаралы жаңа келіп, өзі жүрген жайларын айтып отырғанда, Ербол қайтып келді. Қап-қара боп түтігіп, ренішпен келді. Бірақ Абай жөн сұрағанда іркіліп, бөгеліп қалды. Базаралыдан қымсынады, көрініп тұр. Абай салмақ салып:

– Есіткен-білгеніңнің бәрін айт, несін іркесің? – деген. Содан соң ғана шешіліп:

– Мына Тәкежан, Майбасар ма!.. Құртар бұл елді, өртемей тынбас, – деп алып, тізімде бар кісілерді санай бастады. Ұрлыққа, ұрыға өмір бойы шиыры қосылып көрмеген талай кәрілер мен жастар бар екен.

Абайға бәрінен сұмдық көрінгені – Базаралы жайы.

– Не дейді?! Не көкиді мынау әңгі соқырлар?.. – деп қатты ашуланды.

Базаралының өз жайын есітіп отырғаны осы болатын. Кейіс, реніштен түк белгі берген жоқ. Қайта сақ-сақ күлді. Абай мен Ербол таңқалып, мұның түсіне қарасқанда, көкшіл тартып сұрланған ыза көрді.

– Бір өкінішті Байдалыдан есітіп ем бүгін. Ендігі өкініш өзіме кепті. Тобынан жырылып жалғыз жорытқан көк қасқырдай менікі не әуре десеңші? Тәкежандар ұры атандырмасын деп, бұққан боппын. Балағаздар ұры емес... бұзық емес еді, Абай. Бар қылықтарын есітіп, біліп жүрсіндер. Жұртқа

мәлім, сүмелек ұры ма еді солар? Айтыңдаршы... — деп Абайға қарады.

— Ұры емес.

— Бұзық емес. Айтқаның рас! — деп, Абай мен Ербол қатар қостады.

— Ендеше, солардың тобында болмай, кеткенде бірге кетпей, мен не сандалып жүрдім... — деп, Базаралы тоқырап қалды.

Ерболдың да өз өкініші бар. Бүгін Төкежандардың түрін көріп, жол бойы осыны ойлап келген.

— Әттең, Абай-ай, кеше әкең болыс бол дегенде болмаймын деп, бас тартқаныңды қайтейін?! Тым құрыса, елге жаның ашыр еді. Мынандай сұмдық істетпес едің ғой. Не көріп, не болып отырмыз енді, міне? Үйде отырып ұялғаннан жерге кіресің. Қолдан келген жақсылығың со ма? Айтпай қайтіп шыдайын? — деді. Базаралы Ербол сөзін дұрыс көрген.

— Онысы рас. Тым құрыса, адалыма ара түсер едің ғой! — деді.

Абай үндеген жоқ. Болыс болмағанына өкінейін деген жоқ-ты. Бірақ өз басын әке салмағынан құтқарам деп, Төкежанға қарсы болмағанына өкінді.

Бір шешеден туған бауыр деп аталса да, қазірде Төкежан соншалық суық, жаттай көрінеді. Бұдан бұрын да талай кездесті. Басқан сайын ұғысу емес, аралары алыстап барады. Әлі де алдағы күнде көп шайқасатын қас-қайрат сол сияқты сезілді. Соның басы осы болар ма? Бұдан былай бұйығып отыра алмайды. Базаралыны аяйды. Оның айналасындағы жазықсыздарды аяйды. Сол аяғаны шын болса, бел шешіп араласып, тартысып көреді. Қазір де іштей байлаған байлауы осы. Базаралының сөзінен соң аз үндемей отырды да:

— Базеке, адалыңа ара түспесем, азамат болам ба? Төкежанның күші елде емес, қалада екен ғой. Ендеше, алдағы күнді сол қалада сынайық. Мен ертең Семейге жүрем! Осы істерін аяқтағанша жоқшының бірі мен боламын! — деді.

Базаралы Абайға ырза боп, шын сүйсіне қарады.

Бұл ауылдан іздегенін алған сияқты боп, көңілденіп кетті. Қолма-қол жүрмек болды. Асқа қара дегенге қарамады. Тез аттанды да, Қарашоқыға тартты.

Ел орынға отыра Құнанбай аулына келген-ді. Нұрғаным үйлері қонақсыз оңаша екен. Бірақ Құнанбай Базаралы келді деген хабарды естігенде, өз үстіне кіргізген жоқ.

— Анау, қарсы үйде болсын, ас-суын сонда беріндер! — деген.

Қонақ үйде жалғыз отырып, қызметші қатынның қолынан шай ішті де, Базаралы Құнанбайдың өз үйіне кіріп келді. Сыртқы киімі жоқ. Бешпетшең, жалаңбас келген.

Нұрғаным ертекті еді. Құнанбай жас тоқалына ертекті айтқызып, аяғын сипатып отыр екен. Жігіт сәлемін салқын алды.

Бірақ Базаралы бұл келісінде Құнанбайдың қабағын бағайын деп келген жоқ. Отыра сала сөзіне кірісті. Түсінде қымсыну жоқ. Ағы — ақ, қызылы — қызыл боп, жайнап отыр. Бізасы мен адалдығы бұны жанып салғандай. Жарқыраған жүзіне жатық шыққан сөзі де сай.

Нұрғаным бұның жүзіне қала қарап отырып, бір ағарып, бір қызарды. Базаралының әуелгі айтқаны Тәкежан қылығы туралы. “Елдің жазықсыз көрісін, жетпеген жасын қосақтап тізіп, сорлатқалы жатыр. Құнанбайды көртайды, естімейді дей ме, болмаса тұғырдан тайды, өмір құдіреті жүрмейді дей ме? Осындай әкенің көзі тірісінде сол Тәкежан, Майбасардың соншалық іске батылы қайтіп барады?” — деп сұрау салды.

Құнанбай жауаптасуға сараң. Тек қана “Тәкежанға бардың ба, өзімен сөйлестің бе?” — деген.

Базаралы оған бармағанын, бірақ барлық жайға қанып ап, ең алдымен осында келгенін айтты. Тізімдегі адамдарды санады. Байдалының айт дегенін жеткізді. “Тәкежан өз бауырын өзі жейтін бөрі болғалы отыр. Кеткеннің бәрі өлімге кетеді. Бұл ағайыннан құтылатынына Тәкежанның көңілі сенсін. Тіпті, жандарына келіндерін де бөктеріп жіберсін. Мұнда аш-арық боп қалатын панасыз бала-шағаның көрін де қазсын. Бірақ осындай аямастық жаулықтың орайы болар деп ойлай ма, сірә, жоқ па?” деп бір тоқтады.

Құнанбай барлық сөз аңғарын ұқты да, жақтырмады. “Күш айтқалы кепсің ғой! Күш дегенді кісі тілмен танытпайды. Көргенің Тәкежан екен, бар да сонымен сына!” — деген.

Айтыс қысқарған сияқты. Базаралы ең соңғы түбірлі сөзін айтты да, жұмысын бітірді. Ол сөзі кесесу болатын. “Тәкежан дегеніне жетсін, аямасын! Тегінде ниет те бір, істеген іс те бір. Жалғыз-ақ, аямас қастыққа орай айықпас өштік болады. Болғанда, айыпкер Жігітек болмайды. Атадан нәсілге кетер жаулық осы арадан басталды. Обал-сауабы кімнің мой-

нында екені көрінді. Айтып, арылып шықпағы осы ғана... Өз жанынан айтпайды. Үйелменді ел Жігітек бар. Сол айтқызып отыр. Осыны Құнанбайға жеткізіп кетуге ғана келіпті...” Білдіргені осы.

Құнанбай тыңдап болды да:

— Жарайды, айтам деп әкелгенің екен. Бірталай жерге жеткізіп айттың. Енді осымен тоқталайық! — деді.

Базаралы шығып кетті, Құнанбай жалғыз көзін жұмды да, қабағын түйіп, ойланып қалды. Әйеліне қазіргі түсі қыраулы қыстай, жат сезілді. Барлық жүзінде жойылмас таңбадай боп, көрілік табы айқындап тұр.

Нұрғанымның жақсы ертегісін қайталапқан жоқ. Сипатып отырған аяғын да жиып алды. Өзге Тобықтыға бермеген еркіндік беріп еді Базаралыға. Қазір содан қатты тізе көріп қалған сияқты. Жас жігіт адалдық, ақтығымен өктеп тұр. Шындап ойласа, Тәкежандардың шектен асып жатқан істері бар.

— Өзгелер бір төбе, Базаралы бір төбе емес пе еді? Аянышты білсе, нетті шіркіндер? — деп күрсініп қалды.

Жігітекке арналған ашудың бір ұшығы өзінде жатқаны рас. Бірақ Базаралы сияқты адамдарды атап берген Құнанбай жоқ болатын. Қазір мына жігіттің өз басын қимағандықтан бір сәтке қынжылып қалып еді. Артынан қайтадан қатайып кетті. Жаңағы Базаралы Жігітектің тобынан келді. Сол топтың ашу мен кегін ұстанып қапты. Ол жер осал емес.

Құнанбай осымен екіұдай боп отыр. Астан кейін Базаралы қарсы үйге жалғыз жатты. Екі-үш күннен бергі ашуы Құнанбайға айтқан сөздермен біраз жеңілейген сияқты. Алдыңғы күнде ызаға толы, ұйқысыз түндер болатын. Сонымен төсекке басы тиісімен ұйықтап кетті.

Қай мезгіл екені белгісіз. Бірақ қап-қараңғы үйдің ішінде бір кезде сескеніп оянды. Байқаса, дәл қасына біреу кепті.

— Ой, бұ кім? — деп еді.

— Сескенбе, менмін! — деген үн есітті. Нұрғанымның үні екен.

— Бәтір-ау, мынау жынды неғып жүр?! — деп, Базаралы басын көтеріп алды. Нұрғаным сасқан жоқ. Салмақпен ақырын ғана күліп қойып:

— Тоқта, саған менің көңілім сен жоғыңда қосылған...

Мырзаның өз тілі қосқан! — деді де, Базаралыны қатты құшақтап кеп, сүйіп алды.

Жігіт те бұдан әрі үн қатқан жоқ. Екеуі өзгеше бір ыстық жалынмен үш қайтара сүйісті. Содан кейін Нұрғаным тез тұрып кетуге айналып еді, Базаралы қия алмай, бірге түрегеп:

– Жаным-ай, жай тұрған жүрегімді астан-кестен еттің ғой. Енді несіне кетесің? – деп тағы құшақтады. Бірақ Нұрғаным енді бұдан тартынып, босаңқырап алып:

– Қайда жүрсен, аман жүр! Жаным да, тілегім де бір сендік, Базекем! – деп, тағы бір рет асығыс сүйді де, жалт беріп жүріп кетті. Келгені мен кеткенінің арасы бір ғана сәт. Жалғыз-ақ, сол сәттің ішінде Базаралыға бар дүние төңкеріліп түскендей көрінді. Нұрғаным да кеудесіне сыймастай қуаныш әкетті. Ол қуанышы – өмірінде ең алғаш татқан әйелдік махаббаттың қуанышы болатын.

Құнанбай өнеугүні Базаралының сымбатын мақтап, туысына сүйсінген еді. Бүгін кешке, дұшпан көзі болса да, бұндайлық азаматқа аяныш керектігін айтты. Осы екі кездің екеуінде де қырқылжың қарт өз аяғының қаншалық шалыс басылғанын, қалайша жаңсақ кеткенін сезген жоқ еді.

5

Абай мен Ербол қалаға кеп жатқалы бірталай күн өтті. Құнанбай балалары қалаға келсе, Тінібек байдың үйінде жатушы еді. Семейге Абайдан бұрын келген Тәкежан сол құданың үйіне түскен екен. Қасында Майбасар мен тілмаш, атшабарлары бар. Қоршап жүрген топыры көп. Соны көріп Абай мен Ербол Семей қаласының өз ішінен пәтер алды. Орталық тұста Кәрім дейтін момындау саудагер бар еді. Балалары жоқ, ерлі-қатынды екі бас. Үш бөлмесі бар екен. Сол үйге түсті.

Қала арасы салт аттыға соншалық қолайлы емес. Бұрын баларақ кезінде қалада өскен Абай сол қаланың ыңғайына икем салт атты қойды да, шана жегіп жүретін болды.

Қазір Ербол мініп келген семіз көк атқа кәшаба шана жегіп, екі жігіт қатар отырып, сар желдіріп келеді. Күн ашық болғанмен, шытқыл аяз екен. Көше бойының шыныланып қалған қары көк аттың тағасы тиген сайын сықырлай түсіп, кірш-кірш етеді. Бұлар Семей қаласының даңқты адвокаты Ақбас Андрейдікіне келеді. Алғаш келе жатқаны осы.

Жігітек адамдарының ісіне Абай Семейге келісімен белсене кірісті. Бұл уақытта қала толған Тобықты. Әсіресе, қуғын

көрген Жігітек пен қуғын салушы болыстар жағы қаптап жүр. Болыстар бұрын көрсетілген отыз кісінің жайындағы сөздерін “расқа шығарамыз, барарына барғызамыз” деп сотқа да, ояз бен “жандаралға” да қағаз тоғытып жүр екен.

Жігітек кісілерінің әзірге бастығы Бөжейдің баласы – Әділ. Бірақ оның өзі де, ақылшылары да кеңсе тәртібі мен қағаз тартысын білмейді. Ерте келсе де, жөн таба алмапты. Абай ең алдымен солардың ісін түзу беттетті. Ұстауда жатқан Балағаз, Әділхандардың қатын-баласы атынан арыздар жолдады. Болыс қағаздары баратын жерлердің бәріне енді жарыса түскен қарсы сөздер бар.

Төкежан да есік-тесікті көп білмейді. Онысы Абайға мәлім. Бірақ оған кіріс-шығысты оңайлататын кісі – Тінібек. Абай жақын арада сол Тінібекке кісі салып:

– Төкежан Құнанбай баласы болса, менің де жөнім сол. Біздің болыс осы жолы абырой алатын, жақсы ат табатын іспен келіп отырған жоқ. Өзін де, әкесін де жаманатқа ұшыратып, қарғыс алатын іске басты. Тінібек орынды кезде болысқан. Бірақ дәл бұл жолы жалған намыс дегенді айтып, ағайынның обалына қалғалы отырған Төкежанға болыспа-сын! Шын достық ойласа, қайта тыюға себепші болсын! – деген.

Мұнысы – Төкежан жағын әлсіретем деген іс. Тінібек Абайға өзі кеп сөйлесіп, біраз іркіліп қалды.

Осымен қатар Абай істеткен бір жұмыс – адвокат жалдау. Облыстың үлкен адвокаты Ақбас қазірде Балағаздардың ісін алып, жоқтаушылардан арыздар жиып, соны өзі өңдеп жазып, тиісті жерлерге беттетіп жатқан.

Абай мен Ербол Ертіс жағасындағы жалғыз қабат тас үйдің терезесінің алдына келіп тоқтады да, ішке кірді.

Ақбасты бұлардың алғаш көргені осы. Бет ажарында оншалық көрілік белгісі болмаса да, шашы аппақ, сақал-мұрты бурыл кісі екен. Бойы зор, бас бітімі ірі келген, келбетті. Түсі ойлы кісідей салқын. Көзілдірік арқылы көрінген мөлдір көк көздері салмақты сабырмен барлай қарайды.

Бұл үйде Ақбастан басқа қара мұрт, таңқы мұрын тілмаш отыр екен. Абаймен уақыт байласып, әдейі кеп тосып отырған. Ол мінезі жеңіл, білімге шолақ адам. Бірақ облыс сотының тілмашы осы. Бір тәуірі, орысшаға жүйрік деседі.

Абай Ақбаспен амандасып отыра беріп, үлкен бөлменің ішіндегі кітаптарға қарады. Мол үйдің төрт қабырғасы бірдей

иін сүйесіп тұрған көрікті кітаптар. Барлық әңгіме бойында Абай осы көріністен көз ала алмай, қайта-қайта айналып қарап отыр. Бір үйден, бір кісінің қасынан мұншалық көп кітап көргені осы.

Ақбасқа Абай арыз ұсынды. Ерболмен екеуі қол қойып, Жігітек кісілерін ақтаған екен. Бұлардың, әсіресе, арашалайтыны – Базаралы, Қаумен, Үркімбаи сияқты жандар.

Тілмаш арыз жайын айтып болған соң, Ақбас Абайдың аты-жөнін сұрады. Жас жігіт өзін Құнанбаевпын дегенде, адвокат жалт қарап, танданыңқырады да, алдындағы арыздарды қолына алып, бірдемені іздей бастады.

Оны тандандырған нәрсе болыс пен бұл жігіттің ортақ фамилиясы. Осы жөнін айыра сұрап кеп, Абайдың Тәкежан болыспен туысқан екенін білгенде, адвокат, әсіресе, таңырқай түсті. – Сенің туысқаның бұларды қуып отырса, сен кеп ақтайсың да қорғайсың! Бұл қалай? – деді.

Абай тілмаштан ұғынды да:

– Рас, болыс менің бірге туған ағам. Сондай жақын кісі болғандықтан қасында отырып, жаман істерін анық көріп, толық таныдым. Жұртқа істеген әділетсіз зорлық, қиянатын көрген соң, үндемей отыруға шыдамадым. Адамшылық қарызы осы деп, әдейі өзім тіленіп келдім. Ұлық та емеспін, ақы алған қуғыншы да емеспін. Жауапкер Қауменовпен бірде-бір ілік жалғасым да жоқ. Мына жолдасым Ербол да солай. Екеуіміз тура көлденең, бөгде кісінің куәлігін айтпаққа келдік. Арызымыз соның жайы. Егер ұлықтар, соттар барлық істің хақиқатын білем десе, осы біз сияқты көлденең, қалыс ағайыннан шындықты сұрау қажет деп білеміз. Біздің арызымызда осы жайды анықтап, дәлелдеп жазуыңызды өтінеміз! – деді.

Бүгінгі шаруаның үлкені осы. Абай сөздерін Ақбас жақсы ұғынды.

Ұғынды да, Абайдың жүзіне ырза боп қарады. Адамшылық дейді, қарыз дейді. Көшпелі, жабайы халықтың адамы болса да, мұның аузында үлкен сөздер бар.

Ақбас білімді, тіс қаққан адам болғанмен, қазақ арасына жаңада келген. Бұл халықты білмейтін. Өзі бір кезде Петербор тұрғыны болатын. Сол жақта, жасырақ кезінде, патшалық өктемдігіне наразы болған қауымдарға азырақ араласқан. Сондайдың салдарынан Петерборда тұра алмайтын боп, жылжып кетті. Бертін заманда алғашқы қауымынан да ажырап, жалғыз қалды.

Содан кейін шетірек жерлерде адвокаттығын қайта жүргізуге рұқсат алып, тыныш тіршілікке көшкен. Көп уақыт Еділ бойында, Орал тауларында жүріп, соңғы екі-үш жылдың ішінде Сібірге орналасқан. Өзі ғылымға бейім, оқымысты адам болғандықтан, Ақбас енді қазақ сияқты елдің әдет-ғұрпын, заң-дәстүрін жиыстырып, тексерсем деп жүретін. Шен дәрежесі үлкен болмаса да, бұл шаһардың білікті, басты адамы осы.

Жаңағы арыз жөнінен Ақбас берген бірнеше сұрауларға жауап айтып болды да, Абай тағы кітаптарға қадалды. Қайран боп, сүйсініп отырып:

— Шіркін, жасау мен жиһаз асылы мынау екен ғой. Жарастық қандай, қасиет қандай! — деді.

Тілмаш Ақбасқа Абай сөздерін аударып берді.

Осы уақытта Абайдың көзі жақын жердегі жақсы мұқабалы бір топ кітапқа түсті.

— Мынау закон кітабы ма екен? Не жайдағы кітаптар екен, ә?.. — деп ойлана сөйледі. Ол кітаптар Пушкиннің томдары еді.

Ақбас әуелде ұғындырмақ боп: “Ол закон емес, поэт жазған сөздер...” — деп келді де, артынан қолын сілкіп:

— Сен білмейсің... оны білу қиын! — деді.

Өз ойынша: “Поэт киргиз сияқты елде жоқ болар, сондықтан ондай ұғым да жоқ болар!” — деп, сөзді қысқа қайырган.

Абай тілмаштан білмек болды. Ол “поэт” деген сөздің қазақша не екенін ойлап көрмеген екен.

— Әнші... Әнші кітабы... — деп, Ақбас сияқты қысқа қайырды.

Абай әнші деген сөзге тоқтай алмай:

— Қалай дейсіз? Әнші дейсіз бе! — деп түсіне алмады.

Тілмаш Абайды керексіз сөзден тоқтатпақ болып:

— Сен білмейсің, ұқпайсың деп айтады мына кісі, — деді.

Абай намыстанып қалып, мысқылдай күлді.

— Япырм-ай, бұл кісі болса, білімді адам. Біз де бір жұрттың сөз ұғарлық басы бар жастарымыз дейміз. Адамға адамды жанастыратын тіл-ау! Сол болмағандықтан бірімізге біріміз оп-оңай ұғындырарлық жайларды қиын асудай көріп отырғанымызды қарашы! Қазірде екі адамзат емес, мақұлық тәріздіміз. Мұжықтың мәстегі мен сахараның түйесі кездескендей ме, қалай? — деді.

Ербол күліп жіберді. Абай сөзін Ақбастың білгісі келді. Тілмашқа Абайдың өзі де: “Осы сөзімді жеткізші”, – деген.

Ақбас Абайдың сөзін түгел естіп болды да, күліп жіберді.

– Рас, бұл дұрыс айтады! Мәстек түйеден үркеді. Түйе де оған жоламайды. Біздің хал солай екені рас!.. – деп, тағы күлді де: – Жалғыз-ақ, сен екеуіміз ғана сондай емеспіз. Қазір Россия патшалығындағы закон-тәртіп пен қырғыз сархарасының арасындағы барлық тұтас халдің өзі сондай. Сен жақсы айттың! – деді.

Осыдан кейін Ақбас пен Абайдың кездесулері көп болды.

Өйткені қырдың аласапыраны молайып кетіпті. Жігіттен көрсетілген отыз кісінің тағы бірнешеуі ұсталып кеп, абақтыға түсіпті. Базаралы, Қараша болса, қашып жүр деседі.

Елдегі әрекет асқындап кеткен соң, Байдалы да қалаға келген. Әр жерге түртініп жүріп кеп, бір күн Абайға шынын айтты.

– Қарағым, Абай-ай, көшеде жүрсек атымыз үркіп, қаласына сыймайды. Үйіне беттесек, есігінен тон-күпіміз сыймайды. Жалтыраған тақтайынан көн етігіміздің табаны тайғанады. Адамына тілдесейік десек, саңырау мен мылқаудай боп, ымдасудан әрі бара алмаймыз. Бұл қыр сорлыға қала деген қамау екен ғой. Жалтыр мұзға айдап салған кәрі түйедей мүгедек боп жүргеніміз, мінеки... – деген.

Отырған жұрт күліп тыңдады. Бірақ Байдалы күлдіріп айтса да, күйігін айтты. Абай осыдан соң Жігітек тобын өзі бастап, өзі басқарып жүрді.

Ендігі бар жаңалықты Ақбаспен ақыл қосып, тауып жүр.

Тәкежандар тың адамдарды тоғытып жатқанмен, істің беті адвокат кіріскелі дұрыстыққа қарай ойыса бастады.

Жақында адвокатқа Абай шешіп берген бір түйін үлкен құрал боп, барлық жұмыстың бетін өзгертіп келеді.

Ұзақ әңгіменің бірінде Абай Ақбасқа Балағаздардың ісі ұрлық емес, шабынды емес деп, көп дәлел айтқан. Жерінен айырылған, малынан ажыраған, жұтқа ұшыраған аш-арық халықты айтты. Жұттың көпшілікке неліктен ауыр болып, аз ғана топқа неліктен жеңіл өткенін білдірді.

Балағаздардың мал алғанда кедейден, көптен алмай, жуаннан, мықтыдан алғанын және қолдарына түскенді кедейлерге, аштарға беріп отырғанын жеткізді. Әңгіме осыған келгенде, Ақбас үлкен ойға кетті.

Көп елдердің тарихынан, кітаптарынан хабары зор білімпаз адам бұрынғы замандардың әңгімелерін есіне алды. Европа ескілігінен Робин Гуд, Карл Моор, Жакерия, орыс әңгімесінен Владимир Дубровский, Сохатый... баршасы да ойына түсті.

Осы әңгіме болған күні Абайды түн ортасына шейін жібермей, мейлінше сөйлесті. Ендігі ақылды да басқаша айтты.

Сонымен абақтыда отырған Балағаз, Әділхандар жауабы да жаңа арнаға түсті. Артынан қуған қатын-бала да арыздарын бір сағаға сарқатын болды. Сөйтіп аз күн ішінде Қаумен, Үркімбай, Базаралы, Қарақан сияқты айқын жаламен тізілген адамдар ақталып қалды.

Жігітек сүйінші тілеп, кісі шаптырып жатты.

Төкежан осы хабарды білісімен, Абайға кісі салып: “Ты-йылсын, бұл қай қастығы?!” — деп ашу айтқан екен. Абай:

— Біз ата-ананың алдында туысқан болысуға жарасақ, со да жетер. Мынандай ажал аузына, қыл көпірдің үстіне елжұртты өзі айдап келген соң, менен жөн сұрамасын!.. — деген.

Осы жауабын келтіріп, тағы да көп шағым айтып, Төкежан Құнанбайға кісі шаптырып еді. Әкесі Абайға: “Тез қайтсын! Болыс болмаймын деген өзі болатын. Енді Төкежанды ақсатпасын! Аяғын тартсын!” — деп сәлем айтыпты.

Бірақ бұл сәлем Абайдың барлық істі аяқтап қалған кезінде келді. Тоқтаға алған жоқ.

Уезд бен облыстың ұлықтары Ақбасқа барлық жұмысты ұттырмады. Өз қолдарымен іс қылмаған бір топты босатқанмен, Балағаздар жағын, Әділхан ісін қатты ұстап қалды. “Ашаршылық, жоқшылықтан туған амалсыз қимыл” деген сайын қатая берді.

Ресей ішіндегі көп жерден шығып жатқан крестьян қарсылығы ояз бен жандаралдың көз алдына елестеген. Бір ойдан, бұндай іске барынша қатты жаза қолданбақ та болған: патшалықтың зәрлі законы ондай жерге барынша қадалмаққа керек.

Тек қана өздеріне сыры мәлім емес сахара уақиғасы болғандықтан және іздеуші жұрт көбейіп кеткендіктен барып, батыл қимылдай алмады. Тайсала соқты. Бірақ соның өзінде де отыз кісінің ішінен он шақты адамға жаза берді. Басында ол жаза да сұмдық болатын. Балағаз, Әділхандар өмірлік қаторға бұйырылады деп еді.

Ақбас пен Абайлар барды салып жүріп, көп жеңілдік

тапты. Балағаздар каторғаға бармайды. Үркітке жер аударылатын болды.

Қалада жатқан барлық ағайын енді Балағаздармен қоштасқан уақытта жылап айрылысты. Бірақ көріспейміз деген жоқ. “Аз жылдар өткен соң, ел ішіне ораласындар, келесіңдер”, – деп, алдағы күнге үміт артып ұзатты.

Абай енді елге қайтпақ еді. Соңғы рет Ақбаспен көріскелі келгенде, қарт адвокат Абайға ақыл айтты:

– Сен жас болсаң да ақылды адамсың. Халқыңа жаның ашиды екен... Оның зор қасиет. Бірақ сол елің мен өзіңнің қамыңды шын ойласаң, білім жарығына ұмтыл! Оқу ізде! – деді.

Бұл сөздер Абайдың өз арманының дәл үстінен түскен сөздер.

– Оқуға жаным құмар. Бірақ қайтіп оқимын? Школға түсуге ұлғайып кеттім... Басқа оқудың жолы бар ма? Ақыл айтыңызшы! – деген.

Адвокат көп мәслихат берді. Ең әуелі үлкейгендік бөгет емес екенін айтты. Жасы қырыққа келіп те білім іздеп, өз-өзінен ізденіп, ғалым болып шыққан кісілер бар екен. Солардың аттарын атады. Және оқуды школға түспей оқуға болатынын да айтты.

Абай тез уақытта қайта келмекке уәде берді. Адвокат частный оқытатын учитель тауып бермек болды. Жалғыз-ақ, Абай өзі бұдан былай өздігінен көп ізденіп, қажымай, қадалып оқуға бекіп келсін. Сонда бұған білім есігі оңай ашылатынын сөйледі.

Жас жігіт талайдан бері көкейін тескен бір түйіннің шешуін тапқандай боп, қуанып кетті. Енді ауылға барып, үй ішінен рұқсат алып, пұл қамдап, тез уақытта қайта оралмақ боп елге қайтты. Көптен бері жас көңіліне жат боп кеткен көтеріңкі қызу мен сергек желік тауып қайтты.

Жидебайға келген соң, Абай көп бөгелген жоқ. Ділде мен шешесінің рұқсатын оңай алды. Басқа кісілермен ақылдасқан жоқ. Соңғы күндер қала жаққа Мырзаханды жөнелткен. Соятын соғым жіберді. Ұстауға пұл керек. Соған арнап, мұндағы соғым терілері мен бірен-саран ірі қара айдатты.

Енді өзі де жүргелі отыр.

Осы жазда Ділдөнің үшінші баласы туған-ды. Кішкентай, ақ сарылау келген Әбдірахман қазір күлуге, талпынуға жарап қапты. Абайдың ең алғаш бейіл бере бастаған баласы осы.

Өзінің еті де, түсі де ақшыл келген. Бет бітімі дөңгелек емес, сопақтау және жұқалаң. Қасы, көзі қиылып тұр. Бар тұлғасында нәзік келген бекзадалық бар.

Ділдәнің бар баласы рең жағынан Абайға тартпай, шешеге тартып келеді. Бәрі де ақшыл сарғыш. Бірақ мына бала сонымен бірге туысты, сүйкімді. Абай Ділдәмен оңаша қоштасты. Көп сөз айтысқан жоқ. Татулық, тілеуестік арқасында қабақпен танысқан. Сөзге сараң, сырға сырдаң Ділдә бір-ақ тілек айтты:

— Көрі шешен бар, жас балаларың бар. Бізді ойламасаң да, соларды ескер. Көп сарғайтпай келе жүр! — деп күлген-ді. Оншалық күрсініп, қиналып қалатын емес. Ондайға Ділдә шорқақ. Ішінде көп нәрсе жүрмейді. Жүрер болса, қатқыл мінез, қатаңдау үнмен оп-оңай айтып қалып отыратын. Абай әйеліне кешіріммен қарап, иығынан қақты да:

— Мен желік іздеп бара жатқам жоқ, Адамшылық қасиетін іздеп барам!.. Соны ұққайсың! — деді.

Әбдірахманды киіндіріп тұрып, көтеріп қолына алып, шешесінің үйіне келді.

Бұл шақтарда недәуір қартайып қалған Ұлжан баласының жүзінен көз алмай, көп қарады.

Әбдірахманды өз қолына алып иіскеді де, Ділдәға берді. Аз ғана күрсініп қалып, Абайды да өз қасына тартып, бетінен сүйді. Қуаң тартқан жүзінде ана жүрегінің терең бір толқыны сезілді.

— Қарағым, әжең марқұм сені жалғызым деуші еді. Айналасындағы өзге өрен-жараны бір төбе болғанда, сен оған бір төбе едің. Есінде бар ма, жоқ па? Сырқаттанып жатқан шағында, зауал уақытында бір тілек айтып еді. Осы қарағымға өзгелердің тас бауыр, қатыбас мінезін бере көрме деген еді. Сол сөзді айтқан анаң да кетті!.. — деп тоқталыңқырап қалды.

Әжесі айтқан жаңағы сөз Абайдың есінде болатын. Қазірде өз шешесінің біраз өзгертіп айтқанын да түсінді. Ұлжан тағы да ойланып отырып:

— Заман сенікі, майдан сенікі. Соларыңның батуаны бол. Қай жолмен жүрсең мұратың орындалады. Оны енді бізден де өзің артық танитын болдың. Аяғыңа оралғы боламыз ба? Жолың болсын! — деді.

Абай анасын бала күндегідей құшақтады да, үндемей қоштасты. Ербол екеуі тысқа шығып, атқа мінерде, барлық ауыл ере шыққан. Дәл жөнелер кезде Ұлжан ат үстінде тұрған Абайды өзіне қарай шақыртып алып:

– Абайжан, Тойғұлының аулына бара кет. Әкелерің құда түсе кетіпті. Осы ауыл тегіс барсын деген екен. Мен қайдан сүйретіліп жүрейін. Бірақ сен бармасаң, тағы да бізге ренжиді. Жолшыбай аз аялдап кете берерсің! – деді.

Абай баруға уәде берді. Сонымен, барлық жұртпен тағы да ұзақ-ұзақ қоштасып, жүріп кетті.

Ұлжан айтқан Тойғұлының аулы дәл жолда емес. Бұл арадан қиғашырақ, Орда тауының бөктерінде. Бірақ Семей жаққа Жидебайдан гөрі кірісірек.

Тойғұлы – Мамай руының үлкен байы. Түбірлі, шоғырлы жердің бір шоқысы еді. Сонымен Құнанбай осы қыста құда болатын бопты. Қыс жақсы, мал күйлі болғандықтан, Тойғұлы құдаларға уақыт айтқан екен. Қыз алатын Құнанбай жағы. Енді құда түспекке, қонақ боп қайтпаққа сол Тойғұлы аулына Құнанбайлар барыпты.

Абай мен Ербол да келді. Құнанбай қасындағы ылғи қарт серіктері: бастығы Қаратай, жорға Жұмабай, Жақып сияқтылар. Тойғұлының үш тамы лық толы жиын. Күлкі, қызу дырду көп. Абайлар Құнанбай отырған үйге кіріп, үндемей әңгіме тыңдады. Сөздің көбін Қаратай бастап отыр.

Үлкендердің әңгімесі әр саққа соғып кеп, бір кезде заман мен заман арасын салғастыруға ауысты. Қаратай өздерінің жас кезін айтып, әкелер заманын еске алып кеп, бүгінгі заманның азғанын, бүгінгі адамның құнарсыз боп, жұтаң тартып бара жатқанын айтты.

Абай осы тұста мырс беріп күлді де, қиғаш сөйледі:

– Бұрынғы заманның жақсылығы со ма, қатар отырған бір туысқан елдер бірін-бірі шауып, шаншып, сойқаннан арылмаушы еді. Кемпір-шал, қатын-бала тыныштықпен ұйқы ұйықтап, түгелімен асын іше алмаушы еді. Осы тұрған Сыбан мен Тобықты арасында, Тобықты мен Семей арасында жалғыз-жарым қатынаса алмаушы еді. Алып кетеді, жұлып кетеді деп, ылғи ғана жасанып жүруші едіңдер... Сол заман да жақсы ма екен? – деген.

Қарттар көнген жоқ. Ол күндерден әр түрлі қасиеттер тауып, барлықты, байлықты да санады. Бұрынғы адамның бітімді келетін ірілігін де айтты. Көпшіліктің сөзіне Құнанбай қосылып кеп, тағы бір салмақты дәлел тастады.

– Дәурен ұзаған сайын ақыр заман белгісі айқындай бермек. Адам құлқы өзгеріп, азғындай түседі. Біздің заманымыз өзге-өзгені қойғанда, пайғамбар заманына жақынырақ.

Бір табан жақын болса, ілкім артық та болар!.. – деген.

Абай осы сөзге іле жауап берді. Қазіргі күйде бұның көңілі шабыты келген ақындай боп, шарпысуды, қаржасуды тілеп отыр. Жайнап сергіген ойы да қиынға, биікке мегзегендей болатын.

– Жақсылық пен игілікке алыс-жақын жоқ. Алатаудың басы күнге жақын. Бірақ басында мәңгі кетпес мұз жатады. Ал бауырында неше түрлі гүл, жеміс, неше алуан нәубеттер өседі. Жан-жануарлардың баршасы содан қуат алады. Сіздер пайғамбарға Абуталыптан жақын емессіздер. Ол әкесі еді. Бірақ Абуталып кәпір болатын! – деді.

Үй тола жұрт күле беріп, басылып қалды. Құнанбай қатты зекіп қалып:

– Жә, тоқтат! – деді.

Абай таңқалып, алақанын жайды да, үндеген жоқ.

Қарттың бәрі өздерінің қатты жеңілгенін сезді. Үй іші осыдан соң күлкіден де, бейпіл әңгімеден де іркіліп, томсарып қалды. Абайға ішінен сүйсінген кісі Қаратай қасында отырған Жақыпты түртті де, күңк етіп:

– Мынау өзі аттатар емес! Бас салып, қарап тұр ғой! – деп қалды.

Аздан соң ет желінді. Абай мен Ербол енді жүрмек боп киіне бастады. Құнанбай да тысқа шықты.

Шығысымен Абайды шақырып алды да, жақын жердегі тастақ төбешікке кеп отырды. Әке мен бала оңаша. Көптен бергі бетпе-бет кездесулері осы.

Құнанбай салқын жүзбен кінәлай қарады:

– Сен оқыдың да, білім алдың, ұстаз көрдің. Біз надан өстік. Бірақ сол білімнің жұрт алдында ата сыйлауды неге білдірмейді саған? Көп көзінше таласып кеп, әкенді сүрінткенде не мұратқа жетпексің?

Әкесі жеңілгенін біліпті. Енді суық жүзі солғындап, үлкен бойы басылып, кішірейіп қалған. Әлдеқандай бала сияқты, кінә тағып, өкпе айтып отыр. Үлкен алдында жас қарызы, ата алдында бала қарызы – әдеп пен сый екені рас. Абай бұған дауласқысы келмеді.

– Ол кінәңіз орынды. Айып менде екені рас. Ғафу етіңіз! – деді.

Осымен сөз біткен шығар деп ойлады. Бірақ әкесінің тағы да бір айтпағы бар екен. Ол азырақ бөгеліп отырды да, қайта сөйледі.

– Орайы келгенде айтармын деп жүр едім. Сенің басыңнан үш түрлі мін көремін. Соны тыңда! – деді.

Абай:

– Айтыңыз, әке! – деп, Құнанбайдың жүзіне тура қарады да, тосып қалды.

– Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіңдегі барынды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылыңды шашасың. Жайдақсың! Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Екінші, дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Ішінде жатқан сыр ұшығы жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел үйірілмейді. Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің! – деді.

Бұл сөздердің түкпірін Абай оңай таныды. Жас жігіттің өз жүрегіндегі нәрім мен барым деп жүргендеріне шабуыл жасалып отыр. Әкеге ермей, өз өмірін өзгеше беттетем дегендегі көп сырлары осы арада болатын. Баласының басындағы басқалықты Құнанбай да танып, тауып айтты. Бірақ Абай ендігі өз ішін дүниенің қай күшіне болса да көндірмек емес. Намыскер жүректің ызалы толқыны білінді. Жаңа үйде отырған шақта пайда болған шабыт, қызу қайта келген еді. Бұл тұста әкесін аяп қала алмайды. Сөйлеп кетті:

– Осы үш айтқаныңыздың үшеуіне де дау айтам, әке. Өзімдікі дұрыс деп айтам. Ең әуелі, жайдақ суға теңгердіңіз. Қолында құралы бар жалғыз-жарымға ғана пайдасы тиетін шыңыраудағы су болғанша, құралды, құралсыз, көрі, жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын. Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз. Ел билейтіндердің мінезін айттыңыз. Менің білуімше, ел бір заманда қой сияқты болған. Бір қора қойды жалғыз қойшы “ай” десе өргізіп, “шайт” десе жусататын болған. Бертін келе, ел түйе сияқты болды. Алдына тас лақтырып “шөк” десең, аңырып барып қана бұрылады. Ал қазіргі ел бұрынғы көрбалалықтан, нашар, момындықтан сейіліп, көзін ашып келеді. Ендігі ел жылқы сияқты болды. Аяз бен боранда, жауын-шашында топ не көрсе, соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған, етегін төсек, жеңін жастық қылған бақташы ғана баға алады... Жанашыры бар, жақсылық пайдасы бар ғана кісі бағады... Үшінші, орысты айттыңыз. Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы – білім-өнер. Сол өнер

орыста. Мен барлық тірліктен ала алмаған асылды содан алатын болсам, ондай жер жатым бола ма?.. Жатырқап, қашықтауым надандық болса болар, бірақ қасиет болмас... – деді.

Құнанбай тындап болды да, күрсініп қойды. Шарасыздық ажары білінді. Бірақ үн қатқан жоқ. Сөз осымен біткен еді. Абай қоштасты да, жүріп кетті.

Дөң басында ауыр оймен жалғыз отырып қалған Құнанбай қиналған күйде. Тағы жеңілді. Баладан ғана жеңілген жоқ. Ендігі өмір мендеп барады. “Әлсіредің, тозарлық шағыңа жеттің” деп тықсырып кеп, шетке қағып барады.

Өз баласының аузынан естіген үн сол бір – “дәуренің өтті” деген суық сарынның қатаң лебі еді.

Абайдың Ақшоқыға соға кететін жұмысы бар-ды. Ордадан шығып, солай қисая жүрді. Жол жоқ. Бірақ қар жұқа болатын. Ербол екеуі сар желіп отырып, Есембайды бауырлап кеп, Тақырбұлақ тұсындағы жолға түсті.

Бір шақта қаладағы оқудан қайтып келе жатып, ауылды аңсап, асығып шапқан көк жазығы осы еді. Қазірде аппақ суық қар басқан. Алыстағы жоталар мен айналадағы өлкелер де панасыз, жүдеу. Айықпас ауыр мұңға батқан. Бұл күнде Абай көңіліне панасыз, кемтар көрінетін бар сахарасының, бар халқының күйі де осы рендес. Бір кезде нанғыш, таза бала жүрегі барлық рақат, бақыт осы қырда, ауылда деп алас ұрған болса, қазір Абай қайта жортып келеді. Енді бірақ сондағыдай үміт, бақыт тілегін қаладан іздеп, соны аңсап келеді.

Бұл уақытта Абайдың жасы 24-ке шыққан-ды. Көз алдынан өзі шегіп өткен жылдардың бірталай күйлері шұбатылып өте берді. Байқап қараса, өмірдің бірталай қат-қабатынан, шытырманьнан, бел-белесінен өтіпті. Бір шақта өрге басып, енді міне, қияға қарай да өрлеп келе жатқан тәрізді. Осындай өз тірлігінің бұраң жолын көрді.

Қияға қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң құздың басындағы тақыр құм мен тастақты жарып, әлсіз нәзік шешек атып, жас шынар пайда болған. Сондай бір өмір гүл шашқан. Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті, тау дауылы да қатер болудан қалған еді.

**ҒЫЛЫМИ
түсініктеме**



“Абай жолы”

(Бірінші кітап)

Эпопеяның алғашқы кітабы 1942 жылы жарық көрді. Осыдан кейін “Абай” (бірінші, екінші) 1947, 1948, 1949, “Ақын аға” (үшінші) 1950, “Абай жолы” (үшінші, төртінші кітап) деген атпен 1953, 1955 жылдары басылды. Барлығының біртұтастықта шығуы алты томдық шығармалар жинағында (1956–1957 жж.) және 1961 жылғы екі кітаптан тұратын жарияланымдар болды. Алғашқы кітап дүниеге келместен алдымен оның “Татьянаның қырдағы өні” (“Ақын үніне сахара мүлгіді”) деп аталатын тарауының үзіндісі “Қазақ әдебиеті” (1937. 10 ақпан) газеті мен “Әдебиет майданы” (1937. № 4. 57–59-бб.) журналында жарияланды. Ол кейіннен біраз өзгерту, толықтырулармен романның екінші кітабының ең соңғы тарауы болып енді. Романның тұтас қалпы он екі томдық шығармалар жинағының (1967–1969 жж.) 4, 5, 6, 7-томдарына, жиырма томдық шығармалар жинағының (1980–1981 жж.) 3, 4, 5, 6-томдарына енді. Роман-эпопеяның жеке басылуы оқушы сұраныстарына орай 1961 жылдан кейін жиырма жылдай өткенде ғана барып, 1989, 1997, 2000 жылдары жүзеге асты. Елу томдық академиялық толық басылымға осы айтылған жарияланымдар автор мұрағатындағы қолжазбалармен салыстыру нәтижесінде дайындалды.

Абақтыдан босанған жазушы бүгінгі заман, жаңа құрылыс тақырыбына бет бұрам, шығармалар арнаймын деп “Тұман айығарда”, “Колхоз үшін күрес”, “Тоғыз тарау” деп аталатын романдарына кірісіп те кетті. Алғашқысының жоспары, жалпы нобайы жазылды. “Тоғыз тарауға” байланысты жасалған келісім-шартта шығарманың сол жылы баспаға тапсырылатындығы көрсетілді. Осындай бағыттағы ұстанымдары мен еңбектенулерін 1934 жылы өткен жазушылардың бүкілодақтық тұңғыш съезі мүлде жаңа арнаға бұрып жіберді. Осы съезде Алексей Толстойдың “Бірінші Петр” романының жоғары бағаға ие болуы көңіл-күйіне айтып жеткізгісіз шуақты желік әкелді. Сондағы шуақты желік тусыған даланың әлдене өспекті, өнбекті тілегендей бусанған бір маужыр шағын орнықтырған сияқтанды.

Жиырманшы жылдардың аяғында Абылай тақырыбы мазаласа, енді әрқилы толғаныстар қайта-қайта Абай бітімін көлденең тарта берді. Мұның ақырында, батыс пен шығыстың аргы-бергі әдеби туындыларындағы осы тектес тұлғалардың

жасалуы бүкіл ішкі ой-дүниесін біржола меңгеріп алды. Осындағы шығармашылық үлгіге жарайды-ау дегендеріне ден қойғанда тек үйрену, қыр-сырын меңгеру үшін ғана емес, толғамдары мен шеберлік деңгейлері қай дәрежеде екенін біліп-түюді де басты мақсаты етті. Көне дәуірлерден бастап, бергі Польша, Бурже, Шатобриан, Альфред де Мюссе, Бенжамен Констан, Бульвер Литтон, Стендаль, Диккенс, орыстағы Степан Разин, Грибоедов, Пушкин туралы жазылған туындылар сияқты көптеген авторлардың осы салаға шығармалар арнауына ден қойды. Бұл ретте олардың шығарма өзегіне арқау етіп отырған адамдарының өмірі мен ортасы, айналасы, заманы, мінез ерекшеліктері, дәуір лебі қалай дараланды деген сұрақ ұдайы ойында тұрды. Осындай сұрақ, осындай байланыс толғаныстарының нәтижесі барып-барып ақыры 1937 жылдың 7 желтоқсанында жазушыны ақынды көрген, білген, қасында жүріп, қызметінде болған адамдармен сұхбаттасуға отырғызды. Сондағы алғаш әңгімелескендері: Сыдық Махмұдұлы, Тұмабай Наданбайұлы, Мадияр Түсіпұлы, Қатпа Қорамжанұлы, Әрхам Ысқақұлы. Бұлар: Абайдың бірі – туысы, бірі – атқосшысы және аралас-құраластығы бар жақын адамдар. Осылардың айтқандары жазылған алғашқы дәптерді жазушының өзі “Көне дәптер” деп атады, оның беташары: “Көш-жәнекей әңгіме айт деп, артынан өзі айтатын” деген Сыдықтың еске алу сөзімен басталады. Сыдық – романда “Кішкене молда” атанған Махмұдтың баласы. Махмұд Құнанбай, Абай тұсының да молдасы болды. Көп жиын, сапарлар кезінде ол Абай қасында еріп жүрді. Мұсақұл соғысында ерекше көзге түскен Құлыншақтың Тұрсынбай, Мұңсызбай, Сансызбай, Наданбай деген ұлдарының екеуін осы оқиғаның себепшісі болды деп Құнанбай Жетісуға жер аударады да, Мұңсызбайдың үйін Өсерге, Сансызбайдың үйін Жортарға қоңсы қып қосады. Бертін келе Жігітекпен татулық жөнінде сөз болғанда Абай Наданбай баласы Тұмабайды сұратып, қолына алады. Ол ақын аулына алғаш келген күнін: “Шеттің адамдары бір сөзбен келіп отыр екен. “Ей, балалар! Сендерге құдай береді. Аулың, отаныңа Абайды аға қып беріпті, енді Абайдың аузын бізге де босатып беріндерші!” деді”, – деп еске алады. Келімді-кетімділер еркін сөйлесулеріне мүмкіндік бермеген соң олар осыны айтқан. Осыдан аптасына бір-екі рет келіп-кетіп жүріп, ақыры ақын аулында тұрақтап қалады. Ол атқосшы болып жүріп, сол кездегі жиын, бас қосулардың көбін көзімен көрді.

Жігітектен – Кеңгірбай, одан Ералы, Көсе болса, Ералыдан – Бөжей, Көседен – Уайыс, Уайыстан – Түсіп, Түсіптен – Мадияр. Ол жазушыға Абайдың өмірдегі әдет-машығы, жүріс-тұрысы, мінез-қылықтары туралы көбірек дерек берді. Ал Абай өмірінің соңғы кезеңдерінен мол мағлұмат берген адамдардың бірі – Қатпа. Оның әкесі Қорамжан – Тайшекенің баласы. Құнанбай заманынан басталған араздық осы Қорамжанның Абай аулына келіп

тұрғанына шейін айыға қоймады. Жігітек Абайға қарсы топтың сойылын соғумен болды. Тәкежан жылқысын шабудан кейінгі және басқа да даулы істер тұсында Оразбай, Медеулер айыптың ауыр басын Жігітекке аударып кетіп отырды. Осының бәрі оларды Абаймен жақындасуға итермелейді. Абай оның жолын сұрағанда Бейсембі, Бұланабайлар: “Өзіміздің аузымыздан болмаса, арадағы шағыстырушылардың тілін алма”, – деп, өзі момын, адал, сөзі мен ісіне мығым Қорамжанды жібереді. Қорамжан алғашында ақынға жақындамай, өзін қашық ұстайды. Біртіндеп осы ауылдың ең жақын адамдарының біріне айналғаны сонша, Абай оған Оспаннан қалған сауданы жүргізуді сеніп тапсырады. “Келгенде жалғыз көкшолақ тай бар еді, қайтқанда бес-он қарамен қайттық. Үй ішімізді түгел киіндірді. Өзім қолында қалдым”, – дейді Қатпа.

Өмірінің соңғы кезеңін көз алдынан өткерген Қатпа оның отбасы, туған-туыс ортасындағы мінезі, күнделікті өмір қалпы, ақындығы, өзіне ғана тән адамдық қасиеттері, іс-әрекеттері жөнінде көп-көп сыр шертеді. Ол тазын білдірмеу үшін алғашында бас киімін шешпей жүреді, онысын сезгенде ақын “ұялма, ұяттың арты қорлық болады” деп, шашын алғыздырады. Кәмалия мен Пәкизатқа тымағын өртеттіреді және жұма сайын қасынан жібермей жалаңбас отырғызады, әнін тыңдайды, әсіресе, “Сақау қыз” деген әнін қайта-қайта айтқызып, оның арты немен аяқталғанына қызығушылығын білдіреді. Қозы бағып жүріп, бірде сусын ішу үшін Абай жатқан үйге кіргенде, Еркежан: “Абайдың ұйқысын бұзасың”, – дегенде, ол: “Біздің ұйқы бұзылады деп Қатпа аш кете ме, бұзылмасын десең бес бие байлап бер”, – дейді және емін-еркін кіріп шығуына мүмкіндік береді. Өзімен қатар қызмет істеп жүретін Жаңабай, Жетібай, Көтібайлардың Жетібайы Қатпаны боқтайды. Осыған қатты күйінген ол Абайға барғанда “Әубәкір тисе де айт”, – деп, оларды шақыртып алып: “Сендер маған кедей болып келіп ең, бүгін байсындар, енді рұқсат бердім, босаттым, жөндерінді табындар, тіпті ең болмаса Көтібайды отырғызбаймын”, – деп, Әубәкірдің ара түскеніне де қарамай оларды сол күні-ақ көшіріп жібереді.

Ақын аулының көші-қоны жайын Қатпа былай баяндаған: “Жазғытұрым апрель ішінде қыстаудан көшіп, Байтөбетке қонады. Күзек қар бар. Одан Тақырбұлаққа, одан Көкүйірім, одан Қасқабұлақ, одан Тұмаға, кейде осылай да жылқыны келтірмей топ үстіне көшіп барады. Кейде Тақырбұлаққа қонбай, Ырсай көліне қонады, құсын аулай да барады. Бұл көш – бір жолғы көш. Қайта көшкенде кейде Ералыға қонып, ауызсуды Ералыдан ішіп, жылқыны Ырсай көлінен суғарады. Қыстауына майдың аяғында қайтады, бірақ шалғынына мал жібермей қорынады. Содан сыртқа қарай Көлқайнар қонады. Домалақтөбе, Шыңғыстау бөктері, содан Ақбұлаққа қонады. Көшекпен асады. Іркіт салатын, бәйбішелер мінетін арбалар болады, сондықтан жайлы асумен асады. Ақбұлақ – күнгедей, соған қонады. Одан Барлыбай жазығы,

Тонашаның өзеніне қонады, одан көшкенде Әулиетасының өзеніне түнейді, шатқалаң болады. Одан кейін Байқошқарға қонады, кейде Көкшеден қоныс сұрап алып, Бақанасқа да қонады. Бақанасқа барарда Қарақұнан, Боғаспен немесе Кішекеңмен көлденең асады, онда Саркөлге қонады. Қарақұнан – Ақбайталдың шығыс жағы, Қырғыз шатының батыс жағы” (29-бума, 197–198-бб.).

Тұмабайдың, Мадиярдың, Сыдық пен Әрхамның естеліктерінде және сәл кейінірек жазып алған Хасен ақсақал мен Бүкең Жиреншеұлының әңгімелерінде Құнанбайға қатысты деректер көп кездеседі. Оның әр алуан мінез қыры бұған дейінгі жарық көрген зерттеулерінде де айтылған. Бұл жолғы назарды жазушы көркемдік тұрғысына сәйкес келетіндеріне басымырақ аударды. Әрине, сол жинаған деректерінің бәрін бірдей кәдеге жарата бермеді және бейнелердің жан-жақтылығын арттырып, тереңдете, типтендіре түсуде олардың бірде-бірінің пайдаға аспай қалғаны жоқ.

Ел айтуындағы әңгімелерге қарағанда, аға сұлтан, тақуа, діндар Құнанбайдың ел істеген істі істегендігі, күнәлі, қиянатты, пенделік әрекеттерге де барғандығы көрінеді. Құс та салған, аңшылықты да қызықтаған, сын да айтқан, ортасына, айналасына тән тіршілік-болмысты бастан өткерген. Сыншылығы – бәйгеге қосыңыз деп, Тортөбел деген атты көлденең тартқанда, олай-былай жүргізіп, көріп алып: “Ұрлыққа мінген екен, бағы қайтқан екен – келмейді, сою керек”, – деп, асқа бармай, кері қайтып кетуінен де байқалады.

Ол Тобықтының старшыны, аға сұлтаны қызметін атқарып жүрген кезінде қасындағы ең жақын атарманы Бөжей болады. Бөжеймен құрдас Майбасар “орнынды маған ки” деп жүріп, ақыры оны Құнанбаймен араздастырып тынады. Ол күндерде Көкшені Қаратай, Көтібақты Байсал, Торғайды Құлыншақ, Кішекенді Түсіп билеп тұрған, олардың бәрі де Құнанбайға қарсы жаққа шығады. Солар бар, атакты би Қисық, тағы басқалар бар – Қаратай аулында топ құрып отырғанда Арғын-Найманның жақсысы, шешені кім деген сөз шығып қалады. Қисық “кім шешен?”, “кім мырза?” – дегенде, Қаратай: “Құнанбай”, – дейді. Осыдан кейінгі біраз әңгімеден соң, “Қаратай сөзді бұрып алды”, – деп топ тарап кетеді. Сол бөліну, сондай топ құрудың соңы барып Тоқпамбет пен Мұсақұлдағы төбелеске жалғасады.

Тоқпамбет – Бөжейдің қыстауы. Әуелі аттарын қуып алысады, соңы ауылды шабуға жалғасады. Жеңген Құнанбай Бөжейден бастап, тығылғандардың барлығына дүре соқтырады. Сонда Әлжан оқталып, Құнанбайды атпақ болғанда, Бөжей атқызбайды. Араздық мұнымен бітпей, Құлыншақ балаларының Майбасар мен атшабарларды сабауы себеп болып, Мұсақұл оқиғасын тудырады. Құнанбай қолы Жидебайға, Жігітек қолы Мұсақұлға жиналады, ат құйрығын сүзіп алып, шабысуы үш күнге созылады. Даудың арты ушығып, екі жағы да Қарқаралыға барады, бітім сұрап арада

Тәттімбет пен Баймұрын жүреді. Құнанбай иліге қоймайды, бұған намыстанған Баймұрын қарсы жақты бие сойып шақырады да, Құнанбайды шақырмайды. Сонда Арғынның ақ серкесі атанған Алшынбайға Құнанбай: “Менің жауыма неге асын береді?” – дегенді айтады. Бұны естіген Баймұрын да Алшынбайға келіп: “Шолақ байтал Тобықты менің теңім бе еді, менің асымды билемек пе!” – деп, “Арғынға сөзін бермеді” деп ашуланып, атын басқа сабап, алды-артына қарамай кетеді. Ақыры татуластырады, татулықтың белгісі болсын деп бала алмастырады. Құнанбай Айғыздан туған Кәмшатқа бума-бума мата, үш тайтұяқ жамбы, бір күң қосып береді. Көп ұзамай қыздың да, күннің де өлгені белгілі болады, жақсы қарамады деген сөз шығады. Бұлардың араздығы ертеректе басталған. Бөжеймен құрдас Майбасар “Саған бір олжа түскелі тұр, соны маған қи” деп жүріп, старшындықты сұрап алады. Оның шолақ мінездері әбден ығыр қылған соң, Бөжей ол қызметін Құнанбайдан қайта сұрайды. Құнанбай “өзің бердің, өзің ал” деп ыңғай білдірмей қояды. Бұл өкпеге Өскенбайдың асында Мұрын Бөжей (Бөжейдің нағашысы) “Тобықтыдағы ақымды алып бер”, – деп қолқа салғанда, Құнанбайдың құлақ аспауы қосылып, Бөжей, Қаратай, Жиеншоралар астың аяғын күтпей кетіп қалады. Үйінде жатып, осылардың бәрін естіген Сүйіндік:

“Қырық үйліні бірінің етін біріне жегізіп ең,
Өз асың да бұзылды-ау, Өскенеке”, –

дегенді айтады. Осындағы Қырық үйлі деп отырғаны – Көкендегі Уақ. Олардың өзара қырқысы кезінде Қонай деген батырын қолдаған Құнанбай қарсы жақтың қамыс ішіне тығылғандарын өрт қойғызып шығарып, қуғызып жүріп дүрелеттіреді. Осы Қонайдың сұлу тоқалын Базаралы әдейі іздеп барып бетінен сүйгенде, “Япыр-ай, өзі көрі, көңілі жас мына кісі кім еді”, – дейді. Сонда: “Қарағым-ау, әлгі арсыз Базаралымын ғой”, – депті.

“Мына жақтан келеді ақ найзалы,
Ақылымнан таппадым еш пайданы.
Тіленімнің қатыны ұл табады,
Оның атын қойсын-ау, бай Байдалы”, –

деген Кеңгірбайдың тағы бір ұлы Ералыдан Бөжей туады. Бөжейдің шешесі жынданса да алады, ұзатыларда: “Жындым, саған ден қоймаушы ем, енді өнеріңді көрсет”, – деп, ат тізгінімен салып қалып, алып жүреді. Келген соң тілін тестіреді, одан түзелгенімен толық айығып кете қоймапты. Туған-туыстары жындыны алғанына кінә артқандай болғанында, “Осы шіркіннен бір Бөжей туа ма деп жұрмін ғой”, – дейді.

Ағайынның әрқилы дау-шары тұсында көбірек көзге түсетін Қаратай Құнанбаймен бірде тату, бірде араз жағдайында көрінеді. Олардың Аягөзге сапарынан осындай шындықтың бір қыры елес береді. Жолда Құнанбайдың аты үркіп, ұстатпай оны көп әуреге салады. Бектас, Нұрбайлармен келісіп алғандай Қаратай атты ұстасуға онша құлық танытпайды. Осыны ішке түйген Құнанбай елге оралған соң бәрін де шақыртып алып, қоныстарынан көшуге бұйрық береді, жанында отырған билері оны құптағандай сыңай танытады. Қарсылығын көргенде Құнанбай шабармандарына әмір етіп, оларды аяқтарынан төмен қарай салбыратып ілгізіп тастайды. Бұғағы түсіп тұратын семіз Қаратай құсады. Құнанбай “енді де кетпейсің бе?” дегенде, ол: “Сенің мына зәрің мені кетірмей қоймас. Сен тек отыратын болсаң, мен кетейін...” – дейді. Артық кеткенін ұғынған Құнанбай, “айыбыма” деп жүз тұсақ беріп жібереді. Тағы бірде осы Қаратай мен Бектастың аулында сияз өткіздірмек болып, соған үй, сойыс дайындауға бұйрық береді. Сонда Бектас: “Е-е, Құнанбай! Жарқырап жаз шықпаушы ма еді. Күркіреп күн шықпаушы ма еді. Қыстың айы алтау еді, енді сенімен жетеу болды ма”, – дейді. Сонда Құнанбай күліп-күліп, атын ерттетіп, жүріп кетіпті. Осындай-осындай істер болғанмен, олардың өзара алыс-беріс, қарым-қатынастарында жұмбағы, сыры мол есеп жатқандығы аңғарылады. Оның бір алуаны мына бір сөздерден де анық сезіледі. Бір жер мәселесінде Дүтбай Қаратайға “жердің бәрін беріп қойдың” дегенде: “Менің бағыма төрт аяғын емшек тағалы қылып, Құнанбайды бермеді ме”, – деп ашуланады және “Құнанбай жақсы еді, мен жан сақтауға қаншама барған едім. Байсал да жаман, бір Құнанбайдан кем болғанға несі кетеді. Бөжей де ақылды емес, менің азғырғаным алданда, ақылдысы қайсы. Мен Көкшені аман алып қаламын деп алдадым”, – дегені де бар. (29-бума, 138-б.) Көгібақ Байсал 59 жасында дүниеден өтеді. Оны баласы Орынқожаға қатты ұқсайды дейді. Қараторы, жіңішке, имектеу, ұзын, қызыл, қой көз, сұлу кісі болыпты. Жігітек жағына шыққанымен, бір жер мәселесі кезінде келіспей қалып, Құнанбай жағына қайта икемделеді. Сондықтан да Құнанбайды елге әкеп тергегенде, ол көп шындықты жасырып, жеңілдете айтады.

Енді мына әңгімеден олардың басқа қыры, тағы да бірде тату, бірде араздығының белгісі көрінеді. Мұнда Құнанбайдың Керей ішіндегі бір жиынға алдын ала Қаратайларды жібергендігі сөз болады. Аға сұлтанның келерін білген ел үй тігіп, сойыс жинап, әбігерге түсіп қалады. Осыны көрген бір төре: “Бір соқыр қазақ келеді деп, соншама әбігер болғандарың не?” – деп, Керейдің басшы адамдарына ренішін білдіреді. Сонда Қаратай: “Ұлыққан ит көштен қалады, адасқан төбет елден қалады деген. Басы шыр айнала көз кісіні соқыр дегені несі”, – деп, жанындағы Байысқа қарайды. Сонда ол: “Ей, Қаратай-ай! Кей айуан бар – шөп жейді, кей айуан бар – боқ жейді. Жылқы өз даусымен кісінейді, сиыр

өз даусымен мәңірейді, ит өз даусымен үреді, сол сияқты бір төре-дағы”, – дейді. Осы Байыстың Жігітек Хангелге:

“Сен балапан иек қанды ауыз,
Арам менен адалды
Қабат жеген базды ауыз.
Әкесі мен шешесін
Атаусыз қалдырған жалмауыз.
Сен бие шуы шикі бет,
Елге күлген бәлекет,
Маған салсаң, әрмен кет”

және:

“Кердең-кердең, кердең бас,
Кердендеген ердең бас.
Кейде табар, кейде таппас жігітсің,
Ай, көпір-ай,
Сағымдай құбылып,
Сабындай бұзылып,
Әрі сайтан, әрі жын
Әлде өтірік, әлде шын”, –

деп, Олжай есімді адамға айтқан сөзі бар. Ал, қажылық сапарына Құнанбай Ызғұттыны ерткен. Ол Қаракерейдің Жанболатынан тарайтын Тоқабай деген атасына барған қарындасы Тайбаладан туған, оның шын аты – Шибай, Құнанбай бала қылып асырап алған. Өз әкесі Мұхаметжан, оның әкесі Нұран, келген ізі, жолы құтты болды деп ауыл оны Ызғұтты атандырып жіберген. Қажылық сапарына Құнанбай осыны ерткен, бұлармен бірге Зейнептің әкесі Өндірбай да барған.

Қонысқа да, жайылымға да жайлы Қарашоқыны Құнанбайдың үлкен әйелі Күнке мекен етеді. Дерек берушілер бұл жерден Қодар күнәсі үшін айрылды деген бейім танытады. Бірақ іздене, ойлана-толғана келе мұның басқа да қыры қылаң беріп, бұл дүниеде істеген ісіңнің ақиретке кетпейтіні ойға оралады. Кезінде отызға дейін жеткен Ырғызбайдан тарайтын ауылдар келе-келе көбесі сәгілгендей ыдырап, селдіреп қалғаны, ал, ішінде Шәкәрім бар, кейінгі ұрпақтардың небір трагедиялық халдерді бастан өткергені шарифат заңымен де, тіпті, қазақы салттың жолымен алғанда да бұл дүниеде істелген істің, қиянаттың қайтарымы, соның ішінде біреудің қазасына ортақтасудың ақыры ауыр болатыны, ол ешқандай жол-жорамен ақталмайтыны, ақыры барып бір жауапқа тірелуінің хақ екені көкейге түйілгендей болды.

Заманының шешендік толғау толғарлық қасиеті Құнанбай бойына да дарыған.

“Байтал жүйрік – барқы жоқ,
Қатын жүйрік – нарқы жоқ,
Қасқыр жүйрік – желіс жоқ,
Түлкі жүйрік – дыбыс жоқ,
Күннің беті қызыл – исі жоқ,
Құлдың мойны жуан – күші жоқ,
О құлдың ата-анасын біреу өлтірсе,
Ар-намыспен ісі жоқ”, –

деген сияқты нақылдық ойларды көптеп айтқан. Ол Абайдың айналасындағы достарын онша құптай қоймаған. “Ерболдың басын Ыбырай алады, Ыбырайдың басын Ербол алады”, – дегені соның бірі ғана. Күшік Тобықты сайлауы кезінде Ербол Абай қарсыластары жағына шығып кетеді, сонда шарын Оспанға емес, Бөкенші Құнтуға салады және оны ұйымдастырушылардың ісіне атсалысады. Сенген адамының осыншалықты төмендікке баруы, алдауы ақын жанын, сенгіш көңілін қатты күйзелдіреді. “Көңілім қайтты дастан да, дұшпаннан да”, – дегенді осыдан кейін айтады. Ерболға: “Жаманқұл мен сенің басыңдағы боғыңды алып ем, сен менің басымдағы шоғымды алдың ба? Жылан үш кессе де, кесірткелік әлі бар”, – дейді (29-бума, 213-б.). Ербол Семейден қайтып келе жатып ауырып, кенеттен жол үстінде қайтыс болады, қабірі басындағы кесенені Абай тұрғыздырады. Осы кезде Оразбай мен Жиренше Шәкәрімге де кісі салады, ол астыртын тілеулестігін білдіргенмен, Абайдың қасынан кете алмайтынын айтады.

Құнанбайды Көкүйірім басынан Ақшоқыдағы бейігіне дейін, шайқалады деп, жиырма-отыз жігіт көтеріп апарады. Келесі жылында оның асын бергізбеген Абай есесіне Найман, Уақ, Керей, Шаған – бәрін шақырып, дүрия, шайы байлаған мал, ішік, киімді көп таратады. Қуандық, Уақ: “Ұл туса Абайдай тусын, бұндай байлаған жолды көрген емеспіз. Бір ғана айып болды, ең жақсы ішікті Алтайға берді”, – дегенде, Жиренше: “Уақты теңгермегені шығар”, – депті. Ал, бұны Абайдың ас берудегі жаңа үлгісі деуге болады. Өйткені әдеттегі астардың ертеден қалыптанған, халықтық дәстүрге айналған жол-жоралғылары бар. Оны Есім хан асы, Абылай хан асы, Қаздауысты Қазыбек би, Наймандағы Нарынбай мен Құттыбай асы дейтін астардан көруге болады. Қазақтың ұғымында “Ас өлік үшін ғана емес, әсіресе, тірілер үшін керек. Олар өлімді сылтау етіп өздерінің абыройын, атағын, мақтанын, айдынын да асырады. Сондықтан асты кім болса сол жасамайды, тек жуан, бай, құдіреті күштілер ғана жасайды. Өмірде “кедейдің асы” деген ас болмайтын себебі де сол. Ал атақтыға, жуанға, мықтыға жасалған ас сол өліктің артқы тобын тағы нықтап, мықтай түседі. Сол үшін ас бергендер өз әрекетін жаңағыдай көпке әшкерелеуге ынтық болады”, – дейді. Ас белгіленгеннен кейін

сауын айтылады, ол жерге бөгде ел қонбайды. Асқа алыс-жақын елдер шақырылады. Осының себебімен өздерінің арыз, дау-шарлары да шешіліп қалып жатады. Алдымен ағаш басына жас болса – қызыл, көрі болса – ақ, орта жаста болса – бір жағы ақ, бір жағы қызыл, егер төре болса – өздерінің қызыл, ақ, көк тулары тігіледі, ал тұтас қара болса, онда ол ас беріледі дегеннің белгісін білдіреді. Бұдан басқа бейіт басына күмбез орнату да өзіндік жол-жоралғымен өтеді, оны “кіші ас” немесе “бейіт асы”, “бейіт басы” деп те атайды. Бұнда да ат шаптырылады, кіші асқа екі жүз, үлкеніне үш жүз, одан да көп үйлер тігіліп, күрес, жорға жарыс, бәйгелер өткізіледі. Астың малы сойылудың алдында “ошақ асы” жасалып, құнан бәйгесін шаптырады. Мұндай шаралар көпшіліктің ұйымшылдығы нәтижесінде жүзеге асатын болғандықтан, “Аза – азада, сауға – сауғада, олжа – олжада қайтады” және “Өлім көркі – жыламақ, дін көркі – жырламақ”, “Мәйітке ғазап қылдырдың, періштеге мазақ қылдырдың” деген сөздер де айтылады. Аңыз бойынша қазақ-қалмаққа белгілі Есім ханның Сарыпқұласы өзінің асына сойылыпты. Сарып аталуының себебі, ол жай жүргенде ақсап, бәйгеге қосқанда жазылып кетеді екен.

Бұл жерде қаламгер құдалық, қалыңмал, жасау, енші, елеулі күндер, мүшелге қатысты ертеден келе жатқан салттарға қатысты сөздер мен таным-ұғымдарға да айрықша көңіл аударды. Олар – накыл сөздер, мақал-мәтелдер мен тақпақтар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар болса, солардың қатарына “Мен кедейдің Жәкесімін, жетім менен жесірдің әкесімін” дейтін Жәке Қойтанұлының сөздері де жатады. Ол билікте әділ, шешен, адал адам болыпты. 1830 жылы Маңырақ, Сауыр тауларының етегінде дүниеге келген ол 1914 жылы өмірден өтеді. Оның:

“Бағы жоқ басқа жаудыраған көз бітеді,
Дуасы жоқ ауызға саудыраған сөз бітеді.

Кереге бойы кер жусан,
Кертөбел жесе ас болмайды.
Кер кеткен ел күнде жиылса,
Кенесі оңбайды.

Таяз ой сырды батырмас,
Қисық оқ түзу атылмас.
Ойлы құлақ, мұлы бас
Көздеп айтпай шатылмас.

Білім – бақтың жібермейтін қазығы,
Білімсіз бақ – әлдекімнің азығы.
Ғылым түбі – теңіз, ішсе сусын қанады,
Надандық түбі – өгіз, мінсе боқты жағады.

Сүйреңдеген шешеннен құлақтың құрышы қанады,
Сүйретпелі байлардан қарынның бұрышы толады.

Ханға бергісіз қара бар,
Қылышқа бергісіз ара бар.
Кей қараның сөздері
Хан сөзіне барабар”, –

деген сияқты сөздері қатты қызықтырды. Осы Жәке бидің баласы Қабылдың да айтқан деректері көп болды. Осылардың алғашқысы жоғарыда айтылған Қаратай мен Байыстың Керей ішіндегі жиынға баруы болса, кейінгісі – Байжігіт Құрбан мен Шүршіттің қажылық сапарына аттанар алдында, Семейдегі Абай жатқан үйге соғуы жайындағы әңгіме. Сонда Шүршіт Абайға тізерлеп келіп қолын бергенде, қасындағы Құрбан амандаспай төрге барып отырып алады. Шүршіт: “Абай мырзаға неге қол бермедің?” – дегенде, “Үш жүздің хантайы емес, Арғынның Алтайы емес, Найманның Садыры мен Матайы емес, ақ тобық аттың бәйгесінен келген Тобықтыдан несіне қорқып жалпақтайын”, – дейді. Абай оның бетіне бажайлай қарағаннан басқа тіл қата қоймапты. Сонда ғана Құрбан: “Абай мырза, тау болса асқар бел едіңіз – белге шығып дем алатын, су болса шалқар көл едіңіз – көбігіңізден тартып сусындайтын. Дүниені тәрк қып қажы жолына кетіп бара жатқан соң зауық үшін бір ауыр сөз қаттым”, – деп орнынан тұрып кеп, Абайдың қолын алады. Мекеден оралған тұста олар тағы да Абай тоқтаған үйге барады. Дастарқан жайылып, шай келеді. Абайға: “Нан – иман деген, нан жеңіз”, – дейді Құрбан. Осы кезде Абай: “Апыр-ай, “естімеген елде көп, есек мінген сартта көп” – деуші еді. Нан иман болса, иманның көбі Ресейдің мұжығында екен ғой”, – дегенде, Құрбан үн қатпай отырып қалады, өйткені оның арғы тегі сарт екен.

Осы Қабыл мен Нұрлыбек Түйтеұлынан жаңылтпаш пен өтірік өлеңнің, нақылдар мен толғау сөздердің алуан түрлерін жазып алады.

Үш жігіт тәуекел деп шықты жолға,
Мінгені үшеуара жалғыз жорға.
Үшеуі мінгесіп ап жөнелгенде,
Кетеді ағып-ағып жолмен жолға.

Шешуі:

Ат міндім қарала аяқ қандаған,
Келгенде қарсы жерге табандаған.
Жігіттер, білгіш болсаң шешуін айт,
Жиылып жеті молда таба алмаған.

Шешуі:

Бар еді бір қара өгіз тесік өкпе,
Дамылсыз қылар қызмет қанша көпке.
Бұйдалап белге орасаң тоқтатпайды,
Күшке көнбес жануар көнер епке.
Ақ шашақ, жалпақ табан, сыңар құлақ,
Ғажайып және аузынан ағар бұлақ.
Ер ерттеп ер-тоқымға мінерінде,
Ұстай ал құйрығынан жылдамырақ.

Шешуі:

Жапанда бір от көрдім жанып тұрған,
Шарпуы аспан көкке барып тұрған.
Осы оттың ыстығы бар неше есе артық,
Қызуы жер мен көкті алып тұрған.
Ішінде қатқан суық бір мұз жатыр,
Япыр-ай, еріп кетпей неғып тұрған.
Құрсауы от пен мұздың жалғыз-ақ қыл,
Мұзды ерітпей, от жібермей бағып тұрған.
Шешуін дәл айырып орнына қой,
Шын білгіш жүйрік болсаң барып тұрған –

Шешуі:

дегендей жұмбақтар;

Атанбай соққан ұшқат оқ,
Жуан бақан қолға тоқ.

Қырдың қызыл түлкісі,
Қуыс құлақ бұлтындақ.
Жаңа түскен жеңешем,
Қызыл тырнақ жылтылдақ.

Тайдай тал түс болғанда,
Тай тағаласпақшы емес пе ең?
Тарғақты тақыр жерге тайғанақтатпай,
Қайырып келіп жұмыртқалатпақшы емес пе ең –

дегендей жаңылтпаштар;

Жел соғады, дауылдатып тұрады,
Ұйтқып, жүйткіп, алай-түлей қылады.
Кейде боран, кейде дауыл, кейде іскек,
Кейде ақырын сап болады, тынады.

Бітісі жаман қамысты су ішінен өрт қылады,
Туысы жаман жігітті түйе үстінен ит қабады.

Бай төбеті аңқылдап, байсал тауып үрген тау,
Балалы қаздай байпаңдап, бөйбіше дәурен сүрген тау,
Ақ бүркеншік салынып, ала берен киген тау.

Күрт бергенге күрт берем,
Сырт бергенге сырт берем.
Бергің келген кісіге
Токтыңды алып соқ та отыр,
Бергің келмес кісіні
Қу сөзбенен қақ та отыр.

Жорға мінген тақымының құрышын қандырып,
желдіріп отырады.
Қыран салған жігіт құмардан шығарып,
ілдіріп отырады.
Жақсымен жолдас болсаң, көңіл ашып күлдіріп отырады,
Жаман қабағын жауып, үй ішін бүлдіріп отырады.

Жолың болсын демей сөз табылмайды,
Жоғары шық демей орын табылмайды –

сияқты тақпақ, мақал-мәтелдерге тарихтағы белгілі тұлғалар-
дың мына секілді шешендік нақыл сөздері жалғасады.

Кей ақымақ аузымен айды алады,
Қолымен қосаяқ соға алмайды.
(Бөлтірік)

Көрінбеген білімнен келбет артық.
(Құлайғыр)

Отқа салып ерітсең, алтын, сірә, жез болмас,
Аяққа шұлғау қылсаң да, асыл жібек бөз болмас.
(Орманбет би)

Арыстан айға шауып мертіксе,
Артында қалған баласы арыстандық етпес деменіз.
Ақсұңқар торға іліксе, ұяда қалған балапан
Темір қанат болған соң, үйрек ілмес деменіз.
(Арғын Шоқай би)

Темір етік тоздырсаң,
Темір таяқ жонарсың.
Қорғасындай толқып балқысаң,
Бейнет көріп алкынсаң –

Мақсұтты тура табарсың,
Қарадан хан қойсаң, қасиеті болмайды,
Үлгісізден би қойсаң, өсиеті болмайды.

Тұмау түбі құрт болар, тұман түбі жұт болар.

Өгіз мүйізді сиырдың сүті болмас,
Сиыр мүйізді өгіздің күші болмас.

Жастық – жалын, көрілік – күл,
Қарап отырғанша бір нәрсеге жарап отыр.
(Машан би)

Мына төмендегі жазбаларына “28-беттен 187-бетке дейін 160 бет оқыдым, бәрі Торайғыр сөздері”, – деп жазыпты.

Тау туралы:
Өпек желі жер қағып, майы шығып тұрмаса.

Ақыр заман:
Бірлік сақтар қалпынан
Елің күдер үздірсе,
Ақыр заман сол болар.

Ар:
Ар деген – жанның азығы,
Адамдықтың қазығы.
Ар өлгенше өзің өл.
Ардан бұрын жанды бер,
Ар өлсе, тірлік не керек.

Тамақ:
Көктегі құсты торға әкеп,
Түздегі анды орға әкеп
Түсіретін тамақ-ай.
Билікті бұра бергізген,
Соңынан құлқын ергізген,
Адалдықтан бездіріп,
Тең қылатын өгізбен,
Тас тығылғыр тамақ-ай.

Көрік:
Аққу құс – көлдің көрігі,
Ер жігіт – елдің көрігі,
Орманды тау – жердің көрігі,
Адал сұлу – ердің көрігі,
Ұл мен қызы – жардың көрігі,
Әділдік іс – ардың көрігі.

Жылқы:
Ысқырса желге кетесің,
Айдаса жауға кетесің.

Мақал-мәтелдері:
Адалдық арды асырар, арамдық иман қашырар,
Ақыл – адам көрігі, ақылдың сабыр – серігі.

Жолдасын таппаған ер азады,
Басшысын таппаған ел азады.

Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен,
Қиянатқа көнбе, әділетке атса да көн.

Араздың бәрі жау емес, сөздің бәрі дау емес.
Ең үлкен жау – елдің жауы, ең үлкен дау – жердің дауы.

Ақын езден тұсалады, шешен сөзден тұсалады.

Ер қолынан іс келмес, сұңқардайын түйілмей,
Буып белін түйінбей, зердесін жігер қайрамай.
Ақ ауылдың сәні жоқ, топталып жылқы үйездеп,
Ноқталы құлын күйездеп, тартқан желі болмаса.
Шешендіктің сәні жоқ, сөзіне сүттей ел ұйып,
Қолтығына ел сыйып, басына бақыт қонбаса.
Қайырсыз биден пайда жоқ, нашарға жәрдемі тимесе,
Би мен бидің сәні жоқ, елін қорғай алмаса,
Тура жолға салмаса,
Ыстығына күймесе,
Суығына тоңбаса.
Елді бастар ер қайда, аға сұлтан асында,
Еліңді қамап көрге айда, барса келмес жерге айда.

Міне, ұлттық болмыс-шындықтардың арғы-бергісін саралаған қаламгер ақын мен оның замандастарын, заманын, елге белгілі адамдардың дүниелерін, халықтық мұралардың алуан-алуан үлгілерін біліп-түюге де айрықша ден қойды. Олардың тек-төркінін, тегі мен бітімін, өзге де қасиеттерін саралауды негізгі мақсаттарының бірі етті және барлығының Абаймен, оның болмысымен байланыстылығы қарастырылды.

Абайды “орта семіз, мойны қысқа, сондықтан ат үстінен бұрылып қарай алмай, ылғи атын бұрып, айналып қарайды” – дейді. Бір кітапты оқып отырып ол: “Мынау әйел мойны ұзын Айса бала емес, мойны жоқ мен емес – аралық екен-ау”, – депті. Жас кезінде келе жатқан ел адамдарына кезігіп қалып сәлем беріпті, былай шыға бере бір-біріне “ойпыр-ай, не көрдіңдер” деседі, сонда Жұмагелдінің Айтуары деген: “Мойны шолақ екен, қолы молақ екен – мінезі жеті атамызға жетпей тоқтамас”, –

дейді. Ол табиғатынан қолы ашық, береген, біреуге атын сынатып, артынан “ұнатып тұрсың ғой, онда ала ғой, игілігіңе мін” дейтіні де болады екен. “Қажының алды тар еді, содан малшы, жалшы аузына келгенін айтқыш болған”, – деп, өзі бала, келіндері мен көрші-қоландарына да алдын кең ұстауға тырысыпты.

Мадияр сырттағы Көкше жайлауында отырған Абай үйіне барғанын әңгімелейді. Барса, ол көгалға киіз төсетіп, көрпе-жастық салдырып, жалаң аяқ, жалаң бас, көйлек-дамбалшаң отыр екен. Насыбайын атады да, шақшасын екі аяғының арасына, борбайына қарай сырғытып жібереді. Аtpақ боп Мадияр қолын соза бергенде: “Қайда, қайда барасың, пәленшемді жұлайын деп пе ең”, – дейді. Содан ұялған Мадияр ертесіне Белағашқа асып кетеді. Сол кеткеннен еліне төрт жыл өткенде, Айтқазы өлгеннен кейін ғана қайтады. Кештетіп Абай үйіне келіп отыра бергенде, қыраулатып Раззақ кіріп келеді. Оның шақшасын сұрайды, сонда Абай: “Менікін неге алмайсың?” – дейді де, осыдан біраз жыл бұрынғы болған жайды есіне алады, “басымен алсаң да, қажеті өтелген” дейді. Біраздан соң: “Сен Көкбай шығарған Абылай өлеңін жаттадың ба, жаттасаң, Ақтау, Ортауды қалай шапты, сол жерін айтшы”, – дегенде, ол тілегін орындайды.

Осы алуандас деректерді жинауға және оны жазудың жол-жөнін қарастыруға қаламгер төрт жылдай уақытын жібереді. Бірінші кітабы 1939–1941 жылдар аралығында жазылады. Кейінгі басылымдардың барлығы да осы түпнұсқадан алыстап кете қоймайды. Не себептен екені белгісіз, бұндағы біраз көріністердің кейінгі басылымдарға енбей қалғаны және алынып тасталғаны бар. Өйткені көпшілігінде жазушының оларды сызғандары не басқадай белгілері кездеспейді. Олардан не көркемдікке, не мазмұнға нұқсан келтірерлік ешқандай олқылық-шикілік байқалмайды, көркемдік өзгерістер енгізуге әрекеттенгені де кездеспейді. Бұлардағы елеулі бір өзгеріс деп 1950 жылдарға дейінгі басылымдардағы Дулатқа қатысты жерлердің идеологиялық көзқарастың талабына сәйкес өзгертілгенін, басқалау құрылғандығын, оның аты Барласқа ауыстырылғанын, ондағы ойларға өзгешелеу сарын енгізгенін айтуға болады. Алғашқы қолжазбасында Дулатқа:

“Сырымды менің сұрасан,
Тұманың суық суынан.
Кеудеме қайғы толған соң,
Тұнық жырмен жуынам.
Сорғалаған нәсердей
Жырын тыңда Дулаттың.
Аға сұлтан, қазының
Ел сілкінді ісіне.
Ауылдың атқамінері –
Жемтікке қонған күшіген.
Майырдың алса бұйрығын,

Борбайға қысып құйрығын,
Ел пысығы жортады.
Өзі елді қорқытып,
Алдына түсіп томпаңдап.
Жарлылардың торпағы
Бір торпаққа он болып,
Пысықтардың ортағы.
Қарашығын алымы
Бай-кедейге бірдей боп,
Шаңыраққа салынып,
Ел ұйтқысы шайқалып,
Төгіліп судай аққаны-ай!” –

дегенді айтқыздырып еді, кейінгі Барластың аузына мынадай сөздерді салды:

“Құлағың сал жырыма,
Ойлана қара сырыма.
Шат-шадыман емеспін,
Құр құландай жортқанмен,
Құбылтып күй тартқанмен,
Қайғыдан Барлас құры ма?!
Аға сұлтан ұлық бар,
Елге мәлім қылықтар.
“Өл” дегенде өлмесең,
“Жүр” дегенде жүрмесең,
Малы құрым құрықтар,
Кісен салып құлыптар!

Старшын дейтін әкім бар,
Пайдасын көрер жақындар.
Қалың елі тек жемі,
Боранды күн тиіскен
Аш қасқырдай тақымдар...
...Жарлы, зарлы демейді,
Кеңінен салды көмейді.
Түгіменен түйесін
Жұтам десе, қай сорлы
Қалтқы болып бөгейді?
Соны көріп акынның
Аса түсіп ағы да,
Ажымы да көбейді”.

Бұл жерде де өлеңге ғана емес, ондағы ой желісінің мазмұнына да өзгертулер енгізіп отыр. Бұған барудағы себепті жазушының мына бір сөздерінің өзі-ақ көрсетіп тұр: “Қазір екі түрлі орынды себеп, дәлел бойынша мен Дулат атын романнан мүлде өшіремін де, оның орнына жаннан шығарылған, жиын бейне

ретінде суреттелетін – Барлас деген ақын атын қолданамын. Бұның бірінші себебі, 1951 жылы қазақ тарихы мен қазақ әдебиет тарихын зерттеудегі жіберілген идеялық-саясаттық өрескел қателіктер жөнінде партиялық әділ сын, қаулы-қарарлар туды. Осы ретте менің өзімнен де зор қателіктер болғанын партия сыны әділ, айқын ашты. Соның бірі осы Дулат, Шортанбай сияқты феодалдық-хандық салт-сананың жоқшыларын зиянды түрде дәріптей зерттеу болатын.

Әдебиетшілік зерттеу жөнінде бұрын мен ойлаған қателік пікірлер “Абай” романының осы тұсында жаңағыдай кертартпа сананың халыққа жат бірнеше ақындарының атын орынсыз атауды туғызған. Дулат соның бірі болғандықтан өшіремін, бұрынғы қатемді түзеу ретінде өшіремін. Бұл – бірінші себеп.

Екінші себеп, романдағы бейнеленген Дулат образы осы кітаптағы бар сөз, мінезі, әрекеті бойынша өмірлік, тарихтық нақтылы материалдан алынған образ емес. Автордың өзі жасаған, еркін суреттелген, жазушылық қиялдан туған образ болатын. Абайға жас күнінде жақсы әсер етерлік халық ақынын көрсетем деп, көп жақсы сыпаттарды жаннан шығара жазған болатынмын. Бұған ертерек кезде Дулаттікі деп сеніп жүрген едім. Енді бұл жөніндегі шындықтар ашылғанда, Дулатта зиянды санадан басқа қасиет қалмайды. Сондықтан ендігәрі тарихтағы теріс, жағымсыз адам Дулат атынан өзім тудырған тың образды тазартып, арылтып алу үшін бұрын ойдан шығарылған образға енді ойдан шығарған адам атын бердім. Және бұрын фольклор қолжазбасынан алынған Дулаттікі деп фальсификация жасалып жүрген жалалы өлеңдерді де алып тастадым. Өзім жасаған шартты образ Барласқа енді өзім жазған ауызша өлеңдер қостым. Кейінгі беттерде Шортанбай сияқты кейбір аттарды да осындағы айтылған себеппен әдейі өшірдім, өзгерттім”.

Бұндай ой, бұндай шешімге итермелеу 1947 жылы республиканың Орталық партия комитетінің “Қазақстан Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрескел қателіктер жөнінде” деп аталатын қаулысынан кейін басталып еді. Ұлтшылдықты, жау ниеттегі адамдарды әшкерелеу, саяси-идеялық қателіктер іздеу бұл тұста да тоқталмаған. 1951 жылы “Правда” газетіндегі “Қазақстан тарихының мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан зерттеу” атты мақала оны, тіпті, өршітіп жіберді. Дұрыс болмаса да, жоғарыдағыдай сөздерді жазуға барғыздырды, романына жоспарланбаған, мүлде ойында жоқ өзгерістер енгіздірді. “Өзімнің Абай жөніндегі еңбектеріммен байланысты бір топ мәселелерді сынап өту нәтижесінде өзімнің ендігі қарызым деп білетінім, Абай жайындағы шығармаларымды ерекше зер салып, негізгі түрде қадағалап қайта қарап өтуім керек және қажет тұстарымды қайта түзеп жазуым шарт. Бұл жөндегі міндеттерімді романдардың қайта басылу қарсаңында орындамақпын. Және де

Абай жөніндегі романдарымның соңғы кітабы – “Абай жолы” романының екінші кітабын идеялық, көркемдік жағынан мінсіз толық етіп аяқтауым шарт.

Бұл жөнде сын ретінде Кенесары мен Абайдан бұрынғы дәуір ақындарын көрсетудегі талаптардан басқа, Абайдың өзінің төңірегінде болған Көкбай, Шұбар, тағы басқалар сияқты адамдардың бейнесін сыпаттауды да қатты зер салып, қайта қарап өтпекпін. Бұрынғыдан да әшкерелей түсіп, олар жайынан қатал үкім шығарып, Абайдың жасырын жаулары етіп суреттеуім шарт” (“Менің қателерім”. 521-бума, 7-б.).

Осындай амалсыздықтың шараларына 1932 жылы барса, міне, енді тағы да қайталанып отыр. Ол кезде жаңа құрылыс, жаңа бетбұрыс, алғашқы бесжылдықтар ісін жүзеге асырушыларға арнап шығармалар жазамын десе, бұл жолы өмірлік көзқарас, бағыт ұстанымдарына идеологиялық талапқа сай өзгерістер енгіземін деп, тағы да өзін-өзі айыптап, өзін-өзі жоққа шығаруға дейін барды. Бұл қиянаттың ең ауыр жағы – жүзеге асырсам-ау, жаңа өрістерге қадам бассам-ау деген ойлары мен жоба-жоспарларының быт-шытын шығарып, одан жаңылдырып-жаңылыстырып жібергендігі еді.

Эпопеяның бірінші кітабы 1943 жылы Жазушылар одағының ұйымдастыруымен өткен үлкен жиында талқыланды. Баяндаманы белгілі әдебиет сыншысы Есмағамбет Ысмайылов жасады. Сол баяндама да, өзге ой-пікір білдірушілердің көпшілігінің сөздері де басшылықтың қас-қабағына қарай өткен сияқтанады. Ондай талқылау жазушыны қанағаттандырмады, ешқандай көмек, септігін тигізерлігі көрінбеді. Шығарма табиғатын дөп басар ойлардың көрінбегендігі көңіліне бір түрлі жабырқаушылық туғызды. Осы бет, осы бағытпен жиын өзінің аяқталар жеріне келді-ау деген кезде ғана бәрінен бөлек қияға өрлегендей ойды Ғабит Мүсірепов айтты. Қаншама қайталап оқысам да, ылғи жаңа бір ой, жаңа бір көркемдікті, бұрын байқамай кеткен тереңдікті табам дегендей, шығарманың көп-көп қасиеттерін көргендігі, оны шын көңіл, шын шынайылықпен ашқандағы жиын тынысына өзгеше леп, жеңілдік әкелді. Сонда ол ең негізгі деп екі ескертпесінің барын білдірді. Біріншісі – Қодар өлімі қазақ табиғатына сәйкеспейтін, онысы басқа жұрт көзіне қатал, мейірімсіз етіп көрсететін көрініс десе, екіншісі – жігіттердің келіншектерін айырбастаулары туралы болды. Екінші ескертпені жазушы қабыл алып, 1942 жылдан кейінгі басылымдардың ешқайсысына жібермей қойды. Сондағы келісім беріп, алып тастағаны мыналар еді:

“Осындай көп елдің баршасын қамтыған дырду, желіктің айрықша бір айғағы сияқты аса тосын бір жаңалық шықты. Ол әңгіменің ортасындағы адамдар – Құлыншақтың немересі Манас пен Жігітек ішіндегі соның құрдасы Қарахан болатын.

Көп қуаныш ішінде Манас пен Қарахан қуанышы, тіпті, бір бөлек, өзгеше боп көзге түсе беретін. Бұлар ат үстінде болса бірде

сабаласып, жарысып, бірде аударысып, бірде сол ат үстінен құшақтасып, қосыла ән салып кетеді. Торғай мен Жігітектің үлкендері бұл екеуінің қызығына қарап, айрықша ырза боп сүйсіне түсетін.

Кешкі уақытта қоналқаға да екеуі жұбын жазбай бірге түседі. Айналасына оралып, қошемет қып жүрген өзге құрбы-құрдастары да көп болды. Сонда желікті, дырдулы топ бір күні Қарахан үйіне кеп түсті. Жиынға арнап, сақтап отырған мол қымыз бар екен. Аса бір күшті қою қымыз... Күзгі қымыздың өзгеше баптысы екен. Келген жұрт сілейе ішіп, қатты қызып алып әнге басты.

Жекелеп айтқан, қосылып шулаған дырду ортасында бір кезде Манас секіріп барып, құрдастық ретімен Қараханның сары қызыл келіншегін құшақтап алды да, қасына отырғызды. Ерікке қоймай өзімен бірге ән салғызып отырды. Әнге соншалық ұста, қалжыңға жүйрік, өзі оңды, ашық-жарқын келіншек Манасқа ұнап еді. Ол Қарахан көзінше бұл келіншекті құрдастық жолмен аймалап сүйіп отырып, бір кезде Қараханды қасына шақырып алды да:

– Уай, Қарахан! Осы екеуміздің достығымызда шек бар ма? – деді.

Қарахан:

– Жоқ! – деді.

– Ал қуанышымызда... Майбасарды сабаған, Құнанбайды қуған қуанышымызда шек бар ма!

– Оған да шек жоқ!

– Ендеше, сол қуаныштың айта қалғандай бір серпінін екеуміз неге көрсетпейміз?

– Ал аташы, көрсетші!

– Мен айтайын, тек сертте тұрамысың?

– Сен мені жарға жықпассың! Тәуекел, тұрайын!

– Олай болса, екеуміз өзгеше бір туысайықшы!

– Ол қалай? Сенде де, менде де бала жоқ!

– Бала қажет емес!

– Енді қайтелік? Тамыр десе тамырмыз! Дос десе доспыз!

– Тапшы, көне, ер болсаң, тапшы! – деп, жұрттың бәрін өзінің жұмбағымен таңдандырып, Манас біраз отырды.

– Таппадым, құрдас! Қысылып тұрмын!

– Өзің таппасаң, мен табам, дегеніме еремісің?

– Ердім!

– Шын ба?

– Өлсем де ердім, мә, қолым! – деп, Қарахан желігіп келіп қолын берді. Бұл, тегінде, аса морт, оңай құлап кеткіш қызба жігіт болатын.

Манас осы тұста екіленіп көтеріліп ап:

– Уа, осындай қуанышта өзгеше бір ерлерше қуанайық! Айта қалғандай іс істейік! Кел, екеуміздің мал басты араластырған өзгеше туысқандығымыз сол болсын, тура екеуміз қатын айырбастайық! – деп салды.

Қараханның қатыны бұл сөзді ойын көріп күле беріп еді. Бірақ Жігітек пен Торғайдың қымызға қызған желөкпе жігіттері мәз болып, сүйсіне күліп:

– Уай, ер-ай, мынау ердің сөзі ғой!

– Уа, мынау шын айта қаларлық серпін ғой!

– Тек қолдарыңнан келсін!

– Ей, екі батыр, тек ер болыңдар да, істендер осыны! Дәл мынау күндерде соны кешпейтін жан жоқ! – десіп, бар жиын қау көтерді. Қарахан осыған қызығып кетіп, атып тұрып:

– Бердім сертімді! Көндім ендеше! Ал бісімлда, аллауакбар! Кел, халайық, күә бол! Мынау қатын саған бақ берсін! Сенікі маған адал болсын! Ал мінеки! – деді.

Қараханның қатыны не дерін білмей үнсіз аңырып, мелшиіп қалды.

Екі жігіттің осы уәделері уәде боп, сөз шынға шықты.

Манас пен бар құрбысы осы түнде Құлыншақ ұйықтап жатқанда сол ауылға барып, әдемі қара сұр келіншекті оятып киіндіріп ап, жөндерін айтпай Қарахан аулына өкелді. Оны осында тастап, Қараханның келіншегін қарсылығына қарамай киіндіріп, құшақтап көтеріп алып, Манастың алдына өңгеріп берді.

Сөйтіп, бір-ақ кеште не үлкендеріне, не қатындардың өздеріне бір ауыз сөз салмай екі жақсы келіншекті дәл мініп жүрген аттарындай айырбастап алысты да қоя салысты.

Ертеңінде үлкендер оянып біліскен, үркіскен кезде мезгіл өтіп кетіп еді.

Екі аусар жігіт сол түннің ішінде екі келіншектің жылауына, қарғауына, қарсылығына қарамай үйленісіп қойған-ды.

Құлыншақ таңертең Манас шымылдық ішінде ұйықтап жатқанда бүлінген болды. Өзін жұрт сөкпесін дей ме? Болмаса қимай ма? Әйтеуір, даурығып, қамшы алып:

– Не дейді мына қаншелек?! – деп Манасты ұрмай, шымылдықты бір-екі тартып кетті. Онысы ашу емес, ұшық-ұшық боп шықты. Сол күні кешке екі көзі білеудей болған келін қолынан ас ішіп отырды” (“Абай”. Алматы, 1942. 225–228-бб.).

Сөйтіп, жаңағы екі ескертпенің бірі – Қодар өліміне қатысты айтылғанды қабыл алмады. Ел арасына кеңінен танымал бұл оқиға өзін көп ойланып-толғануға салғаны, оның шын сырғына көз жеткізу үшін талай адамдардың әңгімелеріне құлақ түргені бар, барып-барып түсінгендей болды да, қазіргідей суреттеп жеткізу тоқтамына келді.

“Қайтқанда” тарауы қолжазбада “Оқудан қайтқанда” деп аталғаны болмаса, басылымдардың барлығында да тараулары сол өзгеріссіз күйінде қалды. Қолжазбада да, 1942 жылғы басылымда да “еді” сөзі өте жиі қолданылатын, бірақ соңынан оларды көп азайтты, кейде басқа сөздермен алмастырды. “Жолда” аталатын тарауындағы “Ертең ол да Қарқаралыға жүрмек. Абайды қасына ерте жүрсін депті. Бұл хабарды үй іші үн қатпай тыңдады да, тегіс

томсарып қалды” деген сөйлемдер 1955 жылғы басылымнан бастап елауір кеңейтілді, толықтырылды:

“Ертеңіне түске жақын Абайды ұзақ жолға аттандырғалы жақындары тегіс сыртқа шықты. Семіз құла жирен атты күміс ер-тоқыммен ерттеп, Абайды соған аттандырғалы Жұмағұл ұстап тұр екен. Абай ең алдымен кәрі әжесімен қоштасып:

– Қош, әже! – деп кеп, екі қолымен әжесінің кішкене кәрі қолын қысты. Әжесі Абайдың маңдайынан иіскеп тұрып:

– Әруақ қолдасын, жолың болсын, Абайжаным! – деді.

Өзгелермен алыстан ғана “қош, қош” десіп, Абай атына қарай жүре берді. Шешесі Жұмағұлдың қолынан торы аттың тізгінін алып, Абайды:

– Кел! – деп шақырып ап: – Пісмілдә, – деп өзі аттандырды.

Баласы атқа қонып, жүруге ыңғайланып тізесін қымтай бергенде, Ұлжан өзінің үлкен ақ саусақтарын торы аттың жалына салды. Бір нәрсе айтатын сияқты. Абай осыны аңғарып, анасының жүзіне қарағанда, Ұлжан бұған біраз көз салып тұрып:

– Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін. “Күндестің күлі күндес” дегенді сен білмей-ақ қой. Бөжекенді көрген жерде сәлемінді түзу бер. Бір кезде жақсы жақының еді. Кім тентек, кім мақұл? Қайдан білдің. Әкең дұшпан десе, сен әділ бол! Жамандыққа кім табылмайды дейсің, жанашырдан айрылма! – деді.

Абай жүріп кетті. Артынан бірнеше бұрылып қарағанда, аналары үйге кірмей, ұзақ қарап тұр екен. Шешесінің соңғы сөзі Абайдың құлағына әлі естіліп тұрған сияқты. Қазірде бұның жаны ашыған тілеулесі – Бөжей” (“Абай жолы”. Алматы: Жазушы, 1989. 74-б.).

Бөлек-бөлек қағаздарға, кейде дәптер беттеріне жазылған қосымшаларын қай тұстан орын алатындығын көрсетіп отырған. Ал көркемдігі жоғары көріністерден енбей қалғандарын барлық қолжазбалар мен басылымдарды мұқият салыстырып, анықтап барып қалпына келтірсе де артықтық етпейді. Мәселен, Жаннақ ақынға байланысты оқиға қолжазба мен 1942 жылғы басылымда бар да, кейінгі жарияланымдарында жоқ. Сол кейінгі жарияланымдары “Садақ Қадырбайдың айтуында жай ақын емес. Өзінше бір көрген жан сияқты” дегенмен ғана шектелген. Садақ деп отырғаны – Жаннақ. Жаннақ, Марабай сияқты, Абайдың өте жоғары бағалаған ақындарының бірі. Мүмкін роман оқиғасына тікелей араластығы болмаған соң қысқартқан да шығар, ал оның қасиет дарыған ақын екендігін мыналардың өзі-ақ көрсетіп тұр.

“Соның мысалына осы Сыбан ішінде болған бір оқиғаны айтты. Жаннақ Найманның қалың бір тобына келсе, көп қазы мен төренің басын қосқан жері екен. Жұрт ақылдасып жатқан кез болса керек. Жаннақтың астына мінген шұбар аты бар екен. Соны шідерлеп отқа қойып, өзі топ ішіне келеді. Аты жайылып

жүріп оқшау отырған екі-үш жігіттің тұсына барыпты. Әлгі жігіттердің біреуі шұбарға көзі түсіп отырғанда, шұбар аузын арандай ашып есінейді. Жігіт жантайып жатып байқап қапты. Шұбардың таңдайында бармақтай қалы бар екен. Осыны белгі етіп жаңағы жігіт шұбарға дау салады. Жанақты қазының алдына апарып, “Мына шұбар ат менікі, тай күнінде жоғалған болатын. Таныдым. Өзіме алып берсеңдер екен” деп арыз етеді. Жанақ: “Өз малым, құлынынан мәлім еді, бекер айтасың” деп дауласса, жігіт тоқтамайды. “Сенің тайыңның белгісі не?” дегенде, таңдайындағы қалын айтып: “Нанбасандар, аузын ашып көріндерші. Соным өтірік болса, менікі болмай-ақ қойсын” депті және осы аттың өзінен екеніне жанын береді... Жұрт қарап жібергенде, жігіттің айтқаны дәл шығады да, қазылар шұбар атты жігітке бұйырады. Жанақ сол арада ер-тоқымын алып, атты беріп жатып:

“Жанын берген Жанақтың шұбарын жер,
Мына адам бұл шұбарды менікі дер.
Жақсы атыңды жаманға сатқан жанның,
Бар құдай, өзің біліп жазасын бер”, –

дейді. Жігітке ат тиді. Оңай олжаға қуанып кеткен жалақор сол арада беліндегі белбеуінің бір ұшын шұбатып, шұбар аттың мойнына байлап жетектей жөнеледі. Белбеуінің бір ұшы өзінің белінде буулы екен. Топтан шығып, әудем жерге барғанда жолда бір кішкентай су кездеседі. Жігіт өзі содан секіріп өте береді, бірақ шұбар ат дәл осы кезде үркіп кеп кетіп, кейін шегініп қалған екен. Жігіт жаңағы суды шалп еткізіп шалқасынан құлайды. Соған ат мүлде үркіп ортқи жөнеледі. Жігітті сүйреп тепкілеп, быт-шыт қып кетеді. Сөйтіп, даукес жігіт өліп қалады. Сонда жаңағы жұрт Жанақтың жаңағы сөзін есіне алып, кәрі ақынға шұбырып кеп кешірім сұрайды. “Ат сенікі екен, ақ адал малың екен, жаным, қайтып ал”, – дейді. Бірақ Жанақ: “Атымның құны толды, алмаймын”, – деп сол елден атсыз кетіпті. Міне, Жанекенде осындай оқшау ірілік бар еді”, – дейді Сабырбай (2-бума, 401–402-бб.).

Жалпы, жазушы өзінің қажетсіз деп тапқандарын сызып тастап отырса, енді бір тұстарда ұзақ-ұзақ жөндеу-түзетулеріне ұштастырады. Еңбектенудің сондай процестері екінші және үшінші кітаптың қолжазбаларынан мол кездесе, ал, олар осы бірінші кітаптың түпнұсқасынан оншалықты байқала қоймайды. Өзгертіп, жөндеулердің жиі қайталануы әркім-әркімдердің әрқилы пікір-ұсыныстарды айтуынан соң болған сияқты.

Араб әрпінде жазылған бірінші кітап қолжазбасының көп тұстарын айырып оқу көп қиындық туғызады. Сарғыш, сапасы нашар осы бір қағазда да ұлы туынды жатыр-ау деген ой көкейден кетпей тұрып алады. Бірінші кітаптың араб әрпіндегі жазыл-

ған осыдан басқа нұсқасы жоқ. Ал екінші немесе өзге кітаптарының біраз тарауларының алдымен жоспарлары жасалған, онда не айтылып, не қамтылатыны көрсетілген және оларда еңбек етуінің қилы-қилы саты жолдары мейлінше көрінісін тапқан. “Татьянаның қырдағы әнінен” басқа кітап болып шыққанға дейін оның “Оқудан қайтқанда”, “Қат-қабатта”, “Шытырманда” деп аталатын тараулары “Әдебиет және искусство” журналының 1939 жылғы 6, 7, 8, 1940 жылғы 10–11-сандарында, осылардың Анна Никольская мен Темірғали Нұртазиннің аударуындағы үзінділері “Октябрь”, “Литература и искусство Казахстана” журналдары, “Казахстанская правда” мен “Литературная газетаның” беттерінде жарияланып еді. Осыларға қарағанда, жазушының романын жазумен қатар орысша аудармасын да бірге жүргізіп отырғандығы көрінеді.

Енді барлық басылымдар мен түпнұсқаны мұқият салыстыру нәтижесінде 1997 жылы жарық көрген нұсқаға мына секілді түзету, толықтырулар енгізіліп, баспаға ұсынылса, елу томдықта сол басылым негізге алынды.

“Бірақ сол саналы қайғының әжесі мен анасы бар болса да, дәл өзінің әкесі Құнанбайдың, аға сұлтанның жоқ екенін аңғарды. Оның аузынан мұрат-мақсатын таратып айтқанын сезді, естімеді – естісем деп ынтыққан жоқ” (44-б.); “...ауылдары қайда түнеп, қайда қонып бара жатқанын” (51-б.); “Аздан соң бөктер тауды аралап өтіп, Қарашоқының бауырындағы көк алаңға шықты” (51-б.); “Бәрін жиғанда да Құнанбай әуелі әр елдің ру басыларын қасына алып отырып, арттағы көпшілігіне сол ру басылары мен өз атынан сәлем айтып жиғызған. Көтібақ Байсал мен өз атынан айрықша сәлем айтып, шапқыншы қылып та Көтібақтың өз жігіттерін жұмсап еді.

Соңғы уақытта да өзі Қарашоқыны алғаннан бері Құнанбай Байсалға бір уәде берген. Шыңғыстағы қыстауы аз, саны мол Көтібақтың жерін молайтпақ еді. Көтібақ Жігітекпен жерлес. Бұрын бар Тобықтыны билеген Кеңгірбай тұсында Шыңғыс ішінен жақсы, құйкалы қыстаудың бәрін басып алып, әлі нық баурап келеді. Енді басы өскен, малы өскен және ол күндерде жер есесі дұрыстап тимеген Көтібақты сол Жігітектен жер әперіп ырзаламақшы.

Жаз ортасынан бері жатып алды. Бөжейден жырып алып, бауырына тартқанда, әсіресе, айқын сездіріп, қызықтырып қоятұғын. Сол Байсалдың өз сыбағасына арнаған бір қыстау болатын, ол қыстау бүгін Бөжей отырған атақты Тоқпамбет.

Құнанбай әзір өз басы алар жерін алғанмен, Байсалды жайлатқызған-ды. Оның бер жағында Байсал Жігітек жерін келемен, жолмен алатын шығармыз деуші еді. Құнанбайдан “әперемінді” естігенде Байсал да үндемейтін. Екеуі бірге жасасып, қабақпен ұғысатын болғаннан бері, тегінде, Байсал үндемесе, ол көнгені.

Қарсы болған жерінде ол қолма-қол бір-ақ томырылатын. Мына жолы әлі күнге сол үндемеумен келеді. Көтібақты жаздан бері Құнанбайдың дегенінен шет жайылдырған емес. Билетіп, ырқына көніп, түсімді беріп көрейін, қайда, қалай апарар екен деп байлаған еді.

Ал соңғы екі-үш күннің іші шатасып, шиеленісіп барады. Енді Тоқпамбет зорлықпен тимесе, берекемен тиетін емес. Зорлықпен жылатып тартып алып береке таба ма? Және, әсіресе, Жігітек әрі көп, әрі аталы мықты ру. Өзінде Құнанбаймен тіресіп жүрген Бөжей бар. Ол Көтібаққа ата қыстауын ұзақ бауратып, құтты қоныс қып қоя ма? Зорлықтың да қайта оралар орайы болмай ма? Сонда Бөжей Байсалға Тоқпамбетті байырғы, тұрақты қыстау етіп неғып шыдап отырады? Неғылса, зорлықпен алғанның түбі қайыр болар деп айту қиын. Бір алуын алса да, артынан аударып тастап жібермесе.

Міне, бүгінгі күн үндемей, ауыз ашпай Құнанбай қасында жүрген Байсалдың іші осылай еді” (64-б.).

“Кең үйдің іші құлазығандай. Дағдыдан тыс оңаша” (69-б.); “...тағы басқа оқымысты кісілер арқылы үйде отырғанда оқып отырам деп” (105-б.); “...бел шешіп жайланып, осы өгей шешесінің үйінде қала тұратын болды” (120-б.); “...және жайлауға қарай тартқанда бұл елдің үдере көшем деп жаппалап қонып отыратын әдеті бар. Көңіл қосылар күн болса, жарық айлы түндерде ерке жардың оңаша жаппасына кіру ертегідей рақат қой. Өзі көрмесе де, Абайдың өзге ересек жігіттерден көп естіген рақат шағы осы болушы еді” (127-б.); “Абай бұл келген елдің бәрін көріп, жайкүйлерін сұрастырып, тегіс жайластырып шықты” (226-б.); “Асылбектермен айрылыспай, бірге сапар шегетініне Абай көңілденіп қалды. Ерболды осыдан соң сөйлеткен жоқ” (241-б.); “Елдің ауыртпалығын жете біліп, толық таныған жас жігітті қазірде Қадырбай өзінің бір тұрғылас замандасындай танып еді” (242-б.); “Жүт артынан ел атаулы елдігінен айрылып, індет көрген малдай болып қалатынын көз көріп жүр” (242-б.); “Ойлары бар ма? Сондайлық баянсыз тірлік үстінде отырып іргелі елмін деп қайтіп айтады. Жел қуған қаңбақ болмай, ел болудың шаруасын ойлаған бар ма? Осы туралы...” (242-б.); “...аумаған киіз туырлық, айнымаған төрт түлік – баршасы да” (243-б.); “Ендеше, осы дүниедегі бар жұртты өзінен кем санайтын қазақ, дәл сол дүниедегі ең панасыз жұрт екен” (243-б.); “Жұрттан үлгі алмай, өзгеге бермеген – сол біздің халық. Себебі не? Себебі, жалғыз, оқшау жасап...” (244-б.); “Бірақ сонда да жүректе жалын жоқ, ойында байлау да жоқ” (249-б.); “Құдайбердінің сөзі рас. Құнанбай Абайды болыс сайламақ болатын” (263-б.).

Т. Әкім

М А З М Ұ Н Ы

I. АБАЙ ЖОЛЫ (роман-эпопея)	3
--	----------

Бірінші кітап

Қайтқанда	5
-----------------	---

Қат-қабатта	63
-------------------	----

Жолда	98
-------------	----

Шытырманда	147
------------------	-----

Бел-белесте	196
-------------------	-----

Өрде	251
------------	-----

Қияда	303
-------------	-----

II. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕ	397
-------------------------------------	------------

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

22-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қананиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*
Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*
Техникалық редакторы *Н. Ромахова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 11.03.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$, офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 22,26.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1328.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-164-7



9 786012 941647